

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

6

-5724 — 61329 -

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

6-том

Кеңестік кезеңдегі зерттеулер

Екінші кітап

«Қазығұрт» баспасы
Алматы
2021

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Каз)
Ж 13

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Жалпы редакциясын басқарған – *филология ғылымдарының докторы, профессор* ***Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ***
Құрастырған – *жазушы, жамбылтанушы* ***Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ***
Баспаға дайындаған – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жамбыл атындағы қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеу орталығы»*

Жабаев Жамбыл.
Ж 13 ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ. Шығармалар жинағы. 10 томдық. 6-том. Кеңестік кезеңдегі зерттеулер. Екінші кітап. (Қазақ тілінде) – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2021. – 424 бет.

ISBN 978-9965-22-612-0
ISBN 978-9965-22-618-2

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейлі мерекесіне арнайы шығарылып отырған 10 томдық жинақтың 6-томына ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық ғұмырнамасын жан-жақты қарастырып, толымды зерттеулер жүргізіп, толыққанды еңбек жазған екі зерттеушінің кітаптары біріктіріліп бірге беріліп отыр.

Оның бірі – Жамбылмен көзі тірісінде кездесіп, көп әңгімелескен, негізгі деректерді жыр алыбы Жамбылдың өз аузынан естіп, ізденістері мен шығармашылығына тірек еткен, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» атты кітабы. Екіншісі – өзінің саналы ғұмырын жамбылтануға арнаған көрнекті зерттеуші, фольклористғалым Нысанбек Төрекұловтың «Жүз жасаған бәйтерек» атты толымды зерттеу еңбегі.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Каз)

ISBN 978-9965-22-612-0
ISBN 978-9965-22-618-2

© «Қазығұрт» баспасы, 2021

Сапарғали БЕГАЛИН

ЖАМБЫЛ

Өмірбаяндық хикаят



ОҚУШЫ ЖОЛДАСТАРҒА!

Жамбыл ақын – XIX ғасырдың қақ жартысынан көбін XX ғасырдың жартысына дейін жасаған, бір жүз жыл өмір сүрген адам. Туып-өскен заманы, жасаған ғасырлары – елінің алуан қилы белесіне, қияқия өткелдеріне кездескен толып жатқан уақиғаның түйіні. Жас шағымен емес, көп жасағандығынан өмірінің теріскейінен күнгейіне, қара түнінен нұрлы күніне келген адам.

Осы сияқты уақиғасы ұшан-теңіз өмір кешкен, тұғыр қуартқан тұйғындай сансыз айды азайтып, сан жылды тоздырған ақынның өмірі бұл кішкене еңбекке тұтас сыйды деп айта алмаймыз. Жамбыл өзінің туған елі қазақ жұртының жүзден тоқсан тоғызы хат танымайтын кезде туып өскен. Өмірінің молырақ жағын халық өнері қадірленіп ескерілмек түгіл, есептен шығып, елеусіз болған кезде, ақындық ұзақ жолын кешкен ақын. Олай болған соң оның ерте кезде қандай жыр айтып, кіммен жолдас болғанын анықтап алу қиын екені өзіненен-өзі мәлім.

Қазақ халқының қара өлеңінде: «Жел сөзді не қыламын сенен аяп», – деп келеді. Сол жел сөзі – ақындардың домбыраны алған жерде ағызып ала жөнелетін өлеңі. Сол жел сөзді сексен жылдай айтқан ақынның қанша өлең айтқанын қалай өлшерсің, қай жұрнағын тұтас таптым, шыны осы деп қалай айтасың? Әрине, мәдениетті елдің бұл сияқты көрнекті адамдарының жазылған күнделігі болады. Болмаса замандастары жазған еске түсіру, газет-журналдан қарап, екшеп алу сияқты сүйенер деректері болады. Ол сияқты деректер Жәкеңде болмағаны оқушыға біз айтпасақ та түсінікті.

Осы жоғарыда айтылған қиындықтарды көре-тұра, халық аузындағы сөз сақтағыш әдетке сеніп, дерек жинауға кірістік. Жәкеңнің туған елі, жүрген жері деген өрістерін қарастырып, құлақ шалған мәліметтерді үлкен-кіші демей тердік. «Жорға мінген жолдасынан айырылады, көп жасаған құрдасынан айырылады» дегендей, Жәкең-

ның замандасы сиреген. Өзінен 15–20 жас кіші кісілердің өзі де бірлі-жарым ғана кездесті. Оның үстіне ондай адамдардың бәрі бірдей өлең ұққыш, әңгімешіл бола бермейді. Қайсыбірі бейілденіп айта да бермейді.

Өзіміз сөйлескен адамдардан алған, ел аузында сақталып келген, ақын өмірінің сүрлеуінен табылғанын талдай отырып, артық дегенін алып тастап, алдарыңызға ұсынып отырғанымыз осы кітаптағы қысқа әңгімелер. Жамбыл өмірі бір бұл ғана кітаппен түгенделмейді. Әлі де толып жатқан зерттеуді ел аузынан әлі де болса ерінбей жинауды керек етеді. Жамбыл жайынан білетін кісілердің бәрін бірдей тауып алдық, бәрімен әңгімелісіп қойдық дей алмаймыз.

Бір ескерте кететін нәрсе: біз шамамыз келгенінше Жәкеңнің 1936 жылдан арғы жердегі жайына көбірек тоқталдық. Ата тегі, өскен ортасы, заманы және өзімен тұстас ақын, шешен адамдар жайын қарастырып, барынша соны кеңірек айтуға тырыстық. Өйткені Жамбыл – халықтан оқыған, халық шешендігін бойына көп сіңіріп, ақындық жолын да, ой-өрісін де халық ойына суғарып, содан нәрленген адам. Сондықтан біз күшті сол жағына көбірек жұмсадық.

Жамбылдың 1936 жылдан бергі өмірінің тек белес-белес жерлерін айтып қысқарақ шолдық. Жәкеңнің одан бергі өмірін газет-журнал арқылы, өзінің шығармалары арқылы кеңес жұртшылығы өзі де жақсы білетінін еске алдық. Оның үстіне Жәкеңнің кейінгі жылдардағы өмірінің өзі әлденеше кітап болып жазылса да жете берерлік үлкен арна, мол уақиға. Осыларды айта келіп, Жәкең жайындағы өз білгендерін ерінбей, ықыласпен айтып берген ақсақалдарға, азаматтарға алғыс айтып, кітаптағы Жәкең жайынан кемдік қалған жерін тағы да жинаушылар болар, солар толықтырар деп сенеміз.



ЖАМБЫЛДЫҢ АТА ТЕГІ

Жамбыл Жабайұлы (Жапаұлы) осы күнгі Алматы облысындағы Терiскей Алатаудың солтүстік бауырын жайлап қыстаған Шапырашты руының ішінде 1846 жылы ақпан айында Хан, Жамбыл тауының атырабында туады. Бұл таулар – Шу өзенінің аяқ жағында бөлек, жеке біткен таулар. Бұл күнде ол таулар Жамбыл облысының Шу және Көктерек ауданының көлемдеріне кіреді. Хан, Жамбыл таулары жайында ел аузында толып жатқан ертегі, аңыздар бар. Жамбыл деген сөз – қытай тілінде қорған деген сөз. Таудың аты ертедегі қытай келіп осы Алатау атырабын, Шу өзенінің бойын, Балқаш жағасын мекендеп билеп тұрған кезде солар қойған ат екен деседі.

Жамбылдың әкесі Жапа Жамбыл туатын кезде Дулат руының ішінде Жаныс деген атасының сол уақыттағы білікті адамы Әтекей деген бай жуан адамның ауылының қасында болады. Жамбылдың туған кезінде бір үлкен оқиғадан Жамбылдың Шапыраштыдан бергі аталары Екей руы бытырап, әркімге қоңсы болып жүрген кезі еді.

Жапа, Жадыра, Қазыбай және Майке – Ыстыбай балалары, бұлардың қай-қайсысы болсын, өз тұсындағы жауынгершілік кезде аламаншыл атқа мінер, жортарман мықты жігіттер болады. Өздерінің өнерімен Әтекейге жағып, соның мықты жігіті болады. Жапаның, Жадыраның өз бастарындағы жеке әңгімелеріне кейінірек тоқталатындықтан, бұл жерде Жамбылдың ата жағын қысқа тарата кетеміз.

Жапаның әкесі Ыстыбай жай момын шаруа болыпты. Оның әкесі Байтөбет о да момын кісі болған. Байтөбет екі қатын алып, оның тоқалынан Ыстыбай – Жамбылдың үлкен әкесі, бәйбішесінен Бұғы, Марал, Бәйіт туады. Байтөбеттің әкесі – Сәдібек, одан бес бала болған: Байтөбет, Алтыбай, Жетібай, Толыбай, Ырысбай. Сәдібектің әкесі – Сопақ одан Сәдібек жалғыз туады. Одан Жамбылдың төртінші атасы Таңатар, Сопақ туады. Сопақтың әкесі – Өтеп, бұл – Жамбылдың бесінші атасы. Өтептің әкесі – Бертіс, одан бес бала туады.

Өтеғұл, Өтеп, Солағай, Кәдіршік және Текеш. Бертіс – Жамбылдың жетінші атасы. Бірінші қатынынан Ақтөбет, Бертіс, екінші қатынынан – Баянай. Бәйбішеден туған Ақтөбет, Бертіс тұқымы бәйбіше аталады. Осы күнге дейін ел арасында бәйбішенің баласы, үш тоқал десіп келеді.

Қисыбай, іс істедің ебін таппай,
Үш тоқал болыс болды атпай, шаппай.
Күртібай үш тоқалға еріп кетті,
Адасқан ай жарықта ақбоз аттай, –

деген өлеңі Жамбыл осы Жәрімбет балаларының кейінгі кездегі қандай жікке бөлініп, кім аталғанына толық дәлел. Күртібай – бәйбіше баласы, Жамбылға аталас. Бұл бір партияда Жамбылдардан бөлініп үш тоқалдың байлығына сатылып шығып кетеді де, болыстық үш тоқалда қалады. Содан барып үлкен жанжал болып, сол жанжалда Жамбылға да таяқ тиеді. Содан барып татуласқанда, Жамбыл осы өлеңді айтқан.

Жәрімбеттің әкесі – Екей. Ол екі қатын алған. Оның бәйбішесінен – Жәрімбет. Бұл – Жамбылдың сегізінші атасы. Бейімбет екінші қатынынан Әнет, Жиет туады. Бұлардың шешелерінің аты Алтынай деген кісі екен. Ол кісі мұрнына зере салады екен. Сонан абысындары «бұйдалы келіншек» деп атап кеткендіктен, кейіннен Әнет, Жиет тұқымдары бұйдалы атанып кеткен.

Екейдің әкесі – Малдыстық, бұдан – Еміл, Екей. Бұл – Жамбылдың тоғызыншы атасы. Малдыстық – Шапырашты баласы. Шапыраштыдан үш бала туады: Малдыстық, Желдыстық, Қылдыстық. Бұл жерде айта кететін бір нәрсе, Малдыстықтан – Екей, Еміл дедік. Желдыстықтан – Айқым, Қылдыстықтан – Асыл, Шыбыл. Осы бесеуін Ұлы жүз ортасында «бұрын бес жан Шапырашты» деп те атап келіпті. Шапыраштының әкесі Жалмамбет. Оның Мапыраш деген бәйбішесінен Шапырашты жалғыз. Бұл – Жамбылдың он бірінші атасы. Екінші әйелі Қарашаштан Ысты, Ошақты туады. Ұлы жүз ішінде бұл үшеуін үш таңбалы десіп келеді. Бұл жөнінде Ошақты руынан Майкөт ақынның Сарыбай асына келгенде айтқан өлеңі: «Үш таңбалы болғанда таңбамыз бір» дейтіні осыдан.

Жалмамбеттің әкесі – Бәйдібек. Бұл – төрт қатын алған кісі. Бірінші қатынынан Қалша, Жақып, одан Сары Үйсін тарайды. Екін-

ші қатыны Зеріптен Жалмамбет. Бұл Жамбылдың он екінші атасы дедік. Үшінші қатыны – Домалақ. Одан Жарықшақ, Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат үшеуі тарайды.

Мінекей, Жамбылдың арғы тегі Ұлы жүз ішінде Шапырашты болып аталады. Дулат пен Үйсінге 14–15 атадан барып қосыламыз дейді ел аңызында. Бәріміз бір Бәйдібектің баласымыз десіп келеді. Жамбылдың бергі жердегі аталары жайында онша көп ерекше әңгіме кездеспеді. Ал Жамбылдың он бірінші атасы Шапырашты туралы ел аузындағы бір әңгімені айта кетпей болмайды.

Бәйдібек деген кісінің төрт қатын алғанын жоғарыда айттық. Екінші қатыны Зеріптен Жалмамбет деген баласы жалғыз туады. Осы Жалмамбет ер жетіп, жылқы бағып жүрген кезінде, Бәйдібек отардағы жылқы қосына келіп, жылқы аралап қайтады. Баласының малдың жайын білген естілігіне көңілі толып, енді тәуір жерден қыз әперіп, үйлендіруді ойлайды.

300 жылқы матап беріп Қызылбидің қызын Жалмамбетке алып береді. Қыздың аты Мапыраш екен. Келген жылы екіқабат болып, бір ұл бала табады. Бала жерге түсісімен, Бәйдібек алғызып көреді. Бала бір көзін қысып, бір көзін ашып және бір қолына қан шеңгелдеп туған екен. Баланы көріп: «Малым төленген екен, аты Шапырашты болсын» депті. Міне, баланың аты Шапырашты қойылған себебі осыдан дейді.

Бала туғаннан кейін, көп ұзамай Мапыраш өледі. Жалмамбет Қызылбидің кіші қызы Қарашашты балдыздай алады. Одан Ошақты, Ысты туады. Шапыраштыны Қарашаш асырап өсіреді. Шапырашты аса батыр, мықты болды. Бәйдібектен тараған Үйсін, Дулат, Албан, Суан, Шапырашты, Ысты, Ошақты руларында Шапырашты тұқымынан батыр өте көп шыққан. Жамбылдың он бірінші атасы жайлы осындай аңыз бар. Онан бергі аталарында ерекше бұл сияқты әңгімелер кездеспейді. Бірақ Екеймен бірге туған Еміл руы, кейіннен Есқожа аталған елден батыр Шетен сияқты мықты кісілер көп болған.

ЕКЕЙДІҢ БЫТЫРАУЫ

Біз жоғарыда Жамбылдың өз атасы Шапырашты ішінде Екей атанады дедік. Екей жөнінде толып жатқан сөз бар. Бірақ олардың әрқайсысы айтылған орнына қарай әңгіменің әр жерден кездесіп,

мүмкін болғанда қысқа да болса түсінік беріп отыратындықтан, бұл жерде Екейге көп тоқтамаспыз.

Екейдің іргелі ел болып өсіп қалған кезінде, Жамбыл ақын туар кездің алдында Екей руы қоныстарын тастап, әр елге сіңіп тозып кетеді. Оның себебі Екейдің Әлти деген бір атасының баласынан (бұл Сүйінбай ақынның атасы) сол кезде жортармандық істеп жүретін мықты жігіт Бәйпі Бақы баласы бір жақтан аттанып барып бес жылқы алып қайтады. Ол кезде Екей руы Қордай тауының сілемін ала Шу өзенінің жағасын өрлей, Кіндіктас, Табылған, Сарыбұлақ деген жерлерде мекендейді екен. Қордай тауының бір терең сайына бекініп жатқан Бәйпінің үстіне сол тұстағы Дулаттың Сәмбет деген руының атақты Нұрақ, Аймамбет деген екі байының ортасындағы жалғыз баласы Сексен дейтін жігіт құс салып тауға шығып, Бәйпіге кез болады.

Сексен Бәйпіні таниды. Бірақ еш нәрсе айтпайды. Өз бетімен құсын салып, жүріп кетеді. Сексен кеткен соң, Бәйпіге ой түседі: «Мынау елге айтып барып маған шатақ болар, онан да мұны өлтіріп жоқ қылып жіберейін» деп, аңдаусыз келе жатқан Сексенді елеусіз келіп, сыртынан ұрып өлтіреді.

Сексеннің киімін, сүйегін суырдың ініне тығып, құсын, итін қоя береді. Атын ұрлықтан түскен бес жылқының қасына қосып, Қошқар үстіндегі қырғызға апарып өткізеді. Сексен жоғалып, сол бетімен табылмай кетеді. Содан сегіз жыл өткеннен кейін Сәмбет елі Қошқар үстіндегі қырғыздан жылқы алады. Сол әкелген жылқының, ішінде Сексеннің қара жорға аты бірге келеді. Сексеннің әкелері атты танып, қолына алып, аттың қайда барғанын қудалап сұрастырғанда, қырғызға Бәйпінің апарып өткізгенін, Сексенді кім өлтіргенін табады. Сексеннің өлімін Бәйпі мойнына алған соң, Дулат боп бірігіп қызып, Сексенге жеті ердің құнын кестіреді. Жеті ердің құнына алдыменен Әлти тұқымы күйеді. Оның малы жетпей, бүкіл Екей тұқымы болып күйеді. Осы биліктен кейін Екей бет-бетімен бытырап, әр елге сіңіп тозып кетеді. Екейдің сол кездегі бас көтерер атқа мінген адамы бәйбіше баласының, оның ішінде Ботақара деген атасының баласынан шыққан Самбай деген кісі болады. Ол кісі өз аулын бастап келіп, Найман ішіндегі бір төренің қасына барады. Өзі ерге құныкер болып көшіп барған қоңсы, кірме елге төре қызығады. Самбайдың аз ғана малының ішіне көзге түсерлік жалғыз шұбар айғыры бар екен, төре соны сұрайды. Оны Самбай

бере қоймайды. Сөйтіп жүргенде, Сексеннің әкесі Айманбек Дулаттың көп кісісін ертіп, Самбай ауылын қуып барады.

«Мына қасыңа келген қонысың Самбай кесекті құнды төлемей қашып келіп отыр. Не қасыңнан көшіріп бер, не ерімнің құнын әпер», – деп, төреге салмақ салады. Шұбар айғырын бермеді деп тісін қайрап жүрген төре, енді кезің келді дегендей, Самбайды алдына шақыртады. Самбай келгеннен кейін, төре зейілденіп: «Сөйле, Самбай», – дейді. Сонда Самбай: «Мен сөйлесем, Әйекең ашуланады, төре кесік айтады, мен нені айтамын?» – депті де, төре жақтағы санының үстін қолымен шұқып, шұбарлап көрсете беріпті. Төре ойлапты: «Маған санын шұқып көрсеткені – шұбар айғырды берем дегені ғой. Маған паналап көшіп келген көршім. Мұны Дулаттарға жығып бермей, алып қашайын, шұбар айғырын аламын» деп қисаяды. Аймамбетке: «Сенің, еріннің құны бұрын бір кесіліпті, оны алыпсың. Екі билік жоқ, жеткен малын төледі жетпегені құдайға да жоқ. Күнін көре алмай паналаған Самбайға менің кесер құным жоқ», – деп, Аймамбетті қайтарады. Төре артынан Самбайға кісі жібереді: «Аймамбет кетті, құннан құтқардым, айғырын берсін», – деп.

Жіберген кісісі төренің сәлемін айтқанда, Самбай: «Төрең не айтып жүр, мен қай жерде айғыр берем» деген екенмін. Төре жаңылып жүрген шығар, сәлем айт, берер айғырым жоқ. Менің күн көре алмай келгенімді кеше өзі де айтып еді ғой», – деп, кісісін қайтарып жібереді. Төре жатып ашуланады. «Жүгіне келгенде санын шұбарлап көрсетіп ым қаққаны қайда, мен сол айғырды береді екен деп, ердің құнынан құтқардым. Айтқанын орындасын, айғырын берсін, әйтпесе қаңғып келген қонсыны қолыммен аламын», – деп тағы кісі жібереді. Оған Самбай: «Айғыр берем деп санымды шұбарлап маған не көрініпті. Төрең қотырымды қасытпай ма. Саным қотыр еді соны қасыдым, төреңе сәлем айт, берер айғырым жоқ», – дейді. Содан қалған мақал ел ішінде бар. «Төрең қолымызбен қотырымызды қасытпай ма?» – деген. Екі жағына өзінің алдында шыбық ұстатып өз қолымен қиған, антын айтқызған төре құнға қайта билік айта алмайды. Самбайдан алданып, айғырдан да құр қалады. Сөйтіп Самбай Сексеннің құнынан да, төренің құрығынан да құтылады.

Осы билік жөнінде бір ескерту: қазақтың ішіне дін орнығып құран алып ант беру жайылмай тұрған кездегі анты – екі дәугер жас шыбықты екі басынан ұстап, төреге ортасынан қылышпен қиғызып тоқтайды екен. Шыбық киғаннан кейін қайта даулай алмайды екен.

Осыдан кейін Аймамбет, Нұрақ Сексеннің құнын сұрауды қояды. Самбай қартайған кезде, Екей руынан атқа мінген басты кісі Бәйет деген кісі болады.

Қалған Екей – қаңылтыр, Бәйет – шойын,
Сәдібекке салып жүр үлкен ойын.
Сұлу сары жиыннан кейін қалып,
Көк тоқалға өңгерген алты мойын, –

деген Шыбыл елінің бір ақыны айтқан өлең бар. Бәйет қартайған кезде, Сарыбай, Айдос баласы атқа мінеді. Екейдің қайтадан ел болып басын қосуына басшы болған осы үш кісі еді дейді.

Жамбыл тумай тұрған кезінде Жапа туысқандарымен Дулат елінің ішінде Жаныс руынан шыққан әрі бай, әрі жуан Әтекей деген кісінің қасына көшіп барды деп жоғарыда айтып едік. Сарыбайдың әкесі Айдос ауылы Жалайыр ішіндегі Сөк төренің және Жалайыр Балпық батырдың еліне көшіп барады. Үш тоқалдың бірі Әлти руы Сүйінбайдың әкесі Арон Есқожаның жуан мықты жері Мырзабек Кәшке тұқымынан шыққан Сұраншы, Саурық батырлардың қасында қалады. Әр елге пытырап қоңсы болған Екей тұқымы малдан айырылып кедейленіп, елдік беделден жүдеп, мейлінше тозады. Ата қоныстарын Дулаттың Сәмбет деген руы және Есқожа байлары басып қалады. Екейдің бұл бытырауы Екей тұқымының атына ел арасында үлкен мін болып келген. Мысалы, Қасқарау (Дулаттың Жаныс руынан) шыққан белгілі атқамінері Ноғайбайдың қызы мен Екейдің Қойдас баласы Қара деген ақыны бір тойда кездесіп өлең айтысады:

Қыз:

Күзем кигіз басқанның дымы кеппес,
Ер жігіт ұрысса, кегі бітпес.
Мырзабек пен Кәшкеге жанай қонсаң,
Жаман Екей басыңнан қамшы кетпес.

Қара:

Күрессе екі жігіт бірі жығар,
Өлгенше бойдақ жігіт қызға құмар.
Сеңкібай мен Шойбекке көшіп барсаң,
Екі бүктеп астыңа қамшы тығар, –

деп жауап айтады.

Екейдің адамдары басқа рудың адамдарымен қалжыңдассын, тіпті өзді-өзі қалжыңдассын, осы ауып тараған кездері сөз болмай қалмайды. Мысалы, Қисыбай мен Жамбыл екеуі өзді-өзі қағысқанда да, Қисыбай Жамбылға батыра айтып, немере туысқандары Қойдалы балалары Күртібай жөнінде және Жамбылдың өз әкесі Жапаның өзі жөнінде үнемі кемітіп айтады.

Қойдалы Әшекейдің қойын баққан,
Күртібай Әшекейдің отын жаққан.
Әкең Жапа ақтабан ұрысы боп,
Сіздің ауыл солайша жанын баққан, –

деп, өзі жер-жебіріне жетіп кемітеді.

Дулаттың Жаныс деген руынан бір ауылға Екейдің бір жігіті қыдырып келсе, иті қабаған екен, тура абалап тақымынан алады. Жігіт ыңғайлы, қарымды адам болса керек, итті ұрып, қаңқылдатады. Итіне қамшы тиіп қаңқылдаған соң, үйдің иесі далаға шықса, итін ұрған жігіт таныс екен, көре салып: «Екей басыңмен ит сабап неден астың?» – деп әлгі жігітті тура таяқтың астына алады. «Екей ел болды, ешкі мал болды» деген сөздерді ел айтып келген. Міне, осы сияқты ұшы-қиыры жоқ кеміту сөздер толып жатады. Екей – өзімен аталас Есқожа руымен үнемі айтысып, алысып, тартысып өткен ел.

Есқожа руының бір бай адамы баласына той істейді. Сол тойға Намаз барады. Ұлы жүз елінің жалпы салты бойынша қыз бен жігіт, бозбала мен келіншек мұндай тойда айтыссыз қалмайды. Айтыс басталады. Екейдің барған жігіттеріне батыра айтып, батыл соқтығып, өленді Есқожа қызы бастайды.

Сатине:

Бұландап Андасың жүр жаннан озып,
Нарекем сөз сөйлейді аузын созып.
Жалғыз құбас Сарыбай өлгеннен соң,
Баяғыдай кетерсің, Екей, тозып.

Намаз:

Сүйінбайды қайтесің соққан желдей,
Қобдалының ақыны шалқар көлдей.
Рақымы жоқ еліңді жылатады,
Есқожаға маза жоқ Аңдас өлмей.

Сатине:

Екей, сенің кигенің сары тоның,
Кәпір орыс келді де, болды жолың.
Тентіреп әр есікте жүргеніңде,
Сені басқа сабайтын мына қолым.

Намаз:

Рас, менің кигенім жұлма тоным,
Сарыбайым би болып, болды жолым.
Өзбекпен тамыр боп желіндесең,
Баланды езіп түсірген осы қолым, –

деп, Намаз қолын көрсетеді. Оған Сатине ыза болып жылап жібереді. Өйткені сол Сатиненің өз басында өсек болып, Екейдің бір емсек әйелі баласын түсірді деген сөз бар екен. Оған Есқожа жігіттері қызып, үлкен төбелес шығады. Бұрынғы зорлық істеп қалған бетімен: «Ауылыма келіп тойымда әдепсіздік істеді, – деп Андас датқа бұл Саурықтың інісі Екей кісілерінен айып алмақ болады.

«Жігіттерінің аузын тазаласын, болмаса атамның жолын берсін», – деп, Сарыбайға кісі жібереді. Оған Сарыбай: «Аузын ашқанға айып тартатын Екей өліп қалған. Андасқа сәлем айт, намыстанса, қарындасын қайнына ерте ұзатсын!» – дейді. Содан бірсыпыра тіресіп барып Сарыбай Андастың айтқанына көнбей, айып төлемейді. Осыдан кейін Есқожа мен Екей руының арасына теңесіп, қатарға келеді. Жалғыз Есқожа руы ғана емес, қатар отырған Дулат рулары да Екей елін аз ғана кемітпеген. Қасқарау руынан шыққан Дәуітәлі деген өте шешен бай өз туысында беделді болған кісі екен. Ел арасының бір дауымен Алматыдағы ояздың алдына баратын болған. Дәуітәлімен бірге Шапыраштының бірнеше кісілері бірге келеді. Оның ішінде Сүйінбай ақын да болады. Дәуітәлі аса семіз жуан кісі болса керек және оның үстіне тамақты өте көп ішіп, ояздың биік үйінен басқышқа өрлегенде жүре алмай, Сүйінбай бар, тағы бір-екі кісі Дәуітәліні қолтығынан көтеріп отырады. Дәуітәлі бір-екі басқыш барғаннан кейін ентігіп жүре алмай, артынан жел шығып кетеді. «Бізге істейтін жуандығыңды ұлыққа да істеймісің, артыңа ие болсаңшы, – дейді Сүйінбай Дәуітәліге. Сонда Дәуітәлі: «Менің, артым Екейдің аузы ғой деймісің, тек десе, жым болатын», – депті. Міне, Дулат елінің жуандары да осылай кеміткен.

Екейдің бұл бытыраған кезі Ұлы жүздің Қоқан хандығына бағынып, баж (алым) төлеп тұратын кезі болады. Қоқан бектері Әулие ата, Мерке қалаларында тұрып, Жетісу қазақтарын жылына бір рет зекетшілер аралап, көптеген мал жинап алып қайтып отырады екен. Қоқан бектеріне жаяу жерден қол артқан қырғыз манаптары, Дулаттың датқалары Жетісу елдеріне көп үстемдік істейді. Әсіресе қырғыз манаптарының қабағына қарай желік алған қырғыз жортармандары қоныстас Шапырашты руына тіпті маза бермеген. Әлденеше рет қопара қосын шауып жылқысын алып, қонысқа таласып, жеріне қонып отырған. Көбіне бұл сияқты тағалар екі елді жайлауының үстінде сан рет майдан ашқан үлкен төбелестерге де апарған.

Үлкен кебін, Кіші кебін, Қарақия, Қарақыстақ, Қарғалы өзендері, Суықтөбе, Майтөбе, Ақтасты, Зайсан, Боралдай деген үлкен-үлкен жайлауларға таласып сан рет шайқасу болған. Осы сияқты үлкен бір шабуылдың кезінде Жапаның әкесі Ыстыбай ауылы көшіп барып паналаған. Жаныс руы Аңырақай, Алмалы тауларынан құмға қарай көшеді. (Бұл таулар осы күнгі Отар станциясының солтүстік батыс жағында). Артқы жағынан «жау келеді» деп үрке кеткен ел алды-артынан шолғыншы салып, үдере тартып отырады.

Ақпан айының суытып, қар жауған қайырма күні болады. Жапа – сол көшкен елдің алдын, артын шолуындап жүретұғын мықты жігіттердің бірі. Жамбылдың шешесі Ұлдан айы-күніне жетіп отырған екіқабат екен. Ол көшіп келе жатқанда толғатады. Атқа жүре алмай, көшті тоқтатып, түйелерді бір жерге шөгереді. Алыста көшті қарауылдап, жер шолып жүрген Жапа кешке шауып келсе, толғатып тұрған өзінің әйелін көреді.

Жүкті түйені айналдыра шөгеріп жіберіп қомын алдырмастан киіздерді жауып, жүкпен қоршап күрке жасайды да, айнала түйе шөгеріп, ортасынан тіккен ықтырмаға әйелін отырғызып сонда босандырады. Ел орынға отырған кезде, бала туады. Артынан жау кеп қалды деген хабар келіп, баланы жөргекке орап алып, таң сібірлей ауыл тағы көшеді. Ұзақ тартып отырып Хан, Жамбыл таулар алабына келіп ауыл қонады. Баланы сол жерде бесікке салып, атын қояды. Балаға ат қойғанда, Жамбыл тауының атын қояды. Жамбыл деген сөз – қытай тілінде қорған деген сөз екен. Ол аттың тауға қалай қойылғаны жөнінде біз жоғарыда айтқанбыз.

Бұл кез Жетісуға қараған Шапырашты, Дулат руларының бір жағынан қырғызбен де, Қоқан қолымен де, қытай қолымен де арпалы-

сып шабысып жүретін кезі болса керек. Хан, Жамбыл тауларының салқын жотасын жайлап, қыс құмның жылы өзектерін қыстап, Жаныс руының бірсыпыра елімен бірге Ыстыбай ауылы да осы жерге біраз жыл тұрақтайды.

ҚОҚАН ӘКІМДЕРІНІҢ ҮСТЕМДІГІНЕ ҚАРСЫ

Жетісу елін Қоқан әкімдері алыстан билеп, зекет, құшыр деп бір алып, баж деп үстемелі алым-салықтарын мезгіл-мезгіл жинап отыратын болған. Меркеде тұратын Құсбегі деген бектер бегі бұл тұстағы елге ойына келгенін істеп, талай қиындықтарды бастайды. Зекет пен құшырдан, баждан айрықша керек деген дүниені қолмен алу, кейбір көңілі түскен қыз-келіншекті жинап алып қыз ойнақ істеу сияқты ерсі бұзақылық та болады. Дулаттың қоралас деген руының Асыл деген бір тәуір адамының бойжеткен сұлу қызын, жаңа түскен келінін: «Меркеге төре шақырады», – деп, Құсбегінің жігіттері алып кетіпті. Асыл жылап Тойшыбек батырға келіпті. Тойшыбек Құсбегіне қарсы баруға бата алмай қорғалап отырғанда, жас Тойшыбектің жігіт баласы Бәйсейіт: «Әке, несіне қорғалайсың, бектер бегіңнің қорлауына нағашы апамды қоймаймын. Өзің именсең, мен барамын», – депті де, қасына кісі ертпестен жалғыз өзі тура Құсбегінің үйіне келіпті. Бәйсейіт келсе, Құсбегі көптеген қыз-келіншекті жинап алып, ортасында наша тартып отыр екен. Бәйсейіт рұқсат та сұрамай-ақ кимелеп кіріп келгенде, Құсбегі сасып қалып: «Батыр, неге келдің, жоғары шық», – депті. Бәйсейіт сұрланып: «Жездеме амандасайын деп келдім, мына қыз-келіншектерді неге қамап отырсың, орын болса, мен де отырайын», – депті. Құсбегі Бәйсейіттің ашуынан шошып: «Өздері келіп қонақ болып отыр. Өздерінен сұраңыз», – деп, өз ісінен көзбе-көз таныпты.

Жиналған барлық қыз-келіншекті алып қайтыпты да, Бәйсейіт қару-жарақ сайлап алып, атын баптап, бірнеше жігіттерді қасына ертіп, тауда бекініп жүріпті. Оның себебі: ол кездегі Қоқан әкімдерінің әдісі – ондай наразылық көрсеткен адамның алдынан шықпайды екен. Ал артынан есебін тауып, қолға түсіріп, жоқ қылады екен. Бәйсейітті де солай алдап неше рет шақыртып, екі рет шақырғанына бармай, үшіншісінде қару-сайманды бір топ жігіт жібереді. Бәйсейіт қырық жігітпен алдынан қарсы шығып, үлкен соғыс болады.

Бәйсейітті ала алмай, Құсбегінің кісілері өздері жараланып әрең құтылады. Соның аяғы ұлғайып, Қоқан әкімдеріне Жетісу қазақтарының наразылығы өршіп, зекет-құшырдың өзі де дұрыс берілмей, суыса беріпті.

Меркеде Құсбек ұлық бар,
Қыз-қатынға ұзын құрық бар.
Қарсы келген тентекке,
Жуан келдек сырық бар, –

деген ел жыры мұны толық дәлелдейді.

Елдің көңілі ала болып, бектер бегінің озбыр мінезінен жиіркеніп тұрған кезінде орта жүзді өзіне бағындырған орыс патшалығының елшілері де Жетісу еліне біртіндеп бас көрсетіп, сөз салады. Олар алдымен Ұлы жүз ішіндегі Әділ төренің (Абылай баласы) ауылдары арқылы ел тамырын ұстайды. Бұл кезде қырғыз манаптарына да іштей елшілер барып, жақын сөйлеседі. Осы қарсаңда Кенесары көтерілісі Арқаға тегіс жайылып, әлденеше рет шайқасып жүрген кез. Бір жақ сілемі Ұлы жүз ішіне де келген еді. Жамбылдың әкесі Жапа деген батыр жігіт, жортарман кезі. Бірақ өз руының ортасында болмай, Жаныс руындағы Әшекейдің атарман-шабарманы болады. Бір жағынан дүңкілдеп орыс хабары келеді. Бір жағынан Қоқан бектерінің істеген зорлығы бар. Тағы бір жағынан Кенесары көтерілісінің сілемі де келіп жатады. Осы жөнде қырғыз манаптарынан тіл алу үшін Әшекей бастаған Жаныс руының адамдары әрі тіл білетін, әрі сенімді мықты жігіт таңдағанда, көпшілік Жапаны жіберуге ұйғарады. Сонау етектегі алыс Хан тауынан қос атпен шығып қырғыздың сол кездегі үлкен манабының бірі Жантайға жолығып, тіл алып қайтады.

Жапа барған кезде қырғыз манаптарының орыс елшісімен Тезек төре арқылы сөз байлап, Кенесарыға да, Қоқан бектеріне де наразылық көрсете бастаған кезі болады. Міне, осы хабарды алып қайтқаны үшін, Әшекей бай Жапаға ел атынан алғыс айтып, сый да берген болса керек. Бұл – Жамбылдың өз әкесінің аулына ие боларлық қайратты адам болғанына бір дәлел. Және ол осы жолы Жантай манапқа ел сәлемі етіп жақындастық, ниеттестік сөз де сөйлеседі. Ол сөзді Жантай аса ұнатады. Өйткені Кенемен ұстасып жатқан кезі болуы керек. Ол арасын қалай шешіп қайтқанын ешкім анықтап айта алмайды.

Тек сол Хан, Жамбыл бойындағы көшіп жүрген елдер Кенесарыға көмек бермегені айқын.

Айдос – Сарыбайдың әкесі. Бұл кісі Екей бытырағанда, Жалайыр ішіндегі Артық батырдың және Сөк төренің ауылына көшіп барды дегенбіз. Алғаш көшіп барған кезде Сарыбай жас болады. Әкесінің қайраты қайтқан, бірге туған ағалары тек малға ие, жай шаруа болады. Дулаттың боздағына құныкер болып көшіп барған аз ауылға іргелі ел қандай қызыққыш. Неше түрлі зорлық істейді. Артық батыр өзін паналаған қоңсысын қорғайды. Дегенмен, іргелі елдің үстем сөзі, істеген зорлығы көбейе береді. Жас та болса Сарыбайға бұл бата береді. Жігерлі бала жігіт елін ойлайды. Еліме қайтсам, өз руымның өзімдей жастарымен басымды қоссам деп талаптанады.

Шапыраштының Теке деген руынан шыққан Бөлек деген батырды естіп, ақыл сұрап соған барады. Жас бала жігіттің жайы-күйін сұрап алады да, Бөлек еш нәрсе айтпайды. Бір айтқаннан кейін Сарыбай батырды мазалап о да қайта сұрамайды. Бірақ аулынан кетпейді. Ертелі-кеш сәлем беріп, атқа мінсе, атын ерттеп қасынан қалмайды. Содан бір күні Бөлек: «Шырағым, сені маған кім жіберді?» – деп сұрайды. «Сізге бар деген Кененбай ақсақал еді», – дейді. «Е, өзі неге ақыл айтпайды?» – дейді Бөлек. Одан кейін тағы да тіл қатпайды. Бір күні ерте ат ерттетіп, Бөлек жол жүрмек болады. Сарыбай да бірге жүреді. Бөлек көп сөйлемейтін ызғарлы адам болса керек, артына бір бұрылып қарайды да, жүріп отырады. Іленің өр басында отырған Әділ төренің ауылына келеді. Төренің даяшылары келіп Бөлекті түсіріп, жолдасы ретінде қасына еріп барған Сарыбай бірге болады. Ол күні қонақ үйде болып, ертеңінде Әділдің өзі отырған үйге барады. Онда Әділ болмаса керек, Тезек төренің үстіне кіреді. Албан, Суан, Жалайырдың бірсыпыра адамдары болады. Төре үйінде мәжіліс болады. Осы мәжілісте Тезектің елге айтқаны: «Орта жүзді қаратқан орыстан кісі келді. Арқадағы елдің бәрі тегіс орысқа қарапты. Мұның ісі әділ көрінеді, мен қырғыз манаптарына да сөйлестірдім. Уәде беретін болдық. Соған осы жуырда бас қосамыз. Және біздің Қаратал, Қапал бойына көп қолы келеді. Оған келуге рұқсат еттік, бұған не айтасыздар?» – дейді.

Қоқан әкімдерінен елдік ар-намысқа тиерліктей көп өктемдік көріп қалған ел Тезек сөзін тегіс мақұлдайды. Осы пәтуанаға бата қылған Бөлек батыр болады. Бөлек ертеде батыр болғанмен, бұл кезде қартаң тартып, ақсақал болған кезі болады. Ел тарайды. Бөлек еліне

-5001 – 61329 –

қайтады. Жолда ат үстінде келе жатып Бөлек Сарыбайға: «Балам, не ұқтың?» – дейді. «Батыр, мен нені ұғам, төренің айтуына қарағанда, орыстың жол-жобасы жақсы көрінеді, – дейді. «Балам, байқаған екенсің, сен енді ақылды орыстан сұра», – дейді. Осыдан келген соң Сарыбай Бөлек батырдың батасын алып елге қайтады. Енді ел орыс қолының алдынан шығуға қамданады. Бұл кезде Есқожадан шыққан Сұраншы батыр да орыс қолының алдынан шығуға келе жатыр деген хабар келеді. Осыны естіген Сарыбай Сұраншыға келіп қосылады. Сұраншымен қосылып Қаратал бойында орнап жатқан орыс қолына барады. Бұл барғанда тура өздері бармай, алдынан кісі жіберіп тіл алады. Сонда барып тіл алып қайтқан кісінің бірі Сарыбай болады.

Сұраншы батырды орыстар көңілді қабылдайды. Өйткені орыстарға бұрын танысып жақындасқан Жалайыр адамдары Сұраншының мақтауын жеткізіп, оның беделді батыр екенін айтып ұғындырған болатын. Осы жерде Найманның, Ұлы жүздің бірсыпыра кісілері бас қосып, орыстың басшы адамдарына ант береді. Орыстың қолын Іледен бастап өткел тауып өткізуге Сұраншы, Қожантай, Балпық батырдың баласы Тіленші ие болады.

Орыстың бір топ қолын Балпық баласы Тіленші, Есқожа Сұраншы бастап Қапшағайдың аяқ жағындағы Үшаралдан төмендеу атпен өтетұғын жерден алып өтеді. Бұл Іленің бұрынғы белгілі өткелі екен. Осы өткелде жас жігіт Сарыбай өте қайраттылық көрсетіп, көп қиямет істейді. Орыстың әскербасы Сарыбайға аса разы болып, бұларға көп сый, әскер береді. Ол бетінде орыстар Қоқан бектеріне және қазақтың өздеріне қарсы болған Бәйсейіт, Керім сияқты адамдарға кісі жібереді. Оларға өздерінің ұсынысын жібереді. Өздеріне тартады. Бірақ олар оны қабылдамайды.

Бұл кез орыстардың Іледен өтіп, іргесін бекіттіріп алып және артындағы көп қолдарын Іленің бер жағына келтіріп алу әдісін қолданған кезі болады. Осы кезде Сарыбай орыстарға көп сенімділік көрсетеді. Аса жақсы қызмет істейді. Алды-артын жиып алғаннан кейін орыстың әскербасылары қазақтың өздеріне сенімді адамдарын алып, алдағы шабуылдың жөнін кеңеседі. Осы кеңестің ішінде Тезек төре, Қожантай, Әбілестер болады. Сарыбай орыстарға жол тауып беретін қолды бастап отыратын жершіл ретінде алынады. Қоқан бектері бастаған көп қол орыс шапқыншыларына кездесіп, ұрыс болып қалады. Бұл соғыс аса үлкен соғыс болмаған. Бұл жерде орысқа қарсы ұрысқан аса қауіпті жау Бәйсейіт батыр болады. Бәйсейіт Қоқан бектері-

шің де сойылын соқпайды. Қырғыз манаптарына да қосылмайды. Ол бір жағынан қырғыздың манабымен, Қоқанның бектерімен жауласса, екінші жағынан Қаратал, Іле бойындағы орыстың қолына да сан рет шабуыл жасайды. Әлденеше жерде кездесіп атысып, өз адамдарын да шығындатып, орыстың қолынан да бірсыпыра кісіні өлтіреді. Сойтіп Бәйсейіт орыстардың өте кектескен жауы болады. Бәйсейіт ұрыстарында орыс жағында болып, көп қайрат көрсеткен Бәйсерке батырдың баласы Қожағұл болады. Әрі жердің жайын білетін, әрі Қоқан бектерінің қарауындағы елдің жайын білетін мықты жігіт өте батыл қимылдайды. Жол тауып Қоқан бектерінің қолының ішінен тіл алу, бірлі-жарым руларды азғыру жөнінде Сарыбай да үлкен еңбек істейді. Албан Сарқыт баласы деген жігіт сол Қоқан қолының ішіне кіріп, тіл алып қайтуға, жер шолып келуде аса ептілік істейді. Ұзынағаш бекінісін орыс қолынан ала алмай Қоқанның көп қолы шегініп, Мерке, Шу, Құрағаты өзендерінің бойына барып бекініс жасайды. Құрағаты өзенінің бойында отырған Ботбай елі орыс қолының алдынан шығып қарсы алады. Ботбай Сыпатай батыр өз елін бастап орыс қолының алдынан шығып тұз, нан әкеледі. Орыс қолының ішінде бір бөлек тобына басшылық істеп келе жатқан Сұраншы батыр Сыпатайдың бұл келуін аса құп алмайды. Сұраншының қасындағы Сарыбай Сыпатайдың алдынан барып сәлем беріп және орыс ұлықтарына Сыпатайдың ел ішіндегі беделін айтып түсіндіріп қабылдатады. Сарыбайдың бұл ісіне Сыпатай қатты разы болып батасын береді. Және орыс әскерше көлік, азық беріп көмек көрсетеді.

Орыс қолы әлденеше жерде соғысып, Қоқан бектерінің қолын ығыстырып, Әулиеата қаласын алып, Тәшкенге қарай бет алып отырып Шымкентке дейін қуып барады. Осы күнгі Сайрам ауданының орталығы онда үлкен қала екен. Қоқан бектері сол қалада үлкен қорған бекініс жасап, қатты қарсылық көрсетеді. Сейпілге бекініп отырып, орыс қолына көп соққы береді. Осы бекіністі алу ұрысында Сұраншы қолға түсіп өледі. Сарыбай мертігіп тірі қалады. Сайрам қаласын орыс қолы өзіне қаратқаннан кейін онда бірсыпыра жатып ат тынықтырады, алды-артын жинайды. Оған дейін Сарыбай да жарасынан жазылады. Орыс қолы Тәшкенге қарай бет алғанда, Сарыбай да өзіне ерген қазақтарды бастап орыс қолымен бірге Тәшкенге дейін барады. Орыс қолы Тәшкен қаласын алудағы соғысында бірге болып, Тәшкен алынғаннан кейін елге қайтады. Жетісу қазақ, қырғыздарының орыс қолымен осы жорықта бірге болып еліне қайтқан

адамдарын бастап алып келеді. Орыс әскербасылары да осы жолы аса сенімділік көрсетеді. Сонан Сарыбайға кейіннен әскери шен береді, өзін Жетісу елінде беделді, сенімді адам ретінде ұстайды.

Орыстар өзіне қаратып алған жерлеріне өздерінің тәртібін жүргізеді. Ел тізгінін өздеріне сенімді қызмет еткен өздері білетін адамдарына береді. Сол сенімді адамның бірі Сарыбай болып, орыс әскерлерінің айтуымен жоғарғы орыс ұлықтарына да сенімді, беделді кісі болып танылады. Жетісу елі орыс қол астына қарап, тәртібіне алғашқы бағынғанда «дөңгелек болыс» деген атпен сайлау жүргізіледі. Осы сайлауда Шапырашты руы тұтас бір-ақ ру болып, оған Есқожа руының жуан күштісі Андас датқа (Саурық батырдың інісі) болыс болады. Бұл болыс алғашқыда Шапырашты болысы атанады. Сарыбай осы уақыттан бастап баяғыда бытырап кеткен Екей руының басын қосып жинап, ел қылудың қамына кіріседі. Бірақ бұрыннан орнығып қалған ел Есқожа руы жер жағына ие болып, жаңадан жиналған Екейге көңілді жерден қоныс бермейді. Сарыбай алдымен жиналатын ағайынына ірге теберлік қоныс алудың қамын істейді. Ұзынағаштағы және Алматыдағы орыс ұлықтарына жолығып, ол елінің барлық жайын айтып, қоныстық жер сұрайды. Сарыбайдың бұл тілегін қабылдап, қалаған жеріңді өзің көрсет, біз кесіп алып береміз дейді. Сарыбай Екейдің бытырамай тұрғандағы өзіне тиісті жерінен де асырыңқырап қырғызбен шекарадағы Тоқпақтың бер жағындағы Көкайырық өзенінен үлкен Кебіннің түбінен бөлек жүргізеді. Бергі шеті Қарғалы өзені, төменгі жағы Дегересті басып Құтырған, Үш бұлақты басып Қопаға дейін түседі. Бұл бөліктен қырғыздың бар жайлауы, Есқожаның көптеген қыстау күзеуі Сарыбай алған жерге кетеді. Бірақ бұл кезде Есқожа Екейдің қоныс шекарасы ашылмаған тұтас уақыты болады. Осы кестіріп алған жерге Шапырашты Дөңгелек болысы қыстап, күздеп, жайлап отыратын болады. Бұл арада біраз уақыт өтеді. Шетке кеткен Екейдің Сарыбай жайлауымен басы қосылып, о да бірсыпыра ел болады. Екей басы қосылған сайын, Есқожа руының қонысқа іші тарылады. Екеймен екі арада жерге, қонысқа таласып қалу біраз әңгімелері болады. Осындай әңгіменің кезінде Екейдің Сарыбайға серік боларлық атқа мінген адамының бірі әрі мықты жігіті Жамбылдың әкесі Жапа болады.

ЕКЕЙДІҢ ҚАЙТА ҚҰРАЛУЫ

Екей бытырағанда, көбірек барған жері Іле бойындағы Жалайыр, Үйсін елінің іші болады. Ол жөнінде Екей ішіндегі Бұйдалы деген атаның тұқымы тұтасымен Іле бойында болғаны оған дәлел. Сол Бұйдалы руын көшіріп әкелуге Сарыбай қолына қағаз әперіп, өзінің інісі Саржанды жібереді. Саржан барып Бұйдалы руынан барлық Іле бойындағы елді көшіріп алып қайтады. Осы жөнінде Бұйдалы руынан шыққан Мәмбетбай деген ақынның айтқан өлеңі бар:

«Сарыбайымнан хат келді,
Саржаным ап келді.
Ер молдамыз көш деді,
Еліне бас қос деді.
Көшіп шықтық Шеңгелдінің жолымен,
Мал түспеген сонымен,
Жотада қойды қоздаттық,
Үш Шоқы мен Қопада.
Ащыбұлақ жанында,
Қали биге қосылдық», –

деп жырлаған. Бұл – Екейдің азып-тозып бытырап кеткен елін Сарыбайдың үлкен еңбекпен басын қайта қосқанына бір дәлел (Мұны бізге айтқан Бейсенбай Сейітұлы, «Қызыләскер» колхозы, Жамбыл ауданы. Жасы алпыстан асқан қарт. 1944 жылы әңгімелестік).

Айналасы 7–8 жылдың ішінде Екейдің шетте жүрген ауылдары көшіп келіп қосыла береді. Жаз жайлау, қысқы қыстау, күзеу ел құралған сайын тарыла береді. Осы кезде қырғыздың атақты манабы Жантай батырдың (бұл Шабданның әкесі) ауылына Сарыбай барады. Оның бару себебі: Сарыбай қырғыз бен Шапырашты жерінің арасын межелі етіп бөліп алғанда, Тоқпақтың бер жағы мен Көкайрақ, Кебін өзендерін өзіне қаратып алғанын жоғарыда айттық. Біраз жылдан кейін қырғыздар Шудан өте қонып, Көкайрақ өзенін өрлей жайлайтын болады. Өзіне қаратып алған жеріне қырғыздың тілдеспей қонып алғанына наразы болып, Сарыбай осы жөнінде сөйлесуге барады. Бұл жолында Сарыбаймен Сүйінбай да бірге барады. Орыс колын Тәшкенге дейін бастап апарған Сарыбайдың атағы қырғыз еліне де мәлім. Бұл жөнінде Жантай Сарыбайдың бұл келуін іштей

қауіппен қарсы алады. Қырғыздың әдеті бойынша, босағадан қонақ асыға әкелген қойдың басын Жантай өзі көтеріп ұстап тұрып бата сұрайды. Әбден күтіп қонақ болып, енді аттанарда Жантай Сарыбайдың қай жөнмен келгенін, қандай шаруасы барын сұрайды. Сарыбай өзінің келген жұмысы орыс ұлықтарының рұқсатымен қырғыз, қазақ арасына жүргізген бөліктен асып жайлап, қазақ жеріне еніп отырған қырғыз елінің озбырлығын айтып, Жантайдан жайлауды босатуды сұрайды. Жантай Сарыбайдың бұл сөзіне дұрыс жауап береді: «Біздің қазақ жеріне дауымыз жоқ, орыс ұлығының кесіп бергені рас, бірақ бізге бұл жерді Шапыраштының болысы Андас мал алып сатты. Өтірік десе, Андасты ертіп келіп малымды қайтарт, жеріңнен көшемін. Болмайды екен, бізбен сөйлеспе, жерді бізге сатқан Андаспен сөйлес», – дейді.

Андас сатты деген сөзден асып Сарыбай дау айтпайды да, атына мініп елге келеді. Андасқа кісі салады. «Қырғызға Шапыраштының жайлауын жалғыз неге сатасың? Қырғыздың малын қайтар, жерді босаттыр», – дейді. Оған Андас Есқожаның көптігіне, байлығына сенеді де жауап бермейді. Оған Сарыбай өкпелейді де, Ұзынағаштағы орыс ұлықтарына келіп жолығып, Есқожадан бөлініп бөлек болыс болуға рұқсат алады. Екей, Айқым елі атаның баласы болып бірігіп, Есқожадан бөлінеді де, Қарғалы болысы атанып бөлек болыс болады.

Екі болысқа бөлініп жазу-сызулары ашылғаннан кейін, Есқожа мен Екей арасының қоныс шегіне бөлік жүреді. Осы бөлікте Сарыбай Есқожадан жерді ойдағыдай артық кестіріп алады. Әсіресе Қаракия, Қарақыстақ, Үлкен саз, Құлан саз, Бота саз, Майтебе сияқты ұлтанды жайлауды, таңдаулы қыстауларды алып қояды. Сарыбайдың Есқожамен осы үлкен айтыс-тартысының ішінде өзіне серік болған Екейдің адамдары Сүйінбай ақын, Жапа, Райымбек, тағы сол сияқты жігіттер болады.

Екей мен Есқожаның Шапыраштымен Дулат арасының жер бөліктері олардың жер таласындағы оқиғалары туралы әңгіме, өлең толып жатыр. Оларды бұл жерге келтірудің қажеті де жоқ. Орыс патшасының қол астына қарап, әрбір атаның Ұлы әкімшілік аумаққа бөлініп өздеріне жайлау, күзеу, қыстау, көктеу жерлерін меншіктегенде талай үлкен жанжал, барымта, ұрыс, таластар болады. Соның бірі – ел ортасында осы күнге дейін аңыз болып қалған бір оқиға. Дегерес совхозы мен Ұзынағаш поселкесінің екі аралығында Самсы деген жер бар. Қазір ол жерде Самсы колхозы қоныстанған. Жердің аты

қалай Самсы аталды деп сұрастырғанда, сол колхоздың 75 жастағы ақсақал мүшесі Досмағамбет Әлімбек ұлының айтуына қарағанда, осы Самсы жөнінде мынадай әңгімелер естідік. Самсы колхозындағы отырған еңбекшілер – бұрынғы Дулат елінің Тілеуғабыл деген руынан тараған елдер.

Осы Самсы өлкесіне бірнеше бұлақтың суын бұрып әкеп, Тілеуғабыл елі тоған байлап, егін салмақ болады. Сол күндегі Есқожаның жуан ауылы, Мырзабек тұқымынан шыққан Андас датқа Тілеуқабыл руын Самсыдан көшіріп, тоғанды өзі алмақ болады. Екі жақ қол жиып, үлкен төбелес болады. Сол ұрыста Тілеуқабыл жағынан Самсы деген мықты жігіт Есқожаның қолына жалғыз кіріп кетіп, төбелесіп, бірнеше кісісін соққыға жығып, бірақ өзі де көп таяқ жеп соққыға жығылады. Самсының Есқожа қолына жалғыз кіріп қатты қайрат істеуі Тілеуқабыл жағының адамдарына күш бергендей, аянбай қимылдап, Есқожаның кісілерін тоғанның басынан түріп айдап шығады. Содан тоғанға Тілеуғабыл ие болып қалады да, сол тоғанның атын басында Самсы жығылған деп жүреді де, артынан Самсы аталып кетеді. Бұл – бір ғана жер таласының жайында болған әңгіменің түрі.

Шапыраштының оның ішінде Есқожаның Сұраншы батыры орыс қолына қызмет етіп прапорщик шенін алуы, Сарыбайдың орыс үлықтарына беделді болуы, Дулаттың бұл тұстағы елдеріне бірсыпыра үстемдік еткен сияқты. «Октябрь» колхозының мүшесі Молдабек Етібай баласы – қазірде 60 жасқа келген, әңгімешіл ақсақалдың бірі. Ол: «Осы күнгі Екей, Есқожаның отырған жерінде бұрын Дулат рулары болған екен. Мырзабек, Кәшке, Сұраншы, Саурық, Андас, Сарыбайлардың тұсында ғана Дулаттан Шапыраштыөздеріне қаратып алған екен», – дейді. Бұл жөнінде Дулат пен Шапыраштының жер арасы жіктеліп, Суықтөбе, Саржазық, Қарақияны Шапырашты алып, Дулаттар кеткенде, Дулаттың Қоралас деген руынан шыққан кісісі жермен қоштасып:

Сарымсақты, Саржазықтай жер табылмас,
Жанашыр ата рудан ел табылмас,
Кірін жуып, кіндік кескен Суықтөбем,
Көшкен соң сені тастап, кім сағынбас.
Қалдың ба, Суықтөбе, кербетеге,
Қонысын рас тастап ел кете ме?

Кескінді ұл, қияпатты келін түспей,
Көксеген қонысына ел жете ме? –

деп, жырлаған екен. «Қайран, қойдың құлағы шығып тұрған, Қопай!» – деп, Мәтібұлаққа тиіп тұрып жылаған екен дейді.

Мінеки, Жамбыл ауылдары Хан, Жамбыл тауларынан қайта серпіліп көшіп келіп, өз еліне орныққанда, Екей, Есқожаның, Шапырашты, Дулаттың қоныс жайы үлкен күрес-тартыста болған кезі болады. Жер таласында Жамбылдың өз әкесі Жапа да, оның інісі Жадыра да талай ұрыс-жанжалдың ішінде болып қайрат істейді. Жоғарыда айтылған Самсы төбелесінде Самсыны ұрып аттан түсірген осы Екей жігіттері оның ішінде Жапа да бар деген сөзді айтады. Бірақ Самсы өліп кетсе, қанды қол болудан қорқып, олар ешкімге айтпаған екен. Ал соғыстың ішінде болуы рас дейді. Жер арасын жіктеуде болыс-болысқа бөлінудің үлкен орны болған. Мысалы, Сарыбай бастаған Екей елі Есқожадан бөлінгенде, жерге ие болып шекарасын белгілеп алу үшін бөлінген сияқты. Өйткені Шапырашты алғашқыда «Дөңгелек болыс» болып тұрғанда, Есқожа тұқымының жуандары өздері болыс болып жайлауды, күзеудің, қыстаудың жақсы жерін бауырына басып, көп зорлық істеген. Екейдің бөлінуі де осы зорлықтан құтылудың бір әдісі болған. Есқожадан Қарғалы болысы бөлініп, Екей, Айқым бірсыпыра уақытқа дейін бірге болыстас болып жүр екен. Бұл жөнінде Сарыбайдың мынандай өлеңі бар:

Барлық Екей сегіз жүз сексен бес үй,
Қойдалының баласы Күртібай би.
Тоғыз жылдай Бекетте шошқа баққан,
Аманбайда болыпты Әйтеке би.
Қалқаман Қарасаздан кеттің ауып,
Қар жауғанда жатушы ең бие сауып,
Ғаріп пенен қасерге жақсы-ақ еді.
Обалыңа қалды ғой, Әтен, Саурық.

Әтен, Саурық деген Қалқаман руының атқа мінер кісілері екен. Айқым Екейден бөлініп екі болысқа шығарда Қалқаман руы: «Екейден бөлінбейміз, осында қаламыз», – дегенде, болмай елді бастап көшкен осы екеуі екен. Қарасаз деген жер бұрын Қалқаманның қонысы болса керек. Екей мен Айқым бөлінгенде, Қарасаз Екейге қарап

қалады. Содан барып Қалқаман Қарасазды тастап, Айқым болысына кеткендіктен айтылған сөз.

Есқожа – Суықтөбе, Ақтасты, Қарақия, Қарақыстақ өзендерінің бойын жайлап, Екей, Желдісай, Майтөбе, Құлансаз, Үлкенсаз, Саржазықты жайлап, Көктөбе, Ботасаз, Ұяқарман, Қарғалы, Алаяқ бойларын Айқым, Қалқаман жайлап, жаз болғанда қанаттаса отырып алып, жайлау таласып та талай рет соғысып арпалысқан әңгімелері бар көрінеді.

Екей мен Есқожа арасы жер таласынан көп шиеленіседі. Жоғарыда айтқан жер шекараларына таласып, әлденеше рет қол жинап та соғысып көрген. Орыс ұлықтарына шабысу, арыздасу, жала жабу, бірін-бірі көрсету деген қаптап кетеді. Бірақ одан Есқожа мәз еш нәрсе шығарып өндіре қоймайды. Көбінесе қарабақан сойылға сүйеніп қолкүш істей береді.

Сөйтіп жүргенде, Есқожамен арасында үлкен төбелес болады. Осы төбелесте Есқожа адамдары Екейге пәле салып, жерден кетіру үшін, Көтей деген өлмелі шалды өздері ұрып өлтіреді де, Екей өлтірді деп қалаға кісі шаптырады. Бұл соғыста Есқожамен төбелескен Екейдің Әлти, Қосай деген ауылдарының жігіттері болады. Олар Есқожаның жала жаппақ болған қулығын айтып, Сарыбайға келеді. Сонда отырып Сарыбай:

Ауылымның ақсақалы Ашықбай-ды,
Есқожа тастап көшті Сасықбайды.
Көтей өлсе, шүйгісін көрден көрге,
Екі сүйем Екей бір асықпайды, –

дейді.

Мырзабек тұқымдары (Есқожа руы) өлмелі шалды өздері өлтіріп, жаласын Екейге жауып пәле салып отырғанын, жерді басып қалмақ болғанын анықтап біліп отырған Сарыбай осы сөзді айтуы Екейдің адамдарына үлкен қайрат болады. Осының арты ұлан-асыр дау болады. Қаладан дәрігер шығып, Көтейді сояды. Бар куәлар мен болған уақиғаның жайымен тергеліп келгенде, Көтейді өлтіргеннен Екей руы аман болады да, Есқожа кісілері өздері жауапты болып қалады. Осының өзі Есқожа адамдарының Екейден бетін қайтарады.

Әр жерге бытыраған Екей руы қайта құралғанда өмір сүру, шаруашылық жағынан басқа елдерден үлгі де ала қайтады. Екейдің

Қосан деген атасының баласы алғашқы бытырап кеткенде, Албан ішіне, Текес өзенінің бойына көшіп барады. Текеске жақын Жаркент қаласы. Қапалдағы орыс поселкелері еңбекшілерінің егін салу, үй салып мекендеу сияқты өнерлерін үйреніп, қайтадан өз елдеріне көшіп келгенде, аздап тұқым ала қайтады. Мысалы, Қосай руының Нұрымбет деген кісісі Текестен қайта көшкенде, Жаркенттегі егінші ұйғырлардан бір тақия тары алып қайтады. Сонан Қарақыстақтың бас жағындағы Қызылауыз деген бұлақтан тоған байлап, сол тарыны салады. Содан алғашқы жылы екі қап алады. Бұл тарыны еккен жылдары 1860 жылдардың шамасы сияқты. Өйткені Нұрымбеттің баласы Сары: «Сол егінді салғанда он төрт жасар едім, әкем жалғыз ағаш соқаны өзі ұстап, қосты мен айдап едім», – дейді екен. Ал Сары Жамбылмен түйдей құрдас екен. Осы есептен қарағанда, бұл бұдан 85–86 жылдар шамасы бұрын болған.

Екей руының тіпті, осы Алатау алабындағы Шапырашты Дулаттың көшкен елдерінің ішінде ең алғаш жер тырнап, егін салған, бұлақтың суын бөгеп, егін суарған – осы Нұрымбет баласы Сары. Кейінгі шал болған кезінде әңгіме етіп айтып отырады екен: «Осы елдің осы күнгі егіп жүрген тарысы – сол біздің Текестен әкелген бір тақия тарымыздың тұқымы. Біз алғашқы әкелгенде бас бармақтай үлкен болушы еді. Қазір көп егіліп, пүшектеніп кішірейіп кетті», – дейді екен. Алғашқы егінді салғанда, Сарының әкесі тораңғының түбірін тіс қылып, екі түйеге мойынағашпен байлап, сонымен жыртқан екен. Бұл Алатау бауырындағы көшпелі елдің ең алғаш егін кәсібін бастау кезіндегі егіншісінің бірі осы болыпты.

ЖАМБЫЛДЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Жамбылдың қай жылы, қай ай, қай жерде туғанын біз жоғарыда айттық. Сөйтсе де Жамбылдың туғаннан бастап бала шағынан өзіміз тапқан қысқаша мәліметтерді айта кетеміз. Жамбылдың 1946 жылғы 100 жылдық мерекесіне арнап баспаға дайындалған жинағына жазушы Сәбит қысқаша (беташар) кіріспе сөз жазды. Осы сөздің ішінде Жамбылдың өз аузынан айтқан мына төмендегі бір сөзін келтіреді. «Менің туған жылым ит еді, туған елім Екей итқорлықта жүрген кезінде туыппын», – деп еді дейді. Шынында да, ел ақсақалдарының айтуында Жамбыл Екей елінің итқорлықта жүрген кезінде туып, өзі

де бұлт жамылып, мұз төсеніп өткізеді бала шағын. Жамбыл туарда ел көшіп келе жатыр екен.

Қалмақпен бе, я қырғызбен бе, әйтеуір бір жаугершілік болып, ел үдере көшіп келе жатқанда туғанын біз жоғарыда айттық. Жамбыл жеті-сегіз жасқа келгенше әкесі туған-туысқандарымен сол Әшкей ауылының қасында болады. Екей алғашқы қайта басын қосқанда алдымен көшіп келгенін және Екейдің шетке бытырағанын жинасқанның бірі Жамбылдың өз әкесі Жапа, оның інісі Жадыра болады. Алғашқы көшіп келгенде, Жапа, Жадыралар Қарғалы өзенінің оңтүстік батысына таман, осы күнгі шұға фабрикасының батыс жанындағы Майбұлақ деген жерге қонды. (Бұл күнде Майбұлақ колхозы мекендейді). Ыстыбай ауылы, Жамбылдың үлкен әкесі алғашқы өз еліне көшіп келгенде, Жамбыл жеті жаста екен. Мұны Жамбылдың жақын туысқан інілері Мыржы Қазыбай баласы және Ибрайым Бәйсімбет баласы айтады.

Жамбыл бала күнінде өзі айтқаны болмаса көнбейтін, әке-аға тіліне мойынсұнбайтын қисық, тентек болады. Көбінесе үйге жоламай, далада балалармен, жылқышы, қойшылармен бірге жүріп тай үйретіп, асау мініп, басқа ауылға кетіп қалып, бетімен еркін жүргенді жақсы көреді екен. Осындай қисық мінезінен болса керек, бір күні әкесі қуып ұрған ба, үйге бара алмай, ауылдың сыртында жатыпты. Ел арасының бір адамдары ауыл сыртында далада жатқан баланы көріп тоқталып: «Неғылған баласың, неге ауылға бармайсың?» десе, «Мына Жапа дегеннің қызын айттырған едім, қалыңдығымды бермейді. Ауылына баруға бата алмай, қызының далаға шыққанын аңдып жатырмын», – деп, қисық қырыс сөз айтыпты. Мұндай қисықтанып өкпелеп кеткендегі әдеті, ауылға келе жатқан жолаушыны аңдып, соның жолын тосып: «Біздің үй семіз жылқы сойған, қазы, ет көп, біздікіне қоныңыз, – деп үйіне ертіп келіп, қашан сол кісі кеткенше бірге болады екен. Жамбыл бір күні тағы да үй ішімен отаса алмай ауылдың сыртында жатса, Жаныстың Ақша деген руынан шыққан ақсақал адамы Қазыбек деген кісі Ыстыбай ауылына келе жатады. Жамбыл алдынан шығып сәлем беріп: «Біздің үйге жүріңіз!» – деп, ертіп келіп үйіне түсіреді. Келгеннен кейін әлгі кісінің атын байлап, өзіне қызмет істейді. Көпті көрген және ақсақал Қазыбек баланың жүрген-тұрғанын сынап, әкесі Жапаға: «Мына балаң нешеде?» – деп сұрайды да: «Түбі адам болады, менің алдымнан шығып, сәлем беріп, өзі ертіп келді. Көзінің жанары жақсы екен, бетін

қақпа», – дейді. Жапа Жамбылдың қисық, тентек екенін айтқанда, Қазыбек: «Тентек те болса, теріс кетпес. Адам болатын баланың алдыңғы жағы кекшіл келеді деуші еді бұрынғылар. Көзінің оты тәуір екен», – деп тағы қайта айтады.

Сол кездегі Шапырашты, Дулаттың ақсақалдары Жамбылды жастай сынап, сөзінен, мінезінен әр нәрсе дәметкен. Әсіресе Ұлы жүз ішіне шешендік, сыншылықпен аты шыққан Ысты Бөлтірік батырдың Жамбылды бала күнінде сынап айтқанын Жамбылдың өзі кейінгі уақытқа дейін айтып отырады екен. «Бір күні ауылдың қасында жарда балалармен ойнап жүр едім, бір топ кісі келе жатыр екен. Алдарынан шығып сәлем бердім. Бір ақ сақалды кісі: «Балам бұл қай ауыл, кімнің баласысың?» – деді. Мен жөнімді айтып, қонсаңыздар, біздің үйге қоныңыз, семіз қазы бар, кісіге сақтаған», – деп ертіп келдім. Ол кісіні үйдің іші қазы асып, аса құрметтеп күтті. Бағанағы ақсақал кісі ет жеп отырғанда қазының қабырғасын маған беріп: «Балам, атың кім?» – деп сұрады. Атым Жамбыл деп едім, «Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар», – деді де, әкеме қарап: «Мына баланың бетін қақпа, мінезі жақсы екен. Тентек болмай, тектілі бола ма», – деп айтып еді дейді екен.

«Бөлтірікке өзім ержетіп қалған кезде тағы да бір кездесіп сәлем бердім. Өз аузынан бірталай әңгімесін естідім. Бөлтіріктей шешен сөзді тез табатын, қызықты әңгімелері есінен кетпейтұғын кісі көргенім жоқ», – дейді екен Жамбыл. Осы арада Жамбылдың өте жақсы көрген кісісі Бөлтірік шешен жайындағы ел аузында сақталған біраз әңгімені айта кетейік. Бөлтірік батыр деп келеді Ұлы жүзді қай-қайсысы болсын, Ысты Бөлтірікті. Ысты, Ошақты, Шапырашты – бұл үшеуі таңбамыз бір, Ұлы жүз ортасында ұранымыз бір деп туыс тұтады бірін бірі... Осы мөлшермен қарағанда, Ысты Бөлтірік шешеннің атасы Шапыраштыдан әрі барып қосылады. Қонысы Шу мен Аңырақай арасында Ақбастау, Еспе деген жерлерде болады. Бөлтіріктің баласы Сандыбай Жамбылмен замандас екен. Біріне бірі үйір де болыпты. Ал Бөлтірікті Жамбыл бері ержеткен кезінде көргенін және айтып отырмыз. Сол Бөлтіріктің жұлып алғандай тауып айтатынын, ойып түскендей шаншып айтатын шешендігін ел көп айтады. Соның біразы мынадай әңгімелер:

Бөлтіріктің алғашқы аты шыққаны – Найман мен Ұлы жүз болып жерге таласып үлкен дау болады. Осы даудың басына сол тұстағы жандарал келіп, екі елдің дауын тыңдайды. Ұлы жүзден Албан

Абақ батыр, Жалайырдан Байлық батыр. Ал Ыстыдан Бөлтірік, Төреден Тезек – осы төрт кісі Ұлы жүзден Атыбай даугер болып шығып, Найманнан Қайран деген төре бастап төрт кісі шығып, екі елдің билері ортаға келіп отырысымен, Қайран төре сөз бастапты. «Сарыбелге әуелі ноғай қонып еді, онан соң найман Шоңай қонып еді. Арғы жағы Ақсу, Қарабалтаға дейін біздің жер еді. Үйсін ағаның баласы зорлықпен баса-көктеп қонып алып отырсың. Арғын алыста жатыр, біз азбыз, көптігіңді істеме, қонысты қайтар!» – депті. Ұлы жүзден жүгініске шыққан билердің өзгелері Бөлтіріктен үлкен екен. Бөлтіріктен қысылып үндемей отырған басқа билер де бөгеліп қалады. Бөлтірік жұлып алғандай: «Әй, ноғай жігіт, әуелі ноғай қонып еді, онан соң Шоңай қонып еді дейсің. Ата қонысым дегенде айтар сылтауың осы ғана. Шоңайың қоныс қарап барып па еді Сарыбелге, мұрнына самал түсіп, біздің Игілік тәуіпке ауруын қарата көшіп барған болатын. Самалына жылқының саумалы жақпаған соң, Қасқарау Баба байдың 18 бұзаулы сиырының сүтін сауып, соны ішіп мұрны жазылып еді. Ауруынан айыққан соң сиырды айдап бір түнде қашып көшіп кетпеп пе еді? Жер дауы бір нәрсе болар, алдымен 18 бұзаулы сиырдың өсімін қосып қайтар!» – депті.

Найманның біреуі: «Үйсін, ұлық сыйламаған әдепсіз елсің. Біздің төрені ноғай дегенің қай мазағың? Төрені ноғай дейсің, Шоңайды ауру дейсің, осы сылтауың қоныс қайтармастық қанша құнды сөз?» – дейді. Тағы да Бөлтірік жұлып алғандай: «Төре болсаң, тақсыр Алдияр бас-ақ, төре екеніңді білгенім осы-ақ. Сөз сығылыса келсе, менің де төрем сөйлер, қайдан білейін, қараны сөйлетіп қағыстырмай, келе өзі киліккен соң, найманның ішіндегі көп ноғайының бірі екен деп ойладым», – депті. Өйткені Қайран төренің киімі ноғайша қамзол, бешпент, басына кигені бөрік екен. Ол кезде Ұлы жүз ішінде ондай киім үлгісі жоқ болса керек және орысқа аса бой ұрып бағынып болмаған кезі екен. Бөлтірік тағы да: «Үйсін, Найман деген – қағанағы бір күнде жарылған қазақтың баласымыз, бұзылсақ, өзіміз түзейміз, жарылсақ, өзіміз жамаймыз, бізді ноғай түзей ме – деп айтып едім, – депті. Бөлтіріктің сөзіне Найман жағы қызынқырап жанжал шығып, жандарал екі жағын да зекіп тоқтатыпты. Ел тоқтағаннан кейін Бөлтірік жандаралға қарай қол көтеріп тағзым етіп, сөз сұрапты. Рұқсат еткеннен кейін: «Тақсыр, Сарыбелді бауырлай салынған бектердің ішінде бірнеше бекетке кісі аты қойылды. Унас, Бердіқожа деген екеуі де Албанның ертеде өлген белгілі адамдары.

Қазақ болсын, қай ел болсын деген кісісін өз қонысына қоймай ма? Сарыбелдің бауыры Ұлы жүз Үйсіннің жері болмаса, ол кісінің сүйегі қайдан жатады ол жерде, жердің біздікі екеніне бұл бір дәлел. Екінші, сізді арқасына таңып, Найман ерте бағынғандығына сүйеніп, біздің жерімізге де, өзімізге де қызығады. Сіз бүгін наймандікі болсаңыз, ертең біздің де ұлығымызсыз. Әділ ауылдың баласысың, алдыңда ағат кетпесін, анықтап тексеріп, ағына жетіп әпер», – дейді. Осы сөзге наймандар өткел таба алмай, Бөлтірік Найман кісілерін тоқтатып, жерді Ұлы жүзге қалдырыпты. Жетісу еліне Бөлтірік аты шығып танысқаны да осы жолы болады.

Шапырашты, Дулаттың өздеріне меншікті төресі Әділдің Әлі деген баласы екен. Әліге Бөлтірік жылына бір рет барып сәлемдесіп және қора басы зекет малын тапсырады екен. Бір жылы Бөлтірік көпке дейін бармай қойыпты. Әлі кісі жіберіп шақыртса онда да бармапты. Екінші рет кісі жібергенде ғана, барып сәлем берсе, Әлі төре: «Немене, Бөлтірік, шақыртқанда да келмей, бұлданып жүрсің бе?» – депті. Бөлтірік: «Ой, тақсыр төрем-ай, менің қайсыбір кісілігім ұстап жатыр дейсің, өзім өз болғалы екі нәрседен ұялдым. Біреуі: жазғытұрым бір күні таңертең ерте тұрып, таң намазын оқып, дәрет ала далаға шықтым. Қорамның ортасында бір қасқыр аңырайып қарап тұр екен. Бөрі де болса содан ұялдым. Ер азығы мен бөрі азығы жолда деп еді мына, шіркін, құры ауыз кетті-ау. Мына қотанда қой болса, біреуін жеп, ауыл екен деп кетер еді. Шіркін, бейіт деп кетер ме екен деп ұялдым. Екіншісі: сіз шақыртпай-ақ, келейін деп қамданып едім, қора басыға апарар тоқтым жоқ. Елдің бәрі жаз шыға қора басысын топ-тобымен айдап жатқанда, менің сопайып құры өзім барғаным ұят деп, содан бөгелдім», – депті.

Әлі төре: «Қу жақ, тіліңе шоқ түссін. Қанша қой берсе, тұқым болады қораңа?» – депті. Бөлтірік: «Әуелі бір жүз тұсақ берсеңші, өспесе, тағы да көрерсің», – депті. Әлі өз қорасынан қосақтатып жүз тұсақ қой айдатыпты.

Әлі төреге тағы бір сәлем бере барғанында, амандасып отырғаннан кейін: «Е, Бөлтірік, ел қыстауынан көшті ме?» – депті. Бөлтірік: «Тақсыр төрем, ел жайлауға қарап қаптай көшіп шықты», – депті. Төре Бөлтіріктің аталары Ысты деген елдің аздығын кекеп: «Апыр-ай, қаптай көшетін Ысты тіпті көп ел екен-ау!» – деп күліпті. Бөлтірік жұлып алғандай: «Үш арыстың баласы қазақтан аз болсам да, Арқар ұранды төреден көппін ғой», – депті. Төре үндемей бөгеліп қалыпты.

Сары Үйсін Сары деген ол да шешен адам екен. Бөлтірікпен құрдас, екеуі қатты ойнап, қалжыңдаса берсе керек. Бір үлкен жиын болып, сол топқа Сары да, Бөлтірік те келеді. Бөлтіріктің әрі малы шағын, әрі баласы көп кісі екен, киімді қалай болса солай, өзі салақ та киеді екен. Ішкі шапаны ұзын, сыртқы киімі шолақ болса керек. Сары: «Бөлтірік, онша тақыр жерге қарап та отырған жоқсың, немене, үсті-басың төркінінен қашқан қатынның киімі сияқты ұзынды-қысқалы болып кеткен», – депті. Бөлтірік: «Ұзыны – ұлымдікі, қысқасы – қызымдікі. Қызылды қызым киеді, жақсыны ұлым киеді, біз байғұсқа солардан қалған ескі тиеді. Сен сияқты құбастар бәрін өзі киеді», – дейді. Сары Бөлтіріктің сөзіне шыдай алмай топтан кетіп қалыпты.

Бір жылы құмға қалың қар жауып, қатты жұт болады. Әсіресе Ақбастау, Аңырақайды қыстаған Ысты елі қатты жұтапты. Қамау бойындағы елге қарай жаяу ауыпты. Бөлтірік өзі де жаяу ауылымен ауып келе жатқанын естіп, Сары мұны бір тоқтататын жерім осы ғой деп, жолын тосып, Бөлтірікке алдынан атпен келіп сәлем береді. «Ассалаумағалайкум, ақтабандар», – дейді Сары. «Уағалайкумассалам, біреуін көміп, біреуін қақтағандар», – депті Бөлтірік бөгелместен. Сары үндемей қалыпты да: «Апырай, сені бір тоқтатам деген жерім осы еді, мұнда да мүдірмедің. Саған дауа жоқ екен, ауылыма жүр», – деп үйіне ертіп келіп, қонақ қылып, өзіне бір ат мінгізіп, ауылына бірсыпыра азық беріп, жегжатына жеткізіп салыпты. Бұл жерде Бөлтіріктің «бірін көміп, біреуін қақтағандар» дегені Сарының бір-екі жақын туысқаны қысты күні қайтыс болады. Қардың қалың жердің тоңдығынан уақытында жерге қойылмай, сөреде аманат тұрып, жаз шыға, жер жібіген соң қойып жатқанын бөлтірік естіп қойса керек, соны айтыпты.

Бөлтірік өте шешен, тапқыр кісі болған. Бірақ мықты батыр кісі болмаса керек. Оның Бөлтірік батыр атануының себебі мынадан екен. Қырғыз, қазақ бас қосқан бір үлкен ас болады. Осы аста қырғыздың Қосшы деген шағындау бір атасының ұлынан шыққан Мәмен деген батыр жігіт найза алып сайысқа шығады. Мәменнің бұрыннан сырын білетін қазақтар оған сайысқа шыға қоймайды. Ел бөгеліп қалғасын, Бөлтірік: «Атымды әкел, мен шығамын», – дейді. Ел аң-таң. Бөлтірік ат та таңдап мінбей, өзінің жай мініп барған атымен қолына найза да ұстамай шыққан соң, Мәмен іліп тастармын деп тура сайысуға дайындалады. Бөлтірік ыңғайланған Мәменге таянып

келіп: «Қырғыздың жуан манаптары сені қосшысынып, қазақтың жуандары мені Ыстысынып өлсе, осы екеуі өлсін. Бәйгені біз аламыз деп шығарып отырғанын көрдің бе? Таста найзаңды, бәйге сенікі болсын. Мен батамды берейін», – депті де, өзі қолындағы найзаны жерге тастайды. Мәмен де найзасын тастап бата береді деп қолын жайғанда, Бөлтірік жүгіртіп келіп Мәменді талмау өкпеден бір қойып аттан түсіріпті де, бәйгені қазақ әкетіпті. Міне, Бөлтірік осыдан барып батыр атанған.

Қазақ, қырғыздың Қоқан хандығына қарап тұрған кезінде Меркедегі Құсбегі қазақтың бірсыпыра кісілерін шақыртып алып сөйлесіп отырыпты. Осы сөйлесіп отырғанда Құсбегі қазақтарға өктем сөйлеп бір ретте: «Қазақтар, сендер боқтың да иісін білмейсіңдер», – деп зекіпті. Бөлтірік жұлып алғандай: «Айтса, болмайсыңдар, қазақтар дәретке отырғанда, қайдағы желге қарап бастарыңды қақайтып, ұшатын дуадақтай қомданып отырасыңдар. Қайдан боқтың иісін білесіңдер. Құсбекше ыққа қарап, шапандарыңды бүркене жамылып отырсаңдар ғой, әлдеқашан білетін едіңдер. Өз обалдарың өздеріңе», – депті. Құсбегі: «Апырай, мынау қай жүгірмек еді», – депті де сол мәжілісте сөзді Бөлтірікке билетіп, елге қайтарда Бөлтірікке сәтен шапан жауып қайтарған екен дейді.

Осы әңгімелердің көбін Жамбыл ақынның өзі айтып отырады екен. Өйткені жоғарыда айтылған Бөлтіріктің баласы Сандыбай мен Жамбылдың замандас болып, үйір болуы және Бөлтіріктің өзін көруі, оның үстіне Бөлтіріктің ел аузына тарап кеткен әңгімесін өте жақсы көріп, ұғып алған көрінеді. «Бөлтірікті аса жақсы көріп, әңгімесін көп айтушы еді, – дейді бізге осы әңгімені айтқан Ыбырай Бәйсімбетұлы және Омар, Мыржы сияқты қарттар.

Жамбылдың жас күнінде жақсы көріп бағатын малы жылқы екен. Басқа малға жұмсаса бармай, қашып кетеді екен де, қайдағы асау таймен алысып және қыс болса жабағы, тай, құнан сияқты кішігірім жылқыны қолына ұстап, соны бағып қарайды екен. Ол жөнінде Қоңыр тай деген бір әңгіме толық дәлел тәрізді. Жамбылдың 13–14-ке келіп ержетіп қалған кезінде, бір жылы қыс қатты аяз боран көп болып, ел жұтқа шалдығады. Ер-азамат бет-бетімен мал күтіп, халық жаугершілікке ұшырайды. Тау ішіне апарып күнгейге бағып жатқан жылқысын аралап, Сарыбай қайтарда Жапаның үйіне түседі. Онда ел киіз үйде отыратын кез, Сарыбайды Жапаның үйі күтіп түстік істейді. Үйдің бір жағында бір кішкене қоңыр жабағы-

ны Жамбыл бала таудан жұлып әкелген көдені беріп және азықтық бидайдан аздап бидай бөрттіріп беріп күтіп жүреді. Әр нәрсеге сын көзімен қарайтын Сарыбай Жапаға: «Сен мына Жамбылды қисық, тентек деуші ең, өзі малға үйір, шаруашыл есті тентек екен ғой», – дейді. Жапа: «Ой, тәйір-ай, ол немене ненің малына жаны ашып жүр дейсің. Өзінің бәсіресіне алған тайы еді. Ана танауын көрмейсіз бе, сетіп, сырға қылып белгі салып қойғанын. Өзі тәуір биенің құлыны және жорға еді», – дейді.

Сарыбай түстігін жеп кетіп қалады. Жаз шыға қыстан қысылып шыққан ел көк жетіліп мал дейілдеңгенше көктеуге бармай, қыстау маңында болады. Қыстан өзі күтіп, күйлі алып шыққан қоңыр тайын үйретіп, Жамбыл мініп алады. Қай-қайдағы жастар жиналған той-томалақ іздеп жүретін тентектеу жас бала жігіт Қаскелең өзенінің бойындағы Орынбет деген Жаныс елінің бір атасының ауылына келеді. Бұл ел Жамбылға нағашы тиісті және сол жерде бір шілдехана болып, Жамбыл сол ойынға барады. Жамбылды жассына ма, жоқ әлде астындағы тайына қызыға ма, сол елдің біреуі Жамбылдың қоңыр тайын: «Мен таныдым, мынау менің қысты күні жылқы ыққанда жоғалған, қоңыр жорға биемнің жабағысы. Сен бұралқы қылып алғансың», – деп жабысады. Тіпті тайды ер-тоқымын алып тастап алып қояды. Жалғыз бала елден көп пе, ер-тоқымды алып, не істерін білмей отырғанда, сол ауылға Алматы жақтан бір топ кісі келеді. Бұл кісілер кім екен деп Жамбыл келсе, ол Алматы жақтан келе жатқан Сарыбай екен. Жамбыл келіп, сәлем береді. Сарыбай Жамбылды танып: «Шырағым, қайдан жүрсің? – деп сұрайды. Жамбыл тайдан айырылып жаяу отырғанын, мынау елдің өтірік таныған зорлығын айтады. Сарыбай тай таныдым деген кісіні шақыртып тексереді. Оның тайлы биесі боранда жоғалғаны рас екен. Жамбыл Сарыбайға: «Сареке, басқаны куә қылмаймын, қысты күнгі өзіңіз көрген қоңыр жабағы, көрсеңіз, өзіңіз де танисыз», – дейді. Бұл жерде Сарыбайдың есінде қалған тайдың танауындағы кішкене сетілген сырғасы түседі. Сарыбай тайды таныған кісіден «тайыңның не белгісі бар еді деп сұраса, ол, «Жорға еді басқа не белгі болады, жабағыға кім белгі салады?» – дейді. Сарыбай сол жерде тайды алғызып көрсе, тайдың танауындағы сеткен кішкене сырға бар екен. Соны дәлел етіп Жамбылдың тайын өзіне алып береді.

«Мен Сарекемнің дау тексергендегі тапқыштығын өз дауымда көрдім. Кісіге ашуланып сөз айтпайтын, көрген нәрсесін ұмытпай-

тын өте терең кісі еді. Сол мені кішкене жабағыны күткенімді жақсы көріп, соның танауындағы болмысы белгіні ескеріп, ұмытпай жүргені де өте сыншыл естілігі ғой», – деп, Жамбыл өзі айтып отырады екен. Сол қоңыр тай өсе келе өте жақсы ат болды.

«Сарекемнің күші мен әділдігі болмағанда, Орынбеттің орақ ауыз қу тақымы алып қойып еді. Бірақ Сарекеме бір өкпелегенім, әдейі өзіне сеніп алып қашқан Бұрым сұлуды алғызбай қайтарып берді. Онысы өте малқорда сараңдық еді. Жапаның малы шашылып кетеді деп, елді келесіне мені қайтартты», – деп Қисыбаймен қалжыңдасқанда да айтып күледі екен. Жамбылдың жылқыны жақсы көріп атшыл болуы – жасынан басталып қартайғанға дейін бірге жасасқан әдеті. Жамбыл өз елінің әдетіндегі көкпар тартуға да көп шапқан сияқты. Өйткені 1920 жылы ел арасының бір тойында Бозжорға ат деген атымен өзі көкпарға шауып, қуып жетіп тартысқан кісіге лақты бермей, соған төбелес шыққанын ауылдары күні бүгінге дейін әңгіме етіп айтады. Жамбылдың Торжорға ат деген өте белгілі бір жақсы аты болған. Аттың көп жасағанын сөз қылғанда Жамбыл ауылының Жамбыл ауданының ақсақал кісілері: «Біздің ортада сол Жамбылдың Торжорға атынан көп жасаған ат жоқ» деседі. 27 жасына дейін Жәкең өзі мінді, сол атын дейді. Сол сияқты өзін құрметтеп жүріп тұруына машина берілгеннен кейін де: «Мен атты, жорғаны жақсы көремін», – деп күрең жоға атты алдырып мінді. Жәкең өлерінен бір жыл ғана бұл атына мініп-түсуінен тоқталды. Жамбыл жас кезінде бір жыл, жарым жыл жылқыны да өзі бағып, әкесінің қосына да шыққан. Мұны өз ауылының ақсақалдары бәрі айтады.

ЖАМБЫЛДЫҢ ӘКЕСІ ЖАПА МЕН ШЕШЕСІ ҰЛДАН ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

Жамбылдың әкесі Жапа 1899 жылдың шамасында 87 жасында көп жасап өлген кісі. Жапа, Жадыра, Мәйке және Қазыбай – төртеуі Ыстыбай баласы деп біз жоғарыда айтқанбыз. Ыстыбай балалары, Екей пытырағанда, Әшекей ауылының қасына көшіп барғанын да сонда айтқанбыз. Жамбылдың өзі де, әкесі сол Әшекей ауылының қасында жүргенде туған. Жапа жасынан атқа мінген аламан уақытта жортармандық істеген кісі болса керек. Бұған Жамбылдың өз өлеңі дәлел:

Сорлының ұрлап қара атын,
Жазықсыз қиып қанатын.
Жапанда жаяу қалдырып,
Жайым жоқ қаргыс алатын.
Ел арасын егер ғып,
Ойым жоқ бұрқан салатын.

Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапаның ұлы ақын боп,
Атағы шықты дер, әке, –

деп әкесі өзін ұрлыққа жұмсағанына бармай, өлеңмен тілек айтып, ақындық жолға рұқсат сұрайды. Бұл өлеңде екі түрлі себеп болған сияқты. Біріншісі, әке өнерін өзі сүймей, момынның малын ұрлап дәулет жиюды жек көру, ешкімге зияны жоқ тіл өнерінің еңбегіне беріліп еліне қызмет істеуге бел байлауы бар. Бұл жөнінде Жамбылдың Сарыбайға деген бір ауыз өлеңі дәлел:

Сареке, салдым бір сөз сыныңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырымызға.
Қолыма домбыра алып, талап қылдым,
Бересің қандай бата ұлыңызға, –

дейді.

Бұл өлеңдер Жамбылдың осы 100 жылдығына арналған толық жинағына кіріп отыр. Жамбылдың туған әке, туысқан ағадан адалдық жолға бет алып, соған рұқсат сұрап қойған тілегі бар. Екінші, Жамбылдың ақындық жолға түсуіне көлденеңдеп бөгет болып жатқан тағы бір нәрсе болған. Ол ертеден Ұлы жүз елінің ортасында аңыз болып кеткен мынадай сөз болған:

Екейде елу ақын, сексен бақсы,
Айқында алпыс ақын, тоқсан бақсы, –

деген бұларды елін кеміткен ащы нақыл бар. Бұл кеміту сөз Екейдің естияр адамдарының намысына көп тиген болса керек. Жамбыл

өлеңге бейімделіп ойын, тойларда той бастап, өлең айта бастаған кезде, әкесі Жапа: «Екейдің елу ақынына сен де қосылып елу бірінші дуана болайын деп пе едің деп?» – ұрсып тыйым салған. Міне, сондықтан да ол жоғарыдағы өтініш өлеңдерді айтқан болса керек.

1944 жылы тамыздың 12-сі күні Үмбетәлі ақын бар, біз бырсыпыра кісі келіп Жәкеңе сәлем бердік. Жәкең өте көңілденіп отырды. Сонда ақындық жайынан сөз бастап: «Сарыбай өлеңді ұнатпайтын кісі еді. Өзіне келіп өлең айтқан кісіге еш нәрсе берген емес екен. Өмірінде ақынға берген малы, Албан Жетібай ақынның інісі ақынға бір ат беріпті. Сарыбай өлеңді өтірік деуші еді. Сол ақын өлең айтқанда: «Өтіріктің дәмдісі екен», – депті. Өлеңді айтқанда тыңдаушыны өзіне ұйытып:

Өлеңді бой жасап отырып,
Екі көзді ашып отырып,
Екі аяқты нық басып отырып айтпаса,
Өңі қашып кетеді, –

деп өзінің шәкіртіне үлгі айтты. Жамбылдың өзіне ұстаз көріп бата алған кісісі Сүйінбай ақынға да Жамбыл өмір бойы бас июмен қатар, алғашқы кездесіп бата алғаны жөнінде де өзі әңгімелеп айтып отырады екен. «Маған өлең анықтап жолдас болғаны жиырма жасымда. Осы күнгі Жамбыл колхозының жайлауы Желдісайда (бұл бұрынғы Жамбылдың жайлауы) жүріп ұйықтап кетсем, бір адам түсімде келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деді. «Екеуін де алам», – дедім. Шошып ояндым, аузыма өлең келіп тығылып тұрғандай болды. Үйіме келе домбыра алып, өлеңді саулатып айтқан соң ғана барып, кеудем орта түскендей болды.

Елдің аузы ораза еді. Қасымда бір жігіт бар, екеуміз сол жайлаудағы елді аралап жүріп жарапазан айттық. Сүйінбай ақынның ауылы да жақын еді, қыдыра келе жатып Сүйекеңнің үйіне кездесіп қалған екенмін, тұра қалып жарапазанды айта бастадым. Әлі айтып тұрмын, әлі айтып тұрмын, ешкім шыққан жоқ. Әлден уақытта үйге от жағылып, Сүйекеңнің бәйбішесі далаға шықты. «Балам, ақын үйге түссін дейді, үйге түсіңдер» дейді. Біз үйге сәлем беріп кіріп едік, Сүйекең өзі де тұрып отыр екен, сәлем алып, амандасып бізді отыр деп қасына отырғызды. «Жамбыл балам, тәрпің тәуір екен, тіліңнің үйірімі, сөзіңнің уыты бар көрінеді. Біреуден бата алатын

екенсің», – деді. Мен ол кісіге сөз қайырмай тыңдап отырдым. Бәйбішесі бізге қымыз беріп, менің алдыма бір шапан әкеліп қойды. Сүйекеңнің үйінен шапанды алып кетуді өзіме лайықты көрмей және әлгі бата ал деген сөзі ойымда болып отырды да: «Сүйеке, жеңгем берген шапанды сізге жапқаным, батаңызды беріңіз!» – деп, алдына қойдым. «Балам, бата алсаң өз үйіңнен бір нәрсе әкелуің еді ғой», – деп, Сүйекең біраз отырды да, батасын берді. Мен Сүйекеңнің батасын алған соң, ешкімнен именбей өлеңді бұрынғыдан да батыл айта бердім», – дейді екен Жамбыл.

«Жәкең 1945 жылдың көктем айының ішінде бір күні мені шақыртып жіберген екен. Жай шақыртқан шығар деп кешігіп келсем, Ыстыбайдан туған немере-шөбереден тірі адамының бірі қалмай бәрі жиналған екен. Жәкең ортасында отыр. Мен келіп сәлем бердім, қолын ұстап амандасқаннан кейін мені танып, Жәкең: «Омар, сені мен әдейі шақыртып едім, кешігіп келдің-ау, енді бәрің түгел болдың, айтайын деген сөзім бар. Мен енді ұзақ жолға жүрейін деп отырмын, атамнан туып-өскелі арамнан бойым таза еді. Екі нәрсенің қарызынан өз тіршілігімде құтылғым келеді. Біреуі, міне, Сәтіштің әкесі Тәйті Меккеге жүрерде, 350 қой, 100-ден аса қарасы қалды. Екі қатыны мен жеті жасар Сәтіш үшеуін қолымды ұстап отырып маған тапсырды. Мен тапсырғанын құп алып, ие болдым. Тәйті сол жолы қаза болды. Сәтіштің тоқал шешесі, қырғыз қызы жеңгемді еншісімен мен алдым. Өзге дәулетіне тигенім жоқ, Сәтіштің менде сол қарызы бар. Ал Биқоныс дегеннің жас қара қозысының елтірісіне қызығып, соны айтпай алып қойып едім. Осы екі қарызымнан көзімнің тірісінде құтыламын. Менің өзіме қараған жылқымнан Сәтішке бір ат, бір бие, бір тай беріңдер. Биқоныстың баласына бір тоқты беріңдер. Осы екеуінен басқа кісі ақысы жоқ деп ойлаймын. Қырғыз, қазақтан алмағаным жоқ, бірақ бәрін де күлдіріп отырып алдым, оны өзім қарыз деп санамаймын деп еді», – дейді Жамбылдың жақын інілері Омар ақсақал. Міне, Жәкеңнің әкемен туған-туысқанның жортармандық жолына бұрғанына көнбеген, адалдығы жайындағы әңгімелер. Жәкең өлеңді осындай сүйіп ең қымбат бақыт деп ұққан.

Жамбылдың әкесі Жапа Әшекей аулында жүргенде, қырғыздан мал алуға аттаныпты. Астында Көктоқал деген жүйрік жақсы аты бар екен. Жапа жылқыға тигенде аты жалғыз аяққа сүрініп, өзі қолға түсіп, жолдастары қашып құтылады. Қолға түскен ұрыны кім аясын. Аяғына кісен салып байлап қояды. Қырғыздың атақты манабының

бірі Жапаны өз үйіне әкелгізеді де, таутеке терісі шалбарға салып, мойнынан қылғындырып байлатып, керегеге ілгізіп қояды. Манаптың онысы, Жапаны кішкене көріп қорашсынып, мазақтағаны болса керек. Өйткені Жапа кең иықты, қысқа мойынды, дембелше, аласа кісі екен. Жапа бұған қатты намыстанады. Есебін тауып, осы манапты жер соқтыруды ойланады.

Бірнеше күн сол байлауда болып, шалбардың ішінде тұрады. Қашпайтын момақан кісі болып манаптың көңілін сендіреді. Бірақ өзінің бар күтіп жүргені – Манаптың екі жүйрік аты бар, соны есебін тауып қолға түсіру болады. Бір жақтан барымта әкеле ме, жоқ, жол жүргізуге суыта ма, әйтеуір екі ат бір түні кермеде суып байлаулы тұрады. Оның бәрін аңдып біліп отырған Жапа, ел ұйықтаған кезде, шалбардың байлауын сусытып шешіп шығады. Бірақ үйдің ішіне жерге түспей, үзікті тіліп, үйдің сыртынан түседі де, кермедегі екі атты алып жөнеледі. Іле қумағанымен, артынан қуғыншы түсіп, Жапаны Алатаудан асырмай-ақ қуғыншы таяйды. Ілеге таянғанда, жетуге айналады. «Сасқаным сол емес пе, екі атыммен Іле суының өткелін іздеуге де мұршам келмей, атымның маңдайы тірелген жерден келіп түсіп кеттім. Ең жақсысы-ақ аттар жүзгіш екен, суға жүзе жөнелді. Аузыма салып сорып келе жатқан жылқының тобығын сасқанда жұтып жіберіппін. Қуғыншылар Іле жағасында іркіліп қала берді. Мен құтылып судың ар жағына шықтым. Осы жорыққа барғанымда екі ажалдан қалдым. Бірі – Шудан бергі жерде Ілеге жеткенше ел жоқ. Жауынгершіліктен қорқып Іле бойына түсіп кеткен екен, әрі елсіз, әрі алыс жерде аш, азықсыз үздігіп кете жаздадым. Екіншісі, Іленің өткелсіз жерінен келіп түсіп, суға кетіп қала жаздап састым», – дейді екен Жапаның өзі.

Қырғызға тағы да бір аттанып барған әңгімесін айтқанда, Жапа: «Күзгі уақыт еді. Алматы асуында бір адаммен кезең аузында айқаса кеттім. Екеуміз де бірімізді-біріміз алуға іле қам істедік. Қыл кезең, тар асу, атпен айқасу болмайды. Екеуміз де аттан түсе қалып, жаяу алыса кеттік. Ол менен денелі қарымдылау екен. Мені ұстай алған жерде үйіріп жерге топ еткізіп түсіріп басам дегенде, астынан бұлт етіп әр жағына шығып кеттім. А дегенше өзінің үстіне міне түсіп, босатпай қойдым. Алысқан жеріміз жарлауыт еді, жан-дәрмен тырмысып әлгі кісіні соған домалатып түсіріп жібердім. Ол көтеріліп қайта шыққанша, атты алып кезеңнен асып кеттім. Келер жылы сол аттың иесі жігіт және қырғыздың белгілі бір манабы қазақ-қырғыз

арасындағы алыс-беріс сөйлесетін бір топқа келді. Менің аударып алып кеткен атым қырғыз ішінде белгілі әрі балуан жігіттің атақты жүйрік аты екен. «Төлеу алмаймыз, сол аттың көзін бер!» – деп, қырғыздың манабы ат иесі жігітті ертіп Әшекей аулына келді. «Аттың көзін тауып беріңдер, бітім алмаймыз. Және сол менің жігітімді жалғыз түсіріп, атын алған жігітті маған бір көрсет!» – деп қырғыздың манабы тілек қылды. Әшекейдің өзі мінетін қазмойын аты бар еді. Соны мініп қырғыздарға келіп сәлем бердім. «Сіздің жігітті түсіріп, атын әкеткен осы жігіт», – дегенде, қырғыздың манабы төмен қарады. «Құлжаның асығындай шымыр екен. Ұстаса, қолға тұрмас, байласа, жіпке тұрмас, атты алса алғандай екен», – деп, Жапаның шойындай шымыр тұлғасына және жылпостығына өте разы болды. Жапаның бұл сияқты жылпос мықтылығы өте көп болса керек. Жапаның інісі Жадыра да ерте атқа мініп, Жапаға көп серік болып, мықты жігіт болыпты.

Жапа бар, тағы көп кісілер бар, алыс жерге аттанады. Жадыраның жасы 17–18 шамасында екен. Ол осы жорыққа мен де барамын десе, Жапа: «Сен әлі жассың, үйде бол», – деп ұрысып ертпей кетеді. Жапалар өз елдерінен екі күншілік елсізге шығып, жортуыл салып ел қарап жүреді. Алыстан бір жалғыз қара көрінеді. Бұлар жалғыз қараны күтіп отырса, бөгелместен өздеріне келеді. Сөйтсе артынан қуып келген – Жадыра екен. Сол жолы бұлар далада ел торып жүріп бір қалың жауға кездесіп, қатты төбелес болады. Бұрын сыналмаған жас жігіт Жадыраны Жапа араластырмай, қосар аттарын ұстатып арт жақтарына ие қылады. Бірақ айқай шығып, төбелес қызған кезде, Жадыра қолындағы аттарды тастай беріп, ұрысқа араласып кетеді. Жау көп, бұлар аз, Жапа қатты қайрат көрсетеді. Осы жорықтан қайтқаннан кейін Жадыра қатардан қалмайды. Жадыра мен Жапа екеуі де Қоқаннан келген қолмен қарсы ұрысқан орыс қолдарының ішінде болып, көп қайрат істепті. Бірақ ол қай соғыста болғаны анықталмады. Ол туралы мынадай бір дәлел бар. Екі жақтың қолы айқасып, төбелесіп жүргенде, Жадыра бір адамды аттан шаншып түсіріп, қанжармен басын кесіп алған жерде Жапа келіп қалып: «Аттан түсіргеннен кейін басын кесіп неғылайын дедің? Кім білсін, оның жазықты адам ба, жазықсыз адам ба?» – депті. Бұл соғыс Бәйсейіт, Сұраншы бастаған соғыстардың бірі болуы керек. Осыны Жадыра тұқымының аздығына дәлел етіп, өз ауылдары әңгіме қып айтады.

Жамбылдың шешесі Ұлдан Жападан бес жыл кейін, немересі Сәтіш он жасқа келгенде өлген. Бұ да өте көп жасаған кісі. Ұлданның төркіні – Дулат ішінде Жаныс. Онын, ішінде Орынбет деген атаның баласы болады екен. Төркіндері осы Алматыға жақын Қаскелең өзенінің бойында мекендеген ел екен. Ұлдан шаршы ғана, Жамбылдың өзі сол шешесіне тартыңқыраған еді. Бет бейнесі де шешесі тәрізді еді дейді білетіндер. Ұлдан аса көп сөйлегіш кісі болмаған сияқты. Бірақ сөзді айтқанда тауып айтатын, досына тәтті, дұшпанына қатты кісі болды дейді. Жамбылдың өз ата тегінде домбырашы, өлеңші, белгілі ақын кісі болмаған. Шешесі Ұлданның нағашысы Үйсін ішінде Жалайыр Қанадан деген аса үлкен қобызшы, тәуіп кісі екен. Қанадан қобыз тартқанда, кейбір көңілі бос адамдар жылап отырады екен. Қанадан бір жақтан келе жатып, шет елдің бір жауына кездеседі. Жау Қанаданың атын да алып, өзін де тонап әкетеді. Қанадан жапан түзде жалғыз қалып, бір тауға келіп жеміс теріп жеп, жуа жеп жүріп, қурайдан сыбызғы істеп, соны тартып отырыпты. Сыбызғысын тартқанда еліктің лағының маңырағанын салып тартқан екен. Сонда бір ұрғашы елік емшегінен сүт сорғалап иісініп қасына келеді. Бірнеше күндей сол елікті еміп қорек алыпты. Мінеки, Қанадан сондай қобызшы екен деген аңызды айтады елі. Ал Жәкеңнің ақындығы жөнінде, Жәкеңнің домбырашылығы жөнінде осы түпкі нағашысының өнері еді бұл кісінің бойына келген деседі екен, елі. Жәкең өзі домбыраны жап-жақсы тартатын және көптеген күйлерді тарта білетін домбырашы болған. Және Ұлданның өзі: «Қыз күнімде бір түс көріп едім. Ол түсім жаңылыс болмаса, менің балаларымның біреуі аса бақытты болса керек еді, нағашы атамның қобызының қылы менің етегіме оралып еді, осы қисықтан бірдеме шықпаса», – дейді екен Жамбылды көрсетіп. Мінеки, Жамбылдың ата-ана тегінен айтылатын кейбір ерекше мінездері жөніндегі сарындар.

ЖАМБЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢДІ БАСТАУЫ ЖАЙЫНДА БІР-ЕКІ СӨЗ

Кімге де болсын сабақты өмір береді. Жолды өзі өскен ортасы ашады. Жамбылдың туып-өскен елі – Ұлы жүз, оның ішінде Шапырашты. Әрісі Ұлы жүз елінде, берісі Шапырашты елінде қазақтың қара өлеңмен қажасатын қайым айтысы деген өте мол болған. Күні

бүгінге дейін анық он-он бес кісі бір жерге бас қосса, әйел-еркек болып айтыспай тарамайды.

Бұл сияқты айтыс тек белгілі ақындардың ғана айтысы емес, қыз, бозбала, жігіт, келіншек қай-қайсысы болсын белгілі ел аузындағы қара өлеңмен қарпыса кетеді. Елдің әдеті болған осы айтысқа таманның өзі қатарлы жасы ретінде Жамбыл да тіпті ерте кіріседі. Жамбыл сол жас күннен-ақ бір жағынан халықтық қара өлеңге сүйенсе, екінші жағынан өз ойынан қошеметкейлеп өнімді сөз тапқыш, белгілі айтысқыш жігіт болып іріктеледі. Соның өзі Жамбылдың өлеңге үйірлігін де, ынғайын да өсіре түседі.

Осымен қатар, Ұлы жүз елін Қоқан бегі билеген кездің туы ете жоғары көтерілген, ораза, намаз сияқты діни әрекеттер өте елеулі орын алады. Соның әсерінен Ұлы жүз ақындарына үлкен дәстүр болған ораза кезінде жарапазан айту болады. Жарапазанды пайғамбар, сахабалар айтқан, оны айту үлкен сауап әрі дінге құрмет деген ұғым ел ішінде өте күшті болған. Оны айтушыларға айрықша мырзалық көрсететін байларда әдет болған.

Ұлы жүз ішінде жарапазаншыға тек астық, ақша ғана емес, ат, түйе, қой, қозы беру сияқты үлкен табыстар бар болған. Сондықтан жарапазан тек дін жайлы емес, малды бай кісі, аталы кісі арғы-бергісінен қозғап мақтау жайынан, үлкен кесек жыр айтып өзекті сөз айтуға шеберлендіріп безендіреді. Өткір сөзге жаттығады. Албырт жаңа өсіп келе жатқан Жамбыл бойындағы өнерді басқара алмай жүрген кезінде, ел аралап өлең айтуды жарапазаннан бастайды.

Жамбыл жарапазан жырын тек көп бергенді мақтап, аз бергенді жерлеп айтудан гөрі, бір жағынан күлдіргі, өткір сөзімен мәжіліс ете жүреді. Оның үстіне өз елінің ортасына сол кезде өте қызықты болған Сүйінбайдың Тезекке барғандағы шайқасу өлеңі, қырғыздың ақыны Қатаған ақынмен айтысқаны сияқты өзекті жырларды да айта жүреді.

Жамбыл осы жарапазан айтып жүріп, өзі бір тоқсан Сүйінбай ақынның үйіне келіп жарапазан айтады. Ол жөнінде Сүйінбай жайындағы бөлімде кеңірек айтылады.

Осы сияқты өлеңге бет алып, жарапазан, той-томалақтың айтысы тойбастарын айтып жүрген кезінде, Жамбыл жырына жол ашардай өз басынан бір әсерлі үлкен уақиға кешеді. Ол уақиға: ел жайлауда отырғанда, бір ауылда той болады, ол тойға Шапырашты елінің бәрі келеді, жігіт-желең, қыз-келіншек бас қосып айтыс, көкпар, көп

тамаша болады. Осы тойда Жамбыл Қыдырма қызы Бұрым сұлумен кездесіп танысады.

Қыз Жамбылға өзінің күйеуін менсінбейтінін айтып, Жамбылмен көңіл қосып жолдас болуға сөз береді. Артынан ретін тауып қызбен кездесіп, алып қашатын жағдай іздеп, жайлауда қисын таба алмайды. Ел жайлаудан бауырға күздеуге көшкенде, қызды Жамбыл алып қашады. Алып қашқанда өз үйіне әкелмей, Сарыбайдың інісі Саржанның үйіне әкеліп тығады. Өзі сыр білдірмей Сарыбайдың үйіне келіп сонда болады. Қыздың төркіні сұрастыра келіп Жамбыл алып қашқанын біліп, Жапаның аулына кісі салады. «Баласы қызымызды алып қашты, қайдан тапса тапсын, болмаса, қолдасамыз ба?» – дейді.

Қыздың төркіні – Айқым, айттырған қайны – Шыбыл, өте бір жуан бай жер болады. Жамбылдың Сарыбай аулында жүргенін біліп, Жамбылдың әкесі үлкен баласы Тәйті және басқа жанкүйер ағайындарын Сарыбайға жібереді. Сарыбайға олар келген соң Жамбылдан сұраса, ол қызды алып қашқаным жоқ деп мойындамайды. Жер түбінен анығын біліп келген Тәйті Сарыбайға қызды Жамбылдың алып қашқанының анық екенін айтып ұғындырған соң, Сарыбай оңашалап сұрайды. Жамбыл шынын айтады.

«Мен бірақ бұл қызды қайтармаймын», – деп көнбей отырып алады. «Қызды қайтармайтын едім, Сарекемнің екі сөзі ой түсірді. Бірі, Екей жаңа ел болып келе жатыр еді, тағы бүлінді ғой. Мына қыздың қайны ұры, қау берік ел еді, айтқанға көнбейді. Екінші, әкеңнің тірнектеп жиған аз дәулетіне кесір қыласың ғой, түгін қалдырмай шауып әкетеді. Өзіңе қалың беріпті ғой. Атаң атастырған қалыңдығыңды ал. Оған тоқтамасаң, осы елден басы бір таңдаған қызды тауып жіп тақ, өзім алып берейін» деді. Оған заман болып кетті ғой, Сарекемің күшінен аса алмадым ғой, осы сөзден аса алмай, әрең дегенде көндім. Қызды үш тоғыз айыппен қайтарып бердім», – деп, өз аузынан 1944 жылы 12 тамыз күні Жәкең өз үйінде айтты.

Сарыбайдың абыройынан аса алмаған Жамбыл да тоқтайды, қыздың қайын төркіні де тоқтайды. Бірақ Бұрымның арманы жас албырт ақынның жүрегіне үлкен жара салады. Ол көп уақытқа дейін арман уына оралып, өлеңмен, домбырамен көңіл жұбатады. Жамбылдың ақындығының бір кілтін ашқан, ашынып, сөз айтып, мұңлы жүректен күйлі сөз шығартқан осы Бұрым әңгімесі де болады.

Айырылдым арманменен, қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрың,
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын, –

деген арман, өксік өлеңін Жамбыл өмір бойына айтқан тәрізді. Осы арман ақын ойын тереңдетіп, сонымен қатар бұрынғыдан гөрі өрісті үзарта, өлеңге біржолата бет алуға себеп болған.

Жамбыл Сара деген қызды алып қашып, ала алмай қалыпты деп, 1940 жылы шыққан Жамбыл жайындағы Есмағамбет Смайылұлы жазған қысқаша өмірбаянда жазған еді. Ол қағыс естіліп, жаңылыс айтылған көрінеді. Біріншіден, мына жоғарыда өзінің алып қашқан қызын Жәкең Үмбетәлі бәрімізге өзі ауызекі айтты. Екінші, 1944 жылы қыркүйек айында біз Кенен Әзірбаевтың үйіне барып Жәкең жайынан әңгімелесіп отырғанда, Кенен: «Менің алып қашқан қызымды Жәкеңе теліп, Жәкеңнің бір кітабында бүлдіріп қойыпты. Жәкең алып қашқан қыз Сара емес, Сара Нұрбек қызын мен алып қашып, сорым қайнап, қайтарып беріп едім», – деп, өзі бізге ауызша айтты.

ЖАМБЫЛДЫҢ ҰСТАЗЫ СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйыңды.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай.
(Жәкеңнің 1946 жылға
дайындалған жинағынан)

Міне, Жәкең Сүйінбайды осылай құрметтеп, өзімнің пірім деп келеді.

Жәкең қай ақынмен айтыссын, қай мәжілісті бастасын, алдымен Сүйінбайды аузына алады. Біз осы еңбегіміздің ішінде Жамбылдың Албан Қалабай ақынмен кездескенде «Сүйінбайды аузына алған

сон, қарсыласпай тоқтап, жолды саған бердім», – деп, өз айтқанын келтіріп едік. Жәкеңнің өз айтуынша, Жамбыл өлеңге батаны шуу дегенде Сүйінбайдан алған. Және сен ақынсың, өлеңің уытты, тек қайпаңдатпай, осылай айт деген де, өзінің қасына ертіп үлгі көрсеткен де – Сүйінбай.

Жамбылдың жүз жасаған өмірбаянын, оның ішінде қырғыз, қазаққа алпыс жылдай жырымен қызмет еткен ұзақ еңбегін айтқанда, оның ұстазы бір Жамбыл емес, бүкіл Ұлы жүз елінің ақындарына аға болып аруағын аузынан түсірмейтін Сүйінбайға, оның ақындық ортасына аз тоқтап өтпекпіз.

Сүйінбай – тек қана өлеңмен ел кезген, жел сөздің иесі, кезбе ақын емес, өз тұсының, өз ортасының ақылгөй, ел бастаған ақыны.

Апыр-ау, мынау жатқан Сарыбай ма?
Жолдасы Сүйінбайды танымай ма?
Қырғызды қазақпенен айдап жеген,
Басында шуылдаған малы қайда? –

депті Сүйінбай Сарыбай өлгеннен кейін, бір жақтан келе жатып Сарыбайдың басына құран оқып отырып, Сарыбай Шапыраштының, оның ішінде Екейдің ел болуына, бас қосып, ірге тебуіне қанша еңбек еткенін жоғарыда аз шолып өттік. Сол Сарыбайдың терезесі тең, қатар жүрген үзеңгілес жолдасы болған кісі Сүйінбай:

Алпыстың алтауында Андас өлді,
Сарыбайды Екей шулап жерге көмді.
Өзімнің тұстасымның бәрі кетті,
Байқасам, енді нәубет маған келді, –

деген өлеңі – Сүйінбайдың кіммен терезесі тең екеніне дәлел. Мынау айтып отырған Андас Ақымбек баласы – Саурықтың інісі, өзі датқа әрі ақын, әрі ел тірегі сияқты. Шешен Сүйінбай Жамбылды өткір, терең сөзге, ұзақ әдемі жырға баулыған.

Сүйінбай 1817–18 жылдар шамасында туған адам. 83 жасында, 1898 жылы қайтыс болған. Сүйінбайдың туысы – Екей ішінде Әлти. Сүйінбайдың руы – үш тоқал, Жамбыл атасы бәйбіше атанады. Жамбылмен 8–9 атадан келіп қосылады. Сүйінбайдың өз әкесі Арон деген кісі өте момын адам болыпты. Аронның әкесі Күсеп деген кісі

ақын екен. Ел аузында Өтеген батырды ерте күнде осы Күсеп жырлаған екен деген аңыз бар. Бірақ ұмытылып кеткен екен. Ел аузында сақталған жұрнағын Жәкең естіп, әсіресе елдің қонысы тарылған кезде жаңғыртып қайтадан Жамбыл жырлапты. Жамбыл Өтегенді 1920 жылы Алматы қаласына келіп толықтандырып жаздырған, бұл жөнінде толық дәлел бар.

Екей руының «ергекөнды» болып бытырауын біз жоғарыда айттық. Сол Екей бытырағанда, Әлти руы алысқа көшпей, Мырзабек, Кәшке тұқымдарының маңында, Есқожа ішінде қалады.

Сүйінбайдың өз әкесі Арон Сұраншы батырдың қасында қоңсы болып отырады. Сүйінбай жасынан-ақ аузы орамды, өленші сері, сауыққой екен, өте пысық жігіт болады. Сүйінбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар.

Аронның он шақты ғана қойы бар екен. Қозысын қасқырдан қорқып үйіне көгендейді екен. Сүйінбай бала жігіт, үйінде ұйықтап жатса, түсінде бір кісі келіп: «Балам, көген аласың ба, өлең аласың ба?» – депті. Бала өлең аламын депті. Орнынан бастырлығып, тілі күрмеліп оянып, ұшып түре келіпті. Әкесі мен шешесі шошып, бір тоқтысын басына әкеліп бауыздап, қанымен ұшықтап құрмалдық етіпті. Сонан барып тілі шығып, құлағын бұрап өлең айтқан екен. Сүйінбайдың кейіннен өлең айтқанда құлағын ұстап айтатыны осыдан қалған әдеті екен дейді.

Сүйінбай содан былай өлең қуып, жиын тойды, қынаменде, шілдехананы құр өткізбей, ауыл арасынан қыз-келіншегімен айтысып, ақындық өріске талпынады. Бұл кез Кенесарының Ұлы жүз жаққа келіп, Ілені басып, Қараталды өтіп, Аягөзге қарай қол алып жүрген кезі. Өйткені ел аузындағы дәлелде Сүйінбай 25 жасында Тезек төреге барып өлең айтты депті. Ал Сүйінбай 1842–1943 жылдарда 25 жасқа келеді. Ал Кенесары 1846 жылы көп қолмен Іле Қараталды өтіп, Аягөзге дейін орыстың қолына қарсы барды», – деп жазады Кедзевецкий деген кісі Ұзынағаш соғысы туралы жазған кітапшасында.

Тағы сол кітаптың ішінде генерал Вишневский Лепсі өзенінің бойына келіп Жетісу елінің Албан, Дулат, Шапырашты, Матай, Садыр, Жалайыр елдерінің барлық атқамінер төре қарасын шақырып, Кенесарыға қарсы тұруға ант алды. Кенесарыға өте-мөте өш болған Жалайырдың төресі Әли Әділов еді, әсіресе елді Кенесарыға қарсы шығуға сол бастады», – дейді сол кітапта. Бұ да 1846 жылда болған.

Ал Сүйінбай өз өлеңінде:

Отызда орда бұзған дүлдүл едім,
Тезек пен Әлидің бұлбұлы едім.
Бір түнде үш тоғызын алсам дағы,
Тоймаған еш нәрсеге құзғын едім, –

дейді. Бұған қарағанда, Әли, Тезек, Әділ балаларына Сүйінбай ерте барғаны, олардың қолында болып өлең айтқаны анық.

Тезек пен Әлиге жақындасуында, Сүйінбай Сұраншы арқылы жақындасқан. Өйткені Сұраншы жөнінде «Түркістан уәлаяты» деген Азияны патша үкіметі жаулап алуы жөнінде үлкен жинақтар бар. Сол жинақтың 1864 жылға арналған 17-томының 76-бетінде Сұраншы туралы мынадай мәліметтер бар. 1864 жылы 23 қаңтарда прапорщик Сұраншы Хакимбектің аулына қырғыздың манаптары (Солты руынан Жанқарат пен Бәйтектің жақындары Қоқым, Шайбектер) келіп 5 мыңдай жылқыларын алған. Сұраншы қырық кісімен қуып, өзін де қырғыздар қолға түсіріп әкеткен.

Қырғыздар Сұраншыны байлап әкеткен соң, Есқожаның кісілері шауып келіп генерал Дюгамелге білдірген.

Сол қырғыздар ақпанның бірі кезінде Қасқарау руының Қыбырай деген атасының 50 ауылын шауып, көп малын алған. Осы хабармен генерал Дюгамел қырғыздарға кісі жіберіп, Сұраншы мен Андасты босаттырып, Қыбырайдан алған мал, шапқан елді Ешкім, Ырғайлы тауларына барып айырып алған.

Бұл уақиға 1861 жылы болған. Ұзынағаш соғысынан 3 жыл кейін, Ұзынағаш соғысына Қоқан қолын бастап келген Қанағат та жеңіліп қайтады. Ал сол соғыста Сұраншыны Колпаковский қырғыз ішіне және Бішкекке тыңшылыққа жіберген. Сұраншы барған жерден барып қырғыздар мен Қоқан қолына қосылып, келмей қалады. Осыған батырдың Сүйінбай жырлаған соғысы, бұл екі соғысқа да қатынасы жоқ. Және ел аузындағы әңгіме де толық дәлелмен басқа қылып айтады.

Өмірзақтың айтуында, Қоқанның қолымен қосылған қырғыздың қолы Аңырақай, Үштөбедегі Қасқарау Қыбырай елін шапты. Сонан хабар келіп, Сұраншы соны айыруға барып соғысып, қоқандықтарды қашырды дейді.

Және сол «Ұзынағаш уақиғасы» деген кітаптағы дәлелге қарағанда, 1861 жылдан кейін Қоқан ханның қолы Шудан бері аяқ баса алмаған. 1863 жылы Әулие ата, Шымкентті, Сырдария жағынан

Черняев, Алматыдан Колпаковский шығып, Сырдария мен Алматы арасын қосады. 1865 жылы Ташкентті алады. Сұраншы Ташкентке жетпей, Сайрамдағы қорғанға орыс қолы кіріп, сонда бір үйдегі ішке кірген жерде, тығылып отырған қоқандықтар атып өлтірген. Бұған қарағанда, Сұраншы 1865 жылдар шамасында өледі.

Сұраншыны алғаш бастап жырлаған – Сүйінбай. Оған дәлел, біз жоғарыда айттық. Сүйінбайдың Тезек төремен қалай жақындасқанын, ал Сұраншы бірде қосылып, бірде бөлініп жүріп, орыс қолында Тезекпенен қатарлас жүрген адам. Сүйінбай өзі қасына көп еріп әрі әкесі қоңсы болған Сұраншыны Тезектің үйінде отырып батыр еді деп мақтаған.

Бұл жөнінде «Өмірзақ Қарғабай баласы халық ақыны (қазірде 82 жаста) Сүйінбайдың өзін көрген. Соның айтуынша, Сүйінбай алғаш Тезекке барғанда, рұқсатсыз үйіне кіріп барыпты. Сонда Тезек өзі ақын адам төсегінде шалқасынан жатып өлең айтып жатыр екен. Үстіне рұқсатсыз кірген Сүйінбайды ақтаяқшысына «Апарып қамап байла, не деген бассыз», – деп ақырады.

Сонда Сүйінбай құлағын бұрап өлең айтып қоя беріп, екеуі арыбері сөзбен қағысып, Сүйінбайдың сөзі ұнаған соң, тимей, қасына алып өлең айтқызады. Сүйінбайға ат беріп, сый береді. Бірақ ендігі жылы тағы кел деп шақырады. Екінші жолы барғанында, Тезек: «Сен Шапырашты шетінен батыр дейсің, Сұраншы, Саурықты мақтайсың, оларың не ерлік істеп еді?» – дегенде, Сүйінбай Сұраншының Жамбыл өңдеп, кейіннен айтқан жырын жырлайды. Сонда жырын аяқтатып келген жерде:

Өтірік айтсам, мені ұрсын,
Сенбесең, төрем, сені ұрсын, –

дегенде Тезек: «Сүйінбайым, өтірікті шындай қылуға берген-ау саған тілді тәңірім. Мен Сұраншыны білмеймін бе, тым асырып жібердің-ау!» – деген екен.

Тезек Сұраншыны өте жақсы білген. Сұраншының бұл ұрысқа қалай барғанын, оның неден болғанын да білген, өйткені бұл соғыс – бүкіл Ұлы жүзге белгілі әңгіме. «Жамбыл» колхозының мүшесі Ыбырайым Бейсембекұлы шежіре қарт осы Сұраншы әңгімесін өте анықтап айтады. Өйткені Ыбырайым үлкен әкесі Райымбек деген кісі көп жасап, 83 жасында 1914 жылы өлген. Ол кісі Сұраншының

соғысына өзі қатынасқан. Райымбек: «Артынан ерер кісісінің азды-ғы, елінің екейлігі болмағанда, белгілі батырдың бірі еді», – дейді. Екей ақсақалдары Сұраншының бұл соғысын Райымбек бастан-аяқ өте қызық етіп айтады екен. «Сұраншыға хабар келгенде, мен де қасында едім. Қарғалының беткейінде, ауылдың сыртында тоғыз құмалақ ойнап отыр еді Сұраншы. Екі торы аты терден бурыл кеткен Тілеуқабыл елінің шапқыншысы келді. Қос атпен кісі келе жатқанда-ақ, Сұраншы құмалақты жайып күтіп отырды.

– Тойшыбек бастаған Қоқанның қолы Беркерердегі Тілеуқабылды шапты, елдің ақсақалы сізге жіберді, – деді шапқыншы. Сұраншы көп сөйлемейтін кісі еді. Аз ойланып отырды да:

– Тігіңдер туды! – деді. Кәшке туын көтерген соң-ақ сол жердегі Есқожа, Екейдің барлық ер-азаматы атқа мінді. Небәрі 800-дей ғана кісі болды. Қол жөңкіле төмен түсті. Сұраншы аулының барлық жарамды ат-айғырын мінгізіп, қара көбейтіңдер деп, малшыларына дейін қалдырмады.

Шапқыншы Саркемерге ел жаңа ғана қонып жатқанда шауып жетеді. Өзінің қолы сол жерден кейін серпілді. «Тауға кеуделеп келіп қалған шығар», – деген соң, біздің қол біресе жөңкіліп Қопаға шауып, біресе Құтырғанға қарай шауып, ат та болдырды. Бір мезгілде Сұраншы: «Қоқанның қолы Қопаға қоныпты. енді ол бүгін көшпейді, түнде тиеміз, атты біраз тынықтыртып алалық», – деп қолға аралап жүріп айтты да, өзі Жанжігіт, Төбет деген жерге әкеліп қолды түсірді. Елдің бәріне отын шаптырды. Бір кісіге үш жерден отын үйдіріп, күн бата барлық үйген отынға от қойғызды. Ел жата 300 кісіні үшке бөліп, үш жақтан тұтатқан бұтаны аттың құйрығына байлатып, ел жатқан қолға келіп тиеп жіберді.

Сұраншы қолдың алдымен Қоқан қолының ортасына өзі кіріп, алдымен туды шаншып түсірген. Қаптаған от, көтерілген шаң өзінен-өзі дүрлікпен, жай жатқан алаңсыз қол есі шығып, басқарылып соғыса алмай қашқан. Қашқан жауды жетіп түсіре бердік. Мен өзім сол түнде 17 аттың құлағын кескен екенмін, 6 ат қазақтікі екен, өзі танып алды, қалған 11 атты Жауқашар екеуміз алдық, (соғыста жаудан кісі түсіріп атын алғанда, түсірген кісі аттың құлағын ойып алады екен. Артынан кімде-кімнің кісесінде құлақтың ойығы қай атқа дәл келсе, сол атты алады екен).

Қоқанның қолы сол қашқаннан жаман қашты. Көбі қазақ пен қырғыз екен. Қоқан қолының алып кеткен мал-мүлкін қайырып әке-

ып, шабылып қалған Тілеуқабыл елінің өзіне бергенде, Тілеуқабыл елінің Тілен деген кісінің бәйбішесі семіз кісі екен, аяңдап келіп: «Сұраншы батыр қайсысың? Көрейін», – деп келіп, алдына бір шығып, артына бір шығып: «Балам-ай, батыр болар тұлғаң жоқ екен, сүмеленделеген сүйегің сүйек емес екен. Бірақ атаңның аруағы баса қонған екен», – деді, соны өз құлағыммен естідім, бұл шабындының болуы. Тойшыбектің қолды бастап барып жүрген себебі, Қасқарау Кәрім деген мен Тілеуқабылдының ішінен шыққан Тойшыбек батыр құда жақын екен. Тойшыбек Кәрімдікіне келіп қонса, мал сойып күрметтеп қонақ асысын береді. Ташкеннің жаңа бөзінен сулық және қоңырқай майлық орамалды әкеліп қояды. Ет жеп болғаннан кейін Тойшыбек қолын майлыққа сүртпей, сулыққа сүртеді. Сөйтсе, Кәрім Тойшыбектің қолынан орамалды жұлып алады: «Адам деп құрметтеп сулық қойса, қолыңның майын майлыққа сүртпей, сулыққа сүртесің. Ол қай асқандығың. Сен кімді басынасың?!» – деп екеуі жатып ерегіседі.

«Қап, бәлем, саған қылмасам ба?!» – деп Тойшыбек аттанады. Сол бетімен Пішпектегі Қоқанның бегіне барып: «Орысқа қарап комек бергелі жатқан бай бар, соны шауып алып қайтамын», – деп кезек сұрайды. Сонан қырғызы, қазағы бар, қоқандығы бар, тегін олжаға көп кісі аттанады.

Тойшыбек хабарын естіп Кәрім үдере ауып, Іле қуалап кетіп, Кәрім аулын іздеп жүріп Саркемерде қонып жатқан Тойшыбектің өз ағайындары Тілеуқабыл елінің үстінен түсіп, Тойшыбекке бой бермей шауып жібереді.

«Мырза аға, бүйтіп жегенше, әйеліңнің астын жесең етті», – деп Тойшыбекке Қармыс дегеннің қатыны Ақбике деген әйел айтыпты деген ел аузында әңгіме бар. Қырғыз, Қоқан қолдары қызыл қырғын етіп шауып, баланы, әйелді зарлатып найзаға шаншып, дүние мүлікті тілгілеп рәсуасын шығарып жүргенде, Тойшыбектің тоқтатуға шамасы келмей, іздеп шыққан елі табылмай, өзі жағынды болып тұрғанда айтыпты дейді анау әйел әлгі сөзді.

Мінеки, Сұраншы соғысының барлық мазмұны және шыны. Мұның шын болуы, жоғарыда айтылған 1861 жылы болған Мұсылманқұл және Қанағашта бастап келген екі соғыста да Сұраншы орыс жағында болмағанын документтерден дәлел келтірдік. Басқа соғыс болған жоқ. Ал жырдың өзінде де осы айтылған түрде сипатталады. Ол жырдағы бір орынсыз қоспа – Сұраншыны кедей деу. Сұраншы

Ақымбет баласы – хан Кәшкенің немересі, өте бай болған, батыр атанған ақсүйек тұқымы. Ол кездегі Жетісу алабындағы орыс пен Қоқан ханының арасындағы жағдайды, қазақтың қай батырының қанша қызмет көрсеткенін Тезек өте жақсы білген. Сонау 1846 жылы Лепсі бойында генерал Вишневскийге бүкіл Жетісу елінің адамдары барып ант бергеннен бастап, Тезек орыс қолының қандай қимылы болсын көбіне өзі араласып отырған. Онымен қоса орыс қолын бастап кейде елшілікке де жүрген. Мысалы, 1856 – 57 жылғы қыста Семенов Тезекті қасына алып, Тоқпақты басып қырғыз еліне барады.

Бұл кезде қырғыз елінің Бұғы, Сарбағыс деген рулары қатты араз екен, өйткені Кенесарыны қолға түсіріп өлтірткеннен Сарбағыс руынан шыққан Орман ханды Бұғы руының аталы манабы Борамбайдың жиені Қылыш деген батыр жігіт 1855 жылы өлтіреді.

Орманның құнын жоқтап Орманның баласы Үмбетәлі Сарбағыс елін бастап, 1856 жылы Бұғы руын тас-талқан қылып шапқан. Міне, осы шабындыдан босқан Бұғы руы Алматы, Қапалдағы орыс ұлықтарына келіп арыз айтып, содан Семенов Тезекті екі жағын бітімдестіруге Ыстықкөлге алып барған. Семенов Хан тәңірін көріп, зерттеп қайтамын деп отрядымен сонда кеткенде, Тезекті Сарбағыс руы жатқан жерінен ұстап, байлап алып кеткен. Семеновке артынан хабар барып, Тезекті босатып алған.

1861 жылы Колпаковский маусым айының ішінде Алматыдан шығып Қаракәстекке барып, ондағы бекіністен асып Қоқан қолының алдынан жер шала жүрмек болғанда, Қоқан қолы келіп қалғанынан хабар алып, тоқталған. 8 шілде күні Жиренайғырда соғыс болып, Қоқанның қолын бастап келген Рүстембек жеңіліп, қайта қашқан.

Тамыздың 28-і күні қасында 150 жігіт бар Тезек Колпаковскийге қосылған. Сонан Пішпекті алғанда да бірге барған. Сол жылы қазан айының басында Сұраншы Пішпекке тыңшылыққа жіберіліп, сол барғаннан келмей, Қоқанның қолына қосылады. Қазанның 15-і күні Колпаковский Тезекке және Сөктің баласы Жанғазыға, Әділет төреге хат жазып, Қанағатшаның қолының келіп қалғанын айтып, көмек сұрайды. Міне, Тезек орыс қолына өте көрнекті басшы болған. Ұзынағаш соғысының алдында Тезекке капитан атағы берілген.

Ұзынағаш соғысында Колпаковскийге көп жәрдем көрсеткен Қожақұл Байсерке баласына орден берілген.

Әбіл Әділевке алтын медаль берілген.

Жауды шалып қалуда, тіл алуда өте сенімді болған Шапырашты руынан Абдан Сарқыт баласы болған.

Осы оқиғалардың бәрін қолынан таратқан Тезекке Сүйінбай айтқан Сұраншы оқиғасының жаңалығы жоқ. Оны жырлатып отырған өзі. Онысы Сүйінбайдың ақындығын байқап, өріс көрсетуінің бір қыры.

Сүйінбайдың өте-мөте аты шығып, аруағы қырғыз, қазаққа тегіс жайылғаны – Тезекпен қырғыздың белгілі манабының бірі Алибай асына барғанда Қатаған ақынмен айтысы. Бұл айтысты Өмірзақ жырлағанда ұзақ айтып, әдемі айтады.

«Бірақ мен бәрін айта алмаймын, жаңылған жерім бар сияқты, мұны Жамбыл жақсы айтушы еді», – дейді.

– Мені қырғыз еліне таныстырған – Сүйінбайдың осы айтысы ғой, – дейді екен Жамбыл.

Сүйінбай осы айтыстан қайтқанда, 60 ат айдап қайтқан екен дейді Өмірзақ та, Үмбетәлі де. Өйткені Сүйінбай бұл барып айтысқаны қырғыздың орыс патшалығының қол астына жете бағынып онша түсінбеген, өзара ала кезі болады. Ал Тезек орыс ұлықтарының өте сенімді сұлтаны. Сол Тезек еркелеткен Сүйінбайды сыйлап, Тезекке ерекше құрмет етуінің бір саласы болған көрінеді.

Бұл жиынға Сүйінбайдың қалай барғанын Өмірзақ жақсы айтады.

Тезектің Сүйінбайды өте еркелетіп, оның ақындығын аса құрметтегенін мынадай дәлелден де көруге болады. Сүйінбай мен Сарыбай Екей елін жаңа жинап басын қосып жүрген кезде, аса қатты жұт болады. Ел қатты ашығады. Сол кездегі Екейдің әрі ақсаралы, әрі созге ие кісісі Кенжебай деген кісі екен. Кенжебай бір күні Сарыбай мен Сүйінбайды шақырып алып:

– Екеуің мынау елді қырасың ба, мал табындар. Жаңа бас қосқан аз ғана Екей тағы бытырап кетеді. Мына қыстан алып шығу керек. Көп болса, қыстан шықса, малын төлерміз, – дейді.

Сарыбай, Сүйінбай, Лаубай деген ұрыны басшы етіп, мал іздеп үрлыққа аттанады. Бұлар Іле бойына барып көп жылқыға кездесіп, бір айғыр үйірлі қысырақты айдап алып елдеріне әкеліп, үй басы бөліп алады. 12 қара көк байталы бар, көмірдей қара айғыры бар әдемі қысырақты қырып алғаннан кейін, бұлар кімдікі болды екен деп құлақ түрсе, бұл Тезектің еркелеткен бір қызына арнап матаған қысырағы екен, жер-көкті арылтып сұрау салмаған жер қоймайды. Бі-

рақ қысарақ шықпайды. Жаз шығып, жер аяғы кеңиді. Ел де жұттан құтылып, аштықтан арылып, есін жияды. Осы кезде Жетісу елінің басы қосылып ақылдасатын жиналыс шақырылады. Бұл жиналысты шақыртуға басшылық етушінің бірі Тезек болады. Осы хабарды естіген соң Сарыбай мен Сүйінбайға үлкен ой түседі. Ел құлағы – елу, қысырақтың дыбысы білініп қалса, Тезек оңдырмайды. 12 байталға он екі тоғыз, айғырға бес тоғыз, таңбасына бір тоғыз, Әділдің босағасына үш тоғыз. Бұрынғы төре малының кесігі осы. Бірақ істеген қателігін өзі айтып мойнына алса, айыпсыз бітім алады.

Сарыбай мен Сүйінбай: бұл қысырақ түбі шықпай кетпейді. Ел аузына елек қоя алмаймыз, жағымпаз ел жанасқысы келіп айтып қойса, масқара боламыз, одан да өзіміз барып айталық, айыбына кешірім сұралық дейді. Бұған Кенжебай көнбейді. «Не де болса мойынға алмай танып қоямыз, сіңіп кетеді», – дейді.

Екеуі шыдай алмай Тезектің аулына келіп ордасына кіріп сәлем бергеннен бастап, Сүйінбай өлеңді тоғытып жүндей сабайды. Әсіресе өткен қыстағы жұтты, елдің ашығып қысылғанын айтып, сөзінің аяқ жерінде:

Сорлы екей, қара айғырдың үйірін берсеңші енді,
Хан ием, құнан тайдан келсеңші енді! –

дейді.

Бағанадан өлең тыңдап жайраңдап отырған Тезек қара айғырдың үйірі деген жерде жұлып алғандай:

– Қара айғырдың үйірін сендер алып па едіңдер? Бұл не сұмдық, өзге Ұлы жүз тұрсын, Екей де басынды ма Әділдің шаңырағын? – депті. Сүйінбай қайта жырлап:

– Басынған емес, қарны ашқан қаралы үйге шабады. Қарашы өлсе, жақсы ат па екен, ол еркелігі, бұл кешірім өзіңнен, – дегенде:

– Қап, қап, өздерің келіп айтқан соң, амал жоқ. Әйтпесе қара айғырдың үйірі үшін қара орманыңды алмай, тынбас едім. 12 байталына 12 дөнежін, бие айғырына бір түйе әкеліп қосыңдар, – дегенде, Сарыбай:

– Алдияр, әділдігіңе бас! – деп, Тезектің аяғын құшақтай алғанда, Сүйінбай үндемей отырып қалыпты.

– Сен кужақ, неге үндемей қалдың? – депті Тезек Сүйінбайға қарап.

Тақсыр төрем, менің алдияр дегенім – атаңның жолынан асып бидік айттың, соныңа наразы болып үндемей қалдым. Атаң Әділдің несі күрең деген атын арғын Кішібай қарақшы бір жұртшылықта сойып жеп, Әділ бір жақтан қайтып келе жатқанда, алдынан қатынына табақ көтертіп, жолын тосып тұрыпты. Төре тұстарына келгенде, қол қусырып сәлем беріп, дәм татыңыз деп табақтағы етті ұсыныпты. Төре: «Мен далада тамақ жемеймін, дәміңе рақмет», – дегенде Кішібай:

– Тақсыр төрем, сіздің мес күреңді балаларым ашыққан соң, мен әкеліп сойып едім. Мынау соның жаясының еті мен бір кішкене қазысы еді. Бұйырған малға тас тиеді деген. Көп мінген атыңыз еді, етінен ауыз тисін деп едім», – дегенде, төре аттан түсіп еттен ауыз тиіп, Кішібайдан:

– Осы күнде жылқы нешеу, адамың нешеу? – деген екен. Сонда Кішібайдың жаны алтау, жылқысы төртеу екен.

– Адамыңнан жылқың асқанда бір дөнен қосарсың, – деп жүріп кеткен екен. Сіз атаңның жолынан адасып, өзіңе тарттың, – дегенде:

– Ой, қужақ, мұны қайдан естіп қойып едің. Ендеше, 12 құнажын байтал, бір дөнен төлеңдер, бірақ көп жиналғанша әкеліп қосыңдар! – депті.

Сарыбай мен Сүйінбай елге келе салып қысырақты жеген елден малын жинайды. Төлеуді алып жүрерде, Сүйінбайдың өзі туысқанымен қысырақтың етінен көбірек жеген екен, бұларға артығырақ түсіп, дөненді төлейтін болыпты. Маңқа болып ауырып жүрген бурыл биесі бар екен, соны төлеу малына қосып, Тезекке алып барыпты. Тезек өте малқорда кісі екен, апарған төлеуді өзі көріп алып, Сүйінбайдың бурыл биесін көріп: «Мынаның жүнінің түрі жаман екен, аурудан сау ма?» – деп сұраған екен, Сүйінбай сау деп бет бақтырмапты.

– Құдай ұрған қужақ, анадағы биең маңқа екен ғой. Ауру биеңді әкеліп, ұрлағаныңмен қоймай, малымды бүлдірейін дедің бе? – депті. Сонда Сүйінбай жұлып алғандай қаймықпастан:

– Сөк ағаның мұрнын жегенде, біздің Екейдің асыранды құрты ғой деймісің. Әкеліп бергенде бием сау-ды, осында әкелген соң өзіңнің ұрлықтан келген бір малыңнан жұқты да, – деп шап ете түсіпті.

– Қужақ, тіліңе шоқ түссін. Ендігәрі айта көрме. Биең де құрысын, өзің де құры, әкет, – деп бөлек байлатып қойған екен, биесін өзіне әкеліп бергізіпті.

Сүйінбайдың жұлып алғандай тауып айтатындығы бір бұл ғана емес, сан жерде сыналып, ел аузына ілінген шешен болған. Сүйін-

бай бірде қырғыз Шабдан манаптың әкесі Жантаймен әңгімелесіп отырғанда: «Сүйінбай ботам, құданың бергеніне шүкіршілік, атаннан туып, ат жалын тартып мінгелі жағама жаттың қолы тиіп көрген жоқ», – депті Жантай. Сүйінбай жұлып алғандай: «Әлгі Тайторы Шымырбай алып соғып, арт жағыңнан екі теуіп жібергенде, Ноғайдың шатырына басыңыз кіріп кеткені ат жалын тартып мінбей тұрған кезіңіз бе еді, Шоң аға?» – депті.

Жантай үндемей отырып қалыпты да: «Шырағым Сүйінбай, енді ешкімге айта көрме», – деп, үлкен сыйлық беріп аттандырыпты. Шапырашты руының ішінде Тайторы деген атасының атқа мінген әрі шешен, әрі батыр жігіті Шымырбай деген кісінің бір айғыр үйірлі қысырағы жоғалып, соны іздеп шығып қырғыз асады. Көкайрақ өзенінің бойында жатқан Жантайдың жылқысын араласа, қысырағы сол жылқыда жүр екен. Шымырбай ойлайды: «Бұл ауа жайылып келген ғой, аман табылғаны жақсы болды. Енді Жантайға сәлем беріп, амандаса кетейін», – деп келсе, Жантай аулына саудамен келіп шатыр тігіп жатқан ноғайдың үйінде қонақта отыр екен, Шымырбай сонда келеді. Жөн сұрасып, ел жайын әңгіме етіп отырғанда, өзінің қысырағының Жантайдың жылқысында жүргенін көріп, аман табылғанына қуанғанын айтқанда, Жантай ашуланып: «Атаң көрі маңқа қазақ. Менің тапа-тал түсте жылқымды аралап, неден құтырдың?» – деп тұра ұмтылғанда, Шымырбай Жантайды көтеріп жерге бір қойып, арт жағынан екі теуіп жібергенде, басы шатырдың астына кіріп кетеді. Ел іргесі Жантайды сабатып қоя ма, Шымырбайды байлап алады. Шымырбайдың қасындағы жолдасы босанып Саурыққа келіп хабар береді. Саурық барып Шымырбайдың өзін де, қысырақты да – бәрін алып қайтады. Міне, жоғарыдағы Сүйінбайдың айтқаны осы екен.

Андас Ыстамбек баласы бұл Саурықтың інісі. Сұраншымен немере. Колпаковскийдің кезінде Шапыраштыға болыс болған датқа атанған кісі. Ботбай Сыпатай батырдың асына Сұраншы барды деген қате екенін жоғарыда айттық, ол асқа Ақым барған. Осы Андас датқа, бұл Сұраншы Саурықтай батыр болмаған, бірақ өте қырсықты бай, зорлықшыл, кесел болған адам. Осы Андастан үлгі көрген Саурықтың Сыпатай деген баласы да өте зорлықшыл болыпты. Сарыбайдың баласы Қисыбайдың жасөспірім жігіт кезінде осы Саурық баласы Сыпатайға бір жерде кездесіп әңгімелесіп келе жатып, Қисыбай: «Осы Датқа аға, сіздерді түрікпен дейтіні несі?» – деп

сұрапты. Сыпатай: «Мен түрікпен деген сөзді есіткенім жоқ. Оны айтқан кім, маған соны тауып бер. Мен атамды білмей жүр екенмін, ондай болса, анықтап беріңдер», – деп ашуланған соң, Қисыбай қысылып, не айтарын білмей ұялады: «Мұны маған Құдіке деген кісі айтып еді» депті. «Ендеше, сол Құдікені ертіп кел, менің атамды тауып берсін» деп зілденген соң, Қисыбай Құдікені әкелуге уәде беріп босаныпты. Қисыбай, шынында да, Құдікеден келіп сұраса, ол анықтап айтып шыға алмапты.

Сыпатай шынында, атасын түрікпен дегенге намыстанады екен, басқалар да басынып, түрікпен деп кетеді. Осыны айтқызбау үшін Екейдің ең ауызға ілінер жерінен айып алып, қыр көрсетейін деген оймен, Қисыбайға уәделі күнінде кісі жіберіпті. «Сарыбайдың баласы атамды тапты ма екен, жоқ аузын тазалай ма екен?» – деп. Қисыбай қысылып, Құдікені ертіп Сыпатайдың үйіне келсе, сол үйде Сүйінбай келіп отыр екен, сәлемдескеннен кейін, Сүйінбай Қисыбайдан қайдан жүрсіңдер деп сұраса, Қисыбай не айтарын білмей қысылып отырғанда:

– Қане, мына ағаң да отыр, менің атамды таптыңдар ма, Құдіке айтты деп едің ғой, ал, Құдіке, таратшы! – депті Сыпатай. Бұлар жауап бере алмай бөгеліп қалғанда, Сүйінбай жұлып алғандай:

– Әй, үйің, күйгір, Есқожа-ай, құтырып өлерсіңдер-ау. Баяғыда Өзірәлі Серғазыға менің түбім түрікпен екен, мына Екей Сарыбай Емілдің басқа баласын қосып алып, менің артыма түседі деп арыз айтып жүр дегенді Құдіке естиді де. Өзің айтпасаң, атаңның қайдан келгенін бұл қайдан білсін? – депті.

Ойда жоқта айтқан дәлелді сөз Сыпатай мойнына су құйып үндетпей тастаған екен де, оның айыпқа ашылған қорқау аранына ащы сөз зәрін құя салып тоқтатқан екен.

Есқожадан Алтынай, одан кәдуілгі бүкіл Шапыраштыға ұран болған Қарасай батыр туыпты.

Қарасай батырдан үш бала туады, үлкені – Өтеп, ортаншысы – Көшек, кенжесі – Түрікпен. Қарасай тұқымының ең өскен жері осы Түрікпен болады. Кәдуілгі Саурық Сұраншының атасы Мырзабек, Кәшке осы Түрікпеннің тұқымы 4–5-ақ ата. Міне, түрікпен деген сөз – осы. Ал, Есқожаның тұқымы, әрі бай, әрі батыр көп шыққан кісілікті болады да, содан Емілдің аты жүре-жүре жоғалып, Емілдің тұқымының өзі Есқожа атанып кетеді. Осы күнде Шапыраштының тұқымы Екей, Есқожа болып екі үлкен атаға бөлінеді.

Сүйінбайдың өте қадірлес болған құрбысы Қалқаман ішінде Данияр деген кісі екен. Данияр да сөзге шебер, Қалқаман да жөн білетін тәуір адамның бірі болыпты. Сүйінбай бірде Алматыға келсе, Данияр Алматыда жүр екен.

Данияр Сүйінбайдан бірнеше күн бұрын келген болса керек. «Ел жайлауға көшіп, Қарғалыдан асып па екен?» – деп сұрапты Данияр Сүйінбайдан. «Ел көшкен көрінеді, сенің ауылың да көшіпті» депті. «Е, оны қайдан білдің?» – десе керек Данияр. «Қарғалының жағасында екі-үш баланың, екі-үш танаңың ізі жатыр, сол сенің көшің емей, менің ізім деймісің?» – деп, аузын аштырмаған екен.

Тағы сол жолы Даниярмен екеуі Даниярдың ұзатқан апасы бар екен, соның үйіне қоныпты. Сөйтсе, өте кедей екен. Сойып берер бойдақ малы болмай, жалғыз лақты ешкісін әкеліп, бата тілепті. Сүйінбай ешкіге бата істемей, ықыласына разы болып қоя беріпті де, жай етсіз қонақасы жеп, ертеңіне аттаныпты. Данияр екеуі былай шыққан соң:

– Сенің артыңда жүрген кедейшілік өз басыңда ғана екен десем, тұқым қуалаған кедейшілік екен ғой. Ең аяғы ұзатқан қызға дейін оңбаған екен, – деп қалжындапты.

Сүйінбайдың қасына көп ергенде Жамбыл осы сияқты тапқыр, өткір сөздерін көп үйреніп, өзі бертінде, айтып отырады екен. Осы айтылған сөздердің көбін Жамбылдан ұғып алып, айтқанынан үйреніп едік дейді бізге айтқан Ыбырайым, Омар ақсақалдар.

Қырғыздың Орман ханына ас бергенде Сүйінбай Андаспен еріп барыпты. (Андас Ыстамбек баласы Саурықтың інісі, Датқа атанған адам). Орманның балалары Үмбетәлі, Шарғынға Сүйінбай барып көңіл айтып жырлап жіберіпті. Бұл жыр Орман балаларына, оны жаназа қырғыз манаптарына өте ұнап, Сүйінбайды қаралы үйге отырғызып, Орманды жоқтатқан. Бұл жөніндегі жырды Өмірзақ жақсы біледі.

Үмбетәлі Шарғын екеуі үй көтеріп, қыз бермекші болады. Қырғыздар намыс етіпті. Сүйінбайдың өлеңіне қыз берме, есік көрген қатын бер деп, қатынды алып келгенде:

Хан Орманның баласы Үмбетәлі,
Үмбетәлі дейді ғой жанның бәрі,
Бұл қатынды көрсетіп Сүйінбайды,
Қылмағын, батыр Үмбет, әрі-сәрі.
Мұны қайтып қазаққа көрсетермін,

Өзі де болып қапты базар кәрі,
Әкемді былтыр алдың, ойбай құдай,
Екі шешем бар еді жесір қалды-ай,
Алатұғын әмеңгер өліп қалған,
Үш кемпірді қай жаққа ұстармын-ай! –

деп отырып алған. Бір қыз беріп, басына үш қанат үй көтеріп, үш үйге артқызып, астына ат мінгізіп берген.

Сүйінбайдың бұл асқа барып үй көтеріп, қыз алып қайтқаны 1857–58 жылдардың шамасы болуға тиіс. Өйткені Орманды Бұғы руы өлтіргені 1855–56 жылдардың шамасында. Асты аса кешіктірмей берген болса керек.

Алыбай асында Қатағанды мүдіртіп 60 ат алған, Орман асында қырғыз, қазақ ақынынан асып Орманды жоқтап, үй тіктіріп, қыз алғаны Сүйінбайдың атағын қырғыз, қазаққа тегіс жайып, абыройын арттырып жіберді. Оның үстіне Тезектің еркіндетіп қоюы да жұрт алдында Сүйінбайдың беделін қатты көтереді.

Бұдан кейін қанша жыл өткен соң екені анықталмады, бірақ көп ұзамай Дулаттың Ботпай руынан шыққан Сыпатай батырға ас беріледі. Бұл асқа Дулат, Шапырашты, Жетісу елі күтуші ретінде қатысасады. Ас Меркеде берілген. Сыпатайдың Ноғай деген баласы Сүйінбайды өз қасына ертіп, сый қонақтарды қарсы алады.

Асқа Сиқым Батырбек датқа келеді. Ал өте алыс жерден келген қасында Қоңырат Қоныс датқа және Майлықожа ақын бар екен. Батырбектердің алдынан даяшы тез шыға қоймай, біраз ат үстінде тұрып қалыпты. Бұл хабарды ести сала, Ноғай, қасында Сүйінбай бар, келіп қарсы алғанда:

– Ботпай деген туғаным,
Мұбарак болсын думаның,
Асыл атам өтті деп,
Барлық елді жиғаның,
Рақмет демей, не дейміз,
Жақсы думан қылғаның.
Сексен беске келгенде
Сапар қыпты хан атаң,
Сыпатайдай батырдың
Жолдас қылсын иманын,

Алыстан аңсап келгенде
Ылайық па, Ноғайжан,
Аттан түспей тұрғаным, –

дегенде, Ноғайбай айыбым деп алтындатқан асыл тас шапқан ертоқымы мен қызыл жорға атын Майлықожаға көлденең тартып, өзі басқа атқа мініп, сол атты Майлықожа әкетеді.

Майлықожаның өзінен-өзі жүлде алғанын ауырлағандай Сүйінбай айтысқысы келгендей болған екен, бірақ оған ас берген Ботпай елі, Сүйінбайды тоқтатыпты деген аңыз бар.

Батырбек датқа:

– Сүйінбай шырағым,
Жұпардай иісің шығады,
Тұлпардай дүбірің шығады,
Бес-алты ауыз сөзіңді естірт! –

депті Сүйінбайға.

Ат құйрығын бұлаған,
Қол жеткен жерін сұраған,
Егескен жауы жылаған,
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа тежеген,
Тұлпар мініп, ту алған,
Мен Қарасай ұлымын, –

деп ұзақ жыр айтыпты, бірақ Майлықожамен айтыспапты.

Ас сегіз күнге созылып, тігілген үйлердің арасынан атпен жүріп, керектерін беріп, ең аяғы насыбайға дейін бірнеше кісі уқалап дайындап, үлестіріп отырыпты.

Менің атым Дыңғылбай,
Атсаң, міне, насыбай,
Шекенеден күлі бар,
Қалампырдан дымы бар, –

деп жырлап, насыбай үлестірген екен, Дулат ішінде Ақша деген елден шыққан Дыңғылбай деген ақын.

Астың ат шабысына Батырбек датқа әкеліп қосқан Көкмойын ар-тымақ алдынан келіп, бас бәйгені алады. Бас бәйге біреуінің өркеші қисық емес 100 атан түйе, 6 қанат ақ үй барлық мүлкімен, 9 құндыз, 9 бесік жамбы екен; екінші бәйге 100 жылқы ерткен, Сұраншының Ақтұяқ аты алады. Ақтұяқ атты Андас пен Кедейбай апарып қосқан (Андас немере інісі). Кедейбай – Сұраншының баласы. Сұраншы бұл аста болмаған. Болуға қисыны да жоқ. Өйткені Сұраншы 1865 жылы Ташкеннің бер жағында Сайрамда өлген. Сыпатай ол кезде тірі кісі.

Жамбылдың 1940 жылғы шыққан жинағындағы қысқаша өмірбаянында Сыпатай асында Жамбыл Сұраншының өзін де, Ақтұяқ түлпарын да көрді деп жазған, ол – қате. Сыпатай асына Жамбыл бармаған. Және Сұраншы ол аста жоқ.

Ақтұяқ қырғыздың Сарағыс руынан шыққан, Орман ханмен бір туысқан манап Қайду батырдың аты екен. Оны Сұраншының алуын Өмірзақ айтуында, Албанда болған бір үлкен аста Ақтұяқты дөнен күйінде Қайду өзі апарып бәйгеге қосып, алдынан келеді. Бұл аста Сұраншы да болады, атқа қызығады, бірақ сұрауға қисын таппайды.

Сол жылы Қайду бір жақтан келе жатып, Мырзабек ішіндегі Қожамқұл деген кісінің үйіне келіп қонады. Бұл – Сұраншының жақын ағасы. Сұраншы осы қонып отырғанда, Ақтұяқ атты алайын деп қызығады. Оны Қожамқұл сезіп қойып, қонағымда жұмысы болмасын деп тигізбейді.

Қайду Қожамқұлдан аттанып шыққаннан кейін, Жаманқара деген жерде қуып жетіп тоқтатып, Қайдудан Ақтұяқты алады. Артынан кеп қолқа беріпті. Ақтұяқ тұлпардың қысқаша әңгімесін, астың жайын Өмірзақ дәлді әңгіме етіп айтады.

Сүйінбайдың осы сияқты белес-белес көзге түскен аты шыққан өлеңдерін Ұлы жүз ақындарының бәрі біледі. Бірақ Сүйінбайдың үлгілі, есті сөз айтып, жол салған жырын ешкім айтпайды. Көбінесе алу жағынан ақындық қайратын көп жұмсағанын айта береді.

Сүйінбайдың екі түйесі жайлаудың сарсойқағында таудан жығылып өледі. Өзі бір жерден келсе, әйелі: «Түйе өліп қалды, шаңырағымыз жұртта қалғаны ғой», – деп ренжіпті. Сонда Сүйінбай әйеліне:

Түйең өлсе, бәйбіше, ол түйені Дулат берер,
Берсе де бірі қалмай шулап берер.
Берейін деп бермейді маған Дулат,
Сүйінбайдың сөзіне құлап берер, –

деп атқа мініп, Жайнақ батырға келген екен. Жайнақ батыр көп олжа бермейтін кісі екен. Алдымен соны алсам, өзге Дулат түйесін өзі жетектеп келеді деп, әдейі соны алайын деп арнап шығып, үйіне кіре:

Ассалаумағалейкум, Жайнақ батыр,
Шапыраштьі, Дулатты жеп едің
Жас күніңнен айдап, батыр.
Бар түйем Сарсойқақтан құлап өліп,
Бір түйе сұрап алайын деп келем ойлап, батыр.
Хан Жайнақ он бесіңде белің будың,
Қоқиланған қырғыздан жылқы құдың.
Тік шыққан қараша үйден түтіндей боп,
Хан Жайнақ Қараталдан не ғып тудың? –

дегенде, Сүйінбайым, жарайсың, енді мені жамандашы депті, сонда:

Қаратал – сенің әкең, жалшы маған,
Қара өгізін мініп ап қамшылаған,
Жайнақ қазы болғанда, Сәке старшын,
Құдай берген уақытта берші маған! –

деп, екі өркеші баладай сары атанын алдым. Мен сары атанды жетектеп жөнелгенде, әйелі өте малжанды екен, көзінің жасын іркіп алды. Бермейтін кісі болмайды, сұрауы жетпейді – дейді екен Сүйінбай (Үмбетәлі айтуынан).

Сүйінбайдың жасы жетпістің ішіне келіп қалған кезде, қоян деген жұт болып, малы көп өліп, кедей тартады. Ол жұтта өрдегі Албан аман қалып, Сүйінбай өлең айтып Албанға барады:

Алпысқа жазбай келді текірегім,
Жасымда жүйрік аттай екілендім,
Өкпе болған тоқтыдай күркілдейді,
Болмайды бұрынғыдай көкірегім.
Құлқайырдай ағарды сақал-мұртым,
Өтіп кетті қадірлес елі-жұртым,
Алаштың алты ұлына мәлім болған
Балқытқан хан, қараны қайран тілім,
Жетпістің үшеуіне келгеніңде,

Тарғыл тартып кетті ме қайран үнім.
Құдайдың құдіретіне қайран қалдым,
Жанымды қу мал үшін отқа салдым,
Қоян келіп малымды шайқаған соң,
Салбырап қартайғанда албан бардым.
Баласы Қожамқұлдың Мақсұтбегім,
Қара үзген хан, қарадан қара көгім,
Біздерге артық қызмет қылмақ болсаң,
Бөрте атын бала қараш алып бергін, –

деп үзақ айтқан өлеңі бар, бұл өлеңді бізге айтқан «Қызыл әскер» колхозындағы бір қарт Бейсембай Сейітұлы деген кісі.

1944 жылы тамыздың 12-сі күні Жамбылдың өз үйіне келіп отырғанда сөзден сөз шығып, сонда Жамбыл өзі:

«Бесмойнақ түбінде, Қалабай ақынға Дулат ие болып, маған Шапырашты ие болып айтыстырмақ болды. Мен айтысайын деп ыңғайлапып барғанымда:

Сүйінбай – сенің де ағаң, менің де ағам,
Ол қисайса, жыртылар сенің жағаң.
Сүйінбай жүген ұстап, жаяу қаңғырып барғанында,
Алпыс жылқы айдатқан менің ағам, –

дегенде, мен Қалабаймен айтыспаймын, жолын беріңдер. Сүйекемді аузына ала, алдына сала сөйледі. Және жұтап қалғанда Сүйінбайдың Албанға барғаны да рас еді. Мына кәпір өткел бермес, бетіме салық қылар деп тоқтадым», – деп өзі айтты. «Қалабай ондай ірі ақын емес еді. Бірақ Сүйекемді аузына алған соң мен қоя қойдым» деп тағы қайталады.

«Саркемер тобы үлкен болуы керек, Баран деген ұлық келіп, Сұраншының ауылында шатыр тігіп жатты. Мен де сол шатырда едім.

Бір уақытта: «Сүйінбайды алып жүр, екі өлеңші келді, – деді.

Байқасам, Жалайыр Жантай ақын екен. Екі ұртына екі қамысты тығып, қобыз тартып, осы үшеуіне үнін қосып айтады екен өлеңді. Үшеуінің үні бір жерден шығады және өзінің де даусы тіпті зор кісі екен, үнінен шошып кеттім. Шатырда қашып жатып алып едім, Сұраншы ақырған соң амалсыз бардым.

Көзімізді қарасаң көрер емес,
Көздің құнын мына көп берер емес,
Өленді қосып айт бірдемеге,
Бақырғаның, Сүйінбай, өлең емес, –

деп үнімен тұншықтырып әкетті. Қарасайлап құлағымды бұрап айтысып, Жантайды әрең тоқтаттым. Мен Жантайдай өнерлі ақын көргенім жоқ, – дер еді Сүйекем», – деп Жамбыл осыны аузынан айтты 1944 жылы 12 тамыз күні.

Міне, Жамбыл ақынның аса сыйлаған, өзіне ұстаз еткен ақыны Сүйінбай ақын. Сүйінбайдың біздің қолымызға түскен азды-көпті өлеңі де және өмірбаяны да осы. Жамбыл Сүйінбай қасына көп ерген. Және аталы жырларын өз аузынан жаттап, өзіне үлгі еткен.

Біз жоғарыда айтып өттік, ел аузынан жинаған Сүйінбайдың өлең, жырында айтысу бар, онан соң алу үшін мақтау, қорқытып та айту бар. Өзіне пір тұтып ұнаған ұстаз, үнемі өленді алу үшін жырлаған Сүйінбай болған соң және Ұлы жүздің оның ішінде Жетісудің қай ақынын алса да, Құлмамбет, Майкөт, Майлықожалар – бәрі де өлең айтып алудан басқаны жырламаған. Міне, осы үлкен ақындардың үлгісімен алғашқыда Жамбыл да жарапазан, жар-жар және алу үшін айтысудан бастаған.

Жамбылдың Сүйінбайды алғашқы көруі әртүрлі айтылады. Мысалы, 1937 жылы шыққан жинағында Жамбыл Сүйінбайдың үйіне келіп, жарапазан айтып бір лақ алыпты. Сонда Сүйінбай: «Өленді тәуір айтады екен деп, өзіне батасын беріпті» деп жазады. 1940 жылы шыққан жинақтағы қысқаша өмір тарихында Сүйінбайға он бес жасында кездесті, содан былай Сүйінбай тәрбиесінде болды деп жазады (Есмағамбет).

Сүйінбай мен Жамбылдың аталары Екейдің баласы Жарымбеттен тарайды. Жарымбет – Екей баласы. Жарымбет төрт қатын алыпты. Үлкен қатыннан – Ақтөбет, Бертіс; екінші қатыннан – Қоси; үшінші қатыннан – Әлти, төртінші қатыннан – Баянай.

Ақтөбет, Бертіс кейіннен бәйбіше баласы атанған. Жамбыл Бертіс тұқымынан, Жарымбеттің ең өскен қалың тұқымы – осы бәйбіше баласы. Ал ана үш қатынның балалары аса өсімді болмай, аз болып, бұлар бірін-бірі жан тартып біріңғай болыпты. Сонан олар «үш тоқал» атанады деп жоғарыда айттық.

Үш тоқал болыс болды айтпай, шашпай,
Қисыбай, іс істедің ебін таппай.
Кертібай үш тоқалға еріп кетті,
Адасқан ай жарықта ақбоз аттай, –

деген Жамбылдың өлеңі бар. Жамбылдың осы өлеңіндегі осы үш тоқалдың Әлти руынан шығады Сүйінбай.

Жоғарыда айтылған Екей бытырауының өзін де Әлтидің Бәйлі деген жігітінің кісі өлтіруінен болғанын айттық. Ал Екей қайта жиналғанда, Әлти тұқымының шеттегі ағайындарына хабарлап шақыруға, барып көшіріп әкелуге Сарыбай көп күш жұмсайды. Шудан бергі Жетісу атырабы анықтап орысқа бағынып, ел орныгып қоныс тепкен кезде, Сарыбай Екейді тегіс шақырады. Әрқайсысына кісі жібереді. Бұл кезде Жамбылдың әкесі Жапасына кісі жібереді. Бұл кезде Жамбылдың әкесі Жапа ағайындарымен Жаныс елінің қадірлі адамы Әшкей ханның аулының қасында болғанын айтқамыз және Жапа оның інісі Жадыра екеуі де жортарман батыр, мықты жігіттер болғанын біз осы әңгіменің ішінде айтқамыз. Сол батырлығының арқасында Әшкейге өте қадірлі болып, оларды Әшкей жібермейді.

Әшкейдің қасынан Ыстыбай ауылын яки Жамбылдың әкелерін қадірлеп Жапа, Жадыраларды барып көшіріп қайтуға Сүйінбай барады. Бұл кезде Сүйінбайдың ақындық аты шығып, қадірлі кісінің қатарына қосылып, Екейдің бас көтерер адамы Сарыбаймен тізе қосқан кезі болады.

Жамбыл Сүйінбайды осы барғанда көреді. Бірақ онда жас, аса еш нәрсе пайымдамайды. Сөйткенмен, өз үйінде айтқан өлеңін өз аузынан тыңдайды. Екей алғашқы бас қосқанда Қарарша, Бесмойнақ деген жерге жиналады. Ол осы күнгі Жамбыл аулынан алыс, жетпіс километрдей жер. Қазірде онда «Жангелді» колхозы бар. Оның себебі Екейдің сол кездегі аса бір дәулетті байлары Тағаш, Дүйсен деген кісілер Саурық қасында сол Бесмойнақта екен. Тозғындап, кедейленіп келген ел сол байды ортаға алып ұйытқы еткен.

Жамбылдың әкесі Жапа, Жадыра да басында осы жерге келіп, сонан Қарғалы бойына Майбұлаққа кеп қонады.

Жамбылдың Сүйінбай үйіне қалай кездесіп, жарапазан айтып танысқанын айрықша айтқандықтан, бұл жерде оған тоқталмаймыз. Жоғарыда жазылған Сүйінбай жайын бұрын анықталмаған, бірде олай, бірде айтылып жүрген таластау нәрсе болғандықтан, Жамбыл-

дың пір тұтқан ақынын қолға түскен дәлелдермен қысқаша таныстырып отырамыз.

Сүйінбай алғашқы кезде кедей болғанмен, үйірлеп айдап алып, ақындықпен қатты байыпты. Байлығының бір дәлелі Сүйінбайдың өзі тірі күнінде Малыбай деген баласы болыстыққа таласып, көп мал шашқан. Жамбылдың Қисыбаймен өкпелесіп бүлінетіні осы сайлау. Сүйінбай сол сайлаудың кезінде Мырзабек Кәшкенің ең жуан аталы жері, Саурық батырдың баласы Сыпатаймен құда болған. Сүйінбай басқа ақындардай қара қазан сараң емес, өте мырза болыпты. Бұл жөнінде Сүйінбайға бала есебінде болып, өзін көріп, үйінде болған Ыбырайым Байсімбет баласы өте жақсы айтады. Сүйінбай Ыбырайымның 12 жасар күнінде 1899 жылы өлген.

Міне, Жамбылдың ұстазы Сүйінбай жөніндегі қысқаша мәліметтер.

ЖАМБЫЛДЫҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ БІР АЙТЫСЫ

Жамбылдың ұсақ-түйек өлендерінен бөлек алғашқы ауызға ілінген жері – Сайқал деген қызбен айтысқаны. Бұл қызбен Жамбыл Талас бойында кездеседі. Сайқалдың атын естіп, Жамбыл бір тойда әдейі іздеп барады. Жамбылдың сол елге келіп өзімен кездесуге ізденіп жүргенін біліп, қыз да әзірленеді.

Қыз отырған үйге Жамбыл баса-көктеп кіріп келеді, қыз Жамбыл екенін біліп, жалаң аяқ көк сауыр кебістің басын іліп отыр екен, көсілген аяғын жимай өлеңдетіп қоя беріпті.

Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,
Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік,
Жиылған ақсақал мен бозбалалар,
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік? –

депті.

Жамбыл отыра беріп:

Арқаның жардай болар сары нары,
Кетпейді Алатаудың жазда қары.
Істікке шанышқан сирақтай құп-құ қылмай,
Қуартпай табаныңды тартсаңшы әрі, –

дейді. Екеуі көп айтысады. Аяғында қыз дарақы әдепсіз өлеңге барады. Одан Жамбыл да аянбайды. Бір кезекте қыз:

Ей, Жамбыл, көйлегім көк, дамбалым көк,
Кел дағы, жақсы көрсең, к....ді өп.
Өп дегенге бұл Жамбыл өліп кетті,
Анық өпсін, қарап тұр, жиылған көп, –

депті.

Сонда Жамбыл:

Ей, Сайқал, көйлегің көк, дамбалың көк,
Ұяты жоқ қыз сөзі келеді тік.
Бұрын өпсе к....ді ағаң өпсін,
Бір жырыққа бір жырық келеді дөп, –

дейді.

Өйткені қыздың ағасы жырық екен. Қыздың ағасы ашуланып, жанжал шығарады. Қыз сөз айта алмай бөгеліп қалады. Қыз жеңіліп, Жамбыл жол алады. Жамбылдың атағы елге жайылып кетеді. Бұл айтысты ел жаттап әкетеді.

Мұны айтқан Аманқұл Жолдыбай баласы – Амангелді колхозында, қазірде жасы алпысқа келіп қалған адам. Бұл кісі: «Шубай деген кісінің айтқанынан ұқтым, Шубай ойынан өлең шығаратын адам еді», – дейді.

ЖАМБЫЛ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ БІР КӨТЕРІЛГЕН БЕЛЕСІ

Жамбылдың бұдан кейін атын көтеріп кеткен Сарыбай асындағы жыр болды. Сарыбайға ас бергенде Жамбыл отыздың ішіне кіріп қалған кезі екен (Өмірзақ айтуынан).

Жамбыл әрі ағайын, әрі көтермеші жыршы жігіт ретінде Сарыбайдың інісі Саржанның қасында болады.

Саржан келген елдің көңіл айтуына белгілі боламын деп, қояндай боз аттың жал-құйрығын қызыл бояумен боятып мініпті. Қасында Жамбыл да ақбоз ат мініп жырлапты:

– Үлкенсаздың басында
Кішісаздың қасында,
Сарекемнің асында,
Қамбардың қара қасқа атындай,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,
Сел аударған дөңбектей,
Келді сөйлер кезіме,
Үлкен аға, кіші іні,
Сөйлеп бір енді берейін,
Қос жүйрікті айтайын,
Шапқан сайын үдеген,
Қос сұңқарды айтайын,
Алыстан тоят тілеген, –

деп Сарыбайды жоқтап жырлаған. Бұлай жоқтау қырғызбен көршілес Ұлы жүз елінде әдет болған. Ас берген адамның жанкүйер жақынының қасында отырып, қаралы үйде отырып келгенге ас берген кісіні жырлап таныстыру. Сүйінбайдың Орманның асында қаралы үйде отырып жоқтағаны, Өмірзақтың Шабданның асында атқа мініп келген елге алдынан шығып жырлағаны сияқты Жамбыл да Сарыбайды Саржанның қасына еріп жоқтайды. Бірақ бұл өлеңнің бәрі сақталмаған. Мына жоғарыдағы кішкене үзіндіні бізге айтқан – «Қызыл әскер» колхозындағы Бейсімбай Сейітұлы.

Жамбылдың ел алдында бір көрінген жері осы болады. Сарыбайдың осы асына Ұлы жүз, қырғыз тегіс шақырылған. Мүмкін, іргелес Садыр, Матай, Қаракерей де шақырылған болар. Бұл асқа Мерке бойынан Ысты руынан шыққан атақты Майкөт ақын келеді. Бұл аста Сүйінбай ақын да бар. Бірақ Сүйінбай ас иесі Сарыбайдың жанкүйері болып, астың үлкен жырын айтуды Жетісу бойындағы Шапырашты, Дулат болып Майкөтке байлайды. Майкөт ұзақ жыр айтады. Бұл жырда Жетісудағы Дулат, Шапыраштының сол күндегі елеулі адамдарының бәрін атап, амандасады. Осы ұзақ жырды дәмелі ақындардың бәрі жаттап әкетеді. Соны жаттаушының бірі Жамбыл. Өмірзақ ақын (Жамбылдың замандасы): «Осы жырды Жамбылдан жақсы айтатын кісі жоқ еді», – дейді.

Майкөт осы аста орасан үлкен олжа алады. Оның үстіне әрі жырына разы болған, әрі түбі бірге бәрібір Бәйдібектің баласы, бір жылдың аса жібермей басына үй көтеріп, алдына мал салып, аса құрметтейді. Майкөт осы елде тұрған уақытта Жамбыл Майкөттен көп үлгі алады. Майкөттің айтуынан Шора батырдың жырын ұғып айтады. Бірақ кейіннен Шораны айтушылар көбейген соң, Жамбыл оны айтпай тастап кетеді. Сол сияқты айтпай кеткен жырлары көп шығар.

Осының артынан Жамбыл басынан тағы бір ірі оқиға кездеседі. Бұрымды қайтарып беріп, өзінің айттырып қойған қалыңдығы Момынды алып, бір-екілі балалы да болып қалады. Бірақ Жамбыл тәуір ісімге көз салып, көңіл аударуын қоймай жүреді. Сүйінбай ақын ерте жас кезінде Кескенкекіл деген бір қызбен көп айтысып, сонан дос болып кетіпті. Кескенкекілдің шешесін Сүйінбай ене есебінде қадірлеп, үнемі барып амандасып қайтады екен. Бірде қыс ішінде Жолбарысты деген жерде отырғанда, Сүйінбай Кескенкекілдің шешесіне амандаса барады, қасына Жамбыл еріп барады. Осы жолы Жамбыл Аманжол қызы (аты белгісіз – ред.) деген сұлу келіншекпен танысады. Келіншек Айқым деген елдің қызы, барған жері Шыбыл деген ел болады. Келіншек күйеуін менсінбейді екен. Жамбылмен сөз байлайды, ел жайлауға бара алып қашпақ болады.

Жаз шығып Құмның, Қопаның бойын қыстаған ел көтеріле жайлауға қарай көшкенде, Шыбыл руы да жайлауға көшеді. Осы күнгі «Каганович», «Куйбышев» колхоздары отырған Төңірек, Құршын деген жерге Шыбыл руы қонады. Сол жерден кісі жіберіп, келіншектен хабар алып, Жамбыл келіншекті алып қашпақшы болады. Бірақ бұл жолы Жамбыл көрініп бара алмайды, келіншекпен кездесе алмай, ақырында іңір арасында алып қашады.

Осы күнгі Жамбыл колхозының жоғарғы тау жағында су диірмен бар, сол жерде бұрын қалың ағаш бар екен. Сол арада отыратын Алпысбай дегеннің үйіне апарып тығады. Келіншек жоғалып табылмай, бүкіл Айқым Шыбыл болып іздейді. Жамбылдан көруге ол үйінде. Бірақ сезікті кісі Жамбыл болады. Жамбыл күндіз үйінде болып, кешке жоңышқа суарамын деп кетіп, Алпысбай үйіне барып келіншекпен жолығады екен, соны ауылының кісілері сезіп қалып, артынан түнде аңдып ұстайды. Ол кездегі Садыбек ауылынан (бұл Жамбыл ауылдарының атасы) атқа мінер ие кісісі Күртібай және Айдапкел бар, Жамбылды келіншектен айырып Шыбылға қайтармақшы болады. Оған Жамбыл көнбей, сөздің арты Сүйінбайға соғатын

болады. Сонан Сүйінбай кірісіп Жамбылды әрең көндіріп, келіншекті қайтарады. Жамбылға бұл өте орасан соққы болады. Бұл Жамбылдың 35–36 жасының кезі болады.

Жамбылдың өзінен 13/VIII күні 44 ж. сөз қозғап, осы әңгімені сұрағанда, өз үйінде «Аманжол қараның қызын айтасыңдар ма, ол аппақ сүттей еді, адамның аққуы еді ғой», – деді.

ЖАМБЫЛДЫҢ ӘКЕСІ ЖАПАДАН, АҒАСЫ ТӘЙТІДЕН АЙЫРЫЛҒАН КЕЗІ

Жамбылдың жасы 50-дің ішіне кіріп, егде тартып келген кезде 87 жасында әкесі Жапа қайтыс болады. Онда орташарақ дәулеті бар Жапаның балалары әкені жөнелтіп, Жапа қайтыс болғанның артынан екі жылдан соң Жамбылдың ағасы Тәйті Меккеге кетеді. Тәйті Меккеге жүрместен бұрын Жапаға ас береді.

Еншісі бөлек Тәйті әрі Меккеге барамын деп жиналып жүрген кезі болады да, асқа көп мал шығармайды. Қолындағы малын Жамбыл да көп ұстамайды, ас онша үлкен болмай, тек ауыл арасынды болып өтеді.

– Сойғаның Жәпекеме жауыр сары,
Ас берді деп жиналды елдің бәрі.
Асқа келген кісіге ет жетпей қап,
Жамеке, төгілді ғой беттің ары.
Жәпекеме сойғаның соқыр сары ат,
Сәдібегің жеп қойды иттей талап.
Биыл құлын ер жетіп ат болғанша,
Кеткеніміз осы ғой соған қарап.
Жасыңнан-ақ атандың ақын Жамбыл,
Бұл күнде атың шығып болдың даңғыл.
Тірнектеп жиған малыңнан Жәпекеме,
Бір дүбір қылмадың ғой тәңір алғыр, –

деп Қисыбай Жамбылға жанына тие өлең айтқаны осы аста.

Меккеге біреу барса, Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаң, шығындарсың.

Кебінін өлгендердің жиып алып,
Барғанда қияметке шырылдарсың, –

деген олең бүкіл ел аузына жайылып кетеді. Шыбыл руына бедері кетпейтін таңба тәрізді болып басылады.

Біз жоғарыда айттық, Жамбылдың бір алып қашқан келіншегі Шыбыл руының жесірі екен деп, сол келіншекті қайтып алған, оның үстіне жолында қаза болған мына ағасының ақшасы мен киімін бермеуі Жамбылдың Шыбыл руына ащы өлеңдер айтуына себеп болған көрінеді.

Осы Шыбыл руының Кеңшат деген бір байы әрі болыс, өте сараң кісі екен. Жамбыл бірнеше жерде өлең айтып, Кеңшат мәз өнімді ешнәрсе бере қоймапты. Ұзынағашта елдің бір бас қосқан тобына Жамбыл келсе, Кеңшат та келіп тұр екен, сонда Жамбыл Кеңшаттың қасындағы бірсыпыра адамдарға өлең айтып жырлап келіп:

Төрт асылдың баласы төрт құлақты кемедей,
Арасында Шыбыл жүр өрт сөндірген немедей, –

деп, Шыбыл руының әрі аз, әрі қоныс ала алмай кіштімтайлы болып қалғанын айтып Кеңшатты жерлейді. Кеңшат Жамбылдың өлеңінен қорқып, сол жерде бір аттың ақшасын беріпті дейді.

Сарыбайдың баласы Қисыбай болыс болып тұрғанда, Шыбыл руынан орысша оқыған Иса Тергеусіз баласы тілмаш болады.

Қисыбай Жамбылмен өте жақын болған. Жиын болғанда, ел аралағанда Қисыбай Жамбылдың қасына көп еріпті. Бірде Жамбыл Қисыбай үйіне келіп отырғанда, Екейдің біреуі тілмаштан бас белет (паспорт) сұрапты. Онан бұрын да осы тілмаштың ел арасынан пара алғанын Жамбыл естіп жүреді екен.

Осының артынан Жамбылдың ағасы Тәйті Меккеге баруға қамданады, Жамбылмен ақылдасып жол қаражатқа салмақ салады. Жамбыл қолындағы малынан сатып ақша беруге қимай, қырғыз асып кетеді. Сонда барып өлең айтады. Сол жылы қырғыздың арғы алыс шеті (қазіргі Қарақол уезі) Қошқарға дейін кетіп қалады. Бұл уақытта қажылардың жүретін кезі таянады. Тәйті асығады, Жамбылды іздетіп кісі шаптырады. Жамбыл осы жолы қырғыздың көп елін аралап мейлінше танысады. Қырғыз еліне де аты шығып, абыройы асады. Әсіресе Жамбылдың айтуынан Сүйінбайдың Тезекке

барған жерін өте қызықтап көп айтқызыпты қырғыздар. Онан соңғы қырғызға өте қызықты болған Сүйінбай мен Қатаған айтысы екен. «Менің өз ақындығымды қойшы, қырғызға мені таныстырған осы Сүйінбай өлеңдері ғой», – дейді екен Жамбыл өзі (Өмірзақ айтуынан).

Тәйті Меккеге барған жерде өледі. Тәйтінің баласы Сәтіш 7 жасында мал-мүлкімен Жамбылға қарап қалады. Тәйтінің ақшасын, киімін өзімен бірге барған Сауырбай деген қажы ие болып алып, бірақ мұнда қайтып келген соң Жамбылға бермейді. Меккеге барған қажылар бір ғана Шапырашты руынан емес, Дулат, Үйсін руларынан болады. Солардан барып сұрап, ағасының ақшасы мен киімін Сауырбай алғанын біліп, Жамбыл даулайды.

Сауырбай Шыбыл руынан барған қажы екен. Қажымызды ұры деді деп Шыбыл руы қызып, бұл көп сөз болады. Бірақ басқа қажылар мойнына қойып, Сауырбайдан атасының киімін, ақшасын өндіріп алады.

Болысқа жолдас болды песір деген,
Жігітке қарамайды кесір деген.
Екейді қаңғып келіп Шыбыл жеді,
Құдайдың уақыты шығар жесін деген, –

деп сықақтайды.

Бұл әңгімелерді айтқан – қызыл әскер колхоздың мүшелері Тұрсымбек, Жаңаоспан деген ақсақалдары.

Жамбылдың бұл өлеңдері әрине, бір уақытта ғана айтылмаған. Мүмкін, біреуі жасырақ кезінде, біреуі ұлғайыңқыраған кезде болуы.

Жамбылдың Шапырашты, Дулат табынан түсіп тағы бір көзге көрінгені былай: Тайторы руынан шыққан Сәке деген кісі өте қадірлі адам болады. Сәкенің өзі болыс болып, бұрын бытырап кеткен аз ата Тайторының басын қосып, Жиренғайыр өзеніне әкеліп орналастырыпты. Тегінде, ол жер өздерінің ата қонысы екен. Ескожа руынан шыққан Мырзабек, Кәшке сияқты жуандар өздеріне зорлық істеп қоныстарын алып қояды. Сол қонысты Сәке айтысып жүріп алады.

Сол Сәкенің ағасы Садырбек деген кісі өліп, соған ас береді, қонақ алады, даяшы болып қызмет істейді.

Осы аста Жамбыл Сәкеннің қасына еріп Садырбекті жоқтап жыршылық етеді. Асқа қырғыз Шәбден, дүнгеннен Бұлар батыр келіпті. Қасына қару-жарағы бар он жасауыл ертіп, әнші, жыршымен келіпті.

– Садырбекке ат шапты,
Суықтөбе баурында.
Қырғыз, қазақ бас қосты
Сәке болыс аулында.
Қатарлап үйді тіктіріп,
Қамбалап қазан қайнаттың...
Желілеп бие байлаттың..
Сауын айтып ас беріп,
Ақындарды сайраттың.
Атаңа зорлық көрсеткен
Мырзабек пен Кәшкенің
Басына таяқ ойнаттың, –

деп жырлаған Жамбыл осы аста. Бұл жырды бізге айтқан – Мұстафа Дөненұлы деген кісі. Ол қазір Қоғамшыл колхозында, жасы 1944 жылы 56-да. «Бұл аста мен 13–14 шамасында едім», – дейді. Бұл аста Жамбылдан басқа да көп ақын болды, бірақ Жамбылды Сәке өте қадірлеп өз қасында ұстайды. Және алыстан келетін сый кісілердің алдынан Жамбыл барып, жыр айтып әкеліп түсіріп отырды дейді.

Бұл асқа аса бөлек салтанатпен келген кісі Сәкенің Райым деген інісінің Ырғайты еліне (бұл Дулат елі бұрын Пішпекке қараған ел) ұзатқан Гүлшаш деген қызы болыпты. Қыздың барған жері де аса бай жер болса керек. Күйеуі Ұрақ Ноғайбай баласы деген өте сері жігіт екен. Асқа келгенде Гүлшаш қасына екі қыз ертіп, 8 жігіт ертіп, өзге елден бөлек келген.

Екі қыз бен Гүлшаш үшеуі көмірдей үш қара көк арғымақ мініп келген. Ал сегіз жігіт бір түсті ылғи ала аяқ қара ат мініп келген. Сегіз жігіттің басына кигендері сары мақпалмен тыстаған қара бұйра бөрік, үстеріне қара мақпалдан бешпент киген.

Гүлшаш өзі басына шеттігін маржанмен желбіршектеген ақ күндік салып, шашының ұшына ылғи ақ меруерт тізіп, сексен тал ғып өріп, үлде мен бүлде киіп және бастарына қол шатыр ұстап кепті.

Гүлшаштың алдынан түстік жерден шығып жыр айтып алып келген. Оған да барып жыр айтқан Жамбыл болған.

Жамбылдың осы аста айтқан жыры ел аузында жатталып, әсіресе Тайторы сияқты аз ел Мырзабек, Кәшкелерден теңдік алдық деген жерге өте арқаланып және Гүлшаштың сәнді келісін келістіріп айтуы елге ұнайды. Ас сегіз күнге созылыпты. Екі күндей балуан

күресі болып қырғыз, қазақ болып күресіп, бас палуан сол Тайторы руының өзінен шыққан Дарыбай Шымырбай баласы шығып, сайысқа қырғыздан Тістеуік Сайысшы қазақтан тағы Тайторының өзінен Оразалы деген шығып, о да Тістеуікті түсіріпті.

Қасқарау руынан келген атақты Ноғайбайдың күрең аты бас бәйгені алыпты. Бар бәйгені ас берген рудың өздері алғанына Тайторы руы аса ырым етіп қуанса керек.

Сонда жасы 80-ге келіп қалған Салтанат деген бәйбіше (Қоржымбай деген кісінің әйелі):

Телекең мен Жүзекең
Сәкеге жақын ақылды.
Сол үшеуің бір тұрсаң,
Ит қаппайды тақымды, –

депті.

Бұл Салтанат айтқан сөз де күні бүгін мәтел болып қалыпты. Өстіп тату тұрсаңдар, бар бәйге өзіңдікі болады дегені болса керек. Салтанат жөнінде ел аузында көп әңгіме бар көрінеді, біз көп кездестірмедік. Осы Салтанат айтқан көңілі мынау екен:

– Аққу ұшып көлге кетті,
Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті.
Балаңызға батыр Сәке, қайғырма,
Бәріміз баратұғын жөнге кетті.
Қайың едің, қайыспа,
Болат едің, майыспа.
Арғымақ болдың ардақты,
Тай, құнанмен енді жарыспа!, –

депті. Бұл сөз аста үлгілі сөз болып, Сәкеге ел Салтанат бәйбіше айтқандай деп тоқтау айтыпты, мен де сондықтан қосып отырмын. Әйтпесе Жамбыл тарихына басқа байланысы аз.

Ел аузынан көбінесе сақталып қалатын сөз осы сияқты жиында айтылған сөз ғой. Жамбылдың ауызға ілінген бір кезеңі осы ас сияқты. Бұл ас Жамбылдың 40 жас шамасына жаңа келген кезі көрінеді. Жамбыл осы аста бір ғана өзі тұстас ақындарды ғана емес, Салтанат сияқты аузы орамды, сөзін тақпақпен ел көкейіне қондыра айтатын ақ шашты шешен бәйбішені көрген, оны да өзіне үлгі еткен.

ҚҰЛМАМБЕТПЕН АЙТЫСЫ

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы – Жамбыл өміріндегі үлкен белеске шыққан аса үлкен өзгеріс. Жамбылдың ақын атын аспандатқан осы айтыс болады. Өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген, аса ауызды ақын болған.

Құлмамбеттің аты алысқа кетіп, абыройы көтерілуі де Тезек төренің көтермелеуінен болған. Құлмамбет жас шамасына келгенде Сүйінбайдан кіші, Жамбылдан үлкен көрінеді. Ол кездегі Жетісу бойынан қолына домбыра алып өлеңге, әнге талап қылған ақын Тезек алдын көрмей, оның тезінен өтпей кетпеген.

Құлмамбет – Албан елінен шыққан ақын. Бірақ өзі Құлан, Аян деген аз атаның баласы болады.

Құлмамбет менің атым – Құлан, Аян,
Екенім менің Құлан тәңірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян, –

деп бастап, өлеңді кеңінен бастап, сөзін салмақтап айтатын жері кең, аса толғаулы ақын болған. Жамбыл өлеңнің ішінде Құлмамбетті «сен арғынсың қаңғып келген, ыза болсам, Албанымнан қуып жіберем» дейтіні де сол. Құлмамбеттің арғы аталары Уақ екен. Бір себептен ертеде көшіп келіп, Албан ішіне сіңіпті.

Құлмамбетті Тезек қолына ұстады, сол атын шығарды дейтініме дәлел. Найманнан шыққан атақты Түбек ақын сексен жастардың шамасына келгенде Тезек төреге өлең айтамын деп шығады. Ел ортасына аты жайылған Түбектің келе жатқанын Тезек естиді. Сол кезде Құлмамбет Тезек үйінде екен. Тағы бір басқа ақыны да болады.

Тезек – сөзбен қармасқан ақындықты аса қадірлейтін адам, үйіндегі екі ақынға: «Түбек келіп қалса, не деп жауап айтасыңдар. Оның ақсайтын сырын, елінің жайын білесіңдер ме, ақын адам өзіне кездесетін ақынның мән-жайын, сырын теріп жүрмей ме екен», – деп, өзі өлең айтып отырады. Сонда Түбек байқаусыз келіп қалып, айтыс басталып, Құлмамбет айтысып, онан Тезектің өзі де қосылып кетіп, үлкен айтыс болады.

Бұл айтысты Оспан ақын, бұл Таран колхозындағы Есдәулет ақын екеуі де айтады. Бұған қарағанда, Құлмамбет – Тезектің қолына ұстап айтысқа салып, арнасын ұлғайтқан ақынның бірі.

Әрі Тезек қолына ұстап шашбауын көтерген, әрі Түбек сияқты үш жүздің баласына аты жайылған ірі ақындармен шеңгелдесіп өріс алған Құлмамбет Жамбылға да, басқа ақындарға да маңайын бастырмайтын дүр болып көрінеді. Ел арасындағы бірнеше ақындармен айқасып және Сүйінбай айтысы, Бақтыбай айтысы, Қатаған айтысы сияқты үлкен айтыстарды өзіне сабақ еткен Жамбыл Құлмамбетпен бір кездессем деп жүреді. Жамбыл Құлмамбетті ертеден біледі, онымен бірнеше аста, тойда қатар өлең айтады. Сарыбай осында бірге болады. Бірақ айтысып өріс көріспейді. Қалайда бір айтысып көрсем деп ізденіп те жүреді. Осы кезде Жетісу болысы бас қосқан үлкен жиылыс болады. Жиылыс Іле көпірінде өтеді. Бұл жер (көпір аузы десіп келеді) осы күнгі Іле станциясы тұрған жерден аз жоғары, сол жерге үй тігіледі. Алматы, Қапал уездері келеді, екі уездің болыстары, атқа мінерлері келеді. Бұл топта Тезек болмайды, ол өлген кез көрінеді. Топқа ақындар жиылып, айтыс болады. Құлмамбет бірнеше ақынды сөзбен буып сөйлетпей тастайды. Айтысты тілмаш арқылы түсініп отырған уез Құлмамбетті көтермелеп, сыйлық береді. Енді мұнымен айтысар кім бар деп іздегенде, Ескожаның болысы (Шапырашты) Құттық Сейіттің Құдайбергені: «Таздан басқа ақын құрып па, Сүйінбайдың інісі Жамбыл бар» – дейді.

Құдайберген омырау тентек, бетті адам болған. Әкел деп Жамбылды іздетеді. Жамбыл Құлмамбеттің бетінен әрі он шақты ақынды жеңіп тастаған екпінінен қорғанып, қашқақтап жүреді. Құдайбергеннің жіберген кісісі Жамбылды тауып алып келеді. Жамбыл сыртта кіре қоймай тұрғанда:

– Қара күңнің баласы Ысты бақыр,
Кім өлсе, соған туар заман ақыр,
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса, ол неме қайда жатыр?
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса, қайда жүр ол немесі,
Көрелік, оны неге ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа.
Жамбылды болар ма екен алдыруға.
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға, –

деп, содан кейін:

– Болғанда мен ақсұңқар, сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық,
Сүйінбайың күркілдеп үйде жатыр,
Басқаңды қою керек жылы жауып, –

деп лепіріп отырған Құлмамбеттің серпінінен жүрексініп тұрғанда, үйде отырып Құдайберген ақырыпты: «Қарасайдың аруағынан сада-ға кеткір, не ғып бұғып жүр?» – деп.

– Осы сөз сүйегімнен өтіп кетті және Қарасайды айтқанда не болғанымды білмеймін, домбырамды алып Құлмамбеттің алдына келіп қарама-қарсы отыра қалдым, – дейді екен Жамбыл (Үмбетәліұлының айтуынан). Жамбылдың бұл айтысын Үмбетәліден жақсы білетін де, айтатын да кісі жоқ.

Айтыс аса қызу болады. Өзімшіл, өр көкірек Құдайберген Құлмамбеттің Шапыраштыны азырқана, кеміте сөйлегеніне терісіне сыймай ыза болып отырады. Жамбылға кезек келіп Шапыраштыны мақтап кеп бергенде, Құдайберген: «Сені тапқан шешеңнен айналайын!» – депті.

Бірнеше рет кезек айтысып Құлмамбетке кезек келгенде, Құлмамбеттің домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбыраның ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде тұрған 300 сомды жұлып алып қалтасына салып: «Сен домбыраңның ішегін жалғағанша, біздің Жамбыл отыра ма, біздің Жамбыл жеңді», – деп кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Албан адамдары Жетісу ортасында Құдайбергенге күш істей алмай, Жамбыл жеңді лақап болып, Құлмамбет қалып қояды.

Мұны Жамбыл өз аузынан осылай айтады: «Шынында, Құлмамбеттен ақындығым асқан жоқ. Ол аса ірі ақын еді. Менің абыройымды көтерген Құттық Сейіттің Құдайбергенінің тентектігі ғой», – дейді екен Жамбыл (Үмбетәлі айтуынан). Осы топта Жамбыл атағы аспанға ұшқандай болады. Он шақты ақынды бет қаратпай қойған Құлмамбетті Жамбыл жеңді деген сөз бүкіл Жетісуға тарайды. Бұл айтысты ел сол жерден бастап жаттап әкетеді. Мұны Үмбетәлі Жамбылдың өз айтуынан жаттаған.

Бұл айтыс Іле көпірінде, шамасы, 1896 жылдары өткен. Өйткені бұл айтыста Сүйінбай тірі, бірақ ауру, үйінде, жиынға бара алмап-

ты. Сүйінбайдың тірі екеніне Құлмамбеттің өз сөзі де дәлел. «Сүйінбай сонда ауру еді. Келер жылы өлді», – дейді Ыбырайым. Сүйінбай 1898 жылы өлген.

Жиын тарап, әркім өз еліне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбетпен Жамбыл бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі аруағы да ерте көтерілген Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достасады. Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады.

Екеуі айрыларда Құлмамбет Жамбылға: «Сен қырғыз еліне таныс көрінесің, мен Шабданның алдына барып бір өлең айтайын деп едім, осыған мені бастап апар», – дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Бірақ Құлмамбет еліне барып қайта келмек болады. Жамбыл кетеді. Сол жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғызға баруға шығады.

«Құлмамбет апиын жейтін кісі екен, жолда атқа жүре алмай: «Жамбылжан, менің белімді шылбырыммен қатты буып бер!» – деп тартқызады. «Ұзын иір қара кісі еді, ішін шылбырымен тартқанымда, қолым қарысып қалды. Сонда да «қатты тарта алмадың-ау» – деді Құлмамбет. Апиын деген адамның ішек-қарнын тартып, бауырын жаздырмайды екен, ел орынға отыра, Шабдан аулына әрең жеттік. Құлмамбеттің тамақ ішуге шамасы келмеді. Қонақ үйге барысымен белін шешіп, жатқызып қойдым. Бұл кім деп сұрағандарға Құлмамбет екенін айтпадым, маған ерген бір абышқа еді өзі ауырып келді деп қойдым. Өзім түнде Шабданның өз үйіне барып өлең айттым. Мен қайта келіп жатқанымда да Құлмамбет жөнді есін жиған жоқ екен. Таңертең тұрсақ, күн сәске болып қалыпты. Құлмамбет апиыннан айығып, әншейін құрағытып отыр. Біразда сізді манап шақырады деді бір қырғыз. Енді Құлмамбетті ертіп, екеуіміз келдік.

Біз келіп отырған соң Шабдан: «Жамбыл ботам, ат тоқытып жүргелі отырмын. Ташкенге асығыс баратын жұмысым болып қалды. Біздің есіктерді бір көргенің бұл емес. Бір қара қызыл бесті байлатып қойдым. Мына жолдан мақтанып қайтсам, тағы соғарсың», – деді. Осы кезде құрағытып отырған Құлмамбеттің қолына домбыраны ұстата бердім. Өліп отырған ақын:

– Тозады ел ағадан, тон жағадан,
Соғады арлан бөрі тау сағадан.
Ай өтіп, көрмегелі апта болды,

Жүрмісің батыр Шабдан, есен-аман?
Абданда өткен екен Қашаған хан,
Сергазы жетпіс екі жасаған хан.
Аз сөзбен амандаспай кетемін бе,
Алтынды аттаған соң босағаңнан.
Абданда өткен екен Абақ, Жайнақ,
Өтіпті Сайымбөлек сан жылқы айдап,
Бұл тапта мұсылманға патша бопсың,
Бір сапар келіп қалдым тамаша ойлап,
Баласы хан Жантайдың неше түтін,
Бар ма екен бұл жалғанда бауыры бүтін.
Қазақ, қырғыз баласын бірдей көрген,
Айналған Қазығұрттай жалғыз құтым.
Жарасқан ақ – қызылға, асан – тамға
Ақ дидарың түсіп тұр мұсылманға.
Бақыр менен ісіктей қиылғанда,
Қылышың бас кеседі ұшынғанда.
Қояннан елім жұтап қалғаннан соң,
Мен келдім амандаса Шабдан ханға, –

деді. «Ел көшкілік жерден іздеп келген екенсің, не мұқтажың бар еді?» депті Шабдан.

А, батыр, өзіңе айтар арымыз бар,
Айтатын арызымды тәрізім бар.
А, батыр, бек қысылып келгеннен соң,
Шала қазақ Әпсәмбетке беретұғын
300 сом қарызым бар.
Атасы Әпсәмбеттің Әлім еді,
Ақшасын суға берген залым еді.
А, батыр, бек қысылып келгендігім,
Кешегі ер басқан Баттал қазы,
Төреге мәлім еді, –

деп өлеңді кесек-кесегімен томарылта төккен ауызды ақынның сөзі Шабданның көкейіне қонып: «Жамбыл, ботам, мына абышқа ақсақал сенен жыршы тұрмай ма. Бізге түнде неге айтпадың?» – деп асыққан жолынан қала алмай өкінеді. Сөйтеді де Құлмамбетке өзі-

нің асығыс жолын айтып: «Келіп қалдың, қалауың не еді?» – деп сұрайды. Құлмамбет «300 сом ақшаға борышты болып қысылған соң келіп едім», – дейді. Шабдан өзінің малының беретін-қоятынын билейтін Күйке деген манабын шақырып, жігітіне иек қағады. Ол: «Мен бұл кісінің жолын әкеліп отыр едім. Бірақ анадағы сатылған малдың ақшасы ұсталып кетіп, аз болып қалып еді», – деп 200 сом ақша қояды. Сонда Құлмамбет: «Сен патшаның айтқан әмірін орындамай, барын жоқ дейсің» деп Күйкеге тиіп өлең айтқан соң, Шабдан намыстанып, өзі жүргізуге келіп отырған және өлең тыңдап отырған манаптардың бәрінің аттарының ер-тоқымын алғызып, Құлмамбетке матап бергізіп аттандырады.

Осы жолы Құлмамбет 12 ат, 200 сом ақша алып қайтты, мен бір бесті алдым. Алғашқы 200 сомды әкеліп алдымызға қойғанда, бұрын ондай көп ақша алып көрмеген көзім тұнып кетіп, алғалы жатыр едім, Құлмамбет қозғама деп ишарат етті де, өленді өршелендіре айтты. Қырғыз манаптары мәрт, намыскер келеді, бір құласа оңбай құлайды. Құлмамбеттің сөзі айтып отырғанда тыңдаушыны алып кетуші еді. Және бір бастап алғаннан кейін көтеріліп үдей беруші еді. Мен өзім ақын көргенде Құлмамбеттей ауызды ақын көргенім жоқ», – дейді екен Жамбыл ақындық жайы сөз болғанда (Бұл да Үмбетәлі айтуынан және Өмірзақ айтуынан).

Менің бұл жолдағы олжам Құлмамбеттен «Көруғлы сұлтан» жырын үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлмамбет бір айтқанда екі күн, екі түн ұйықтамастан айтты. Мен осының бір күн, бір түн айтуынан-ақ ұғып алдым. Менің өрісімді кеңіткен ірі жыр «Көруғлы сұлтан» болды», – дейді екен Жамбыл. Мұны Үмбетәлі де, Өмірзақ та, тағы бірнеше кісі айтады.

ЖАМБЫЛДЫҢ ӨЗІМЕН ТҰСТАС ШЫҚҚАН АҚЫНДАР

Жамбылмен заманы бір, ақындық терезесі тең ақын – Дулат ішінде Қасқарау руынан, оның Сапый, Ботый деген атасының ішінен шыққан Майкөт баласы Сарыбас ақын. Сарыбас ақын 1845 жылы туған, бірсыпыра жасап өлген ақын. Сарыбас Жамбылмен де қатар жүріп, сан рет қағысып өлең айтысқан. Сарыбас аса айтқыш ақын болған.

Байғара деген молдаға:

– Бай: «Мә» – десе, «ау» – дейсің,
«Бар ма?» – десе, «жоқ» – дейсің –

және сол молдаға:

Сен шулаған жерден аласың, –
Мен дулаған жерден аламыны.
Сен жылатып отырып аласың,
Мен күлдіріп отырып аламын.
Сен жүресің біреуден кісі өлсін деп,
Мен жүремін сөз тыңдайтын ұл тусын деп, –

дейді екен. Діннің сырын, молда құлқынын да ащы әзілмен мұнан артық қалай айтады. (Кенен айтуынан).

Ысты руынан шыққан Қуандық ақын, мекені Іле бойында Топарда, о да Жамбылмен замандас. Бұл ақынды Үмбетәлі көрген, кішкене сары сұр кісі екен.

Мәңке деген болыстың ағасы Әбділдаға ас бергенде, көп ат шауып, басына ояз келіпті. Асқа Сарыбас ақын, Қуандық ақын, Құлмамбет, Шаншар ақын, Жамбыл, Қожантай ақын – бәрі жиналады. Ақындар оязға өлең айтады. Қожантай Мерке бойында Қоралас деген рудан шыққан, ол Жамбылдан гөрі жасырақ болған.

Түйемдегі нарымсың,
Жүгімдегі барымсың,
Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Данышпаным, арыстаным, –

дегенде, Сарыбас ақын оның сөзін аяқтатпай, дүрсе қоя беріпті.

Құдай атқан Қуандық,
Сақал-мұрты жоқ немесің,
Осы сияқты ұлықты
Арыстаным деп ит-шошқаға теңейсің,
Қайтадан айтсаң не дейсің,
Шайтаныңды қағайын,
Қаржаудағы кегімді

Ұлық алдында алайын.
Арыстаным деп ұлықты,
Қуайын деп жүрсің-ау,
Қанжығалап тұмсықтан
Ұрайын деп жүрсің-ау.
Сыпырып алып терісін
Бір түбектің басына
«Жау атарлап» шығайын деп жүрсің-ау.
Түйемдегі нарым деп,
Тақсырымның тұмсығын тесейін деп жүрсің-ау,
Жыңғылдыны орап бір көшейін деп жүрсің-ау.
Қошқарбайдың тұзынан
Екі қап тұз артып ап,
Сатайын деп жүрсің-ау.
Басқа сабап жүрмесе,
Ұлықты өрге қарай тартайын деп жүрсің-ау, –

деп тойтарып тастап, өзі:

– Жауға сесті болсын деп,
Бастырмадың мертіңді.
Долы болып өссін деп,
Кестірмедің, сыртыңды.
Таза бақтың жұртыңды,
Көз алдыңда өзіңді ит деп қорлаған
Тепкілетіп шығаршы
Мына Қуандық деген итіңді, –

деп бастырмалатып әкетеді. Сарыбастың өлеңін тілмаш арқылы ұғынып, ояз Қуандықты үйден тепкілеп айдап шығарады. Осындай өте ауызды, қиыннан сөз табатын, ойланып оң айттым деген ақын сөзін шешендігімен теріске аударып, егескен жерде ебін табатын Сарыбас та Жамбылға көп ой салады. Осы айтыста Жамбыл Сарыбаспен, Құлмамбетпен бірге болады. Бірақ өлең айтты демейді.

Осы Сарыбас ақынмен Жамбыл айтысы қашан болғанын Кенен ашып айта алмады. Жоғарыдағы сөз Кенен айтуынан. Және Кенен «Бұл екеуі айтысқан жоқ, осының қайдан шыққанын білмейміз», – дейді.

Жамбылмен әрі қонысы қатар, әрі заманы бір болған Әмір ақын. Әмірдің сүйегі Дулат руы ішінде Тілеуқабыл атанады. Әмірдің туып-өскен жері – Аңырақай, бертінде Самсыға келіп мекендеген. Самсыда осы күнде үлкен колхоз бар. Жамбыл мен Әмір өте жақын, ақындық мұнарасы қатар өскен. Өйткені Жамбылдың ең кейінгі таңдап алған әйелі осы Тілеуқабыл ішінде Итқара дегеннің қызы Ханымжар – Әмірлердің қарындасы. Жамбыл Тілеуқабылдың руын тегіс қайын көріп, бәріне еркелейді екен.

Соғыс басталғаннан кейін Жамбыл Самсы колхозына неше рет келіп, тіпті 1944 жылы қайныма барамын деп әдейі келіп, екі күн болып кетіпті. Досмағамбет Әлімбекұлының үйіне келіп қонып, сонда отырып сол ауылдың басқа жерге ұзатылып, кейіннен төркініне келіп бала-шағасымен отырып қалған бір әйелді балдызым деп қалжың айтып қасына отырғызып:

– Балдыз деймін,
Су жағалай бітеді жалбыз деймін,
Жасым келді тоқсанның сегізіне,
Жездең қалай жатады жалғыз деймін, –

деп өлең айтып, қалжыңдасқан көрінеді. Әмірмен де сондай жылылық, жақындық істері болған көрінеді. Жамбыл да, Сүйінбай да Әмірді: «Әттең, аузында бағы жоқ, астан қияр өте ділмар ақын» – дейді екен.

Әмірдің сөздерінде әртүрлі кезеңдерде Жамбыл мен Сүйінбайдан үлгі алған ащы шақпа да бар. Әмір Жамбылдың әрі туыстасы, әрі шәкірті сияқты ақын, өйткені Жамбыл сөзінің ізі Әмірде көп кездеседі. Сондықтан біз бұл жерде Әмір ақынға азырақ тоқталамыз.

Әмір ерте кезде Аңырақай бойында мекендеп жүреді. Өзінің нәсібі жарапазан айтып, бұқпантай өлеңге көп салынады. Сонан бір жылы Самсыдағы еліне келіп сонда қыстап қалады (Самсы Ұзынағашқа 25–30 километрдей жер). Алматыдан Ташкентке қарай өтетін жол түсіп, Самсыда бекет салынған кез. Бекетті ұстап және асхана ашып отырған өзбек, ұйғырлар болады. Соларға Әмір балшықтан үй салғызып, жылы үйге кіреді. Ең алғаш Тілеуқабыл ішінде балшықтан үй салғызып кірген – Әмір ақын. Шамасы, 1905 жылдар болса керек.

– Біз Самсыға келдік те там салдырдық,
Самсыдағы елді біз тамсандырдық.

Келген-кеткен кісіге кең болсын деп,
Бас-аяғы там үйді мол салдырдық.
Түйе жүні бұл болмас қайтқаннан соң,
Ескермедік түйені Самсыда жатқаннан соң,
Кепиеті түйенің ұрып кетті,
Атанды әкеп сиырға сатқаннан соң, –

деп Әмір киіз үйден шығып, там үйге ауысқан кезді көшпенділікті азайтып, қолдың қара малы сиырды құнттап, шала жатақ бола бастаған кезді әдейі сипаттаған.

Әмірдің өз елі Тілеуқабыл Шағатай деген румен болыстыққа таласады. Бұл кезде деген штаттың күшейіп, шарды доп алып, пұлы жеткен кісі болыс болған кез болады. Осы сайлауда Әмірлердің ағайыны Жолдыбай деген байдың Аққүшік деген баласы ақшамен болыс болады:

Насыбай жарасады шақталыға,
Болыстық оңай болды ақшалыға
Қайырып қыран бүркіт байлап қойдым,
Түлкіні алдырамын ақсарыға, –

деп өлең шығарады. Өйткені Тілеуқабыл ішінде аса есті кісі, ел қалайтын Үсембай деген ақсақал болады, оның малы жоқ, баймен таласа алмай отырып қалады. Әмірдің «Қыран бүркіт қайырып байлап қойдым», – деп жүргені сол екен.

1911 жылы Самсыда бірсыпыра ел құралып, Жәнібек деген молда мешіт салады, өзі қажыға барып келеді. Жәнібекті ел пір тұтып, қадірлеп отырғанда, Әмір айтыпты:

– Не болды екен, Жанеке, аңдыған қыз,
Олар кемпір, шал болдық сіз бенен біз,
Түнде тұрып енді қыз іздеу түгіл,
Есік алдын етеміз көкпеңбек мұз, –

деп Жәнібектің басындағы сырын айтып әзілдейді. Өйткені ел пір тұтып отырған молда Әмірмен бір үйге бірге қонып, бір жастық істесе керек.

Ұлы жүз ішіндегі ақындықтың бір түрі жаршылық істеу болған.

1. Жарапазаншы (бұл ораза айында ел қыдырып жарапазан айтады).
2. Жаршы (топта біреудің жоғалған малын, дүниесін жарлап, түсі, түгін айтып, соған ақы алады).
3. Жоқшы жыршы. Бұл аста сол өлген адамды жоқтап жырлап, жанкүйердің қасында болады.

Бір топта Қапалбай деген бір жігіт: «Бір сұр күшігім жоғалды, жарлап бер», – деп, Әмірге бір сом беріпті. Сонда Әмір:

– Көрдің бе, қылыш құйрық сұрша күшік,
Сиырдың өскен еді сүтін ішіп,
Атаң Қарабыжырдың жиынында
Жар болып жоқтап жүрген Жейман пұшық,
Аузы сұрша күшік кере қарыс,
Атасы алған екен нән жолбарыс,
Ер жетіп сұрша күшік өскеннен соң,
Бөлек ауыл қонып ед Кәтен, Қалыш.

(Қапалбайдың аталары, ағайыны)

Жоғалды Қапалбайдың ақ табаны,
Жиылып Кәтен, Қалыш мақтағаны.
Атаң Қарабыжырдың жоқтағаны –
Жар сал деп Қапалбайдың жоқтағаны, –

деп өзін масқара қылған соң, Әмірege он сом жол беріп, әрең тоқтатады.

Мінеки, Жамбылдың өзі мен тұстас қатар өскен ел ішіндегі ақындар – осылар. Бұлардың қай-қайсысының сөзі болсын мірдің оғындай өткір. Ізденіп тауып айтуды, бетің бар, жүзің бар демей өлтіре айтуды пысықтайды. Бұларды айтқан Самсы колхозындағы Досмағамбет Әлімбекұлы 75 жаста және Кәдіржан Өскембайұлы 54 жаста. Бірақ бұлардың бәрі де ауыл арасындық келте сөздің сарынын ұстаған, өрістері күйкі жатады. Жамбыл осы сияқты қысқа өткір сөзге бұлардың бәрінен де тапқыр және өткір келген. Олардан гөрі қайдағы жуандарды шенеуге, солардың мінеп айтуға сөзін сайлаған.

Бір жылы үлкен жұт болып, елдің малы жұтаңқырап қалады. Үзынағаш айналасындағы ел қыстан аса жүдеңкіреп шығады. Сол

жұттан арықтап шыққан бір көк атты мініп, ер-тоқым, киімі жұпыны Жамбыл біраз ел аралап өлең айтып, Алматының Күншығыс жағындағы Жаныс еліне, осы күнгі «Қызыл ту» колхозы отырған жердегі бір ауылға келеді.

Бір үлкен боз үйдің қасына келіп аттан түсіп, домбырасын алып үйге қарай жүрсе, есік алдында көрпе салып жатқан күбідей бір қызыл күрең қатын Жамбылды кісі келді деп елемейді және жақтырмайды. Жөн сұраса, жауап бермепті. Мына тұрған үлкен ақ үй кімдікі десе, «Қызыл болыстың үйі» депті. Ол үй белгілі Саймасай болыстың үйі екен. Жамбыл үйге келіп отырыпты. Саймасайдың әйелі бір аяқпен ақ көже әкеліп береді. Жамбыл өлең айтып, кісілер жиналып, дуылдай бастағанда, бағанағы қатын келіп, омыраулап төрге шығыпты. Сонда Жамбыл:

– Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың,
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.
Қырғыз, қазақ бас қосса топ жарады,
Жиреншедей тілі бар Ер Қосайдың, –

дегенде жантайып жатқан Саймасай басын көтеріп алып, қайта айтқызыпты.

Жеңгесіне ұрсып, Жамбылға бір шапан бергізіпті. Бағанағы қызыл қатын Алмасай деген Саймасайдың ағасының қатыны екен (Оспан ақынның айтуынан).

Жамбылдың өзі руы Екеймен қонысы сыбайлас болған елі Айқым руы. Бұл рудың да тентек, қисық мінезділерін Жамбыл көп шенеген.

Айқымның бекетке жақын екен көнтектері,
(Көнтек – бір атасының баласы)
Бұл күнде салбырап жүр шөнтектері,
Арақ пенен пиваны ішіп-ішіп,
Көшеде сандырайды тентектері, –

деп, түп-тамырына қозғап әкететін ащы сөзі бүкіл Айқымды намыстандырған.

Жамбылдың жастау кезінде көп еркелеп және арқа тұтқан кісісі Сарыбай болған. Көбінесе Сарыбай үйіне ептейлі кісі болып, ағайын

ішінде әкесінің замандасы, өте жақсы көрген. Сарыбайдың Қисыбай деген үлкен баласымен өте дос болған (Жамбыл Қисыбайдан 14 жас үлкен екен). Бірақ Қисыбаймен көп жолдас болған. Екеуі көп қажасып айтысады екен.

Сарыбайдың өзі бар кезінде Жамбыл сол үйге келсе, Сарыбайдың үйінде отын болмай, Ыстық істей алмай отыр екен, күн жауын болса керек. Қисыбайды оқытатын Сарыбайдың үйінде Байзақ деген молданың қасына кісі қосып, біреудің көңінен отын әкел деп жіберіпті, сонда отырып Жамбыл:

– Отынға екеу кетті, бірі – молда,
Мінгені молдасының шұбар жорға,
Молдасы Сарыекеңнің ұрлық қылып,
Құдая, кешіре көр, өзің тоба, –

деп қоя беріпті, сонда Сарыбай: «Жамбыл қарағым, молданың өзіне айтпай-ақ қой, ренжіп қалар», – деп айтқызбапты.

Жамбыл бірде ауа жайылып кеткен түйесін қарап жүріп, бір үйге қоныпты. Әлгі үйдің әйелі сараң болса керек, жөнді ет аспай, жауырын асыпты. Тамаққа бата істегенде:

– Жамбылға астың жауырын,
Таңдап-ақ астың тәуірін.
Түйе қарап жүрген бұл Жамбыл,
Аймалап бассын әуірін.

(Әуірін деген құмарынан шықсын деген мағынада) деп жаман ұялтыпты.

Бұйдалы руының ішінде Аба деген үлкен бай болған, сол Абаның Естемес деген баласының үйі бір жылы соғымға қазысы қарыс түскен бие сойды деп естіп, Жамбыл әдейі келіп қонады. Сөйтсе, Естеместің әйелі жөнді ет аспайды. Асқа бата істегенде:

Естемес бастас болдың Көсемменен,
Сөйлейді мына келін аузын ашып әсемменен
(тұтықпа қатын болса керек)
Бар екен деп асыңды барпыратпай,
Бұдан бұлай асып жүр бәсеңменен, –

депті. Естемес жаман ұялып, қатынына қайта ет асқызып, Жамбылдың аяғына жығылып, шапан жауып әрең құтылыпты.

Жамбыл бір ретте Бәйімбет тоспасы деген жерде отырған Айқым руының ішіндегі Әйтек деген атаның баласы Мұса ауылы деген ауылға келеді. Бұл ауыл егін салатын, өздері қау беріктеу ауылдар екен, қырман басына келген Жамбылға өлең айт деп болмапты:

Айқымның бұрылғам жоқ басқасына,
Әйтектің тура келдім Тоспасына,
Қоржынын Жамбыл атаң толтыра бер,
Білдің ғой келгеннен соң саспасына, –

депті.

Қырман басында отырған жігіттер кеу-кеулеп, ішіндегі Бердіғұл деген бір тәуірмін деген жеңілтек жігіт мыналарды өлең ет деп болмапты:

Бердібай аузы қызыл боз байталдай,
Мінезі Бердіғұлдың жын-шайтандай,
Әуірім әсте менің басылмайды,
Мына отырған келіншекке мініп алып
Қой қайтармай, –

деп өлең айт деген Бердіғұлдың алдымен өзін шенеп тастапты. (Үмбетәлі айтады: «Осы айтқан адамдары тап қолмен қойғандай. Жамбыл сондай дәл айтатын кісі ғой», – дейді).

Жамбыл сөзді бетің бар, жүзің бар демей, реті келген жерде тіліп салатын болған. Бұрынғы Қастек еліне қараған Кәшке тұқымынан шыққан Құттық Сейіттің Құдайбергені өте тентек және елге беделді бай кісі болған. Біз жоғарыда Құдайбергеннің Жамбыл мен Құлмамбет айтысындағы омыраулауын айтып кеттік.

Сол Құдайбергеннің болыс күнінде үйіне Жамбыл келеді. Қысқы уақыт болса керек. Жамбыл сәлем беріп амандасса, Құдайберген Жамбылды кемітем деп:

– Бір жынды Екеймен жарысам деп атым өліп қалды, – депті. Есқожа елі Екейді үнемі кеміте сөйлейтін әдеті болыпты.

– Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-қауіп.

Екейдің жындысымен жарысам деп,
Сенің де кетіпті ғой есің ауып, –

депті. Құдайберген еш нәрсе айтпапты. Өйткені Құдайберген астында аса семіз аты бар Ұзынағаштан келе жатса, Екейдің Таңат деген бір адамы қасынан шауып өте шығыпты. Екейден атым қалса, атым Құдайберген болмасын деп, бұ да тұра шауып, содан екеуі ерегісіп ауылға жеткенше шауып, Құдайбергеннің тұнып тұрған семіз аты боғы асып кетіп, өліп қалыпты. Сол есер мінезін бетіне айтып, өзін көзбе-көз жерлеген.

Ел арасында сауда қылып кездеме сатқан өзбектің бір саудагеріне Жамбыл келіп өлең айтады. Еш нәрсе бере қоймайды.

– Бес көз берен бересің бір жатқанға,
Шай ішіп мәз боласың пұл сатқанға.
Түпкібайға барғанда есеп беріп,
Көтеншегің солқылдар шот қаққанда, –

деп, саудагердің масқарасын бетпе-бет өзіне айтып, есін шығарыпты. Жамбылға бір көйлектік ақ беріп, жалынып әрең құтылыпты.

Жамбылдың ерте кезде ел арасында айтқан бір ауыз, екі ауыз өлеңі өте көп, бірақ жазылып жиналмаған. Және жатқа біліп айтатын адамдардың көбі де қазір жоқ. Кейбір есте қалғандарын айта бермейді, сонан да жаңылып қалады.

Октябрь колхозының жылқышысы Ешмағамбет деген кісінің айтуынан бір ауыз өлең мынау:

Бәрің де Базарқұлдың баласы ғой,
Ұялмай сол ұшыққа таласа қой.
Бір уыс біреуіне артық кетер
Сал дағы саптыаяққа санаса қой.

«Құтырған деген бұлақтың бойына 20 үй ортадан тары айдайды, тары тәуір шығады. Тарыны жинап алған кезде, сол жерге Жамбыл келеді. Жамбыл келгенде Райымқұл, Бекторы деген Базарқұл балалары тарыға таласып жатыр екен, соған айтқаны еді», – дейді. Бұл Жамбылдың орта жасқа келген кезі.

Жамбыл тағы сол ертерек кезде бір жылы күзді күні қырғыз асады. Өйткені бұл тұста астық жөнді шықпай, астық жағы өте тапшы

болады. Қырғыздың Жетіген деген руынан шыққан манабы Сәлібай дегеннің үйіне келіп өлең айтып, тамаша етіп отырғанда, сол үйге Қарғалы бойындағы Айқымның Құлшын және Сұрауымбет деген екі байшігештеу жігіт кіріп келеді. Бұлар келіп отырып, мәжіліске кірісіп жөн сұрасқан соң, олар да астық іздеп келген екен:

– А, құдай, бермей қойдың тарымызды,
Кетірді мына тары арымызды.
Жалғыз Жамбыл қаңғырып жүруші еді,
Биылғы жыл қаңғырттың бәрімізді.
Бір қап тары сұрағанда қарамап ең бетімізге,
Биылғы жыл түсіпсің етіңізге.
Биыл сендер де мендей шұбап кепсің,
Ашаңды қыстырыпсыз көтіңізге, –

деп екеуін ажуалайды. Өйткені бұл екеуі әрі малды, әрі егін салатын бұдынтақ шаруалы, сарабдал жігіттер екен, өткен жылы Жамбыл барып өлең айтып тары сұраса, бейілденіп тары бермей, ұнатпаған болса керек.

Батыс Қастек болысына қараған елдің Абылқасым Андасын деген және Қасқарау Сүлейменұлы деген екеуі бірі старшын, біреуі елбасы, елді жеп аты шыққан атқамінер жебірлер болса керек. Осы екеуі алымның үстіне «қара шығын» түсті деп, бірнеше адамды қан қақсатып жүргенін Жамбыл да естиді. Сол елдің Рахмет деген кедейдің «қара шығын» алым өсіміне беретін ақшасы болмай, 3 пұт жоңышқасының ұрқы бар екен, соны алып кеткенін ел арасы сөз қылып жүреді.

Жамбыл бір жақтан келе жатса, әлгі екеуі етектегі елден алым жиған ба, әйтеуір келе жатады.

Екеуі Жамбылға сәлем беріп, біраз жерге бірге жүріп, «өлең айтыңыз» деп түрткілейді.

– Төментіннен келесің, екі қуым,
Елдің жайын білесің буын-буын,
Қатық сорпа екеуің атқа мінсең,
Тағы кімнің тартасың сары суын.
Елден тиын қоймайсың түтін санап,
.....

Есебіңді аяғың шығарарда,
Рахмет пұшықты алдың талап», –

дегенде, екеуі: «Елге айта көрмеңіз», – деп, Жамбылға жатып жалыныпты.

Жамбыл бетің бар, жүзің бар демейтін ащы тілін түйрерде, әсіресе атқамінер старшын, би, болысқа жалынғанға да қарамаған. Бұл жөнінде әзілдес болғанмен, Қисыбайға айтатын сөздері кісі көңіліне қарап, дәулетінен «кісілігінен» именбейтінін көрсетеді.

Жамбыл ұзын сарын, өзекті, сөрелі сөзді құлаштап айтумен қатар, бір ауыз, жарым ауыз осы сияқты өлеңдермен өзінің үлкен жолын сала жүрген.

* * *

Жамбыл өміріндегі және ақындығына қор құйғандай бір тәуір кезең, үлкен белес атақты Шөже ақынмен кездесуі деуге болады.

– Арқадан құдай айдап Шөже келді,
Еті жоқ Үйсін, Дулат көже берді,
Арқада көк тарлау жеп үйренген ат,
Қара түбір жусанды қалай жейді? –

деген өлеңін және өзінің кім екенін жырымен жариялай жүретін ақын Шөже:

Ай қасында туады шолпан жұлдыз,
Айдын көлде ойнайды кәмшат, құндыз.
Өз атасын жасырған мүрдет деген,
Етім қазақ болғанда, түбім қырғыз, –

деп өз басындағы мінін де, шынында, ортаға сала сөйлейтін телегей - теңіз жырдың арнасындай ақын Шөже Жамбылға үлкен сабақ болады. Шөженің ел шетіне келгенін естіп, іздеп барып біраз күн қасына да ереді. Шөженің Кемпірбай мен айтысын да Жамбыл сол жүргенде үйреніп, кейіннен Ұлы жүз ішіне айтып таратады. Әсіресе Шөженің тұтығып қалатын әдетін, өлең ойланғандағы көз құбылысын, домбыра қағысын өте қызық етіп айтады екен.

Ел аузындағы кейбір әңгімеде Жамбыл Шөжемен еріп қырғызға барып бірге аралады дейді. Бірақ онда барғандағы Шөже өлеңінен тек мына жоғарыдағы айтылған бір ауыз өлең «Ай қасында туады шолпан жұлдыз» болмаса, басқа өлеңі сақталмаған. Ал Жамбылдың қандай өлең айтып, Шөжеге қызмет еткені де ел аузынан кездесе алмады.

Жамбылдың жасы отыздың қамал ішіне кірген кезде, атақты Кенесары ханның баласы Сыздық сұлтанға кездеседі. Кездескенде Сыздық орыс патшалығымен бұрынғы жаулығын қойып, еліне келіп, Ақмешіттегі (қазіргі Қызылорда) туыстарына қосылып, сонда тұрып, біраз уақыт өткізгеннен кейін, осы Жетісу еліне келеді.

Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды,
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде
Дұшпандарың бас ұрған,
Алтын жүзік сары қасқа ер,
Атаңыздың аруағын сыйлайды екен
бар халық, –

деп Жамбыл өлең айтыпты деседі. Бұл өлең 1946 жылғы толық жинағына кірген.

Сыздықтың бұл келуі патша үкіметі тарапынан Сыздыққа сенім болып, өзіне белгілі еркіндік жасалады. Осы сенім орнығып, көңілі сенген қазақ даласының ішін аралап, бұрынғы әкесі жүріп өткен жерлерді көріп, сол елдерден әкесі жайында мәліметтер алғысы келеді.

Бұл жөнінде Сыздықтың алғашқы келген елі Жетісу елі, Шу өзенi бойындағы ел болады. Бұл жердегі Ұлы жүз ішінде белгілі ауылдарда болып, қырғыз еліне барып әкесінің қаза болған жерін көріп, тауап етпекке бет алады. Сол жолында Ұлы жүздің сол кездегі жөн білетін, ел билеген адамдарымен ақылдасады. Сыздықтың келе жатқанынан хабарланған қырғыз манаптары Жантай баласы Шабдан манап алдынан кісі жіберіп шақыртады.

Сыздық қырғызға барарда Ұлы жүз адамдарының көп кісісін ертеді. Сол күндегі қадірлі би, тілді, шешен және әнші ақындардан көп адам

болады. Сол топқа Жамбыл да қосылады. Сыздықтың 17 жыл бойына созылған көп соғысы жайында әңгімелерін тыңдайды. Сыздықпен серік болып, соғыста болған батырларды естіп, өзіне көп әсер алады.

Қырғыз елі де, Ұлы жүздің қасына ерген адамдары да Сыздық әкесінің құнын жоқтап, қырғыз еліне тентектік істейді деп қауіптенеді, бірақ Сыздық оны істемейді. Әкесінің өлімі жөнінде Сыздық өте терең қарап: «Ол бір өткен ірі адамның жорығы, өзі бастады, істеді, өзі аяқтады, қырғыз өлтірмелік дегенде, әкем тізе бүккен тірлікті керек қылған жоқ. Ерлікпен өлген әкемнің аруағын жасытып, кек қуып, құн алам ба, оны не қылам. Менің әкеме қандай құн төлеу болады. Ол өз құнын өзі алып кеткен адам», – депті.

– Сыздықтың қасында жүрген екі айлық өмірім маған асқар кезеңдей, өзім көрмей атын естіп құмартқан атақты батырларды көзбен көргендей болдым, – деп, осыны Жамбыл көп әңгіме етеді екен.

Жамбыл жасынан хикаялы жырды айтуға құмар болған. Әсіресе оны қызықтырған – ел қорғаны болған ерлер жыры. Сүйінбайдың айтуынан өзі ұғып көп жеріне жыр қосып молайтып алған «Сұраншы жыры», Күсеп ақын жырлап ескірген кезде жұрнағын ұғынып, жаңғыртып алған «Өтеген жыры». Бұл Жамбылдың аса сүйіп, аса мақтанып жырлаған жыры болған.

ШАШУБАЙМЕН АЙТЫСҚАН КЕЗІ

Жамбыл Шашубаймен кездесетін тұста өленді көп айта қоймай, тоқталып жүрген кезі болады. Осы кезде ел ішінде болған бір оқиғадан ағайын арасына өкпелеп, қысқы Балқаш теңізі қатқанда Арқадан бергі қабаққа өткен Шашубай, Шу, Іле бойын әнмен аралап Алматы келеді. Алыста жүрген адамның ағайыншыл келетін әдетімен, сол кезде Алматы қаласындағы саудамен байыған Байбұлан, Баймолда дегенді, жандаралға, уезге переводчик (тілмаш) болып тұрған найман жігіттері Бақия, Барлыбек деген Сырттан балаларын тауып алады. Барлығын Орта жүз деп бауыр тұтып, осылардың қолына келіп өзінің арғындығын, онан қалды Орта жүздігін айтып, олардың байлығын, бектігін айтып әрі әнші, әрі ақын, гармоншы Шашубай өзі баурап әкетеді. Гармонымен қосылып толықсып айтатын Арқаның әсем әнін аспандата шырқаған Шашубай Жетісу елін аузына қаратады.

– Қызылжар, Қарқаралыдан келіп жүрмін,
Елдерін Ұлы жүздің көріп жүрмін,
Аузымда өлең деген мәлегім бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрмін, –

деп, тоқсан толқытып, әнін Алатау шоқтығынан асырады.

Абай айтқан ертедегі ел ақындарының алыста жүріп ауылын мақтайтын, жерін, суын, елінің аты шыққан адамын дәріптейтін әдет Шашубайда да бар-ды. Ол Ұлы жүз жиындарында өз елін, Арқаны көтере мақтайды. Ұлы жүздің ішінде жүрген кісілікке ілінген, саудамен ауысып келіп байыған адамдарын жер-көкке сыйғызбай мақтан етеді. Шашубай мақтанының арқауы болған жоғарыда аты аталған Байбұлан, Бақия, Барлыбек, Тұрлыбектер болады. Қалың Ұлы жүздің ішінде бірлі-жарым ауысып кеп қатарға ілінген арғынды мақтау Ұлы жүз адамдарының намысына тиеді. Олардың намысына тиген сайын, өзімшіл бай, мақтан құмар шенеуніктер Шашубайға өздерін көтермелете түседі. Сол кездегі Ұлы жүз елінің, оның ішінде Шапырашты, Дулаттың Бақия, Барлыбек тұстас кісілікті жігіттері: Байбұлан, Баймолда теңдес бай саудагерлері арғыннан келген ақынға қарсы айтыстыратын ақын іздеп, сөз есесін қайтарып арғынның аптыққан бай, асқақтаған қара таяғына (оқығандарына) өздерінше қыр көрсетпекші болады.

Алматы атырабы кісілігімен аты шыққан Шапыраштының бір белді ауылының баласы Мәнке болысқа хатар айтып, сол арқылы Жамбыл мен Шашубайды шайқастырмақ болады. Жамбылдың Алматыға келген хабары болған соң Байбұлан: «Тамаша менің үйімде болсын», – деп, сол шақырмақ болады.

«Мен сол жылы 17 жаста едім, Мақыш деген ағам, кәдуілгі батыр Мақыш абақтыға түсіп қалып, соған азық апардым. Бұрын қаланы көрмеген және ағаш, балшық үйде болып көрмеген едім. Апарған азығымды абақтының алдынан бердім де, енді кешке қайда барарымды біле алмай, қаланың үйлеріне тамашалап келе жатыр едім, арт жағымнан біреу «Ыбырайым» деді, жалт қарасам, Қисеке: «Мұнда неғып жүрсің?» – деп сұраған соң жөнімді айттым. «Енді қайда барасың, бүгін менің қасымда бол, атыңнан айырылып қаласың?» – деп ертіп жүрді.

Қисыбайдың жатқан үйіне келіп, атымызды қораға байлап, үйге кіргеннен кейін, үй иесі: «Қисеке, сізге бір кісі келіп тұр», – деді. Ол

кісі үйге кіріп, Қисыбайға бір хат әкеліп берді. Хатты оқып Қисыбай: «Жарайды», – деп, әлгі үйдің шайына қарамай, шақырған үйге келдік, мені де тастамай ертіп келді. Үй тамаша салынған үй екен. Көктөбел деген, тақтайының бәрі сырлы. Есігінен төріне дейін жайып тастаған кілем, көрпе.

Біз келіп отырған үйде, бізден бұрын үш-төрт жас жігіт отыр екен. Олар Қисыбайға сәлем беріп амандасты. Үстінде ақ шалбар, ақ камзолы бар, басында қара тақия бар жігіт үлкен сырнайы бар, соны алып құбылып, төңкеріліп отыра алмай отырды.

Желтоқсан іші, күн шыңылтыр еді. «Мына кісілер тоңып келді, шайды жаса!» – деп, дөңгелек жер үстелге шай жасалды. Менің екі көзім гармоны бар кісіде отыр. Бұрын гармонды, ондай қыс ішінде аппақ киім киген кісіні, сәнді адамды көрмегем, тіпті есім шығып отырмын. Бір мезгілде сырттан кісілер келіп қалды деп абыржып, көп кісіні үйге кіргізді. Ол кісілер де төрге шықты. Бұл келген кісілердің ішінде Мәнке, Самижан және Жамбыл бар екен, амандасып отырғаннан кейін ол кісілерге де шай әкелді.

Бағанағы гармонды жігіт ойнақтатып, гармонды тартып, өленді қоя берді.

– Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Пендесін артықты кем қылған құдай.
Саңлағын Алматының жиып алып,
Сыйлады қонақ қылып Байбұлан бай.
Шаһарым Троицкі, Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы.
Бірқатар тосын адам кіріп келді.
Уа, шіркін, ішінде бұл адамның Жамбыл бар ма,
Сол шіркін кеп отыр ма байқағалы, –

деп гармонымен төңкеріліп, әнін қосқанда, менің есім шығып кеткені сонша, өзім қасына таяу отырған Қисыбайға басымды соғып ала жаздадым. Қисыбай байқап отыр деп түртіп қойды. Осыны бір айтып, әнін төңкерілте бір қайтарып тастап, Жамбылға бір соқтығып, түрткі салып бір өтті де, әріптестік сөз барымтасының шекесін бір көрсетіп, Жамбылмен бірге келген кісілерге соқтыға:

– Бір көзі Самижанның қисық екен,
Байбатшаң Мәнкеменен пұшық екен.

Болғанда бірің ойқы, бірің шойқы,
Бәрің де бап келісіп отыр екен, –

деп мазақтай бастады.

Төрде отырған Мәнке: «Жамбыл-ау, мына арғын бізді өлтірді ғой, енді қашан?» – дегенде; Жамбыл: «Айта түссін, айтқанымен қайда барар дейсің», – деп шай ішіп отыра береді. Тағы да Шашубай:

Арқада мен айтамын салдығымды,
Мұнда келсем айтамын
Бақия, Барлыбек, Тұрлыбектей хандығымды,
Қалада осы үшеуі аман болса,
Бұзбайды жандаралдар жарлығымды, –

деп гармонын қайта құйқылжытты.

Жамбыл шайын ішіп болып, домбырасын алып кие жөнелді:

Шашубай, сен бір Арқадан қашып келген жалаң аяқ,
Жел сөзді не қылайын сенен аяп.
Тіліңді аңдап айт та, байқап сөйле,
Тимей ме, бүйте берсең, саған таяқ.
Шашужан, сен Көкшетау, Қызылжардан келіп жүрсің,
Дидарын жақсылардың көріп жүрсің.
Аузында өлең деген мәлегің бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрсің.
Шашужан, мен алдынан жақсылардың өтуші едім,
Мен дағы қуғанына жетуші едім.
Ұлына Ұлы жүздің тіл тигізбе,
Жылыңда бір күн көріп кетуші едім.
Шашужан, мақтанбағың Арқадан мен көрген ақын,
Бұл жерге бай боп жатыр келген арғын.
Келді де Жетісуға байып кетті,
Арқада без таба алмай жүрген арғын.
Шашужан, бастапта Байбұланың келіп еді,
Мінгесіп қарала атқа.
Қос тігіп Алматы Тастағанды үш жыл жатты.
Елімнің кеңшілігін сонан байқа,
Алсын деп тері-терсек аралатты.

Мұнымен Байбұланың тиыш жатпай,
Қиқақтап қарала атпен отын сатты.
Жуындымен бай болған Байбұланың,
Қойшысымен айтысқан байлар құсап,
Айтқаным жақсылығымды жарамас-ты.
Шашужан, мұнда келсе мақтайды Барлыбек,
Бақиясын,
Сайлауға шықсаң екі көзің төбеңде ақиясың.
Әсте жоқ мұсылманға жақындығың,
Орыстың баса киіп тақиясын.
Құдайдың өзі патша, өзі құдай,
Бір жерден алар тауып оқиясын.
Су орнына ішкенің арақ, боза,
Дозақтың ортасында отырарсың.
Діниіңе кесек атқан сұрқиясың, –

дегенде ішіп, қызып отыр екен, орысша киінген жігіт Жамбылға тұра жүгіріп қона түскені. Мен қайдан білейін, Бақия деді біреу артынан сұрағанымда. Оған Мәңке тұра жүгірді. Шартта-шұрт төбелес болды да қалды. Әлгі жасаулы тұрған шай, үстелі – бәрі тас-талқан болды. Қисыбай жылыстап далаға шықты, мен де ере далаға шықтым. Жанжал басылып, Байбұлан далаға шығып, Қисыбайды үйге кіргізді. Елді тыныштатып отырғызды. Енді айтыс тоқталды. Гармоны бар кісі, әлгі орысша киінген кісілер, олар басқа үйге барып даурығып жатты. Біз отырып тамақ ішіп, үйге қайттық. Ел тарқарда Байбұлан келіп: «Бір тамаша істелік деген соң шақырып едім, аяғы ұяттау болып кетті. Ұлы жүздің баласы үй менікі, жол сіздердікі, – деп, Қисыбайдың алдына 40 сом ақша әкеліп қойды. Қисыбай 40 сомның 25 сомын Жамбылға беріп, қалғанын отырған елге үлестірді. Сонда маған 50 тиын ақша берді. Ертеңінде елге қайттым. Осы өленді сол айтқаннан ұғып, елге айта келдім», – дейді Ыбырайым Байсімбет баласы.

Ол кісі биыл 58 жаста. Сонда Жамбыл мен Шашубайдың айтысқаны 1904 жылы болғаны дәлелденеді. Мұны бізге Ыбырайым 20 желтоқсан күні 1945 жылы айтты. Үмбетәлі де, Өмірзақ та тап осы Ыбырайым айтқандай қысқа және жыл мөлшерін де осылай айтады. Ал Шашубай айтысының бұрынғы кітаптарда басылып жүргені көп қосылып, аса өзгеріп кеткен және Құлмамбет пен Жамбыл айтысының сөзі осы айтысқа араласқан. Оның үстіне Майкөт ақынның

Сарыбай асына келіп қайтқан жолы айтқан өлеңі де Шашубай сөзіне араласып кеткен. Менің байқауымша, мынау адамдардың айтқаны дәл шындық. Өйткені бұлар көзімен көріп, ішінде болған адамдар.

Жамбыл мен Шашубай осы айтыстан кейін өте жақын болып кетеді. Екеуі достасып, Шашубайдың Арқадан ала келген өте соны, жақсы әні, әдемі жыры, Шортанбай ақынның, Дулаттың жырлары болады. Бұл жырлар Жамбылға өте ұнайды. Әсіресе Арқа елі кеңейтіп, әдемілеп айтатын Асанқайғы жөніндегі әңгімелі жырлар ақын жүрегіне қозғау салғандай, ел мұңының, халық арманының түйіні тәрізді болады. Құтты қоныс іздеген сыршыл, қияли ақын бетін терең сырға аударады. Жамбылдың ертерек ұғып ел айтуынан, Күсеп жырлап кеткен. «Өтеген жырын» Асанқайғы сарынына салып жырлауға бейімдейді.

Жамбыл осы Шашубаймен айтысып, оның жырымен, үлгілі ақындардан алған үлгісін өзіне үлгі етіп, ел бас қосқан жердегі Жамбылдың көпшілікке таңдап айтар жыры «Өтеген жыры» болады. «Өтеген жыры» арқылы Жамбыл сол кезде қазақ елінің патша отарына қапталынан ілінген жер-судан ерік кетіп, қонысы тарылған, бастан ықтияр кеткен кезін «Өтеген жыры» арқылы ел көкейіне елеулі із түсіре сипаттайды. Жамбылдың ақындармен кездесіп айтысуы тек елді, руды, өз елінің байын, атқа мінерін мақтаумен ғана аяқталмай, ар жағынан басқа арна табады, ол арнасы ақындық өрісінің соны белеңі, әр саладан келетін халық ақындығының алуан тарауларына танысу болады.

ЖАМБЫЛДЫ ЕКІ ҮЛКЕН ДАУДА КӨРДІМ

Есқожаның Жарылғап деген руынан, атақты Қараш батырдың үрпақтары Молдабек Жетібай баласы 1944 жылы 26 тамызда бізбен әңгімелесті. Бұл кісі Жамбыл ауданы «Октябрь» колхозында тұрады. Жасы 60-тардың шамасына келген адам.

Жамбылдың жас кезінде де, кейінгі уақыттарда да жақсы білетін, көп кездескен, бірнеше мәжілісінде болған адам. Молдабек қарт: «Жамбылды ерекше ойымда қалдырған бір-екі топтағы сөздері болды», – дейді. «1906 жылы Күншығыс Кәстек болысына қараған елде ұлан-асыр бір үлкен дау болды. Бұл дау Батыс Кәстек болысына қараған Ботбай деген кісінің Әлфия деген сұлу қызын Шығыс Кәстек болысына қараған Шалабай Кемперек баласы құда болып айттырған еді. Қыз артынан күйеуін менсінбей, Ырғайты болысына қараған Қасқарау руының Құрманкүл Солты баласы деген жігітпен қашып кетті. Осыдан ел егер болып қатты барымталасты. Екі арада сан адам соққыға жығылып, өзара қазақшылап бітіге келе алмай, жұмыс қаладағы уезге арыз беріліп барып, соған тірелді. Содан екі жақ та Алматыға шақырылып, қалаға Есқожа, Екейден 400 кісі, Дулаттан 500 кісі, 900 кісі бардық. Екі елдің адамы біріне-бірі жақындасып қалса, жанжал шығып кетеді деп, қарулы стражниктер қалаға екі көшемен алып кірді.

Екі жақтың адамдары кеңсе алдына келіп, екі жар болып отырды. Сонда Шапырашты тобының ішінде Жамбыл да келді. Жамбылдың сақал-шашына ақ кіріп ұлғайып қалған кезі еді. Уез алдында екі жақтан кісі шығып, дауға түсті. Төле биге кісі белгілеуде Дулат жағы Мәңкені қалады. Бұл Жаныс руынан шыққан белгілі жуан болыс болатын. Шапырашты руы Құттық Сейіттің Құдайбергенін қалады. Осыған екі жақ талас болып, келісе алмай көп айтысты. Сонда Жамбыл жұлып алғандай:

Аласаны атқа санама,
Жақсыны жатқа санама,
Жаманды еске санама,
Бір сынаған жаманды
Екі қайта сынама,
Тіріде көңілің қалса,
Көзіңе құм құйылсын,
Өлгенде өкініп жылама, –

деген. Мәңкені біз де жат көрмейміз», – деді. Сонда Шапырашты жағы Жамбылдың осы сөзінен Мәңкеге келіп тоқтады. Мәңке өзі қалап қасына Таутүрген болысына қараған Саймасай деген кісіні және Шалақазақ Мырқасым деген кісіні, Ысты Қасабек деген кісіні қасына алып, билік айтты:

«Қыздың қалың малы 100 жылқы. 50 жылқыны табанда берсін, 50 жылқыны елге барған соң бересің, әйтпесе қызды осы жерде төркініне қайтарсын. Екі түйе, екі ат айыпты қызды алып қашқан Қасқарау руы берсін. Барымтаны екі жақ иіре отырып, түзу сөйлесіп қайтарасың», – деп билік айтты.

Қызды алып қашқан Қасқарау жағы малға келген бітімге қуанып 50 жылқының ақшасын сол жерде санап берді. Осымен бұл дау аяқталды. Сонда ел: «Жамбылдың айтқан бір ауыз сөзі Мәңкенің мойнын өз ағайыны Қасқарауға бұрғызбады, аузына қасиет қонбаса ақын бола ма?» – деп тарқасты.

Онан соң 1910 жылдар шамасында жаз жайлау үсті еді. Қырғыз бен қазақ қатарласа жайлауға қонған кез. Боралдай деген жерде Шабданмен немере Далбай деген қырғыздың манабына ас берді. Бұл асқа қырғыздың Сарыбағыс, Солты рулары, қазақтан Дулат, Шапырашты шақырған. Жайлау кенересіндегі ел тегіс бас қосты. Асқа тігілген сегіз үйге адам сыймай, қырғыздар тағы да әкеліп көп үй тікті. Аста 97 ат бәйге қосылды. Бас аттың бәйгесі 100 жылқы еді. Осы жиында Жамбыл болды. Қырғыздың Солты деген руынан шыққан атақты ақын Қалмырза да болды. Бұл екеуін ел айтысады деп лақаптап көріп еді, Қалмырза Жамбылмен айтыспады. Қырғыздың айтыс деп барған кісілеріне Қалмырза:

– Ұруым болат шертке
Ұраным болад Сарбағыс,
Менің мұнда жүргенім,
Манаптар сізге шоң намыс.
Батыр Шабдан, Бәйеке,
Мәмбетәлі Дүреке,
Төртеуің тұрып бар дедің,
Бетегелі жер дедің,
Берекелі ел дедің,
Берсе дағы бермесе,
Бір жолға барып кел дедің, –

деп, өзін елемей кедейлікпен басқа жақта, яки «Солты» ішінде жүргенін мін көріп айтқаны болса керек. Осы жөнінен Жамбылдан сөзге жығынды боламын деп қағыспағанын да ел осылай деп жорыды. Сонда байқадым, қырғыздың Қалмырза деген сол кездегі белгілі үлкен ақыны еді. Жамбылмен айтысуға именгендей болды.

Бас аттың бәйгесі үлкен дау болды. Ат 25 шақырым жердей жіберілді. Көмбеге (сөреге) Шабданның құнан торы деген аты мен Шапыраштың Ақшал Мырзабек баласының сары қызыл аты қатар келіп кірді. Сөреден өтерде сары қызыл аттың мойны озып шықты. Бірақ қырғыздың Бәйеке деген манабы бәйгені қазаққа бермей дау айтты. «Қазақтар сары қызыл атты жолдан ұрлап қосты, әйтпесе құнан торымен қайдан таласып келсін ол», – деп, бәйгені бермей отырып алды. Ат айдаған қырғыздың Солты деген руының белгілі тәуір жігітінің бірі Сағымбай деген адам еді. Ол сары қызыл аттың желтүбіне бірге барып, бірге шауып қайтқанын айтты. Ол сөзге Бәйеке тоқтамай, қырғыздың Боранбай деген дұрыс адамы (Манап емес, жай қырғыз) әділдік айтып: «Қазақтың атының бағына Бәйеке бассыздық істеме, бәйгесін бер», – деді. Оған да Бәйеке көнбей, Боранбай екеуі содан ұшынып, ерегесіп, біріне-бірі пышақ ала жүгірді, ел әрең тоқтатты.

Боранбай: «Бәйеке, не бетіңмен тұлпардың бағына зорлық қыласың. Өзің құнан торыны жолдан ұрлап қосып отырып», – деп, ел алдында мойындатып айтып салды. Сонан Бәйеке онан сайын қырғыз, қазақ болып жанжалдасып кете жаздап, аяғында: «Қапың болса, екі атты қайта жіберейін, бәйгесіне өзімнің қызымды тіктім. Шыдасаң, ел алдында сөз байла. Сары қызыл ат менікі, құнан торы сенікі» деді. Аяғында екі жақ сенімді адамнан кісі шығарып, айдаушыны алып Шабданға барып, айдаушының куәлігімен бәйгені қазақтар алды. Бас балуанды қазақ Дулат руынан барған Толықбай деген жігіт жығып, екі бас бәйгені осы жолы қазақ әкетті.

Осы аста қырғыз, қазақтын, басты кісілері Жамбылға кеп өлең айттыртты. Тап не айтқанын ұғып қала алмадым. Бірақ екі аттың бәйгесі таласқанда Бәйекеге келіп:

«Атыңның аты да құнан еді, өзі де шалағайлығын істеді. Ойнағанда тай озады, шындағанда ат озады» деген емес пе, қайтесің таласып», – деп сықақтап күлгенін білемін. Артынан құнан торының ұрлап қосқаны ашылып, Боранбайдан жығылып тұрғанда: «Ер жігіт тобадан жаңылғанда, ілгері басқанның иті оттап, есігінен өсек бәйгі

ілінер», – деген. Біздің Мырзабек баласының әлі беті қайтқан жоқ. Бекер таластың», – деп мысқылдап, тағы да сөзбен жеңді. Жамбыл осыны айтып тұрғанда, Қалмырза тағы да Жәкеңнің қасына келіп тұрып, қырғыздың көп кісілеріне қарап жылап кетті. Сондағы айтқаны:

Ойнадым карта, құмарды,
Білмедім құдай ұрарды.
Қалмырза жыршы келіп тұр,
Сөйлесейін деп өліп тұр.
Бала құстай төніп тұр
Сарыбағыс, солты, саяқтан,
Тімітіп келген сояқтан,
Құрымана құр болыс,
Ел түзесін қай жақтан,
Қалменнің ұлы Қалыбай,
Дейдінің ұлы Салыбай,
Жеті кендек Боранбай,
Жетіліпті Ұшандай.
Жеткелеңі дейді би
Дейдінің ұлы Салыбай,
Ол кіші інісін алыпты танымай,
Лепестің ұлы Құрмасың,
Тақырлап шапқан қырмансың
Күнде құран ұрғансың
Түнде құран ұрғансың,
Сен қай жерде уәдеде тұрғансың.
Уәдесі жоқ сендейлер
Әрдайым үстіп құр қалсын, –

деп аттың бәйгесінен айырылып, ұятты болып тұрған Бәйекені табалап қоя берді. Қырғыздың ас берген ауылы Жамбылға да, Қалмырзаға да жол беріп әрең тоқтатты.

ЖАМБЫЛ ӨМІРІНДЕГІ КЕЙБІР ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢДЕР

Жамбылдың жасы 50-ге келген кезде де орта дәулеті болған. Осы күндегі кенже баласы Тезекбайдың шешесі Қанымжанды айттырып алған кезде, Жамбылдың 100-ден аса жылқысы бар, қатарлы үй еді деседі ауылдары. Алғашқы алғаны Орымбет қызы Момын деген кісіден туған үш ұлы болған. Қожаш, Қожамберді Қожақ деген балалары өз алдына үй болып бөлініп кеткен кезі болатын. Жәкеңнің Қожаш деген баласы өлең айтып, ауыл арасында көзге көріне бастайды. Бірақ Жәкең Қожаштың өлең айтқанын жақсы көріп, жол бере қоймаған. Сондықтан Қожаш Жәкеңнің көзінше өлең айтпай, ылғи ұрланып айтады екен. Бірақ Қожаштың өлеңге ыңғайы барын таныңқырап, есейген кезінде, Жәкең біраз өзінің өлең айтып алысқа ұзап жүруін тоқтатыңқырайды. Осы кезде Жәкеңнің біраз уақыт ел арасының сөзіне кіріскен жағдайы болған. Оның бір үлкен себебі мынадан болған тәрізді. Жамбылдардың өзімен аталас, бәйбіше баласы атанатын, оның ішінде Сәдібектен шыққан белгілі, беделді кісі болған, Сарыбайдың бел баласы Қисыбайдың ел билеген кезі болады. Қисыбай Жамбылды аға тұтатын, аз да болса сыйлайтын жағдайы болады. Өйткені Сарыбайдың өзі тірі күнінде Жамбылды әрі тәуір көріп, әрі Қисыбайға аға бол деп Қисыбайдың қасына көп ерткен кісісі болған. Сондықтан Қисыбай бір келелі істе Жамбылға ақылдасып та жүретін жағдайы болған. Бірақ болыстық шарына таласу, сол арқылы кедейді байлар қанаушылық көбейіп, халықтың күйзеле бастаған кезі болады. Екей іші, оның ішінде сол Сәдібек арасының өзі бірнеше рет үлкен партия болып қатты бүлінген. Әсіресе бірнеше жыл болыс болып елден бойы асып алған Қисыбай, ұзақ уақыт би болған Күртібай (бұ да Жамбылдың жақын ағайыны) Сәдібек кедейлерінен көп адамға зорлық істейді. Олардың көрген зорлық, тартқан зардабы Жамбыл сияқты халық мұңына тілдес өскен Саққұлақ, сұңғыла адамға ауыр тиеді. Сондай бір кезеңде бір үлкен қызу партия басталады. Атақты Сүйінбай ақынның көзі тірі кезінде оның баласы Малыбай болыс болуға талас шығарады. Қисыбай, Күртібай, Тәйтелі бұлар Малыбайдан және Асылбек деген байдан көп ақша алып, болыстықты соларға бермек болады. Ылғи байлардан жуандық зорлығынан алым шығынды көп тартып, қажыған ел өздеріне жанашырдай тәуір адамды сайлауға бет алады. Елдің қалап, сайлаймыз деген

кісісі дәулеті аз, өзінше адал, елге зорлығы жоқ Бәйсерке деген жігіт болатын. Бәйсеркені сайлаймыз деген көпшіліктің ауқымына Жамбыл да кіріседі. Осыдан барып Күртібай, Қисыбайлармен Жамбыл осы сайлауда қатты қарсы болады. Өйткені Әлти, Қосай деген Екейдің жуан қамшы байлары, көп зорлықшыл рулары, егер қолдарына болыстық тисе, ел нашарларын бұрынғыдан да жылатады деген ойы болады. Осыдан барып Жамбыл Күртібай, Қисыбайлардың айтқанына көнбей, қарсы шығады.

Қызу тартыс үстінде байлар жағы ақшаны көп шашып, елді бөлектеп, Жамбылдар жағынан да көп кісіні алып кетеді. Байлардың осы озбырлығына қарсы Жамбыл ерекше тапқырлық істейді. Ол сайлауда ақшаға сатылған ағайындарын қайтару үшін Күртібай, Тәйтелі сияқты жуандардың Қарамұрын деген жердегі жалпақ егістігін, 500 десятина жерді Ұзынағаштың мұжығы Авручка деген орысқа бір жылға 1000 сомға арендіге беріп, ақшаны алып елге үлестіріп Тәйтелі тағы басқа ағайындары ол жылы егін сала алмай, жеріне бір жылға Аврушка ие болып қалады. Содан үлкен жанжал шығып, осы төбелесте Жәкеңе де таяқ тиеді. Артынан ағайын татуласып бас қосып отырғанда:

Сәдібектен бөлініп болдым саяқ,
Нарықсыз жамандардан жедім таяқ.
Түбің бірге болған соң, түтпейсің ғой,
Бәлені жаудырып ең аямай-ақ.
Үш тоқал болыс болды атпай-шаппай,
Қисыбай, іс істедің ебін таппай.
Күртібай үш тоқалға еріп кетті,
Адасқан ай жарықта ақбоз аттай», –

деп айтқан Жамбылдың осы өлеңі бұл оқиғаның болғанына дәлел. Бұл оқиғаның кезінде Жамбыл ру басы, партияшыл кісі болып кіріспеген. Бірақ Екейдің, оның ішінде өз атасының нашарларын жақтап Күртібай, Қисыбай, Тәйтелі сияқты атқамінер жуан ағайындарының елді саудаға салып, болыстықты байға сатқанына ыза болып қарсы тұрған. Нашарлардың сыбағасына істеген зорлығына ерегескендей, оларды тартыста жеңіп алмағанмен, олардың жанына бататын жерін сатып, нашар ағайынға аузына су тамызғандай, аз да болса пайдасын тигізген.

Бұл оқиға Жамбыл өмірінде өте бір ескерулі кезең болған. Ол осы тартыста өзімен өмір бойы дос болып келген Қисыбаймен де коргісіз болып араздасқан. Өзіне ұстаз тұтқан Сүйінбай ақынның баласына болыстықты көзі тірісінде бергізбеуге басшы болып қарсы шыққан. Бұрын ағайын, туғанның бәрін дос, бәрін бір атаның баласы деп, туысқаншылық істеп, тұтас қарайтын Жамбылға ағайынның да ағайына бар екені, жуандардың сыры өте-мөте осы жолы ашылғандай болады. Осыдан кейін ол осы өзі жақын көрген Қисыбай, Күртібайларға өлеңмен тиісіп, мінеп отыратын сыншы бола бастайды. Қисыбай Жамбыл сөзін көп кектемейді екен. Өйткені Қисыбай да өлеңді әдет қылмағанмен, бір ауыз, жарым ауыз сөзбенен Жамбылменен көп қағысатын әзілдес болған. Бұлардың арасындағы әзіл өлеңдері өте көп. Қисыбайдан Жамбылдың бірсыпыра жасы үлкен екенін жоғарыда айтқанбыз. Бірақ екеуі өте ерте жолдас болғанын да айттық. Сондықтан бұл екеуі өлеңмен көп қағысқан. Бірде Қисыбай мен Жамбыл екеуі өздерінің Есболат деген аталарының бір дәулетті кісісі Қайназар деген байдың үйіне келіп отырады. Қайназар Қисыбайға әзілдеп: «Мына Жамбылдың өлеңін күнде естіп жүрміз, шырағым, сенің де үніңді естиік, бір кішкене өлең айтшы!» – дейді. Сонда Қисыбай:

– Қыз өсірдің бұладан,
Ит жинадың құладан.
Ат мінесің қасқа аттан,
Қатын алдың ақсақтан, –

дейді де: «Ендігісін, Жәмеке, сіз айтыңызшы», – дегенде Жамбыл:

Қасыңа келген ақсақты,
Кәпірден жаман қақсаттың.
Қарағаш, алмағаш ектің шайырды,
Жаман-жақсы болғанмен,
Қайназар атың жайылды, –

депті.

Міне, осылардың осылай да қатар бір өлеңді бөліп айтқан кездері де болған.

Жоғарыда айтылған Қисыбай мен Жамбылдың партия жөніндегі өкпелері біраз уақытқа созылған болса керек. Жамбыл Сарыбай

аулына, Қисыбайға көпке дейін қатынаспай жүреді. Сонан екеуі бір жиында кездесіп қалады. Жамбылға Қисыбай сәлемдесіп:

Ассаламағалайкүм, Жамбыл ағам,
300 сом қарыз болып мінді маған.
Шешең жаман кісі еді күңге шатыс,
Баласы ең Жапа ағамның айттым саған, –

дейді. Өткен сайлаудағы таласта көп шашылған ақшадан Қисыбайдың мойнына бірсыпыра ақша мінсе керек. Және Жамбыл Күртібайдың Тәйтелінің 500 десятина жерін орысқа 1000 сомға жалдап, ақша алғанын естіп, осыдан барып айтылған сөз болса керек. Сонда Жамбыл жұлып алғандай:

Шешеңіз сарт болғанда, әкең ақсақ,
Айтысалық сенімен өлең тақпақ,
Жетігенттік сарт қызы шешең Бүбі,
Сен де қазақ болар ма ең үш жыл бақсақ, –

дейді. Жұлып алғандай Қисыбай да:

Жамбыл тайпақ,
Жамбыл өлең айтады құдай жайқап,
Жапекемнің оң көзі қалай еді,
Өлерінде көріп пең оны байқап? –

дегенде, Жамбыл:

Соқыр көзі әкемнің алтын депті,
Сарт қазаққа бүгінде мансап жетті.
Болыстықты өзіңнен алып қойсам,
Ізден таппай жүрерсің Жеті кентті.
Қасқа айғырдың тізгінін қағып жүрсің,
Сарыекемнің жылқысын бағып жүрсің.
Сендей сарттар базарда нан сатып жүр,
Наның сатпай бұл жерде неғып жүрсің? –

деп ащы тілге Жамбыл да Қисыбайдың жер-жебіріне жетеді. Бұл өлең ел аузына таралып кетеді. Бірақ Қисыбай оны өзекті кекке ай-

налдырып алысқа апармай, о да Жамбылға өзінің осы сияқты бір ауыз, жарым ауыз өлеңдерін айта жүреді. Бірақ ол өлеңдердің бәрі біздің қолымызға түскен жоқ.

Жамбылға әкесінің алғашқы айттырып әперген әйелі Момын деген кісі. Жаныс елінің Орынбет деген руының қызы екен. Момын деген кісі момын десе, момын адам, бұйығы ғана шаруасына ие кісі болса керек. Бұл кісіден Жамбылдың 3 ұл, 2 қыз баласы болған. Момыннан туған 3 ұлдың ең үлкені Қожақ ержетіп үйленіп, енші алып, бөлек шыққан кезде жастай ауырып өледі. Одан бала қалмайды. Онан кейінгі баласы Қожаш 1933 жылы өлген. Бұл баласы – ақындық жағынан Жамбылдың өзіне тартқан ел арасында белгілі бола бастаған адам. Бұл жайында айрықша айтылатындықтан, бұл жерде оны сөз етпейміз. 3-ші ұлы Қожамберді, бұ да сол Қожаш қатарлы 32–33 жылдарда өлген. Бәйбішенің баласынан қазірде ұзатқан Гүлтай деген қызы ғана тірі (Амангелді колхозында тұрады).

Жәкеңнің әкесі өліп, ағасы Меккеде өліп, онан кейінгі інісі Қоман тағы да өліп, 1895-жылдан 1910-жылдардың арасы өте ауыр жылдар болған. Осы кезде Жәкеңнің күйі ауырлап, өмір қызығынан көңілі суынғандай, өлеңнен де біраз тоқталғандай болады. Оның үстіне Жәкеңнің көптен жолдас болған бәйбішесі Момын да сол кезде өледі. Содан кейін Жәкең осы Тезекбайдың шешесі Қанымжан Итқара қызын айттырып алады. Ол кісі – Дулаттың Ботбайынан тарайтын Тілеуқабыл деген руының ішіндегі Итқара деген кісінің қызы Қанымжанды айттырып алған кезде, Жамбылдың 100-ден аса жылқысы бар, жақсы дөңгелек дәулетті болған. Қанымжаннан төрт ұл туған. Олар: Алғадай, Шыныбай (бұл жастай өлген), Ізтілеу, кенжесі Тезекбай. Алғадай мен Ізтілеу Отан соғысы кезінде әскерге алынып, майданға барған. Ол балаларынан қазір хабар жоқ.

Жамбыл қыздай алған бұл екі әйелінен басқа, ағасы Тәйті Меккеге кетіп сонда өтеді, сол ағасының қырғыз қызы тоқалын Жамбыл алады. Одан бала болмаған. Ол кісі де ерте өліп қалады. Одан кейін інісі Қоман өліп, оның әйелі жастай жесір қалған соң, оны да Жамбыл алған. Бұл келіннің аты Ардан деген кісі екен. Арданнан бір ұл, бір қыз туады. Ол балалары осы күнде бар. Сонымен, Жамбыл өз кіндігінен 11 бала көрген. Олардың қазір тірісі төртеу: екі ұл, екі қыз, қалғандары өлген.

Жамбыл өз өмірінің ішінде әлденеше әйелді сүйіп, бірақ оның ешқайсысына да қолы жетіп ала алмаған. Жамбылдың алғашқы жас

кезінде бір қызды ала алмай қалғанын біз жоғарыда айттық. Одан кейін Сүйінбайдың қасына еріп жүріп бір келіншекпен танысып, оны да алып қашады. Бірақ оны да сіңіре алмай қайтарып бергенін осы әңгіменің ішінде жазып отырмыз. Тағы сол сияқты өздерінің жақын ағайыны Ораз дегеннің Баяу атты сұлу әйелімен көңіл қосып, жақын болған. Ол әйелдің күйеуі Ораз дейтін жігіт өліп, әйел жесір қалады, әменгері Ожан деген жігітті Баяу менсінбейді. Жамбылға тимекші болып көп талпынады әйел. Бірақ ол күндегі әйел еркінің ғұрып тұзағында болғандығы бұларға бөгет болған. Және Жамбыл көбінесе ағайынның өкпесінен именіп, оны да ала алмай, ел талқысынан шыға алмаған. Мінеки, Жәкең ескі әдет-ғұрыптар сан шырмауына түсіп, әйел теңсіздігі түгіл, өз басындағы азаттығы болмаған. Осындай ауыр халді басынан кешірген, сүйгеніне қолы жетпей, сүймесе жар, үйлеспеген сынық көңілді жамап-жасқап өмір кешірген.

ЖАМБЫЛДЫҢ ЖАҚСЫ КӨРІП ЖОЛДАС БОЛҒАН БІР КІСІСІ ҚОСАЙ ШЕШЕН

Жамбылдың көп әзілдесіп, аса жақсы көрген кісісі Шапыраштының, оның ішінде Есқожа руының ішіндегі Жәпек деген аз атасының баласынан шыққан Қосай Ажыбай баласы деген шешен болған. Қосайдың әкесі Ажыбай момын ғана, жай шаруа кісі екен. Қосай жастайынан ел аузына ілінген шешен адам болыпты. Жетісу атырабындағы Шапырашты, Дулаттың өз тұсындағы адамдары Қосайдың шешендігін аса жоғары бағалаған.

Біз жоғарыда Қосайдың атасы Жәпек Есқожа руының ішінде аз атаның баласы дедік. Қазақтың мақалы бар, «аспанда ұшып жүрген қаз баласы, атаның таяқ жейді аз баласы» дегендей, Есқожаның өскен жуан ауылы Мырзабек, Кәшкенің тұқымдары Жәпек тұқымына көп зорлық істейді. Соның бірі Сұраншының атқа мінген батыр болған кезінде Жәпек тұқымына аса бір өрескел зорлық істейді. Соған өкпелеп Жәпек тұқымы Қарқара Текес жақтағы Албан ішіне көшіп кетеді. Ол кезде жас бала екен.

Жәпек тұқымының Қарқара, Текес бойына қарай ауғаны Сұраншының батыр аты шығып, қатарға кірген кезі дедік. Есқожа ішінде өскен жер Түрікпеннің төрт баласы болып табылады. Бұлар әрі бай, әрі азаматты болады. Сол Түрікпеннің төрт баласынан шыққан жі-

гіттерді бастап ту көтеріп, Сұраншы қырғыз елінен барып көп мал алады. Малды әкеліп үлескенде, Сұраншы: «Кәшкенің туының сыбағасы», – деп, таңдаулы бір атты оны алады. Екінші «қол бастаған өз сыбағам» деп, бір айғыр үйір қысырақты және алады. Сұраншының бұл өктемдігін Жәпек тұқымының бір жігіті көтере алмайды. Жігіттің аты Ошпыр екен: «Ей, Сұраншы, атамның туы деп бір жапырақ шүберкті ағашқа байлап алып, алдымен оны аласың. Ақ найзамның сыбағасы деп, онан кейін тағы аласың. Біздің Жәпектің де біреуі ақсақал болып, бір қара алса қайтеді?» – деп Сұраншыға қарсы келеді.

Сұраншы маған қарсы сөз айтты деп, Ошпырды ұстатып алып, сол жерде қанжармен басын кесіп алады. Ошпырдың сүйегін үйіне алып келгенде, Сұраншы өзі ой бауырымдап ат қойып келіп, Ошпырдың әкесі Шаңқанға көріседі. Және «Бауырымның сүйегін өзіме бер, ашу жеңді, қазасы өзімнен болды. Құнға жығынды етіп мені құртпа. Ат шаптырып асын өзім берейін, сүйегін өз қолымнан күтіп жөнелтейін», – дейді Сұраншы. Оған жалғыз азамат баласынан айырылып, Сұраншының қаһарлы қанжарынан өктемдік көріп отырған Шаңқан ырзалығын бермеді. Оған Сұраншы да қайтадан сөз қайырмай, аттанып кетіп қалады. Жәпек руының күш қылып, Сұраншыдан құн алуға шамасы келмей өкпелеп көшіп кеткені сол екен.

Шаңқан қартаяды. Жәпек тұқымы Қарқара, Текестегі Албан ішінде кірме болып біраз отырады. Біраздан кейін елді, жерді сағынып Текестен қайта көшіп, Алматы айналасына келеді. Шаңқан өзінің жалғыз баласына еселі құн, елеулі кек алмағанын арман етіп отырып, жас Қосайды туысқандарына көрсетіп отырып айтыпты. «Ошпырдың құнын Мырзабек, Кәшкенің тұқымынан сұраса, түбі осы сұрап алады. Осының бетін қайтармай, еркін өсіріп, еркелете беріңдер», – депті. Бұл жерде бірталай уақыт өтеді. Қосай ер жетеді. Жетісу елі орыс патшалығына қарағаннан кейін барлық дау шары орыс ұлықтарының алдына барып, занға тірелетін күн жетеді. Сол кезде Жетісу еліне төрт кісіден қазы сайланады. Біреуі Екей Сарыбай, екіншісі Әжіке Смайыл (бұл – Мәңкенің әкесі), үшіншісі Жалайыр Балпық, төртіншісі Тіленші деген кісі болады.

Осылар елдің дауын бітіретін заңды адамдар болады. Бірақ бұларға ұлықтар айдап салып тапсырған ғана дау болмаса, өз беттерімен билік ету, ер құны, жесір дауы сияқты үлкен жұмыстарға қол сұға алмайды. Қосайдың алғашқы атқа мінген, ел сөзіне араласқан кезінде, Албанның ең бір аталы жуан жерінен, Ажыбай тұқымынан

шыққан Мақсұт болысты Бақтияр деген байдың баласы Күржібай өлтіріп, сонан үлкен дау болады. Мақсұт туралы Құлмамбетпен айтысқанда Жамбылдың айтқан мына төмендегі өлеңі осының болғанына дәлел.

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халық үшін шаһит болып жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.

Қожалық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапыраштьі, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген, –

дейтіні осы Мақсұт өлімі. Мақсұтты өлтірген Бақтияр баласы Алматы қаласындағы Әпсемет деген шала қазақпен жалғасып, Әмір Әмзе деген зәкүншік арқылы уезге көп пара беріп, Мақсұттың өзінің өлімін аяқсыз кетіретін болады. Мақсұттың өз өлімі былай тұрсын оның артындағы баласы Мәсімханды және Ажыбай тұқымынан 12 адамды жер аудармақ болады. Осы ұлан-асыр дауда Сарыбай да, Қосай да болған.

Жігіттер, бір іс зиян, бір іс пайда,
Бір қырсық пайда болды Ажыбайға
Қиын күн Ажыбайға болып кетті,
Қосеке, Мәсімханды мықтап ойла.

Аспанға алып қара құстай алып ұшқан,
Кешегі ер Мақсұттың құны қайда? –

деп Албан Одаман ақынның Қосайға айтқаны бұл оқиғаның болғанына дәлел. Және Қосайдың осы дауда ерекше озып шығып, ел көзіне түскеніне де бұл дәлел. Параны көп алып, Әпсемет Әмір, Әмзе арқылы Бақтияр жағына болысып, ояз елге жауап бермей қояды. Сонда Қосай отырып: «Ұлық ашуланғанша кісі айтатын сөзін айтып болмай ма?» – дейді. Сонда Сарыбай отырып: «Оңай болса, өзің барып айтсаңшы», – дейді Қосайға. Қосай орнынан ұшып тұрып ояз-

дың қасына келіп: «Арыз», – депті. Сөзін тыңдамай қырыстап, ояз жүре береді. Қосай даусын қаттырақ шығарып: «Тоқта, ұлығым, өзіңе жалғыз тараншы керек пе, жоқ, мына тұрған жұрт керек пе? Мына жұрт шындаса, өзіңді де әурелемей ме?» – дегенде, ояз тұра қалады. Қосайға ұнатпаған қабақпен қарап: «Е, неғыл дейсің?» – депті. Қосай именбестен: «Менің айтқаным – мына отырған елдің арызы. Ел керек болса, елдің арызын тыңдайтын болсаңыз, мына шала қазақтың көзін жоғалт», – деп, қолымен Әмір, Әмзені көрсетіпті. Ояз ойланып тұрып-тұрып: «Бұл ел сөзі ме, жоқ, сенің өз сөзің бе?» – депті. Қосай: «Бұл елдің де сөзі, менің де сөзім, сенбесеңіз, мына тұрған елден сұра», – депті. Жұрт: «Бәріміздің сөзіміз», – деп шу ете түсіпті. Сонан ояз өзінің ойланып қойған теріс бетінен тоқталады. «Олай болса, жұмыстың бітімін қазылар айтсын», – деп, билікті елдің өзіне береді. Қосай келіп қайтадан орнына отыра бергенде, Сарыбай Айдос баласы: «Қосайым, Қосай-ақ екенсің ғой», – депті. Қосай: «Сареке, мені несіне салмақтайсың, мен есейсін десең, есесіз кеткен ерімнің құнын әперсеңші», – депті. Сарыбай: «Қосайым, солай ма еді жарайды. Сен даула, мен баулайын», – деген екен. Сонан кейін тағы бір жиында Қосай Ошпырдың құнын сұрай-сұрай Сұраншының інісі Андас датқа мен қазылар алдына жүгініске келіпті. Андас жүгінер алдында, өзінен құн сұрап, дауға түскелі отырған Қосайға қарап: «Өспес ұл өнбес дау қуады деп, шіріген дауды шыт жаңа ғып қайтесің? Ағайынбыз, алдымен қонысыңа кел. Ошпырды өлтірген Сұраншы да жоқ, өлтіріскен жолдасы да жоқ. Артында қалған ағайынмен араздық тұтып қайтесің?» – депті. Қосай жұлып алғандай: «Жетпеген дау – жеті кесімді қолым жетпесе, әлі де жеті рет кестіремін. Қанды қол жоқ болғанымен, қанын ұрттасқан сен барсың», – деп аузын ашырмайды. Сарыбай Ошпырдың құнын кесіп, Қосай Кәшке тұқымынан үлкен теңдік алады: Осы екі белеңде Қосайдың аты бүкіл Жетісу еліне жайылып, белгілі шешендігі ел аузында таралып кетіпті. Жамбылдың:

Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың,
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.
Қырғыз, қазақ бас қосса, топ жарады
Жиреншедей тілі бар ер Қосайдың, –

дейтіні – Қосайдың шешендігіне толық дәлел. Жамбыл бірде Қосайдың үйіне келсе, Қосай үйінде жоқ екен. Әйелі сараңдау кісі болса

керек, Жәкеңді аса ұната қоймапты. Жәкең де әйелге қырыстанып жантайып жатса, даладан Қосай келіп: «Жамбыл, неғып жатырсың? Мына кісі тамақ ішті ме?» – деп әйелінен сұрапты. Жантайып жатқан Жамбыл басын көтеріп алып:

– Қосеке, қатыныңның тілі жаман,
Айтжан, Досжан, Мұқашың болсын аман.
Елге қырсық қатыннан деген бар ғой,
Өзің ойлан, қалғанын айттым саған, –

депті. «Апырай, Жамбылым, солай ма. Олай болса, ойлана жүретін болдық. Ал өзің де маған жарастықты замандасты қарастыра жүр», – депті.

Қосай 1894–95 жылдардың шамасында өз ағаларына өкпелеп бір старшина елімен Алматы қаласынан көшіп Ұзынағаш болысына барады. Осы көшіп барғанда Жамбыл ауылдарының қоныстарына жаз жайлап, қыс қыстап екі жылдай отырады. Қосайдың жылқысы қысты күні құмға Жамбылдың жылқысымен бірге қыстап шығады. Құм мұздақ болып, Жамбыл мен Қосайдың жылқылары қайтадан тауға қарай серпіліп Қопа деген жерге келеді. (Қопа деген жер осы күнгі Түрксиб жолының Ұзынағаш станциясы мен Отар станциясының аралығындағы кең шилеуіт жазық). Сонда келіп жатқанда жылқышының азығы бітіп және жылқыдан арық-тұрақ шықты деген хабарды естіп, Жамбыл мен Қосай екеуі жылқыға келеді. Келсе, жылқышылардың азығы біткені рас екен. Пышаққа жарарлық жылқы болмайды. Екеуі жылқышыға азық алып келеміз деп, Қопаға таяу Бозармақ деген жерді қыстаған Киікбай деген байға барып қонып, жылқышыға азыққа бір еркек қой айдауға жүрмейді. Жамбылға Қосай: «Мына қойды сен өңгер», – дейді Жамбыл: «Қосеке, қой, Алматыдағы Жәпекке барғанда қойды мен өңгерермін. Кәстектегі Екейге келгенде сіз өңгеріңіз», – дейді. Қосай күліп: «Сен мені кірме қылайын дедің-ау, Жамбыл. Ендеше, мен жетектейін, сен айда; мен бастайын, сен еріп отыр», – депті. Жәкең осы сөзді өзі аузынан айтып отырады екен.

Жамбыл Қосаймен осы жолғы бірге жүргенін өз өміріндегі бір жақсы күндерінің бірі деп айтып отырады екен: «Ұйықтап жатыр едім, қасыма біреу келді. «Жамбыл, саған сақтаулы тұрған қант бар, Қарғалыны өрлесең, өзің де табасың, болмаса, мен ертіп барып көр-

сетейін, жүр», – деді. Артынан еріп жүрдім, Қарғалыны өрлеп отырып бір сайға келдік, үлкен бір мая қант үюлі тұр екен, «Мынау саған қойған қант осы», – деді әлгі кісі көрсетіп. Мен мұны қалай алып кетемін, көлігім және ыдысым жоқ деп ойланып тұрып, бәрін алмасам да балаларыма біразын ала барайын деп, олжашыл басым қанжығамдағы қоржынға салуға ыңғайландым. Әлгі адам: «Әзір алуына болмайды, қашан берілсін дегенде, біз апарып береміз», – деп қоржыныма салғызбады. Сөйтіп жатып оянып кетіп едім. Сондағы көрген түсімнің тәжірибесі менің бүгінгі өміріме келіп тұр-ау!» – дейді екен өзінің осындай сырларын айтқанда Жәкең.

Қосай туралы Жәкең аса құрметпен, оның шешен сөздерін көп айтып отырады екен. Қасқарау Ноғайбай – Қосаймен әрі замандас әрі әзілдес болған кісінің бірі. Қосайдың ағайынына өкпелеп, Ұзынағаш еліне көшіп келгенін естіпті. Сол кезде Қосаймен бір жиында кездесіп: «Қосеке, Ұзынағашқа қанша үймен көшіп келдің?» – депті Ноғайбай. Қосай жұлып алғандай: «Уа, Ноғайжан, екеуміз ағайынды қайтеміз, тоған-моған сатып жүреміз де», – депті. Ноғайбай үндемей тоқталып қалыпты. Өйткені Ноғайбай өзінің бір жақын ағайынның тоғанын сатып жіберіп, сол ағайындары өкпелеп басқа жерге көшіп кеткен екен.

Сарыбайдың Қисыбайды Қасқарау еліне бір үлкен тойға ат қоса барады. Осы ат қосатын топқа Қосай да барады. Атшабыста Қисыбайдың аты жеке қара озып бәйгеден келеді. Аттың бас бәйгесін алып тұрған Қисыбайға келіп Ноғайбай: «Қисыжан, мына атты сен де бәйгеге бірнеше қосып қызығын көрдің ғой, енді қалған аяғының желін көрейін, ағаңнан алып кетіп қайтесің, маған байлап кет», – депті. Қисыбай атты да қимай, Ноғайбайды да ауырлап ашып жауап айта алмайды. Кешке келіп қонып отырған жерде: «Қосеке, Нөкең атты сұрап қалды, ақсақал адам еді, не айтамыз» деп Қисыбай ақылдасса, Қосай үндемепті. Таңертең Қисыбайлар тұрып жүргелі жатқанда, Ноғайбай тағы келіпті. Қисыбай: «Қосеке, Ноқан тағы келді не айтамыз?» – десе, Қосай тағы үндемепті. Ноғайбай кейіп отырып, жұртқа амандасып болып. «Қисыжан, кеше бір сөз айтып едім, мына балалар сол атты әпер деген соң, тағы келіп отырмын», – депті. Қисыбай үндемей бөгеліп қалады, жантайып жатқан Қосай басын жұлып алып: «Біз саған атты бердік, ал сен бізге не бересің?» – депті. Ноғайбай: «Сен ат берсең, мен қыз беремін» дейді. Қосай: «Ол бізге беретін қызыңның бұрын неше байы бар еді?» – депті. Ноғайбай үн-

демей атына мініп жүріп кеткен екен. Өйткені Ноғайбай өз қызына бірнеше жерде құда болып, қалың малды бәрінен де алып, қай көп бергеніне береді екен де, қалғандарына қыз да жоқ, мал да жоқ, аяғы үлкен даумен тарайды екен.

Қосай айтады екен: «Өзімнің кісіден сөзге мүдіргенімде, Ноғайбайдың әйелі Әселден ғана мүдірдім (Әсел – атақты Байсейіт батырдың қызы, Қойшыбек батырдың немересі, өте шешен болған кісі). Бірде Ноғайбайдың үйіне келсем, Ноғайбай үйінде жоқ екен. Әселден өзім де сақтанып-ақ жүруші едім, сөйтсе де осы жерде бір мүдіртермін дегендей: «Ноғайбай кеткелі көп болды ма?» – деп сұрадым. Әсел: «Соны кім есептепті», – деді. Сөзі қалжың шалыстау болған соң: «Немене, Ноқаңнан түңілейін дегенсің бе?» – деп едім, «Мен масқараның біреуіне ғана қатынмын ба, мұндағысы да жетеді ғой», – дегені. Аузыма құм құйылғандай болды. Өйткені Әсел жөнінде Дулат ішінде ертедегі бір әңгімеден өсек бар еді. Соны айтты Әсел, орнымен тауып айтты. «Аталы сөзге арсыз таласады» деп, несіне таласайын, тоқтадым», – дейді екен Қосай.

ЖАМБЫЛДЫҢ ОЙЫН БІР СЕРГІТКЕН КЕЗДЕСУ

Жаз ел жайлауда отырған өте бір көңілді кез болады. Бұдан көп жылдары бұрын Арқадан ақын Шөже келіп көп үлгілі жырлар айтып, өзіне жаңа жол көрсеткендей болып, үлкен өзекті жыр, ұтымды сөзді аңсаған Жамбыл үйінде отырғанда, Үйсін Манақ ақын келеді. Бұл – Жамбыл жасы кіші болғанымен, көп кездесіп, әріптес болған ақын.

Жамбылға сәлем бере келіп, Шапыраштының қалың жайлауында айтып жүрген өлеңін айтып отырып, ол жаңалық айтады.

– Баяғы Шөже ақын келетін Көкшетаудан тағы бір ақын келді. Сүйегі біздің Үйсін екен, өзі адам сырттаны, әрі балуан, әрі әншіл, Сары үйсін Қали ауылында жатыр, – дейді. Манақ ақынның айтып келген ақыны, әншісі Қараөткелден келген Балуаншолақ болады. Ел аузына сол кездің өзінде-ақ балуанның мықтылығы тарала бастайды. Біреулер жолбарыс соғыпты, біреулер жандаралды өлтіріп қашыпты. Біреулер абақтыны қиратып, көптеген солдатты қиратып кетіпті деген әртүрлі лақап тарап қалған кез болады.

Жамбыл Манақтан балуанның түрін, күшін сұрайды. Манақ: «Мен өзге күшін қайдан білейін, өзім көргенде ондай тұлғасы бар адам көргенім жоқ. Және Сары Үйсін Қалиды екі қолының ұшымен балаша көтергенін көзім көрді, – дейді. Бір ішкенде бір саба іркіт ішетін, арбаға мінгенде жеке аты тарта алмайтын Қалиды балаша көтерді деген мақтау Жамбылға қатты әсер етеді.

Қалидың өзі жасында ірі балуан болған. Үйіне келген кісіні, әсіресе бір кісілік күші бар кісіні көргенде, екі қолының ұшымен қақбақыл тасша біресе ол жағына, біресе бұл жағына қойып ойнатып отыратын. Қалиды олайша көтеру кімнің қолынан келеді. Ол ерекше ердің ғана қолынан келеді. Әрі әнін, ақындығын естіп қызыққан әрі балуандығына қызыққан Жамбыл Балуан Шолақты көруге атқа мінеді. Жамбылдың қасына әрі сайыскер, әрі балуан Мақыш ақын, Сәдібек ақындар ереді. Топар бойындағы Сары Үйсінге келгенде, Балуан Шолаққа кездеседі.

Көптен бері өлеңін де тоқтатып, жатып қалған қарт ақынның ойы тағы елес алғандай болады. Әсіресе Шолақтың Ғалияны сағынып айтқан әні мен өлеңі:

Айым да сен, Ғалия, күнім де сен,
Оң қабағым тартады күлімдесең.
Келмейді деп Ғалия қапаланба,
Амал қанша бір минут кідірмес ем.

Аппақ қардай етіңнен,
Ғалияжан, бетіңнен, –

дегенді естігенде, Жамбылдың да:

Айырылдым қапияда, қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ түрің.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын», –

деп жырлаған, ертедегі қапыда айырылған ғашық жары есіне түседі. «Сірә, осы Балуан Шолақтың Ғалиясы қара қатын ғой деймін. «Аппақ қардай тамағың күлімдейді қабағың», – дейді. Мен Бұрымды Құтырғанның суынан алдыма алып өткенде, ай жарық еді. Аяқ

киім су болады деп, кебіс-мәсіні шешіп екеуіміз де балақты түріп алдық. Сонда Бұрымның балтырының ақтығы сондай, айға шағылысып еді», – деп күледі екен. Ел аузындағы сөзден Жамбыл Балуан Шолақпен біраз бірге болып, әніне қанып, күшін де көреді. Өз көзімен қырғыз, қазақтың сан батыр балуанын көрген, Кенесарының Сыздығын көрген Жамбылға Балуан Шолақ олардан гөрі көбірек ой, ерекше көрнек қалдырады.

Әсіресе Балуан Шолақтың өз басынан кешкен әңгімелері ерекше ерлік болып әсер етеді.

Өлеңге Жамбыл жүйрік, әнге – Кенен,
Сегіз айғақ шықпай ма бір денеңнен.
Сандалтып Ұлы жүзді әнмен айдап,
Сонымен де күн көріп жүр Кенен деген, –

деп, Кененді әнге бағыстаған Жамбыл кейіннен Балуан Шолақ әнін Кененнен тыңдап, қайта-қайта айтқызатын болады.

Сол кездің өзінде ұлғайып, көп ақынға аға болып қалған Жамбыл. Олар: Үйсін Манақ ақын, Шағатай Шарғын ақын, Шапыраштының Төлеміс руынан Ізбасар ақын, Сары Үйсін Байбурыл ақын, Төлеміс, Жалдымбек ақын, Дулат ішінде Қоралас руынан шыққан Қожантай ақын, Ысты руынан шыққан Бегалы, Бектұрсын деген екі ағайынды ақын, Көкірек (Дулат) Қарақбай ақын, Жаныс руынан Сәдібек ақын, Сәмбет руынан Бармақ ақын. Және сол рудан шыққан Құрма ақын. Шапыраштының өз ішінен Арғынбай, Қарабек (осы күнде бар), Байсалмақ Қосай руынан Сүлеймен ақын, Сәмбет руынан Қуандық ақын. Міне, осы ақынның бәрі – Жамбылдан жастары кіші, заманы бір ақындар. Бұлардың қайсыбірімен Жамбыл айтысып та қалған, бірақ олардың көбі сақталмаған.

Жамбыл бұлардың бірсыпырасын ақындық өрісі аз, сөздері өткір емес деп мінеп отырады екен. Жамбылдың өз тұсында өзі қатты елеген ақындары Дулат Сарбас ақын, Сәмбет Қуандық ақын, Тілеукабылдан шыққан Әрім ақын, Кенен – Қасқарау руынан, Үмбетәлі – Айқым руынан. Өзгелерін ұсақ деп, келетін сөзді нөсерлете жақсы үнмен айтқанды жақсы көрген.

Жамбыл әсіресе ақындарға өз елінің ата-тегін, соның шежіресін біліп, елінің шешен, би, шежіре ақынын жақсылап іліп алуды үлгі етіп айтады екен. Бұл турасында Жамбылдың өзі де сәлем бере кел-

ген Үйсіннің бір ақынына өлеңін айтқызып тыңдап, сонан соң атагегін сұрайды, әлгі ақын білмей қалғанда, оған ұрсып, сенің атаң жөнінде ел аузында мынадай әңгіме бар деп, өзі ұзақ әңгіме айтты, сонан соң оған: «Бұдан былай осыларды анықтап біліп алмай, өлең айтам деме деп, ақыл айтты», – дейді білушілер.

ЖЫЛЫ ҮЙ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛДЫҢ БАСЫНА ТИГЕН ЖҰДЫРЫҚ

Жамбылдың жасы алпыстың ішіне кірген кезде Екей, Есқожа рулары қыстауға орнығып, жылы үй салып, қыс жылы там үйде болып, жаз киіз үйге көшетін болған. Қарақыстақ өлкесіне алғашқы жылы үй салып үлгі көрсеткен – Есқожа руының ішінде Қаликұл деген молда болған, бұ кісі Мырзабек тұқымы, өзі (Әулиеата) Жамбыл қаласында тұрып оқып, содан келгеннен кейін сол жақтан көруі бойынша жылы үй салып және үйдің айналасына ағаш еккен.

Осы Қаликұлдан көріп Сарыбайдың Қисыбайы 1905 жылдардың шамасында жылы үй салған. Одан Жамбылдың өзі 1910 жылдар шамасында осы күнгі колхоз ауылының бер жағындағы ескі қораның орнына үй салғызды. Қаликұл, Қисыбайлар үй салғаннан бастап, Екей, Есқожаның көпшілігі үй салып, айнала ағаш егу, әсіресе Мырзабек, Кәшке рулары өз алдына алма бақтарын егуді үлгі етіп әкеткен.

Шалтабай, Нұртай сияқты Құдайберген балалары үлкен-үлкен бақтар салып, үйлерінің маңайын түрлендіре бастаған. Олардың ол бақтары осы күнге дейін бар, қазір колхоз пайдаланады.

Молдадан құтылмайды амал, айла,
Өсіріп жерден шыбық тапты пайда.
Ағашты қойдай бағып қоздатқанда,
Жинаған қора толы малың қайда, –

деген Жамбыл өлеңі Қаликұлға айтылғанда жай айтылмаған. Қаликұл ағашты өсіріп малға сатыпты. Жәкең үйін жабуға ағаш сұрағанда, Қаликұл сатамын деп бермепті. Сонда айтса керек. Бұл 1909 жылдары шамасында. Қаликұл молдалығы болмаса, кедей кісі болыпты. Жамбылдан үлкен екен, бірақ көп қалжыңдасып ойнай береді екен.

Есқожа елінің іші бір кезде өзара партия болып екіге бөлініп, араларында үлкен айтыс-тартыс, араздық болады. Есқожаның Таңатар деген атасының баласы Түргендегі Шапыраштыға бармақшы ағайынға өкпелеп орнынан аумақшы болады. Сонда бұлардың көшіп барамыз деп, Түргендегі ағайындарына жіберген кісісіне Түргендегі ағайынынан кісі келіп, көшіріп алмақ болады.

Талдыбай, Ботамбай деген екі ағайынды кісі басында көшпекші болып, артынан Ботамбайдың қонысын тастап кеткісі келмей айтқаны:

– Жайлауың тіпті суық, қар жауады,
Дірілдеп қатындарың қой сауады.
Біздерге көшпейсің деп өкпелейсің,
Азапқа ондай қиын кім ауады.
Әлдеке, жерден ауған тегі оңбайды,
Айырылған өз елінен бек оңбайды.
Там салып, жоңышқасын бәрін тастап,
Тастаған мұндай рабат тегі оңбайды, –

деп жырлапты. Бұл өленді айтқан Сүлеймен Тәйкімұлы «Октябрь» колхозында, ол кісінің айтуына қарғанда бұл 1900 жылдан бергі жерде көрінеді.

Бұл кез Жәкеңнің дәулеті шағындалып, кедей тартқан кезі болады. Бір жағынан өрісі тарылған, екінші жағынан патша отарының алым шығыны басып, халық күйі ауырлағанда, Жамбылдың да күйі ауырлайды. Бұл кездегі Жамбылдың арқа сүйері домбыра болып қалады.

Ел жайлаудан қайта серпілер кез Қарақия, Сарыжазық, Құлансаз, Үлкенсаз, Суықтөбе, Ақтасты, Желдібайды жайлаған Шапыраштыны, Дулат рулары жұрт жаңартып, бір серпіліп қайта көшіп қонады. Желдісайдың сонысын шайып Жылқыбай сияқты Сәдібектің (бұл Жамбылдың аталары) байлары Асусай жотасына келіп тоқтайды. Малы шағындалған Жамбыл ауылдары Желдісайдың киікоты, тықыр бетегесінің түбінде отырып қалады.

Жетісу елін жандарал Алматыға тойға шақырыпты, әнші, домбырашы, ақын, жырау, жүйрік ат, қыран бүркіт – бәрін әкелсін деп бұйрық болады. Осы тойға баруға Жамбылға да хабар болады. Жылқыбай, Шалтабай, Тәйтелі сияқты атты, жабдықты байлар тойға жүргенде, Жамбыл да жүреді.

Той-жиын дегенде арқаланып, көтеріліп кететін Жәкең бұл тойға аса көңілденбейді. Бірақ ақынды қалдырмасын деген бұйрықпен болыстар қалдырмай алып жүреді. Жәкең бұл тойдың не екенін, қайда, кімге өлең айтатынын онша біле қоймайды. «Сол жылғы жаз да, жайлау да кедейленген өмір түріндей сұрғылт, көңілсіз еді», – деуші еді Жәкең өзімен сөйлескенде дейді білетіндер.

Бәйге атын алып, жорғасын мініп, тойға жүрген байлармен, болыс, билермен Жамбыл да бірге жүреді. Жамбыл айналасы Мақаш сияқты әрі батыр, әрі ақын Үмбетәлі сияқты шәкірттерімен шоғырланады.

Той Роман тұқымының 300 жылдай үздіксіз патшалық құрған құрметіне жандарал жасаған әрі той әрі көрме болады. Алматы қаласының тау жақ қырындағы Үлкенарықтың сыртынан үй тігіліп, сол жерде болады. Ақындар, әншілер, домбырашылар бір үйде болады.

Тойға 15 ақын жиналады, олар: Дулатты Шағатай руынан шыққан Шарғын ақын, Меркедегі Ысты Майкөт ақынның баласы Арқабай ақын, оған еріп Мамырайым ақын, Жаныс руынан шыққан Мүсіреп баласы Сәдібек ақын, Бұйдас руынан шыққан Жанақбай ақын (бұл әлі тірі) Әлті руынан шыққан Қарабек ақын, Әбдіқадыр Қасымбаев ақын (о да тірі, қазір «Новая жизнь» колхозында), Қаскараудан Мұхаметжан ақын, Есқожадан Өмірзақ жаршы Жамбылдың жақын шәкіртінің бірі Үмбетәлі ақын, Жаныс руынан Шүктей ақын.

Осы жиналған ақындардың бәрі де Жәкеңнен кіші, көбі өзінің шәкірттері. Жәкеңді осы ақындарға басшы етіп, жауапты қылып қояды әрі ешқайда бытыратпа, әрі патшаны мақтап өлең айтқыз дейді.

Бірақ Жәкеңе бұл той онша әсер етпейді, шарықтап өлең төгерлік ықыласы болмайды. Жандаралдың тілмашы Бақия Сырттан баласы, уездің тілмашы Тергеусіз баласы тапсырманы ұғындырады. Бірақ ақындар не жырлады, нені айтып жатыр, онымен ұлықтардың жұмысы аз болады. Бір үйге жиналған жиырмаға тарта ақынға Жамбыл ақсақалдық етіп, басқасына сөз үлгісін айтып беріп және қыдыртып өлең айтқызбауға Жамбылды ие етеді. Сол жерде тойға келген ақын, әншілерді қатар отырғызып суретке түсіріп алады. Мұның өзі оларға маңдайына жоғалмас таңба басқандай болып көрінеді. Ол сурет осы күнде бар. «Түс мезгілі еді, үйде отыр едім, ояз Лихановтың өзі кіріп келді, мас екен. Тілмаш арқылы басқа ақындар қайда, оларды неге тараттың деп маған ақырды. «Мен ақынға қойшы емеспін. Және тамақтары аш, бір үйде қамалып жатсың ба, тамақ іздеп кеткен шы-

ғар», – деп ем. – Сен соны айттың деп Лиханов келіп мені төбемнен қойып қалды. «Мынау қайтеді» деп, домбырамды қолыма ала беріп едім, ойым неде болса періп қалайын деп, тілмаш маған қолымен ымдап, мені жақтап, «өлең айтсын» дейді деп бұйрық етті:

– Әділі жоқ ояздар,
Әділетін бұрады.
Ақтаяқты айналып,
Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды,
Төбеге келіп ұрады.
Басыма бір қойғанда,
Миым кетті айналып.
Лихановтай оязға,
Басым отыр байланып.
Басында сөзін ұқпадым,
Ұқпағаннан бұққаным.
Қайдан бағып отырам,
Аш ақынның ас ізден,
Қаңғырып сыртқа шыққанын, –

дегенімде, тағы да жерді тепкілеп зекіді. Ол екі ортада (Шағатай руынан, Дулат елі) Шарғын деген бір көзі соқыр ақын бар еді, оны бір солдат желкелеп әкеліп үйге кіргізді. Сөйтсем, ол үйдің қасындағы бақтан алмұрт алып жеп жатқанын көріп, желкелеп әкеліпті.

«Сендерді құрметтесе, ұлықтың бағынан жеміс ұрлайсыңдар, бәріңді жаптырып қоям дейді», – деп тілмаш қорқытты. Сол жерде сыртта жүргендер жиналып қалды. Бірақ ұлыққа қарсы кім сөз айтады. Жұдырығы қатты неме екен, басым ауырып қалғаны», – деп, біз үйіне келіп отырғанда өз аузынан айтты. 12 тамыз, 1944 жылы, өз үйі.

Сол жылы Жамбыл тағы бір үлкен ұлы дүбір жиынға кездеседі. Атақты қырғыз елінің манабы Жантай баласы Шабдан манапқа қырғыз, қазақты шақырып ас береді, асқа Орта жүз, кіші жүзден де кісі келеді. Ұлы жүз тұтас шақырылады. Ас мал жетіліп, ел күзекке қайтқан кезде беріледі.

«Шабдан асы қазанның бірінен онына шейін созылды, он мыңға дейін үй тігілді, асты басқарып бақылап тұру үшін Алматыдан 9 казак орыс, 30 солдат алдырылды. Адамның көптігі сондай, біреуден

біреу адасып кетеді. Елді адастырмас үшін Пржеваль уезіне қызыл ту, Пішпекке қара ту, қазаққа көк ту, өзбек пен ноғайға ақ ту, адасқанға ала ту тігіп, әркім өз елінің жөнін тек тудан білетін болды. Бәйгеге 180 ат шапты, атты Боралдай биігінде (бұл Шабданның жайлау, күзеуі) тұрып қонаға айдап 50 шақырым жерден жіберді. Жиырма бес атқа бәйге берілді. Бәйгеде отыздан артық ат өлді. Екі бала өлді. Сайыскa қырғыздан Ақсақал деген сайыскер, дүнген Бұлар батырдың сайыскері Жүсіп деген қазақ жігіті шығып, екеуі тұқыл найзамен түйісіп, Ақсақалды Жүсіп түсірді. Бас балуанды Қарқаралыдан келген Шәкірбек деген балуан жықты», – деп 1913 жылы шыққан Айқап журналының № 3 санында жазған.

Осы асқа Жамбыл да барған. Бір Жамбыл емес Жетісу Әулие атаның сол кездегі домбыра ұстаған ақындарының бәрі барған.

Жетісу, Алматы уезінен барған қазақтың атқамінер болыстары Сәт, Мәңке, жандаралдың тілмашы Ибрайым Жайнақ баласы – бәрі ас берген Шабданның Қисамиддин деген баласына кісі жібереді. «Шабдан қазақ, қырғызға бірдей болған кісі еді. Бір ғана қырғыз жоқтай ма, жоқ, біздің қазаққа жол бере ме, біз қырғыз тілін түсінбейміз, біз де манапты қадірлейміз, егер рұқсат берсе, біз де Шабданды қазақ ақынына жоқтатып, жар айтқызамыз», – дейді. Басында тек қырғыз ғана жоқтайды. «Қазақ ақындары өлең айтып, топ жиса, аты айыпқа кетеді. Өзі жауапты болады», – деп қойған ас иесі орынды, аталы сөзге жығылып, қазақ атынан бір ақын жаршы болып жоқтасын, бірақ ақынын мына ұлықтарға, ас басқарған қырғыз манаптарына әкелсін», – дейді.

Қазақ адамдары болып ақылдасып Жәкеңді ұйғарғанда, Жамбыл: «Мен қырғыздың ата тегін мақтауға олақ едім. Және жырды қойып жүр едім, мына Өмірзақ жыр айтсын», – деп, Өмірзақ Қарғабай баласына баруға ұйғарады. Мәңкеннің інісі Қасен болыс оязға Өмірзақты алып жүргенде, Жамбыл: «Ал, Өмірзақ бір нәрсе ілінсе, енді ілінер, қимылдар жерің келді, жүрексінбей айт, өз атаң ғой, қырғызды дүрілдет», – деп күлді. Бір жағы қалжың, әзіл болса, екінші жағында шындық. Өмірзақтың төртінші атасы қырғыздан келіп Көкшеге (бұл Есқожа руынан шыққан хан атанған кісі) сіңген.

«Қаралы үйдің қасында қырық жігіт бастарын орамалмен тартып тастаған, қолдарында бақан, елді қорып жолатпай тұр екен. Келген ұлықтар Шабданның өз баласы Қисамеддин, қырғыздың ас басқарған манаптары қаралы үйде отырғанда, Қасен (Өмірзақтың бастаған болысы) омыраулап үйге таянып келіп, «Ал, Өмірзақ», – деді.

– Шудың бойын өрлеген,
Екі кебін жерлеген
Ат кетпеген кермеден
Дұшпанға өткел бермеген.
Өткеннен соң хан Шабдан,
Көкетай, қандай қылам деп,
Үш мың үйді тікті де,
Ат жаратып сауын айтып,
Кімдер асқа келмеген, –

дегенімде, «Бұл кім? Қай ақын?» – деген дауыстар шығып, бір жігіт келіп атымды ұстап, түс деп жұлқылады. Шошып қалдым, ойбай, жар айтам деп бәлеге қалдым ба, атым айыпқа, өзім пасгрукке кеттім бе деп. Қасен де аттан түсті, мснімен бірге қаралы үйге алып жүрді. Қамап тұрған ел жарылып жол берді, Шабдан батырдың өз үйі есігінен төріне дейін кілем. Отырған ұлықтар қырғыздың манаптары, біз келіп босаға жақтан отыра кеттік. Ас берген Шабдан елі қараған Пішпек уезінің тілмашы бар ақсақал қазақ: «Мына ұлықтар сіздің жаршының сөзін жақсы көріп отыр, аты-жөні кім деп сұрады», – деді. Қасен айтып жаздырды. «Ұлық жырласын», деді деп маған қараған соң:

– Айтып жатыр ұлығым,
Біле алмадым басында.
Ұлықтың әділ қылығын.
Сөз берсеңіз жаршыға,
Екі болмай бұйрығың
Шабдан ханның асында
Жарысқа салдың, жақсылар,
Қырғызда қазақ жүйрігін.
Сөз айтамын қалайдан,
Әдіге не Тыңайдан,
Саяқ пенен Бұғыдан,
Есқожа мен Қанайдан,
Есенқұл мен Қынайдан,
Қосты менен Сарыдан.
Құрама жұрттың бәрінен,
Жадігер мен Мендізден,
Жетпіс ұру қырғыздан,

Екі Кебін жайлаған,
Шалғынға бие байлаған,
Күндіз-түні ордасы
Қазаны тынбай қайнаған.
«Емі» деген қырғызды,
Алдына сап айдаған.
Шабдан ханның асында,
Ұлықтардың қасында
Сөз берсеңіз ал маған
Ағытайын жырымды
Айтар жерім барымды, –

деп бір дем алып тағы бастай бергенімде, тілмен, қолмен жайқап тоқта деді. «Мына ұлық айтады: басқа кісі жырламайды, сіз жырласын дейді. Енді өзіңе көп сый береді. Мына манаптың баласына еріп жыр айтасың», – деді. Сол-ақ екен, қазақтар көтеріліп, мен далаға шыққанда, жиырма шақты қазақ жігіттері екі жағыма бөлініп мені ортаға ала жөнелді. Алдымда қырғыздың бір қалың тобы тұр екен. Келе ақырып жырлап жібердім:

– Екі кебін жерлеген,
Ат кетпеген кермеден,
Астында бедеу терлеген,
Алысқа қолды сермеген.
Тар кезеңді бермеген,
Көкетай хандай етем деп,
Үш мың үйді текті де
Сауын айтып ат шапты,
Қырғыз бенен қазаққа.
Бұ да келген бір дәурен.
Мұсылманның патшасы,
Бұлар да өтті дүниеден.
Шылауын қызыр жөндеген,
Өтпейтұғын өмір жоқ,
Сынбайтұғын темір жоқ,
Қырғыз, қазақ ұлында
Бір пенде жоқ тең келген.
Самидден Мүкіш, құлақ сал,

Айтатын бір сөз сендерге,
Жақсы қымқап кие алмай,
Жақсы жорға міне алмай,
Батыр мен неден құрыдым.
Айтайын деп айта алмай,
Айта алмай тағы қайта алмай,
Құрып тұр менің амалым, –

дегенде, Шабданның менің қасымдағы Аман деген баласы тарт үйге деп әкеліп, бір қымқап, бір кемер белбеу алып шығып, үстімдегі киімді алып киіндірді. Сонда қайдан келгенін білмей қалдым, Жамбыл келіп қалған екен: «Мен етегіме салған алтынды саған төктім, енді оңаларсың. Бірақ кигеніңді шешпе, мінгеніңнен түспе!» – деді, сол сөзі әлі есімде.

Жамбыл айтса айтқандай, осы жолы көп олжамен қайттым. Ас тарқарда Пішпектің уезі шақыртып алып суретке түсірді. 100 сом ақша берді. Онда да Жамбыл бірге болды. Мен осы астан кейін оннан аса үлкен аста жар айттым. Өмірі кісіге өз аузынан сөз бермейтін Жамбыл Шабдан асында маған сөз беріп, бетімді ашты».

Дулат елі Бесторсық деген атаның баласы Оразалы деген бай белгілі кісі болған, соның асы: Қасқара руынан шыққан Ноғайбай асы, Қусирақ руынан шыққан Алтай деген кісінің асы, тағы толып жатқан астарда осылайша жар айтқан. Ондай үлкен астарда жар айтушыны бұрынғы атына қарай таңдап шақыртады. Үстіне жақсы киім кигізіп, жақсы жорға мінгізеді. Қасында сол ас берген жердің жанкүйер жақынының біреуі болады.

Ол кісі жаршы ақынды ертіп жүріп, асқа келген кісілерді түсіреді. Сый кісінің алдынан шыққанда жаршы бірге барып жар айтады, өлген адамның аты-жөнін, ата тегін, өзін айтып жарлап, келген жұртқа таныстырады. Жамбылдың тәуір деген шәкіртінің бірі – осы Өмірзақ ақын Қарғабайұлы, қазір ол кісі 82 жаста, «Октябрь» колхозында тұрады, Жамбыл ауданы.

Қазақ халқының басқа жүздерінде ертеден бері болмаған халық ауыз әдебиетінің бір өзгеше түрі осы – Өмірзақ ақын жақсы айта білген жар түрі. Бұл тек аста ғана емес, тойда да айтылады. Кейбір үлкен базарда да айтылады. Ұлы жүзде мұны көп ақын өзіне белгілі тақырып етіп айтып әдеттенген. Біз жоғарыда айтқан Әмір ақын да осы жар түрін жақсы айтқан ақын.

Тойда, базарда жар айтқанда, жоғалған мал, қашқан әйел, адасқан ит, бұралқы болған қой, қозыға дейін жарланып айтылып, елден сұрау салу ретінде болған.

Өмірзақ ақын осы 1945 жылы өз аулында отырғанда осы жардың жайы сөз болып, сонда өзінің бір әйелге сұрау салғанын айтты. Осы Шапырашты руының бір атасының баласына ұзатқан Дулат руының бірінің қызы барған жеріне наразы болып, бір түнде қашып кетеді. Сол кезде бір үлкен той болып, жұрт жиналады тойға. Келіншектің күйеуі, төркіні екі жағы да келіп сұрастырғанда, келіншек төркініне бармаған болып шығады. Олай болса, бұған жар салғызамыз деп екі жағы Өмірзаққа ақша беріп, жар салдырып жоқтатады.

Бір топ кісінің ішінен бір жас жігіт шығып, жаршы Өмірзаққа: «Мен білемін, жесір иесін маған көрсетіңіз, бірақ көп сүйінші аламын», – дейді. Өмірзақ жесір иесіне айтып, сұраған сүйіншісін беріп айтқызады. Келіншек табылады. Қыз төркіні жесір дауынан құтылады, қайын жағы інісі жаласынан құтылады. Міне, жаршының орны Ұлы жүзде осындай жоғары бағаланып келген.

ҚАЙТҚАН КӨҢІЛГЕ ҚАЙҒЫЛЫ БЕЛЕС

Жамбыл көңілі жабығып, өленді тіпті сирек айтып, тек домбыраны күңіренте тартатын сарынға айналады. Біз жоғарыда айтқамыз, Жамбылдың шешесі Ұлдан Орымбет деген елдің қызы екен. Ұлданның нағашысы – Қанадан деген бақсы, ол Жалайырдың бір руынан шыққан, аса қобызшы кісі болыпты. Қанадан күй тартқанда, әсіресе Асанқайғының желмаямен жортқан күйін тартқанда, тыңдағандар жылайды екен. Жамбылдың нағашы тегінен келген домбырашы, күй тарту өнері де болған.

Жамбыл осы кезде сол домбыраның ішегіне сүйеніп күй тартады. Бірақ Жамбыл өз тұсынан күй тартып, сарынға салды ма, оны ешкім айырып айта алмады. Бірақ Жамбыл осы күйлерді жақсы көріп тартушы еді деп «Ыңғайтөк», «Сұрмерген», «Басшылбай», «Күйшілбай», «Ұран күйі» деген күйлерді тартады екен. Бұл күйлердің әрқайсысының әңгімесі бар.

«Сұрмерген» деген күй, – қазақ ертектерінде көп кездесетін атақты мерген. Бірде мерген аңға шығады, жас өспірім баласы ере шығады, көп жүрген соң баласы шаршап, ере алмай қалады. Әлден уақытта

мерген аң іздеп, еш нәрсе кездеспей қайтып келе жатса, бір бұтаның түбінде киік сияқты бір нәрсе жатыр. Мерген атып салып қасына келсе, өзінің бағанағы жатып қалған баласы екен. Баласының киік терісі тоны бар екен. Сондағы Сұрмергеннің баласына, өзінің қатесіне күйініп тартқан күйі деп тартады екен.

«Басшылбай» орысқа қараған кезде жазаланып, Сібір айдалып, сонда тартқан күйі екен.

«Ұран күйі» деген – осы күнгі Түрксіб жолының Іле мен Алматы стансасының арасында Байсерке деген станса бар, сол станса тұрған жер Дулаттың Жаныс деген руынан шыққан Байсерке батырдың жері екен. Байсерке аса батыр адам болыпты. Байсерке – қазақ пен қалмақ жауласқан кезде болған батыр. Осы «Ұран күйін» сол кісі жорыққа аттанарда тартады екен. Байсерке осы күйді тартқанда, өзінің Кертөбел деген тұлпар аты ойнап, билеп тұрады екен, тағы осы сияқты бірнеше жыл ойды күймен жұбататын сарын да болған тәрізді.

Жамбылдың күй тартуы жөнінде Үмбетәлі, Өмірзақ, Ыбырайым – бәрі де айтады. Және бізге осы айтылған күйлерді тартып, осы күйлердің әңгімесін қысқа-қысқа айтып берген – Сыдық Малтақбайұлы деген ақсақал. Бұл кісі Жамбыл ауданы, Жаңгелді колхозында тұрады. Жасы 1944 жылы 78-де еді.

Бұл ақсақал бізге оннан аса күй тартты.

Жоғарыда айтылған 3–4 күйден бөлек, «Абылай шайқамасы», «Қасабек күйі», «Қалжан күйі», «Ердебай күйі», «Ерке атан күйі», «Өзбек күйі» тағы бірнеше күйлер.

Ұлы жүз, оның ішінде Алматы атырабындағы Шапырашты, Дулат ішінде де көптеген күйшілер болған, сол күйшілердің кейбіреуі әлі де бар. Бірақ алды 70–80 жасқа келіп, қартайып қалған. Мысалы, Ұзынағаш стансасында тұратын Жантай баласы Бекбатыр деген қарт. Күйші домбыраның ішегін бақаймен тартады, әлденеше күй тартады. Бұл жөнінде бір жинарлық нәрсе – осы Жәкең тартқан күй мұрасы.

Жамбылдың немере інісі Өмірәлі Жадыра немересі Жамбылдың домбырада тартатын күйлерінің біразын тартады. Оның айтуына қарағанда, Жәкең 20 шақты күй тартады екен. Бұл күйлердің бірсыпырасы жоғарыда айтылған Сыдық Ақсақал тартқан күйлер, оған Өмірәлі:

1. «Ыстамбұл күйі»
2. «Есім Саржан күйі»

3. «Көрұғлы сұлтан күйі»
4. «Батыр Қалша, төрт жігіт күйі»
5. «Бозінген әңгімесі»
6. «Абдібектің Кер толғауы»
7. «Едігенің терісқақпайы»
8. «Шортанбай күйі»
9. «Қырғыз Мұраталы күйі»

деген күйлерді қосты. Өмірәлі осы күйлердің көбін өзі тартады. Өмірәлі өлеңге де, домбыраға да ептеген ыңғайы бар. Жәкеңнің күйін тартып және Жәкеңнің ақын баласы Қожаш жайында ол біраз әңгімелер айтты.

Жәкеңнің жайынан әңгімелесіп отырғанда, Өмірәлі мен Тезекпай екеуі Жәкеңнің күй тартуынан мынадай бір әңгіме айтты. «Колхоздастыру кезіндегі асыра сілтеу, өтірік белсенділер көбейіп, шаруаны ағат қыспақтарға ұшыратқанда, біз көшіп қырғыз асып, Көкайрақ өзенінің бойындағы «Ильич» атындағы қырғыз совхозында қызмет істедік. Артымыздан Жәкең де келді, ол кісі де сол совхозда біздің қолымызда болды. Анда-санда бұрынғы үйренген елі емес пе, кетіп қалып, қырғыз еліне барып қайтып жүрді. Бір күні бір тарпаңдау байтал мініп кетіп, Жәкең содан жығылып, мертігіп, бір айдай жатып тәуірленді.

Сол жатқанда көп күй тартып, күні бойы өзін күйімен жұбатты, Жәкеңнің мертік асына екеуіміз екі қой сойып бердік. Сонда етті қазанға салғанда: «Ал мен күй тартайын. Күй отызға жеткенде, еттерің піседі», – дейді. Біз әдейі күй көбірек тартылсын деп, оннан аса бергенде, кейін шегереміз. «Немене өнбей кетті, қайта тартамын», – деп басынан қайта тартады. Және әр күйдің өзіне арнаулы әңгімесін айтып отырады. Бұрын кім байқапты. Сол кезде Жәкең өте көп күй тартты», – дейді екеуі. Осылардың айтуына қарағанда, Жәкең көп күй тартқан. Бұл күйлер Ұлы жүз елінің тарихына, өмір күйіне, ерлігі мен елдігіне байланысты күйлер. Әлі де осы күйлерді білетін кісілер аз емес, осыны ескеріп жинап алынса, өте жақсы болар еді.

Біз Жәкеңнің өлеңді сиретіп, домбыраға сүйеніп күйді серік еткен бір кезін айтып, оған кейінгі кездегі кейбір күй тартқан уақыттарын да айттық, жоғарыда айтылған Жәкеңнің күйге бой ұрып, ауылды күй үнімен күңіренткен кезіне 1916 жылдың ауыр оқиғасы кездеседі.

Осы сарынға түскен ақынға, жабыққан жағдайсыз хабар сап ете түседі. Ол хабар үш жылға созылған үлкен соғыстың ауыр зардабы елді қажытқан кезде, қазақтан майданға қара жұмысқа кісі алу (19 бен 31-дің арасында) туралы жарлық шығады. Бұйрықтың алдыарты елге келіп түсініп болмастан бұрын ел ішінен бірнеше адамдар Верный (Алматы) қаласына шақырылады.

Оның бірі Жамбыл болады. Бұл жерде бір ескерту:

1940 жылы шыққан Жамбылдың бір томдық шығармалар жинағында қысқаша өмірбаянын жазған Есмағамбет 16-жыл жайында:

Ақын, әнші-күйші қыруар жан,
Аймағын Жетісудың жинап алған,
Сабаннан төсек, ерден жастық етіп
Жатарға жар салғызды ат қорадан, –

деген үш ауыз өлеңді келтірген. Осы өлеңі, жинағындағы «Зілді бұйрық» деген өлеңі сол кезде айтылған.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн Ыстық, қайнап тұрған саршатамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.
Жақсыдан жақсы қоймай алды санап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы жұрт,
Қамалғандар тірідей тартты азап.

Бұл өлең құрылысына қарағанда, тап сол күнде айтылған емес тәрізді. Өйткені болып тұрған қиянаттың үстіндегіден гөрі, артынан еске түсірген сияқты құрылған. Жамбыл сол 1916-жылғы оқиға жөнінде бірсыпыра жыр айтыпты. Бірақ ол жиналып жазылмаған. Жамбылдың өзіне жақын ағайыны әрі ақын, балуан сері жігіт Мақыш осы көтерілісте жігіттерді бастап, сол жылы Жетісу елін көтеріліске бастаушылардың бірі Бекболатқа және сол жылы көтеріліс бастағанның бірі Сатай батыр, осыларға барып қосылған. Мақаш өмір бойы Жамбылмен бірге болған. Өте қадірменді шәкіртінің бірі. 1918 жылғы Алматыда түсетін суретте Мақыш бар. Сол Мақыштың көтерілісті бастап Сатайға қосылған жігіттерінің ішінде Жамбылдың өз балалары да болған. Жетісу, оның ішінде Алматыға қараған

Шапырашты, Дулат қазақтарының көтерілісіне бас қосып сөйлесуіне белгі және тиянақ болған жиын – Дулаттың Қасқарау руынан шыққан Сұлтан деген атқамінер белгілі кісісіне берілген ас. Бұл аста көп ел бас қосады. Асқа Шапырашты Дулаттың ақын, әншілері, атқамінер ел билеушілері – бәрі жиналады. Осы аста ел толқып тұрған кез, бас қосып бір толқынға уәде байлайды. Осы асқа елдің жігіттері өздерінше қару-жарақты байлап барады. Онын, себебі ондай топталған жерде приставтар, тыңшылар көп жүретін болады. Сонда Мақаш өздерінің арғы аталары ертеде өлген Жәпек батырдың сауытын үстіне киіп, ақ кебентай бөктеріп еді және ел ортасына:

– Мұсылман ерік кетті баласынан,
Сөзімнің ғибрат ал сарасынан.
Патшамыз бұйрық қылды солдат бер деп,
31–19-дың арасынан.
Осыған тірі отырып көнеміз бе?
Іріктеп бар боздақты береміз бе?
Болмаса елдік қылып тізе қосып,
Батырға топ бастаған ереміз бе? –

деп өлең айтты. Осы топта Жамбыл да болды. Мақыш осы өленді айтқаннан кейін, Жамбыл домырасын алып ұзақ жырлады. Жігіттер жапырылып Жәкеңді көрсетпей кетті. Өленін тыңдатпады, не айтқанын ұға алмадық, – дейді Ибрайым Бейсембетұлы ақсақал, бұл кісі Жамбыл колхозында Мақаштың немере інісі, Жамбылға 4–5 атадан қосылады, шежіре кісі.

Жамбыл бір ғана сол аста емес, әлденеше жерде ел қамы үшін, жастардың басына келген ауыртпалыққа қатты күйзелген, әсіресе өзінің өте жақсы көрген туысындағы ер жігіттер Бекболаттың, Сатайдың көтерілуі олардың оққа ұшып, дарға тартылуы аса күңірентken. Жамбылдың жан күйін онан сайын ауырлатқан жай – халықтың босып Қытайға қарай ауғаны. Қалған елге солдат шығып, ойына келген зорлық, зомбылықтың жасалуы болады.

Шапыраштының өз ішінен ел бастап көтерілген – Қараш батырдың тұқымынан Сатай, Жамбылдың өз ауылынан Мақыш еді. Бұлар майданға алынатын жігіттерді бастап болыс, тілмашқа көнбей, көтеріліс жасайды. Олар Ұзынағаш қаласына бір-екі рет соқтығып, еш нәрсе шығара алмай, Шиен поселкесіне шабуыл жасайды.

Ел ішіне көтерілісті басуға қарумен шыққан 60 солдатқа да Сатай бастаған Шапырашты жігіттері сол Шиен қаласында кездеседі. Қатты ұрыс болады. Сол күнгі ұрыста қазақтар жағын бастаған Сатай оққа ұшады. Оққа ұшқан Сатайдың сүйегін алуға шапқан Мақыштың атына оқ тиеді. Тағы бірнеше жігіт оққа ұшып, мылтыққа беттей алмай қазақтар қайтады. Содан кейін Шапырашты руының белең алған жігіттерінің беті қайтып, Қытайға қарай ел ауууға қам етіп, бірсыпыра ел ауады.

Өз ауылы аумағанмен, ала жаздай көтеріліске араласып, әуресарсаң болған ел қыс қамына мүлде көңіл бөлмейді. Мал да, жан да қыстан мейлінше қысылып әрең жазға ілінгенде, патша орнынан түсті деген қуанышты хабар келеді. Бірақ ол қуаныш та жүдеген ел мен жүресінен шөге еңкейген ақынның еңсесін бірден көтермейді. Патша орнынан түскенмен, өткен ауыр апатқа ұшыраған ел қалыпқа келмейді. Онан ақтардық ылаңы басталады. Аласапыран ұғымсыз күндер ақынды одан да еңкейте түседі.

1918 жылы Жетісу елінде, әсіресе осы Жамбыл елдерінде жұт болып, мал жұтайды. Осы жұртта Жамбылдың бір-екі айғыр үйір жылқысының көбі өліп қалады.

«Руы Екей Байсерке деген кісіге ас беріп, соған ат алып бара жатыр едік, жолда астында арықтау боз байталы бар Жамбыл кездесті. «Асқа жүріңіз бізбен», – деп ала кетпек болып едік, «Қарақтарым, мен өленді қойғанмын, сонау Төрегелдіге (жер аты) баруға атым да жарамайды.

– Көрдік қой талай қорлық өткен қыста,
Жігіттер, жамбастасаң шөп уыста.
Қайтесің әуре қылып, асқа сүйреп,
Барамын қару жинай келер қысқа, –

деп, бізге ермей қыстауына қарай кетті. Бізге шынын айтты, қорасының қасынан шөбін шаптырғалы соған бара жатыр екен, – дейді Тәкім баласы Сүлеймен ақсақал (Октябрь колхозында) Құсегі қарт.

Осындай бір ауыз, жарым ауыз болмаса, бұл жылдарда өлең айтпаған. Жамбылдың бұл кезде өленнен біраз тоқталуына бір себеп: Жамбылдың алғашқы әйелі Момын Орымбет қызынан туған ортаншы баласы Қожаш осы кезде аздап өлең айтып жүреді. Жамбылдың өз көзінше айтпағанмен, оның ойын-тойда өлең айтып,

өзінің домбырасына жармасқанын байқаған соң, ақын өлеңнен бой тарта бастайды.

Бірақ Жамбыл өлеңнен қол үзіп, тізгінді баласына бере қоймайды. Бұл жөнінде мынадай қызық мәлімет бар. Бір үлкен той болып, Жамбыл құрметпен шақырылып өлең айтады. Осы тойға Қожаш та келеді. Жастар ортасына алып, Қожашқа өлең айтқызады. Қожаш бұл тойда Жәкеңнің көп жырлаған аса ұзақ жыры «Көрұғлы Сұлтанды» жырлайды. Жәкеңнің өзінен асыра ұзақ, әдемі жырлаған Қожашты ел, әсіресе жастар Жәкең отырған ақсақалдар тобына әкеліп: «Жәке, мына Қожаш домбыраңызды ұстауға жарапты, енді Қожашқа батаңызды беріңіз», – дейді.

«Мен өмір серік домбырамды ешкімге бермеймін, бұл – өлгенде өзіммен кететін кәрі серігім. Оны қолқаламаңдар. Жасымды жаңғыртып, жанымды сергітетін өлеңім ғой», – деп жастарға сырын айтады. Бұл жиында Үмбетәлі, Саяділ, Керімбек сияқты Қожаштың замандасы, ақын жігіттер де болады.

Кейбіреулер: «Жамбылдың өзінен басқаға жол бергісі келмейтін белгілі сараңдығы», – дейді. Біреулер: «Баласына да қимайды», – дейді. Бірақ Жәкең өлеңді сондай сүйіп айтқан, тұла бойынан өлең саулап, ерні қыбырласа, өлең төгіп жіберетін ақын Қожашқа жан серігі өлеңді бермейді.

«Жамбыл өлеңді баласынан да артық көрген кісі ғой, өлең бұл кісінің өзімен бірге кетеді ғой», – деседі екен елінің қарт адамдары. Қожаш 1932 жылы өлген. Бұл баласы Жәкеңе бой көрсетпей, өлеңді көбінесе Жәкең жоқ жерде айтады екен.

Көбінесе ауыл арасының айтысы, ұсақ тойбастары сияқты қызбозбаланың бас қосқан жерінде айтатын болған. Қожаш өлеңінен сақталып қалғаны өте аз. Тек мына төменде айтылатын Қожаштың бір қызбен жақын болып, содан айырылғанда айтысқан өлені бар.

Қожаштың үйленбеген бозбала күнінде Жамбылдың әжептәуір жылқысы бар кезі екен. Сол жылқыны Қожаш өзі бағады. Жамбылдарға туысы онша алыс емес, Бимембет деген кісінің де біраз жылқысы болады. Оның еркек баласы болмайды. Сәулетай деген жалғыз қызы болады. Қыз еркекшора болып өседі. Осы кезде Жамбыл ауылы мен Бимембеттің ауылы жаз жайлауда бірге көшіп, бірге қонып, қыстыгүні тауда бірге қыстайды. Қожаш пен қыз бірге жүріп жылқы бағып, біріне-бірі өте ұнайды. Көңілдері қосылып, жақын болып кетеді.

Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармайды. Қыздың әкесі Қастек сатысында егін салып отырып қалады. Жамбыл ауылдары көктеу кезінде Өтегенге көшіп кетеді. Осы кезде Бимембеттің қызына Батыс Қастек елінің бір байы құда болып, қалың малын беріп айттырып, ұзатып алмақ болады. Сәулетай айттырған күйеуіне баруға риза болмайды. Бірақ Қожашқа бararлық ешбір лаж тағы жоқ. Біріншіден, Қожашпен аралары бұрын қыз алыспаған жақын ағайын, боз бие сойып, босаға аттасу керек. Оған Қожаш өз туысынан белсене аса ала ма, алмай ма, ол мәлімсіз. Және айттырған жер малын шоқ беріп, ұзатып алуға әзірленіп жатыр, ойлануға да уақыт аз қалды.

Қыздың қолынан бар келгені астыртын бір кісіден хабар жіберіп, Қожашты шақыртады. Қожаш келгенде, той болып, отау көтеріліп қалады. Қожаш той бастап:

Өлеңім ақпа-төкпе ағындады,
Адамның кешен болмақ самаржағы.
Па, шіркін, ерен жүйрік тіл болмаса,
Қисынның қиын жатыр табылмағы.
Көңілдің кірін жуып сөзбен төксе,
Шерінен шығарады сағынғанды.
Сен десе, менде тағат тарыдай жоқ,
Қандай күн дүшар болдың, не қылғалы,
Өтіпті талай ғашық зарлы мендей,
Өмірін бір жасауға шарты келмей.
Осы жұрт Қозы Көрпеш, Баян дейді,
Мені мен болды ма екен о да сендей?
Қолынан бар келгені өлең болып,
Сарнаған зарын төгіп тіл мен көмей.
Көзіме сондай болып көрінесің,
Басылмай сауған көңіл сәулем демей, –

деп тойды да бастайды, іштегі ауыр ойды да бастайды.

Сәулетай:

– Адам бар адамда да алуан қилы,
Жігіт бар жігітте де балуан, милы.
Сіңіріп өз бойыңа алсаң мені,
Қойныңа, қолтығыңа басым сыйды.

Кеудеңді амал қанша кері тартарсың,
Қимайды ішім сені, ренжиді.
Көзіңненен ат шаптырым алыс кетсем,
Орыным, Қожаш, саған құлазиды.
Сен жорқа шырағым не, шырайым не,
Мен жорқа мең-зең болып уайым же.
Тоқтауға той өткен соң уақытым жоқ,
Айтып қал, арманың не, мұратың не?
Көрсеткен көптен Ыстық жұлдызыңды,
Жаратқан жер мен көкті құдайым да.
Жат жұртқа жазды мені тәңір деген,
Кетейін амалым не, лажым не.

Қожаш:

– Қырғындай қызық емес қыздың тойы,
Қайғы мен мұң байланған өмір бойы.
Жалғанда жаным сүйген сәулем едің,
Өзіңдей қайдан болсын қара торы.
Арманды көңілдегі ада қылып,
Айтпақшы боп отырмын осы жолы.
Жақсыны жатқа қимас болар еді-ау,
Еркіне Қожашының жетсе қолы.
Көрсетті екеуімізге өмір нені,
Өткен соң түсімдей-ақ өңімдегі.
Безілдеп екі дауыс отыр бүгін
Мақсатқа жетпеген соң көңілдегі.
Қайысып қабырғамнан сөгілгенше,
Ішімнен қайғым сыртқа сезілмеді.
Салмасын құдай басқа, қиын екен,
Бауырдың жүрегіннен бөлінгені.

Сәулетай:

– Бауырға жүректен де өкпе жақын,
Жақынға қос бүйрегің тең соғатын.
Екеуміз егіз түнде жылқы бағып,
Заман жоқ бұдан былай шарқ ұратын.
Ол үшін сарсаң болма, сабырлы бол,
Әйелдің таңдан жүріп ал қымбатын.

Өзегім өкпе, жүрек сен болғанда,
Дейтінім жақын көрме сол болатын.
Артына өмір шіркін қайырылмады,
Өзіме жолдасымды сай қылмады.
Мақтаншақ малға сенген баға білмес,
Сүймейді жас жүрегім бай мырзаны.
Теңіне қыздың сүйген теңдік беріп,
Көреді қашан тәңірім қайғырғанды.
Кеспесе пышақпенен қиын екен,
Бауырдың өкпесінен айырылғаны.

Қожаш өлеңмен тағы жауап қайтарам дегенде, қыздың шешесі келіп, «Қарағым Қожаш, тойдың аяғы бір бүліншілікке ұшырап кетер. Осы жетеді. Енді айтпай-ақ қой», – дейді. Қожаш осы сөзге тоқтап, енді қыздың көңіліне тоқтау сөз салып:

– Даусым ән дегенде көкке шырқар,
Иірген қойдай болып өлең жусар.
Байқаусыз балалықтың әсерінде,
Қандай күн қапияда болдың душар.
Қырық жыл қырғын болып кетсе дағы,
Заман жоқ қылығыңды мен ұмытар.
Қыз таңдап талай елден барғанымда,
Алмақпын аяқ лау арқа қымтар.
Бақытты, барған жерің оты болсын,
Ата-енең құдай дейтін сұпы болсын.
Ақылсыз бай баласы бола бермес,
Қолыңа ұстағаның тоты болсын.
Бейілді берекетті дастарқанды
Көңілдің барып қайтқан қошы болсын.
Айтуға мұнан әрі рұқсат жоқ
Қош айтқан ақтық жерім осы болсын, –

дегенде, Сәулетай да өзінің тоқталып көңілін бекіткен сырын өлеңмен айтып қоштасады.

Мекке мен Мәдинеңдей әке-шешем
Қиды екен көзің қайтып жатқа бөтен.

Шерімді ішке шертіп шешем білді,
Үйіме қонақсың деп бүгін-ертең.
Осындай ертең сұмдық болғалы тұр,
Ойпырмау, кетсем бе екен, қайтсем екен?
Алдыңнан ағатайлап күтіп алам,
Артымнан ат өксітіп ізден келсең.
Бақытты, бала күннен от боп тудың,
Әкеңнің домбыра алып, жолын құдың.
Дауысың кетер емес құлағымнан,
Боркемік, болат емес, бостап тұрмын.
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған,
Қолыма қолыңды бер, қош боп тұрғын!

Қожаш қолын ұсынып:

– Басыма пайдасы не осы айқайдың,
Тойында сайрамаса Сәулетайдың?
Ай жүзің, ашық көңіл жарқылдайды,
Нұрындай толықсыған туған айдың.
Буыңмен қуаттанып ішке кірсем,
Талқандап, тауды бұзып тас қашаймын.
Төбеңді анда-санда сағынғанда,
Қараңды көріп жүрсем бір жасаймын.
Осындай сәулем елдің қымбат қызық,
Тұрғанда бір сайрайын қолыңды ұстап.
Қимаймын жазым болмай, жатқа сені,
Қайдасың, күйеу қосшы, мылтықпен ат!
Қайнасып қатып қалған екі қолдың,
Жәкелер, жазығы не, қылышпен шап.
Әйтсе де амал қанша жұрттан ұят,
Шешетай, не қылсаң да енді ажырат!
Белімен шешілмейтін шер байлап,
Өртіңе күйіп, жанып тұрмын шоқ боп, –

деген сөзге шыдай алмай қыздың шешесі жылап келіп:

«Осынша еркіне жіберіп неге бауыр бастырдым? Аулақ жүр деп ұлға айтпадым, тыныш жүр деп қызға айтпадым. Екеуінің обалына мен қалдым. Жұрт, кінәлі кісі, міне, мен, шабар болсаң, қылышпен мені шап!», – деп, шешесі келіп екеуінің қолын ажыратып жібереді.

– Жаңадан қыз болғанда бойды түзеп,
Сақтадым үлкендерден кішкене ізет.
Бірігіп Қожашпенен сонда маған,
Деуші едің, анам, маған жылқы күзет.
Үлкейіп күзет дерті өрт болғанын
Қайтсе де қабыл болмақ соңғы тілек.
Ішіңнен шыққан шұбар жылан едім,
Апатай, көп пе маған төрт-бес минут.
Қожаштың қасіретінен салдым айқай,
Айтқан сөз жанға батып кетті-ау, бай-бай!
Қымтап қыз басымды ұлға балап,
Өсірдің өз бетімді бір қайтармай.
Шешенің жақсы болды рақымы,
Ер Қожаш, дәурен сүрдік, міне, осындай
Құлақтан даусың кетіп, естен сөнбес
Қолымды босат енді, ал, ағатай!..

Содан кейін Қожаш қыздың қолын босатып, екеуі айырылады. Қыздың шешесімен еріп баратын еліне қызды шығарып салады. Содан үйіне келіп малға қарамай, бірнеше күндей жер бауырлап жатып алады. Қожаштың бұл сырын ауылы көп біле қоймайды.

Қожаштың бұл өлеңін сол тойға барып, жиында болған жас ақын Саяділ Керімбек баласы ұғып алады. Ол кейбір асығыста ұқпаған жерін Қожаштан кейін кездескенде сұрап та алған. Бізге айтып берген – Саяділ, 1945 жыл, желтоқсан ішінде.

Саяділ Керімбек баласы 1896 жылы туған. Сүйегі Дулат, оның ішінде Жаныс, оның ішінде Жұлсейіт деген атаның баласы. Бұрынғы Күббі болысына қараған, қазір де Қаскелең ауданы, Политотдел колхозында тұрады.

Саяділ: «Жамбылдың алыстан атын естіп, өзін көруге құмар болып жүрдім. Бірақ өлең айтқанын, түрін анықтап көре алмай жүргенімде 1920 жылы көктем кезінде Ұзынағаш жаққа бардым. Үмбетәлі Шоқытай ақын, Садыбек ақын – бәріміз Ұзынағаш базарына бардық. Базарға ел көп жиылған екен. Астында үлкен жирен бар, үстінде көне тоны бар, басында үлкен қара бөркі бар ақсақалды қарт кісі омыраулап базардың ол шетіне бір шығып, бұл шетіне бір шығып жүйткіп жүрді. Мына кісі кім деп Үмбетәліден сұрап едім, бұл Жамбыл ақын деді. Мен осыны есіткен соң, сол кісінің өзін бағып, айналасынан

үзамай, атақты ақынның үнін естісем деп тұрғанымда, базардың шет жағында тұрған бір топ кісіге келіп:

Кедей көтеріліп қырда тұр,
Байлар бұғып сайда тұр.
Жамбыл ақын мұнда тұр, –

деп жырлап жіберді де, «Әлгі ақындар қайда жүр, неге мына базарды ду қылып өлең төкпейді?» – деп, тағы жүйткіп, базардың шығыс жағына қарай жөнелді.

«Айпыр-ай, мына кісінің арқасы ұстап жүр-ау, тіпті бір жерде тұрар емес қой», – деді базардың шетінде тұрған Иманбай Мәңке баласы. «Сені жетістірді ғой, оның тілі тиген жерін ойып түсетін у қорғасын емес пе», – деді Сәттің баласы Темірболат.

«Біздің бір жерде тұрғанымызды көріп, аузына әлгі сөз түсе қалды ғой оның», – деді Алпысбай баласы Жұмақан. Бұлардың үшеуі де байдың баласы, әкелері болыс болған шонжарлар Кеңес үкіметі келген соң қолдарынан билік кетіп, базарға да шеттеп, бұқпантайлап келіп тұрғандар еді.

Жамбыл да жоғарғы сөзді осыларды көріп айтты.

Маған Жамбылдың осы айтқан сөзі бір түрлі ой салғандай болды. Бірақ Жамбылдың шын шешіліп айтқан өлеңін тыңдай алмай, тек осы сөзін естіп қана құмартып үйге қайттым.

Осыдан 3–4 жыл өткеннен кейін, көктем кезінде Қазбек деген жерде Қыстау деген бай (Шыбыл руынан) сүндет той жасап, көп елді шақырды. Сол тойға Оспантаймен еріп мен де бардым. Тойға келіп, ат үстінде тұрып өлеңмен құттықтау айтып едім, бізді келіп аттан түсіріп, бір үйге алып кірді.

Үйде Жамбыл, Шұқытай, Үмбетәлі, Сәдібек, тағы басқа да көп ақындар отыр екен. Мәжіліс қызды. «Жас ақын, өленді сен айт», – деп, бәрі ол күнгі өленнің жолын маған берді. Той қылған үй көп, ақша әкеліп тастады. Бәріміз ақшаны ақсақал Жәкеңе ұсындық. Ол кісі алып, елге өз қолынан үлестіріп: «Шырағым, жарайсың, біздің қолымыздан салмақты көтеріп алдың, тілің орамды екен» деп разы болғанын айтты. Мен оған дардай болып қуанып қалдым.

Көп ақынның ішінде, оның үстіне Жамбыл сияқты атақты ақсақал ақынның алдында бетім ашылып, өлең айтуым өзімнің алымымды кең ашып, елге беделімді көтерді. Осы жолы жақсы абыроймен қайттым.

Сонан кейін Жәкеңе көп кездесе алмай жүргенімде, 1936 жылы Мәскеуге жүрерінде тағы көріп, үнін естідім.

Мен орден алып, қуанышты болғанымды естіп, Жәкең қайырлы болсын айтамын деп, бір күні біздің үйге келді. Бұл 1939 жылы. Жәкең келген соң, бар әлімше жайыммен құрмет істеп жатқанымда, ауылымыздың адамдары, колхоз бастығы, кеңес – бәрі келіп, Жәкеңе сәлем берді.

Колхоздың бастығы Оспанбай Қаракүшік баласы деген өзіміздің елдің жігіті еді. Сол келіп сәлем беріп отырғанда: «О, бұл кім?» – деп сұрайды Жәкең. Жөнін айтып: «Мен Қаракүшіктің баласымын, атым Оспанбай», – деді, сонда жұлып алғандай:

Сенің әкең баяғы Қаракүшік,
Көшеде жатушы еді арақ ішіп.
Ауылға содан келіп, молда болып,
Күн көріп жүруші еді бала пішіп, –

деп жұлып алғандай қоя берді. Ешбір ойланған жоқ. Жамбылдың бір ауыз, екі ауыз өленді ойланбай айтатынын айтқанда, сондай мерген, өткір айтатынын бір ауыз өленге бір адамның барлық мінезін, жаратылысын тегіс сыйдырып пішетінін көргем сонда.

Оспанбайдың әкесі Қаракүшік деген кісі Қаскелен қаласында орыста мал бағып, шошқа бағып, күн көріп тұрыпты. Бірақ тапқан ақшасына көбінесе арақ ішіп қояды екен. Ал ел ішіне шықса, молда бағып бала сүндеттейді екен. Соның бәрін бір ауыз сөзге сыйғызып айтты.

«Әрі әдемі, әрі дәл айтылған өлені, сол есіткенде ұғылып, ойымда жат болып қалды», – дейді Саяділ.

«Қызыләскер» колхозының мүшесі Төлеген Жарқыбекұлы жасы 44-терде. Өткен 1945 жылдың желтоқсан күні бізге Жамбылдың екі ретте айтылған 3–4 ауыз өленін айтты.

«1921 жылы еді», – дейді Төлеген. – Осы күнгі Жамбыл колхозының күншығыс жағындағы Шотайбұлақ деген жердің қабағынан Ермекбай деген ұста дүкен салып, Оспан ақын о да ұста, екеуі іс соғады. Онда ел колхоздаспаған, ақы алып елдің атын тағалайды, соқасын қайрайды, орағын соғады, арбасын істейді. Күзгі қара қатқақ кез еді. Ат тағалатайын деп келсем, астында арық боз жорға дөнені бар Жәкең де келе жатыр екен. Мен сәлем беріп, екеуміз дүкенге келе

бергенде, Оспан ұста дүкен алдынан Жәкеңе сәлем берді де, Оспан қайтадан дүкенге кіргенше, Жәкең:

– Ей, Оспан, сенің атаң Тастемір Таңабай ма?
Большевик кедей күйін жаңалай ма?
Бозжорға кібіртіктеп жүре алмайды,
Қайтеді, Оспан мұны тағалай ма?
Екеуіңе бергенім жалғыз бақыр,
Ақсақ ұстаң қайда жүр, бермен шақыр.

(онысы Ермекбай ақсақ екен).

Сол бақырды бергелі үш ай болды,
Бітпес пе екен болғанша замана ақыр.
Қарсы алдыңда отырған соқыр кедей,
Орақ алып қолына отыр кедей.
Бір орақтан алсаң да бір бұт бидай
Қалтақтайсың, Ермекбай, ішпей, жемей.
Күнгей беттен Ермекбай дүкен сапты
Антұрған күнгей бетті қайдан тапты.
Бірің ақсақ болғанда, біреуің сау
Қайдан қостың екеуің ынтымақты? –

дегенде, Оспан да, Ермекбай да Жәкеңнің атын тағалап бақырын да бітіріп берді. Жәкең сөзіндегі соқыр кедей деген сол жердегі бір нашар адам екен. Екі ұста бидай әкел деп отыр екен, орағын істемей отыр екен. Оның да орағын істеп берді.

Сол жылы қысты күні біздің ауылдағы Рахмет деген кісі қыз ұзатып, той істеді. Сол тойға Жәкең де келді. Мен келген кісілердің атын байлап, үйге кіргізіп жүрдім. Жәкең аттан түсіп, үйде отырғаннан кейін маған қарап:

Менің мініп келгенім жирен дөнен
Жорға басып аяғын киреңдеген.
Таса жерге байла да, шөп салып қой,
Біреу мініп кетпесін сүйреңдеген, –

деп тапсырды дейді.

ЖАМБЫЛДЫ ЖАСАРТҚАН ЗАМАН

Жамбылдың бұрынғы шығармаларына жазылған қысқаша өмірбаяндарында (1940 жылы шыққан бір томдығы) Жамбылды өте тез сауаттандырып, саясат дүниесін, партияның жақсы, жайлы терең мағыналы бағдарламасын өте шапшаң бойына сіңірте қояды.

Жамбыл да кеңес үкіметіне алғашқы кезде кәдуілгі Түркістан өлкесінің Жетісу елінің кедей шаруасы қатарында түсінген. Кейбір көргендерін сынай сөйлеген кезі болған. Бұл жөнінде Кененнің есіндегі бір әңгімесінде:

«Біз Жәкеңдей емес жаспыз және өзімізді кеңес үкіметі келісімен кедей деп қызметке тартып, құрметтей бастады. Сол кезде Жетісу елін билеп тұрған бір жігіт Ұзынағашқа келіп, Ұзынағаштың батыс жағындағы Қарасу колхозының жанындағы бұлаққа үй тіккізіп түсті. Кедейден болыс сайланатын болып және сайлау өткенше қасында болсын деп ақын, әншілерді жинап алды. Сонда Қордай елінен мен де келдім. Қарақыстақ елінен Мақыш та келді. Бармақ ақын да болды. Үмбетәлі де болды. Заманымыз бір жас ақындар. Неше күндей ән салып, өлең айтып жаттық. Бір күні түнімен өлең айтып, таң ата жатқан едік. Түске таман жай тұрып, жаңа ояна бергенде, сырттан бір үлкен кісінің даусы шықты.

«Ақын болса, ұлық болса, қайтейін, мен де ақынмын. Ол қызыңды... менен бұрын ақын болып па, мен де кірем», – деп ұмтылған кісіні есік алдындағы тұрған күтушілер жібере қоймады.

«Ой, үйде қай ақын барсыңдар? Мен Жамбылмын, мына біреулеріңе айтсаңдаршы», – деді. Жәкеңнің даусы шыққан соң, орнымнан ұшып тұрып есік ашқыздым. Әкеліп төрге отырғыздық. Жәкең екен. Біздің қасымыздағы ұлық жігіт де Жәкеңді білетін еді. О да құрмет етті.

– Тобыңа келсем, сыйым жоқ,
Тентегіңе тыйым жоқ,
Киелік десе, киім жоқ
Базарға барса, тиын жоқ,
Сөзді тыңдар ұлық жоқ,
Жігітіңде қылық жоқ, –

деп жырлап кетті.

Жәкең көп отырып, көп өлең айтты. Онда деген бостандықты жете түсіне алмай, атқа мінген жігіттердің бетімен жаппай шабуылда жүрген кезі еді. Біз сонда Жәкеңнің сөзінен қорқып отырдық. Бұрыннан да тура айтатын кісі. Осы жолы да бетің бар, жүзің бар демей, қатты айтты. Ол кеңес үкіметі алғашқы орнаған кез, базарда киім-кешек жоқ, ақша бағалы емес, заң тәртібіне халық жете түсіне қоймаған кез еді.

Бірақ сайлаушы жігіт Жәкеңе қатты еш нәрсе айтқан жоқ. Көп жырларын қалап айтқызып, «Көрұғлы сұлтанды» айтқызып, қасында қондырып, сыйлап қайтарды.

Жамбылдың бұл келуі тек өлең айтып, бір нәрсе алу емес. Сонау сайлауға шыққан жігіт осы Шапырашты руынан шыққан оқыған жас жігіт еді. Ел арасында жүрген кейбір тентек милиционер уәкілдерінің басбұзар тентектігін айтып ой салу, халықтың күйін айтып, ел жайына көңіл қой деп, халық уәкілі сияқты болып көрінді. Жәкеңнің сонша батыл, бар кемдікті туралап айтып беруі – бір ауыз сөз айта алмай, ылғи мақтап отырған бізге сабақ болды.

Жәкең кеткеннен кейін, сайлаушы жігіт бізге: «Міне, шын ақын өленді осылай айтуы керек. Шындықты қандай жақсы айтты, ал сендер «теңдік болды, кеңдік болды» дегеннен басқа түк айтпайсыңдар», – деп жатып сөкпесі бар ма», – дейді Кенен Әзірбаев.

Осы жолғы сайлауда Қордай еліне Кенен болыс болады (болыстық атқару комитетіне бастық болып сайланады), Қастек еліне Мақыш Райымбек баласы болыс болып сайланады. Бұл екеуі де ақын. Сонда ел аузында ақындар болыс сайланатын жыл деген белгілі уақыт болып қалады.

Мақыш Қастек еліне болыс болып сайланып келгенде, Жәкең Мақышты өте жақсы көріп, көп қалжыңдайтын және ылғи жанына тие сөйлеп отыратын адамы болған.

«Көкпек жеген түйедей аузынан дем алатын ұры неме де болыс болды-ау», – деп қалжыңдапты Жамбыл. Мақыш та жасы үлкен демей, Жамбылға қатты қалжыңдайды екен.

– Басыңды осы жерде кесейін бе,
Тіліңді қанжарменен тесейін бе.
Ұры деп ел алдында жамандайсың
Ішінде шершеуіңнен есейін бе? –

деп Жамбылға тиісіп өлең айтады.

– Қызыңды .... осы ұры басымды кессе,
кесіп алар.
Ернімнен ашуланса тесіп алар,
Садыбектің баласын жиып келіп,
Таудан отын алдырып өшін алар,
Кедейдің одан басқа несін алар? –

дейді.

Жамбыл осы Мақыш болыстыққа сайланып, бұрынғы бай, жуандардан билік кетіп, әйелге бостандық болып, шын кедейшіл үкімет орнаған соң осылайша таныған. Салмақтың байға түсіп, кедейден сайланған болыстар кедей жағына болысатын кеңес үкіметінің негізгі заңы солай екенін мынау бір ауыз өлеңінде дәл айтып берген.

Жамбыл ол кезде кеңес үкіметіне ықылассыз қарады. Ленинді, Сталинді қазақ даласы білген жоқ, соның ішінде Жамбыл білген жоқ деген сөз шықпайды. Бірақ Жамбылдың түсінуі ел қатарлы, кеңес үкіметі кедейді жақтайтынын, оны бастаған дана адамдар екенін осылайша түсінген.

Жамбылдың Мақышты жақсы көруінде үш түрлі себеп болған. Бірінші, Мақыш ақын, сері жігіт болған. Жамбылдың қасына көп еріп жүрген. Екінші, Мақыш қырғыз, қазақ бас қосқан бірнеше үлкен аста жеке батыр сайысқа шығып, қырғыздардың Тістеуік сияқты ірі батырларын шаншып түсіріп, бәйге алған ірі батыр болған. Үшінші, 1916 жылғы көтеріліске Қастек елінен Сатайға барып қосылып, атқа мінген осы Мақыш болған. Батыл да бытырлықты жаны сері ақындықты жақсы көретін ақын Жамбыл Мақышты осы үш себептен өте сүйген.

Мақыш өз тұсында батыр болған. Мақыштың сауыт киіп айбалта, садақ алып түскен және сауыт киіп атқа мініп сайысқа шыққан суреттері 1913 жылғы көрмеге басылған суреттердің ішінде альбомда бар, 121–123 суреттер. Бұл альбом көпшілік кітапханада.

Жамбылдың көрнекті шәкіртінің бірі, өзі ақындығын да жақсы бағалаған адамы Үмбетәлі Кәрібайұлы, Үмбетәлі Шапырашты руының ішінде Айқым деген атасының баласынан шыққан ақын.

Үмбетәлі Жамбылдың ерте айтқан үлкен жырларын және айтыстарын ұғынып өзі айтып, халыққа да көп таратқан. Шашубаймен айтысы, Құлмамбетпен айтысы, тағы басқаларын бұзбай сақтаған Үмбетәлі. Үмбетәлі 1889 жылы туған, қазір жасы 56-да. «Өленді

18 жасымда бастадым. Жамбылды алғашқы көргенім 14–15 жасым шамасы еді. Біздің ауылда Молдабай деген би бар еді. Сол үйге келіп, «Көрұғлы сұлтанды» айтты. Оны айтқанда, Жамбыл біраздан кейін арқаланып, көтеріліп, тұла бойы қозғалып, қызып айтушы еді. Менің Жамбылды осы көруім өзіме үлкен әсер етті. Ол кезде ескіше оқып жүр едім. Оқудан көрі өленді жақсы көріп дастан, қиссаларды жаттап, шілдехана, қынамендеде той бастап жүрдім.

Жасым 18-ге шыққан жылы, ораза айында үйден қашып кетіп, жарапазан айтып, басыма бір торы ат сатып міндім. Сонан ауылға келгенде, Мақыш ақынмен еріп қырғыз асып, үш айдай жоқ болып кеттім. Өйткені әкем Кәрібай орта ауқатты кісі еді. «Әуе таяқ болып кетесің», – деп, өлең айтқызбай үйден қуды. Тіпті бірде пышақпен жарам деп ұмтылғанда, Ықсан деген молда айырып алды», – дейді Үмбетәлі өзінің Жәкеңе еліктеу, ұстаз ету жайынан:

«Осы Мақышқа еріп қырғыз асқаным ақындық бетімді ашты. Ал мен Тоқпақта, одан Қошқарға дейін барып қырғыздың көп жерін көрдім. Көп табысып қайттым. Содан кейін әкем тыйым салмады. Өленді қорғанбай айттым. Бұл кезде Жамбылдың өленді қойып, қарттық басып қалған кезі еді. Мен ол кісімен кездесуден, өленмен қарпысудан қашып жүрдім. Жәкеңнің жақын туысы, әрі өзімен жақсы Тәйтелі Мырзалы баласы деген орта малды, әрі кісілікті болған адам. Сол Тәйтелінің баласы Ноғайбай өз тұсында пысық жігіт болып атқа мінді. Сол Ноғайбай 1925 жылы бір қызын ұзатуға той істеп, тойда маған өлең айтқызып бір тай берді.

Ел жайлауда еді, жаздың әдемі күні. Және сол бір жылдар халық өте көңілді, жетім бала, жесір әйел қоралап қой айдады дегендей ойын-сауықта, өлең-жырда, аста, тойда өте жиі болып тұратын болды. Әлдекашан өленді қаламаған жерде айтпайтын Жәкең де кейбір жиында көңілденіп өлең айтып жүрді. Бірақ Жәкеңнің ондай өлең айтып отырған жеріне кездесе алмай жүрдім. Той мен үлкен думанда өлең айтып жайлаудың самалды түнінде сауықтап алғам және өзім жүлдеге тай алғам, өте көңілденіп Ноғайбайдың үйінде ұйықтап жатыр едім.

– Ұйқыда жатырмысың, қара бала?
Сөйлесе, бұл Жамбылдың сөзі сара.
Ертемен олжа сұрап кеп отырмын,
Атаңның әңгімесін тыңдап қара, –

деген Жәкеңнің даусымен оянып, басымды көтеріп сәлем беріп едім, Тәйтелінің өзі де келіп отыр екен.

«Мынаның үнін өшір, Үмбетәлі кәне, өлеңді төкші!» – деп қыздырғаны. Тәйтелімен өзі құрдас, қатты ойнайтын. Соның әлгі сөзіне ерегесті ме, әйтеуір Жәкең бөгелер емес.

Жігітке өтірік сөз залал дағы,
Ашылған жасынан-ақ Жамбыл бағы.
Түнімен өлең айтып бір тай апсың,
Ноғайбай озған жігіт Маралдағы (Марал – аталары),
Мен Жамбыл, Ұлы жүздің сарасымын,
Бір қатар өз тұсымның қаласымын.
Тай берген Ноғайбайды кім деп тұрсың,
Ыстыбай, Қартаңбайдың баласымын.
Алыпсың өлең айтып қара кер тай,
Маралдың тұқымының бәрі де сай.
Тай алдың Ноғайбайдан мақтап-мақтап,
Оны алған соң боп жатыр көңілің жай.
Танимын мен сөзіңді аңғарынан,
Жамбылдың ешкім кетпес алдарынан.
Алдыңа атаң Жамбыл келіп отыр,
Олжа бер, қара бала, алғаныңнан.
Албан өрде болғанда, Дулат бұлай,
Әркімді жаратты ғой жаппар құдай.
Жетпістен жасы асқан заманында,
Кеп отыр Жамбыл атаң олжа сұрай.
Сөзіме менің айтқан көнемісің,
Көңіліңді бұл Жамбылға бөлемісің.
Атаң Жамбыл алдында сөйлеп отыр,
Қане, маған олжаңнан бермеймісің, –

деп жанымды жағамнан алды. Тура бетінен алуға бата алмай, бөгеліңкіреп отыр ем, Тәйтелі «Айт... және тайдан түк берме», – деп ым қақты. Не де болса, жеңілсем, өлең айтып берейін деп:

Өлеңге айтсақ келер дәрменіміз,
Сөзімнің парасатын аңғарыңыз.
Сәдібектің аруағын бір шақырып,

Қарағер тай ауылыңнан алғанымыз.
Сөзіңе сіздің айтқан көне алмаймын,
Өмірге өтпейді деп сене алмаймын.
Зауыммен аулыңнан бір тай алдым,
Бұдан олжа мен сізге бере алмаймын, –

деп едім, «мына қызыңды... не дейді», – деп домбыраны қайта жұлып алып:

– Олай болса, *өлеңді төгейін мен,*
Өз інім, өзім жұлып жемеймін мен,
Тәйтелінің ұлынан бір тай апсың,
Кәне, бермей аттаншы, көрейін мен,
Олай болса, азырақ сайрайын ба?
Халыққа өнерімді жаймаймын ба.
Қолыңдағы тайыңды тартып алып,
Сүйтіп сені сорлатып айтайын ба,
Қалай-қалай сөйлейсің, қара бала,
Ерегессең, төбеңді шайқайын ба», –

дегенде, мен де шіміркеніп, Жәкеңе айтысып барып берейін деп батылырақ:

Белгілі, Жамбыл қария, ісің сенің,
Бұл халыққа жария күшің сенің.
Аяғыңды байқап бас, тайып кетпе,
Шайнайтұғын мұқалған тісің сенің.
Жамбыл, құрдас емеспін ойнайтұғын
Жеріңе шыға қойған тойлайтұғын.
Бұл жалғанның бір түпсіз тереңісің,
Жесең де қырғыз, қазақ тоймайтұғын.
Аңдап бас аяғыңды аңғарттанбай,
Мұқалған тісің сенің шайнайтұғын.
Жасыңнан Жамбыл ақын атанғаның,
Кешегі Сүйінбайдан бата алғаның.
Шәкірт боп Сүйінбайдан бата алған соң,
Үйіңде бес күн түнеп жата алмадың.
Қырғыз, қазақ баласын жесең дағы

Әлі күнге бір тойып қақалмадың.
Алсаң да алдыңа сап қанша дәулет,
Бір Жамбыл бай сонда да атанбадың.
Жетпіс асып, сексенге келсең дағы,
Ұялмай олжа сұрап қақаңдадың, –

дегенімде, «Енеңді ұрайын, бермесең қойшы», – деп, домбыраны тастай бергені, – дейді Жәкеңмен ойын-шыны аралас осылай бір қарпысып қалдық.

Жамбыл өз туысқандарынан басқаға бір тоқты шыққанды ұнатпайтын, сөзі өте тар кісі еді. Менің тай алғанымды естіп, «Менің көзім тірісінде қандай ақын Сәдібектің баласынан өлең айтып, олжа алады», – деп келген келісі және мені көбіне өткір қайраған өзі болатын. Сөзімді байқау үшін де айтты. Әйтпесе тайға қызығып ала қоям демес еді. Бұл – Жәкеңнің ең кейінгі айтысы. Бұдан кейін ол кісі ақынмен өлең айтып, қағысқан жоқ. Бірақ ұдайы ащы әзілмен, мерген айтатын суреттеумен қажап отыратын еді.

Мен 1921 жылы Нұрила деген әйелмен айтыстым. Ол айтыста Жамбыл да болды. Бірақ ол кісі өленді айтқан жоқ, тек ақсақал болып отырды.

Нұрила Дулат елі Болсейіт деген рудағы Бөртеке дегеннің қатыны еді. Атақты Мәңкенің Ажке руынан Шапырашты ішінде інісі Хасеннің әйелі еркек бала тауып, үлкен той істеп, Алматыдан Бәрібаев тағы бірнеше оқыған қызметкерлерді шақырды. Тойға Әпежек деген ақын, Сәмбет руынан Бармақ ақын, Екей Арғымбай, Мақыш, Қасқараудан Кенен – бәрі келеді. Бұрыннан Нұриланың аты шығып жүрген ақын әйел еді. Бәрібаев «Сендермен айтыстырамыз», – деп әйелді шақыртты.

Әйелдің босанғанына 3-ақ күн болған екен, сүйтсе де келді. Бәйгеге құнан атап, жібек көйлек, торғын шәлі тігіп: «Кане, кім айтысады?» – дегенде, ешбір ақын бата алмай бөгелген соң, мен айтысайын деп бел байладым. Айтыс басында қайым өленмен басталып, аяқ жағы қызу болып кетті. Әйел аса ақын екен, әрең дегенде тоқтаттым.

Құнан атанды маған берді де, киімдік жібектерді әйел алды. Онда Жамбыл өлең де айтқан жоқ, билік те айтқан жоқ. Ол айтысты артынан көбейтіп, өндеп және Жамбыл төрелік айтты, «Нұриланы Жамбыл шақыртты», – деген Саяділ Кәрімбаевтың жанынан қосып жүрген сөзі дейді Үмбетәлі.

Ел арасының біріне-бірі айтатын ұсақ қалжыңын да Жамбыл ойына көп сақтап, әсіресе ауыз екі қалжыңға алғызбайтын еді дейді.

Дулаттың Жаба деген руынан Қаймолда Айтақұл баласы кеңес үкіметінің тұсында көп қызмет істеп, Жамбылдармен бір ауданда болған. Жасы кіші болса да Жамбыл оны жақсы көріп, қалжыңдап отырады екен. Сенің аталарың дулаттың ішіндегі жүректісі болған екен-ау деп:

Есікті мен Талғарда Екей жатқан,
Жыланкөз бай желісін атпен тартқан.
Байлығымның желісі сол емес пе
Тоқсан нарға Жауарбай көген артқан, –

деген өлеңді білесің бе, оны мақтандырып қойып: сенің бір атаң Жұмағұл деген аса батыр болыпты.

Жұмағұл астында бозжорға аты бар бір жақтан келе жатып, аттан түсіп дәрет сындырып отырыпты. Отырған жерінің топырағы бос шаңдауыт жер екен. Зәрі топырақтың астынан өтіп барып бір жерден жылмаң ете түскенде, жылан екен деп өз сідігінен шошып, шалқасынан түсіп, аты үркіп қашып кетіп, үйіне түстік жерден жаяу келген екен деп күлдіріп айтатын еді дейді.

1944 жылы қыркүйектің 5-і күні біз, Үмбетәлі бар сол Қаймолданың үйіне келдік. Қаймолда Красногор ауданы, Ақтерек колхозында ферма бастығы екен. Ол Жәкең жайында бізге бырсыпыра әңгіме айтты.

«1929 жылы Ырғайты болысы ішінде тап тартысы күшейіп, Мыштайық деген бұрынғы атқамінер бастаған елдің жуандары менің үстімнен арыз беріп, Ұзынағашқа шақыртып жабатын болды.

Жамбылдың өте жақсы көретін нәрсесі – қулықшыл тапқыр кісі, әсіресе қорқау бай, қомағай атқамінерлерді алдаған тапқырлықты жақсы көруші еді. Дулаттың Қасқарау деген руынан шыққан Тілеміс деген қу Жамбылмен түйдей құрдас екен. Екеуі өте әзілдес екен.

Ей, Тілеміс, Тілеміс,
Тілің мірдің оғындай.
Тиіп кетсе, күйдірген,
Сексеуілдің шоғындай.
Қарсы келген жан болса,

Құтылмайды соғылмай.
Құр сүлдесі қалғанда
Қара терге шомылмай.
Кебекбай мен Ноғайбай
Тіліңнен-ақ иманіп,
Жүр ғой сені соға алмай, –

дегені Тілемістің қылықтарына өте разы болғандығынан айтылған өлеңі. Жамбыл айтса айтқандай, Тілемістің тілі удай ащы еді. Қасқарау Ноғайбай бірде Тілеміске мені жамандашы депті.

Ысымайыл, түлкі қажы қатарыңыз,
Дулаттың қариясы атандыңыз.
Қатарыңның бәрі де қажы болды
Ұрлықпенен ағарды-ау сақалыңыз, –

депті, «Мені айттың ғой, енді Әселді өлең етші», – дегенде:

Бір қыз Бәйсейіттің Әсел деген
Аяғын ақсай басып әсемденген.
Шыны бірге қатарға ұстаған соң,
Әселің сонан кейін бәсеңдеген, –

депті. Оның тілі осындай ащы екен.

Тілеміс Дулаттың Тілеуғабыл деген атасының баласына (бұл Әмір ақынның елі және Жамбылдың Қанымжан деген кіші әйелінің төркіні. Осы күн Самсы колхозына қарайды) келіп отырса, Үсербай деген бақсы тәуіп бар екен, Сейпылда деген биі бар екен. Осы екеуі де сақау екен. Тілеміс отырып «Қасиетіңнен айналайын Тілеуғабыл-ай. Бақсысы да, жақсысы да сақау, әйтеуір, иттерің түзу үреді екен», – депті. Тағы сол Тілеуғабылдың бір тойы болып, Тілеміс сол тойға келген. Бөкей деген орта малды кісісіне елдің бәрі қол беріп «Қажекелеп» амандасыпты. Тілеміс ол Бөкейдің қажыға бармағанын біледі де, сұрайды.

«Бұл кісі ана жылы елге келген бір қожаға төрт қой беріп, бедел қажы болған», – депті біреу отырып.

Ту, айт десе, жүгірер тарғыл тазы,
Мұңайтады жігітті малдың азы.

Қаңғып келген қожаға төрт қой беріп,
Аңырақайдың аңғарынан тауып алған бедел қажы, –

дегенде ел ду күліп, Бөкей ыза болып менің ниетімді келеке еттің деп, топтан кетіп қалыпты.

Тілеміс бірде Алматыға келе жатып Тайторы еліндегі Сәт болыстың үйіне қоныпты. Сәттің жоңышқаға байланған бір жақсы аты қылтықтап тұр екен. Тілеміс оны көреді де, жүріп кетеді. Сыртынан сұрастырып, Сәттің жатқан үйіне келіп, бірге қонады. Таңертең ерте тұрып, Тілеміс қынындағы пышағын алып, өз қынына салып, өзінің пышағын алып, Сәттің қынына салады. Сәт көріп, «мұның не» десе, мынау бір қожант пышақ еді, менен гөрі саған лайық. Сонан соң әдейі ауыстырып отырмын», – депті. Сәттің ойында еш нәрсе жоқ. Тілеміс өз бетімен кетеді.

Тілеміс Алматы жақтан қайтып Сәттен бұрын оның үйіне келіп қонады. Таңертең Сәттің бәйбішесіне көрсетіп: «Мына пышақты танисыз ба? – деп сұрайды. Қатыны тани кетеді. «Сәттің мына атының майын сұрап едім, маған берді. Әншейін ауыз айтқанға бермес деп, мына пышағын белгіге беріп жіберді», – дейді. Қатыны Тілеміс алдайды деп ойлай қоймайды, сенеді. Атты Тілеміс мініп кетеді. Сәт үйіне келген соң санын бір-ақ соғады.

Бір аста Сүйінбай ақынның баласы Майлыбай бар, Шапыраштының бірсыпыра атқамінер кісілері тұрғанда, Тілеміс келіп сәлем беріп, бәрімен қол ұстасып амандасады. «Майлыбайжан екен ғой, бұл Жұмекемнің баласы ғой. Жұмекемнің жөні басқа кісі ғой», – дегенде-ақ, Майлыбай топтан жылжып шығып жөнеледі. Өйткені Тілемістің бүлдіргелі тұрғанын біледі.

Тілемістің Жұмекем деп тұрғаны Сүйінбайдың Жұмақ деген ағасы болған екен. Ол кісі аусарлау, бетімен жүріп кететін, қисық болса керек. Екей мен Есқожаның арасында жер дауынан тағы бір үлкен жанжал шығады. Екі ел мал алысып барымталасады, жанжалға ұшырап, малдарын сақ бағып, түн болса бар азаматтары жараған атты мініп, ат үстінде болады. Осы кезде Сүйінбай бір жақтан кешірек келіп, атын суытып қояды да, ел жатар кезде жылқыға апарып қосып кел деп, Жұмықтың жігіт болып қалған баласын жұмсайды. Бала атқа жайдақ міне салып, ауылдың қасында жатқан жылқыға таянып келгенде, жылқышымен ойнағысы келген бе, барымтаға келген Есқожаның кісісі екен деп, жылқышылар тұра қуып, баланы жабыла

ұрып жібереді. Бала жөнін айтуға мұршасын келтірмей қабатынынан тиген сойылға жығылып, тіл тартпай өліп кетеді.

Баланы, атты таныған соң, жылқышылар ауылға хабар береді, Сүйінбай «Құдай қазасы» деп баланың жабдығын өзі ұстап, қояды. Жұмық: «Жылқышылардан құн әпер, әдейі ұрып өлтірді», – деп Сүйінбайға көнбейді. Сүйінбай Жұмықтың айтқанын істемейді. «Менің баламды құнсыз жібердің», – деп Сүйінбайға өкпелеп Жұмық Қаскелендегі орыс қаласына көшіп барып, шашын қоя беріп, мұртын баспай, бұрынғыша айтқанда, шоқынады. Етігінің өкшесін бір қарыс биік қылып салдырып, бөркінің төрт сайын төрт түрлі нәрсемен тыстатып, белбеуіне қанжар байлап, бетімен жүріп, елге жоламай кетеді. Тілемістің айтып тұрған Жұмекем дегені – осы Жұмық. Ол күнде шоқынды деген қандай үлкен ауыр іс.

«Елге қайт, сүйекке мін қылма», – деп Сарыбай да, Сүйінбай да сан рет барады. Бірақ Жұмық қайтпай қояды. Сүйтіп жүргенде Жұмықтың Бейқуат деген жалғыз қызы бар екен, бойжетеді. «Бір оралса, қызына оралар», – деп, сол қызын өздері кісі салып, бір қазақ жігітіне алып қашқызады. Жалғыз қызын алып қашып алған жерге басқа еш нәрсе істей алмай, Қаскелең қасындағы Жантүгел деген жігітке:

Үйде ме екен, түзде ме семіз қара (Сарыбай),
Жантүгел, пысық жігіт іске жара.
Сөзіне жәдігөйдің сенбеймін ғой,
Жәдігөй елді жеген жүзі қара (Жәдігөйі Сүйінбай екен).
Бейқуатжан, осы маған жоқ, мен саған жоқ,
Арасы екі Дулат жайнаған жоқ.
Базардан ерте кетіп, кешке келсем,
Ақ сырмақ төрде жатыр, Бейқуатжан жоқ, –

деп өлең айтады. Жантүгел Сарыбайға келіп Жұмықтың осы өлеңін айтқан соң, өзі келген бе, кісі жіберген бе, сөзге түсіндіріп көшіріп алыпты. Көпке дейін шашын алдырмай, мұртын бастырмай қисық жүріспен жүрген екен (Ыбырайым айтуынан).

Тілеміс бар, Қасқараудың көп кісісі Қаракоңыздағы дүнгенге барады. Өйткені Қасқарау елінің бір жігіті кәсіп іздеп жүріп Қаракоңызда қаза болады. Оны дүнгендер ұрып өлтірді деген өсек шығады. Қасқарау кісілері осы жігітке қазақша құн сұрап барады. Қырғыздың бір атқамінер жігіті қазақтармен қалжыңдасып отырып: «Сендер де

еріккен екенсіңдер, шөлдеп өлген кісілеріңе құн сұрап шұбап жүргендерің не?» – дейді. Тілеміс жұлып алғандай: «Біз шөлдеп өлген кісіге құн сұрап келіп отырғанымыз жоқ, шөлдеген кісіге мұсылмандық етіп аузына су тамызбадың деп ағайындық базына айтып, өздеріңе сынатқалы келіп отырмыз. Ал өздерің сусыны қанып өлген Барақбайдың құнын даулап, Тұрдахунның екі жүз еркек қойын қырып алып едіңдер ғой, содан ерсі ме?» – дегенде, әлгі жігіт үндемей қалыпты. Өйткені Барақбай деген қырғыз бозақұмар, араққұмар болса керек. Арақ ішіп қысқы суықта Тұрдахун деген өзбектің қорасының қасына келіп жығылып өліп қалса, соны қырғыздар сылтау қылып, Тұрдахунның қырғыз ішіне қыстата қойған 200 қойын қырып алған екен ғой. Тілеміс осыны айтыпты.

Тілеміс қасында өзі тәуір көретін бір жолдасымен бір жерден ел қыдырып келе жатып, жолдасының ұзатқан апасының үйіне келіпті. Күн еңкейіп қалған екен. Жолдасы осы үйге қонайық, бір семіз бие сойған, қазы асады депті. Ендеше, қонайық деп тоқтапты. Үй иелері тысқа шыққан бір әредікте Тілеміс қазанның қақпағын көтеріп жіберіп етті көріпті де, орнына отырыпты. Әлден уақытта үй иелері келіп отырған кезде, жолдасына:

Қазы асып береді дейсің апам маған,
Апаң жаман кісі екен жапаңдаған.
Қайдан саған қазы ассын бауырым деп,
Әуелден жақсы кісі атанбаған, –

деп қоя беріпті. Сонда апасы ұялғаннан қазы салып, етті қайта асыпты. Ол кезде Ұзынағаштағы милиция Абрушка Кобзев деген орыс жігіті еді. Ол сол Ұзынағаштың тұрғыны, сол маңдағы елдермен ағайын болып кеткен тамыр-танысы Қожаберген Тайтелінің Ноғайбайымен жақын. Ол Кобзевті салып, сол арқылы мені мұқатпақ. Маған да жан керек, мен шауып Жамбылға келдім. Сіз мені мына жерден құтқарыңыз деп, Жамбыл мені өлеңмен құтқарды.

Бір мал сойғызып, Жамбылды алғызып, Жамбыл шақырады дегізіп Кобзевті шақырттық, ол қазақша тілді жақсы білетін. Оған Жамбыл өлең айтыпты:

Қаймолда ел баққан еді,
Қожаберген мал баққан еді.

Екеуіне сол кәсіптері жаққан еді.
Бұларды әурелемей екеуін де,
Босат, еліне қайтсын, –

дейді. Кобзев Жамбылдың сол сөзін сыйлап бізді қайтарды. Жамбыл мені өлеңмен бір қысылғанда құтқарып еді. Егер Жәкең болмағанда, ел жуандары мені ол жолы жоғалтпақ еді, – деп Қаймолда өзі айтты.

Жамбылдың бір жақсы көріп айтатын әңгімесі Шошен, Үсен деген екі қу жігіттің әңгімесі еді, – дейді Үмбетәлі.

Шошен, Үсен деген Шапырашты ішінде Айқым деген ата екен, оның ішіндегі Қоңыржаман деген атасының баласы. Түрген деген жердегі Баттал қазыға сіңіп, соның қолында болған.

Жамбылдың орта жасқа келіп қалған кезінде Түргендегі, Есіктегі Екей еліне барғанда, Үсенге кездесіп, оның өте қулықшыл өнеріне сүйсініп, қасына ертіп әңгімелерін ұғынып алған.

Үсен ораза айларында жарапазан айтатын, кейде өлеңмен ел аралап кететін, ақындық өнерден де құралақан болмаған.

Үсен ертерек кезде Албан ішіне барып ораза айында жарапазан айтады. Бір үйге келіп жарапазан айтып, қонып отырғанда, үйдің иесі: «Сен мұнымен не өндіресің, сен қызылбөрік Сағаман батырға барып жарапазан айт, көңілі түссе, бір ат қалай мінгізбес екен саған», – дейді. Үсен Сағаманның ауылын сұрап алып іздеп келсе, ел аузын ашып болып қалған екен. Сағаманның үйі қайсы деп сұраса, біреу бір қараша жыртық үйді көрсетеді. Әлгі үйдің қасына келіп сығаласа, біреу отқа қақтанып қыздырынып жатыр екен.

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Қол мақпалдай құлпырған,
Бой берместен жыртылған.
Қай сорлының үйі екен,
Шұрық-шұрық тесілген,
Неменеге мәз болып,
От басында көсілген,
Қақ айырылған есігің,
Бір құрыған қусың-ау,
Құрып қалған несібең.
Қарт бурадай жараған,

Санын отқа қақтаған,
Бұтын отқа таптаған.
Боз туырлық жаппаған,
Өлгенде иман таппаған.
Әлгі ата-бабаңның ауызы,
Мырзасы осы ма еді,
Ат беред деп мақтаған.
Мұхамбет айтып өткен жарапазан, –

деп дауысын баяулата бергенінде: «Ұста мына иттің баласын!» – деп бағанағы отқа қақтанып жатқан енгезердей қара кісі тұра жүгіреді. Үсен атқа қамшы басып, тауға қарсы шауып әрең құтылады. Сөйтсем ол Сағман батыр екен. Үсекең осындай бір қулығы ұстап кетіп, тілін тигізіп, өліп қала жаздапты. Оның жүрген жері думан еді. Келген үйінің күлкіден аузын жиғызбайтын еді. Жамбыл өзі де оның қулығын айтқанда шындап күлетін. Тағы да сол Үсеннің әңгімесі. Албанның Бақай деген атасының ішінде Бақтай деген ұста бар екен. Ол ұста таз екен. Соған келіп жарапазан айтыпты:

– Бақайдағы Бақтай таз,
Қақ төбесі тақтай таз.
Асауы мен қашаған,
Апырау, Бақа, сіздің
Самай шашыңыз неғып босаған?

Менің осындай жаман сөзден аузым піскен,
Айтам деп жарапазан келіп түскем.
Бөркіңді басыңдағы бір алмайсың,
Сені тапқан құдағидың асты ыстық па,
Басыңның жүні неғып жидіп түскен?

Мен сенің жомарттығыңды тұрмын сынап,
Сөзімді талай халық тыңдады ұнап,
Өзіңді атақты ұста дегеннен соң,
Кеп тұрмын қой, қозы емес кездік сұрап, –

дегенде ұста:

– «Шырағым, өлеңіңді тоқтат, мына кездікті ал», – деп бір кездік алып шықты. «Өзі тіпті бір арлы таз екен», – деп елді күлдіруші

еді. Үсенді аз күн ертіп жүргендей басқа уақытта тіпті күліп көрген емеспін деуші еді Жәкең. Үсеннің бір үйдің қасына келіп тұра қалып:

– Береріне май берген,
Бермесіне шай берген.
Кешіктіріп жай берген,
Осы үйдегі сары жеңгем аман ба? –

дегенде, айтқанындай әлгі үйден бір сары әйел бір табақ құрт алып шығып салып береді. Үсен:

Ауылын аймағымен сақта,
Қазанын қаймағымен сақта!
Түйесін тайлағымен сақта! –

деп бата беріп:

– Береріне құрт берген,
Бермесіне сырт берген,
Анау үйдегі қара қатын аман ба? –

дегенде, «Апырау, мына кісі қара жеңешемнің мінезін қайдан біліп қойған?» – деп күліп жіберіпті. «Үсен сондай тапқыш, адамның қу тілдісі» – деп күлетін еді.

Жамбылдың бір ерекше жері ел аузындағы сөзге, осындай мерген айтылған қулық сөзге өте құлақ қойып, ұғып алып, өзі қайта айтып беруші еді. «Осындай сөзді үлгі етіңдер. Елге сөз айтқанда осындай бір жағынан күлдіре, бір жағынан күйдіре айту керек», – деуші еді. «Үсенді мен өзім де көрдім. 1921 жылы Түргенде үйіне кез келіп қондық. Бір түн өлеңін, осы сияқты әңгімелерін айтып күлкіден ауыз жидырмады. Сол жылдарда Үсен 70 жасқа келген қарт еді. Қазір өлген деп естідім», – дейді Үмбетәлі.

Жамбылдың өзі тұстас ақынында өте тапқыр көретін ақыны Дулаттың Сәмбет руынан шыққан Қуандық ақын еді. Әсіресе Қуандықтың үш ағайынды көсе жігіттерге айтқан өлеңін айтып, көсе кісіні көргенде мысқылдап, күліп отырушы еді.

– Жол анасы тұяқтан,
Су анасы бұлақтан,

Сөз атасы құлақтан,
Ал соғайын, соғайын,
Ырамадан, ырғақтан,
Еділ, Жайық, Нұрақтан,
Алшын, Жаппас, тұмақтан,
Олай емес, бұлайдан,
Су атасы лайдан.
Біреу жалғыз, біреу көп,
Біреу жарлы, біреу бек,
Оның бәрі құдайдан,
Құмай шығар тазыдан,
Мен құланшы – қазыдан.
Бір пара жанды алды ғып,
Бір пара жанды жарлы ғып,
Бір пара жанды жоқ қылып,
Бір пара жанды тоқ қылып,
Шернеуіште жазылған.
Арғы атаң болған Жаныстан,
Аузы кере қарыстан,
Дұшпанды жеңген, алысқан,
Астығы тәуір дегенге,
Ізделп келдім дабыстан.
Осы отырған төртеуміз,
Төртеуміз де көсеміз.
Көсе ғып тапқан шешеміз.
Мал мен басты көп беріп,
Сонан жетер есеміз.
Соңғы көсе мен едім.
Әуелгі көсе сен едің,
Астығы тәуір дегенге,
Алыстан ізделп кеп едім,
Көседен көсе құр кетсе,
Батыр қайтып жөн деді.
Бермес көсе сен емес,
Алмас көсе мен емес.
Көседен көсе құр кетсе,
Батыреке, жөн емес.
Күнде жігіт десек те,

Суалды ғой ұртымыз,
Қашқан қоян сықылды,
Тықырайып мұртымыз.
Қатын байғұс таң көрер,
Ашалы қара бақанды.
Саудагерлер таң көрер,
Өркеші биік атанды.
Қыздар байғұс таң көрер
Ауылға келген бақалды,
Көсе байғұс таң көрер,
Сәукеле қара сақалды.
Бұл сөзді мен айтқам жоқ,
Бұрыннан қалған мақал-ды, –

деп Үмбетәлі Жамбылдың тәуір көретін ақындарынан айтатын осындай қисық өлеңдерін көп айтады.

«Жамбыл әсіресе ақындарды өзіне жақын көріп, оларды оңдырмай қатты қалжың етуші еді. Жамбылмен ерте жолдас болған, әрі замандас, әрі ақын шәкірті болған – Есқожа руынан шыққан Өмірзақ ақын Қарғабаев. Бұл кісінің өзі қара кісі, кішірек, шоқша сақалы аппақ болып ағарған еді. Соны көріп Жәкең: «Таутекенің сақалындай, немене, сақалың шошаңдап кеткен», – деуші еді.

Кенен кейінгі кезде келіп бір сәлем беріп, басындағы бөркін алғанда, «Басың немене, тұз түйген келсаптың басындай боз ала болып кеткен», – деп бір күлдірді. Бір күні өзінің сақалын ұстап отырып: «Менің сақалым құртқа малған ағаш күрек секілді болыпты-ау» – деп жатып күлдірді.

Дулат ішінде Баба руынан шыққан Есдәулет ақынды бір келгенде: «Суықтөбенің суыр аңдыған қоңыр ала бүркіті сияқты қопайып қайдан келдің?» – деп жатып күлдірді.

Өзінің 75 жылдығын тойлап жүрген кезде, Шымкенттен Орынбай ақын келіп өзіне амандасып отырғанда, кішкене өлең айт деп, болмай айтқызды. Орынбайдың даусы жіңішке кісі, өзі шарылдап сөйлейтін адам. Соған: «Бұрын да дауысты емес едің, тап тау құдірет сияқты болыпсын ғой», – деп бәрімізді күлдірді. 1943 жылы Киров колхозына келіп, онан біздің үйде отырғанда бұрынғы Айқымның өзін көрген шалдарынан бірсыпыра кісі келіп, сонда Абдыман деген шал келіп сәлем беріп амандасып отырды. Ол өзі сіріңке қара кісі

еді, сақалы аппақ еді. Жәкең одан жасың қаншада деп сұрайды. Ол 55-темін деп еді «... ұрайын, әлден не көрінді басын ұнға тыққан қара мысық құсап», – деп күлдірді.

1922 жылы Ұзынағашта бір үлкен жиналыс болып, сонда ақындар да болды, Жамбыл да бар еді. Сол кезде Ұзынағашта милицияда қызмет істейтін Пұшық Жұмық деген кішірек бір белсенді жігіт бар еді. Әлгі жиналған елге олай жүр, былай жүр деп атпен шауып дамыл бермеді. Сонда Жамбыл: «Мына «саратан зауза құсап дарылдағаның кім? – деп елдің ішек-сілесін қатырды.

Мақыш Райымбек баласы – әрі балуан, әрі ақын, Жәкеңнің ең жақын көрген адамы. Ол өзі көбіне демін аузынан алатын аңсағай зор денелі кісі еді. Соны: «Көкұрайын», – деп отыратын.

Өзіне хатшы болып жүргенде Қалмақан ақынды әзілдеп: «Шеміршек болған жылқыдай танауың шелтиіп келдің бе?» – деп бір отырғандарды күлдіріп еді», – дейді Үмбетәлі. Жәкеңнің аузы қалжыңға, адамның бойындағы, ісіндегі мінін айтуға шеберлігін айтып.

Жамбыл өзімен сөйлесіп әңгімелескен, істес болған кісінің қандайы болсын бір сын тақпай, соның бір кісі күлетін мінезін айтпай қалмайды екен. Мұны бір ғана Үмбетәлі емес, адамдардың бәрі айтады.

Өзінің ауылындағы әрі жақын інілері Жартыбай Қырықбай баласын «суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық, кейде «асыранды жапалақ сияқты қаудырап» дейді екен. Жамбыл кейінгі кездерде Совнаркомның больницасына келіп жатып, емделіп жүрді. Сол больницаның директоры Ерастов деген дәрігерді көргенде: «Мына төренің жүрісі қалай, ұшуға жақындаған үйректің балапаны сияқты теңселе басып», – дейді екен. Өйткені Ерастов қол-аяғы қысқалау, жүргенде теңселе басып жүретін адам еді.

Өз елінде Шыныбай деген жігіт бет-аузы сопақ екен, және бір жағына қарай бейімдеу екен. Соны Жәкең бір күні көргенде: «Қисық өскен картошка құсаған неме екен ғой», – деп отырған елді күлдіріпті.

Өзінің неше жыл қасында болған докторы Досымбекті «Қалжаға сойған қойдың мұжыған мойын омыртқасы құсаған енеңді..» – дейді екен.

Өзінің Алғадай деген баласын: «Борбас жерден шыққан бұзаубас құсаған енеңді» Өзінің жақын ағайындары Ибрайым Бәсімбет баласына (бұл қарт шежіре кісі) : «Құрт, айран ұрлап ішкен кісі құсап немене мұртың аппақ болып кеткенсің», – депті.

Өзінің баласы Аққұлыны: «Іңірде ұшқан қара қоңыз құсаған дарылдаған енеңді ұрайын», дейді екен. Өзінің ағасының баласы Сәни Төтей баласына: «Ұзататын қыздың жарма шымылдығы құсап немене аузың ырбаңдап бір орында тұрмайды ғой», – дейді екен.

Өзінің шөбере інісі және өздерінің колхозының председателі Тұрап Мыржиевқа: «Суық бас торғайдың мүйізі құсап мұртың шелтиіп тұр ғой», – дейді екен. Өз ауылында жақын ағайындарының бірі Әбіл деген жігітті «Судағы майқоңыз құсап жыпылдаған енеңді ұрайын», – дейді екен.

Өз ауылындағы замандас қарттың бірі Демекұл Таңсық баласына бір күні кешке жақын үйіне келіп сәлем бергенде: «Аяғын тұсаған қара бура сияқты маталып қайдан келесің», – депті. Демекұл тұсаған малдай малтығып жүретін кісі екен.

Тағы сол өз ауылының бір жігіті Қасен Шымырбай баласы балпылдап көп сөйлейтін жігіт екен. Сол келіп бір күні ауызы тиыштық таппай сөйлеп отырыпты: «Осырақ қоңыз құсап немене балпылдап отырсың?» – депті.

Өз ауылының Жолашар Рахматжан баласы деген жігітке: «Шала түлеген шабдар жылқы құсаған енеңді ұрайын, неғып кержағалданып отырсың», – депті. Ол шикіл сары кісі екен.

Өзімен замандас Тойбай деген шалды: «Кәрі жіліктің құрығы құсаған енеңді ұрайын», – дейді екен. Ұзын бойлы еңкейіп жүретін кісі екен.

Өз ауылының адамы Нұрбек деген кісіге, бүкірейіп жүретін кісі екен: «Тышқан аңдыған мысық құсап, жауырыныңды құржитып қайдан келесің?», – депті.

Өзінің Қожаш деген өлген ақын баласының әйелі Пәтимені: «Орыстың асыранды ала қазындай байпаңдаған келін», – дейді екен.

Өз ауылының адамы Алтай Сары баласы деген жігітті: «Орыстың шала илеген былғарысы құсаған шандыр-шандыр болған неме, оңбай кетіпті ғой» – дейді екен.

Өзінің баласы Аққұлының әйелін: «Ұлу мүйіз құсаған бейбағым», – дейді екен.

Сатыштың әйелін: «Бидай терген көк кептер сияқты», – дейді екен. Тұраптың шешесі Мыржының әйелін: «Оқ жыландай ысқырып отырған шығар» дейді екен. Өзінің Қожакелді деген баласынан қалған немересі Атакелдінің былтыр туған Қуандық деген кішкене баласын алдырып, көзі көрмей қалған кезде, қолымен си-

пап көріп: «Жылбысқы қозының елтірісіндей бет-аузы жып-жылмағай екен» депті.

Өзінің Аққұлы деген баласынан туған немересі Жұмақанды: «Сексеуіл бұрау құсаған бұралып біткен неме», – дейді екен.

Өзінің кенже баласы Тезекбайды: «Екі енеге тел қара қозы құсаған енеңді ұрайын», – дейді екен.

Өзінің немере інісі Өмірәлі Жадыра немересіне: «Етікші қоңыздың мұрты құсап ербиген екі тал мұртыңды ұрайын», – дейді екен.

Жамбылдың домбыраны қолына алуды сиретіңкіреген, алса да тек өзі күңіреніп үйде тартатын кәрі жолдасын айрықша бір қуанышта қолына қайта алдырады. Ол 1925 жылы Алматы қаласында Қазақстанның автономия алғанына 5 жыл және Жетісу, Сырдария елдерінің Түркістан өлкесінен бөлініп, Қазақстанға қосылғанына бір жыл толуына үлкен той жасалады. Бұл тойға Жамбылдың шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Өмірзақ, Сәдібек, Бармақ, Қарабек, тағы толып жатқан ақындар келеді. Бұл той 1913 жылғы өздерін бір үйге қамап, патшаны мақта деп пристав, стражник күштейтін той емес. Той халық тойы, елдің әйелі, еркегі бірдей тойлаған, шапқан ат, алған көкпар, күрескен балуан, салыстырған жорға, бәрі халықтың өз мерекесі.

Тойды басқарған, ойын-сауық тізгінін қолға алғандар – ел ішінен кедей болыс болып сайланған Кенен, Мақыш сияқты өзінің шәкірттері.

«Ал, Жәке, байлардың тойында, патшаның тойында өленді талай айттың ғой, енді мына өз тойың болды, кәне, оныңды естірт», – деген елге, аса көңілденіп жыр айтады. Бірақ Жәкеңнің ол жыры тұтас жазылып алынбаған, ауыз екі ұққан кісі де тұтас қалмаған. Бір кішкене үзіндісі 1940 жылы шыққан жинағында бар.

1927 жылы жазды күні пішен бөлісі шығады. Бұрын байлардың ата мұрасы, мүлкі болып келген жер бөліске түседі. Өз аулындағы бай жуандар Жылқыбай, Күртібайлардың шабындығы, өмір бойы Есқожа, Екей нашарларына қабандай қара түнек болып келген Мырзабек Кәшке тұқымының, Шалтайбай қажылардың жерлері, ат шаптырым жоңышқа шабындығы бөліске түседі.

Осы бөлісте бұрын уыс, құшақ шөп алып көрмеген кедейлердің есеге қолы жетеді. Бала-шағасымен Жәкең де таңдаған жерінен шабындық қалады. Пішен бөлісі боларда Ұзынағашта барлық ел бас қосқан жиналыс болады. Жиналысты қосшы ұйымының мүшелері

басқарады. Жер бөліске түсетін болып мойнына су құйылған бай, жуандар іріктеліп топтан шығады. Сол топта:

Сексен бірге жас келіп,
Әр немеден жасқандық,
Кәрілік деген тақымдап,
Өлім қалды жақындап.
Суырылып сөз келді.
Жамбыл сынды қартыңнан.
Мұнша жасқа келгенде
Не көріп, не білгеннен,
Бір ауыз сөз айтылмай
Қалса, үлкен мін ақынға.
Елестер сан белестер,
Соның бәрін ашқанда,
Қол жеткізген асқарға
Маркс, Ленин кемеңгер,
Жер мен суды қолға алып,
Жетісіп тұр енді елім, –

деп ұзақ жырлайды. («Заман ағымы» деген жырдан 1940 жылғы жинақта, 109-бетте).

1928 жылы байлар конфескеленіп, бұрынғы қосшы ұйымының мүшелері еңбек біріктіру серігіне ұйымдасады. Сол алғашқы ұйымдасқан кедей тобының ішінде Жамбыл да болады. Бірақ бұл кезде Жамбылдың қолы малдан құр алақан емес.

1918 жылдың ақсүйек жұтында кедейленіп қалса да, Кеңестің алғашқы жылдарындағы үнем саясаты кезінде тағы да малдың басы құралып қалады.

1929 жылы, алғашқы ел жаппай колхозға ұйымдасып, барлық күш малы ортаға салынғанда, Жамбыл бала-шағасымен жиырмаға тарта жылқыны ортаға беріп, колхозға кіреді.

Малдың бәрі ортаға түсіп, колхоз дүрілдеп, егіні шығып, шөп машинамен көп шабылып, қарт ақын шын жаңалық дүниені көре бастайды. Бірақ бұл бір жақсылық ұзаққа бармай, колхоз ортасында асыра сілтеу басталады. Бай-кулактар колхоз ішіне іріткі салып, түрлі тәртіпсіздік болады.

Жамбылдың өз колхозының ішінен Қалабай сияқты өтірік белсенділер атқа мінеді. Олар сен байларға, манаптарға өлең айтқан-

сың, өзің де орта дәулетті болдың деп Жамбылға тиіседі. Бірнеше рет белсенділердің қармағынан ауданға барып, аман құтылып шығады. Сөйтсе де белсенділердің асыра сілтеуінен Жәкеңнің балалары Тезекбай, Алғадай, Қожаш, ағасының баласы Сәтіштер қырғыз ішіне кетеді. Жәкеңді де ала кетеді. Сол бетімен балаларымен бірге екі жылдай жүріп қалады.

Колхоз ұйымдастырудағы асыра сілтеу қателіктері түзетіліп колхоз ішінен басқа жерге көшкендер қайтарылады. Қырғыз елінен алдымен Жамбыл қайтады. Осы күнгі өзінің қорасы тұрған жердегі Нұрбек Сазанбай ұлының үйінде шеттен көшіп келгендерге азық беру пункті болады. Басқа жерден қайта көшіп келгендерге бір жерден тамақ беріледі. Жамбыл да осы жерде болады.

Қырғыз асып, екі-үш жылдай елін сағынған ақын бір жерде отыра алмай, бір күні кетіп қалып, осы күнгі Қызыләскер колхозының мүшесі Тұрсынбек ақсақалдың үйіне келді. Тұрсынбек Жамбылдың жырын сағынған елге айтқызып, бірнеше күн қондырып сыйлап, өзінің сұрауы бойынша Қарғалы өзенінің аяқ жағындағы совхозда істейтін Қасымбек Арғынбаевтың үйіне жеткізіп салады. Содан Жәкең бұрынғы қалыпқа түсіп, колхоздасып, шаруасы жөнделе бастаған еліне жырын көңілдене айтады.

Осы күнгі Аманкелді колхозы атанған Суықтөбе бауырындағы Есқожа елінің колхозына барып, өлең айтады. Колхоздың бастығы Әбдіқадыр Бабажанов деген жігіт: «Жәке, жаяулап қалыпсың, мынаны аяқ лау ет», – деп өзінің қара есегін береді. Жәкеңнің 1934 жылғы ақындар мен әншілердің, өнерпаздарының республикалық жиынына Алматыға мініп келетіні осы қара есек болады.

Жамбыл қара есекті мінген соң ел аралап колхоздың малын бақкан шопандарына, өріске барып өлең айтып, көңіл көтеруге аттанғанда колхоздан колхозға жүріп отырады. Өзінің Шапырашты оның ішінде Екей, Есқожа, Айым елдерін тегіс аралап өлең айтып жүріп, Ұзынағаштан өтіп бара жатып есегі батпаққа жығылады. Жамбылдың жығылғанын не қылсын ойнап жүрген бір топ бала есекті балшықпен ұрып қуалайды. Сол жерден өтіп бара жатып, осыны көрген қасқарау елінің Жұмағұл деген жігіті есекті қайырып ұстап, Жамбылды есегіне мінгізеді.

Жығылды Жамбыл келіп есекпенен,
Үкімет нанын бермек есеппенен.

Жығылып қара есектен жатқанымда,
Ұрады жүгірмектер кесекпенен, –

деп Жұмағұлға өлеңдетіп амандасып, Жамбыл батасын береді. «Жәкең осы жығылғанына қатты ренжіп, көзіне жас алып айтып еді. Осының артынан көп ұзамай Жәкең Алматыға шақырылады. Содан бастап ол кісі қайта жасарды, бағы көтерілді), – дейді Октябрь колхозының мүшесі, құсбегі қарт Сүлеймен Тәкімұлы.

1934 жылы Алматы қаласына шақырылған жас көркемөнершілер мәжілісіне келіп Жамбыл жыр айтады. Бұл жырда Жамбыл бір кезде азып-тозып кеткен халықтың ата мұра асыл қазынасы талапты жастардың қолына тиіп, көркейе бастағанына қуанады. Соған арнап:

– Уа, термеден сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында.
Топтан озған тарлан ең,
Шабысыңнан тандың ба?
Тұяғың тозып, топас боп,
Китіңдеумен қалдың ба?
Шаршы топқа түскенде,
Шабысы болар шалдың да, –

деп, өзін жастар алдында сөзден сүрінбейтін жігермен қайрап жыр ағызады. Жамбыл бұрынғы бір ауыз, жарым ауыз сөзбен түйіп тастаудан гөрі созып, желілеп, ұзақтай айтуға, бұрынғы ойда бұғып келген жыр желісін ұзартып, өлеңді көгеннен ағытқандай құлашты кең тастайды.

Жамбылдың бұл кездегі айтқан әрбір кезеңді жердегі жыры заман бейнесін суреттеуге кеңінен қамтылған жыр болады. Бірақ бұл кездерде де тек бір мереке я бір болған уақиғаға байланысты арнаулы жыры болмаса, Жәкеңнің ел ішінде айтқан күнделікті жыры жазылмаған.

1935 жылдың ішінде Жәкең өз елінің жайлау, күзек, көктеу мекендеріне барып, колхозшылар арасында үздіксіз жыр айтады. Сол жырлары да жиналып жазылмаған.

1936 жылы Қазақстан көркем өнерпаздарының Мәскеуге баратын дайындығы болады. Осыған арналып ақын, әнші, күйші өнерпаздардың слеті шақырылып, барлық жүйрік жарысқа түсті. Бұл

жиылыс бәйгеге көп-көп шабылған кәрі тарлан Жамбылға аса ұнайды. Ол осы жиналыста бұрын атын естіп, өзін көрмеген сан өнерпазды көреді. Солармен бәсекесіз өнер салыстыру бәйгесіне түскенде аса көңілденеді. Бір шеті Оралдан, Каспийден, бір шеті Қытаймен шектес Алтайдан келген жүйріктердің өнеріне сүйсініп сүйікті жыр толғап, топтың алдына түседі.

Мәскеуге баратын өнерпаздардың ақсақалы болып Жәкең белгіленеді. Жәкеңнің ұғымынан терең орын алған Мәскеу жұртшылығының достығы, Ленин – Сталин қамқорлық басшылығы гүлдендірілген елінің бейнесін Жәкең кеңірек толғап айтуға ойланып жыр төгеді. Бұл жыры әрі сыр, әрі қуаныш жыры болып өрісі өте ұзаққа тартады. Жәкеңнің осы жырлаған «Туған елім» деген жыры Жәкең жырының жүлгіленіп шыққан жаңа белесі болып, аса әдемі шығып, бірнеше тілге де аударылып, бір ғана қазақ поэзиясы емес, бүкіл Кеңестер Одағы поэзиясынан үлкен орын алады.

Жәкең халықтың көркем өнерінің көшін Мәскеуге да осы «Туған елім» деген тамаша жырымен бастады. Жәкеңнің бұл жыры ақын, әнші, композиторларға ерекше ой салды. Арқаның атақты әншісінің бірі әрі жас композиторы Манарбек осы жолы «Сталин туралы» деген тамаша әнін де шығарып, Күләш «Гәкку» әнін жаңа бейнемен әсемдеп, ел өнеріне қозғау салғандай болды.

Жәкең бұл жырында халық поэзиясынан бойына көп сіңірген ерекше тапқыштық сұңғыла сөзге көшеді. Ол халықтардың көсемі Сталинді тек көсем еді деген жалпы сөзбен тоқталмай, оған теңеу іздеп, өзі ерекше артық санайтын табиғаттың тамашаларынан құлағына сіңген барлық ұғымдардың ішінен Сталинге теңеу таппай қинала отырып, өте әдемі теңеу айтады:

– Лениндей басшы іңкәрім,
Жырлауға саған сөз жетпес.
Шебер ақын ұстаның
Пайғамбарға теңеуге
Сүндет, уәжіп, парыздан
Артық көрдім ұстазын.
Асқар тау биік дер едім,
Көрініп тұр төбесі.
Ақылы дария дер едім,
Бірақ кейде дарияның

Қайырлайды кемесі,
Шайқалған жүйрік дер едім,
Ат та шаршап болдырар
Кездесіп жердің белесі.
Домбыраны алғанда
Сталинге тең таппай
Қиналған Жамбыл жері осы, –

деп, ақын аяқты аршындай алысқа жастайды.

Жәкеңді мақтандырған халықтың көркі болса, оны көркейткен адамзаттың данышпандарына Жәкең ғасыр бойы көңіліне жинаған асыл сөзден арнаулы шашу тастайды.

Бұл жерде бір айтарлық нәрсе – Жәкеңнің асыл қазынасын ақтаруға ашылған жаңа жол тәрізді. Қазақстан үкімет басшылығының, Жазушылар Одағының бастауымен Жамбылға хатшы ретінде өзіне заман ағымын ұғындырып, ой салып отыратын жас ақыннан кісі белгіленуі. Осы тұста Жәкеңе көп ой салып, жаңа пікірлер айтуына себепші болған – ақын Әбділдә Тәжібаев.

Әбділдә қарт ақынның туып жатқан тумасына түрткі салғандай, халық ықыласындағы жаңа ұғым, тамаша ойларды газет, журнал, әдебиет дүниесіндегі жаңа идеяларды көкейіне қондыра айта білді. Жәкең өзі хат танымағанмен, оның құлағына тиген жаңа сөз, жаңа пікірді бойына тез сіңіріп, жырының бетін тез түзетіп алды.

Осы декадаға барған сапарында Жәкең Москваны, Кремльді көрді. Ленинның жатқан жерін көрді. Алыстан атын естіп, ақыл-ой асқан данышпандығына құмартқан кәрі ақын қақ қасынан отырып, Сталинді және оның серіктерін көрді. Ақынға толқынды жаңа ой туғызды. Ол ой толқынынан сол Москваның өзінде орғып ұшқан тау суындай бірнеше жыр толғады.

Ақынның ғасыр бойына жырлаған еңбегінің сырындай «Еңбек Қызыл Ту» ордені Жәкеңе осы жолы берілді. Сонымен қатар, Жамбылдың аты бүкіл Одақ халқына әйгілене орталық газеттерінде өлеңі басылды. Жәкеңнің атымен қатар қазақ халқының халық поэзиясы тозаң тотынан аршылып, жарқ етіп, кең майданға шыққандай болды.

Жамбыл өлеңінің өріс тауып, құрметті орын алуы, қазақ даласындағы барлық халық ақындарының ойын қозғады. Жаңа жыр, жаңа дастан жырлауға, заман жаңалығына сай шығарма жасауына жол ашты.

Москвадан қайтып келген соң Жәкең тұрмысына айрықша жаңалық кірді. Ол бір кезде қиял еткен дүниесін өзінің үйінен көрді. Оның бір кезде қара құрым, қоқтық қорасы жаңа үй, жасыл тоғаймен безенді. Өзі жырлаған «Өтеген батыр» жырындағы халық геройы, ойшылы Өтеген іздеген қонысы өзі отырған Майтөбенің бауырында екен.

«Тек тілін білмей жүр екенбіз», – деді Жәкең, колхоздың өскен дәулетін, тұрмыстың сәулетін көріп.

Тұрмысы түзеліп, көңілденген Жамбыл әлдеқашан айтпай қойып кеткен үлкен жырларын жаңартып қайта жырлады. Ол өзінің ұстазы Сүйінбай ақыннан ұғып, ертеде жырлаған «Сұраншы» жырын, ел аузынан ұққан Күсеп ақынның жырын, «Өтегенді» бұрынғысынан өңдеп, әдемілеп жырлады. Бұл жырлардың аяғынан социалистік мазмұн берерлік жалғау жасады.

Жәкеңе ерекше ой салған Ворошилов, Чапаев сияқты кеңес заманының батырларының істеген ерліктері болды. Ол өзінің ұстазы Сүйінбай ақынның заманындағы батыры сүйіп, жыр еткен жолын өзіне сабақ етті.

Ол өзінің сол күндегі хатшысы және жәрдемшісі Қалмақан ақын арқылы Ворошиловтың азамат соғысындағы ерлігін сұрап ұғынып, данышпан Сталиннің батыр серігін бұрынғы батырлар жырының бейнесінде жырлады:

– Қылышынан қан тамған,
Найзасынан зор тамған.
Іргелес елді жылатқан,
Ордасын, туын құлатқан,
Алтай мен Орал арасын
Борандатқан, шаңдатқан,
Талай елді қандатқан.
Ардақты ма Шыңғыс хан?
Дейміз бе біз Шыңғыстың
Атағы асқан, күші асқан,
Клим Ворошиловтан? –

деп, Ворошиловты дүние жүзіне әйгілі қолбасшының бірі Шыңғыспен салғастырып, өз заманының адамын қанішер Шыңғыстан әлдеқайда артық етіп мақтанды:

– Жауға жерін бермеген,
Тигенге қылыш сермеген,
Сынаспақ болған дұшпанды
Шыбын құрлы көрмеген.
Ат мінбеген жаратпай,
Әскері темір болаттай,
Жеңілуді білмеген,
Байтақ жерді қоршаған
Жалпақ елді қорғаған,
Ленин ерден оқыған,
Сталиннен үйренген,
Артық көрмен еш жанды,
Ел сүйген сендей ерімнен, –

деп, Жәкең Ворошиловты өте сыйымды жолмен шебер суреттеп айтып береді. Жәкең осы жырын ұлғайтып «Ворошилов батыр» деген көлемді поэма шығарды. Осы поэмадан бастап Жәкең Совет үкіметін құруда, әсіресе қазақ елінің өз алдына ел болуында ерлік жорықтары көп болған Чапаев, Фрунзе сияқты батыр қолбасшыларды ойланып жыр етті.

Жамбылға көп ой салып, ақындық делебесін қыздырып отыратын нәрсе радио болған. 1936 жылдан бастап Жәкеңнің жаңа үйіне радио орнатылды. Жамбыл оны «Шайтан құлақ» деп ат қойып, радиодан айтылтан ән мен жыр, тартылған күй, оқылған әңгімені тыңдап, өзінің ойын да, дүниеге көзқарасын да жаңартып отыратын болған.

Жалғанды жалпағынан басып өтіп,
Жасарып, қайта туып алдым бекіп.
Қаусаған отыз тісім қайта шықты,
Болғанда қызыл иек әлім кетіп, –

деп, Жәкең 1937 жылы өзінің жасарғанын айтып жыр жырлады. Оның бұл жыры – әншейін айтылған емес, шын мәнісінде, жасардым деп шын көңілден айтқан жыры.

Жамбылдың бұл 1937 жылғы жазылған жырларының көбі өте көңілді. Оның Чапаевқа арнаған:

Еділ, Жайық үстінде
Торлаған қара бұлтты,

Серпу үшін күшіне
Түсін Чапай жорытты.
Патшаның торын қырқуға.
Жандаралды құртуға,
Халық үшін жан қиып,
Түсті сыпыра жортуға, –

деп, Жамбыл Чапай жорығын өзінің байырғы жырлаған батырларының жырының ішіне салып сыйдырады.

Жәкең бұл жылдарда тек үйде отырып қалмай, елдің жайлауына, күзегіне барып жаңарған елдің ортасында отырып, жаңа жыр айтуға ыңғайланған.

«Жаз айларының тамылжыған әдемі күндері еді. «Дегерес» совхозы жылқылары Суықтөбе, Саржазық, Сұлутөбе, Балжан жайлауларына барған кезі.

Сол жылы жылқыға карантин болып, атпен кісі барғызбайтын еді. Астында мінген шұбар сиыры бар, домбырасы белінде, бір күні Жамбыл келді. Саржазықтың белесінде Жалпақ жайлауды алып жатқан асыл тұқымды арғымақ айғырлы жылқыны аралап, Құрманғалы деген бір ферма бастығының үйіне келіп қымыз ішіп, жылқышыларға арнап өлең айтты.

– Өсіріп асыл жылқы арғымақтан,
Жігіттер көкке бедеу қаргылатқан.
Сарыжазық, Қарақия, Алаяққа
Совхоздың жылқысы желі тартқан.
Ойнақтап құлын-тайың асыр салған,
Құландар алма мойын асылданған.
Аттары бөрі құлан, бөкен санды,
Молайды ел дәулеті асыл малдан, –

деп өлең айтып еді, – дейді Дегерес жылқы зауытының орденді жылқышысы Абықай Қыдырма баласы. «Онда Жәкең өте көп жыр айтып еді, оны біз керек қылып ұғыппыз ба?» – деп 1944 жылы, 12 қыркүйек күні совхоздың өзінде айтты.

ДЕГЕРЕС ЖЫЛҚЫ ЗАУЫТЫ ТУРАЛЫ АЗ СӨЗ

Дегерес жылқы зауыты Жамбылдың ауылынан 45 километрдей жер. Сол Суықтөбенің солтүстік бауырына таман, Қопа жазығына шығар шеткі биік адыр. Бұл жер ерте кезде (осы күнгі Үшбұлақ колхозы отырған Жамбыл ауданы) Тайторы деген елдің жері екен. Бұл жерге жылқы зауыты 1931 жылы орнаған. Алматы қаласының байлары Маслов, тағы бір-екі бай қосылып хутор салып, кестіріп алған, артынан Племхоз ұйымдастырылған. Ол байлар колхоз ұйымдасқаннан кейін фермасы тәркіленіп, үкімет қарамағына алынып, зауытқа айналдырған. Бұл жылқы зауытына Жамбыл жылда келіп өлең айтып, асыл айғырлармен аттарды көріп аса қызғушы еді дейді.

Жамбылдың Дегерес жылқы зауытына көп келуіндегі бір себеп: Бұл зауыт болмай тұрғанда, Маслов оған тағы екі бай бірігіп, мал өсірген жері. Байлар Алматының үлкен чиновнигі әрі байы. Бұлар 1900 жылдардың шамасында қазақтың жерін кестіріп алып, хутор салады. Бұл жері алынған Тайторы тұқымы Үшбұлақтың бас жағына Жамбыл ауылдарымен бөліктес бола келіп орнайды. Байлардан зорлық көріп, жерінен айырылған, ата қонысын зорлықпен тастаған елге Жамбыл талай келіп жыр айтып, әсіресе елге қоныс іздеген Өтеген батырды айтады екен.

Дегереске орнаған үш байдың малын сол Тайторының кедейлері бағады. Жамбылдың өте жақсы көретін кедейдің бірі, пысық ер жігіт Әйгелов Құрманғали, сол байлардың малын баққан. Ол осы күні жылқы зауытының басты жылқышысының бірі. Осы Құрманғали 1916 жылғы көтерілісте сол үшін байдың малын айдап қашып, көтеріліс басталғаннан кейін байлар оларды солдатпен барып малымен қайтарып алған. Көтерілістің артынан қорқып, байлар оларды аса жазаламаған.

Дегерес жайында болған бірнеше кезеңде әңгімелер Жамбылдың көп білген және сан рет өткен оқиғалары екен. Бірақ бұл жырлар кезінде айтылып, жиналмай қалып қойған.

Құрманғали айтады: «Жәкең 1937 жылы келіп жайлауда, біздің үйде болып жыр айтқанда, осы әңгімелерді айтып, сен бір кезде ата қонысыңнан айырылған, атасы жоқ құлдай, жер мен судан жұрдай болып едің. Енді желі тартып бие байлаған жайлау, өрістеп саз жайлаған бай болдың, мынау малдың бастығы сен болыпсың, өз малыңдай көріп бақ. Бұл мал киелі мал, биелі мал деп еді», – дейді.

Жамбылдың жаңа жырды осы секілді айтқан жылы 1937 жылы болған. Оның себебін жоғарыда айттық. Әсіресе халық құрметі, үкіметтің қадірлеуі ақынның асыл қазынасын ақтарылта тасытқандай болған.

Сонымен қатар, Жамбылдың бұрыннан айтып келген өзекті жырлары – Сүйінбай айтуынан өзі өңдеп алған «Сұраншы» жыры. Өзі 1920 жылы Алматы қаласындағы Максим Горький көшесі мен Коммунардың арасында, Ыстықкөл көшесінде, Мыңсары Сүлеймен деген шала қазақтың үйінде жатып, айтып отырып жаздырып, артынан аса оңдап айтып кеткен «Өтеген батыр» жырын да сол жылы қайта айтып жаздырады.

Бұл жерде бір айта кететін ескерту: Жетісу, Сырдария облыстары Түркістан өлкесіне қарап, Түрік республикасы атанып тұрған кезде, 1920 жылы қысты күні Жетісу облысынан сол кездегі үкімет басындағы жігіттері Жетісу ақындарын жинайды. Ол жиналысқа Жамбыл да, Үмбетәлі де, Бармақ та, Мақыш та, Кенен де, Садыбек те келеді. Оларға бірнеше күн өлең айтқызып, ішінен бірнеше ақынды іріктеп тапсырма береді.

Мысалы, Үмбетәліге, Саурықты жырла дейді. Мақышқа Тазабек батырды жырла дейді, Жамбылға Өтегенді жаңғыртып, үлкейтіп жырла дейді. Бармаққа Бәйсейітті жырла дейді. Садыбекке Сыпатайды жырла дейді.

Сонда Жамбыл осы Алматы қаласы, Ыстықкөл көшесі мен Торговый көшесінің түйіскен жеріндегі Мыңсары Сүлеймен деген қазақтың үйінде жатып Өтегенді жырлайды. Жамбылдың айтқанын Мәнке болыстың молдасы болған кісі жазып отырады. Мәнкенің молдасы домаланданған семізше, кішкене кісі екен. Жамбыл: «Су ішіп шыққан жер тана құсап таңқимай, тез жазсаңшы, сен қимылдағанша Жамбылдың өлеңі тұра ма?» – деген сөзі осы күнде елге мақал болды. Бұл жырды сол жаздырып алған жігіттердің қайда жібергені мәлімсіз. Мұны айтқан Омар және Ыбырай Бәйсімбет баласы Миржи да айтады. Үмбетәлі де рас дейді. Үмбетәлі бұлардың қай-қайсысын болсын өз көзімен көрген.

«Саурықты мен жырладым, өйткені онда қырғыз бен қазақ бір еді. Және бастауын бастасам да, осы Алматыда облыстық комитетте істеп тұрған жігіті ұнатпай, аяқтамай тастадым. Өйткені Саурықтың соғысы ылғи қырғызбен екі арада болған еді. Және Саурықты қырғыз Көрпік батыр өлтірген. Өйткені Көрпік Кенесары өлтірген

Жаманғараның інісі екен. Кенесары Жаманғараның інісін Саурықтың аулының қасында, ақ үйлі болып отырғанда өлтірген екен. Жаманғараның інісінің өлімі жөнінде Саурықпен аса өш екен. «Бұларды айтуға екі елдің өткендегі қателігі ел арасында әлі де ұсақ араздықты қайта туғызбасын деген ой болды», – дейді Үмбетәлі.

ЖӘКЕҢНІҢ КАВКАЗҒА БАРҒАН САПАРЫ

1937 жылдың күзінде Грузия халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуы тойланды. Осы тойға Қазақстан Республикасынан да қонақтар шақырылып, ең сыйлы қарт қонақ Жамбыл ақын барды. Жәкең бұл жолында бұрын жүрмеген алғыс жолын жүрді. Қиыр жерлерді көрді. Әсіресе бұрынғы қиссаларда, ертегілерде айтатын Қап тауын – Кавказ тауын көрді. Кавказда мекендеген тау елін, Грузия елін көріп, айрықша тамашалады. Ұлы Сталинді ұшырған ұяны көрді.

Осы көрген тамашасын Жамбыл әдемі жырымен суреттеп, айтып берді. Жамбылдың Кавказға арнаған жыры осы жолғы алған әсерінен, сүйсінген, қызыққан жүрегінен шығып еді. Осы сапарында Жәкеңнің қасында болған жас жазушылар Жәкеңнің кейбір елеулі сөздерін, болған жерлерін күнделік етіп жазып та отырған.

Жамбыл өзі де осы жолғы жүрісінде көрген тамашаларын, қызыққан, сүйсінген нәрселерін әңгіме етіп те айтып отырады екен. Әсіресе Грузия елінің келбеттерін өте жақсы көрген: «Ат ерінді, ер мұрынды» деген қазақ елінің мақалын айтып: «Адамдары қошқар тұмсық, ер келбетті екен. Әйелдері аппақ, көздері қарақаттай, шаштары әрі ұзын, әрі құндыздай қара болады екен. Әттең, жас күнім болмады, әйтпесе бір қызды алып қашсам да әкетер едім», – деп қалжың да айтқан.

1938 ЖЫЛҒЫ ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҒЫНА 75 ЖЫЛ ТОЛҒАН ТОЙЫ

Қазақ Республикасының астанасы Алматы қаласы Кеңес үкіметі орнаған аз жылда қандай жаңарып, гүлстан болғанын Жәкең өз жырларында әдемі көрсеткен еді. Жамбыл өмірін жасартып, жаңа бақыт

берген заманы оның жасынан бірге жасасқан, сан әдемі жырын ағытқан қаласын да, халқын да бақытқа бөледі.

Май айының әдемі күні, бау-бақшасы гүл атқан Алматының, қарт бауыры Жамбылдың өте бір ерекше дәреніне әзірленді. Ол Жамбылдың ақындық қызметінің жетпіс бес жылға толған асқар белесі еді. Бұл мереке бүкіл Кеңестер Одағы болып ұлы құрметпен қарсы алған думан болды.

Бұл думанға Кеңестер Одағының 170 миллион халқы тұтас қатынасты. Туысқан республикалардан арнаулы қонақтар келді. Кеңестер Одағының түкпір-түкпіріндегі ұлты басқа, жүрегі бір бауырлас елдер қазақ елінің қарт бұлбұлы, аға ақынын өз туыстарындай қызықтады. Олар өздерінің ақынға деген махаббатын, шын сүйіспеншілігін жүрекпен айтты. Жер-жерден келген телеграмма, хаттар жаңбырдай жауды.

Мәскеу, Ленинград қалаларынан, Кавказ, Украина, Белорус, Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінен топ-тобымен ақын-жазушылар келді. Бұлардың бәрі де қазақтың жүз жасаған қарт ақынын өз көздерімен көріп, аузынан өлең тыңдады. Өздері арнап елінің туысқандық сәлемін әкелді. Солармен бірге Монғолия сияқты достас көрші елден, шеткі елдегі дос жазушылардан телеграмма, хат деген құттықтаулар ағыл-тегіл құйылды.

Қазақ елінің үш жүзге бөлініп, үні әр жерден шыққан ақындық дабылы бір жерден қағылғандай болды. Осы той, осы жиынға Жамбылмен заманы бір, өмірі, өрісі қатарлас қазақ ақындары бас қосты. Сарыарқаның сарыбелінде тоқсан түлеп тұғыр қуартқан Доскейі келді. Жамбылмен қатар шыққан, өзен арнасындай, ақындық жүлгесі бір кезде қатар жосыған, сексенге серпіні қайтпай келіп, бел асқан Арқаның Шашубайы келді. Кіші жүздің кежімдеген тарландай, тарихи жырлардың шеңгелі Ақтөбеден Нұрпейіс келді. Талас пен Арыстың алып алыбын талмай жортқан шораяқ жүйрігі Орынбай келді.

Бұлар – Жәкеңді әз аға тұтқан қадірменді іні, замандастары. Осылардың артынан ерген үбірі-шүбіріндей, етегінен ұстай шыққан ақпа сөздің арындаған толқынындай, жыры бүктеліп-жазылып Иса келді, айқаймен, өлеңмен қатар аңыратып Нұрлыбек келді. Сырнай мен үнін Сырдың суындай сылдыратып Нартай келді.

Жамбылдың жанында өскен шәкірттерінен өлеңнің өрен жүйрігінің бірі Үмбетәлі, кербез үнді Кенен, құдіретті сөзді қомағымен

төңкерілте Матайдың Қуаты келді. Қазақстан астанасы өлеңмен қанаттанып, әнмен аспанда қалықтағандай шаттыққа бөленді. Бұйыққан үн, күрмелген тіл шешілгеніне шеңберінен асып, ақындық салтанаты аспан асып, құлаш жайды. Ілгері-соңды болып көрмеген асқан құрмет, халықтық мереке, отандық ұлы сүйіспеншілік басын қосты.

Құтты болсын айтамыз,
Ақын Жамбыл қария,
Ақ қалпақты отыр қырғыздан,
Халықтың жолдап сәлемін.
Келіп тұрмыз жаныңа
Үніміз үнге ұласқан,
Ағайын туған халықпыз, –

деп, қырғыздың халық ақыны Әлімқұл бастаған бір топ ақын келіп, өте тамаша туысқандық істеді. Төсекте басы, төскейде малы қосылған қырғыз елі Жәкеңді өздерінің тумасындай сүйіп, жырын өздеріне үлгі етеді. «Қағанағымыз қатар жарылған туысқанбыз» деген қырғыз елі ғана емес, алпыс ұлтты Кеңестер Одағының барлық елінен осы сияқты өлеңдер елжіреген бауырлықты, достықты айтып келіп жатты.

Тойдың аяғы ақынның өз ауылына барып, барлық республикалардан келген ақын-жазушылар, ғалым-ғұламалар, замандастары болып сонда бас қосты. Жәкеңе осы мерекесінде Кеңестер Одағының ең үлкен наградасы Ленин ордені берілді.

Ақынға Кеңестер Одағы бүкіл жұртшылығынан айрықша бұл құрметі Жамбылды бұрынғыдан да жасаңғыратып, жанына жаңа қайрат берді. Ол:

Жүрегім – жыршы домбыра,
Бақытты қартың Жамбылмын.
Естіді Отан даусымды,
Бөгелме, Жамбыл, сөйлеуден,
Оралдан асып даладан,
Еділден асып айқара,
Заулатты мені от арба,
Жорғадайын шайқала,

Мінгізген жүйрік керемет,
Күн Сталин, көп рақмет! –

деп, ол жыр қоймасын осылай ақтарды.

Бақытқа бақыт ұласқандай, жасарған Жәкеңе жаңа құрмет тағы оралды. Қазақстан еңбекшілері қарт ағасын өзінің өкіметіне мүше етіп сайлады. 1938 жылы өткізілген Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің сайлауында ол депутат болып сайланды. Бір кезде ел билеу, халық тағдырын қолға алу деген дана ойдың, даңғыл мидың ғана елшісі емес пе деп, өз аузынан өткір үкім айтқан Жамбыл енді өзі сол үкіметке сайланды. Ол шілде айының 14-і күні ашылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясын өзі ашты. Ұзақ, әдемі жырымен өркендеген елін, өрістеген халық бақытын тағы жырлады.

– Ел сайлады шын сәнді,
Елдің тұзын ақталық.
Жамбыл деп маған ат берді,
Сөнуге қалған қартты алып,
Сессияны ашуға
Право берді көп халық, –

деп, өзін де, өзге депутатты да халық сеніміне сай қызмет істеуге шақырды. Жамбыл осыдан бастап Жоғарғы Кеңестің сессияларына үздіксіз қатысып отырды. Оның өміріндегі ерекше кезеңі еді, үкімет ісіне, халық билеу, Сталиндік Конституцияның қолдану ісінде өз қолымен араласты. 1938 жыл алуан түрлі жаңа белестермен Жәкеңнің өміріндегі өте бір елеулі жыл болды.

Жаздың жайнаған сұлу күндері, егін өсіп, шалғын пісіп, мал жетілген шақ. Жәкең жайлауға шықты. Өзінің құландай ойнаған бала шағын өткізген Желдібай, Құлансаз шалғындарына үй тіккізіп жатты. Жайлаудың жасыл бетегесінде жайылған сары қымызын, бағыланының бал құйрығына сонылап сейіл етті.

Жәкең жорғасын теңселтіп жайлаудан бау-бақшалы мекеніне қайтты. Алыстан сәлем бере келген аяулы інісі ғұлама туысқан алдынан шықты. Қазақ даласының қарт ақыны, өзінің аға тұтқан орыс ұлын көрді. Сталиндік ұлттар достығының уәкілдері қарт ғалым ғылыммен ағартқан басын иіп, кішілік етті. Әрине, бұлар сөйлесіп шүйіркелескен жоқ. Бірақ ықыласпен, жүрекпен шүйіркелесті.

– Қош келдің ағаңды іздеп, Ғалым інім,
Жасарған Сталинмен жаңа өмірім,
Асауын табиғаттың бағындырған,
Тілегім өрістеген оқу-білім.
Ғалымдар біздің елде таудан биік,
Орны олардың жоғары халқы сүйіп,
Ғалымға бригадир ұлы Сталин,
Сондықтан құрмет етем басымды иіп.

Уа, інім, құрметіңе өлең айттым,
Тақалып жүзге келген Жамбыл қарттың.
Бауырым ұлы Ресей отанымыз,
Қартынан Алатаудың сәлем айтқын... –

деп академик Келлерді Мәскеу елінің, бүкіл халықтың сәлемшісіндей таныған. Солай етіп жырын да үлкен-үлкен аталы сөзбен безеп, бейнесін қандай әсем айтса, ол Жәкеңнің шын елжіреген достық жүрегінен шыққан сәлем. Келлер амандасып қайтар шағы болғанда, Жәкең бүкіл Мәскеу жұртшылығына сәлем тапсырды. Ол қазақ халқының бәрінің сәлемі тәрізді еді. Келлер басын иді, қабыл алды. Екі қарт, ғылым мен поэзия алыптары басын қосып, дос жүрекпен бал алысқандай, аса зор достықпен қош айтысты.

Жамбыл тағы сол жылы Мәскеуге өзі барып, саяхат етіп қайтты. Жәкеңді бұл барғанында Мәскеу халқы бұрынғыдан да зор құрмет етті. Орыс тіліне аударылған әдемі жырларына мейірлене сусынданған мәдениетті жұрт асқан ықыласпен Жәкеңнің алдынан шықты.

«Мәскеуге жеттік. Қазан вокзалында қаптаған жұртшылық. Адам сыймай кетті. «Қазақ халқының қарт бұлбұлы Жамбыл жасасын!», «Совет ақындарының ақсақалы жасасын!» деген ұрандар жер күңірентті.

Театр көркем өнерінің мемлекеттік институтындамыз. 32 ұлттың кеңестік жас кадрлары. Жамбылды бәрі құшақ жайып қарсы алды. Жәкеңе арналған сауық кеші басталды. Бұл концертте ерекше орын алған Рот деген негр жігіті, негрдің әні болды. Ол біріншіден, Кеңестер Одағына келіп, құлдықтан құтылып, еркіндік алған негр адамы. Азат ән шырқайды. Және оның әні сонау құлдықта жатқан негр ұлтының барлық мұң-зарынан шомылып шыққандай өте зарлы, қоңыр еді. «Мен бұл әннің сөзіне түсінбеймін. Бірақ үндеріндегі сы-

рына түсінем. Қазақтың кешегі бір мұңлы заманында аңырап ескен «Елімай» әні тәрізді зарлы екен. Неткен мұңды ән», – деді Жамбыл әнді тыңдап.

Рот Жамбылдың қасына келді, оны Жамбыл күлімдеп қарсы алды. Негр тамаша қуанды.

Сталин атындағы автомобиль жасап шығаратын зауыттамыз. 40 мың жұмысшы бар зауыт коллективі Жамбылды асқан қуанышпен қарсы алды. Осы зауытта тәрбиеленіп өскен, төрт орденді Кеңестер Одағының геройы полковник Прокопьев жолдас Жамбылға келіп сәлемдесті. Ол зауыт коллективі атынан құрметтеп сөз айтып, Жәкеңе достық лебізін білдірді. Жәкең де оларға туысқандық сәлемін айтты.

Союздар үйінің колонна залындамыз. Толған халық, Мәскеу жұртшылығы лық толған. Ғылым, мәдениет орындарының өкілдері академиктер, докторлар, профессорлар, геройлар, халық әртістері, ақындар, жазушылар, сан жеткісіз жұрт. Жамбылдың шығармаларына арналған кеш, ақындар өздерінің Жамбылға арнап шығарған өлеңдерін оқыды. Әбілқасым Лахути Кеңес жазушылары Одағының атынан құттықтап, оқалы шапан жапты. Жамбылға арнаған өзінің өлеңін оқыды.

Мәскеу жұртшылығының құрметіне асқан разылық білдіріп: *«Даңқты Мәскеу жұртшылығына бауырлас қазақ халқынан тусқандық сәлем!» – деді Жамбыл. «Сіздердің маған көрсеткен құрметіңізге, бүкіл адам баласының күні Сталин туралы, бәрімізге сүйікті отанымыз туралы жаңа өлең жырлармен қызмет етемін», – деді Жәкең.*

«С.Қ.» газетінен.
1938 жыл, 14 желтоқсан

Жамбылды Мәскеу жұртшылығы осылай құрметпен қарсы алып, орасан зор ықылас көрсетіп, ұмытылмас достық ниеттерін жасаған. Осы үлкен саяхат сапарынан қайтып келген соң, Жамбыл бұрынғыдан да шабыттанып, шаттық жырларын толғады. Ол 1939 жылдың ішінде талай әдемі жыр айтты. Сол Мәскеуден келісімен жаңа жылды қарсы алып:

– Туған айға қарасам,
Теңеліп өсіп аласам,

Жанға жайлы жанары
Жылжып бір келген жыл көрем,

деп толғады. Осы жолы өзі көріп, тауап етіп қайтқан ұлы дана Ленин мавзолейіне барып шыққанда, ойына түйін салған бір сырды Жамбыл әдемілеп жырлады. Сталиннің қайтыс болғандағы ұлы антын есіне алып, өзінің көкейіне терең ой салған сырды өлеңмен суреттеді. «Орындалған ант» деген өлеңі осы ойдан туып еді. Жәкең сол жылы жеңімпаз Қызыл Армияның батыр қолбасшылары мен батыр ер жауынгерлеріне арнап «Біздің дәуірдің батырлары» деген жақсы жырын жырлады. Ақтарған сайын астынан асыл қазына табылған қоймадай, Жәкең жаңа жырды аузына алса, құлпырған жаңа бір тұлғалар шыға келеді.

Ырыс шығар мияттан,
Сөз атасы құлақтан.
Ер туады халықтан,
Нұр шығады жарықтан.
Сер келеді икемнен,
Ақ болат шығады дүкеннен, –

деп, кестелі теңеулермен батырлық бейнені осылай келістіріп суреттеді. Жамбыл бұл жылы да көптеген өлеңдер айтып, Мәскеу жұртшылығына берген сертін орындады. Бұл жылы Жәкең жырының ішінде өркешіндей ерекше тамаша жыры Сталин жолдастың 60 жасқа толуына арнап айтқан «Сталин» деген жыры болды. Сол жылы Жәкеңе Кеңестер Одағының көп жазушыларымен бірге үшінші рет жоғарғы награда «Құрмет белгісі» ордені берілді.

Жаңадан салынып біткен он екі бөлмелі көк төбелі үйіне кірген, үкіметтің жоғарғы наградасын үшінші орденді алған Жәкең өскен көңіл, өрлеген шабытпен жоғарғы жырларын айтты. Жәкеңнің сол кездегі үнемі қасында болып, жаңа жырларын жазып отырған Ғали Орманов айтады: «Шіркін, өмірдің қызықтысы-ай. Үсті-үстіне бақыт дүниесі түйдектеліп келе берген сайын, Жәкең сергіп, ширай түскендей болды».

Қар кетіп, жер гүлдеген кезде, Жәкең мүлде үйде отырғысы келмей, жүрген-тұрған саяхатты аса ұнатты. «Биыл жайлауға ерте шығамыз. Малды ерте көшіріңдер», – дейді. Жәкең 1940 жылдың көктеміне осындай өте қунақ түрде келіп кіріп, серги жүріп тұрды.

Құсы да иесіне қорғанар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда, –

деп, Абай айтқандай, еңбегімен ерекше жүлде алғанда кім мақтанбайды. Сталиндік сыйлықтың лауреаттары қатарында Жамбыл да осы жылы екінші сыйлық 50 000 сом алды. Жәкеңнің бұл сыйлықты алуы тек өзі ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясын мақтандырды.

Жәкең 1940 жылы даңғыраған, ширақ күйінде келіп кірді. Сол жылдың бас кезінде «Болат тонды батыр» деген жырын, «Большевиктер тобына» деген, «Күні туған еліме» деген жырларын айтты. Бірақ сол жылдың ортасынан былай Жәкеңнің денсаулығы ауырлап, еңкейе берді. Әсіресе құлағы сарап естіп, көзі де тотыға бастады. Алайда Жамбыл үйренген жайлауына барудан, кей-кейде көңілі түскен жеріне, колхозға барудан қалмады. Ол жылы да Жәкең өзінің жайлауына шықты.

Атымды ертте, балалар,
Күлімдеп міне жаз келді.
Түйе боздап, қой қоздап,
Тізіліп қатар қаз келді, –

деп жаз сипатын елжірей, сүйе жазған жаны құмар, жыл құсындай қанатты қиялы қия өрлеп, жайлау асты. Осы жайлауда Жамбыл тағы тамаша саяхат жасады. Ол жайлауда татыранға құлаш сермеген колхоз дәулетінің өрістеріне барды. Ақтылы қой, алалы жылқы, ұйытқылы малды аралап, ой құмарын, көңіл өрісін тоқсыратты.

Жамбыл мұндай кездерінде ақын үнін, әнші дауысын, әзілқой жастар қалжыңын, көрікті әйел көрінісін өте жақсы көреді. Отырған жері думан болғанын аса ұнатады. Өзі де көңілдене көсіліп әңгіме шертеді, Жәкең сол жылғы жайлауда өзінің өкшелес інісі, әрі замандас шәкірті Өмірзақ ақынды (жаршыны), Үмбетәлі, Өтепті ертіп жүрді. Өзінің сол кездегі жәрдемшілері орденді ақын Тайыр Жароқұлын және Ғали Орманұлын бірге ала шықты.

Бұл жазда Жәкең айналасы өте бір ерекше думанға айналып отырды. Осы жаздың саяхаты жайында өте көп жазуға болады. Бірақ бұл жерде осымен қысқартамыз. Сол жылғы жаз думанының айғайындай 1940 жылы шыққан бір томдық жинағының 185-бетіндегі суретте осы жазға саяхаттың бір көрінісі. Сол сурет бәрін айтып тұрғандай.

Жамбыл 1941 жылдың басына ілінгенде бұрынғыдан да ауырлап, жүрген-тұрғанды көтермейтін болды. «Жасарып, қайта жасап алдым бекіп» деп жаны жасарған Жәкең енді кәрілікті шын мойындайын деді. Сол жылғы көктемде:

Сақалым темір күрек сорға малған,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаған, –

деп, өзінің кәріліктен жеңілгенін мойындай жырлады.

Осы сияқты кәрілік қармағына мықтап ілінген қарт ақын туған халқымен бірге тағы бір үлкен сынды күнге сап ете түсті. Ол 1941 жылдың 22 маусым күні басталған Ұлы Отан соғысы еді. Зұлым жаудың қара жүзділік басқыншы шабуылына Кеңес жұртшылығы қандайлық асқынған үлкен ашумен кектенсе, Жамбыл да соншалық кектеніп, қатты ызаланды.

– Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар құлап денемде, –

деп ыза мен кектен туған «Ата жаумен алыстық» деген ұзақ жыр айтты. Жәкең жеткен жасы, кәрілік меңдеткен әлсіз денесінің икеміне бой бермей, соғыс жылдарында әлденеше өлең шығарды. Соғыстың хабарын үнемі радио тыңдап, газеттен оқыту арқылы күнбекүн танысып отыратын болды. Соғыстың алғашқы жылынан бастап Жәкеңнің балалары Алғадай, Ізтелеу әскер қатарына шақырылды. Тайыр сияқты бірнеше жыл қасында әрі жолдас, әрі баласы тәрізді болған хатшысы, өзі «Черницов» деп өте тәуір көрген әдеби аудармашысы Павел Кузнецов та майданға аттанды.

Осы сияқты жақынын, жанкүйерін майданға қасынан аттандырып, соғыстың сұрапыл хабарларын естіп Жәкең Отан күйіне, халық тағдырына аса тереңдеп қарады. Әсіресе ұлы Лениннің қаласы Ленинград қоршауда, халқының халдері ауыр деген хабарды есіт-

кенде, Жәкең, өз ауылы, өз үйі күйзелгендей қиналды. Сондықтан да «Ленинградтық өрендеріме» деген тамаша жыр айтты. Жәкеңнің бұл жыры жаумен арыстандай алысқан әрі қамауда, әрі аш Ленинград жұртшылығына қандай қайрат бергенін Бүкіл Одақ жұртшылығы білді.

Жәкеңнің бұл жырының күші қандай болғанын Ленинград жазушылар одағының қазіргі председателі Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі, орыстың белгілі ақыны Александр Андреевич Прокофьев былай дейді:

– Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез – Ленинградтың халқының аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды: күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды, ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды, электр де пашар жанды, қаладағы үйлердің көбінде жарық болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерге жарияланды. Халықтың рухын көтеруге ерекше күш берген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр зор қаріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістің самолеті төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, бомба-убежищеге тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алуға көшеде өшіретте тұрған адамдарды талай көрдім. Бұл жырдың маңызы, – дейді Прокофьев, сөзін аяқтап, – Жданов, Ворошилов жолдастар қол қойып Ленинград халқына таратқан үндеуден кем болған жоқ.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жәкеңнің «Ленинградтық өрендеріме» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Ұлы Отан соғысындағы қызыл армияның әрбір жеңісіне Жәкең ерекше шаттанар еді, атағы шыққан ерлерді көруге құмартар еді. Сойтіп жүргенде, 1943 жылдың жазында, майданнан «Кеңестер Одағының батыры» деген зор абыройлы атаққа ие боп, қазақ халқының ардақты ұлының бірі Мәлік Ғабдуллин Алматыға келді.

Мәлік Жәкеңе сәлем беріп қайтуға ауылына барды. Оның баратыны Жәкеңе телефон арқылы хабарландырылып қойылған еді.

Өзге қонақтарын Жәкең үйінің ішінде қабылдайтын. Ымшықшымшығы көп қарт адам көңілі келмей отырған жағдайда, қашан өзі бабына келіп алмай, үстіне кіруге ұлықсат етпейтін. Көңілі түсе қоймаса, қабылдамай жіберетін адамдары да болатын.

40-жылдың бер жағында, төсекте отырып қалған Жәкеңнің көбірек сергитін уақыты – сәскелік асын ішкеннен кейін болушы еді. Түскі астан кейін Жәкең ауырлап, кешке қарай жатып қалатын да, содан, келесі сескеге шейін өзін күтетіндерден басқаларды маңына жолатпайтын.

Мәлік Жәкеңнің үйіне күн бата жетті. Дағдылы күнде бұл – Жәкеңнің жатып қалатын шағы.

Мәлік барғанда, Жәкең үлкен ағам үйінің алдындағы көгалда, кілемнің үстінде отыр екен, қолында домбырасы.

Сәлем беріп, қолын алған Мәліктің қолын Жәкең ұстап тұрып, оның батырлық істерін естігені, көруге ғашық болғаны туралы ұзақ жыр айтты.

– «Мәлік келеді дегенді сіздер таңертең хабарладыңыздар ғой, – деді Жәкеңнің баласы Тезекбай бізге, – содан бері тәтем[1] осы арада отыр. «Үйден неге отырып қарсы алмайсың» десек, «Сөз бе сол. Бұрын батыр дегенді құлақ естіп, шіркін соларды көрмеген екеміз деп өкінетін ек, сол батыр енді үйге келсе, оны үйде отырып қарсы алу кісілік бола ма, әттең, не керек, шөгіп отырған күнім, әйтпесе, шауып алдынан шығар ем», – деді.

«Машина деген жүйрік, тыз етіп келіп қап, қапы болармын», – деп, Жәкең ұзын күнге үйге кірген жоқ, асты да далада ішті, далада қалғыды. Мәлік аттанғанша аса көңілденіп әңгімелер айтып ширықтырды. Аса қуанышпен қарсы алып, құрметпен шығарып салды.

Майданда Алғадайдың көрсеткен ерліктерін айтып, бөлім бастығы хат жазғанда, Жәкең аса қуанды. 1942 жылдың күзінде Алғадайдың өзі әкесіне хат жазып, ерлік қимылдарымен таныстырды. Соған қайтарған жауабында, Жәкең:

– Хатыңды, балам, оқыдым,
Халіңді білдім сапардан.

[1] Жәкеңді балалары – «тәте» дейтін.

Қуанып соған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұраншы, Саурық секілді,
Боларсың, балам, қаһарман...» –

деп, ерлігіне сүйсіне отыра:

– Есіңде, балам, бар шығар,
Айтқаным отан әмірін,
Шегінбе жаудан, жанды сал,
Шешілмек содан тағдырың, –

деп баласын әлі де болса қайрай түседі. Бұл жырын Жәкең:

– Достарыңа сәлем айт,
Жауларыңды жеңіп қайт! –

деген тілекпен бітіреді.

1943 жылдың күзінде Алматы қаласында халық ақындарының республикалық айтысы болды. Бұл айтысқа Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік халық ақындары келді. Сан дүбірге қосылып шаң қаппаған кәрі тарлан жүйріктер бәйгеге қосылды. Алматы қаласы ұлы думанға бөленді. Социалистік дәулеттің, Сталиндік бес жылдықтар жасаған ұлы өндірістердің жыршылары шайқасты.

Ақындардың осы тарихи айтысын Жәкең бастап думанды ашып, әдемі жырымен ақын інілеріне бата берді, жол көрсетті. «Дуда тұлпар тұяғы тынбайды» деген емес пе, Жәкең осы айтысқа келгенде, кәрілігін бір сәтте ұмытқандай лезде дөйленіп алды. Ешкім айтпастан домбыраны өзі сұрап алып, тамаша жыр төкті. Жәкеңнің бұл жыры жүз жасаған алып ақынның, халық ағасының, көпті көрген көне ойдың ағалық жыры еді. Жәкең осы жырын айтқанда, сондай тамаша ажарланып жырлады.

Көзі бұлдырап, жанары тұтыққан, құлағы ауырлап, естуі де қиындаған Жәкеңнің соншалық шабытты жыр айтқаны, айтысуға әзірленіп отырған Орынбай, Маясар, Қуат, Кенен, Нұрлыбектерге айтыс аңғарын андыздатып, жосылтып өткендей болды. Қазақстан үкіметі Жәкеңе айтыстың бас бәйгесін байлады. Жәкеңнің ақындар айтысы деген бұл мәжіліске ақтық келуі болды. Өзі айтыспағанымен айтысты бастап беріп, дудың ішінде болды.

Жәкеңе 1944 жылдың кірісі өте ауыр жыл болды. Әрі кәрілік бұрынғыдан да иектеп әлсіретті. Оның үстіне Жәкеңнің аса жақсы көрген баласы Алғадай «Майданда ерлікпен қаза тапты» деген хабар алынды. Бұл хабар Жәкеңді біржолата ауырлатты. Екі көзі де біржолата көрмейтін, бір құлағы мүлде естімейтін болды. Орнынан кісі сүйемесе тұра алмайтын халге түсіп ауырлады.

Жәкең Алғадайды аса жақсы көріп, «Өзге балаларым бір төбе, бұл бір төбе», – деп отыратын еді. Аулына барып, бұл хабарды Жәкең Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің президиум председателі жолдас Қазақпаев Әбсәмет бастаған комиссия естіртті.

– Әттең, дүние-ай! – деді ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең басын көтеріп, – бұл қайғыны қалай көтерем енді...

Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты. Бір жырында:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?
Өлім деген у екен,
Мендей қарт адамға.
Күнде үйімде күңіренем,
Көзіме жас алам да, –

дейді.

Алғадай майданға аттанағаннан 7 күн кейін әйелі Жәмеш босанып, ұл тауып, Жәкең оның атын Қуаныш қойған. Алғадайдың өліміне бүгіле қайғырған Жәкеңнің бір жұбанышы сол Қуаныш болды. Ол туралы Жәкең былай дейді:

– Ал, Қуаныш, Қуаныш,
Сені етейін жұбаныш.
Алғадайым өлгелі,
Боп кетіп ем жылағыш.
«Ата, ата» деп келесің,
Аймалайын, айналайын.
Ақ бетіңнен өпкен соң,
Жүрегімді жамайын.

«Жамайын» дегенмен, Жәкеңнің қайғыдан жыртылған жүрегі жамалмады. Ол енді құлдырай қартайды. Сондай халде отырғанда Жәкең былай деп екі ауыз өлең айтыпты:

– Сөндің бе, жарқыраған шам-шырағым.
Қалдың ба тас бекіліп, қос құлағым.
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сеп болып сөйлесетін жалғыз жағым.
Қалыппын ие болмай өзіме-өзім,
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім.
Балалар, өлгенімше асырай бер,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

«Соңғы сөзім» дегенмен, көңілі көтеріңкі минуттарында Жәкең қарап отырмай, бірлі-жарымды ауыз өлең айта береді[1].

Жәкеңнің осы өмірбаяны жайындағы еңбекті жазу үшін, 1944 жылдың жазында, күзінде елін аралай, көп әңгімелер жинадық. Аратұра өз аулына соғып, өзіне сәлем беріп, жайы-күйін де сұрастырдық. Бірлі-жарым әңгімені өзінен де сұрап алдық. Сол жылы тамыз айының 12-сі күні жайлаудағы елден келіп, өз аулында болып, Үмбетәлі бар, үйіне келіп отырдық, соншалық әлсіреп отырғанмен даңғайыр ақын сүйекке біткен жүйріктігінен жаңылар емес. Еміс-еміс еститін сол құлағы жағынан келіп отырмыз. «Мен Үмбетәлімін» дегенде қасына барып, Үмбетәліге: «Домбыраның үні естілмейді, неге өлең айтпай отырсың?

Құлақ керең, көз соқыр, көкірек ашық,
Бойдан қайрат, ойдан сөз отыр қашып.
Дүрілдетіп өлеңді айтсаңшы, Үмбет,
Қадамыңды артылта ұзап басып.
Жүйрікте де жүйрік бар сүрінбеген,
Ақын үні жиында дүрілдеген.
Қан майданда белдесіп талай ерлер
Балуанда да балуан бар бүгілмеген, –

деп басын көтеріп алды. «Сүйекем өлерінде көп ауырды. Өлерінен бір күн бұрын Қисыбай мен Тәйтелі екеуі барып көңілін сұрапты. Сонда:

[1] Жақшаның ішіндегі біраз сөз Сәбит Мұқановтың жазған кіріспе сөзінен алынды. С.Б.

«Кеше бетімді ноқталап, жағымды қарыстырып, тілімді күрмеп еді. Бүгін қайта босатты, сендермен қоштассын дегені шығар», – деп көңілденіп біраз әңгіме айтып отырған екен. Қисыбайлар қайтысымен қайта төмендеп, ертеңінде қайтыс болды. Сол сияқты естімейтін кәрі құлағыма ақын үні саңқылдағандай болады. Жәкең жеңілді. Сендердің жырдың жырын жырлайтын күндерің келе жатыр. Ақын осындайда сыналады. Ел алдында озықтығын осындайда көрсетеді», – деп ақын шәкірттеріне әріден ой салып, өзі де ойланып біраз отырды.

– Жас күнімде өлеңші асыл болдым,
Көпшілік тыңдағанға тәсіл болдым.
Бұл уақытта қартайып дәрмен бітіп,
Келін менен кепшікке масыл болдым, –

деп өзін меңдетіп алған кәрілікті арман етті. «Енді бізден немене өлең шығады.

Өлеңді бой жасап отырып,
Екі көзді ашып отырып,
Екі аяқты басып отырып, –

айтпаса, өңі қалып кетеді ғой. Ал, балалар, өздерің мәжілістеріңді дүрілдете беріңдер», – деп қарт ақын демалыс етті, жастығына қайта жантайды.

«Оның аузынан ең соңғы шыққан көлемді жыр – фашистік Германияның біржола қирап жеңілуін 9 мамыр күні Кеңестер Одағының генералиссимусы жолдас Сталин жариялағаннан кейін. Бұл хабарға қуанған Жәкең үйіне жиналған жұртқа жыр айтып, жырын енді өлсем де арманым жоқ деп аяқтады. Бұл жырды жазып алар қасында кісі болмағандықтан, сақталмаған.

Жәкең жеңіс тойынан кейін ұзақ жасамады. 1945 жылдың 15 маусым күні сырқаттанып, аулынан Алматыдағы Совнарком больницасына келіп түсті де, 22 маусым күні таңертең ерте дүниемен біржола қош айтысты.

Жәкеңнің сүйегі өз аулындағы өзінің алма бақшасының ішіне қойылды»[1].

[1] Осы кейінгі екі абзац Сәбит жазған бір томдықтағы кіріспе сөзінен алынды. С.Б.

Нысанбек ТӨРЕҚҰЛОВ

ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӘЙТЕРЕК



АВТОРДАН

Осы кезге дейін Жамбылдың ғұмырнамасы «Өнегелі өмір» сериясынан шыққан емес. Жиырмасыншы ғасырдың Гомері аталған қазақ халық поэзиясының атасы жүз жасаған, оның 85 жылын ақындық өнермен өткізіп, бүгінде өлең, жырлары елуден астам шетел тіліне аударылған алып ақын туралы толығырақ жазудың қажеттігі сезіледі.

Сонымен материал іздестіре жүрдік. Жамбылдың тірі кезінде өзімен бірге болған Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, т.б. ақын шәкірттерінің естелік әңгімелерін тыңдадық. Ақынның туған ауылына әлденеше рет барып, ағайын, туыстарының айтқандарын ұқтық. Жамбылдың жүрген жерлерімен жүріп, ақындық думан құрған жерлерінде де болдық. Қазақстан, Қырғызстан архивтерін ақтардық. Кезінде баспасөз бетінде жарияланған материалдарды қарадық. Расында, Жамбыл жөнінде аз жазылмапты. Әсіресе, қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің Москвадағы алғашқы онкүндігі, ақындық өмірінің соңғы тұстарында мол жазылған екен. Көбісі арнау, құттықтау сөз, хабар, мақалалар.

Кейінірек, ақындық өмірі мен өлең, айтыс, дастандары жөнінде М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, әдеби хатшылары Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, Т. Жароков, Қ. Әбдікадыров мақала, естеліктер жазды. С. Бегалин, Ә. Тәжібаев, Ритман-Фетисовтың, Б. Кенжебаевтың, М. Жармағамбетов пен Х. Сүйіншәлиевтың (1955) кітапшалары лектор, баяндамашы, мұғалімдерге арналды. Жамбыл творчествосы проф. Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты монографиясында жан-жақты талданды. Кейін ол «Ақындық өмір» (1965) деген зерттеуін жазды. Аудармашы П. Кузнецовтың «Мұратына жеткен адам» (1958) романы орысша, қазақша басылып таралды. Осылардың бәрі бір есептен аз да емес. Дегенмен, біз ұлы Жамбылды толық зерттеліп болды дей алмаймыз. Мәселен, бүгінге дейін жүздеген зерттеушілері бар, сан-сан

зерттеулер мен көркем шығармалар жазылған А. Пушкин, М. Лермонтов, Т. Шевченко, Ш. Руставелиді ешкім адалап тауысты деп айта алмаса керек. Сондай-ақ, Жамбыл сынды ғаламат құбылысты түгел ұштығына шығардық деп кесіп айту қиын. Өр дауысты импровизатор, отаншыл, реалист, патриот ақынның жастар ғибрат аларлық ақындық творчествосы баяндалған кітап керек-ақ. Бұл кітап шама-шарқынша осы нысананы көздейді.

Жанр жағынан алып қарағанда, бұл еңбек ғылыми зерттеу де, көсіле суреттелген роман, повесть те емес. Мемуарға жақындау естелік-эссе. В. Шкловскийдің 1967 жылы «Молодая гвардия» баспасынан шыққан қалың кітабында Лев Толстойдың көк диванда туғанынан бастап қаламгерлік жолы, қай романдарын қалай жазғаны, кімдермен кездескені – бәр-бәрі шағын-шағын аңыз, әңгіме-эссе түрінде жазылған ғой. Біз де осы тәсілді қалап, сол жолға түстік. Барынша жастарға лайықтап сөйлеуге тырыстық.

Бірінші тарау

БАЛА ЖЫРАУ

Боранды күні туған бала

«Басың – шу, аяғың – ну» деп айта беретін Шу өзенінің терістік шығыс алқабы көсіліп жатқан сексеуілді дала. Сол мидай даланың шығыс жағында Хан, Жамбыл, Байғара таулары жалғасып жатыр. Байғарадан әрмен Бетпақ-дала басталып кетеді.

Осы тауларды бөктерлеп шапырашты Ыстыбай батырдың шағын көші ілбіп барады. Бұл ит жылы, ақпан айының соңғы күндері. Терістіктен ысқыра соққан қарлы боран бет қаратар емес. Кереге, уықты айқара таңып, үстіне кебеже, киіз, төсек-орын артқан он шақты түйе бір-біріне тіркелген. Болдырған жануарлар әзер ілбіп, соңындағыларға із тастайды. Сол ізбен бес-он тұяғын айдаған аттылы, жаяу шұбырады.

Күн-түн борандата жауған қардың аяғы таң ата жаяу суырындыға айналған. Қоқан шапқыншыларынан ығысқан көштің алды Жамбыл тауының ықтасын етегіне жетті. Көш соңында бір топ аттылы жасақтар. Бұлар артынан қуып келе жатқан жаудың алдын торып жүрген Ыстыбай батыр қолы. Кештің оң қанатында тағы бір топ жігіттерді бастап, оның баласы Жабай келеді. Бұлар кеше ғана қоқандықтардың шапқыншыларын найзалап, аттан аударып кеткен. Өшіккен жау қарап қалсын ба, қайтадан қатарын молайтып, оларды өкшелей қуған.

Жабайдың жұбайы Ұлдан түйенің қомында келе жатып толғатады. Көш тоқтады. Жел өтіне шөгерілген түйелердің ығында Ұлдан ұл тапқан. Жарық дүниеге «айқайын» сала келген нәрестені әйелдер дереу тоқтышақтың терісіне орап ала қойды. Жігіттердің біреуі арттағы жасаққа қарай «сүйіншілеп» шапты. Кешегі бір шайқаста

сойылға жығылған Ыстыбайды сексен тонға орап, бестек шанамен әкеле жатқан топқа алқына жеткен әлгі жігіт атынан домалай түсті:

– Сүйінші, сүйінші! Ата, немерелі болдыңыз!

Сақал-мұртына қырау қатқан, жүзі сұрғылт тартқан қарт сәл көзін ашты:

– Жабай, қайдасың?

Атынан қарғып түскен Жабай әкесінің алдына барып тізе бүкті.

– Немерелі болыпсыз, құтты болсын!

Қасындағылар оған үн қосты: «Құтты болсын, бауы берік болсын!»

– Айтқаның келсін!

«Сүйіншілеп» жар сала келген жалбағай тымақ жігіт Жабайға жармасты:

– Кәне, көке, сүйіншімді бер! – Жабай жездеген жалпақ кемер белдігін шешіп, қын, пышағымен оған қарай «мә» деп лақтырды. Жігіт қағып алып, алақайлап атына міне кері шапты.

Ыстыбай сәл басын көтерді. Баласы оған жан торсығынан су ұрттатты. Әкесі жан-жағына қаранды:

– Біз қай жерде келеміз?

Жабай:

– Хан тауынан өттік, Жамбыл тауының етегіне жақындап келеміз.

Ыстыбай көзін қайта жұмып, күбірледі:

– Хан, Хан! Хан жайлаған қанды тау! Ой, атың өшсін, өңкей қандыбалақ қара ниет құзғындар! Балам, бұл жерге аялдамаңдар, көшті алға тарта беріңдер, Жамбыл тауына жетіп түйе белін суытыңдар, ат ауыздығын алыңдар!

Осы сәтте кіндік шеше құндақтағы нәрестені атасына әкеп ұсына қойды. Қарт батыр сәби жүзіне өзінің қоңқақ мұрнын тақады. Кәдімгі жас нәресте иісі.

– Боранды күні туған бала бақытты болады деуші еді,– деді ақсақал.– Жаратқан иесі бақытты қыла көрсін, жасы ұзақ болсын!– Анталап тұрғандар:

– Айтқаныңыз келсін! – десті.

Бір кейуана қарттың құлағына тақап:

– Атын кім қоясыз? – деді.

Ыстыбай бабасы Жамбыл тауын нұсқады:

– Жамбыл болсын!

Жұрт «Жамбыл», «Жамбыл» деп жамырай қайталады.

Қара қобызды Қанадан

Жамбылдың жасы тоғыздан асқан кез. Көктем шығып, ауыл Іле бойына қонған. Бірде осы өңірге қобызшы аталған Қанадан нағашысы келді.

Қанадан Ұлданның ағасы. Үйсін жұртына аты мәлім қобызшы. Ол қобыз тартқанда, тыңдаушысын егілтіп жібереді екен. Күндердің бірінде Қанадан жолаушылап бара жатса, алдынан бір топ қарақшы кезігіп, оны тонап кетеді. Иесіз шөл далада қалған ол құрайдан сырнай жасап, елік лағының маңырағанына салса, оның алдына лағы өлген елік келіп иіпті, соны еміп Қанадан аман қалған деседі ел.

Сол Қанадан бір күні Жабайға жолығуға келсе, ол үйде жоқ болып шығады. Ұлдан қарындасы оны қуана қарсы алады.

– Аң аулап кеткен еді, кештетіп келіп қалар, – деп, қазан көтереді. Нағашысының алдынан жүгіре шыққан бала мәз болып: «Күй тартып берші»,– деп, мазасын ала бастайды. Оның бұл тілегін шешесі де қоштап:

– Ия, Қанеке, осы жиеніңіз ән мен күйге тіптен әуес. Құмарын бір қандыршы! – деп өтінеді. Қанадан кеше ғана тігілген қараша үйдің көлеңкесіне шығып алып, қобызын күйге келтіреді де, бір күйді сарната жөнеледі. Күн ұзақ жыңғыл шыбықты ат қылып шапқылап жүрген сидаң бұт, үрпек бас, тәмпіш мұрын қара бала қобызшы алдына етпетінен жата қалып тыңдайды.

Қыл қобызына төне түсіп, бүкшиіп алған Қанадан өзі тартқан күйге өзі балқып, теңселеді. Қобыз әуені мидай даланы елестеткендей. Ызыңдап жел де, суылдап құм да ескендей. Қобызшы ысқысын секең-секең еткізіп, өзі бейне желмаяға мінгендей, оқтын-оқтын қопаңдап қояды. Иә, солай, желмая желіп бара жатқандай.

Желмаяда желкілдеп,
Асан кетіп барады.
Жерұйықтай жерді ізденп,
Атаң кетіп барады...

Қанадан осылай термелеп алады да, тағы сарнайды, тағы зарлайды.

Күй аяқталып, қобызшы ысқы ұстаған қолының шолақ жеңімен маңдай терін сүртіп, демін алды. Манадан бері күй сарынына елтіп, тыңдап қалған бала, енді орнынан атып тұрып, нағашысынан сұрады:

– Асан деген кім, айтшы, ағатай?

– Ей-й, шырағым-ай, ол бір ел қамын ойлаған бейбақ екен. Еліне жайлы қоныс іздеймін деп, бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Сырдарияның бойына келгенде «басы байтақ, аяғы тайпақ, өткелі жайдақ өзен екен, Қаратауды жайласам, Сыр жағасын қыстасам, жайлы қоныс болар ма екенсің» деп армандапты. Келес өзенінен өтерде «мөңіреуін қара, мөңіреуін, сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен» депті. Осы біздің Шуға келіп «Ей, Шу, ағысың шу, қамысың ну, әттең, атыңды теріс қойыпты, тегінде, бір шулаған болмасаң, мынау ну қамысың елді жұтқа бермес» депті. Жетісуды көргенде «Мынау Жетісудың ағашының басы сайын жеміс, шаруаға жақсы қоныс екен» депті. Қаратал өзенін кешіп өтерде «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар» депті...

Сол Асан бабамыз Хан сарайында қызмет істеп жүргенде:

Еділге келдің еңкейіп,
Онда да кеңес қылмадың.
Жайықты келдің жағалап,
Онда да кеңес қылмадың.
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойылда кеңес қылмадың,
Одан да елді көшірдің... –

депті Жәнібек ханға. Қарағым, сондай ел қамын ойлаған бабаң болған.

Бөлтірік ақын осы екен

...Бір күні жас Жамбыл балалармен жар астында асық ойнап жатса, бір топ аттылы келе жатады. Жамбыл ойынды тастай салып, әлгі жолаушылардың алдынан шығып, шылауына оралады. Мұнысы – кісілерді сылтау етіп, үйіне бармақ, үйінен қуып жіберген әке ашуын баспақ еді.

Біздің үйге түстеніп кетіңіздер, қазы-қарта көп, – деп, оларды үйіне ертіп барады. Кісілер аттан түсіп жатады. Бала олардың атын байлап жүгіріп жүреді. Жабай баласына ала көзімен бір қарап алады

да, келген қонақтарды күтудің қамына кіріседі. Әне-міне дегенше, ет те пісіп, қонақтардың алдына тартылады. Манадан бері шежіре, аңыз, өлең-жырды үсті-үстіне төпеп отырған ашаң жүзді, селдір сақалды, өткір көзді сөзшең қария қазының майлы қабырғасын әлгі балаға ұсынды.

– Атың кім, балам?

– Жамбыл.

– Атың Жамбыл болса, көңілің даңғыл болар, балам.

Жабеке, баланға өкпелеп жүрген көрінесің, бір ашуыңды маған бер, бетінен қақпа, түбі осыдан бірдеме шығады, – деп, ескертеді.

Бұл кәдімгі қазақ, қырғызға шешендік, ақындық атағы жайылып кеткен, «Менің атым Бөлтірік, шаршы топта сөйлейтін сөз мәнісін келтіріп. Айтыспағың болса егер, кетемін сөзбен өлтіріп» дейтін Бөлтірік ақын екен.

Әлменұлы Бөлтірік (1778 жылдары туып, 1859 жылы өлген). Ұлы жүз ішінде Ысты руынан шыққан ірі ақын. Туып-өскен жері осы күнгі Шу ауданы, Шоқпар станциясының маңы.

Бөлтірік аса шешен, әрі тапқыр ақын. Ол жөніндегі аңыз-әңгімелер ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, ел жадында сақталған. Қазақ ішінде ғана емес, бауырлас қырғыз, өзбек арасында да «Бөлтірік айтыпты» деген қызық әңгіме-жырлар көп-ақ. Бөлтірік өзінің жора-жолдастарымен жолаушылап бара жатып, бір байдың үйіне түстеніп өтпек болып, ат басын бұрады. Әлгі байды сараң деп естуші еді. Бір жолдасы «түспей-ақ қояйық, бәрібір жарытпайды» десе, екіншісі, «Қасымызда Бөлтекең жүргенде, бізді сыйламайтын кім екен?» депті. Осылайша олар ауылға келіп, аттан түседі. Сәлемдесіп, жай сұрасқан соң, әлгі бай жігітін жұмсап, бір лақ алдырады.

– Бөлтеке, әумиін! – деп, бата сұрайды. Сонда Бөлтірік, кідірместен былай депті:

Әумин десең лаққа,
Даусы кетер жыраққа.
Тапсаң қозы сой,
Таппасаң оны қой,
Бұл бейшараны жылатпа!

Мұндай бата күтпеген бай, ұялғанынан: – Бөлтеке, мына сөзіңізді басқа ешкім естімесін, қой сояйын, – деп, оған жалыныпты.

Бөлтіріктің өткір сөздері көбінесе үстем тап өкілдеріне қарсы бағытталған. Ол айтыс-тартыс кезінде бай-манаптарға, қожа, молда, төрелерге дес бермес екен.

Жамбыл Бөлтіріктің осы қасиетін жастайынан қадір тұтып, оның шешен де, тапқыр сөздерін жаттап, өлеңдерін соңғы кезге дейін айтып жүрген.

Молда алдында

Жаз айы. Ел Жая жайлауына көшіп, қонған кез. Бір күні Жабай баласын ертіп, көрші байдың үйіндегі молдаға барады. Бұл кезде Жамбылдың жасы 13-ке толған шағы. Жабай молдаға: «Еті сенікі, сүйегі менікі, осы баламның көзін аш, хат танысын, ойын қуып кетпесін. Өзінің ондай да әдеті бар», – деп әбден пысықтап тапсырады.

Сонымен оқу басталып кетеді. Бала Жамбыл бес-алты күндей дәріске қатысып, байқап жүреді. Өзге балалар әріп, сөз жаттаса, Жамбыл ішінен өлең жұптап отырады. Онысын қасындағы шәкірт балаларға айтып, оларды ауық-ауық күлдіртіп қояды. Сол үшін де ол молдадан талай таяқ жейді. Ол енді молданы мазақтап өлең шығарады. Оны балалар жаттап айтады. Мұны естіген дүмше молда Жамбылды тағы да шыбықтың астына алады.

Бір жолы мынадай оқиға болыпты. Басында дағарадай сәлдесі бар молда Жамбылға төне келіп:

– Кәне, өлеңші бала, дәрісті қайталашы? – деген. Оны Жамбыл қайдан айта алсын, сілейіп тұрып қалған. Сол – сол-ақ екен, молда кәрі жынын шақырып, баланың жон арқасына солқылдақ көк шыбықты ойнатқан. Арқасы білеу-білеу боп кеткен бала жылаған бойы үйіне барады. Етік жамап отырған әке оған ала көзімен қарап:

– Молдадан неге қаштың? Өлең шығарып оны мазақтағанда тапқан пайдаң осы ма, саған сол керек! – дейді.

Ұлдан араға түсті.

– Отағасы-ау, баланы аясаңшы?!

– Жап аузыңды, жайыңа отыр!

– Басына оқу қонбаса қайтесің, азар болса, бір балаң қойшы болады да!

– Жап аузыңды, дедім ғой мен саған!

Ана баласының басынан сипап, бауырына баса бергенде, Жабай ұшып тұрып, баласының жағынан тартып-тартып жіберді. Жамбыл еңіреген бойы далаға тұра қашты.

Сонымен Жамбыл молдадан да, үйден де безеді. Басының ауған жағына кете барады.

Бір мезгілде өзенді өрлеп бара жатқан баланың құлағына қыл қобыздың ызыңдаған үні талып естіледі. «Қанадан, Қанадан аға!»– деп, ол үн шыққан жаққа қарай жүгіреді. Келсе, нағашысы көрші ауылда күй тартып, думан құрып отырыпты.

– Жамбылжан, қайдан жүрсің?– деп, ол өксіген баланы арқасынан қақса, арқасы білеу-білеу, қанталап кетіпті.

– Бұл не, сені кім сабады?

Сонда жас Жамбыл қобызды ала салып былайша мұңын шаққан:

– Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жон арқам,
Талай дүре соғылды.
Тарсылдатып танадай,
Жыртар болды тонымды.
Тілі ащы бала деп
Қайнатты әбден сорымды...

Қанаданның ызасы қайнады. Ол дереу жиенін қолынан жетектеп, молдаға өзі барғалы тұрғанда, алдынан Жабай шыға келді.

– Ол тентек, күнәкарға неге жаның аши қойды? Қоя бер былай баланы, молданың алдына өзім сүйреп апарайын!..

– Оу, Жабеке, сізге не болған, қарғадай баланы зәбірлеп?!

– Онда сенің шаруаң болмасын, бала менікі, не істесем де өзім білемін.

Осылайша Қанадан мен Жабай сөзге келіп, керілдесіп қалады. Содан біраз жылға дейін бір-біріне қырын қарап, қатыспай жүреді.

Жарапазан

Жамбыл албырт бала кезінде жылқышы, қойшы-қоландармен және әр ауылдың әзілкеш, қуақы жастарымен бірге жарапазан, әзілкалжың, өлеңді көп айтады. Бұл жерде «жарапазан» дегенде оны

түгелдей діни өлең деп ұқпау керек. Жарапазан сияқты халық өлеңдерінің дінге байланысты емес түрлері аз болмаған. Ел ақын, жыршылары және әр ауылдың өлеңші жастарының үй иесін мақтаған, жасы үлкен кісілерге, жас нәрестеге және мырза жігіттер мен қыз, келіншектерге арнаған бата, тілек мәндес өлеңдер мол айтылған.

Жарапазан айтамын есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе,–

деген тілек өлеңдерде ешқандай діндарлық жоқ. Бәрі жақсы тілек, игі ниет. Бала Жамбылдың жарапазандары да сол мәндес.

... Жабай үйден безіп кеткен баласын іздестіріп жүреді. Біреулер – қырдағы ауылдан көрдік, енді бірі – ойдағы ауылдан көрдік, тағы бір ағайындары – жарапазан айтып, жайлауда жүр дегенді айтқан.

Бір күні Жабай «Ой жайлаудағы» малшылар аулына барып, қонып отырса, ел ас-суын іше бергенде, тыстан сампылдап, жарапазан айтып тұрған бала даусы естіледі:

Ейй, жарапазан айтамыз ел жағалай,
Көкте үйрек ұшады көл жағалай...

Жас Жамбыл бұл жолғы жарапазанды осылай дәстүрлі әуенмен бастап, аяғын былай төкпелеген. «Мен өлеңді төгейін, алыс-жақын демейін, осы үйдегі жарандар, құлақ салып қараңдар, бұл жырымның бас жағы жарапазан болғанмен, ар жағында мәні бар, арнаулы және әні бар, бұл сөзімнің жаны бар», – деп термелей келіп, аяғын:

Ұлдарың батыл болып өссін деймін,
Қыздарың мұратына жетсін деймін! –

деп, бата тілекке айналдырған.

– Мынау біздің бала ғой! – деп Жабай тысқа шығып қараса, қасында тағы бір жарапазаншысы бар Жамбыл екен. Әкесі:

– Балам-ау, қайдан жүрсің, мен сені іздеп бармаған жерім, баспаған тауым қалмады ғой,– деп жатыр. Үй иесі де:

– Үйге кір, шырағым, әлгі жырың құлағымызға жағып барады,– деп оларды қонақ етеді. Дастарқан үстінде бала Жамбыл бірер жырдың басын қайырып тастайды да, кезекті қасындағы серігіне береді.

Бұл Үсен деген қуақы жігіт екен. Жамбыл онымен Түрген жаққа барғанда танысыпты.

Үсен де ел аралап сықақ-мысқыл, күлдіргі сөз, жарапазан айтып жүреді екен. Ол кішкентай қалақша домбырасын қағып-қағып жібереді де:

– Өткен жазда қызылбөрік аулына бардым. Самаған деген батыры бар екен. Біреулер айтты: «Өзі тас кедей, бірақ кісіден еш нәрсесін аямайтын жомарт, жалғыз шұбар аты бар, егер жарапазан айтып, ойындағысын таба сөйлесең, атын да береді» деп. Мен соны іздеп жолға түстім. Батырдың үйі анау деген соң, бір қараша үйге барып: «Батырдың үйі осы ма?»–деп дауыстадым. Ешкім жауап қатпады. Киіз үйдің жабығынан сығалап қарасам, құдай салмасын, түйедей бір дәу тыр жалаңаш бұтын отқа қақтап, қыздырынып жатыр. Сонда мына өлеңді қоя бердім:

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Қай мақпалдай құлпырған,
Бой берместен жыртылған,
Қай сорлының үйі екен?
Шұқыр-шұқыр тесілген,
Неменеге мәз болып,
От басына көсілген.
Қақ айырылған есігің,
Бір қуарған құсың-ау,
Құрып қалған несібең!
Қарт бурадай жараған,
Санын отқа қалаған.
Боз туырлық жаппаған,
Өлгенге иман айтпаған,
Әлгі айтқан мырзасы
Осы ма еді, япырым-ау,
Ат беред деп мақтаған...

Осы сөзді естіген батыр:

– Ұста, мына иттің баласын! – деп, үстіне шекпенін жамыла салып, мені тасырлатып қуа жөнелді Мен өрге қарай салып, жеткізбей кеттім.

Үсеннің бұл сөзіне манадан бері қабағын қарс жауып отырған Жабай да, үй иесі де күліп алды. Олар сол үйде қонып, ертеңіне ауылына қайтпақ болды. Жабай баласына қарап:

– Ал, балам, ауылға қайтайық. Менің мал-жанға қарайтын шаруам бар, сен молдаңа бар, оқуыңа кіріс, – деді.

Манадан бері осы сөзді айтады-ау деп отырған Жамбылдың жорамалы дұрыс боп шықты. Ол ішінен толғап отырған өлеңін әкесіне айтып салды:

– Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа,
Жем дәметкеп дорбадан.
Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзаққа боздаған...

Осылайша ол әке бетіне тіке келді. Бұрын мұндай мінезін байқамаған Жабай сәл отырып қалды. Баласын қамшының астына алайын десе, кісі үйінде отыр, алмайын десе, ызасы өтіп барады.

– Сонда не істемексің? – деді іштей ашуға булығып отырған әкесі.

Баласы жаңа ғана айтқан өлеңін жалғап кетті:

– Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам.
Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам.
Қинама, әке, қинама,
Болмас енді зорлаған!

– Жарайды, – деді әкесі,– оқымасаң оқымай-ақ қой, бірақ ақын болмайсың!

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратып мінеді екен ерттеп атын.
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын,

деген Шыбыл шалының мазағы Екейге аз ба? Енді сен сексен бірінші ақын болмай-ақ қой. Бала деген әке жолын қуар болар. Маған көмекші қолқанат бол, шаруаға қарайлас.

Бала әкенің бұл сөзіне лажсыз көнді.

Жамбыл ауылға келген соң, қой бағысты, жылқышылармен бірге жайлауда, қыстауда жүрді. Олардан талай әңгіме, аңыздар тыңдады. Біреуі Көрұғлы, Ертөстікті айтса, енді бір қарт қойшы Еркосайдан әңгіме қозғады. Есқожа аулының жылқышысы Қарасай, Сұраншының ерлігін дәріптесе, қырғыз аулының қойшылары Манастан, Семетейден үзінділер шертеді. Жыр құмар Жамбыл осылардың бәрін тыңдап, көкейіне құя береді.

«Менің пірім Сүйінбай»

Шілденің аяқ кезі. Шаңқай түс. Майтөбенің қоңырқай беткейі қалың шалғын, жайқалып тұр. Ойдым-ойдым орылған жерлері де бар. Биыл шөп жылдағыдан қалың-қаудан. Кең жотаның шығыс жағы еңіс сай, ұлтанында бұлақ. Суы мол бұлақ бұлқынып ағады. Оның басында бір қора қой жусап жатыр. Қой-ешкі, тоқты-торым аралас. Жұпынылау ауылдың малы тәрізді. Бұл Ыстыбай балаларының малы. Одан төменірек әудем жерде тағы бір қора қой суға келіп құлады, бұл Бұғы, Марал, Бәйіт аулының малы. Оларды «бәйбіше балалары» деп те атайды. Малдарын су жағасына иіріп тастады да, қойшылар бұлақ бағына жиналды. Олар көмеш-күлшелерін, қағанақ-ірімшіктерін ортаға салды. Жұмырларынан қойыртпақ сіміреді. Бетінің қорасан дағы бар ұзынтұра Әлмембет қойшы қасында отырған Жамбылға:

– Қазекем үйіндегі шілдеханаға неге келмедің? – деді.

– Әкем жібермеді, қайтемін.

– Қашанғы таяқ жей бересің, бармағаны дұрыс. – Мұны айтып отырған шіңкілдек сары Мейрам қойшысы. Ол Жамбылмен түйдей жасты. Үнемі Жамбылға жанай жүреді. Жамбыл Шоман дейтін егде қойшының қасына жақындады.

– Ер Қосайды айтыңызшы?!

– Шоман бір айтқанды қайта айтпайды.

– Ертөстікті айтсын.

– Жоқ,– деді Шоман тағы да пәлдене түсіп. – Оны былтыр айттым ғой.

– Сендер анталамай қоя тұрсаңдаршы, Шомекең, не айтатынын өзі біледі ғой, – деп оны қолпаштап жатыр, бір жағынан ұзынтұра.

Шоманның бәрінен жасы үлкен. Жалайыр жұртынан. Ел аңыздарын, батырлар жырын, қиссаларды қиыстырып айта беретін, аңқылдаған ақ көңіл жігіт. Көтермелегенді жек көрмейді.

– Сендерге, – деді Шоман селдір мұртын бір сипап қойып, – бұрын айтылмаған бір қызықты айтып берейін бе?

– Айтыңыз, айтыңыз? – десті қойшылар жан-жақтан.

– Ал, тыңдаңдар! – деп, Шоман жанында жатқан ақ таяғын домбыра қып көлденең ұстады. Ол әуелі мынадай әлхисса айтып алды:

– Алтынемелде Тезектөре дегеннің болғанын естулерің бар шығар. Ол жігіттерін барымтаға жұмсайды екен. Бір күні ұрлыққа аттандырған Жылкелді, Бапау деген екі ұрысы таяқ жеп қайтыпты. Осыған ыза болған Тезек екеуіне былай деп ұрсып жатса керек:

Арғы атам Әділ төре, Тезек атым,
Асып тұр Ұлы жүзден салтанатым.
Біріңнің басың жарық, қолың сынық,
Ұялмай не деп келдің екі қатын?!

Бірталай албан, дулат ел емес пе,
О-дағы шалқып жатқан көл емес пе?
Қолыңда жетелеген бір тайың жоқ.
Мұнан да өлгендерің жөн емес пе?!

Мен іздеп екеуіңді бармас па едім,
Басына заман ақыр салмас па едім.
Қолына аждаһаның түссең-дағы,
Айыпсыз ажыратып алмас па едім?!

Әлхисса, төре осылай долданыпты. Жылкелді мен Бапау мөлтеңдеп оған жалбарынып:

– Тақсыр-ау! Қайтеміз, оған мұрша келді ме?! – депті.

– Тарт тіліңді, өңкей қоян жүрек! – Тезек осылай деп екі ұрысына кейіп жатқанда, үстіне Сүйінбай ақын:

– Ассалаумағалейкүм, алдияр хан, – деп кіріп барыпты. Сонда құс жастыққа шынтақтап жатқан Тезек басын жұлып алыпты да:

– Мен едім Абылайдың хан Тезегі,
Жылқының ұстатпайтын сұр көжегі.
Ордаға құл мен құтан басып кірген,
Алланың бұ да болса бір кезегі.
«Кімде-кім ұрықсатсыз басып кірсе,
Ат-шапан айып болсын деген еді.
Жылкелді, бұған кісен салмаймысың?
Бапау, ат-шапанын алмаймысың?!
Артына таңып тастап екі қолын,
Алып ұрып зынданға салмаймысың!

Жылкелді мен Бапау оған ұмтыла бергенде, Сүйінбай қолындағы домбырасын қағып-қағып, өлеңді қоя беріпті:

– Келіп едім, хан Тезек, көрейін деп,
Сәлемін пайғамбардың берейін деп.
Аттандырған екі ұрың қолға түсіп,
Құса боп отырмысың өлейін деп.

Хан Тезек, қарамысың, төремісің?
Жемесең ұрлық етіп өлемісің?!
Жетім менен жесірлердің ақысын жеп,
Батаңды ақыретте беремісің?!

Шоман екпінін басып, сабасына түскендей сыңай білдірді. Басындағы күнге күйіп кеткен насыбай көк тақиясын алып тізесіне қойды, басын сипады. Аузына қарап анталап отырған қойшыларды көзімен бір шолып алды да, Тезек төренің айтқан сөзін баяндады:

– Атадан емес еді жолым өзге,
Болмады тоқтамасқа мына сөзге.
Үні өткір, өзі де бір зар жақ екен,
Жасырмай барлық шынды айтты көзге.

Сүйінбай тегін емес, қызыр көрген,
Қол жайып, жаман болмас бата берген.
Жылкелді, бір қой әкеп, бата сұрат
Құтпанын ап қалалық осыменен.

Жылкелді орнынан үшып тұрып, даладан бір қой әкеп «әумиін!» деп бата сұрапты. Сонда Сүйінбай әлгі қойға ары-бері қарапты да, мынаны айтыпты:

– Мынауың құнан қой ма, дөнен қой ма?
Мойнында мылтығы бар мерген қой ма?
Артына жалтақ-жалтақ қарайды екен,
Бір қорлық қасекеңнен көрген қой ма?

Қойшылар қарқылдап күлісті. Жамбыл да мәз болып қалды. Ол Шоман қудың бүгінгі өнеріне ерекше сүйсініп отыр. Шоман тағы да сөйледі. Ол енді Тезектің мына бір кезек сөзін айтты:

– Жақсы ақын үйге келсе қызыр, ырыс,
Айтқаны Сүйінбайдың бәрі дұрыс.
Көргенді не де болса бетке айтатын.
Адамнан сирек туар мұндай туыс,
Сүйінбай, маған сенің өзің керек.
Қаршадай ақын болып тудың ерек.
Жарамды мінетін бір ат берейін,
Соны мініп еліңе қайт ертерек.

Тезек төре бір жігітін жіберіп, кәрі бір сары ат алдырады. Сүйінбай атқа қарап тұрыпты да:

Тақсыр-ау, бұл бергенің сары ат па еді?
Аузында бір тісі жоқ кәрі ат па еді?
Кірпігіне қарасам құрап қапты,
Тұсында Абылайдың бар ат па еді?!

Қойшылар бұған ду күлісті:
– Төрені құртты!
– Аузына құм құйды!
– Енді не дер екен?
– Сонда Тезек мынаны айтыпты,– деп сөзін жалғады Шоман.

– Жамандап келдің-дағы даттап болдың,
Жақсылығын кейінге сақтап қойдың.

Қатыным мынау менің алдымда отыр,
Аз ғана қыздарымды мақтап қойғын.

– Төренің бұл өтінішіне Сүйінбай былай деп жауап беріпті,– деді Шоман:

Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма,
Жаманды жаман дейтін заман бар ма?
Бағасы бес тиындық біреуі жоқ,
Болған соң ханның қызы амал бар ма?!

Хан Тезек, кейкі сары ханымыңыз,
Сүйінбай екенімді таныдыңыз.
Долданып тап бермегін қылышыңа.
Жасырмай айтып берсек аныңын біз...

Шоман ұмытты білем, өлеңнің аяғын қара сөзге айиалдырып жіберді: «Қатыныңыздың аты Дәнекер, біздің ауылға көрші Жарылқамыстың қызы еді. Кішкентайынан білуші едім, оның несін мақтайын, бақа бас, кейкі танау, қара қатын ғой. Мен оны тегін берсе де алмас едім».

Шоман сәл кідіріп демін алды, шолақ жеңімен маңдай терін сүртті. Қойшылар жамырасып қалды:

– Сонымен Төре жеңілді ғой!

– Жеңілмегенде несі қалды?!

– Қызын да, қатынын да ондырмады емес пе!

– Тұра тұрыңдар, – деді Шоман оларға,– айтыстың аяғы былай екен ғой, енді есіме түсті. Сөзден ұтылған Тезек оған мойынсынып, Сүйінбайды өзіне сарай ақыны етіп алмақ боптьі:

– Қарасам басың менен аяғыңа,
Жерің жоқ түте-түте жұлынбаған.
Жаңадан киім-кешек бергізейін,
Жүргейсің келіп-кетіп ұрып маған.

– Бұл сөз, – деді Шоман, – Сүйінбайдың намысын келтірді білем, ол Тезекке қарап мынаны айтыпты:

Хан Тезек, байлығыңа бас ұрмаймын,
Мен бірақ көргенімді жасырмаймын.
Шын дертім ұстап кетсе айнымалы,
Басымнан ұшқан құсты асырмаймын.

Осылайша Шоман қойшы Сүйінбай мен Тезек төренің айтысын аяқтады. Қойшылар жадырап мәз-мейрам болысты. Әсіресе Жамбылдың әсерінде шек жоқ. Ол Шоманның жанынан қалар емес.

– Ағатай, үйреніп алайын, тағы бір айтып берші?

– Е-е-е, не төлейсің?

– Көк серкеңді бер!– деді ұзынтұра Әлмембет.

– Қой бастап жүрген серкесін әкесі беруші ме еді? – деді шіңкілдек сары.

Жамбыл оған тағы жалынды:

– Тәйті ағамнан бір тоқты алып берейін.

– Ойнап айтамын,– деді Шоман миығынан күліп. – Қойыңның керегі жоқ, шынымен үйренемін десең, түнде менімен бірге қой күзетуге кел.

– Мақұл, аға, барамын.

Сүйінбай сынды батыл сөйлейтін ділмар ақынның осынау айтысын Жамбыл әуел баста Шоман қойшыдан үйреніпті. Осыдан үштөрт жыл бұрын оның есімін Қанадан нағашысынан, кейін өз әкесінен естіген-ді. Бір жолы Тәйті ағасының үйінде отырғанда, оның Сүйінбай туралы айтқан сөзі де есіне түсті.

– Сүйінбай болмағанда,– деген Тәйті, – құр қол қайтатын екенбіз. Біз оның ақ ордасына ене бергенімізде, Тезек төре бәрімізді тоқтатып қойып:

– Сүйінбай, табалдырықтан аттамай тұрып, Шапыраштының қандай батыры бар, соны айтшы,– деп шарт қойды. Шамасы, Сүйінбайдың ақындығын байқағысы келді білем. Сонда Сүйінбай: «Айт десең, тақсыр, айтайын» деп Сұраншы батырды табан астында жырлап шыққаны бар емес пе! Тезек төре Сүйінбайдың айтқыштығына риза болып, барған шаруамызды тындырып жіберді.

Енді Жамбылға мынадай ой түсті: «Сүйінбайдан бата алсам ба екен? Ол үшін үйге шақырып, өлеңімді тыңдатуым керек шығар. Мұнымды әкем қош көрсе дұрыс-ау. Апама айтсам ба екен?..»

Сөйтіп, Жамбыл Алатау атырабына атағы әйгілі Сүйінбай ақынға жолығып, одан бата алуды армандады. Ол нағашысы Қанадан бер-

ген қара қобызды ұстап, кішігірім жиын-тойда өлең айтып жүрді. Бір күні кешқұрым жайлаудағы Сүйінбай үйінің тұсына барды.

Ей-й, өлеңім келді жол шегіп,
Осынау елге алыстан.
Түн болды, үйге ен дейтін
Табылмай тұр таныс жан,–

деп термелей жөнеледі, өзінің жаңа талап жыршы екенін, ел кезіп, жарапазан айтып жүргенін өлеңдетеді. Енді бірде ол:

– Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса,–

деп Сүйінбайдың өз сөзін айтады. Кеше ғана ел арасындағы дау-дамайдан шаршап оралған Сүйінбай өлеңдетіп тұрған бұл кім екен деп ойлады.

– Ақын болсаң, үйге кір, жасқанба!

Жамбыл табалдырықтан аттай беріп, жыр тарланына сәлем берді. Қолында қобызы, бұтында тері шалбары бар мұндай жалаң аяқ ақынды Сүйінбай ешбір ауылдан кездестірмеген екен, ол жөн сұрады.

– Қай туған боласың?

– Шапырашты Жабай баласымын.

– Атың кім?

– Жамбыл.

– Е-е-е, Шапыраштыда бір жыршы бала бар деуші еді, сол екенсің ғой. Жақынырақ отыр.

Ұстаз бен шәкірт ең алғаш рет осылай кездесіп танысады да, сөз кезегін жырға береді. Жамбыл өзі аңсап келген ұстазы алдында әуелі жасқана, имене отырып, қыза келе бар өнерін төгеді. Ол бірде нағашысынан үйренген желмая күйін аңыратса, енді бірде ауыл арасында өзі айтып жүрген уытты өлеңдерін термелейді. Бала шәкірттің аяқ алысына Сүйінбай да, оның зайыбы Еңлік те дән риза болысады.

– Отағасы-ау, жас ақынға мына сый лайық болар,– деп Еңлік оның алдына жібек шапан қояды.

– Маған сіздің батаңыз да жетеді,– деп шапанды қайырып береді.

Қарт жырау шәкірт балаға ақылын айтады:

– Осы шабысыңнан тайма, өлең-жырды дауылдата бер! Бірақ байқа, балам, ақындық жолы – қиын жол. Оның ыстық-суығына төзген, ол өнерді жан-тәнімен сүйген, халық намысын жыртқан азамат қана ақын бола алады. Домбыра – садақ, өлең – сол садақтың оғы, оны шебер пайдалана біл. Ең бастысы – шыншыл, әділ бол, халықтың ойындағысын таба сөйле, дұшпаныңа батыл, досыңа асыл бол!– Осылай деді де, ұстаз сәл ойланып, іштей толғанды. Сірә, көмейіне бір жыр шумақтары келген тәрізді. Ол жанында сүйеулі тұрған домбырасын алып шертті:

– О, Жамбыл, бата дедің – бердім саған,
Бақытты, өмірлі бол, жүргін аман!
Батасын ат орнына берді ғой деп,
Қоймағын былай шығып кінә маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға риза болсын, айта барғын,
Осымен өкпелемей жүрсін маған.

«Әумиін» десіп, отырған үшеу қолын жайып, «бата қабыл болсын» десті: Міне, содан былай қарай Жамбыл:

– Менің пірім Сүйінбай,

Сөз сөйлемен сыйынбай, – деп өлең-жырды қардай боратады. Шоман қойшыдан он бес жасында үйреніп алған Сүйінбайдың Тезек төремен айтысын тоқсан бес жасына дейін айтып жүрді. Бата алған кезден былай қарай онымен жиі кездесіп, ұстазынан Өтеген, Сұраншы, Жабай батыр дастандарын және оның қырғыз ыршысы Қатағанмен айтысын үйреніп алады. Міне, осыдан бастап Жамбылдың бағы жанып, бала жырау атанды. Енді ол өзі қатарлы ақындармен батыл сайысқа түсе беретін болды.

Екінші тарау

АҚЫНДЫҚ ОРТА

Армандастар

Жамбылдың алғашқы ақындық ортасы бір ғана Сүйінбай болып қоймаған. Ол жас кезінен-ақ Алатау, Қаратау атырабындағы көптеген ақындармен кездескен, олармен тұздас-дәмдес болған.

Іле бойындағы топардан шыққан Қуандық ақын (1831–1919) Жамбылдан бір мүшелдей үлкен екен. Екеуі талай кездесіп, бірінің өлеңін бірі айтып, әзіл-қалжыңдасып жүрсе керек. Сол Қуандық қасқарау ақыны Сарыбаспен (шын аты Тілеулі Майкөтұлы) кезек-кезек айтысып, бірі-бірі жеңісе алмай жүреді.

Бір жиында Қуандық губернатор, болыстарды: «Түйедегі нарымсың, маңдайдағы барымсың, арыстаным, арланым, жылқыдағы тарланым»,– деп, мақтай жөнеледі. Сол тойда отырған Сарыбас ақын шыдай алмастан оған былай деп килігіпті:

– Ау, Қуандық, Қуандық, болыстар мен оязды «Түйедегі нарым» деп, мұрнын тесіп үстіне жүк артқалы жүрсің-ау, «Арыстаным» деп оларды соғып алмақсың-ау, «тарланым» деп, мініп алайын деп жүрсің-ау...

Ояз, офицерлер қасындағы тілмаштан:

– Бұл екі ақын не деп жатыр? – дегенде, тілмаш: «анау ақын былай деді, мынау ақын солай деді» деп түсіндіреді. Ояз, бек, төрелер Қуандықты сабап, үйден қуып шығыпты да, Сарыбастың арқасынан қағып «жарайсың» депті. Жамбыл осы екі ақынның әлгі айтысын қызықтап, оны соңғы кезге дейін айтып жүрген.

Тілеміс Есболұлы (1846–1933) – Өтеген батырдың ұрпағы. Тапқыр сөйлейтін шешен ақын болған. Кезінде Алдар көсе, Жиренше шешеннің қуақы, күлдіргі сөздерін көп айтып, ауыл-аймақты күлкі-

сықаққа бөлеп жүрген. Жетісу өлкесінде «Тілеміс айтыпты» деген көңілді әңгімелер көп таралған.

Тілеміс Жамбылмен түйдей жасты. Екі құрдас кездесе қалған жерде әзіл-қалжыңды көп айтқан. Тапқыр сөзге келгенде ол қасқараудың атақты шешендері Кебекбай мен Ноғайбайды да талай отырғызып кеткен. Тілемістің осы өнерін Жамбыл ұнатып қадір тұтқан. Сол Тілеміске бір кездескенде ол былай депті:

– Ай, Тілеміс, Тілеміс,
Тілің мірдің оғындай,
Тиіп кетсе күйдірген
Сексеуілдің шоғындай.
Қарсы келген жау болса,
Құтылмайды соғылмай,
Құр сүлдесі қалғанша,
Қара терге шомылмай,
Кебекбай мен Ноғайбай,
Тіліңнен-ақ именіп,
Жүр ғой сені соға алмай...

Жетісу ақындарын, әсіресе Жамбыл, Кенен творчествосын зерттеп, жинастырып жүрген ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің «Асыл арналар» (1986) атты еңбегінде Жамбылмен тұстас, замандас біраз ақындарға тоқталған. Оның Орақбай, Сауытбек туралы деректері біздің кезінде Кенен Әзірбаев, Смайыл Қалипанов, Серғазы Келімбетов, Қазыбай Бижанов сияқты ақын-жыршылардан тыңдаған мәліметтерімізді анықтай, толықтыра түсті.

Орақбай ақын Жамбылдан бес жастай үлкен, қазіргі Жамбыл облысының Свердлов ауданында туып, 1917 жылы қайтыс болған. Жастайынан әке-шешеден жетім қалып, жоқшылықты көп көрген, жалшылықта жүрген. Бай, болыс, бектерге қарсы уытты өлеңдер шығарған. Еңбекші, малшы, жалшылардың мұңын мұңдап, жырын жырлаған. Жиынбаймен айтысында:

Бай да өтер, батыр да өтер, кедей де өтер,
Жиынбай, елермегін босқа, бекер.
Байлық деген ойласаң, қолдың кірі,
Одан да көпшіліктің туып көтер,–

деген. Мұндай өткір өлеңдер онда аз емес-ті. Орақбай сыншыл, тура-шыл, өз ойын тіке, кесіп айтатын от ауызды, орақ тілді ақын болыпты. Естелік, деректерге қарағанда Жамбыл Орақбаймен талай кездескен. М. Жолдасбеков кітабында:

«Ел Байғара, Хан тауларындағы қыстауына көшіп келгенде, жиі араласқан. Жамбыл Әулиеатаға кәрі Майкөтті іздеп келгенде, жанында Орақбай да болған» (185-б.) деп жазылған. Осындай пікірлерді сол өңірдің біз кездескен ақындары да айтқан-ды.

– Отыз төртінші жылы «Арқабай ауырып жатыр» деген соң, көңілін сұрауға бардық. Біз барған соң, ақын басын көтерді. Науқасының беті бері қараған екен. Өзін де, өзгелерді де көңілдендірмек болып мынадай бір әңгіме айтты:

– Ілгеріде, менің жастау кезімде, біздің әкейге Жамбыл мен Орақбай келді. Сонда әкем, күлкі болсын деп, екеуіне бөгде өлең айтқызды. Жамбыл өз мұрның өзі қолымен қысып тұрып, пұшықтарша:

Білемін, бірің – Манас, бірің – Сырым,
Пұшықты тонағаның жаман ырым.
Атыңды біреуіңнің бірің атап.
Көріп пе ең адам тонап бұдан бұрын»,–

деп шықты. Бәріміз күлісіп алдық. Әкей Орақбайға қарап: – Кәне, енді сен айтшы?– деді. Орақбай сонда:

– Жетімнің ашық болар «насыбайы»,
Ашық жүрсе насыбай сасымайды.
Бұтына шалбар кисе биттер еді,
Қышынып, ешбір жерін қасымайды.

Күлкі одан сайын үдеді. Солар айтпақшы, мен де сендерге бір көңілді өлең айтып берейін,– деп Арқабай он екі тілді гармонын аңыратты...»

Бұл естелікті 1974 жылдың 16 июлі күні Қордайдың қоңырқай жотасында өткен Кенен Әзірбаевтың 90 жасқа толған дүбірлі тойында Луговойдан келген ақын Қазыбай Бижановтың айтуынан жазып алған едік.

Сауытбек Ұсаұлы да Жамбылды жанай жүрген, армандас, сырлас ақынның бірі. Ол 1870 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы, «Қос-

құдық» мекенінде туып, 1932 жылы қайтыс болған. Жамбыл мен Сауытбек алғаш рет Сарыбайдың асында кездеседі. Бұл кезде Жамбыл Қисыбайдың қасында сол асқа жаршы болып, той бастап, қызмет етіп жүреді. Сонда ол көпшілікке қарап:

– Ендігі сөз кезегі Шудан келген, «Ашаның алты салының» бірі Сауытбекке беріледі,– деген. Сауытбек сан құбылтып ән шырқаған. Сонда үлкен-кіші ысты ағайындар «Япыр-ай, мынау бір болайын деп тұрған өнерлі бала екен» деп, оған ризалық білдіреді. Астан кейін Жамбыл қасында бірер күн бірге жүріп, екеуі сырласады, жыр тыңдасады. Аулына қайтар кезде Сауытбек Жамбыл ағасын елге шақыра кетеді. Арада бес-алты жыл өткен соң, Жамбыл Оңтүстікке, Түркістанға барар сапарында Сауытбекке соғады. Бұл кезде Сауытбек өзінің нақ сүйері Ақбөпеге қолы жетпей, «Ақбөпе – Сауытбек» деген дастан жырлап, онысын арнаулы әнмен тербеп жүрген кезі екен. Жастайынан көңіл қосып, сырласып жүрген Ақбөпе сұлу мен Сауытбек енді-енді қосыламыз деп жүргенде, Бірбай деген бай көлденеңнен килігіп, Ақбөпені қатын үстіне айттырып алып кетеді. Екі арада айтыс-тартыс болып өтеді. Берер малы жоқ Сауытбек кедей жоқшылықтан жолы қиылып, отырып қалады. Қайғырып, махаббат мұңына батқан ол егіліп жүріп «Ақбөпе» әнін шырқайды. Артынша «Ақбөпе – Сауытбек» деген оқиғалы ұзақ дастанын толғайды.

Аралтөбе түбінде бес үй отыр,
Ақбопеден айырылып несіне отыр.
Әлдеқашан бір ойран етпес пе едік,
Кедейшілік қолымды кесіп отыр.

Қалғаным ба, қаңғырып қолым жетпей,
Ашадағы жақсыға сөзім өтпей.
Малым да жоқ, ақшам жоқ беретұғын,
Жалғыз жүрек тулайды жанған өрттей,–

деп басталатын дастанды Жамбыл сол жолы тыңдайды. Жамбылдың ендігі бір сыйлайтын қалаулы ақыны Қылышбай екен. Қылышбай Ержанұлы 1851 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Фурманов совхозына жақын Сарықобы деген ауылда туып, 1926 жылы қайтыс болған. Жеті жасында әкеден жетім қалып, Оңғарбай деген жақын ағайынының қолында жүреді, ескіше сауатын ашады. Кейін

Бұқарда оқып, еліне оралады. Арабша кітап-қиссаларды көп оқиды. Оны жаттап айтады. Өзі де соған еліктеп толғау, терме, дастан шығарады. Қылышбай өткір тілді әрі шешен кісі болыпты. Сондықтан да оның бай, бек, саудагерлерді әшкерелейтін өлеңдері уытты шығып, ел жадында сақталған.

Жамбыл ертеде Әулиеата маңындағы бір думанды жиында Қылышбаймен танысады. Екеуі Талас, Шу бойындағы ауылдарды бірге аралап, жыр, қисса жырлайды. Сонда Жамбылға әсіресе Қылышбайдың шешендік тапқыр сөздері, бай, манап, молда, саудагерлерге найзадай қадалған уытты өлең, термелері, кедей-кембағал, еңбекші шаруалар қамын ойлап жырлаған толғау, дастандары ұнайды. Жамбыл кейінірек өзінің «Өсиет» дейтін өлеңінде:

– Қылышбайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген, –

деп, оның ақындығын жоғары бағалаған.

Сәлем айт, барсаң Абайға

«Тағдырластың таңы бір, сырластың мұңы бір» дегендей, Абай мен Жамбыл бір дәуірде дүниеге келген тағдырлас ақын. Екеуінің арасы бір-ақ жас. Қазақ әдебиеті шежіресінде Абай профессионал әдебиетіміздің негізін салған қайнар бастауы болса, Жамбыл халық поэзиясының алыбы, ақындар атасы, XX ғасырдың Гомері аталған ақын.

Осы екі алып ақын бірін-бірі білген бе? Екеуінің арасында қандай творчестволық байланыс, үндестік бар? Енді соған келеміз.

Көбіміз Жамбылдың ақындық ортасы дегенде, Алатау атырабының ақындарымен шектеліп жүрміз. Бұл, әрине, шеңбері тар, бір жақты пікір. Ол кезінде Шөже Қаржаубайұлы, Балуан Шолақ және Абай төңірегіндегі Әріп Тәңірбергенов, Әсет Найманбаев, Мағауия Құнанбаев сияқты ақындармен кездесіп, бірге болып, талай жырдастан айтысып, сұхбат құрған.

Жамбыл Шөжені ертіп жүріп, Жетісу елін – Ұзынағаш, Қарғалы, Жаманты ауылдарын аралатады. Верныйдағы ел жиналған той-

думан, базар-жармеңкеге ертіп барады. Кейін қырғыз ауылдарын аралатып, ондағы манасшылармен таныстырады. Ертеде Келдібек, Тыныбек деген манасшылардың «Манас» эпосын алты ай бойы айтып тауыса алмағанын естігенде Шөже: «Бұл не деген ғажап қазына!» – деп таң қалған. Сол сапарында екеуі талай өлең, жыр айтып, тыңдаушысын дән риза еткен.

Қордайдың қоңыр салқын желі есіп тұрған көктемнің бір күнінде Жамбыл мен Шөже әуелі Қордай бекетінде отырған Еркебайдың үйіне түседі. Ақын, жыршыларды жақтай жүретін Еркебай Базарұлы оларды бар ықыласымен күтіп, үш күндей өлең-жыр айтқызады. Сол отырыста Жамбыл Шөженің Кемпірбаймен айтысын үйреніп алады. Ертеңіне олар Сұлутөрдегі Ноғайбай шешеннің ауылына барады. Ноғайбай ақын-жыршыларды онша жақтырмайды деген сөзді бұрыннан естіп жүрген Жамбыл болыстың сегіз қанат ақ ордасына еніп, жайғаса бергенде:

– Арқадан құдай айдап Шөже келді,
Еті жоқ үйсін, дулат көже берді.
Арқада көк тарлау жеп үйренген ат
Қара түбір жусанды қалай жейді? –

деп сөз бастап, отырған көпшілікке Шөже ақынды таныстырады. Жамбыл сөзінен кейін Шөже:

«Қаржаубайдың баласы атым Шөже» деп басталатын әйгілі әуенге салып сөз бастайды, «Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ» деп тағы бірде өзінің көптеген ақындармен айтысып, оларды жеңгенін ескертіп өтеді. Расында, Шөже өз тұсында Кемпірбай, Тезекбай, Қалдыбай, Шортанбай, Жәмшібай, Орынбай сияқты ірі ақындармен сөз сайысына түскен нағыз айтыскер ақын еді. Оның Құнанбай, Алшынбай, Жолшора, тағы сондай зорлықшыл бай, сұлтан, болыстарға қарсы тайсалмай айтқан батыл да, әділ, уытты, сын сөздері сол өңірге тарап кеткен екен.

– Әне бір жылы,– деді ол, Жамбылға қарап,– Қаракесек Шашпардың асында Құнанбай, Жолшора екеуі менен өш алмақ болып, Балта ақынды айдап салды. Сонда Балта:

– Біздің елдің аға сұлтан, болыстарын парақор, зорлықшыл деп кінәлапсың. Қаңғып жүрген кедей неме, алдымен өз мініңді білсейші!–деді. Мен оның ұрлық қылатын әдетін айтып, болыстардың жал-

дамалы ақынысың, ел қамын, еңбекші халін жырламайсың,– деп аузын аштырмай тастадым...

Шөженің бұл сөзі Жамбылға қатты әсер етеді. «Менің Сүйінбай ұстазым сияқты турашыл, адуынды ақын екен» деп, оның әңгімесін бар ықыласымен тыңдай береді.

Сол жолы Құнанбайға мінездеме берген Шөже оның баласы Абайды ауызға алмады дейсіз бе? Әрине, ол жөнінде талай әңгіме айтылуы мүмкін ғой. Құнанбайдың Қарқаралыға мешіт салдырып, оның төңірегіне елді топтастырғаны, Семейде оқып жүрген баласы Абайды алдырып, қасына ертіп, ел билеуге баули бастағаны, осы тұста Шөженің жас Абаймен алғаш кездесуі – бәрі-бәрі Шөже мен Жамбыл арасында сөз болмай қалмаса керек-ті. Бұл кез Жамбылдың Сүйінбай ұстазынан бата алып, жыр аспанына еркін самғай бастаған шағы.

Ол Абай есімін Әріп ақын арқылы да естіп, қанық болады. Семей облысының Жарма ауданында туған Әріп Тәңірбергенов (1856–1924) кезінде Абай шәкірттерінің бірі саналып, Көкбай, Кәкітай, Мағауиямен бірге Абай төңірегінде жиі болып, оған өлең, дастандарын оқып беріп, сынатып жүргені әдебиет тарихынан белгілі. Абай «Сөз айттым Әзіретәлі айдаһарсыз» дегенде, Әріптің – «Зияда – Шамурат» дастанын сынаған.

Әріп ақынды академик жазушы Мұхтар Әуезов өзінің Абай туралы эпопеясында былай сипаттайды. «Жұрт көңілін көтерер «жаңа пері» – Сыбанның жас ақыны – Әріп те бар. Алтындай сары сақалды, кең қызыл жүзді, келбетті жігіт Әріп, бүгін түстен бергі отырыста арғы-беріден көп өлеңді жосыта айтқан» («Абай жолы», 2-кітап, 1961 ж. 56-б.).

Сол Әріп Тәңірбергенов 1880–1889 жылдары Жетісу өлкесіне келіп, Сарқантта, Верныйда (Алматы), Піспекте (Фрунзе) заң және байланыс мекемелерінде қызмет істейді. Міне, осы жылдары ол ақындық даңқы жайыла бастаған Жамбылмен танысып, талай сырласқан. Бұл кезде Жамбыл 35–40 жаста, ал Әріп 25–30 жас шамасында. Осындай кездесудің бірін Жамбылдың өзі былай әңгімелеген:

«Сол отырғандардың ішінде,– дейді Жамбыл,– бір қызыл шырайлы сары жігіт менің сөзімді ден қоя тыңдап отырған тәрізденді... Әлгі қызыл шырайлы сары жігіт Әріп екен. Алматыда қызмет істейді екен өзі. Сөз әлпетіне қарағанда, «бұл да бір кесек ақын екен-ау» деген ойға келдім. Таныса жүрейік деген соң, сол топта өзім мініп

жүрген жақсы ерімді бердім оған. Бұдан кейін де әлденеше жолығып жүрдік. Өзі көбінесе өлеңін жазып айтатын ақын екен. «Біржан – Сара» айтысының кейбір жерлерін жатқа айтып беріп жүрді». («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1965, 2 том, 2-кітап, 140-бет).

Міне, осыдан былай қарай Жамбыл орындауында «Біржан – Сара» айтысы қосылғанға ұқсайды. Айтыстың осы нұсқасын ол соңғы жылдарға дейін айтып келген. Бұл бір кезде «Өлең-жырдың қара жорғасы» атанған Жамбылдың шәкірті Үмбетәлі Кәрібаев айтқан сөз.

«Жастар алдындағы сөз» (1934) дейтін өлеңінде Жамбылдың өзі:

– Бүгінгідей есімде:
Думанды жарып әнменен,
Семейге де барғанмын,
Топтан озып онда да,
Бәйгенің алдын алғанмын, –

деп, Семей жағындағы думанды бір тойға барып, өнер көрсетіп, онда да жүлделі болып қайтқанын айтады. Бұл қай жиын, қай кезде, қай жерде өткен? Ақынның көзі тірісінде ешкім сұрастырып, анықталмаған жай. Жетісу, Семей төңірегіндегі шежіреші қарт ақын-жыршылардан сұрастырсақ, анығын айта алмайды, әрқайсысы әр саққа сілтейді: «Ілгеріде Жамбыл Шөжеге ілесіп Баянауыл, Семейге барыпты», енді біреулер «Әсет ақынмен бірге сайран құрыпты» дейді.

Сексенінші жылдың июнь айында жолымыз түсіп, халық мұрасын жинау мақсатымен Семей, Аягөз, Шұбартау аудандарын араладық. Қасымызда ақын Мыңбай Рашев, Шұбартау аудандық совет атқару комитеті председателінің сол кездегі орынбасары Төлеубай Сәрсенбаев бар. Сол өңірдегі біраз ақын-жыршылар туралы деректер жинадық. Солардың ішінде әсіресе Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратов, Шәкір Әбенов... өлең-жырлары жинақталып, жарық көргені белгілі. Ал, Уәйіс ақын туралы, оның Жамбылмен кездескені бұрын-соңды естілмеген тың дерек болып, бізді елең еткізді. Шұбартаулық көне көз қариялар Сіләм Әубәкіров пен Берікбол Жұмаханов Уәйіс ақынның Төлеу Көбдіковпен айтысын және «Байларға», «Шұбартау», «Перуайым» әндерін айтып жүреді екен. Олар Уәйіс Шондыбайұлының 1878 жылы Қазіргі Семей облысы, Шұбартау ауданы, Баршатас селосында туып, 1925 жылы қайтыс болғанын, керей руынан шыққанын, жастайынан ән салып, қисса-хикаят жаттап, ел арасында ақын аталғанын әңгімеледі.

Алтынемелдегі жалайырлар арасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қиссасын жырлап жүргенде, Жамбылмен дидарласып, танысады ол. Екеуі Аякөз, Шұбартау жағын бірге аралап, Семейге жақын бір ауылда өткен думанды тойға қатысады. Бұл кезде Уәйіс отыз, Жамбыл алпыс жастар шамасында. Жамбылдың «Бүгінгідей есімде, Семейге де барғанмын, бәйгенің алдын алғанмын» деуі сол жолы ма, әлде басқа жиын ба, ол жағын ажырату бүгінде қиын.

Уәйіс ақынның Жамбылға ұқсаған уытты тілді, байларға қарсы батыл сөз айтатын шыншыл ақын болғанын өзінің немересі сол аудандағы «Алғабас» совхозының директоры Нәстілек Сәменбетов те, әлгіде аталған Төлеубай Сәрсенбаев та айтады.

– Ол өткір тілді еді, сын өлеңдері үшін ауыл байларынан қуғын көрген, Тобықты арасына көшіп барып, Абайды паналаған,– дейді көз көргендердің бәрі. 1924–25 жылдары М. Әуезов Уәйіс ақынға жолығады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосын жазып алып, оны 1935 жылы баспадан шығартады.

Жамбыл жанында талай болған, ол жөнінде мақалалар жазып, ғылыми пікір айтқан заманымыздың даңқты жазушысы Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясында (586 – 592-б.б.) Жамбылдың Абайды білгендігі суреттеледі.

1895 жылы Алматыдағы Әпсеметтің үйіне Жамбыл мен Сәт Абайдың ауырып жатқан баласы Әбдірахманның көңілін сұрай барған. Сонда Ұзынағаш жағында ел басы болып жүрген Сот (романда Дәт деп алынған) Мағашқа Жамбылды таныстырады:

– «Мынау менің жолдасым! Атын естулерің бар шығар? Біздің арысы қырғыз, Жетісу; бергісі Алматы, Қапалымызға аты мәлім ақынымыз Жамбыл деген даңғылың осы болады!» – деді.

«... Мағаш әзір бас изеп, жымия түсіп, үндемей құптағаны болмаса, жауап сөз қатқан жоқ. Бірақ өзі Алматыға келгелі Жамбылдың атағын көп естіп еді». Дастарқан үстінде Мағаш әкесі Абайдың біраз өлеңдерін айтты. Отырған ақындар, әсіресе Жамбыл оны тамсана тыңдады. «Бәрекелді, біз естімеген сөз екен», «қазақ баласының аузына түспеген сөз екен» деп таңырқай отырып Жамбыл:

– «Қасиет қайда, қазына қайда десем, Абайда екен ғой, мүлдем, тегі! Атам заманнан бері! «Қабан ақын айтты», «Құлан аяқ Құлмамбет, Дулат, Майкөт, шапырашты Сүйінбай құйындай соқты – «даңғыл шапты» дегеніміздің бәрі мына жерде екен ғой. Абай дария болғанда, былайғы жүрген бәріміз жар-шұқанақ екенбіз ғой, тәйірі,

шіркін! Бірді күлдіріп, бірді жұлдырып айтады десек те, табатынды таппапыз да! Елге пана, еске дана ақыл да, өнер де, өнеге де өзінде тұрмай ма! Құштар еттің, құмар еттің, Мағашым! Сенің жақсы әкең менің жақсы ағам болсын, ұқтың ба, жетсін осым! Дұғай да дұғай сәлемім осы болсын»,– деп еді. Әбдірахман қайтыс болған күндері Сәт пен Жамбыл басы-қасында болып Мағашқа көңіл айтты. Жамбыл Абайға мынандай жұбату сәлем жолдады:

– Сәлем айт, барсаң Абайға,
Кеңесі жеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қашанда...
Бір жұтқан судай дүниесін
Ащысын жұтып күйінесің,
Тәттісін жұтып сүйінесің.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін,
Кемелге келген ақыл-ой...
Тасқынды тәңір басуы-ай...
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай...

Бұл сәлем Абайға кезінде жетті ме, жетпеді ме, ол жағы беймәлім, дегенмен ақын-жыршыларды жақтай жүретін Мағауияның Алматыда кездескен Жамбыл, Сәт және басқа да белгілі кісілерді әкесіне айтпауы мүмкін емес.

Абай және оның төңірегіндегі ақындар жөнінде Жамбыл Әсеттен де есіткен. «1898 жылдары болу керек, садыр Жақанбай деген кісі үш жүзге түгел хабарлап, үлкен ас береді, сол асқа Сүлейменқұл, Қанағат, Байбатыр болыс Әсетті алып келіп, Бексұлтан деген төренің үйінде жатады. Сонда аста ат бәйге болып, ақындар сайысарда Әсетті Бақтыбай айтысқа шақырады. (Бұл дерек М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының № 783 қолжазба қорында тұр).

Осы айтысқа Жамбыл да қатысады. Бұл кезде ол – 52, Әсет 21 жаста. Екеуі Жаркенттен (қазіргі Панфилов) Түргенге дейін бірге келген. Жолшыбай бірнеше күн қона жатып, сырласқан.

Әсет Найманбайұлы (1867–1923) Абай жөнінде әңгімелеп, оның өлеңдерін айтқан. Өзінің Пушкин мен Татьянаға арнаған дастанын

жырлаған. Әсет пен Жамбыл екінші рет Алматыда өткен үлкен жиында кездеседі. Отырған көпшіліктің өтініші бойынша бұл жолы Жамбыл өзінің ұстазы Сүйінбайдың Қатағанмен айтысын және «Сұраншы батырдың» бір бөлігін айтып береді.

Сөз кезегі келгенде Әсет өзінің «Пушкин» дейтін дастанын жырлап берген. Бұл Абай мектебінен тәлім алған Әсет ақынның «Евгений Онегинді» қазақша жырлаған нұсқасы.

Ертеңіне той тамашалап жүрген көпшілік Әсет пен Жамбылды айтыстырмақ болады. Ұзынағаштан «тезірек үйге жетсін» деген хабармен Жамбыл ауылына қайтып кетеді. Артынша Әсет «Меніменен айтысатын Жамбыл қайда?!» деп оны іздеп өлең шығарады. Бұл өлең Әсеттің Б. Адамбаев пен С. Ордалиев құрастырған (1968) жинағында жүр.

Абай дүниеден ерте кетті. Жамбыл есімін есіткенмен оның жырларына қанығa алмады. Ал Жамбыл екі дәуірді басынан өткерді, жасы жетпістен асқанда бақытты заман құрметіне бөленді. Советтік дәуіріміздің даңқы бүкіл әлемге кеткен жырауы болды. Ол өзінің тұстасы ұлы Абайға екінші рет (алғашқысы жоғарыда келтірілген «Сәлем айт барсаң Абайға») өлең арнады.

1927 жылы Ұзынағаштағы кедей, жалшылардың жер бөлісу жиналысында жырлаған «Замана ағымы» толғауында:

Шернияз бен ұлы Абай,
Дулат пенен Сүйінбай,
Сөздері жел-құйындай,
Өтті еңіреп олар да, –

деп Абай есімін тағы да еске алады.

1940 жылдың август айы. Қазақстан Жазушылар одағының Абай Құнанбаевтың 95 жасқа толуына арналған мерекелік пленумы басталар шақ. Міне, кең залдың табалдырығын аттап, Жамбыл ақсақал келеді. Қасында хатшылары, тағы басқа ақын-жазушылар. Ол кіре бере сахна төрінде ілулі тұрған Абайдың портретіне қарады да, сол заматта былай деп термелей жөнелді

– Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл-қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа,
Арғын, найман сөзіне таңырқаған,
Қандай арман бар дейсің бұл туыста...

1912 жылдары Арқаның атақты сал-серісі Нұрмағамбет Баймырзаұлы (Балуан Шолақ) әуелі Мойынқұм, Сарытауқұм жайлауларын, сонан соң Алатау атырабын аралап, өзінің әнші-серілік өнерін көрсеткен. Сол жылы ол осы өңірдегі талай ақын, әнші, жыршылармен кездесіп, тұздас-дәмдес болған. Тіптен Кенен Әзірбаев, Сауытбек Ұсаұлы, Бармақ Мұхамбаев сияқты ол кездегі жас ақын-әншілерді өз тобына қосып алған. Жамбыл Балуан Шолақпен былай кездескен:

Жаз шығып, мал төлдеп болған бір кезде Жамбыл ауылына Манақ ақын келеді. Ол Шу бойындағы үйсін жұртынан шыққан өткір тілді, ділмар сөзді тақпақшыл ақын болатын. Жамбылдан жасы сәл кішілеу. Екеуі бір-бірін туыс тартып, жиі кездесіп тұратын. Жамбыл Шу жағына барса, алдымен Манақты тауып алып, қасына ертіп жүретін. Сол Манақ азын-аулақ өлең айтып отырып:

– Сарыүйсін аулына сонау Көкшетау жағынан бір ақын келді,– деп хабарлайды,– бұл ақынның тәрізі бөлек. Өзі сал-сері, өзі батыр, балуан көрінеді. Даусы да зор, «әу» деп ән шырқағанда тау мен даланы жаңғыртып жібереді,– деді.

Жамбыл таңдана түседі.

Аты-жөні кім екен?

– Балуан Шолақ,– деп жатты жұрт.– Топардағы Қали дәудің үйіне түсті. Қасында төрт-бес жігіті бар. Борі шетінен домбырашы, әнші ақын.

– Япыр-ай, ә! – деді Жамбыл.– Арқаның баяғы Біржан сал сияқты сері-салдары солай топтанып, сән-салтанатымен жүреді деуші еді. Бұл да сондай бір сері екен-ау.

– Жәке-ау,– деді Манақ,– сері болғанда да, бұл бір ерекше адам! Төрде дөңбектей болып жатқан Қалидың қасына барып отырды да, онымен күш сынасты. Қалидың да оңай адам емес екенін өзіңіз білесіз ғой. Бір ішкенде бір саба қымыз ішетін, бір қойдың етін қалай болса солай жеп кете беретін, арбаға жегілген ат тарта алмайтын, өзі оқыған, тоқығанымен, бұл өңірдегі би, болыстардан, балуан, сайыскерлерден жеңілмеген Қалиды әлгі сері балаша ойнатты емес пе!

– Сонда қалай?– деп Жамбыл таңырқады. – Соған Қали дәу көніп отыра берді ме?

– Көнбеске амалы қанша? – деді Манақ. – Күш сынасуды әуелі Қалидың өзі бастады ғой. Балуан Шолаққа ол:

– Менің әдетім бар еді, қасымдағы отырған кісіні оң жағыма бір, сол жағыма бір көтеріп отырғызатын, кәне, сені де сөйтіп көрейінші,– деді.

Балуан Шолақ:

– Мақұл, солай-ақ болсын,– деді. Қали қонжыңдап, оны ары-бері қозғап көтермек болып еді. Анау қаққан қазықтай орнынан тырп етпеді.

– Кезек сснікі,– деді Қали. Сонда әлгі балуан Қалидың екі қолтығынан «әуп» деп көтерді де, оң жағына бір, сол жағына бір балаша отырғызды. Отырған көпшілік: «Мынау біздің Қалидан да күшті, балуан болып шықты ғой,– десіп, таң қалысты.

Енді Жамбыл осы айтылған Балуан Шолақты көруге асықты. Ол қасына балуан інісі Мақышты және Сәдібек ақынды ертіп, Топар бойындағы елге тартты. Кештетіп Қалидың сегіз қанат ақ ордасының тұсына жеткенде, асқақтата шырқалған зор дауысты есітті. Аттан түсіп үйге енді. Жапырласа сәлемдесіп, танысты. Қали ішінен «Ащы тілді бұл пәле, қайдан келіп қалды?» деп, Жамбылдың келгенін қаламады. Сөйтсе де ол «тағы бірдеңе деп жүре ме?» деп, сыр бермеген болды.

– Бұл Жетісудың Жамбыл деген жаяу ақыны,– деп оны күлкіге айналдыра таныстырды. Балуан Шолақ та іле-шала:

– Кім біледі, жаяуың жүйрік шығып, бәрімізден оза шауып жүрмесін? – деп қойды.

Сол жолы көп өлең, жыр айтылды. Балуан Шолақ та, Жамбыл да, қалғандары да ақтарыла сөйледі. Екі-үш күндей думандатқан олар сол тобымен Аңырақай, Долаңқара адырларынан асып, Қордайдағы Еркебай үйіне түседі. Үйінен қонақ үзілмейтін, дастарқаны жиылмайтын, үнемі ақын, жыршы, әнші, күйші, сері, саяткерлерді жақтай жүретін Еркебай оларды қуана қарсы алды. Қасқарау елі тағы да бір қызық, тамашаға кенелді.

Түстік тамақ алдында Еркебай қой соңында жүрген Кененді шақыртып алдырып, Балуан Шолаққа таныстырды. Содан кейін Кененге қарап:

– Кәні, мына ақын ағаларыңның алдында «Бозторғайыңды» шырқап жіберші,– деді. «Бозторғай» аспанға қалықтап қанат қағып кетті. Бәрі міз қақпай тыңдады. Ән мұңды, бала халі аянышты. Шеткері отырған Сәдібек:

– Бәрімізді егілтіп жібердің ғой, «Көкшолағыңды» шырқап, көңілімізді сергітші?! – деді.

– Иә,– деп, Жамбыл Балуан Шолаққа бұрылды.– Мұның «Көкшолақ дегені бар, енді соны тыңдайық.

Кенен көңілденіп желпініп алды.

«Мінгенім, астымдағы Көкшолақты» деп шырқап алды да, қайырмасын былайша термелеп, құбылтты:

– Жылдам жүрші, Көкшолақ!
Шапшаң жүрші, Көкшолақ!
Олай жүрші, Көкшолақ!
Былай жүрші, Көкшолақ!
Жамандатқыр Көкшолақ!
Мені құртқан – Көкшолақ!
Арам қатқыр Көкшолақ!.

отырғандардың көбі қабағы жадырап, жүздеріне күлкі ойнады. Балуан Шолақ:

– Бұл жігітте өнер бар екен. Мен тобыма қосып алайын, жарай ма, балақай?– деген. Кенен басын изеді. Балуан Шолақ шырқаған «Балқадиша», «Қосалқа», «Қос барабан», «Дікілдек, «Ыңғайтөк», «Кенже қоңыр», «Көкшетау» тәрізді көптеген әндерді Сауытбек, Сәдібек, Бармақ, Кенен сияқты ол кездегі жас ақын, әншілер сол сәтінде-ақ үйреніп айтып жүрді.

Мақышқа кезек келгенде, ол өзін былай таныстырыпты:

Сұрасаң, менің атым – Мақыш балуан
Балуаннан сөз шығады алуан-алуан
Күркіреп найзағайдай жалындасам,
Кеудемнен сел-сел болып өлең жазған.
Райымбек баласы Мақыш атым,
Балуандықпен шыққан еді менің даңқым.
Он жасымда белдесіп өнер құдым,
Көтереді патшадай туған халқым.
Өлеңді айту деген бізден қалған.
Дүние өте шығар, шіркін, жалған.
Әнімен Сарыарқаны егілттірген,
Балуан аға, сізде де бар ма арман?

дегенде, Нұрмағамбет балуан:

– Ей, бауырым, арман кімде жоқ дейсің?! – деп, қасында отырған Жамбылға бұрылады.– Жамбыл аға, кеше Топар аулында Құлмамбет, Сарыбай ақындармен айтысыңызды тыңдадым. Асылы, сіз айтыстың өрен жүйрігі сияқтысыз. Арқада не көп, әнші көп, мына сіздей айтыс ақыны сирек ұшырайды. Мен өз басым айтысқа жоқпын. Әншілік, серіліктің сайранымен кеткенбіз ғой...

Осы жерде оның есіне бір махаббат хикаясы түсіп кетсе керек, орнынан ырғалып алды да, бір әнді асқақтата бастады.

«Ғалиясын» шырқап егілген Балуан «Ойпырмай, жан сәулем Ғалия, аппақ қардай бетіңнен, бір күн ауру, бір күн сау, жазылмадым, ой, ой, ой, дертімнен!» – деп өксіді. Бұл әнді тыңдап отырғандар да махаббат мұңына еліткендей еді. Көпшіліктің осы бір көңіл күйін сезген ол енді бәрін серпілтіп, сергітпек болды.

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалын бұзар кезім тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында
Көтердім елу бір пұт гірдің тасын.
Қосылып орыс, қазақ таң қалысты,
Болды деп қаһарманнан мынау басым.
Залог сап жетпіс бес сом, күрескенде,
Сындырдым Карап палуан қабырғасын...

Енді жұрт жадырап, қыран күлкіге басты.

– Бұл күрес қалай болды, айтыңызшы? – деді Жамбыл жанында отырған Мақыш.

– Көксеңгірде жүргенімде, – деп бастады Балуан әңгімесін,– біреулер «Көкшетау қаласында сентябрьдің бірінде жәрмеңке ашылады екен, онда ат жарыс болып, балуандар күреседі. Соған барып күшіңді көрсетпейсің бе» десті. Ондай думаннан қалатын мен бе, тәуекел деп Көкшетауға жүріп кеттім. Қасыма бес-алты жігіт ерді. Ат бәйгеден соң балуандар күреске шықты. Өңкей бір нар бурадан біреулер. Солардың бәрін қара маска киген нән балуан жығып шықты. Делебем қозып кетті. Оған жетіп бардым.

– Күрескелі келдің бе? – деді, ол мені менсінбей.

– Күресемін.

– Уақыт бітті, ертең, – деді цирк бастығы.

Жұрт шулап кетті:

– Күрессін, күрессін!

Қара маска мені олқысынғаны ма, әйтеуір:

– Залогпен күресемін, – деді.

– Жарайды, неше сом? – дедім мен де тайсалмай.

– Жетпіс бес сом.

Менің жігіттерім 75 сомды шығарды. Сонымен күресіп кеттім. Қара масканың әдісі кісі мойнын қысып, әлсіретіп жығу екен. Оны алдағы балуандармен күрескенде байқағанмын. Мен мойнымды ұстатпауға тырыстым. Ол әбден әлекке түсті. Бір иіні келгенде оны арқалап алдым да, айналдырып-айналдырып барып, шалқасынан жерге атып ұрып, кеудесінен бастым да, тұрып кеттім. Карон қабырғасын ұстап, жығылған орнынан әрең тұрды.

– Қапыда жықты, болмайды,– деп шу ете қалды цирктегілер.

Менің жігіттерім:

– Нағыз жығыс осы!

– Жетеді!

– Біздің балуан жеңді!

– Күшті болса, қырық пұт гір көтеріп көрсін, – деді цирктегілер.

– Қырық түгіл елу болса да, көтеремін, – дедім мен ерегісіп.

Олар 51 пұт гірді мойныма артты. «Иә, пірім!» – деп, көтеріп орнымнан тұрдым да, гірлерін лақтырып тастап жүре бердім.

Еркебай үйінде отырғандар бұл әңгімеге таң-тамаша болып, ұйып қалыпты. Әрқайсысы тұс-тұстан «Па, шіркін, балуан деп, міне, осыны айт!», «Ту-у, не деген орасан күш!», «Өзінің балуандығы мен әні де сай келген екен, «Мұндай ересен алып бола бермес» деп, ел оған тәнті болысты.

Осылайша таңертеңнен бері жиналған ауыл адамдары өлеңжырға қарық болды. Нұрмағамбеттің елу бір пұт гирді көтеріп, Карон балуан қабырғасын күйреткеніне таң-тамаша қалысса, енді бірде Кененнің «Көкшолағына» «ой, пәлі-ай!» десті. Бәрі көңілді, жүздері жадыраңқы. Әсіресе алыстан келген құрметті қонақтың серпіле сөйлегеніне үй иесі Еркебай дән риза. Осы шат-шадыманды отырыстың артын суытпауға тырысқан ол енді Жамбылға былай деп сөз қатты:

– Жәке, ана бір жылы Сұлутөрде әлгі Бадамша сақаудың Алпамысқа айтқанын жырлап елді мәз-мейрам еткеніңіз әлі есімде, соны тағы бір айтып жібересіз бе?

Бұған Жамбыл:

– Е, е, ол жастау кезде айтылған бір кеп қой. Бала кезімде Майкөт ақынның қасында жүріп ұққан Алпамыс қой. Қалауың сол болса, ай-

тып көрейін, – деді. – Баяғы өткен заманда, Жиделібайсын жерінде, Қоңырат деген елінде Байбөрі деген болыпты. Қанша бай болса да, бір балаға зар екен. Күндердің бірінде бәйбішесі айы-күніне жетіп алпамсадай бір ұл туыпты. Оның атын Алпамыс қойыпты. Бала ер жете келе ересен батыр болып шығыпты. Еліне шапқан қалмақтың Қараман деген ханын жеңіпті. Сөйтіп келе жатса, алдынан мыстан кемпір шығып, сонын айла-алдауымен зынданда жеті жыл жатыпты. Ханның Қаракөзайым деген қызы Алпамысқа ғашық болып, оны зынданнан шығарып алыпты. Алпамыс еліне бет алып келе жатса, зарлаған бір дауысты естиді. Барса, өзінің анасы екен дейді. Баласын аймалап сүйгенде тас емшегі иіп кетіпті. Анасы айтыпты:

– Мына қырдың астында ханның түйесін бағып әкең жүр, оны қуант, оның ар жағында інің Жәдігер қозы бағып жүр,– дейді. Оларға барып қойдай жамырасады. Әке мен інісінен Алпамыс елде той болып жатқанын, Гүлбаршынды отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, хан некелеп алғалы жатқанын естиді. Енді ол диуана кейпіне түсіп, тойға келеді. Алдынан Бадамша деген сақау шығып, айтыса кетеді.

Жамбыл енді диуана мен Бадамша сақаудың айтысын құйқылжыта, құбылта жырлай жөнелді.

«Ау, Бадамша, Бадамша, сөз сөйлеші адамша? Былдырайсың, қу неме, тілі шыққан балаша, түсінбедім сөзіңе, сенбей тұрмын өзіңе, кешегі құл Ұлтанды хан болды дейсің қалайша? Гүлбаршындай аруды алмақ екен қалайша? Жөндеп айтшы, Бадамша, түсіндірші адамша?» Бадамша бұған сақаулана жауап қайтарып жатады. Күлкіге күлкі ұласты. Жұрттың бәрі «бәрекелде, Жәке, тағы бір жадырап қалдық қой» деседі.

Сол сапарда Жамбыл Балуан Шолақты тобымен ертіп аулына келген. Қара Қастекте, Майтөбеде, Құлансаз жайлауын аралатып, Балуан Шолақ өнерімен ел-жұртты таныстырған.

Бір жолы ол Балуанды Алматы базарына ертіп барған. Балуан Шолақ дүкенде темір соғып отырған бір ұйғыр ұстасына келіп:

– Тауға шығатын едім, атыма таға соғып бер,– деген. Олар бір айналып барса, әлгі ұста тағаны соғып, суарып қойыпты. Балуан:

– Әуелі ұстап көрейінші,– деп, тағаларды қысып жібергенде, қабысып кеткен. Оған бәрі таң-тамаша қалысқан.

Бұл Жамбылдың Сәбит Мұқановқа айтқан бір әңгімесі. Мұндай кездесу сұхбаттасулар екі ақын арасында аз болмаған. Балуан Шолақ

Жамбылдан көп жайларға қанық болады. Жетісудың, қырғыз елінің ақын-жыршыларынан, олардың өлең-жырларынан қызықты әңгімелерді мол тыңдайды.

Алтынемелде

Петербург география қоғамының мүшесі Шоқан Уәлиханов Қашқария сапарынан қайтып келе жатып Алтынемелдегі Тезек төре аулына аялдады. Осы кезде шапыраштылар даулы бір іспен Тезек төре алдына барады. Ішінде Сүйінбай, Жабай, Қанадан, тағы бірқатары болады. Сол жолы Жамбыл да оларға ілесе барған. Даулары шешім тапқан соң, Сүйінбай ақын жиналған көпті, әсіресе алыстан келген қонақ – Шоқанды көңілдендірмек болды.

– Ана бір жылы,– деді Сүйінбай қасында отырған Шоқанға қарап.– өзіңіз аралап қайтқан қырғыз еліне бардық, Орманханның Үмбетәлі, Шарғын деген балалары өлген әкесін еске түсіріп жылын өткізіп жатыр екен. Ыстықкөл жағасына қырғыз, казақ мол жиналыпты. Сонда Үмбетәлі манап көңіл айта барған бізге қырын қарап тіл тигізді. Мен шыдай алмадым, Үмбетәліге қарсы бардым да:

– Қалың қазақ елі едім,
Сүйінбай деген мен едім.
«Орман өлді» дегенге,
Көңіл айта кеп едім.
Мұның қалай, хан Үмбетәлі,
Атаңа нәлет дегенің?!.

«Әкеңді өлтірген біз емес, қаңғырған бір ұры еді ғой, сол ұрыны ұстап жазалаудың орнына, бүкіл Бұғы елін шаптың, малын таладың»,– дей келіп:

– Қанқұмарлық ісіңмен,
Кетірдің өзің құныңды.
Көргенімді айтамын,
Кесе алмайсың тілімді.
Шын жақсыда тарлық жоқ,
Әділ сөзде зорлық жоқ! –

деп аяқтадым. Манап уәж айта алмады. Отырған көпшілік «жөн сөз, жөн сөз» десті сонда. Шоқан да бұл сөзден біраз жайды аңғарғандай болып қоштаған екен.

Сүйінбай домбырасын шеткерірек отырған өзінің шәкірті Жамбылға ұсынды:

– Кәне, шапыраштының боз торғайы, сайрашы! – деді. Сонда ол алдымен «Е-е-ей» деп даусын шарықтатып алып, жасы үлкен игі-жақсыларға өлеңмен сәлем беріп шығады. Үлкендерге ізет көрсеткеніне әкесі де риза болып қалады. Әуенін түзеп алған Жамбыл терметолғауды бірінен соң бірін ағытады.

– Өзі жас болғанымеи сөзі жатық та, өткір екен,– депті сонда Шоқан.

Сүйінбай да Шоқан сөзін қоштады:

– Бұл баладан айтулы ақын шыққалы тұр.

Жамбылды бұрын білмейтін жалайырдың бір қариясы:

– Енді өзі туралы айтсын! – деген. Сонда Жамбыл:

– Ақсүйекпен қырқысып,
Жыр айтқанда батыл бол.
Ыстыбайдың нәсілі ең
Саған айтар нақыл сол, –

деп бастаған келесі жырын. Бұл терме Сүйінбай ұстазының өзіне айтқан батасы болатын.

Оңтүстік өлкесінде

Жамбыл Оңтүстік Қазақстанның Қаратау атырабында, Сыр бойында әлденеше рет айлап, жылдап өлең, жыр айтып жүрген. Осы өлкенің Майлықожа, Құлыншақ, Молда Мұса, Мәделі, Нұралы, Базар жырау Бұдабай, Тұрмағамбет, Зұлпықар, Серғазы, Орынбай сияқты атақты ақын, жырауларымен талай кездесіп, той-думанды бірге өткізген. Жасы үлкендеріне – шәкірт, кішілеріне ұстаз болған.

Солардың ішінде, әсіресе Майлықожа Сұлтанқожаұлымен жиі қатысып, байланыс жасап тұрған. Жамбыл Майлы ақынмен ең алғаш жиырма жас шамасында кездеседі. Бұл – Қоқан шапқыншыларының Оңтүстік Қазақстан, Әулиеата, Жетісу еліне зорлық-зомбылықтың небір сұмдықтарын жасаған елді аласапыранға салып,

ұлыған-шулыған еткен жылдар болатын. Осындай қиыншылық-қуғыншылық, аш-жалаңаш, жоқшылық кезде екей елінің бірқатары Қаратау жағына, Сыр бойына көшіп, паналайды. Осы босқыншылықты Жамбылдың өзі былай әңгімелеген:

«Ел шапқыншылықтан қорқып сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жұқананың үстінде болатын... Босып көшкен елдің өрісінің бір шеті – Қарғалы, Ұзынағаш, бір шеті – Жамбыл тауы, Байғара, тіпті Арыс, Сырдария болып жүрді. Әкем Жабайдың ат пен танаға жүгін артып, көшкен елдің артынан еріп отыратын күйі болып еді...»

Қоныс аударған елдің ағайын-туыс сағалайтын әдеті ғой. Жабай баласымен Арысқа барғанда, ең алдымен өздерінен бұрынырақ көшіп кеткен шапыраштыларды және Майлықожаны іздейді. Майлы есіміне Жамбыл өзінің алғашқы ұстаздары Сүйінбай, Бөлтірік, Майкөт айтуынан қанық еді. Майлы ақын кезінде Жетісу жағында болып өткен ас-тойға талай барған, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Жаныс сияқты ақындармен кездесіп айтысқан да.

Әсіресе Тойшыбек батыр аулындағы қырғыз, қазақтың ортақ жайлауы Сусамырда думандатқан Дәурен сал мен қырғыз қызы Қырмызы салтанатындағы Майлықожаның домбырасын көсіле сермегенін, көпшілік көңілін таба сөйлегенін ел аңыз етіп кеткен-ді. Мұны Жамбыл да, оның әкесі Жабай да білетін. Арысқа келген күні олар алдымен Мәделі ақынды тапты. Қара лашығын оның үйіне тақай тікті. Мәделі семьясы да осыдан бірер жыл бұрын Қотырбұлақ басынан көшіп келген-ді. Майлықожа Сырдария жағасындағы Қожатоғай аулында тұратын.

Ертеңіне сәрсенбі базары деген күні Арысқа Майлықожа келді. Нағашысының балаларына бір арба қауын, қарбыз ала келіпті. Бәрі жамыраса табысыпты. Жабай көш-қонның жай-жапсарын, босқыншылық халін айтқан. Майлы мен Мәделіге кездескен Жамбылдың куанышында шек жоқ.

Дастарқан жайылар алдында үй иесі Мәделі ақ домбырасын қолға алды.

Жаңа келген ағайындарға ауылдың алты ауызы іспетті өлең айтты: «Келген қадамдарың құтты болсын»,– деді. Сөйтті де, домбырасын күмбірлі күйге келтірді:

Қарағашты Ташкенттен
Мырзаби деген бек шықты, –

деп басталатын бір оқиғалы жырын толғай жөнелді. Қоқан бегі «Қатын менен қызыңнан зекет бергін деп шықты». Қотырбұлақта отырған ел қыздарын еркекше киіндіріп, қонысын тастап көше бастады. Зекетшілер көштің алдын кес-кестеп, тоқтатты. Қыз, келіншектерді ата-анасынан ажыратты. Мал-жанымен қоса бәрін ордасына қарай шұбыртып айдады. Жолай бір байдың үйіне түсіп, Мырзаби бек қымызға бөгіп, олжа бөлісіп жатқанда, артынан ер-азаматтар қуып жеткен. Бұлар кімдер еді?

Мәделі батыр сайланып,
Қожа ішінен бұл шықты.
Орта жүзде қоңыраттан
Мұсабек деген ер шықты.
Ұлы жүздің данасы,
Ер Шонайдың баласы
Рысқұлбек келді жарқырап.
Ақбұлақтың басында
Қарабастау қасында
Үш елдің ері бас қосып, –

барады да, Мырзаби бектің басын шауып алып, езге тонаушы зекетшілерді елден қуып шығады. Сөйтіп, қыз-келіншек, бала-шағасын, мал-жанын зекетшілер қолынан ажыратып алып қалады.

Жыр осылай аяқталғанда, манадан бері баласы мен екеуі ұйып тыңдап отырған Жабай еңсесі көтеріліп, бір желпініп қалды.

– Япыр ау, сол Мәделі батыр сіз бе едіңіз?! – деді . Оның қасында отырған Майлы:

– Ия, сол Мәделің осы. Менің нағашым осал кісі емес. Ақын десең – ақын, батыр десең батыр...

Олар осылайша танысып, арқа-жарқа әңгіме-дүкенін қыздыра берген. Жамбыл кейін Мәделі басынан өткен сол оқиғаны «Ханым сұлу» деп ертекке айналдырып, ел арасында айтып жүрді. Аңыздағы ақын жігіт – Мәделінің өзі, ал Ханым сұлу – Айым сұлу деген Сапақтың қызы, Мұсабек батырдың қарындасы. Мұсабек Қалдарбекұлы – Қоқанға қарсы күресті бастаушы қоңырат елінің, ал Рысқұлбек Шонайұлы – ыстыдан шыққан ер жігіттер еді. Екеуі де Мәделі ақынның батыр серіктері болған.

Әке мен бала сол жолы Арыста біраз күн болады. Ағайын-жегжаттарды аралап, елмен танысады. Барған үйлері, әрине, өлең, жыр-

сыз болмайды. Бірде Құлшығаш үйінде Майлықожа «Көрұғлыны» таң бозарып атқанша жырлаған. Қисса аяқталмаған. «Тағы да айта түссе екен» деп өтінген Жамбылға ол:

– Бұл қисса бірер күнде бітпейді, қалғанын тағы бірде тыңдарсыңдар, – деген.

Ертеңіне Мәделі Ташкентке баратын шаруасы болып, сонда кеткен. Жабай Қошқаратадағы (Шымкент) ағайын дарға бармақ болған. Майлы ақын Жамбылды ертіп Қожа тоғайға тартқан.

Сырдарияның күн шығыс жағалауындағы дөңгелек қолтықша кең тотайға орналасқан ауыл шағын ғана екен. Көбісі кесектен там салып алыпты. Арасында бірлі-жарым киіз үйлер де көрінеді.

Кіші бесін кезінде Майлықожа мен Жамбыл ауыл шетіндегі жатағайлау үйге жетіп, аттан түсті. Бұл Майлы ақынның үйі. Екеуі сырт киімдерін шешініп, төр үйге төселген түсті текемет үстіне жайғасты. Жалаң аяқ екі жас бала Майлының мойнынан құшақтап жатыр. «Алдымен кісіге сәлем бер» деумен олар Жамбылдың келіп қолын алды. Бұлар Майлының Жолбарыс, Қабылан дейтін балалары. Ақын бәйбішесіне қарап:

– Тағы бір ақын ертіп келдім,– деп қасындағы жас жігітті таныстырды. Сонау Алатаудан келіпті. Өзінің төкпе ақын болатын түрі бар. Әлі талай тыңдап тамашалайтын боламыз. Ал, ас-сусыныңды әзірле!

Майлы жұбайы Еркайымға осыны айтты да, Жамбылды тысқа ертіп шықты. Екеуі дария жағасына барып, ау салып жүргендерге жолықты. Сырдария лайланып, буырқанып жатыр. Майлы:

– Ертеректе, – деді,– біздің ата-бабаларымыз осы тоғайға келіп, орын теуіпті. Содан бері арық қаздық, тоспа жасадық, егін ектік, не керек, осы жерден өсіп-өндік.

Олар үйге келсе, Еркайым кең дастарқанын жайып, сары самаурынды ысылдатып, әзір отыр екен. Дәм үстінде өткен-кеткендер айтылып жатты. Майлы ақын үйленбей тұрған жас шағында Жетісу елін талай аралап, өлең айтқанын, небір жүйрік ақындармен кездесіп, олармен дос-жолдас болып кеткенін айтты. Тойшыбек аулындағы тойда үлкен абыройға ие болып, сый-құрметпен оралғанын еске алды. Байсейіт батыр мен қарақалпақ аруы Апақайдың неке тойында ол Майкөт, Дәурен сал, Қалмырза сияқты қазақ, қырғыздың ақын, жыршылары және Ноғайбай, Кебекбай, Бердібек шешендермен дидарласқан. Жетісу халқы аңыз ете беретін осы оқиға дәйекті деректерге негізделген бір очеркте былай баян етіліпті:

«Тойхананы Майлықожа бастады. Ауыл ақсақалдары жиналып қалың қазаққа қадірі бар, жолы үлкен Майлықожаны айрықша құрметтеп, төрт қабат көрпе үстіне төселген жолбарыс терісіне отырғызып, сөз берген. Алқа топқа түскенде айдыны асып, шабыты шалқып кететін жүйрік ақынның бұл жолы да өлең-жыры селдеп, ағытылып, арнадан тасыған тау суындай бұрқырай түсті. Тереңнен тербеп, дариядай толқып, сөз маржандарын түйдек-түйдегімен ағыта берді. Майлықожа өз жырында жалпақ елдің атақты да айбарлы батырларын, аңызға айналған тарихын жырлай келіп, енді бір кезде кешегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, жүрек жұтқан Жоламан, мүйізді батыр Өтегендермен қарулас, майдандас болған жаужүрек Жауғашар батырдың жауынгерлік өмірін термелеп кетті... «Айтқыш-ақ екен», «Терме әуені қандай жағымды?», «Талабыңа нұр жаусын!» десіп жатты. Жамбылдың төкпелі жырына, әсем әуеніне сүйсінген Майлы ақын да:

– Сендер ананы айт, мынаны айт деп, менің қонағымды «шаршатарсыңдар, түге? Жамбыл шырағым, домбыраны бері әкел, енді мен сөйлей тұрайын, сен демал,– деп әзіл-қалжың араластырды. Сөйтті де, ол «Тотының тоқсан тарауын» толғады. Ертеде дария жағасын мекен еткен тоты құстың, бақа мен екі үйректің, аңқау мен құдың, үш жігіттің және «Сұр мерген» хикаяларын бірінен соң бірін тізбектеп, мысалдап шықты.

Майлының бұл әңгімелері ауылдастарына үйреншікті болып естілгенімен, Жамбылға өзінше бір жаңа сарын болып көрінді. Ол Жетісуда мұндай мысал-тұспал жырды көп кездестірмеген-ді.

Кейін Жетісуға оралғанда, ол кейбір бай, болыстың мінез-қылықтарын мысалдап өлеңдеткен. «Өмірдің тууы» деген әңгімесінде өзі былай деген:

«Бір күні мен болостнойдың аулына келдім. Ауылдық болостной ісіп-кеуіп карта ойнына қора-қора қой салып, ерегісіп ойнап, өз аулындағы бір көрші бидің үйінде тойда отыр екен. Ол сол кезде жұртқа қарап:

– Менің қонақасым бәріңе де жетеді, алдыңызға қойылған тағамды жеңдер, сапырулы тұрған қымызды ішіңдер, киіз төсеулі, көрпе салынулы – отырыңдар! Менің ақ көңілді ниетпен істеген құрметіме риза болып шаттаныңдар! – деді қоразданып.

...Қолыма домбыраны алдым да, өлеңімді дүрілдете бастадым. Сондағы ауылдық болостной правительдің құлағына жеткізе жыр-

лаған жырымның мән ісі былай еді: бай, яғни, тоқ торғай қонаққа барлық жыртқыш құстар мен аңдарды шақырған екен, мұның ішінде қойдан басқаның бәрі бар екен. Қойдың өзі қонақтарға сойылған екен. Тоқ торғай қонақтарды етпен сыйлап отырып, мен аюды да бір асап, қылғып жұтып қоюға құдіретім жетеді деп мақтанады...» (Жамбылдың бұл мысал-өлеңінің де тексті сақталмаған).

...«Сүткент аулына барып қайтқан күні кешке Майлы қожа «біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей жас досына «Мың бір түн», «Шаһнамадағы» үзінді жыр айтып берген.

Сарттан өткен Науаи
Тілдің гауһар гүлі еді.
Парсыда өткен Фирдауси,
Заманында дүр еді, –

деп бір доғарды бұл әңгімесін, Науаи, Фирдауси есімдерін Жамбыл тұңғыш рет естіп отыр. Майлы көрсеткен қалың-қалың кітаптарды қарап таң қалса, екіншіден өзінің оқи алмайтынына қынжылғандай.

Ұстаз бен шәкірт көп сырласты, көп мұңдасты.

– Хатың болмағанмен,– деді Майлы,– ұғымпаз, зейінді екенсің. Мен айтудан ерінбейін, сен жаттаудан жалықпа!

Осы келісіммен олар ондаған күндер отырып, жыр тиегін ағытқан. «Мың бір түннен», «Шаһнамадан», «Тотының тоқсан тарауынан», басқа да ертек, аңыздардан хикая шертілген. Бұл деректерді айтқан Жамбылдың көзін көріп, талай сұқбаттасқан, ақынның 100 жасқа толу мерекесіне арналған толық жинағын баспадан шығаруды басқарып, оған алғы сөз жазған атақты жазушы Сәбит Мұқанов. Ол былай дейді:

«Жәкең Бақтыбайға кездескен 29 жасында қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған – 4 облысты түгел аралап, барлық атақты ақындардан да үлгі алғаны көрінеді. Жәкең қазақтың ауыз әдебиетін аса көп білген. Соларды қазақтың атақты аңыздарынан үйрендім дейтін. Осы сапарында Жәкең Өзбекстан мен Қырғызстанның көп жерін аралайды, ақындармен кездеседі, әдебиетшілерімен танысады. Қырғыздың эпосы «Манасты», «Шаһнаманы», «Тотының тоқсан тарауының» көп хикаяларын жырлайтын Жәкең «бұл әңгімелерді сол сапарымда естіп едім» деп отыратын».

Күздің қара суықты күнінде екі ақын Арысқа қайтып оралды. Жамбыл біраз күн үй тірлігімен айналысты. Қыс қамы, отын-су, азық-түлік дегендей, әке-шешесіне қолғабыс тигізді. Жыр құмар қауым екеуін кезекпе-кезек қонақ етті, өлең-жырын тыңдасты. Бір бай қоңыраттың үйіндегі жиында Майлықожа «Алпамысты» тербеді. Жамбыл оның аяғын жалғастырып, «Алатай, Жапарқұлдан» әңгіме қозғады. Дастанды бастамас бұрын ол мынандай әлхисса айтып алды:

– Майлыекең екеуміз Ташкентті аралап, қаңлы, жағалбайлы, өзбек ағайындардың той-томалағына қатысып, қисса, жыр айтып жүргенде, Жиделібайсын жағынан келген бір қария Алпамыс батырдың немересі Алатай, Жаларқұлдың ерлігін әңгіме етті. Мен бар ықыласыммен тыңдадым да, оны ойыма тоқып жүрдім. Қазір сіздерге сол жырды айтып берейін.

Жиделібайсын жерін мекендеген қоңырат деген ел екен, етек-жеңі кең екен, төрт түлікке бай екен, қазынаға сай екен, Байшұбарын ойнатқан Алпамыстай батырдың ұрпағы Жәдігер деген болыпты. Сол Жәдігер батырдан Алатай және Жаларқұл деген батырлар тарапты. Балаға ата мирас боп оларға Жиделібайсын, қоңырат елі түгел қарайды. Осы ел шетіне батыстан қызылбастар қаптап, басып-көктеп кіреді. Алпамыс бабасының аруағына сыйынып, Алатай мен Жапарқұл ту көтеріп жігіттерін жинайды. Алатай мінген боз арғымақ, Жапарқұл мінген күрең ат ор қояндай ойнайды. Екі батыр жауларын жеңбей қоймайды. Сырдың бойын жағалап, сырғи келген жауды Сырдарияға тоғытты. Әму бойын сағалап, қамыс, жыңғыл паналап келген тағы бір тобын Әмудариядағы тоғытты. Сол жақтан келгенін Қызылқұмнан асыра қуды, оңнан қаптап келгенін Қарақұмнан асырды.

Осылайша «Алатай, Жапарқұл» қиссасын төгілте, егілте жырлаған Жамбылға қоңырат елі риза болып, шапан жапты, ат мінгізді.

Нағашыларының шақыруымен Майлықожа Жамбылды ертіп Бадамға барды. Бадам көпірінен өте бергенде Жамбыл:

– Дегенде Бадам кедей, Бадам кедей,
Барасың бұл Қожаңды адам демей,
Саратан мен заузаның күні туса,
Жатар ең қимылдауға шамаң келмей,–

деп, ұстазына қарады. Майлы ақын:

– Мұны қайдан білесің?

– Елден естігенмін,– деді Жамбыл,– ана жолы осы жаққа бет алып келе жатқанымызда Ақбұлақ басына аялдағанбыз. Сонда бізге жол сілтеген бір кісі: «Бадам өзенінен өтесің, ар жағы Арыс тиіп тұр» деп сіздің осы өлеңіңізді айтқан.

Бадамда олар көп болған жоқ. Ташкент жақта Мәделіге жала жабылып, қолға түсіп қалыпты. Оны жергілікті төре, бек, болыстар ұйымдастырыпты. Енді соны барып арашалап алу керек. Сол төңіректегі ағайындар жиналып, ортасынан Майлықожаны бас етіп, бес-алты кісіні жібермек...

– Жағдайды көріп тұрсың ғой,– деді Майлы қасындағы жас досына қарап.– Түркістанға дейін ертіп барамын ғой деп едім, болмады. Енді өзің бара бер. Онда Молда Мұсаға жолығып қаларсың. Мына шаруаны бітірсем, мен де кідірмей жетермін.– Осы уәдемен Майлықожа – Ташкентке, Жамбыл Түркістанға жүріп кетті.

Бұл әңгімені Жамбылдың жақын туысы Сәрсенбек Қопабаев айтқан еді. 1984 жылы 17 мартта Ұзынағаштағы Жамбылдың музей-үйінде болып, ақынның баласы Тезекбайдың үйінде жолыққанымызда ол кісі: «Биыл 81 жастамын. Әкем Қопабай тәтемнен (туыс-қандары Жамбылды тәте деген) бес жас кіші болатын. Арыска бірге көшіп барған. Жабай атамыз бір жылдай тұрып, елге қайтып келген. Ал біздің үй үш жылдай қыстап, сол жақта тұрып қалыпты. Әкем көбінесе Жамбылдың қасында жүріп, Ташкентке, Абайбазарға, Қошқаратаға, Сайрамға бірге барыпты. Соның көлігіне қарап, тапқантаянғанына иелік етіп жүрген...»

Сол жолы Тезекбайдың үйінде отырғанымызда қасымызда кезінде Жамбылдың шофері болған Нағашыбек Байсабаев, жақын туыстары Сарқытбай Көбейұлы, Үмбетәлі Өмірзақұлы бар, Сәрсенбек ақсақалдан мынаны сұрадық:

– Көзі тірісінде Жәкеңнің өзі айтыпты. «Түркістан оязына дейін бардым» деп, бұдан не білесіз?

– Әкем жырдай қылып айтып отыратын,– деді Сәрсенбек қария,– екеуі Түркістанға бірге барып, әуелі Нұртазаның үйіне түскен. Нұртаза ілгеріде Жетісудан көшіп кеткен ағайындарымыз болатын. Өзінің аздап молдалығы бар еді. Ертеңіне жұманамаз күні екеуін Әзірет сұлтан мешітіне (Қожа Ахмет Яссауи ескерткішін жергілікті тұрғындар солай атайды) ертіп барған. Сонда тәтем мен көкем мешіт мұнара, күмбездерін көріп, ақ сарайларын аралаған. Асханасындағы

нән тай қазанды көргенде екеуі таң қалысқан. «Япырым-ай, мына қазаннан қанша адам тамақ ішті екен? » дескен. Оларды ертіп жүрген Нұртаза «Алпыс шелек су кетеді. Үш батпан күріш, екі батпан ет сыяды. Сонда оның қанша кісіге жететінін есептей беріңдер» деген.

Ертеңіне олар бір Жетімдердің үйінде шілдехана-той болып, соған шақырылған. Осы тойда Жамбыл Сыр бойынан келген Базар жыраумен кездесіп, айтысқа түскен. Сәрсенбек ақсақалдың бұл сөзі кезінде Жамбылға хатшылық көмек көрсеткен белгілі ақын Әбділда Тәжібаевтың жазған естелігімен де үндеседі. Ол өзінің 1936 жылғы 1 майдағы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында былай деп жазды:

«...Әңгіме қыза түседі, шай ішіп шалдар терлеген сайын, термен бірге қызықты әңгімелерді де шығара түседі. Жамбыл Балқымен айтысқанын баяндайды». Міне, бұл Ә. Тәжібаев үйінде бір топ ақын қонақ болып отырғанда Жамбылдың өзі айтқан әңгіме. Ол айтыстың тексті сақталмаған. Кім білсін, екі дүлдүл ақын өзара танысып, шабыт шақырғаннан кейін, бір жүйелі сөзге көшкен болар.

Базар Ондасұлы Өтемісов Жамбылдан үш жас үлкен, тұстас қатар-құрбы болған. Ол Қызылорда облысының Қармақшы ауданында туып, Өзбекстанның Науаи қаласы маңында «Жалпақтау» деген ауылда дүние салған.

Бұхар жырау, Махамбеттен соңғы ірі толғау ақыны деп саналады. Сыр бойының Кеншімбай, Жиенбай, Оңғар, Кете Жүсіп, т.б. ақын-жыраулары ұстаз тұтқан. Базардың «Өзімдей-ақ ұл туар», «Тілек», «Сөйле десең сөйлейін», «Әр нәрсенің парқы бар», «Өлеңнің аққан көзі едім», «Айдан ару нәрсе жоқ», «Жиырма бес», тағы сондай жыр толғауларын Жамбыл қасында бірге жүріп, талай тыңдаған. Осындай творчестволық байланыстың әсер, ықпалы болу керек, Жамбылдың өлең, толғауларында Базар жыраудың әуен, сазы, сөз саптау мәнері айқын сезіледі. Тіптен кейбір шумақ тармақтары да біріне-бірі ұқсап тұрады. Екі ақынның мына бір терме шумағына зер салып көрейік:

Базар жырау «Айдан ару нәрсе жоқ» деп басталатын толғауында:

Айдан ару нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен ару нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.

Мұсылмандық кімде жоқ,
Тілде бар да, ділде жоқ.
Көшпелі бейнет, көп дәулет,
Біріңде бар да, бірде жоқ», –

деп термеледі.

Ал Жамбыл 1936 жылы 28 апрельде өткен республикалық халық өнерпаздарының екінші слетінде толғаған «Тоқсанға келген жасым бар» деп басталатын әйгілі толғауында:

Туған айдай дер едім,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Жанған күндей дер едім,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Темірқазық дер едім,
Тек тұрғаны болмаса,
Онда тіл де, үн де жоқ... –

деп жырлаған.

Жамбыл Базар жыраудан басқа Сыр бойының біраз ақын, шайырларын, олардың терме, толғауларын білген. Оны сол жолы Базар Өтемісовтен естіді ме, әлде өзі Сыр елін аралады ма, ол жағы әзірге анық емес. Әсіресе оның Тұрмағамбет толғауларына қанық екені ақиқат.

1936 жылы Алматыда осы күнгі академик Мұхаметжан Қаратаевтың үйінде Жамбыл, Естай, Тұрмағамбет – үшеуі қонақта болады. Ақындар өзара таныса отырады. Тұрмағамбетке келгенде Жамбыл «Сізді кейбіреу ақын, шайыр дейді, енді біреулер молда дейді, соның қайсысыз?» деп қалжыңдайды, Тұрмағамбет: «Егер сіз кітап оқып, хат жаза алсаңыз, халық сізді де молда» деген болар еді» деп жауап береді. Жамбыл Тұрмағамбетті оның жыр, толғауларын бұрыннан білетінін есіне алады.

«Ертеде, жырлап жүргенімде, қалың қазақты шарлап аралай-аралай Жетісумен жапсарлас Сырдария облысын, Алатаумен астарлас Қаратау төңірегін аралап, бауырмал Сыр елін, қонақжай Түркістан оязына тақау бардым. Атақты Майлықожа, Құлыншақ, Майкөт ақындарға кездесіп, өнерінен үлгі алып, өздерін пір тұттым. Сол сапарымда ақындардың ішінде халқының аузынан түспейтін көп есті-

ген есімім, алмастай өткір тілі бар, ағыл-тегіл жыры бар, шығарған сөзі шырайлы көп тыңдағаным Шәді төре мен Тұрмағамбет өлеңдері болған. Сонда көңіл тасып, таңданып қайтқанмын».

Жамбыл осыны айтып сәл бөгелді. «Ер қадірін ел білер, зер қадірін зергер білер» деп ол Тұрмағамбеттің кейбір өлеңін айтып берді.

Сөйлесем сөзім ыңғайлы,
Құмартып халқым тыңдайды.
Шайырдан шатақ сөз шықса,
Күлістік естіп көбісі,
Бір-біріне ымдайды.
Сөз өлшеуін білмеген
Шағалаша шулайды.
Тал жібектей таза сөз
Еш жеріңді жырмайды...

Жамбыл осылайша оның өз өлеңін өзіне айтып береді...

Осыдан төрт жыл бұрын Құлыншақ ақынның жиені, 85 жастағы Әбділда Бақдаулетұлына кездестік. Енді сол кісіні тыңдап көрейік:

– Ол жылдары,– дейді Бақдаулетұлы,– біз Түркістанда тұратынбыз. Ескі Ихан көшесінің кіре берісінде үлкен әуліміз, төрт бөлмелі үйіміз, оның арт жағында қора-жайымыз болатын. Әкем Бақдаулет, ағамыз Есжан Түркістан базарының делдалы болатын. Қаратаудың теріскейінен, әсіресе Бабаата, Үштөбе, Жартытөбе жағынан базарға мал айдап келетіндер біздің үйге түсетін. Әкем мен ағам олардың малдарын сатысып, дүкеннен қант-шай, киім-кешек, мата әперісіп жүретін.

Сүмбіленің аяқ кезі ғой деймін, біздің үйге Құлыншақ ақын келіп түсті. Қасында екі жолдасы бар. Әлі есімде, біреуін – Молда Мұса, қара мұртты ұзын бойлысын – Бұдабай десті. Құлыншақ бізге нағашы. Ол – көтенші, біз сүлгетай боламыз. Түркістанға келсе, біздің үйге соқпай кетпейтін. Біраз күн жатып, өлең-жыр айтатын. Түнімен қисса тыңдайтынбыз. Бұл жолы да тап солай болды. Ақындар кезектесіп жырласты, кейде өзара қағысып, айтысып та отырды. Бірінен-бірі өтеді.

Ертеңіне елге қайтамыз деп, түстік жеп бола бергенде, үш аттылы сау етіп түсе қалды. Егделеу кісіні Майлықожа десті, қасындағы жұпыны киімді екі жігітті танымадым. Аттарын байлап, «жүріңіз-

дер» деп, үйге кіре бергенде, төрде отырған нағашым «Майлымбысың?» деп тани кетті де:

Майлы, майлы дегенге май болмадың,
Ат пен түйе алсаң да бай болмадың, –

дей бергенде, Майлықожа оның қолын ала беріп:

– Сен Құлыншақ болғалы талай заман,
Иә құлын, иә жабағы, тай болмадың, –

дегені. Бәріміз күлкіге қарық боп қалдық. Ақындар бірін-бірі бұрыннан білетін сияқты. Бәрі жапырласып, сәлемдесіп жатыр. Бір уақытта Майлы ақын нағашымның жанына жайғаса беріп:

– Бұл Жамбыл деген ақын,– деп қасындағы бейтаныс жігітті таныстыра бастады.– Жетісу елінен, ана бір жылы сол жаққа барғанымда қасымнан қалмай еріп жүрген. Атақты Сүйінбайдың жақын шәкірт – інісі. Сонда біздің елге келерсің деп шақырып едім, келіпті. Менен «Көрұғлыны», «Қыз Жібекті», Тотының әңгімесін үйреніп жүр...

Сол отырыста Майлықожа ертеректе Жетісу және қырғыз елінделегі жиында болғанын еске алған. Жаныс ақынмен айтысатын жолы Сүйінбайдың ақындығына әбден қанық болған екен.

Майлы ақын өмірінің соңғы кездерінде де Жетісу елінде болған. Оған XIX ғасырдың сексенінші жылдары Аспара, Мерекеде өткен Сыпатай батыр асында Сүйінбаймен кездесіп, айтысқаны дәлел. Бұл жөнінде былай жазылып жүр: «Сыпатай батырдың асында Ноғай мырза Сыр бойынан келіп қатысқан қоңырат елі адамдарын елей қоймаған себепті өкпе-кірне ретінде айтылып, 1883 жылы Я. Лютш жарияланған «Киргизская хрестоматия» жинағында «Ноғай мырзаға» деген атпен дербес жарияланған бұл шығармада «Сүйінбай мен Майлықожа айтысы» деп осы жырдың үзік-жұлықтарын жинап, бастырылған». (Ә. Оспанұлы «Қаратау атырабының ақындары». 1983, 100-б).

Бақдаулетұлы әңгімесін жалғастыра түсіп:

– Сонда,– дейді,– Құлыншақ нағашым қасындағы Майлықожаға қарап: «Майлеке, Жетісуда көп болғаныңды білдіргің келіп отыр ғой, оны ана бір жылы кездескенде айтқансың. Енді мына жас жігіттің лебізін тыңдасақ қайтеді?» Осыны күтіп отырған Молда Мұса

да, Бұдабай да: «Иә, Жамбыл сөйлесін»,– десті. Бұдан соң Жамбыл жеңін түрініп қалақша домбыраны қолға алды:

Ай, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Жастайымнан жын буып,
Өлең құдым, қаңғырдым.
Шапқан жерді шаң қылдым,
Айтысқанда таң қылдым,
Тыңдаушымды қандырдым... –

деп, ол өзін таныстырып өтті. Онан соң өзі айтатын қисса, жырларды жұрт қалауына салды. «Саурық батыр» деген дастанын ет пісірім уақыт жырлап шықты. Әңгіме осыған келгенде иығында сүлгісі бар жас жігіт «ауқат дайын болды, қол жуыңыздар!» деп келген. Ол сары шылапшын мен үйрек мойын мыс құманды жағалатып кісі қолына су құйып шыққан. Буы бұрқыраған сары ала қазы, білем-білем құйрық тола табақ үш жерден тартылды. Құлыншақтың алдына бас қойылған.

Тамақтан соңғы сөзді бәрінен жасы үлкен Құлыншақ алды. Ол әуелі өлеңдетіп, шұбыртпалы бата беріп, үй иесіне алғыс айтты. Домбырасын қаттырақ бұрап, бір хикаяны бастап берді: Бұл «Шора батыр» тұғын. Түн ортасы ауды, қисса әлі аяқталар емес, қызыл күрең бауырсақ, науат, өрік-мейіз аралас төгілген кестелі дастарқан қайта жайылды. Бір уақытта:

– Аға, шай ішіп, дем ала тұрыңыз! – деді Молда Мұса. Ол озінің бірер мысал өлеңін айтып, жұртты бір сергітіп тастады. Онан соң Бұдабай да «Біз едік Бұдабайы Орта жүздің» деп басталатын жырын толғады. Бағаналы бері ішінен өлең торлап отырған Жамбыл:

– Құлыншақ аға, жаңағы жырыңызды қайта айтып берсем, қайтеді? – деген. Бұл сөзге ақындар елең ете қалысты.

– «Шора батырды» ма?

– Иә, Шораны.

– Егер түгел айта алмасаң ше?

– Айтады, мүдірсе, мен кепілгер, – деді Майлы.

– Айтсын, айтсын! – десті бәрі.

Жамбыл домбырасын безектетіп, «Шораны» термеледі: Нәрікбай бір балаға зар болады. Күндердің күнінде әйелі Құлқаныс ұл тауып, атын Шора қояды. Ол насат батыр болып өседі. Жауларынан

кек алады. Қалмақтың Садыр дейтін батырымен жекпе-жекке шығып, оны жеңген жеріне келгенде, тыңдап отырғандар «ой, пәлі-ай», «ой-һой!» деп көтермеледі. Құлыншақ сүйсініп:

– Нағыз құйма құлақ екен. Сөзім түп-түгел шықты ғой,– деді.

Молда Мұса да:

– Жаттағыш-ақ екен, – деп жатыр.

Майлы сонда желпіне түссе керек:

– Мен, анау-мынау жыршыны жаныма ертпеймін ғой. Көрмейсіңдер ме?! Құлыншақтың термелеген жерін термеледі, әндеткен жерін – әндетті...

Не керек, ақындар сол күні таң атқанша думандатқан.

Олар үшінші күн дегенде тарасқан. Құлыншақ бастаған ақындар таздар еліндегі шақырылған тойға жүріп кеткен. Молда Мұса мен Бұдабай Бабайқорғанға бармақ болып, олардан бөлініп қалған.

* * *

Түркістаннан шыққан төрт аттылы бірде желе-жортып, бірде жорғалата отырып Ихан суынан өтті. Ноғай қорғандағы шашақ тақиялы молданың үйіне жетіп ат шалдырды.

Дегенде Ноғай қорған, Ноғай қорған,
Ары өткен, бері өткен талай қонған...–

деп, олар үлкен бесінде ілгері жүріп кеткен.

Ақындар Нұра жотасын бөктерлеп Мыңбұлақ басына жетті.

Бұл кәдімгі:

Біз ауылдан шықтық та Көлбай қондық,
Көлбай үйде жоқ десе де, болмай қондық.
Қонаққа қотыр ешкі сойып беріп,
Иірген тақыр жерге қойдай болдық,–

деп, осы Майлы ақын айта беретін Көлбай аулы. Жолаушылар қалың талдың жел жағымен Қаратауға қарай бет алды.

Күн қызыл жиектеніп батар алдында, олар Қарабас өзенінің бойындағы кең сазда отырған Досбай әжінің үйіне кеп түсті.

– Келгендеріңіз мұндай жақсы болар ма?! – деді оларды қарсы алған жігіт күлімдеп.– Болыс-екеңе әлгінде айтып отыр едім, бүгін келмесе, Түркістанға өзім барып ертіп келемін деп...

Бұл алып-ұшып қуанып жүрген осы ауылдың Зұлпықар Балғабаев деген жас ақыны. Үнемі Досбай болыстың қасында болып, сөзін сөйлейтін жақын інісі.

Досбайдың екі бірдей сәйгүлігі ат бәйгесінен озып келіп, той үстіне той ұласқан. Оның алдында баласы Пірназар ер-азамат болып атқа қонған. Осы қуаныштың құрметіне ол тойды жалғастырған. Ақ боз үйін сегіз қанат етіп қайта тіккізген. Конақтар сол үйге жайғасты. Сары қымызды сапырысып, тағы да тай сойылды. Құлыншақ ақын он екі тілді сырнайын сызылтып,– қуанышыңыз құтты болсын! – деп бір құттықтау жырды төгіп салды.

Майлықожаға кезек келгенде ол:

– Мен, – деді, – бұл ауылға келген сайын сөйлеп жүрмін ғой. Енді Жамбыл сөйлесін.

Жамбыл әуелі той иесіне арнау айтты. Досай, Жаманбай ұрпақтары бізге алыс емес, түбіміз бір, туысқан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Алатаудың Өтегені мен Қаратаудың Құттыбай батырлары тізе қосып, жауын бірге қуысқан. Осылайша жыр тізбектеліп жалғаса берді. Жұрт жас жыршының аяқ алысына сүйсінді.

Кешкілік ас-судан кейінгі сөзді Құлыншақ алды. Ол бұл кеште «Қыз Жібек» хикаясын шертті. Қособаның басында Бекежан қолынан мерт болған Төлегеннің аспандағы алты қазбен қоштасқан зарын егілте әуендеткенде, отырған қария-кейуаналар көзіне жас алды. Бұл киссаны да Жамбыл зор ынта қоя тыңдады. Құлыншақтың, «Қыз Жібекті» домбыра, сырнаймен кезек-кезек сүйемелдеп, әртүрлі әуенге салып орындауына қызықты. Мұндай жыршыны бұрын-соңды көрмеген-ді.

Ертеңіне Жамбыл Зұлпықарға:

– Тағы бір үлкен олжа таптым, – деген. – Түркістан да Құлекеңнен «Шораны», бұл ауылда «Қыз Жібекті» алдым.

Ақындар көпшілік көрсеткен сый-құрметке алғыс айтып аттанысты. Құлыншақ, Майлықожа елдеріне қайтты. Ал Зұлпықар Жамбылды ертіп Шаянға бет алды. Олар Арыс өзенінен өтіп, шаңқай түсте Шаянға жетті. Сәрсенбі базары қызып жатыр екен.

Екеуі базар шетіндегі керме ағашқа аттарын байлады да, қауын сатып отырған кішкентай шалға барды. Зұлпықар оны танитын еді. Бұл кәдімгі «Шалдар» аулының үнемі «иә» деп сөйлеуді әдетке айналдырып кеткен момақан қауыншы шалы.

– Әлімбетпісің?

– Иә.
– Үй-ішің аман ба?
– Иә.
– Қауын өзіңдікі ме?
– Иә.
– Неше пұлдан?
– Иә, сендерге сатпай-ақ беремін. Иә, қауын жеңдер.

Шөкімдей қызыл шырайлы, таңқы танау, бітік көз шал үюлі жатқан сары әңгелегі аралас көк ала, сарғайған қауыңдардың бірін салмақтап иіскеп алды да:

– Мынаны жарайын ба?
– Мейлің.

Шал сопақша келген ақұрық торлама қауынның сабақ басын кездігімен ойып ала бергенде, әлгі қауын тарс етіп, өзінен-өзі жарылып кетті. Жамбыл мұндай шыртылдақ тәтті қауынды бұрын көрмеген-ді. Ішінен тамсана сүйсініп тұр.

Әлімбет қауыншы екеуінің алдына қауынды кеселеп қойып:

– Ия, жеңдер, шөлдеп келген шығарсыңдар, – деп жатыр. Сусындап алған соң Зұлпықар Жамбылды ертіп, Шаян құжырасын аралады.

– Бұл құжыра,– деді Зұлпықар,– тіптен ертеде салынса керек. Шығысы – Тараз, батысы – Түркістан, төменгі жағы – Ташкент, Қаратау жағы – Құмкент шаһарларынан шыққан керуен жолы осы Шаянға келіп түйіседі дейді ел. Мұнда жиырма бес құжыра, төрт дәрісхана, бір бас күмбезді үй бар, бірі балалар дәріс алатын, енді бірі – намаз оқитын бөлмелер. Аппақ ишан, Сабыр Мағзұм, Шаншар Қожа дегендер осында ескіше дәріс оқыған. Жас кезімізде бұл медреседен – Нұралы, Молда Мұса, Шәді төре – бәріміз дәріс алғанбыз.– Шәді дегенде Жамбылдың құлағы елең ете қалды. Түркістанда болғанда Шәді төре есімін әркімнен естіген еді. Оның «Төрт дәруіш», «Мұңлық–Зарлық», «Қыз Жібек» қиссаларын айтатынын, кейде жазып кітап етіп бастырып жүргенін білген. Жолыққалы сұрастырса, ауылда жоқ болып шыққан.

Құжырадан шыққан олар аттарына барып мінді де, Нұралы ақын түсе беретін Қарабатырдың үйіне барды. Нұралының оқтын-оқтын Құжыра кітапханасына келіп арабша, парсыша көн қаптал-ған кітаптарды ақтарып, қызықтысын қиссаға айналдыратын әдеті еді. Бір жұмадан бері осы үйде қисса жазып отыр екен. Бәрі өзара танысып жай сұрасады. Зұлпықар Досбай аулына Түркістаннан

Құлыншақтың келгенін, Жамбылды ертіп осында шыққанын айтты. Дастарқан жайылды.

Әуелгі сөзді Нұралы бастады. Ол өзінің ана бір жылы Ташкентте өзбек ақынымен кездесіп айтысқанын айтып берді. Әзіл-оспақ қалжың-назға құрылған бұл айтыс тыңдаушыны көңілді күлкіге қарық қылды.

Осылайша өлең, жыр жалғаса берді. Сол жолғы Нұралы мен Зұлпықардың өзара сөз қағысының аяғы әжептәуір айтысқа айналған. Осы айтысты және Зұлпықардың Жамбылға арнаған өлеңін күні кешеге дейін Зұлпықар ақынның туысы Мыңбай аузынан тастамай айтып жүрді. Мыңбай Сұлтанбеков (1895–1986) Алғабас ауданының «Алғабас» совхозында туып-өскен. Кешегі майдан жылдары аудандық мәдени-үгіт бригадасында қызмет істеген. Өзінің замандастары Айнабек Нысанов, Көпбай Әлімбетов, Желеу Жақыпов сияқты ақындармен айтысқа түскен ауыл ақыны. Ол айтыстар кезінде аудандық газетте жарияланып тұрған.

Жамбылдың бұл жыр сапарлары жемісті болған. Ол Қаратау, Сыр бойының халық әдебиетіне мол қаныққан. Әсіресе Шығыстың классикалық әдебиетін назиралап, таратушы «кітаби ақындар» мұрасымен танысып, оның көпшілігін үйреніп қайтқан. Бұл ретте оған әсіресе Майлықожа, Құлыншақ әсері күшті болғаны белгілі. Сондықтан да:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын Құлмамбет
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған, –

деп бекер айтпаса керек.



Үшінші тарау

СҰХБАТ

Қырғыз елінде

«Өлең-жырдың қара жорғасы» деп, Жамбылдың өзі атап кеткен шәкірті Үмбетәлі Кәрібаевтың үйінде отырғанымызға үшінші күн. Біраз жыр қағаз бетіне түсті. Өмір тарихы да жазылды. Бұлайша тәптіштей сұрап жүргенімнің мәнісі – осы ақын жөнінде жазу. Ол алдағы жылдары шығатын қазақ әдебиеті тарихына қосылмақ. Бұл М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының тапсырмасы еді.

Үмбетәлінің келесі күнгі айшықты әңгімесі өзінің ұстазы Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы төңірегінде болды.

– Бұл айтысты,– деді ол домбырасын бәсеңдете түсіп,– менен гөрі Саяділ түгел білуші еді. Жадымда қалғанын мен де айтып көрейін. Ақын айдау қасқа жолға түскен кәдімгі ауыздығымен алысқан теңселме жорғадай басын шұлғи түсіп Жамбыл мен Құлмамбеттің кезек сөзін термелеп төгіп-төгіп алады да, ара-арасында әлқисса жасап, «сонда Құлмамбет былай депті, оған Жамбыл былай деп жауап қатыпты» деп аз-кем тыныстайды. Түс қайта бере ақын:

– Жамбылдың жеңіп, бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері... –

деп, айтысты аяқтады. Бәріміз сыртқа шықтық. Біраз жүріп, сергіген соң:

– Кейін екеуінің арасы қалай боптыі, кездесіп жүріп пе? – деп сұрадым.

– Кездескенде қандай, екеуі ағалы-інілі дос болып, талай бірге жүрген ғой. Жамбылдың Құлмамбетті қырғыз Шабденге ертіп барғанын ел қызықтап, әлі күнге дейін айтады.

– Соны айтыңызшы.

– Ендеше тыңда, – деп Үмбетәлі әңгімесін бастады...

Жаздың бір күндерінде Майтөбеге Құлмамбет келеді.

– Жамбылдың үйіне түссе, ол жайлауға кеткен екен.

– Қашан келеді?

– Білмейміз.

Құлмамбет Жамбылдың бір баласына өз атын нұсқады.

– Мынау атқа мін-дағы шақырып кел!

– Кім шақырады деп айтайын?

– Құлмамбет келді дегейсің.

Бала шауып кетеді. Құлмамбет құс жастықты шынтақтап, домбырасын шертіп жата береді. Жамбыл келіп, екеуі төс түйістіріп, сәлемдеседі.

– Інім-ау, қайда жүрсің? – дейді Құлмамбет. – Шілде шыға барамын деп едім ғой, уәдені ұмыттың ба?

– Ұмытқаным жоқ, аға, – дейді ол. – Сізді бүгін-ертең келе қоймас деп жайлауға кетіп едім...

– Бұл екі ақынның, – деді Үмбетәлі, – Іле бойында өткен үлкен айтыстан соңғы бір кездесуі екен. «Жамбылдың үйіне Құлмамбет келіпті, екеуі тағы да айтысатын көрінеді» деп жобалаған ауыл адамдары Жәкеңнің үйіне жиналып қалады. Күн-түн қисса жыр айтылады. Құлмамбет қырғыздарға арнап айтқалы шыққан «Мың бір түн» хикаяларынан үзінді жырлайды. Шапыраштылар қызыға тыңдайды. Ертеңіне екеуі атқа қонады. Жолда келе жатып:

– Шабден ханды жыр құмар, өзі мырза дей беруші едің, алдымен сол мырзадан бастайық, – дейді Құлмамбет.

– Өзімнің ойым да солай, – дейді Жамбыл.

Екеуі жолда Қордай бекетіндегі Еркебайдың үйіне түсіп, тыныс алады. Тағы да жыр ағытады. Құлмамбеттің қорқор тартатын әдеті бар екен. Жатарда сонысын тартып, азанда шекесі тырысып, ауырып тұрады. «Жолшыбай терлеген соң жадырап кетермін» деп аттанып кетеді.

Шабден ханның ақ ордасына жақындағанда Құлмамбет:

– Менің басым жазылғанша, сен сөйлей тұр. Мен сөзді келесі күні бастайын, – депті. Екеуі осылай келіседі.

Хан даяшылары екі ақынды арнаулы үйге түсіреді. Шабден бір жігітінен:

– Келгендер кім екен? – деп сұрайды.

– Қазағымның Жамбыл ыршысы, қасындағысын танымадық,– дейді ол:

– Жамбыл болса, мұнда келсін! – деген Шабден.

Жамбыл Құлмамбетті ертіп манаптың ақ ордасына кіреді.

Сәлемдесіп, жайғасқан соң:

– Мынау шалың кім? – дейді манап.

Жамбыл елеусіз гана:

– Атқосшы серігім еді, – дей салыпты.

Манап:

– Біраз болды өзіңді тыңдамағалы. Кәне, бір көңілдендірші!

– Бұл Жамбылда жыр көп. Қайсысын айтайын?

– «Көруғлыны» айтсын.

– Ой, оны ана бір жылы тыңдадық қой.

– Айшөрек аруды айтсын.

– Оны өзіміздің манасшылардан ұғып жүрміз ғой. – «Айшөрек ару» дегенде Жамбылдың есіне «Қыз Жібек» түсіп кетті білем, ол соны бастап кетті.

...Базарбайдың Төлеген, талай көштен өтеді, тағы бір көшке жетеді. Салтанаты бұл көштің басқа көштен ерекше. Көгорай шалғын етекте, жетпіс түйе жетекте, қызыл мая бір бөлек, айыр атан бір бөлек, шудалары шұбалған буыршын, іңген аралас, бота-тайлақ соңында, бұйдалары жібектен, мұрындығын жездеген. Кілем, жиһаз артылған, арқан, басқұр тартылған. Сәнді көшті жанамалай, өлең айтып, ән салған, қыз-бозбала жарысқан, олар да кетіп барады...

Осы жерге келгенде Шабден Манап:

– О, о, шіркін, қазекемнің көшін-ай! Міне, тамаша деп осыны айт! – деп, жырауды көтермелеп қойды. Жамбыл жырын қайта жалғады: Көш алдына қараса, шаңырақ түйе жараса, үстінде ақ құбаша, кестелі жаулық басында бір бәйбіше барады. Заты әйел демесе, сұлу екен өзгеше. Төлеген мен Қаршыға, жөн сұрады одан жанаса: Шешесі сонда бүй деді: – Бұл көш біздің үй, – деді. – Бетіме тозаң жұғады – деп, Жібекжан озып кеткен-ді, ендігі Жайыққа жеткен-ді. Базарбайдың Төлеген, ерте туып көбеген, көк жорғаға қамшы басады, тағы бір белден асады. Көз ұшына қараса, топ аттылы алдында бір күйме кетіп барады. Мұны көрген Төлеген, алға қарай шабады, әне-міне дегенше, оған да жетіп барады, «Осы ма деп Қыз Жібек» жеңгесінен сұрады. Қасындағы Қаршыга «осы екен деп Қыз Жібек» домбырасын алады.

– Ау, Жібекжан, Жібекжан! Келін тұрған алыстан Төлегендей мырзамыз. Бір көрсетсең жүзіңді, әзір соған ризамыз... Бұған Жібек жауап бермеді, келіп тұрған екеуін кісі құрлы көрмеді. Қаршыға тағы қақсады, Төлегенді мақтады:

– Ертіп келдім бір жігіт, дәл өзіңе лайық, нұры жауған жүзі бар, шекер-балдай сөзі бар, өзі балуан білекті, өзі батыр жүректі, жазы, қысы сарғайып бір өзіңді тілепті, жүзіңді бір көрсетші, көкеңнің бетін қайтармай?!

Күйме ішінен Жібек айтыпты:

– Көке болмай құрып кет! Қашан саған айтып ем, бай тауып кел маған деп!

Қаршыға терге малынды, Жібекке тағы жалынды:

– Құрбан етем басымды, бұл сөзіме сен, кәне! Сыйлашы менің жасымды, жүзіңді көрсін, тұр, кәне? Төлегендей мырзаңыз қарсы алдыңда тұр, әне!

Осы жерге келді де, Жамбыл әлқисса айтып алды:

Қыз Жібек Қаршыға ағасының бұл сөзіне иланды, күймеден жүзін бір жарқ еткізіп сәлемдесті де, қайта жауып қойды.

Жырау сөзін әрмен жалғады: Қыз Жібектің келбеті туған айдай көрінді: өзі он бес жасында, үкілі бөрік басында, үш нөкер қыз қасында... Ажарының ақтығы – жаздың атқан таңындай. Екі беттің қызылы – ақ тауықтың қанындай. Сүмбіл шашы өрілген, тісі меруерт тізілген, қиғаш қасы керілген, оймақ ауыз, бота көз, қос алмасы білінген...

Жамбыл осылайша Қыз Жібектің сұлулығын суреттеп термелегенде Шабденнің шыдамы жетпей:

– Па, шіркін, сұлу деп, міне, осыны айт! – деп, тағы бір көтеріліп қалды.

Осы кезде отырғандар алдына тай табақ ет тартылды. Түстіктен кейін Манап:

– Жәкеңе ат, шапан әзірлеңдер, – деп жігіттеріне әмір берді.– Мен жол жүргелі отырмын, қалған жырды келген соң тыңдармыз,– деп Шабден орнынан тұра берді. Осы кезде Жамбыл Құлмамбетті түртіп қалып:

– Құлеке, кәне, хан жол жүргелі жатыр, айтарың болса, айтып қал, – дейді. Шабден табалдырықтан аттай бергенде, Құлмамбет жын қаққандай домбырасын сабалап, Манапты мақтай жөнеледі.

Шабден сәл тосылып артына бұрылды:

– Жамбыл-ау, атқосшы дегенің чоң ыршы екен ғой, мұның аты кім еді?

Жамбыл:

– Құланаян Құлмамбет деген ақын осы.

Шабден сонда:

– Келгелі бері неге жөндеп таныстырмадың? – депті де, – жігіттеріне былай бұйырыпты.

– Әй, жігіттер, атты ағытып, пауескені доғарыңдар, тай сойып, келген қонақты қайтадан күтіңдер, мен Құлмамбетті тыңдамай, жолға шықпаймын.

Бұл сөзге риза болған Құлмамбет, әуелі Манапқа алғыс айтады. Сонан соң « Мың бір түн» хикаясынан әңгіме қозғайды:

– Парсы деген елі бар, көл-көсір жатқан жері бар, ми қайнаған шөлі бар, сор татыған көлі бар, бір патшалықтан сөз екен бұл: Патша өзі жас екен, жас болса да бас екен. Өзі жалғыз дара екен, бірақ үсті-басы жара екен. Қаншама қаратса да ем қонбапты. Ол төңіректе дәруіш қалмапты, бәрі барыпты. Жарасын жаза алмапты. Енді патша бар атырапқа жар салыпты.

– Кімде-кім менің жарамды жазса, соған көтергенше алтын беремін. Өзін уәзір етемін,– депті. Осыны естіген емші, тәуіптер ойдан да келіпті, қырдан да келіпті, бәрі емдеп көріпті. Дәрі істеп беріпті, бірақ ем қонбапты. Қайта жарасы қоздапты. Патша олардан жеріпті. Ең соңында күздің бір таңында, үндіден келген бір ғалым, атағы өз еліне мәлім. «Мен жазамын», – депті. Оған патша сенбепті. Ғалым айтыпты: «Сеніңіз, маған ерік беріңіз, не десем, соған көніңіз!» Патша сұрапты:

– Кәне, әуелі айтшы, қалай жазасың?

Ғалым:

– Оп-оңай жазамын, көрмейсіз ешбір азабын. Бір қолыңызға тоқпақ, екінші қолыңызға дағара алыңыз да, әбден қарасуға түсіп терлегенше ұра беріңіз, ұра беріңіз. Тер болған киіміңізді сыпырып тастап моншаға түсіңіз, зәмзәм суын ішіңіз. Ағып терлейсіз, ешбір зиян көрмейсіз. Ыстық еттен өтіп, сүйекке жетеді. Ет пен тері арасындағы кесел термен ағып кетеді. Жарадағы құрт әбден күйіп піседі. Сөйтіп сылынып түседі. Екі-үш күн дегенде, сен көр, мен көр, құлантаза жазылып кетесіз.

Патша ғалымның айтқанын істепті. Бірер күнде жазылып шығыпты. Патша оны сыйлады. Еліне жіберуге қимады. Өзіне уәзір етіп

алды. Сөйтіп, ғалым патша сарайында қалды. Мұны бұрынғы бас уәзірі қызғанды. Қызғанғаны сол, патшаға барып бұлданды:

– Мен сізге сенімді бас уәзірмін, ол сенімсіз, қас уәзір, – деді.

– Оның маған қас екенін қайдан білдің? – деді патша. Сонда бас уәзір айтты дейді:

– Сізді оңай жаза білген, оңай өлтіре де біледі.

Патша ойланып қалады:

– Сонда не істеу керек? – деп уәзіріне қарады.

– Өлтіру керек, – деген ол. Патша осы шешімге келген. Ғалымды шақырып алып:

– Сен маған қас екенсің, өлтіремін! – деген.

– Жазығым не?

– Сен сиқыршы екенсің.

– Оны кім айтты?

– Бас уәзір айтты.

Ғалым оған нала болып, былай депті:

– Мен саған өмір бердім, сен маған өлім бердің, мен жалғыз тақ едім, көңілім ақ еді. Амал қанша, жарлығыңызға көндім... – Дар алдына барғанда ғалым тағы да:

– Тақсыр, ақырғы тілегім бар, – депті. – Мені жатқан үйіме жіберіп алыңыз, онда қасиетті кітап бар еді. Сол далада қалып кетпесін, көзімнің тірісінде сізге сыйлап кетейін.

– Ол қандай қасиетті кітап еді?

– Оның бетін парақтап ашып жартысына жеткенде кітап сөйлеп кетеді. Сөйтіп дүниедегі бар тілегіңіз орындалып, бақытқа жетесіз.

Патша оның қолын шештіреді. Қасына бір адамын қосып жібереді. Ғалым жатын үйіне барады. Қасындағы кісі есік алдында қалады. Ғалым көн қапталған бір ескі кітапты алып шығады. Сөйтіп патшаға келіп, кітапты береді.

– Енді мені дарға аса беріңіз.

Бас уәзір:

– Тоқтай тұрыңыз, өзі тірі тұрғанда кітапты ашып көрейік. Бізді алдап тұрған шығар, егер кітап сөйлемей қалса, өзінен сұрап, түсініп алайық.

Патша:

– Бұл да мақұл екен, – деп, кітапты ашайын десе, беттері бір-біріне жабысып, ашыла қоймайды. Саусақтарын тілімен жалап, долдана түсіп, аша бастайды. Он шақты бетін ашқан соң ол ғалымға қарап:

– Сөйлемейді ғой, – дейді. Ғалым:

– Ортасына таман, аша түсіңіз. – Патша тағы біраз парақтап әбігер болған соң қасындағы бас уәзіріне:

– Мә, сен ашшы? – деп, кітапты оған береді. Уәзір де біраз бетін аша бергенде, патша аузынан көбік ағып, сылқ етіп құлап түседі. Артынша бас уәзір де құлап, екеуі де жан тәсілім қылады. Сөйтсе, ғалым кітап парақтарына у жағып келген екен дейді. Міне, жақсылыққа жамандық етпек болған патша мен уәзір осылайша өз түбіне өздері жетіпті. Адал, ақ ниетті ғалым жөніне жүре беріпті.

Құлмамбет осылайша «Мың бір түннің» бірінен соң бірін тізбектеп; аңшының әңгімесі, балықшының әңгімесі, тігіншінің әңгімесі, диқанның әңгімесі, киік жетектеген кісінің әңгімесі, қолы кесілген жігіттің әңгімесі деп шұбырта берген, шұбырта берген.

Шыдамы таусылған Шабден:

– Бұл жырыңның аяғы бола ма? – депті.

Құлмамбет:

– Тақсыр, он бес түнгі әңгімесін қысқаша айттым, аяғы әлі көп қой,– депті.

– Қанша күн айтасыз?

– Отыз бір күн айтамын. «Мың бір түннің» үштен біріне сонда жетемін.

– Түу, біздің «Манасқа» жете қабыл екен ғой, – деді Қалмырза таңданып.

– Иә, Қалмырза, – деді Жамбыл, – біздің Құлмамбет сіздің манасшыларыңнан кем түспейтін, кең тыныстыақын ғой. Бұл бір жатқан жыр дариясы ғой...

Үмбетәлі Кәрібаевтың бұл әңгіме-естелігіне қарағанда, Жамбыл мен Құлмамбет сол жолы Ыстықкөл төңірегіндегі қырғыз ауылдарын бір айдай аралап, олардың сыйлы қонағы болыпты, талай өлең, жырлар айтып, елге оралыпты.

Жамбыл мен Тоқтағұл

Қырғыз елінің ақын, жыршы, манасшыларымен талай кездесіп, сұхбаттасып жүрген Жамбыл өмірінің соңғы күндеріне дейін Мұратәлімен дос болған. Осы екі өнерпаздың достығы жөнінде қырғыз зерттеушісі Б. Алагүшевтің кітапшасында Мұратәлінің Ыстықкөл

жағасында Жамбылмен талай кездесіп, күй шертісіп, жыр айтысқаны жазылыпты. Сонда Мұратәлі «...қазақтың атақты ақыны Жамбылмен дос болған. Одан қазақ елінің талай өлеңдері мен күйлерін үйреніп, екі ішекті домбыраны шебер шерте білген. Бір туған қазақ ауылдарына досы Жамбылмен бірге барып, қырғыздың күйлерін шертіп берген. Қазақ елінің әдет-ғұрып, салтымен танысқан, елінің тілін үйреніп өлеңдерін, күйлерін домбырада сандуғашша сайратқан». Бір бұл емес, Жамбыл ертеректе Тыныбектен «Манасты» тыңдаған. Әсіресе қырғыз халқының ұлы ақыны Тоқтағұлмен сырлас, мұңдас болып өткен. Совет тұсында Тоголақ, Қалық, Әлімқұл, Оспанқұл сияқты ыршы, қомузшылармен жиі кездескен.

Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорындағы сақталған материалдарда Тоқтағұлдың 1910 жылы Сібір тұтқынынан қашып шығып, қазақ еліне қалай жеткенін, Жетісуда Жамбыл ауылына келіп, онымен танысып, айлап бірге жүргені жазылған.

«Қазақ жеріне келгенде өз еліме, өз үйіме келгендей болдым» депті Тоқтағұл. Ол бір күні сырқаттанып, жүре алмай қалады. Сонда оны қазақ достары аркалап жүргенін елге келгенде жыр қып айтқан екен. Қазақ достарының жәрдемімен Тоқтағұлдың өз еліне жеткеніне көптеген дерек бар. Түрмеден қашып келе жатқанда ол былай деп жырлапты:

– Қанатым – қазақ туысқан,
Хабар ал жаннан ұғысқан.
Бәрің бірдей жақынсың,
Бәрің келіп тұрасың,
Жасырмастан айтайын,
Болған істің расын, –

деп, қазақ халқына өз басынан кешкен жайларды ақтарыла жыр етеді». Осындай деректерді кезінде Жамбылдың жанында жүрген шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Есдәулет, Әбдіғали да айтқан болатын.

1964 жылдың күзінде Кенен Әзірбаевтың өлең, жырларын жинастырып, баспаға әзірлеу үшін арнайы тапсырмамен Қордайға бардық. Кенекең біздің алдымызда ғана Фрунзе қаласынан келіп отыр екен. Тоқтағұл Сатылғановтың туғанына 100 жыл толу тойына қатысыпты.

– Қырғыз ағайындар,– деп бастады ақын әңгімесін,– Тоқтағұлға зор құрмет көрсетті. Өлең, жырларын оқыды. Әндерін шырқап, күйлерін шертті. Солардың ішінде, әсіресе бір ғалымы айтқан сөз бен Оспанқұл ыршының Тоқтағұлдың «Қазақ жерінде» деген өленін жырлап бергені, біздің Жәкеңмен қалай кездесіп, бірге жүргені маған қатты әсер етті.

Біз білмейді екенбіз, Тоқтағұл Сібір түрмесінен қашып, орманды аралап жүре беріпті. Сөйтіп, қазақ жерінің шетіне ілігіпті. Ауыл аралап, өлең айтыпты, жарасы жазылып, есін жинапты. Семейді жағалап, Аягөз асып, Жетісуға жетіпті. Қарақастекте Жамбылмен кездесіпті. Жәкең жарықтық Тоқтағұлдың тау суындай тасқындап, төгілген жырына, бай, манаптарға бетің бар, жүзің бар демей батыл айтқан сөзіне тәнті болып, оны өзі ертіп жүріпті. Қастек, Қаскелең, Майтөбе, Суықтөбені аралатыпты. Екеуі Құлансаздағы тойда болыпты. Содан Қордай асыпты. Кебекбай, Ноғайбай ауылдарын ән мен жырға бөлепті. Берегіректе Жәкеңнің қасында көбірек жүрдік қой. Қырғыз еліне де талай бірге бардық. Сонда Жәкең әсіресе Мұратәлі мен Тоқтағұлды аузынан тастамайтын. Қырғыз достарына Тоқтағұлдың жырларын айтқызып, Мұратәлінің күйлерін шерткізетін. Жаздың тамылжып тұрған бір күнінде Ыстықкөл жағасындағы бір қырғыздың үйінде аялдап отырғанымызда ол Тоқтағұл туралы біраз әңгіме айтып еді. Сондағы Жәкеңнің:

– Айдауды көрген Тоқтағұл,
Байлауды көрген Тоқтағұл,
Зынданды көрген Тоқтағұл,
Мұң, зарды көрген Тоқтағұл,
Қол-аяғы кісенмен
Қинауды көрген Тоқтағұл,
Қайда екен сол Тоқтағұл? –

деген терме сөзі әлі есімде...»

Тоқтағұл мен Жамбылдың тағы бір кездесуін Жамбыл шәкірттерінің бірі, төкпе жырдың шебері Үмбетәлі Кәрібаев кезінде былай әңгімелеген-ді:

– Ұмытпасам, 1912 жылдың жаз айы болатын. Қырғыз Алатауының кең жайлауында Россия патшалығынан полковник атағын алған қырғыздың манабы Шабденге ас берілді. Кең сазға үш жүз-

дей үй тігіліп, әр тараптан халық ағылып келіп жатты. Жетісудан да көптеген адамдар барды. Жамбыл, Кенен, бәріміз сол тойға барып қатыстық. Маған жыр кезегі үшінші күні, ат бәйгесі болардың алдында ғана тиді. Оның алдында Жамбыл, Кенен және қырғыздың ірі ақындары жырлап өтті. Ақындар айтысы да аяқталды. Әр елдің өңкей дөкей бек, манаптары үлкен ақ үйде қымыз ішіп, ет алып отыр еді, қырғыздың аға ақыны Қалмырза:

– Кәне, Үмбет ыршы, жорғаңа салып, тамашаңды көрсет! – деді.

Мен ақпалы термемді төге жөнелдім. Екі елдің достығын, ақындарын, батырларын мадақтадым. Бір кезде Тоқтағұлды атай беріп едім, төр жақта отырған бір бегі болу керек: «Тоқтат!» – деп, ақырып қалды. Сол кезде манадан бері үй сыртындағы топ адамның ішінде жүрген Тоқтағұл үйге кіріп келді. Әлгі бек Тоқтағұлға қарап:

– Шық үйден, айыпкер қашқын! – деп зеки бастады. Осы кезде кең үйдің бір жағында Мұратәлі, Оразәлі, жыршы, күйшілер ортасында отырған Жамбыл: «Тоқтай тұрыңдар», – деп Тоқтағұлға:

– Келдің бе, ақ иығым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
«Алмас пышақ қап түбінде жатпас» деген.
Хан, төре айналмай ма сендей ерден.
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп,
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан
Жетіпсің енді, міне, елге келіп, –

деді де, орнынан тұрып барып, оны айқара құшақтап, қасынан орын берді. Тоқтағұлға «үйден шық» деп жатқан сол елдің Бәйтік деген манабы екен. Ол өршелене түсіп:

– Ай, қазақтың жалғыз атты ыршысы, билік айтатындай бұл сенің айылыңның тойы емес, біздің қасиетті жарты патшамыздың асы, қаңғыбас қашқынды жақтамай жайыңа отыр! – демесі бар емес пе? Бәріміз сол арада дау шығып кетпесе екен деп, еліре қалыппыз. Тоқтау айтып жатқандар да бар. Мұндайда даудан да, жаудан да беті қайтпайтын Жәкеңнің екілене түсетін әдеті бар ғой:

– Тұлпарды тұлпар таниды,
Ертеден шапса талмайтын.

Сұңқарды сұңқар таниды,
Ілерде жемін самғайтын.
Батырды батыр таниды,
Ұрандап жауға шапқанда,
Жауған оқтан қайтпайтын.
Жақсыны жақсы таниды,
Сыртынан ғайбат айтпайтын.
Ел бұлбұлы Тоқтағұл,
Жырымен жауын жасқайтын.
Пенде емес пе Тоқтағұл,
Ордаға аяқ баспайтын.
Қарғаны қарға таниды,
Қарқылдап қағып қанатын.
Құзғынды құзғын таниды,
Өлексеге ауыз салатын.
Болысты болыс таниды,
Параны жалмап алатын.
Манапты манап таниды,
Нашарға құрық салатын.
Ақынды ақын таниды,
Сөз қадірін аңдайтын.
Тоқтағұл мен Жамбылдың
Жырлары сел боп ағатын.
Қиядан ұшса қос қыран,
Бірін-бірі табатын.

Осылайша термелеп төгіп-төгіп жібергенде, отырған көпшілік сүттей ұйыды. Батыл да байламды сөз айтқан Жамбылдың сұсы басты білем, маналы бері өз буына өздері пісіп, асып-тасып, серпілелепіре сөйлеп отырған бай, манаптар да бірауық үнсіз тына қалды. Осы бір сәтте Тоқтағұл комузын безектете шертіп-шертіп жіберді де, жырлап жөнелді:

– Қазақта, Жамбыл, сен едің,
Шалқып жатқан көл едің,
Өлеңі оттай лаулаған,
Тасып бір өткен сел едің.
Қырғызда бір бауырың,

Тоқтағұлың мен едім.
Қай қырғыздан кем едім.
Қарсы болып манаппен,
«Ит жеккенді» көргенмін,
Жаласынан бектердің
Сібірде де өлмедім,
Қорлық көріп жүргенде,
Өлең болды ермегім.
Сағынып елге келгенде,
Намысты қолдан бермедім.
Ей, манаптар, манаптар!
Шабденнің бұл асында
Қырғыз бенен қазақтар
Бас қосады деген соң,
Жиналыпты санаттар.
Болыс пенен билерің
Қазан аңдып бұл күнде
Бұралқы иттей жалақтар, –

деген кезде, көп ішінен біреу «тоқтат!» деп айқай салды. Қарасақ, қырғыздың Бұғы-марал руынан шыққан Ешкібай манап екен. Ол орнынан тұрды да:

– Тағы да «ит жеккенді» көрейін демесең, жап аузыңды! – деді. Осындай ұлан-асыр аста «бұралқы иттей жалақтар» деп кімді айтып тұрсың, жалаң-аяқ қашқын неме?! – деп Тоқтағұлға тұра ұмтылды. Осы кезде Жамбыл тағы да:

«Сабыр, сабыр! Ақын елдің еркесі, оған қол жұмсауға болмайды, ащы айтса да сонікі жөн! – деп әлгіні тоқтатып тастады».

Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында Шабден асының қалай аяқталғаны да жазылыпты. Оның Жамбыл мен Тоқтағұлға қатысты беттерінің қысқаша мазмұны мынадай: Әр елден асқа келгендер тарап жатады. Жамбыл жырын мол тыңдап, оған риза болған Шабденнің үрім-бұтақтары оған ат мінгізіп, шапан жабады. Сонда Жамбыл:

– Бұл құрметтеріңе ризамын, мен осы сыйлықты Тоқтағұлға тартамын. Ол болса, сонау «ит жеккеннен» талай қиыншылық көріп келді ғой, – деп шапанды оның алдына қояды.

Архив материалдарының келесі беттерінде екі ақынның тағы бір кездескені айтылыпты. Бұл 1922 жылдың күз айы екен. Тоқпақ шаһа-

рының ірі байларының бірі Бұланның үйінде Тоқтағұл мен Жамбыл екі-үш күндей жатып өлең, жырдың тиегін ағытады. Сауық-сайран құрып отырғандар Тоқтағұлға «Ой, бұлбұл», «Шоң кербез», «Кедейхан», «Бес қабан», «Қазақ жерінде», тағы бірқатар жыр толғауларын айтқызыпты. Жамбылға «Мұңлық – Зарлықты», «Қыз Жібекті» жырлатыпты. Қымызға қызып алғандар екі ақынды айтыстырмақ болады.

– Біз екеуміз айтыспаймыз, – дейді Жамбыл. – Көңілі жақын, сыйлас ақындар өзара айтыспаған. Егер айтысса қыза-қыза бір-бірінe тілі тиіп, арасы суысып кетеді. Одандағы біздің қисса, күйлеріміздің тыңдай беріңдер.

Осылайша екі дүлдүл кезекпе-кезек күн-түн жыр төгіп, күй шертеді. Ертеңіне ақындар жүрер алдында Бұлан мырза өзі арнайы шақырған Тоқтағұлға 500 сом сыйлап, Жамбылдың иығына сеңсең тон жабады. Сонда Тоқтағұл:

– Жамбыл аға, – дейді,– ана бір жылы сонау Сібірден жалаң аяқ арып-ашып, ауылыңызға жеткенімде, екі айдай қасыңызға ертіп жүріп, есімді жинаттыңыз. Астыма ат беріп, Сусамыр жайлауына дейін шығарып салдыңыз. Онан соң, Шабден манаптың асында жалақор манаптар итше арсылдап, етегімнен тартқанда, арашаға түсіп, менің сөзімді сөйледіңіз. Өзіңізге берген жібек шапан мен тортөбел жорғаны маған сыйладыңыз. Қазақ, қырғыз жиналған сол жиында мәртебемді бір көтеріп тастадыңыз. Сіз бұл ауылға меймансыз ғой, мынау мінгізген атым болсын, қабыл алыңыз деп, Бұлан бай берген 500 сомды Жамбылдың алдына қойыпты.

Сонда Жамбыл:

– Тоқтағұл бауырым, мақұл ғой. Бірақ сен көп азап көрдің. Бала-шағаң бар, солардың қажетіне жұмса, тұрмысыңды түзе. Ал біз болсақ ел ішінде жүрдік қой,– деп 100 сомын алып, қалғанын өзіне қайырып беріпті. «Келесі жазда Майтөбеге кел, елді тағы бір аралатайын», – дейді Жамбыл. Бұл шақыру бойынша Тоқтағұл Жамбыл ауылына барды ма, бармады ма, ол жағы беймәлім.

Тоқтағұлға өшіккен қырғыз, манап болыстары 1913 жылы нақақтан жала жауып, тағы да ұстатып, Наманған түрмесіне қаматады. Бұл суық хабарды Жамбыл сол жылы Ұзынағашқа келген қырғыз жыршылары Қалық Ақиев, Әлімқұл Үсенбаевтардан есітеді. Бұлар Россияда Романовтар тұқымының патшалық құрғанына үш жүз жыл толуына баііланысты Ұзынағашта ашылған көрме-жиынға шақы-

рылған болатын. Әлімқұл мен Қалық «Тоқтағұлды босатып алу үшін қаржы жинап жүрміз»,– дейді. Сонда Жамбыл: «Мұндай «жылудан» тыс қалуға бола ма? Тоқтағұлдан аярым жоқ. Екеуің қайтарыңда біздің ауылға соғып, менің қосар үлесімді ала кетіңдер», – депті. Сонымен, олар біраз каржы жинап, еліне оралыпты.

Жамбыл 1933 жылы Тоқтағұлдың қайтыс болған хабарын естіген. Сол кезде немересі Тоқтағұлдың кітабын оқып отыр екен. Жырға құлағын түре қойған ақын қырғыз досының сөзін бірден таниды. Сол арада ол:

Немерем бір кітапты оқып жатты,
Кітап сөзі әркімнің ойын тартты.
Байқаймын, тыңдағанның көңілі шат,
Алғандай әр сөзінен бір ләззатты...
Апырай, – деді әркімдер, – кімнің жыры?
Берейін тағы да айтып деймін мұны, –

деп басталатын жырында ол Тоқтағұлдың батыл сөзді, өр мінезді. бұқарашыл ақын екенін көпшілікке сипаттан береді.

Тыңдасақ кеше оның зарлы күйін,
Тыңдаймыз бүгін, міне, нәрлі жырын.
Ел сүйген ізгі нәрсе ізсіз қалмас,
Жалғаны бар ма, айтшы, менің мұным.
Ақынның құламайтын күмбезіне
Осы жыр ескерткішке қойған гүлім! –

деп түйіндеген екен. Міне, бауырлас екі елдің дүлдүл жыршыларының жарасымды достығы осылай өткен.

* * *

1972 жылдың июнь айында Алматыда Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толу мерекесі өткізілді. Осы тойға келген қырғыздың белгілі жазушысы Теміркұл Үмбетәлиев мына бір әңгімені айтқан еді:

– Сонау бір жылы,– дейді ол,– мен Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһангез» поэмасының 750 жылдығын Тбилисиде мерекелеу күндерінде Жамбылды тағы да көрдім. Ол қырғыздың

таңдаулы ақындарының ырларын, «Манас» халық эпосын жақсы білетіндігімен мені тағы бір таңдандырды. Жамбыл сол жолы қырғыз ақындарының өлеңдерін менің өз тілімде айтып берді.

Біздің атақты Токтоғулымыз Сібір тұтқынынан қашып, елге жеткенде, Тоголок молдаға кездесіп былай деген ғой:

Тоголок молдо, булбулум,
Боарыдап чыккан туйгунум.
Бала-чагаң аманбы?
Басынып журген кургурум,
Насылың саяк тууганым,
Тугандан чыккан бууданым.
Башынан өзуң билесиң
Манаптар суруп куганын.
Пейли бузук манаптар
Иркутке айдап қыйнадың...

Сонда Тоголок молдо:

Айналып кеткен шыбырға,
Ақын Током, аманбы?
Жалпы жарды-жалтыға,
Жакын Током, аманбы?
Манаптар менен баштаскан,
Батыр Током, аманбы?
Қызыл тілин сайратқан,
Бұлбұл Током аманбы?
Алыстан алыс чуркаган,
Дүлдүл Током аманбы?
Қумуш чалғын куулөге,
Туйгун Током, аманбы?..

Осы екі ыршының сәлемдесіп кездескенін Жамбыл осылайша қырғызша ырлап бергенде, бәріміз таң-тамаша қалдық.

Айылға қайтар кезде Тбилисидің «Ориентал» қонақ үйінде жатқан Жамбылға тағы бардым. Оны тындай бергім келеді. Қасында Кенен, Тайыр екеуі жас баладай жүгіріп қызмет істеп жүрді. Кенен шай құяды. Ал, Тайыр болса, оның аузынан шыққанын қағып алып жазып отырады. Мен сәлемдесіп отырып:

– Сіз «Манастың» қай тарауын білесіз? – деп сұрадым. Менің бетіме сәл қарап тұрды да:

– Тарау-сарауыңды білмеймін, – деді де, «Манасты» бастап кетті.

Күндерден күн өтіпті,
Күн мезгілі жетіпті.
Айлардан ай өтіпті,
Ай мезгілі жетіпті.
Сөйте жүріп Манастың
Жетіге жасы жетіпті,–

деп басталатын бала шағынан шоң батыр болып, Қайнекей аруға үйленгеніне дейін айта беремін. Арасында Манастың Қабан батырды, Дүрді дәуді жеңгені, біздің Қосай батырға келгені, Әлеуке ханның қорқып қашқаны, Көкетайға ас берілгені, Алмамбет, Ер Көкше батырларға келіп қосылуы бар емес пе? Үметей, Семетей тағы бар. Бәрінен де Айшөрек сұлуды айтсайшы!

Ақ сарайда жатқанда,
Ағарып таң атқанда,
Кер маралдай керіліп,
Айшөрек ару тұрыпты,
Беті-қолын жуыпты.
Тотыдайын таранып,
Аққудайын сыланып,
Шарайнаға қарапты.
Қара шашын тарапты.
Ақ маңдайы жарқырап,
Тана көзі жалтылдап
Көрген түсін айтуға,
Қоя тұрып өңгесін,
Шақырыпты жеңгесін.
– Ау, жеңеше, жеңеше!
Бір түс көрдім өзгеше... –

деп басталады емес пе? Осының бәрі жас кезімде Тыныбек, Найманбайлардан, кейінірек Тоқтағұлдан тыңдап ұққан жырлар еді, – деп тоқталды Жамбыл.

Тыңдап отыра беруге уақыт қайда? Бәріміз жол қамы на кірісіп кеттік. Сонымен, Жамбыл қырғызша да ырлай беретін шоң шабытты ақын еді...

Сәкенмен сұхбат

Сәкен Жетісуда Жамбыл сынды төкпе жыраудың бар екенін жиырмасыншы жылдардың бас кезінен ести бастаған. Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы қызу күрес жылдары Жетісу өңірінен шыққан Ораз Жандосов сияқты жалынды мемлекет қайраткерімен Сәкеннің қызметтес болғаны тарихи әдебиеттерден белгілі. Сол жылдары екеуінің халық таланттары, әсіресе Жамбыл Жабаев жөнінде талай сұхбаттасқанын көргендер бар.

Осындай бір кездесудің болғанын жиырмасыншы жылдан КПСС мүшесі, 1970 жылы халық ағарту және мәдениет саласында ұзақ жылдар бойынша еңбек сіңіргені үшін Крупская атындағы Күміс медалімен наградталған Сара Сәтбайқызы Есова былай еске түсіреді:

– Ұмытпасам, 1922 жылдың август айы болар деймін. Мен онда Жетісу губерниялық партия комитетінің органы «Тілші» газетінің редакторы болып істейтінмін. Бір күні Ораз Жандосов шақырып жатыр деген хабар алдым. Ораз ол кезде Қазақстан өлкелік партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болатын. Кабинетіне кіріп барсам, он шақты кісі отыр екен. Ораздың оң жағында «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Сәкен Сейфуллин, оның жанында Бейімбет Майлин және «Лениншіл жас» редакциясынан екі-үш жігіт отырды. Ораз орнынан тұрды да:

– Жиналып болдық қой деймін, – деп шақырғандағы мақсатын айтты.– Осы жылдың октябрь айында советтердің Қазақстандық III съезі, онан соң декабрьде Москвада Советтердің Бүкіл одақтық I съезі ашылатынын, онда одақтас республикалар құрылатынын білесіздер. Енді осы зор саяси науқанға дайындық жүргізуіміз керек. Жер-жерде үгіт-насихат жұмысын жандандыру, газет бетінде осыған лайықты мақалалар, очерктер, өлең-жырлар жариялауға тиістіміз. Бұл іске үгітшілерді, комсомолдарды, ақын-жыршыларды жұмылдырып, оларға жетекшілік көмек көрсетуіміз керек...

Ауыл ақындарының ел арасындағы әсер-ықпалын айта келіп, Ораз 1919 жылы Алматыда өткен ақындардың алғашқы слетінен дәлелдер келтірді.

– Сонда кім мен кім айтысты, жүйріктері қайсы екен? – деп сұрады Сәкен. Ораз айтысқан ақындарды атап шықты. Жамбылдың зор айтыс ақыны екеніне біраз тоқталды.

– Ертеде, – деді ол,– Құланаян Құлмамбет, Сарыбас деген ірі ақындармен айтысып, жеңген. Шашубаймен айтыскан. Бұл айтыстардың көбісі осы кезге дейін ел аузында жүр. Осындай өмір бойы байлармен бетің бар, жүзің бар демей, тайсалмай тартысып келген ақындарды қолдап, оларды қанаушы тапқа қарсы үгітші есебінде пайдалануымыз керек.

Сәкен де шығып сөйледі. Ол ел арасындағы халық ауыз адеби мұраларын жинауды, совет әдебиетін жасауды, ақын, жазушыларды, халық жыршыларын ұйымдастыруды, оларға жаңаша тапсырма беруді атады. Жиналыс соңында қалған Сәкен Ораздан:

– Жамбылды алдырып өзін бір тыңдасақ қайтеді? – деді. Ораз оған:

– Мен жақында Ұзынағаш, Қастек жаққа барып қайтпақпын. Уақытың болса, бірге жүрейік, мен ол қиқар шалмен таныстырып, Өзіңді жырға тоғытайын,– деп күлді.

Кейін осы екі достың Жамбыл аулына бірге барып, келіп жүргенін талай көрдім...

Онан соң Сәкен Жамбыл есімін, оның өлең, жырларының тізімін 1925 жылы Ташкент баспасынан жарық көрген «Терме» жинағынан көрді. Осы жннақты құрастырған мұғалім Шамғали Сарыбаевпен кездесті. Сәкен оған:

– Сіз құрастырған «Терме» жинағын оқып шықтым. Өте игілікті іс жасағансыз. Қолда жиғаныңыз болса, тағы да осылай жариялау керек, – деді.

Шамғали Сәкенге 1922 жылдың июнь айында Ұзынағашта Жетісу қосшылар одағының I съезіне қатысқанын, оған жиырма шақты ақын, жыршылар шақырылғанын, олардың әрқайсысымен жеке-жеке әңгімелесіп, өлең жырын тыңдағанын, өмір тарихын, өлендерінің тізбесін жазып алғанын айтқан.

– Жетісу өңірінде, – деген ол Сәкенге, – Жамбылдан асатын жүйрік ақын жоқ. Ол халық ауыз әдебиетін көп білетін шежіре. Дастандары да көп. Бір «Көруғлының» өзін 15 күн айтады екен...

– Екі сөзінің бірінде: «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп отырады. Сүйінбай Аронұлы да сол екей елінен шыққан аса үлкен ақын көрінеді... Осылай дегенде, Шамғали арабша

жазылған дәптерін парақтай отырып, Сәкенге мына бір шағын жолдарды оқыған:

– Апыр-ау, мына жатқан Сарыбай ма,
Жан досы Сүйінбайды танымай ма?!
Абақты, Тарақпенен айдап жеп ең,
Басында шулап тұрған малың қайда?
Алпыстың алтауында Андас өлді,
Шуласып Сарыбайды жерге көмді,
Қатарлас тең-құрбымның бәрі кетті,
Байқасам, енді нәубет маған келді.

– Қайта оқыңызшы, жазып алайын, – деп Сәкен дәптерін оңтайлай берген. Шамғалидың Жамбыл айтуынан жазып алған Сүйінбайдың Сарыбайға арналған осы өлеңін Сәкен сол жолы жазып алып, «Жаңа әдебиет» журналына (№ 6, 1926) жариялатқан.

Сәкен 1927 жылы әуелі Қызылордадағы Халық ағарту институтының, келесі жылы Ташкенттегі педагогикалық институттың ректоры, 1929 жылы КазПИ-де қазақ әдебиеті кафедрасының доценті болып, қазақ әдебиеті пәнінен лекция оқыды. Осы жылдардан бастап оның халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастыра жүргені аян. Қазақ әдебиетінен оқулық жазуды ойластырады. Осы мақсатпен ол 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде ел әдебиеті үлгілерін жинау жөнінде ашық хат жариялады. Содан былай қарай Сәкенге жер-жерден халық ауыз әдебиеті нұсқалары ағылып түсіп жатты. Ақын, жыршылар келіп жолықты. Кейбірін өзі іздеп барды.

1930 жылдың көктемінде Қазақстанның өз алдына социалистік республика болып құрылғанына 10 жыл толуына байланысты мерекелі жиын өтті. Осы мерекеге қатысқан Кенен Әзірбаев былай әңгімелейді:

– Той өткен күннің ертеңіне Сәкен Жамбылды үйіне шақырды.

– Кенен, сен де жүр, – деді Жәкең маған. Мен «мақұл» дедім. Өзім де оның қасынан қалғым келмейді. Барсақ, Сәкен күтіп отыр екен. Гүлбаһрам келіп, дастарқанын жайып, жүгіріп жүр. Сәлемдесіп, қалжыңдасып, хал-жай сұрасып алған соң Сәкен маған қарап:

– Кешегі той үстінде айтқаның құлағыма жағып барады. Соны тағы бір шырқашы?! – деді. Мен шай алдында «Қазақстан» деген сол тойға арнап келген әнімді шырқадым. Ас-су ішіп болған соң, Сәкен

Жамбылдан жай сұрады. Жамбыл домбырасын шерте отырып сөз бастады. Біз тыңдай қалдық:

– Шіркін кәрілік, келдің ғой кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен.
Мінекей деп қолымен ұрмаса да,
Ұрғандай қып кетеді сөзіменен...

Мен бұл сөзді тани кеттім. Ішімнен «Сүйінбай ғой» ден отырмын. Жәкең: «Жиырмамда желдей болдым, отызымда белдей болдым, елуімде түбі терең құрақты көлдей болдым» деп, шұбырта жөнелді. Сүйінбайдың бұл өлеңін осыдан біраз жыл бұрын Жамбылдың өз үйінде отырып тыңдағаным бар еді. Оған ән де шығарып, ел арасында айтып жүретінмін. Ал Сәкен болса, қаламын сусылдатып жазып отыр. Жәкең Сүйінбайдың бұл өлеңін тоқсанға тіреп тоқтады.

– Міне, қарағым, біз де бүгінде сол Сүйінбай айтқандай болдық,– деді Жамбыл тыныс алып, салалы сақалын сипап қойып. Шай ішті. Жәкең домбырасының құлағын қайта бұрады. Бұл жолғы даусы көтеріңкілеу шықты.

– Сол Сүйінбай ұстазым Жабай батырды былай жырлаушы еді:

– Он сан ноғай білгенде,
Ормамбет хан өлгенде,
Қырық жылдай атысқан,
Қызыл қанға батысқан,
Найзаменен соғысқан,
Қылышпенен шабысқан,
Айбалтамен қағысқан.
...Ноғайдан шыққан Жабайды,
Бес мың кісі қамайды,
Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы...

Жәкең осылайша сілтей берді, сілтей берді. Сәкен де жазғыш екен, қағаздың біраз бетін аударып тастады. Менің жанымда отырған Сәкеннің інісі Мәжит те «өзі ересен батыр екен-ау» деп қояды. Кешкілік дастарқанда отырғанда Сәкен:

– Сіздің әкеңіздің аты осы батырдың атынан қойылған ба?– деп сұрады.

– Ой, ол біраз әңгіме ғой,– деді Жәкең.– Менің әкемнің азан айтып қойған аты Жапа еді. Кейін бір жаугершілікте ерлік көрсетіп, көзге түсіпті. Содан қасындағы жігіттер ауылға келгенде: «Жауға кәдімгі Жабай батырша тиісті»,– депті. Содан Жабай атанып кетіпті.

Сонымен Жамбыл келесі күні өзінің Құлмамбетпен айтысын хикая етеді. Сәкеннің қазақ әдебиеті жөніндегі бірінші кітабына қосқан «Жабай батыр» мен оның Құлмамбетпен айтысы сол жолы жазып алынған дүниелер екен.

Екеуінің тағы бір кездесіп, жыр тиегін ағытқанын Сәкеннің жұбайы Гүлбаһрам былай еске алады.

«1934 жылғы халық таланттарының слеті кезінде Жамбыл мен Кенен Әзірбаев үшеуі мәз-мейрам болып әңгіме-дүкен құрғаны әлі есімде. Олардың сондағы бір-біріне бәйек болып, «Жәке, Кенеке, Сәкенжан» десулері үлкен өнерлі өмірдің сән-салтанаты болып елестейді де тұрады. Осы сый-құрметтің айнымаған белгісін таяу арада тағы көрдім. Тірі адам өз көңілін әртүрлі жолмен білдіреді ғой. Кенен ақсақал Алматыға келгенде біздің үйге соқты. Сексендегі Кенекемнің мөлтілдеп төгілген мөлдір жасы өткен-кеткенді еске түсіріп, жан-жүйемді елжіретіп жіберді». («Қызыл сұңқар», Естеліктер. «Жазушы» 1970, 93-бет).

Кезінде Жамбыл ақынға хатшылық қызмет көрсеткен белгілі ақын Ғали Орманов жүргізген күнделікте мынадай жолдар бар:

9 март 1940 ж. Жамбыл Ұзынағашқа барды. Бір үйге келіп, бірнеше қартпен әңгімелесті. Оның ішінде Ыбырайым, Қопабай және басқа қариялар бар еді.

– Иә, Жәке, сіздің аузыңыз ашылса бітті, алтын сауылдап төгіле жөнеледі. Енді сізде не арман бар? – деді бір шал.

– Менің өлеңімнің өрши беретіні рас, – деді Жамбыл. – Ана бір жылы Сәкен келіп қонақ болғанда, көп өлең айтқызды. Жазып алды. Сонда өлеңің өткір екен деген болатын. Ой, ол да бір алғыр ақын еді ғой, шіркін!.. («Лениншіл жас», 20 ноябрь, 1986).

Кейін Жамбыл аулының қарттарына барып жолықтық. Ыбырайым, Қопабай қариялардың сұрастырдық. Екеуі де осыдан екі-үш жыл бұрын қайтыс боп кетіпті. Олардың орнына Шаштай ақсақалды таптық. Күнделіктің 1940 жылғы 21,30 май күндерінде Шаштай есімі аталады ғой. Сол кісі бізге қажетті дерек айтпас па екен деп ойладық. Шаштай да құралақан емес екен. Жамбыл мен Сәкен кездесуінің куәгері болып шықты. Бірақ біз барғанда, ол кісі науқастанып, емделуге жүргелі отыр екен.

– Алматыдағы госпитальға жатпақ едім, жазылған соң келерсіз, – деді. Сонымен ол кісінің сауығып оралуын күттік. Бір ай шамасы өткенде «Социалистік Қазақстанда» істейтін баласы Жұмабай телефон соқты.

– Көкем жазылып, госпитальдан шықты, – деді Жұмабай. – Қазір үйде отыр. Жолығамын десеңіз, келіңіз.

Мен Жұмабай айтқан адреспен оның үйіне бардым. Екеуміз бір кеш әңгімелестік. Сондағы ол кісінің айтқаны мынау:

– Әкем екеуміз «Ерназар» колхозының жылқысын бағатынбыз. Сәуір айында Майтөбе жайлауына көштік. Тәтем (Жамбылды айтады) мал бөлістен алған көк биесі мен торы төбел айғырын жылқыға қосып, өзі біздің үйде қона жатып жүретін. Ол кісі менің әкем Күшікбайдан үш жас үлкен болса да, екеуі тату құрдас, бір-бірін қатты сыйлайтын. Бірінің атын бірі атамайтын. «Тәте» немесе «сіз,біз» деп сөйлейтін. Екеуі дастарқан үстінде өткен-кеткеннен, батыр, шешен, ақын, жыршылардан көп әңгіме айтатын. Кейде ата, бабалар шежіресін талдап кететін. Мен қызығып тыңдай беретінмін. Тәтем маған кейде: «Әй, майшелпек, тұр, жылқыны көріп кел»,– дейтін. Жылтыраған бетіме қарап ол кісі мені осылай атайтын.

Бір күні жылқы қайырып жүріп, ойдағы ауыл жақтан, бөктерлеп орлеп келе жатқан екі аттылыны көріп, соларға қарай бұрылдым. Жақындап сәлемдестім. Оразды ғана таныдым. Орекең менен жөн сұрады:

– Жәкең сенің үйіңде ме?

– Иә, біздің үйде. Көкем екеуі шай ішіп отырған.

– Олай болса, жүр үйіңе!

Мен қия жолмен үйге төтелей тарттым. Ораз қасындағы кісіні таныстырып келеді:

– Бұл кісі Сәкен деген ақын, естуің бар ма еді?

Мен «иә» деп басымды изедім. Ораз енді Сәкенге қарап:

– Шаштай деген осы, Жамбылдың жақын ағайыны, колхоздың жылқышысы.

Үй жанына келіп аттан түстік. Мен жалма-жан кісілердің атын байладым. Олар:

– Ассалаумағалайкүм, – деп үйге кіргенде, әуелі екі шал қолын көлегейлеп таныңқырамай қалды. Тәтем орнынан үмтылын тұрды.

– Оразжанбысыц, амансың ба? – Енді ол қасындағы мұртты сұлуша, сұңғақ жігітке жақындай беріп:

– Ойбай-ау, мынау Сәкен ғой, аман ба, қарағым?

– Амансыз ба, Жәке!

– Сізді іздеп, колхозға келсек, ауылдағылар жайлауда деді.

– Артыңыздан қуып келеміз...

Олар осылайша амандасып, дабырласып жатты. Апам келінімен екеуі самаурын қойып, кең дастарқанын жайды. Мал сойылды. Бір уақытта Жәкең домбырасын шертіп, әуелі Оразға қарады. «Әкең жұмысшы еді. Өзің жасыңнан оқып, білім алдың, кедейлердің сөзін сөйлен, бостандық деп жар салдың. Оразжан, не дейін, мен айтып жүрген жыр өзіңе белгілі ғой»,– деп бір тоқтады. Ораз Сәкенге қарап:

– Ал, Сәке, не қалайсыз? Біздің тәтем жырдың дариясы ғой. Одан не қаласаң сол шығады.

– Дұрыс айтасың, Ореке, – деді Сәкен. – Жәкеңді осыдан бірер жыл бұрын тыңдағанмын. Жабай батырды, Құлмамбетпен айтысын өз айтуынан жазып алып, кітапқа қосқамын. Ол кітап шықты. Жәкең қырғыздың «Манасын» жырлайды дегенді естимін. Соны бір тыңдасам деп жүруші едім. «Манасты» айтасыз ба, Жәке?

Жамбыл екі иығын қомдап, құнжыңдап қойды.

– Е, е, Сәкенжан қаласа, айтпай несі бар, айтайын, – деді де «Манасты» бастап кетті.

Ертеде, тіптен ертеде, заманасы келтеде, Алтайдағы қырғыздың Балта деген көне көз қариясы айтыпты: Қытай талап бір жақтан, Мәнжүн талап бір жақтан, қалмақ қамап бұ жақтан, тоз-тоз қылып елімді, тартып алды жерімді. Жайлауымды шаң қылды, ерлерімді қан қылды. Енді Алтайда тұрақ жоқ, ат шалдырар құрақ жоқ, бас аман, мал түгелде, мекенін елдің табалы, қайыңнан найза шабалы, азып-тозған қырғызды бір орынға жиялы. Балта тағы сөйледі, сөйлегенде бүй деді: Біз Алтайға көшкенде, талай заман өткенде, Үрбі деген атамыз, Алатауда қалып ед, қос Кеминді жайлап ед, екі қара ат байлап ед, күздігін күз, жаздығын ен далаға айдап ед, балтасын тасқа қайрап ед, қылышын жауға сайлап ед, қара үңгірді үй еткен, жалғыз жүріп күнелткен. Сөйтіп жүріп көбейген, ел құрапты кедейден, өзгелермен теңейген. Теңейгенін айтайын: Жеті өзенді жайлаған, қырында жылқы айдаған, желілеп құлын байлаған, ойында бақша жайнаған, бұлбұл құсы сайраған, қарасаң көз тоймаған. Қосай сынды батырмен дос болыпты. Қосайға енді келейін, жел маядай желейін. Сөйле деген жұртыма, шаршадым мен демейін. Үйсіннен шыққан Қосайды жырла десең, ағайын, енді жырлап бе-

рейін. Қосай деген дәу екен, күші басым зәу екен. Шоқпарынан шоқ шыққан, шоқ тұтанса от шыққан, қолына зор күрзі алған, тауды Қосай бір салған, бір салғанда тас-талқан қылады екен Ер Қосай. Сөйтіп озен ағызған, жағасына қазақтар сәнді шаһар салғызған. Сонау Алтай алыстан артық туған ер Манас қырық жігітпен жол шегіп, аз ғана емес мол шегіп, Алатауға келіпті. Атта тұрған Қосайға, асыла сәлем беріпті. Құшағын жая көрісті. Бірін-бірі обісті. Сонда Манас сөйлепті, сөйлегенде бүй депті: Қосай аға, қария, кебіңіз бар жария, айла тапқыш әулие, өрге шықсам – еңбегім, төмен түссем – көмегім, алға жүрсем ақ жолым, жауға шапсаң сан қолым. Қосай аға, қолың бер, келіп тұрған алыстан, алдыңызда Манас ер,– деп екі батыр осылай танысыпты. Сонда Қосай батыр: Үй көрмеген бала едің, жылқыдан таңдап берейін, Кер қабланды мініп кет. Ағайын деп келіпсің, торқа тонды киіп кет. Алмас жүзді ақ семсер, білегіңе іліп кет. Алды-артыңда қалың жау, оны дағы біліп кет! Ежелден дәстүр ер жігіт, жеріне келіп қонатын. Еліне пана болатын. Батыр Манас, бауырым, Қосай ағаң өлмесе, дұшпанға ойран салысар, шыбын жанын аямай, құтқарып еліңді алысар...

1936 жылдың апрель айы. Халық таланттарының республикалық екінші слеті өтіп жатқан кез. Кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінен ақын, жыршылар, әнші, күйшілер ағылып мол келген. Солардың бел ортасында жасы тоқсанға толған айбын тұлғасы Алатаудай ақсақал Жамбыл жүрді. Ол барлық жұрттың құрмет құшағында. Ақындық дабысын алыстан естіп, оған бұрын жолықпағандар ентелеп сәлем береді. Енді бірі жыр, толғауларын тыңдатып, ақындық жолдама-бата алғысы келеді. Оған уақыт қайда? Жамбыл қолдан қолға тимейді. Жамбылсыз той басталмайды, дастарқан жайылмайды, жыр айтылмайды. Ол барлық істің батагөйі.

Слетті Жамбыл жырмен ашты. Жыр болғанда қандай?! Осы күні тамсанып қайта-қайта тыңдай бергің келетін әлемге әйгілі «Тоқсанға келген жасым бар. Көпті көрген басым бар» деп басталатын «Туған елім» толғауы. Жамбыл даңқы бұрынғыдан да шарықтады. Енді оның атағы Алатау асқарынан асып, бүкіл Совет Одағына кетті. Шетелдерге де самғап жетті. Тоқсандағы қарт құлшына жырлауына, сом алтын жыр тізбегін төгуіне барлық халық таң-тамаша қалып, оған құлақ түрді. Бұрын-соңды әдебиет әлемінде болмаған бұл не деген ғажап құбылыс десті бәрі. Сөйтіп, еліміздің мерейі тағы да бір көтеріліп қалды. Халқымыздың талантты ұлы перзенттері Мұхтар,

Сәкен, Сәбит, Ғабит – бәр-бәрі «керемет болды» деп қуаныштары қойнына сыймай қол соқты.

Осы жылдың май айында сол слетке қатысып, өнер көрсеткен жүлдегерлер Москваға сапар шекті. Москва – Алматы жүрдек поезы толған өнерпаздар, ақын-жазушылар. Орталарында ақсақалды аталары Жамбыл жырау, оның жанында Сәкен, Кенен, Тайжан, тағы басқалар. Думандатып, дүрілдетіп ән мен жырдың тиегін ағытып барады.

– Әңгіме айтыңыз? Қанша ақынмен айтыстыңыз?

Сәкеннің бұл сұрауына Жәкең қалжыңмен жауап береді. Оған отырғандар ду күліседі.

– Менің қанша ақынмен айтысқанымды қай санақшы санапты дейсің? Айкүміс дейсің бе, Сарыбас, Құлмамбет, Шашубай дейсің бе? Әйтеуір көп өлең айтылды ғой. Мені қойшы, бұл қазақта Шөжеден көп айтысқан ақын жоқ шығар, сірә? Кемпірбаймен айтысқанда сол Шөже:

– Мұқтасар сөзім майда тақтасындай,
Бұқардың омырауым қақпасындай.
Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,
Білем, бұған сен амал таппасыңды-ай,–

деп айтқан ғой. Ой, шырақтарым, оның тәрізі бөлек еді ғой, шіркін!

Осы жерде қарт тарланның өткендегісі еске түсіп кетті.

– Ілгеріде, – деді ол, – сол Шөже Баянауыл, Алтынемелді жағалап Алатауға келді ғой. Оның даусын естіп, алдынан шықтым. Ол кезде менің қылшылдаған жігіт кезім. Ертіп жүріп Жетісуды аралаттым. Талай той-жиында бірге тұздас-дәмдес болдық. Талай өлең айттық. Қырғыз еліне де ертіп бардым. Қырғыздың абыштары «бауырым келді, жоғым табылды» деп, жылап көрісті емес пе!

Жамбыл айтып отырған бұл әңгімелерді Сәкен екінші рет тыңдап отыр. Осыдан 4–5 жыл бұрын Шөженің Жетісуды аралағандарын, оның Кемпірбай, Балта, Тезекбай ақындармен айтысын Жөкеннің өзінен тыңдап, жазып алғаны бар-тын. «Қария кісі қайталаса, айыбы жоқ» деді ол ішінен.

– «Москва» қонақ үйі. Кенен күндегісінен ерте тұрып, Жәкеңнің сүйсіне ішетін иісі бұрқыраған үнді шайын әзірледі.

– Жәке, тұрыңыз, шай дайын.

– Қазір, қазір, Кененім, шайды жақсы демдегін... – Жібек шапанын желбегей жамылып, стол басына келді, жұмсақ орындыққа отырды.

– Әлгі хатшы бала келді ме?

– Жоқ,– деді Кенен, – олар түнде театрда боламыз деген, ұйқтап жатқан шығар.

Екі шал енді шай ала бергенде, бөлмеге Сәкен кіріп келді. Ол қол алысып жатып:

– Жәке, қалай ұйқтадыңыз? Түу, шай да дайын екен ғой...

Жамбыл:

– Е-е, Сәкенжан, қаусаған шалда қайбір ұйқы болушы еді. Түнімен ары аунап, бері аунап, көзім ілінбей шықты.

– Неге, Жәке?

– Кеше өздерің ертең мавзолейге барамыз, Ленинді көреміз дедіңдер гой. Осындай бір үлкен іс алдында өстетін әдетім бар. Бұл әкемнен жұққан дағды. Ол кісі де жолға шығарда, көш-қон кезінде сөйтетін.

Сәкен шай алмас бұрын дереу телефонға ұмтылды.

– Алло, алло, Темекеңбісіз? Мен Сәкен ғой. Мына Жәкең мавзолейге қашан барамыз деп тықыршып отыр. Өзі түнімен ұйқтамапты. А-а, сағат 11-де дейсіз бе? Машина барады дейсіз бе? Жарайды, мен осындамын.

Сәкен трубканы орнына қойып, Жамбылдың жанына келді.

– Сағат 11-де барады екенбіз, – деді ол сағатына қарап. – Асықпаңыз, оған әлі төрт сағат бар.

Жамбыл Сәкеннен:

– Сен Ленинді көрдің бе? – деп сұрады.

– Жоқ, Жәке, – деді Сәкен, – ешбір реті келмеді. Азап вагонында айдауда жүрдім, 24-жылдың қысында партияның XIII конференциясына делегат болып келдім. Осы жолы көсемге жолығудың реті келер деп едім. Сөйтсем, ол кісі науқас екен. Конференция біткен соң, үшінші күні Москваның қонақ үйінде жатып, Лениннің қайтыс болғанын естідім. Ертеңіне Орынбордан қазақ делегациясы келді. Оларды басқарып, қаралы митингіге қатыстым. Құрметті қарауылда тұрдым. Көсем өлген түні оған арнап өлең жаздым.

Төмен қарап мұңайып отырған Жамбыл оған қарап:

– Кәне, сол өлеңіңді оқышы? – деді. Сәкен, салмақты, мұңды дауыспен өлеңін оқыды:

– Еңбекші тап бүгін ауыр жаралы,
Қан қызыл ту бүгін қайғы-қаралы.
Еңбекші тап бүгін жалпы қайғырып,
Ауыр хабар – хатқа төніп қарады.

Еңбекші тап бүгін еңіреп жылауда.
Ерін жоқтап қайғы күйін жырлауда
Қатын, бала, кәрі, жасы күңіреніп.
Омырауды ыстық жаспен булауда.

– Иә, Сәкенжан, – деді Жәкең,–ол қаіғылы хабарды мен Алматыда, Ораздың үйінде жатқанда естідім. Мынау Кенен, сонау Қордай жотасында жүріп есітті.

Ол домбырасын Кененге ұсынды.

– Көне, «Ленин бабамды» осы жерде бір шырқап жіберші!

Кенен домбыраның бұрауын келтіріп алды.

Ленин жер жүзінің шырағы еді,
Басқарып еңбекші елді қурап еді.
Қалдырған өсиетін орындайды
Артында Компартия мұрагері.

Ой, бабам-ай!
Жер жүзінің тірегі,
Ерте кеттің данам-ай!
Туған елді тапсырып
Компартия данаға-ай!

Кененнің шырқаған даусынан көрші бөлмедегілер жиналып қалды.

– Тауық шақырмай жатып, ән салған кім? – деп, Танжан ақын келді.

– Сайрап тұрған Алматыңның радиосы ма? – деді Қалмақан есіктен кіре сала.

– Бұл қайдан кеп қалған театр? – деп тақпақтай сөйлеп Серке кірді.

– Репетиция ма? – деп Құрманбек келіп, күліп тұр. Ол Бекежан болып киініп алыпты. Жұрт «Бекежан», «Бекежан қарақшы» десіп, күлісіп жатыр. Жәкеңді көңілдендірейін деп әдейі осылай келіп тұр екен.

– Машина келді, есік алдында күтіп тұр, – деп асыға кірді Жәкеңнің Қыпшақай баласы. (Қасым Тоғызақовты Жамбыл осылай атаған). Бәрі дүркірей шығып сыртқа қарай ұмтылды.

Қызыл алаң. В.И. Ленин Мавзолейі. Ұзыннан-ұзақ сапқа тізілген жұрт. Жамбыл, Сәкен бастаған топ солардың соңынан барып тұрды. Әне-міне дегенше, бұлардан кейін келген жұрт та көбейіп барады. Бұрын мұндай кезекке тұрып көрген Жәкең бе? Шыдамады. Ол саптан шығып, ілгері жүре берді. Артынан Кенен, Тайжан, Сәкен ерді. Қақпа алдындағы екі құрметті қарауыл оларды кейін ығыстырды. Бір уақытта тізілген жұрт алға қозғалды. Сең соққан балықтай шеткері ығысып қалған Жамбылды тани кеткен бір кісі «Сіз Жамбылсыз ба? Бері жүріңіз!» – деп оны қолтықтап, ілгері жүрді. Оның соңынан өзгелері ілесті. Ішке кірді. Табыттағы көсем дидарына қарап тұрып ол ішінен күбірледі.

– Уа, данышпан сабазым!
Езілгенді теңедің.
Зарыққанды жебедің.
«Жер жүзіне шамшырақ
орнатамын», – деп едің.
Миллиондаған халықтың
Сүйеніші едің, белі едің...

Көзінен аққан жас сақалын жуды. Қарттың бұл тұрысын көрген өзгелер бір-бір күрсінді.

Олар сыртқа шықты. Қонақ үйге барды. Шешініп жайғаса бергенде, беліне алжапқыш байлаған даяшы қыз тағам алып келді. Кенен, Тайжан ас-ауқат қамына кірісті. Жамбылдың асқа оиша зауқы болмады. Бірер кесе шай ішті де, төсегіне барып жатып қалды. Бөлмеге Қалмахан мен Қасым кірді.

– Шайға келіңдер?

– Рақмет. Ресторанна тамақтанып келдік.

– Келіңдер, тастап кетіп жүрмесін.

– Ертеңгі ас емес қой.

– Тастаса тастай берсін. Мәскеудің әдемі көз бір-бір қызын ерте қайтармыз.– Осылайша Кенен, Тайжан, Қалмақан, Қасым – бәрі қалжыңдасып күлісіп алды.

– Ау, Жәкең жатып қалған ба?

– Иә, қария кісі, шаршаған болар.

– Мавзолейде болған ақын бірдеме айтар деп келіп ек...

– Жолығайыншы өзіне.

– Барма, жаңа ғана жатты, дем алсын.

Қалмақан, Қасым, Тайжан – үшеуі шығып кетті. Кенен жалғыз қалды. Ол тықырын білдірмей жайлап басып, Жамбылдың бөлмесіне ене бергенде, Жәкең оянып кетіп, басын көтерді.

– Дабырласып жатқан кімдер?

– Әлгі хатшыларың ғой.

– Не дейді?

– Жыр айтар ма екен дейді.

– Көзім сәл-ақ ілінді. Ұйқтай алмадым. Бұрын басым жастыққа тисе болды, ұйқтап кетуші едім.

– Ей, Жәке-ай, – деді Кенен,– келгелі бері небір жақсылық, құрметті көріп жатырмыз. Кеше ұлы көсем келбетін көрдік. Бүгін өкімет басшыларымен дастарқандас болмақпыз. Осындай ертегідей кереметтерді көрген кісіде ұйқы болушы ма еді?!

– Иә, Кененім, – деді ол,– мұндай тамаша, сый-құрметті екеуміз бұрын көріп пе едік? Бәрі де ұлы көсем Лениннің арқасы. Ленин болмаса, мұндай бақытқа жетер ме едік? – Ақын толғанып, ішінен ыңылдай бастады. Шәкірті домбырасын қолына ұстата берді де, лып етіп көрші бөлмедегі Қалмақанды ертіп келе қойды. Ол қағазын жайып, Жәкеңе қарады. Ақын домбырасын ерсілі-қарсылы сабалап, екі иығын құнжыңдата жөнелді.

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген
Заманның ері арыстан.
Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бақытқа
Сәуленде келіп табысқан...

Жыр тиегі осылайша ағыл-тегіл ағытыла берді, ағытыла берді. Әлден уақытта барып: «Ақшыл тартқан басымды, Алдыңа келіп иемін!» – деп, сөзін тамамдады. Жыр сарқылды, ақын толғағы тарқады,

екі иығынан жүк түскендей сергіп, арқа-жарқа отырғанда, Сәкен кіріп келді. Кенен мен Қалмақан қабаттаса:

– Сүйінші, Сәке, сүйінші! Жәкең түнімен толғатып ұл тапты! – деді.

– Жыр туды, жыр болғанда қандай?! Барлық жырдың көкесі.

– Кешегі Ленин Мавзолейінде болғандағысын толғады.

– Жазып алдыңдар ма?

– Иә, Сәке, – деді Қалмақан күлімдеп. – Оқып берейін бе?

– Сәкеннің қуанышында шек жоқ.

– Кәне, оқышы?

Қалмақан кәдімгі өзінің шығыс әуен-мақамымен мәнерлеп оқи бастады. Аяғына дейін міз бақпай тыңдап қалған Сәкен орнынан атып тұрып:

– Данышпан қартым, бұлбұлым! – деп Жәкеңді қапсыра құшақтап, арқасынан қақты.

Міне, Жамбылдың Ленин Мавзолейіне арнаған өлеңі осылай туды. Ертеңіне мен де сол ұстазыма еліктеп, көсем мавзолейін өлеңге қостым.

Бұл Кенен Әзірбаев шерткен бір сыр еді.

Динамен дидарласқанда

Қашанда талантты дарындар, өнер адамдары бірін-бірі жанай жүрген ғой. Жамбыл мен Дина да сөйткен. Екеуі талай кездесіп, өткен-кеткенді әңгіме еткен. Жыр, күй тыңдасқан. Тоқсандағы Жамбыл мен жасы сексенге таяп қалған Дина Нұрпейісова кәдімгі жастарша қалжыңдасар екен. Әзілі жарасқан екі бұлбұл талай күндерін бірге өткізген, тіптен бірер ай бірін-бірі көрмей қалса, алаңдап іздейтін болған. Жамбыл кейде астанаға жеңіл машинасын жіберіп, Динаны алдыратын, бірнеше күн қонақ етіп, күйін тыңдайтын.

1938 жылдың маужырағаң май айы. Заманымыздың даңқты жыршысы, ақындар атасы Жамбыл Жабаевтың ақындық қызметіне 75 жыл толған торқалы тойы өтіп жатқан кез. Жамбыл аулына ел мол жиналған. Республиканың облыс, аудандарынан келіп жатқан адамда қисап жоқ. Оңтүстіктен Орынбай, Орталықтан Шашубай, Ақтөбеден Нұрпейіс, Қызылордадан Нартай, Семейден Нұрлыбек, тағы басқалары бар. Өзбекстаннан Фазыл, Қырғызстаннан Оспанқұл,

Қалық, не керек, Совет Одағының барлық республикаларынан өкілдер, ақын, жазушылар келген-ді. Үстінде жібек шапан, басында сусар бөрік, кеудесінде қатарынан үш ордені жарқыраған Жамбыл қолдан-қолға тимейді, солардың ортасында, келгендер құшағында. Арнау жыр, құттықтау сөз қардай жауған. Той бірнеше күнге созылған.

– Сонда мен, – деген-ді Жамбыл шәкірттерінің бірі Кенен Әзірбаев, – Жәкеңнің жанында оған қызмет істеп жүрдім.

Күләш келіп, атасын құшақтап, бетінен сүйді.

– Айналайын, бұлбұл қызым, Дина әжең қайда? Ол неге келмеді? – деді.

Онан соң жайраңдап Шара сұлу келді. Ол да атасын құшақтап жатыр. Жәкең одан да «Дина қайда?» деп сұрады. Олардан соң Ахаң келді (композитор Ахмет Жұбановты айтады). Жәкең одан да:

– Ау, әлгі орталарындағы жалғыз кемпірді неге ала келмедіңдер?! – деп жатты. Мен ішімнен «бұл кісі неге Динаны іздеп алаң болып жүр» деп ойладым.

Екеуі осыдан үш-төрт ай бұрын кездесер алдында да, Жәкең тап осындай алаңдап, тынышсызданған еді. Бұл Кавказ сапарынан оралған кез болатын. Қария кісілер өздерінің замандас-сырласын іздейді-ау, шамасы. Сөйтіп жүргенде, бір күні Дина келе қалды. Сондағы Жәкеңнің қуанғанын айтсаңшы! Екі ғашық сағынысып табысқандай құшақтасып, жамырасты да қалды. Арада жөн сұрасқан қалжың сөздер де айтылып жатты. Қонақ үйге кіргізіп, екі қарияны отырғыздық. Сонда Жәкең:

– Қырандай келдім, Дина, шыңнан ұшып,
Кавказдың сұлу, сәнді тауын құшып.
Он бестегі баладай мен жасардым,
Кавказдай ұлы таудың суын ішіп,–

деп әңгіме бастады. Кавказ сапарын біраз айта келіп:

– Сен қасымда болғанда ғой, тіптен қызық болатын екен! Грузиндердің жүз жасаған кемпір, шалдарын көретін едің, – деді.

– Өзің ғой, ертпей тастап кеткен. Қасыңа кімді ертесің дегенде, мынау ұзынтұра Кененді қалапсың ғой, – деп Дина мені бір қағытып кетті.

Бұл жолы да Дина екі-үш күндей кешеуілдеп келді. Бір жас бала оны жетектеп алыпты. Сырттан біреулер «Дина келе жатыр» дегенде, Жәкең орнынан ұмтыла тұрып:

– Ойбай, ол кемпірдің алдынан өзім шығайын, – деп есікке қарай беттеді. Бір шал, бір кемпір тағы да шұрқырасты да қалды, Бірін-бірі құшақтап, арқасынан қағады. Бірі: «Шалым-ау, орденің құтты болсын!» – десе, екіншісі: «Мен сені аландап көп іздедім, неге жатып алдың?» – деп, наз айтып жатыр. Айнала қоршаған жұрт кемпір мен шалдың бұлайша сәлемдескеніне, қалжың сөзіне мәз болып күлісіп алды. Дастарқан басына отыра бергенде, Жәкең домбырасын шертіп:

– Көп болды, Дина, сені көрмегелі,
Орден ап, өрге шауып өрлегелі.
Сен дегенде көңілдің ілгіші бар,
Келдің бе, сол ілгішті жөндегелі? –

деп, бір өленді бастай берді. Осы шумағы ғана жадымда қалыпты, өзгесін көпшілік дабырлап естіртпей жіберді.

Екеуінің енді бір кездескенін хатшысы Ғали Орманов күнделігіне былайша жазыпты:

«5 июль 1940 ж. Мәскеуден кинобригада мен суретшілер келді. Оларды жақсылап орналастырдық. Жәкең:

Осы Жамбыл енді ауыра қалса, қалай болар екен деп суретке түсіргелі жүрсіңдер ғой, – деп қалжыңдады. Күн ашық. Суретке, киноға түсті. Кешкісін Дина Нұрпейісова келді. Құшақтап амандасты. Қой сойды.

– Енді сені жібермеймін, – деді Динаға. – Сыңғырап тұрған мынау көк үй, ішінде ұрғашы жоқ. Өзің іздеп келдің. Енді осы үйге сен ие бол». («Лениншіл жас» 21 ноябрь, 1986).

Латын әрпімен жазылған бұл күнделікте Жамбылдың бір жыл 7 ай 12 күндік ғұмыры қамтылған. Оны Ғалидың жұбайы Айтбала осы күнге шейін көзінің қарашығындай сақтауда.

– Бұл күнделіктен басқа тағы не бар? – деп сұрадым мен. Ол кісі көнелеу шкафтан бір қампиған папканы алып, алдыма қойды.

– Ретімен шашпай қарарсыз. Әлгі Жамиға (Ғалекеңнің үлкен қызы) баспаға әзірлеп жүр еді.

– Айта көрмеңіз, мұртын бұзбаймын, – деп асыға қарай бастадым. Бірде орысша, бірде латынша әріппен, бірде сия, бірде қарындашпен жазылған, шаң жұтып, сарғайған қағаздарды аударып, ортасынан аса бергенімде, «Дина», «Жамбыл» деген сөз көзге шалынды. Оқып қарасам, Динаның Жамбыл ауылына қалай келгені жөнінде екен.

...Жамбыл күндегісіндей бүгін де ерте тұрды. Ерте тұру оның жастайынан қанына сіңген дағдысы. «Адамға несібе күннің алғашқы шапағат нұрынан дариды. Күн шықпай тұрған адам несібесін мол алады. Сәскеге дейін жатқан несібесінен құр қалады» дейді Жәкең. Күн арқан бойы көтеріле-ақ шілденің аптабы бетке тебе бастады. Біз үшеуміз, Жәкең ортада, күрең жорғасын ырғалтып келеді. Бүгін ерекше көңілді. Жорға жүрісіне тербеліп, қорғасындай балқып, шалқып бір сазды әуенге салып жай ғана ішінен жыр тізбектерін термелейді. Енді бірде ол қабаттаса желе-жортып келе жатқан бізге қарап:

– Жігіт деген желіктіріп, еліктіріп жүрмеуші ме еді? Сендер, немене, шалдарға ұқсап, шау тартып қалғансыңдар ма?! – деп қояды. Қайназар сайынан өте бергенде, Ұзын ағаштан бір жеңіл машина шыға келді. Біз тас жолдың шетіне ығыса бердік. Жәкеңді таныды білем, әлгі машинадағылар тоқтай қалды да, ішінен шофердан басқа екі адам түсті. Бірі – басына мол ақ жаулық тартқан кемпір, екіншісі жас қыз. Қарасақ, Дина екен. Жәкең атын тебіне түсіп:

– Динамысың? Қайдан адасып жүрсің? – деді.

Дина жымия қарап:

– Иә, мен. Сені іздеп келемін, – деді.

– Іздегенге табылған деген. Қалағаның мен болсам, қара жолдың бойында тұрмын ғой.

– Атыңнан түспей-ақ, үйіңе тарта бер.

– Мынау кемпір не дейді? – Атының басын ауылға бұрды: Машина зырғытып барады. Біз де оны жанамалай шауып келеміз. Шофер қақпа аузына машинасының тұмсығын тіреп, отын өшірді. Біз де апыл-ғұпыл аттан түстік. Дина мен Жамбыл құшақтасып сәлемдесті. Екеуі қалжыңдасып жатыр:

– Иә, тоты құстай таранып, аққу құстай сыланып, ойың кімде?

– Ойым сенде.

– Оған жарасақ қой, шіркін! Әттең, жиырма бесімде кездеспедің-ау!

– «Жиырма бес маған тағы қайтып келді, сәлемін алтын күннің айтып келді» деп күнемеге сайрап жүрген өзің емес пе?

– Естіген екенсің-ау, Динажан. Оның рас, сен де, мен де мынау бақытты заманда жасардық қой. Шын айтамын, жиырма бес қайта айналып келді емес пе?

– Иә, Жәке, сен сәулетті жігіт болдың, мен сәукелелі қыз болдым, бізде арман жоқ енді.

– Динажан, қалжыңды қойып, домбыраңды қолыңа алшы?! Күйіңді сағындым.

Дастарқан жайылып, шай келгенше, Дина «Қайран шешемді», «Кішкентайды» төгіп-төгіп салды. Жамбыл насаттанды:

– Дина, өзің іздеп келдің, енді сені жібермеймін. Қой соямыз.

Қой сойған соң той болар,
Той болған соң ой болар.

Дина оған: «Әдептен мен де аспайын, өзіңе сенсең қашпайын»,– деп жатыр.

Жұрт қариялардың бұл бүкпесіз қалжыңына тағы да күлісіп алды. Бау ішіндегі көк майсаға кілем, көрпе төселді. Біземшек жастықтар тасталды.

– Кәне, Жәке, не қолқаң бар? – деді Дина.

– Күй ғой, Динажан, тәтті күй!

Дина ұстазы Құрманғазының «Серперін» сұңқылдатты.

– Міне, мұным қонақ кәдем болсын, енді өзің сөйле! Біраз болды сізді тыңдамағалы?!

– Күйге қолым олақ, әнге даусым олақ, бір әңгіме айтып берейін. Өзіңді көріп, күйіңді тыңдаған соң, еске түсті, Бұл да бір өзің сияқты күйші қыз еді.

Ілгеріде Шу бойындағы Жаныс ауылында Жантелі деген жас жігіт болыпты. Ол он саусағынан өнері тамған зергер ұста екен. Жігіттерге зерлеген ер-тоқым, өмілдірік, жүген, қамшы, қыз-келіншектерге сырға, алқа, жүзік, білезік жасап берер екен. Оның осы өнеріне қызығып байлар қызын берем десе, алмапты, бектер қызын айттырса, қаламапты. Саудагер қызына да қарамапты. Сөйтіп, отыз жасқа келгенше үйленбей жүре беріпті.

Күндердің күнінде сол Жантелі тау асып келе жатып бір жылқышының үйіне кез болыпты. Есік алдында тұлым шашы желбіреген қарақат көз қыз жылап отыр дейді. Жантелі атынан түсіп, әлгі қызға барады.

– Неге жылап отырсың, қалқам?

– Байдың балалары домбырамды сындырып кетті.

– Әкел, жөндеп берейін!

Ұста қоржынынан аспаптарын алып, мойнынан опырылған қалақша домбыраны лезде желімдеп, жездеп береді. Қыз домбыраны тартып қараса, бұрынғыдан да шешен болып кетеді.

– Атың кім?
– Аршын.
– Жасың нешеде?
– Тоғызда.
– Әке, шешең қайда?
– Әке, шешем өлген, жетіммін.
– Кімнің қолында жүрсің?
– Жездемнің.
– Ол қайда ?
– Жылқыда жүр.

Олар сөйтіп отырғанда, жылқы жақтан қыздың жездесі мен әпкесі келеді. Жөн сұрасады. Жантелі төменгі жаныс ауылынан екенін айтады. Таныса келе шапырашты жылқышы оған нағашы болып шығады. Зергер жігіт кішкентай Аршынның жайын сұрап біледі. Әпкесі айтады:

«Шыққан қыз шиден тысқары» дегендей, мен байғұс көпке дейін білмей жүріппін,– дейді әпкесі. – Әке, шешеміз өлген соң, жақын туыстарымыз Аршынға қарамапты. Әркімнің есігінде жүріп, күлін шығарып, суын тасыпты. Қамқоршы болмаған соң жас бала басы ауған жағына кетіп, кейде далаға түнеп жүріпті. Ескі домбыра тауып алып, иесіз далада мұңын шағып зарлап күй тартатын болыпты». Осыны айтады да, әпкесі сіңлісіне қарап:

– Аршынжан, мына кісіге әлгі «Жетім қыздың зары» деген күйіңді тартып берші, тыңдап көрсін! – дейді. Қарақат көзі жәудіреген Аршын саусақтары майысып кішкентай ақ домбырасының құлағын келтіреді де, күйді еңірете жөнеледі. Мидай дала, қараңғы түн, ысқыра соққан жел, суылдай ескен құм, ұлыған бөрі, уілдеген үкі, шықылықтаған шілік, қарсақ, түлкі, кәдімгі иесіз дала бейнесі. Осы даланы жалаң аяқ, жалаң бас, үстінде жыртық көйлегі, қолында қалақша домбырасы бар жетім қыз кезіп, зар еңіреп жүреді. Ол обадан өлген әке, шешесін жоқтайды. «Апашым, көкешім, қайдасың?» деп ботадай боздайды. Енді бірде өксігін басып, дала тынысын тыңдайды. Тағы еңіреп зарлайды. Ошақ басында, от қасында күй тыңдап отырған әпкесі көзінің жасын жаулығының ұшымен сүртеді. Төрде отырған зергер мен жылқышы қалың ойға шомып кетіпті. Ойын сергіткен соң Жантелі ұста:

– Бұрыннан жегжат екенбіз, – депті, – сүйек жаңғыртайық. Аршын қызды мен қаладым, өзім тәрбиелеп өсірейін, зергерлеп әсем

киіндірейін, екі үйдің арасында дәнекер болсын. Айнымас дос болайық. Бой жеткен соң, өз қолдарыңнан некелеп қосарсыңдар.

Әпкесі айтыпты:

– Аршын әлі жас бала ғой, ер жетсін де.

Жылқышы әйеліне былай депті:

– Сен қоя тұр, анау өз күшіктеріңді-ақ жетілдіріп ал, жиен дұрыс айтады. Аршынды өз қолына алып тәрбиелесін. Екі араға дәнекер болсын дегені жөн сөз. Аршынжан, дұрыс қой, Жантелі де бөтен емес. Өзіміздің жиен. Өзі өнерпаз зергер. Оның қолында болсаң қор болмайсың.

Аршын қыз бұған көніпті. Әпкесі тағы да:

– Жар дегенде жалғыз сіңлім еді, әйтеуір, сізге сендік. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мәпелеп өсірерсіз.

Сонымен Жантелі Аршын қызды атына мінгестіріп аулына алып барыпты. Жылдар жылжып өте беріпті. Зергер дүкенін соғып, тұрмысын жақсартыпты. Аршын қыз күй тартып, өнерін өсіріпті. Арада жеті жыл өткен соң, жылқышы мен әпкесі келіп, екі елді жинап, екеуін некелеп қосып тойын өткізіпті. Бірі – зергер, екіншісі – күйші, екі өнерпаз қосылған соң, ол ауылға береке дарыпты. Зергер іздеген сол ауылға барыпты. Күй тыңдағасы келген сол ауылдан табылыпты. Бәрі тамсанып «Ой, шіркін, зергерші болсаң Жантелідей бол, күйші болсаң Аршындай бол!» десіпті. Аршын «Жетім қыз зары» күйін тартса, кемпір, шал жылапты. «Желкілдекті» тартса, жастар күліп-ойнап билепті. Ол осындай тыңдаушының көңіл күйін таба білетін шебер күйші болыпты. Сондықтан да ол елдің ақындары:

– Күй тартсаң Аршындай тарт ағыл-тегіл,
Шеріміз кеудедегі болсын жеңіл.
Арқадан ауыр жүкті аударғандай,
Серпіліп естігенде қалсын көңіл,–

деп жырлайды екен.

Бір тойда күй жарыс өтіпті. Аршын күйші Арқадан келген арынды күйшіні жеңіпті. Атыраудан келген сарынды күйшіні де, қырғыздан келген шертпе күйшіні де жеңіп, бас бәйгеге шайы орамал, жібек көйлек киіп, бозжорға жетектеп қайтыпты. Дүйім жұрт оның күйшілік өнерін солай бағалапты...

Жамбылдың бұл әңгімесін бағаналы бері бар ықыласымен тыңдап отырған Дина шыдамы жетпей оның соңын білгісі келді білем:

– Жәке-ау,–деп оның сөзін бөлді, – әңгіменнің құйрығы әлі көрінетін түрі жоқ, сонымен аяғы не болды?

– Аяғы ма? Аяғы былай бопты, Динажан,– деп Жамбыл сөзін жалғады. – Ел іші тыныш жата ма, сал-сері, жыршы, күйшісымақтар арасында қызғаныштың қызыл иті үре бастапты. «Әркімнің ессігінде күң боп жүрген жетім қыз келіп, төрімізге шықты. Бұрын сыйлы боп жүрген біз далада қалдық. Жұрт бізді тыңдамайтын болды, күй іздегендер «Аршынға барамыз, Аршынды тыңдаймыз» деп, тайлы-таяғымен соған қарай ағылды» депті. Қараменде деген бай Жантелі зергердің соңына жігіттерін салып қояды. Саяқ, Жапақ деген сұмдар күніге оған «қамшы өріп берші», «ер-тоқым әрлеп берші» деп баруды көбейтеді. Барғанда да бекер бармайды ғой. «Аршын өйтіп қойыпты, бүйтіп қойыпты», «Түлен серімен ашына екен, сенен көңілі басқа екен» деп өсек-аяңды бората беріпті. Жантелі бұған сенбепті.

Жантелі Әулиеата базарына кеткен күннің ертеңіне, түнде әлгі екі сұм Аршынның үйіне ұры түсіреді. Бастарын бүркемелеп, таңып алған үш адам Аршынды теріс қаратып тіреуге таңып қояды да, үйіндегі бар асыл бұйым, жиһаздарын үптеп кетеді. Азанда ауылдастары Аршынды арқаннан босатып алады. Дұшпандар жауыздығын өрбіте түседі. Жапақ, Саяқ бастаған бес аттылы қарақшы базардан қайтып келе жатқан Жантелінің алдын тосады. Шу өзенінің қалың қамысын паналап жүріп, өзеннен өткелі келе жатқан Жантеліні атынан аударып алады, қол-аяғын байлайды да, суға ағызып жібереді. Жауыздар Жантелінің атын, базардан өкеле жатқан мата, шай, киім-кешектерін олжалап түк білмеген болып, ауылдарына қайтады. Аршын сұлу Жантелісін бір жұма күтеді, екі жұма күтеді. Екі көзі торт болып жүреді. Жауыздық жата ма, бір күні Аршын жылқышылардан «Жантелінің торы атын Қараменденің жылқысынан көрдік», «зерлі қамшысы Саяқтың қолында жүр», «Алтындаған ер-тоқымын Жанақ атына салып алыпты» дегенді есітеді. Бұл сұмдықты бүкіл ауыл біліп, Аршынға көңіл айтады. Аршын ару бетін жыртып, еңіреп қалады. Ел-жұрт жиналады. Жантелінің ағайындары, малшы, жалшылар «кек аламыз» деп көтеріледі. Олар Қараменденің аулын шабады. Бірақ Саяқ пен Жапақ ұстатпай қашып кетеді. Сол қайғы-қасіретке арнап Аршын «Жантелі» деген күй шығарады. Онысын өзі күн-түн тартады екен де, құса болып қайғырған үстіне қайғыра беріпті. Өзі әбден құраған шөптей болып, азып кетеді. Бір күні түнде

ел қалың ұйқыға батқан кезде, Шу өзеніне барыпты да «Жантелім кеткен суға мен де кетейін» деп, өзін-өзі суға тастапты дейді.

– Мінекей, Динажан, бұл оқиғаның аяғы осылай болыпты, – деп Жамбыл әңгімесін аяқтады. – Шу елі арасында сол Аршын күйші шығарған «Жетім қыздың зары», «Жантелі», «Желкілдек» деген күйлер әлі күнге дейін тартылады.

Бұл әңгімеге елігіп кеткен Дина:

– Түу, Жәке-ай, әңгімеңіз қайғылы екен. Тіптен езіліп кеттік қой, кәне, мен бір көңілді күй тартып жіберейін.

Дина білегін түрініп алды да, өзінің бір күйін күмбірлетті. Үйдің ішін көтеріңкі, көңілді күй сазы жайлап кетті. Тыңдап отырғандардың да көңілдері жадырап сала берді. Бұл оның Ұлы Октябрь революциясының 20 жылдығы алдында өткен халық өнерпаздарының бірінші олимпиадасында алғаш рет тартқан «Тойбастар» күйі еді. Онан соң «Әсем қоңырды» тартыпты. Дина домбырасының қос ішегін оң қолының басбармағы, шынашағымен кезек-кезек ілгешектеп, қырғыздарша қаққанда, Жамбыл тіптен риза болып кетсе керек.

– Динажан-ай, қолың не деген шебер еді! – деді.

– Сіздің мына сөзіңіз менің ұстазым Құрекеңнің (Құрманғазының айтқаны) сөзімен төркіндес болды-ау, ол кісі бірде маған біраз күй тартқызып отырды да «Менің оң қолым мен Динаның сол қолын бір кісіге берсе, дүниеде одан асқан домбырашы болмас еді» деген еді.

– Сабазың, айтқан-ақ екен! Не деген ділмарлық?! – деп Жөкең Құрманғазыға дән ризалық білдірді де, сөзін жалғады. – Сүйінбай болмаса – менің, Құрманғазы болмаса – сенің күндеріміз не болмақ еді, шіркін, олар да дүниеге келе қалған біртумалар еді ғой!..

Дина Нұрпейісова сол жолы Жамбыл үйінде үш күн қонақ болды. Жыршы мен күйшіні жұрт үш күн бойы жібермей, кезек-кезек тыңдады.

Бір күні Дина ертелеп тұрып, есік алдына шықса, Жамбылдың келіні жүгіріп қозы көгендеп жүреді. Динаның жас келіншек кезі есіне түсіп тұрғанда, оның қасына Жамбыл барады.

– Не ойланып тұрсың?

– Анау қозы көгендеп жүрген келініңді көріп, жас кезімде тартқан бір күйім есіме түсіп тұрғаны.

– Жүр, оны үйге барып тыңдайық.

Екеуі күндегісінше азанғы шайға отырды. Дина домбырасының бұрауын келтіріп, сәл ойланып бір күйді шерте жөнелді. Бас жағы ойнақылау: қозы, лақ қуалап зыр жүгіріп жүрген балалар, жас төл-

дің маңырағаны, қой қайырып жүрген қойшылар, ауыл итінің үргені, абыр-сабыр шақ. Күйдің орта шенінен бастап: зарлы сарын, жетім баланың өксігі, қасқырдың ұлығаны, апыр-топыр дыбыс, қасқырдың қойға шапқаны, жетім қозының енесіп жоқтап маңырағаны... Дина осылайша күйін аяқтады да, Жәкеңе бұрылды:

– Бұл күйдің аты «Көгенсаз» деп аталады. Оның тартылу себебі былай. Кербез деген абысыным болды. Кербез десе кербез еді, шіркін! Өзі сұлу, сымбатты, тіке сөйлейтін айбатты келіншек болатын. Күйеуі біздің Нұралыдан бес жас үлкен еді. (Нұралы Нұрпейісов – Динаның күйеуі). Сол абысыным жастан жесір қалды. Бір қора қойы бар-тын. Оны бір жетім бала қайырып жүретін. Әлгі бала өне бойы ыңылдап «Аққозы» деген әнді салатын. «Шешемнен үйренген әнім» дейтін. Енесін қасқыр жеген жетім қозы жөнінде екен. Бала өзін аққозыдай, байларды қасқырдай етіп әнге қосатын. Жағы сенбей зарлайтын. Осы әнін тыңдағанда көңілім босап, оны аяп кететінмін. Төл аяқтанып, алғашқы көген керілді, қозы көгенделген күні мен Кербезге:

– Мына балаға бір қозыңа ен салып берші, ырым болсын, жетімнің көзі ашылар ма екен? – дедім. Кербез сөзімді жерге тастамады. Бір қозысына ен салып, бәсіре етіп берді. Мен сол күні оларға «Көгенсаз» деген күй тартып бердім...

Дина ертеңіне сәскеде үйіне қайтқалы отырғанда, Алматыдан бір топ адам тағы да сау ете қалды. Көпшілігі фотоаппарат, енді бірі сурет салатын кенеп керілген рамалары мен қылқалам, бояуларын салған қобдишаларын иықтарына асынған кісілер екен. «Қастек аулында екі қарт бас қосып, жыр мен күйді дүрілдетіп жатыр» дегенді естіп келіпті. Әй-шайға қарайтын емес, әлгілер келе сала екеуін оңынан да, солынан да, үйде де, түзде де шыртылдатып суретке түсіріп жатты. Бау ішіндегі көк майсаға төселген кілем, оның үстіне жайылған дастарқан басында отырған Жамбыл мен Динаны егделеу келген қасқабас біреуі күн батқанша тырп еткізбей ұстады. Ол полотносын керіп тастап, қылқаламды қолына алды. Қалақшасына бояуларын езіп алып шимайлай берді, әлден уақытта домбыра тартып отырған Дина, оның жанында ынтыға күй тыңдап қалған Жамбыл бейнесі қаз-қалпында шықты. Ауыл балалары, келген кісілер оған тамашалап үңіледі. Әлгі марқасқа шебер «кейін тұрыңдар, кедергі болмаңдар!» деп мазасызданады. Дүниеге келгелі жатқан «перзентін» өзгелерден қызғанған сыңайда ма, қалай? Бұл Қазақ ССР Халық суретшісі Абрам Маркович Черкасский еді.

«Шаһнама» қалай жырланды?

Жамбылдың Отанды, партияны, советтік патриотизмді және халықтар достығын паш еткен толғау жырларының бүкіл әлемге таралып, ақындық даңқының шарықтап тұрған кезі. Бұл бір қазақ совет әдебиеті, оның ішінде халық поэзиясы үшін айта қаларлықтай ерекше құбылыс болды. Барлық ел Жамбылға құлақ түрді. Оның өлең, жырлары қарттардың да, жастардың да аузында жүрді. Нұрпейіс, Нартай, Үмбетәлі, Орынбай, Шашубай, тағы сондай халық ақындары Жамбылға еліктеп жырлай бастады. Тіпті одан жазба ақындар да үлгі алуға талпыныс жасады. Жамбыл жыры – үлгі, нұсқа, эталонға айналды. Оның жырларын бауырлас халықтардың ыршы, хафиз, ашуг, бахшы, шайырлары да нұсқа етті. Олар енді Жамбылмен творчестволық байланыс жасап, арнау өлең, күттықтау, сәлемдерін жолдап жатты.

1936 жыл. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен алғашқы онкүндігі зор табыспен аяқталды. Үздік шыққан өнерпаз, ақын, жазушыларға Отан наградасы тапсырылды. Жамбыл Жабаев сол жолы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Осы қуанышты естіген тәжік ақыны Лахути оған құттықтау өлең жолдады.

Шарықтап арасында бақытты гүл,
Ән шырқа еркіндетіп, азат бұлбұл!
Құшақтап күміс күнді тәтті дауыс,
Аймалап жердің бетін төгілсін жыр.
Естісін әлем тегіс, туған бақшаң
Құлпырып күннен-күнге төккенің түр.
Жемістің салмағынан басын иген
Бұлақты, қызыл гүлді сайраған тіл.
Шынарға айт емін-еркін өссін биік,
Қызғалдақ, оған да айт – жайнатсын гүл.
Тыңдайды сен сөйлесең құлақ салып,
Күй-күйлер басқа бақта тұрған бұлбұл
Ынтығып өлеңіңді сағынады.
Қазақтың бұлбұл құсы, ақын Жамбыл,
Данышпан, қайтпас жүрек ел көсемін,
Өсірген осы бақты ерді өлең қыл!
Партия – Отан күні, халық жазы,
Ол Отан саған да бір, маған да бір.

Бұл арнауды парсыша білетін хатшысы Қалмақан Әбдікадыров оған тәржімалап түсіндірді. Сонда ол Лахутиді Жамбылға былайша таныстырған:

Абдулқасым Лахути – тәжік халқының ұлы ақыны. Ол Иранда туып-өскен, оқып білім алған. Кәдімгі өзіңіз айта беретін «Шаһнаманы» жазған атақты Фирдоусидің ұрпағы. 18 жасынан Ирандағы байларға, феодалдарға қарсы жұмысшы, шаруалар көтерілісіне қатысып, революциялық, демократиялық рухта өлеңдер жазған. Қуғыншылық, жоқшылықты көп көрген. Әзірбайжан, Грузия, Дағыстан, Түркия елдерін кезіп, большевиктік жасырын газеттер шығарған. Жиырмасыншы жылдары Москваға келіп, Шығыс баспасында қызмет істеген. Осы жылдары «Кремль», «Революционердің өлімі» деген дастандарын жазған. В.И. Ленин қайтыс болған қаралы күндері ол Коммунистік партияның мүшелігіне өткен. 1925 жылы Тәжік автономиялы республикасы құрылған соң, Душанбеге келіп орналасады. Алғашқы баспа, газет, журнал редакция жұмыстарына басшылық етеді. Садриддин Айнимен бірге Тәжікстан Жазушылар Одағын құру ісіне белсене атсалысқан.

1934 жылы СССР Жазушыларының тұңғыш съезіне қатысады. Максим Горький және біздің Сәкен Сейфуллинмен танысады. Бұл жылдары Лахути көптеген өлең, жырлар, кітаптар жазады. Сөйтіп ол тәжік халқының сүйікті ақынына айналады.

Бұл сөзді тыңдап отырған Жамбыл:

– Өзі біздің Сәкенжанға ұқсаған төңкерісшіл ақын екен ғой, жасы нешеде?

– Сізден қырық жастай кіші болу керек,– деді Қалмақан сәл ойланып.

– Сен оның қандай өлеңін білесің?

– Ілгеріде бірер өлеңін аударып едім, соның бірін айтып көрейін...

Қарт ақынға Қалмақанның шығыс шайырларынша ыңылдап айтқан өлең сөзі ұнап кетті білем:

– Жарайды, жарайды, – деді оған қарап. – Өзі Фирдоусидің жұрағаты десе, дегендей екен, мұндай ақынға жауап бермей отырғанымыз болмас. Кәне, мен домбыраны алайын, сен қаламыңды қолыңа ал!

Жәкең әуелі өзінің ескі әуеніне салып бір қайырып тастады. Артынан Лахутиге деген арнау жырын төкпелей жөнелді. Қалмақан ақ қағазға арабшалап өрнектей берді.

Бақытты ел бас қосқанын етіп өлең,
Лахути, парсыша сен жаздың сәлем.
Елжіреп дауысыңа шын жүрегім
Қазақша мен де саған жауап берем.

Сенің жырың халық жыры – халқы тәжік,
Бұлбұлдай шырқатады әнге салып.
Мен айтсам қазақ халқы ән қосады,
Шаттықтан жыр кетеді әлемді алып.
Бақытты жыл, алтын күн нұры астында
Сайрандап ән қосады біздің халық.
Өлең, жыр аққу құстай тізбек тартса,
Артынан өреді күй кекті жарып.

Тыңдашы, Дағыстанның тауларынан
Өлеңі Сүлейманның бұлақ ағып,
Белорус даласынан ақын Янка
Шырқайды ол, о да әсем әнге салып.
Ұлы Отан сансыз тілде, үн қосады
Бірігіп орыс, түрік, қазақ, тәжік.

Сорғалат, көтер даусың, әндет әсем,
Ұрпағы Фердаусидің ақын Ғасем.
Шынардың астын қуған бұлақтай боп
Сылдырлар бізбен бірге миллион шешен.
Жыр болды отанымыз, ұлы жұмыс,
Тайсалмай жауды кескен алмас қылыш,
Халық достығы, татулық, туысқандық,
Ен байлық, зор қуаныш бақыт, тұрмыс.
Зорлық пен зұлымдықтың жоғалғанын,
Жер күліп, дарығанын бақ пен ырыс.

Лахути сал көзіңді, жайнады бақ,
Ол бақта жайқалып тұр гүл, қызғалдақ.
Жұпар иіс бой балқытып, ойды тербеп,
Күміс шық жалтырайды маржандай-ақ.
Көкжиек көзді ұялтып еркелейді,
Меруерттей ашық аспан тұр жарқырап.

Иранның жібегіндей желі майда,
Тотыдай нәзік үнмен тұрған шырқап.
Таныдым қартайғанда өмір сырын,
Дүниенің төрт бұрышы ой мен қырын.
Жер астын, теңіз түбін, дүние шетін,
Асқарын, асқар таудың, жері шырын,
Соқыр ек, енді әлемді тұрмыз танып,
Күніміз – ұлы Сталин берді жарық.
Аттанды жарық күнге, кең байтаққа
Теңдікке Октябрьде жеткен халық.
Ең жақсы жер жүзіне заң жүргізген,
Адамның данышпаны асқан алып.
Ардақты ғасырларға даңқы кеткен,
Нұрымен халықтарды еткен қарық.
Лахути, екеумізде бір ғой тілек,
Астында бір жалаудың соғар жүрек.
Түрлі тілмен бір мақсат өлеңдетіп,
Жырлаймыз халыққа бірдей достық, тірек.
Ғазалы парсы елінің, қазақ жыры
Қосылып толтырады бірін-бірі,
Мадақтап ел ағасын, жұрт данасын,
Шырқаған азат елдің шығады үні.
Заманға аты шыққан асыл ерге,
Тең емес көк жұлдызы, жердің гүлі.
Кәрі ағаң сол көсемді жырлайды әлі,
Тарихтың оны жырлар мың бұлбұлын

Кез келді ой тиегін ағытатын,
Қолыңа ал, домбыраны Ғасем ақын,
Ән шырқап Сталинді жыр қылайық,
Алыбын асқан дана адамзаттың.
Ғасырлар біздің күйді, біздің жырды
Мың халық болсын мәңгі шырқататын.

Өлең аяқталды. Жәкең оны хатшысына үш қайтара оқытты. Екі, үш сөзін түзеткізді. «Ал енді мұны Тәжікстанға, Лахутиға жөнелт!»– деп, орнынан тұрды.

1938 жыл. Май айының маужырап тұрған күні. Алматыда, Ұзынағашта, Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толу тойы дүріл-

деп өтіп жатқан шақ. Шәкірттері Нұрпейіс, Доскей, Иса, Орынбай, Айтбай, тағы басқалар арнауларын айтты. Қырғыз ақындары Тоголок, Қалық Жәкеңді құттықтап термеледі. Өзбек шайыры Фазыл Юлдашев «Алпамысты» толғады. Бір уақытта тәжік делегациясын басқарып Лахути Жамбылға келді. Қарт ақын оның сәлемін алып тұр, қасындағы хатшысынан:

– Бұл қай бала? – деп сұрады.

– Ана жылы өлең-хат жазысатын Лахути ақын ғой.

Жамбыл:

– Ой, айналайын балам, сен бе едің? Бұрын көрмеген соң, мына қартайған шалдың танымай жатқаны ғой, кешір. қалқам!

Ол Ғасемді қайтадан қапсыра құшақтады. Төрінен жай беріп, қасына отырғызды, жағдайын сұрады.

– Атақты шығыс перісі Пірдаусидың ұрпағы екенсің,– деді ол.– Ой, ондай ақын бұ дүниеге бір-ақ рет келеді ғой! Шіркін, оның «Шаһнамасын» айтсайшы?! Қандай ересен дастан! Ана бір жылдары бір шайыр ақыннан ұққаным бар еді. Өзіңді көрген соң соны айтып берудің нәубеті келіп тұр.

Қарт жырау толғанып, домбырасын шерткен. Кім білсін. Жамбыл сол жолы Иран мен Туран арасындағы соғысты жырлады ма екен? Немесе Кей Кәбус патшалығын баян етті ме? Рүстем батырдың да қаһармандығы қазақ арасына кең таралған ғой, соны термеледі ме екен? Қазақ қиссагөйлері Рүстемнің дүниеге келуін былайша аңыздаушы еді Зал батырдың әйелі айы, күніне жеткенде туа алмайды. Зал Самұрық құсты шақырыпты. Борандатып, дауылдатып Самұрық ұшып келіпті. Ол дәрі-дәрмектің бәрін өз бойынан табады, бір қауырсынын жұлып алса, қан ағады. Оны былай құйып алады, тағы бір қауырсынын тартса, одан сүт шығады. Осы сүтті әйелдің аузына тамызса, ол балқып. ұйқтап кетеді. Әлгі Самұрық осы күнгі хирургтерше әйелдің ішін жарып, алпамсадай баланы алып шығады. Жарықты жібек жіппен тігіп, даярлап қойған өз қанымен сыласа, жазылып кетеді. Бір түтін иіскетсе, әйел түшкіріп, оянады. Болашақ алып батыр Рүстем анасынан осылай туыпты десетін, Жамбыл «Шаһнаманың» осы бөлігін жырлады ма, кім білсін?

Әлде ол Кей-Қысыраудың сиқырлы кесесін хикая етуі мүмкін. Онда Кей-Қысырау өзінің көріпкел кесесіне қарап, осы күнгі телевизордан көргендей Аспан, Жердің арасын шарлайды емес пе? Сөйтіп сонау түрік елінде зынданда жатқан өзінің Бижан батырын көреді.

Оны құтқарып әкелуге бір насат батырын жұмсайды. Ол жауымен шайқасып жүріп, Бижанды құтқарып әкелуші еді, Жамбыл осы оқиғаны жыр етті ме екен?

Лахутидың 1981 жылы басылып шыққан жыр жинағында «Жамбылға» деген өлеңіне былай түсінік берілген: «Қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевқа (1846–1945) арнаған өлеңі. Лахути онымен 1934 жылы Совет Жазушыларының Бірінші съезінде кездескен. Сонда ол Лахутиды Фирдоусидің ұрпағы екенін біліп, «Шаһнаманың» үлкен бір бөлігін жырлап берген» (Лахути. Стихотворения и поэмы. Ленинград, 1981, стр. 469).

Бұл жерде әңгіме Жамбылдың ол съезге қатысу, қатыспауында емес, Лахутимен кездесіп «Шаһнаманы» жырлап беруінде болса керек. Жамбыл мен Лахути 1936 жылы Москвадағы онкүндік кезінде кездесті десе, оның қисыны келеді. Екеуінің де бір-біріне арнаған өлеңдері сол жылы жарияланған.

Екі ақынның 1938 жылдың жазында жүзбе-жүз кездесуі анық. Ол жөнінде жоғарыда айттық. Бұл кездесу туралы Лахути «Литературный Казахстан» журналында естелік жариялаған. Онда былай деп жазылған:

«Жамбылмен алғаш рет кездесіп сәлемдескенімде, сөзін тыңдап сұхбаттасқанымда, оның ширақ та қунақ қимылына, шешен де, тапқыр сөйлейтініне қайран қалдым. Сөйттім де, тыңдасам екен деп одан асыға жыр күттім. Мұндай әсер менде түпсіз терең, айдын шалқар мұхитты көргенде болушы еді. Сонда бұйра толқын бетінде кемелері жүзген, түбінде балығы ойнаған, маржан қазынасы мол мұхитқа қарап, таң-тамаша қалушы едім. Мен Жамбыл жыршыға кездескенде тап сондай әсерде болдым. Аңлап қарасам, шынында, мен қазынасы мол, көк бұйра толқынды жыр теңізінің дәл өзіне кездесіппін.

Жамбылды тыңдап отырып, халықтың ежелден қастерлеп сақтап келе жатқан бай қазынасына қанықтым. Біздің Фирдоусидің таңғажайып эпосы мен Хафиздің лирикасын ол қазақтың өз мұрасындай жырлап берді. Не деген білгір. шежіре қарт десеңші?! Ол өткенді айтқанда тірі тарих сияқты, ал бүгінгі жаңа тұрмысымызды жырлағанда, кәдімгі қызу қанды жас жігіттей жайнап шыға келеді, Не деген ғажап! Міне, ол тағы да жырлап отыр. Шымырлап тыныш жатқан жыр мұхиттың беті тағы да дауыл соққандай астан-кестен толқи жөнеді. Жыр сарыны сарқырап бір арнаға құйылып жатқандай.

Жамбылды тыңдағанда оны тек қана теңізге теңеу аз, ол ең әуелі өз халқының құнарлы топырағынан нәр алған, революция рухынан сусындаған, жаңа заман тынысынан, партияның сара жолынан қуат алған нағыз осы дәуіріміздің асқақ үнді жыршысы екен. Сондықтан оның жемісі жұпар иісті нәрлі. Бір ғасырға тақау өмір сүрді. Ақындық өмірдің 75 жылын артқа тастады. Дүние жүзінің әдебиеті мұндай ұлы тұлғаны білмейді.

Жырлай бер, жасарған ата Жамбыл! Отан, халық сенің асыл жырыңды тыңдай береді! Сенің ұзақ жылдар толғаған жырларың ғасырдан-ғасырға кете береді!»

Бұл – Лахутидың 1938 жылы «Литературный Казахстан» журналының төртінші санында жарияланған сөзі.

Міне, осыдан-ақ екі ақынның қалай кездескенін, бірін-бірі қалай құрметтейтінін, Жамбылдың «Шаһнаманы» жырлап бергенін аңғару қиын емес.

Жамбылдың «Шаһнаманы» жырлайтындығы жөнінде академик жазушы Сәбит Мұқанов та кезінде дәйекті пікір айтқан. Ол ақынның туғанына 100 жыл толуына арналған толық жинағына жазған алғы сөзінде Жамбылдың жас кезінде Алматы, Талдықорған, Әулиеата, Шымкент облыстарын аралап, көптеген ақын, жыршылармен кездескенін жазған:

Осы сапарында Жәкең Өзбекстан мен Қазақстанның көп жерін аралайды, ақындармен кездеседі, әдебиетшілермен танысады. Қырғыздың эпосы «Манасты», «Шаһнаманы», «Тотының тоқсан тарауының» көп хикаяларын жырлайтын Жәкең «бұл әңгімелерді сол сапарымда естіп, ұққан едім» деп отыратын.

«Шаһнаманы», «Манасты» жырлады деген осындай деректерді Ш. Сарыбаев, С. Бегалин, Қ. Бекхожин, С. Садырбаев, т.б. зерттеушілер де айтады.

Лахути мен Жамбылдың творчестволық достығы, Жамбылды тәжік халқы қалай тыңдап, құрметтейтіндігі жөнінде тәжік елінің тағы бір ірі ақыны Лениндік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Мырзо Тұрсын-Заде ана бір жылы Алматыға келгенде былай деген-ді:

– Қазақ халқы, – деді ол, – Жамбыл сияқты ұлы жыршыны дүниеге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, ешқашан да өлмейді. Ең биік шың – адамның жүрегі. Жамбыл өзінің поэзиясымен сол шыңға жол таба білді және ол шыңды бағындырды.

Жамбыл совет халықтарының, соның ішінде казақ пен тәжік халықтарының достығын жырлап, өз творчествосында олардың адамгершілік ой-армандарын білдірді. Оның өлеңдері бүгінгі күні Памирдің шыңдары үстіндегі жұлдыздардай жарқырайды. Біздің суретшілеріміз Жамбылға деген зор сүйіспеншілік пен құрметтің белгісі ретінде оны өз полотноларында бейнелейді.

Ақындарымыз, оның ішінде мен де бармын, Жамбыл өлеңжырларын ана тілімізге аударып тараттық, жинақтарын шығардық. Лахути Жамбылдың Максим Горькийге, Папаниншыларға арнауын, Амин-заде – «Ұлы заңы» мен «Клим батырын», Аширмат «Амангелді», «Кавказға сәлем», «Халықтар достығын», Ұлұғ-Заде «Ғасем Лахутиға» Юсуфи «Пушкинге», Хамид «Калинин ақсақалға» арнаған өлеңдерін тәржіме жасады.

Әлі есімде,– дейді Тұрсын-заде, – 1943 жылы Совет Армиясы неміс фашистерінің бетін қайтарып, батысқа қарай ығыстырып, қуып бара жатқанда, Жамбылдың батыр ұлы Алғадайдың мерт болғанын, оған қарт ақынның қатты қайғырып жатып қалғанын біз де есіттік. Алғадайға бағыштаған жоқтауы, бір мен емес, бүкіл тәжік ата, аналарымыздың жүрегін тербетіп, көңілін босатты. Өйткені Жамбыл сияқты ұлдарынан айырылып, қайғырып қалғандар бізде де аз емес еді. Мен солардың көңілін жұбатайын деп Жамбылдың сол бір өлеңін тәжік тіліне аударып жариялаттым.

Мен бүгін Жамбылдың мерекесіне келгенде осы жайларды еске алып, оның ұлылығына тағы бір басымды иіп, тағзым етемін.

Бұл Тұрсын-Заденің 1972 жылы Жамбылдың туғанына 125 жыл толған салтанатты жиында айткан сөзі. Достық, бауырластық осылай ұласып жалғаса, нығая бермек.

Мәлік батыр келгенде

«Алатауды айналсам, Алғадайды табам ба?» – деп қайғылы күй кешіп жүрген күндері еді қарт жыраудың. Ана бір күні өзінің төл шәкірті Кенен келіп жұбатып, жанында бір айдай жатып кеткен-ді. Сонда да әке өксігі басылар емес! Қайтсін, сол бір қырғын майданда екі бірдей ұлынан айырылу жасы жүзге таяп қалған қартқа оңай ма?!

Бір күні кештетіп астанадан кәдімгі Сәбит Мұқанов бара қалады оған. Жамбыл қара барқыт шапанын киіп, төсек үстінде малдас құрып, мүлгіп отыр екен. Сәбең тамағын қырнап жайраңдаған күйі

– Ассалаумағалейкум, тәте! – деп кіріп барады. Жәкең, басын көтеріп, оның Сәбит екенін даусынан таниды:

– Балуан Шолақпысың, кештетіп неғып жүрсің?

– Қазір айтамын, тәте.

– Немене, жақсылық па, әйтеуір?

– Иә, жақсылық...

– Айта бер.

– Қазір, тәте, қазір...

– Немене күмілжисің? Асығыс па едің?

– Иә, тәте, асығыспын, қалаға қайтамын.

– Осы түнде ме?

– Иә, ертең қайтып келемін, сонда бәрін айтамын.

– Ондай жақсы сөздің әлхиссасын қазір айтып кетпейсің бе?

– Әлхисса дейсіз бе? Неден бастасам екен?..

Сәбең сәл ойланып қарт жыраудың әнебір күндері өзі шерткен Абылайдың ерлігі туралы хикаясын бастай береді.

– Төле би елге қайырымды болыпты. Ол әсіресе жетім-жесірді есіркеп, оған қамқорлық көрсетер екен. Бір күні оның алдына жаман тымағы салбыраған, киімі жалбыраған бір жетім бала барады.

– Қайдан жүрген баласың?

– Үргеніштегі ұрыстан қашып шықтым.

– Атың кім?

– Атым жоқ.

– Атың – Сабалақ болсын.

– Мейлі.

– Әке, шешең бар ма?

– Жоқ, жастай жетім қалғамын.

– Маған бала боласың ба?

– Болайын.

Сонымен Сабалақ бала Төлебидің ұлы да, құлы да болып, түйесін, жылқысын бағып жүре беріпті. Арада он шақты жыл өтіпті. Арқа жақтан «Ел шетіне жау келе жатыр» деген хабар естіледі. Бөгембай батыр Төлебиден Сабалақты сұрап алады. Барлық батырлар Ұлытауда бас қосып, жауға қарсы тұрады. Шабуыл басталады. Сонда Сабалақ бала «Абылай!», «Абылай!» деп жауға ат қояды. Жекпе-жекте қалмақтың небір ноян батырларын аттан аударып, қалғанын тықсыра қуады. Сөйтіп, жеңіске жетеді. Әбілмәмбет хан Сабалақтан:

– Сен кімсің? – деп сұрайды.

– Мен Абылайдың немересімін.

Әбілмәмбет:

– Үргеніштегі соғыста жоғалтқан менің інім екенсің ғой, – деп екеуі жылап көріседі. Төлеби бастаған ел жиналып Сабалақты Абылай деп атап, оны хан көтереді. Хан ордасы – Көкшетау болсын дейді.

Сәбит сөзін осылай аяқтай бергенде, Жамбыл:

– Абылайды неге айттың? – дейді.

– Тәте, Абылайдан да асқан батыр келді.

– Ол кім?

– Мәлік. Совет Одағының Батыры.

– Мәлік дейсің бе?

– Иә, Мәлік Ғабдоллаұлы майданнан келіпті. Ой, оның ерлігі ересен, айтып берейін бе, тәте?

– Кәне, айтшы?

Сәбит қарт жырауға жақынырақ отырады да, әуелі 28-гвардиялық панфиловшылар дивизиясының Москва түбіндегі орасан ерлігін, онан шыққан батырларды атайды.

– Міне, тәте, сол батырлардың бірі осы Мәлік. Ол бір шайқаста өзінің жауынгер достарымен фашистердің жүз деген солдатын өзеннен өткізбей қойған. Жау жағы бес рет шабуылға шықса, Мәліктер автоматтарынан оқ жаудырып бес рет бетін қайтарып тастаған. Немістер тағы да үш машина солдат әкеп төккен. Мәліктер олардың машинасын өртеп, солдаттарын қырып салған. Артынан танкілері өре қаптаған. Оны да қиратқан. Сөйтіп, олар күн-түн жаумен арпалысып жүріп, қоршауда қалып қойған. Жеті күндей жау қыспағына, аштық, қиыншылыққа шыдап, соғыса жүріп, қоршауды бұзып шыққан. Сөйтіп, ол өз дивизиясына кеп қосылған. Жол-жөнекей қоршауда адасып жүрген екі жүздей совет жауынгерлерін қару-жарағымен өздеріне қосып ала келген. Мәліктің бұл ерлігіне риза болған Панфилов «Жарайсың, ғалым батырым» деп, арқасынан қағып, бетінен сүйген. Тағы бір шайқаста Мәлік бастаған солдаттар жау қолында қалған деревняны азат етіп, ондағы кемпір-шал, бала-шағаны аман құтқарып қалған. Сол соғыста 27 фашист жендетін қару-жарағымен қолға түсірген. Бір түнде Мәлік өзінің он үш автоматшыларымен жау тылына өтіп, немістің бір ротадай солдатын жойған, бес танкісін қиратып оралған.

Сәбит «Тағы бір ұрыста» дей бергенде, Жамбыл:

– Япырмай, мынау не деген ер еді, тіптен Қобыланды мен Алпамыстан да асып кетті ғой, деп таң қалады. Міне, тәте, осы батырыңыз Алматыда демалыста жүр...

Жамбыл Сәбитке бұрылды.

– Балуан Шолақ-ау, оны неге ерте келмедің? Ондай батыр біздің үйде қонақ боп кету керек еді ғой.

– Сіздей жыр алыбына Мәлік батыр жолықпай кетпейді, келеді.

– Қашан келеді?

– Сіз қашан кел десеңіз.

– Бүгін, тіптен қазір келсін.

Осылайша қарт жыраумен келіскен Сәбит сол түнде қалаға қайтқан. Мәлікпен хабарласқан Жамбылға ертіп баратындығын айтқан.

Ертеңіне Сәбит, Төлеген Тәжібаев, Москвадан келген Маршак ақын және «Социалистік Қазақстан» редакциясынан Байдабек Әлиманов, тағы бірер фототілшілер екі-үш машина болып ақын аулына тартқан.

«Батыр келеді» деген хабар алған Жамбыл күні бойы алаңдаумен жүрген.

– Неге тықырши бересіз, үйде отырып-ақ күтіп алмайсыз ба?– деген баласы Тезекбайға ол:

– Сөз бе екен, бұрын батырларды сырттан даңқын естіп, өзін көре алмаушы едік. Енді сондай батырдың өзі келгелі тұрғанда, үйде мелшиіп карсы алу, кісі сыйлағандық бола ма? Әттең, шөгіп қалған күйім, әйтпесе атпен шауып алдынан шығар едім.

Жамбыл Мәлікті жаңа үйінің жанында, алма ағаш көлеңкесіне төселген кілем үстінде күтіп алады. Машина даусы анадайдан естіле бергенде, балалары Сатыш пен Тезекбай қолтығынан демеп орнынан тұрғызады. Қарт адымдай басып, машинадан түсіп жатқан қонақтарға қарай жүреді. Сәбит алдымен барып ақынның қолын алады.

– Міне, тәте. Мәлік дейтін батыр балаңыз, – деп, Мәлікті нұсқады.

– Өзім де шырамытып тұрмын. Кәне, балам, бері келші,– деп Жамбыл оны құшақтап маңдайынан, бетінен сүйді. Мен сені Қобыландыдай алып денелі батыр екен десем, талдырмаш қана жігіт екенсің ғой... «Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы қарт алдынан шығады» дегенді білсем де, Алматыға барып алдыңнан шыға алмадым. Келеді деген хабарыңды естіп, таңертеңнен бері күтіп отырдым. Келген қадамың құтты болсын, балам!

Сәбең тағы да жайраңдап:

– Тәте, мынау Москвадан келген Маршак дейтін ақын балаңыз.

Жамбыл:

– Е-е, ана жылы тойда кездескен Малшақ па, білемін, білемін,– деп қол алысты.

– Ал, мынау Алматыдағы министр балаңыз,– деп Төлеген Тәжібаевты айта бергенде, Жамбыл:

– Бұл баланы таныстырмай-ақ қой, анау күні келіп сәлем беріп, жағдайымды сұрап кеткен,– деді.

Бәрі үйге кіріп, кең бөлмеге жайғасты. Төлеген әңгімені жалғастырды:

– Мәлік балаңыз майданнан демалысқа келген екен, туған аулы Көкшетауда болды. Алматыны аралады. Еңбекшілермен кездесті. Сізге сәлем бермей, батасын алмай аттанбаймын дейді. Сәбең бәріміз Сізге ертіп келдік.

Қарт жырау жанындағы ақ домбырасына қол созды.

– Бәрекелде, батырым, атаңды сыйласаң, тәңір жарылқасын! Майдандағы ерлігіңе қанықпын. Кешелі бері балалар, мынау Балуан Шолақ айтып жатыр. Батырлық халқымыздың ата дәстүрі. Ертеде Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Сұраншы, Саурық, берігіректе Чапай, Аманкелді сынды ел батырлары өткен. Енді, міне, солардың дәстүрін өздерің жалғастырып келесіңдер, – деді де қасында отырған Сәбитке қарады. Үйдің үш ауызын мен айтайын, Балуан Шолақ, сен ауылдың алты ауызын айт, қонақ кәдені батыр айтсын.

Сөйтті де Жамбыл былай деді:

Ризамын, ерлерім!
Жауға намыс бермедің,
Қажып қабақ шытпадың.
Қан майданда өрледің,
Шеру тартып батысқа,
Дүниені кернедің.
Қабыстырып қамалын,
Тарылдырып заманын,
Сындыра жау белдерін,
Батырларым, ала көр
Жауға кеткен ел кегін
Батыс жаққа бара бер

Азат етіп жер, көгін
Басқан зілдей серпілсін
Қасиетті жерлерің.
Батыр Қызыл Армия
Халқымыздың қорғаны,
Ғалымға аян жария,
Батырларым ондағы.
Адам адам болғалы,
Сөзімді сол қозғады.
Ойымды сол толғады.
Бар тілегім соларда,
Болсын деумен жолдары
Ел қорғаған ерлерге
Елі бәрін арнаған,
Ең жүйрігін сайлаған,
Еңбектерін сыйлаған,
Ертегідей жыр еткен...

– Тәте, шаршап қаласыз ғой, демалыңыз – деді Сәбит.

Жамбыл оған:

– Тапқан екенсің, шаршайтын Жамбылды,– деді.– Мұндай батыр келгенде шаршау деген сөз бе екен? Отыз күн жырласам да талмаймын, – деп ол тіптен құлшынып кетті. Осы кезде дәрігер Рахымжан Барлыбаев қасында отырған Төлегенге бұрылып сыбырласты да:

– Тәте, ем жасайтын уақыт өтіп кетті. Кәне, жүріңіз? – деді.

Жамбыл сабасына түсе қойды.

– Ойбай, бұған бағынбаса болмайды! Менің тағдырым осының қолында, – деп ол домбырасын жанына сүйеді.

Тезекбай қонақтарды ас үйге дастарқанға шақырды. Дәрігер Жамбылды қолтықтап демалатын бөлмесіне алып кетті. Арада екі сағаттай уақыт өтті. Карт жырау ем қабылдап, ұйқтап алды.

Түстіктен кейін соңғы сөзді тағы да Сәбең бастады:

– Тәте, бағаналы бері өзіңіз сөйледіңіз, өзгеміз сөйледік. Енді мынау майданнан келген батырды тыңдасақ қайтеді?

Жамбыл:

– Бәсе деймін-ау, келген қонаққа кезек бермей өзіміз сөйлей беріппіз ғой. Кәне, балам, құлағым сенде.

Мәлік сәл жымиыңқырап:

– Мен сөзге шорқақпын,– деп алды.– Қазақстандық 28-гвардиялық панфиловшылар дивизиясының астанамыз Москваны қорғаудағы жойқын ерлігін өздеріңіз естіп жатырсыздар. Фашистердің мұздай қаруланған дивизия, бөлімдері Москваға жақындап қалғанда, біз алдына кесе-көлденең шығып, қарсы соғыстық. Күн, түн шабуылға шығып арпалыстық. Қарапайым солдаттарымыздан бастап, командирлерімізге дейін батырларша жаумен айқасты, шетінен ерлік жасады. Политрук Василий Клочков «Россия ұлан-байтақ, бірақ шегінуге жер жоқ, артымызда Москва!» деп 28 батырды шабуылға бастады. Олар беріспей соғысты. Жаудың 50 танкісін қиратып, жүздеген солдатын қырып, алға бастырмады. Өздері де мерт болды. Халқымыздың перзенті Төлеген Тоқтаров немістермен жекпе-жек айқаста жан аямай соғысты. Ондаған фрицтің көзін жойды. Бауыржан Момышұлы гвардиялық батальонды, полкты басқарды. Жауға қарсы қаншама шабуылға шығып, олардың бетін қайтарды, бес рет қоршауда қалып, бұзып шықты. Жүздеген фашистерді жер қаптырды. Талай техникасын қиратты. Майданда Мәншүк, Әлия деген екі қызыңыз адам естімеген ерліктер жасады. Мәншүк пулеметінен оқ жаудырып, немістердің шабуылына тойтарыс берді, топ-топ солдатын баудай түсірді. Сөйтіп, өз жауынгерлерінің алға басуына жол ашты. Әлия болса, Ленинград қаласын қорғауда теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Қыздардан құралайды көзге ататын мұндай мерген шыға бермес. Тағы бір мерген жамбылдық Ыбырайым Сүлейменов еді. Ол үш жүздей фрицті қағып түсірді.

– Бірақ, – деді де, Мәлік сәл кідіріп қалды. – Бір қырғын айқаста дивизия командирі Иван Васильевич Панфиловтан айырылып қалдық...

– Әттеген-ай,– деді Жамбыл, – сондай батыр командирді сақтап қала алмаған екенсіңдер!

– Соғыс шығынсыз болмайды ғой, тәте! – деп жатыр бірі.

Жамбыл мұңайған күйде:

– Иә, соғысы құрысын, ол – опат қой! – деп сәл төмен қаран отырып, басын қайта көтерді:

– Айтпақшы, менің Алғадайымды көрдің бе? – деп сұрады Мәліктен.

– Алғадаймен, – деді ол, – бір бөлімде болған жоқпын. Бірақ оның ерлігіне қанықпын, жетінші гвардиялық Қызыл тулы атты әскер дивизиясында пулеметші болып Украина жерін жаудан азат етер

кезде асқан ерлік көрсетіпті деп естідім. «Алғадай үшін» деп жауға қарсы талай оқ атып, кек алдық.

– Уа, бәрекелді! Солай еткендерің жөн, шырақтарым,– деді қарт.– Жаудан кек алу, оны жайрата жеңу үшін бірлесе қимылдағандарың мақұл.

Майдан, ондағы батырлардың ерлігі туралы сол бір әңгіме түн ортасына дейін созылған. Қонақтар жатып демалған. Сәбит, Мәлік, Төлеген, тілшілер – бәрі далада.

Үйде жатқан Жамбыл тиышсызданып баласы Тезекбайды ұйқтап жатқан қонақтарға екі рет жібереді. Тезекбай бір рет барып, ешқайсысын оятпай қайтып барады. Әкесі оны тағы жұмсайды. Сәбит оянып кетіп:

– Тезекбаймысың, неғып жүрсің? – дейді.

– Тәтем жіберді, – дейді ол. – Ұйқтамай отыр. «Далада жылан, шаян-құрт деген болады, әлгі батырды шағып алып жүре ме, үйге әкеп жатқызыңдар» деп қоймайды.

Сәбең Тезекбайға былай деген:

– Тәтеме айт, ұйқтап демалсын де, оқ пен оттан аман келген батыр ондай-ондайыңнан қорықпайды де.

Олар азанда тұрса, ел жиналып қалыпты. «Жамбылға сәлем беруге сонау майданнан Мәлік батыр келіпті» деген хабар бір түннің ішінде ауылдан-ауылға лезде тарап кетіпті. Ауданның, колхоз, совхоздың басшылары, кариялар, әйел-еркектер, окушылар жапа-тармағай әуелі атасының қолын алып, онан соң жуынып-шайынып бола берген Мәлікке, Сәбитке, Маршакқа Төлегенге амандасты.

– Уа, Жәке, батыр балаң келіп, көзайым болдың ба?

– Той қылмайсың ба?

Ауыл адамдары осылай деп, Жамбылды қолқалап жатты. Жәкең де

– Той қылма деп кім айтты? Мәліктей батыр балам келгенде істемеген тойды, қашан істейміз? Ал, бастаңдар тойды!

– Е-е, бәсе, кәне, тойбастарды кім айтады?

Үмбетәлі селдір мұртын бір сипап алға шықты:

Баста десең, бастайын,
Той бастаудан қашпайын,

деп термелеп, сөзін Мәлік батырдың келу құрметіне арнады. Жұрт ду-у қол соқты. Онан соң Жартыбай ақын домбырасын сабалады. Ол Мәліктің майдандағы ерлігін сипаттады. Бір жігіт даудырап:

– Тәтемнің мына келіні әнді әдемі айтады, – деп бір келіншекті ортаға сүйрелеп шықты.

– Қойшы, үлкен кісілердің алдында ұят болады, – деп ол шегіншектеп жүр. Көпшілік:

– Ұялма!

Айтсын, айтсын! – деседі. Бұл Жамбылдың Ізтілеу деген ортаншы баласының үйіндегі келіні Берікбала еді Майдандағы Ізтілеуден сол жазда «қара қағаз» келіп, мұңлы боп жүрген-ді. Осындай шат-шадыманда көңілін бір көтеріп, сергісін дейтін болу керек. Домаланған, сұлуша келген Берікбала, шынында, әнді тәп-тәуір айтады екен. Ол Балуан Шолақтың «Мақпалын» сызылтып шырқай берді. Ән шарықтап, аспандап кетті. Онан соң Жамбылдың Өмірәлі деген інісі кезек алды. Ол да қара жаяу емес екен. Жәкең айта беретін «Ой-хой, жиырма бес» әнін әуендетіп бір қайырып тастады. Жұрт: «Ой, пәлі-ай!» – десті.

Артынша Сатыш пен Тезекбай ортаға шықты. Екеуі ұстаса кетті. Шалысып жүр. Жұрт: «Олай сілте, былай сілте», «Шалып жық, алып жық!» – деп шулайды. Күреске қызып кеткен Жамбыл:

– Балуан Шолақ, шығар жігітіңді, жоқ болса, өзің түс күреске! Кәне, менімен күресесің бе? – дейді.

– Тәте-ау, жығылып қаласыз ғой.

– Жығылсам жер көтереді! Тезекбай-ай, бері кел, қолтығымнан демеп жіберші?

Жәкең осылай деді де, Сәбитті барып қапсыра құшақтап, олайбылай жұлқылады.

– Ай, мынау шалың ойнайды десем шындап барады, деп Сәбит күліп қояды. Тәте, шындасам жығып кетер едім, жасыңызды сыйлап жүрмін.

– Аямай-ақ қой, – деп Жамбыл оны жұлқылай түседі Бұған жұрт мәре-сәре болып күліседі. Бәрі Жәкеңнің бүгін көңілденіп, арқа-жарқа болғанына мәз. Осылайша тамаша тамашаға ұласқан.

Дастарқан басындағы әңгімені де Жамбыл қыздырды. Ол өткенкеткеннен әңгіме қозғап, бірде өлеңмен термелесе, енді бірде қара сөзбен пернеледі.

– Ертеде Дәурен сал, Өтелбай сал дегендер өтіпті, – дейді ол.– Дәурен жастау, Өтелбай мына мен сияқты шалдау болса керек. Екеуі өнер жарыстырыпты, бірін-бірі жеңе алмапты. Атпен жарысыпты. Дәурен озып, Өтелбай артта қалып қойыпты. Қыз-жігіттер қарап тұ-

рыпты. Сонда ел оны: «Салбаң-салбаң етеді шалы құрғыр – жарыспай-ақ қоймай ма ол антұрғыр»,– деп мазақ етіпті. Бір уақытта Жамбыл Төлегеннің қасында отырған аудандық совет атқару комитетінің председателіне:

Мына отырған исполком,
Ашуы келсе ақырады.
Шапшаң кел деп шақырады
Шақырғанға бармасаң,
Жатады да бақырады,

деді. Ел тағы дуылдап кетті.

Бір кезде ол:

Сақалы сары алтыннан, мұрты жезден,
Сауықтан қалған емес, мына жездең.
Зәуімен оңашасы кеп қалғанда,
Өзіңдей салулы едім, бота көзден!

деп елді тағы бір ду-у күлдірді.

Жұрттың неге дуылдап кеткенін түсініңкіремей қалған Маршак Сәбиттен сұрап жатыр. Сәбит өленді жолма-жол аударғанда барып, ол қол соғып, Жәкеңді арқасынан қақты. «Молодец, Джамбул!» – деді де, «можно еще раз повторить?» – деп өтінді. Сәбит әлгі бір ауыз өленді қайталап берді, Маршак қойын дәптеріне жазып, «жездең», «жездең», «бота көзден» деген ұйқастың астын сызып қойды. Шамасы, кейін аудармасын сұрап алмақ болса керек. Ол Жамбылдың «Үйірілген сары алтындай сары қымыз, Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз» деп басталатын жырын тәржімалағанда да осы тәсілді қолданған-ды. Дастарқан жиналды.

– Жәке, батыр ертең жүрмекші, майдандағы балаларыңызға не сәлем айтасыз? – деді Төлеген Тәжібаев.

– Дұрыс айтасың, балам,– деді ол. – Өзім де батыр аттанарда не айтсам екен деп түнімен толғанып шықтым:

...Жасымнан, сірә, қайғылы,
Жаудан алар кегім бар.
Кек алатын ерім бар.

Ер қаруын сайлаған,
Жеңіске белін байлаған,
Қаһарлы қалың елім бар, –

деп, ол домбырасын күйлеп, кәрі даусын бір кенеп алды.

...Оңкей батыр егесте
Тайсалмасын, таймасын.
Қанын судай ағызып,
Батысқа жауды айдасын.
Батырларға сәлем айт!
Көктен келген дұшпанды
Қара жерді қаптырсын.
Судан келген дұшпанның
Кемесін суға ақтырсын.

Жерден келген дұшпанды
Ақ қарда ажал таптырсын.
Батырларға сәлем айт!
Батырым Мәлік беренім,
Жүйрігім, озған өренім.
Халқы сүйген қалаулым,
Жырымды саған төгемін...
Жолың болсын, шырағым,
Балаларға сәлем де!
Күнде түріп құлағын
Күткен кәрі бар елде.
Хиуада жатсам да,
Соларға үн қосамын.
Сөнер күндей тартсам да,
Соларды мен тосамын.
Ата жауды талқандап,
Жеңіспенен оралғын.
Аман барып, сау қайтқын,
Осы болсын жоралғым...

Жамбыл сәлемін осылай аяқтай берді. Мәлік оны барып құшақтап қайыр-қош айтты.

– Сәлеміңді майдан жауынгерлеріне жеткіземін, Жәке! Біз жеңіспен оралғанша, аман-сау болып, жырлай беріңіз!

Қонақтар орындарынан тұрысты. Бәрі Жамбыл атасының қолын алып қош десті. Жеңіл машиналар жылжып келіп, сап түзей қалды. Мәліктер машинаға отырып, жүріп кетті. Ауыл адамдары қолдарын бұлғасып қала берді.

Төртінші тарау

ӨМІРДЕН ТУҒАН ӨЛЕҢ-ЖЫР

Өлеңдер

Жамбылдың Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өлеңдерінің көбісі сақталмаған.

Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға,

деп өзі айтқандай-ақ, ол өлең-жыр айтуға жастай машықталады. Сонда оның советтік дәуірге дейін қыруар өлең, жыр айтуы даусыз. 13–15 жасар кезінде айтқан «Шағым» атты өлеңінде ертедегі молдаларды, олардың жағымсыз ескі әдет-салттарын әшкерелесе, «Әкеме» деген өлеңінде ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылыққа жастайынан-ақ қарсы болғаны аңғарылады.

Жамбыл жайлаудан келе жатса, алдынан Жиенбек деген момын шаруа кездесіп:

– Екі ұры кезігіп, астымдағы атымды аударып алды, – деп шағыныпты.

– Ол ұрыларды танисың ба?

– Аттарын білемін. Бірінің аты – Сырым, екіншісі – Манас.

– Олай болса тыңда, мынаны ұғып ал! – деп Жамбыл мына өлеңді үйретеді оған:

Шығып ем, бүгін мініп көк байталға,
Кез келдім екеуіне көк қайқаңда.

Кокбайтал өзі семіз, өзі буаз,
Жануар шаба алмаса өкпе айтам ба?
Олжалап кетерсіңдер байталымды,
Қалмаймын мен де бүгіп айтарымды.
Осы өлең қайда барсаң қиқу салып,
Қуалар бойларыңнан сайтаныңды.

Бұл сықақ өлең әлгі екі ұрының құлағына шалынып, қайда жүрсе, алдынан шыға беріпті. Сөйтіп, әшкере болған ұрылар Жиенбектің көк байталын қайтарып беріп, айыбын тартыпты. Жамбылға барып, «осы өлеңді айтпашы» деп жалыныпты. Ол кездің парашыл би, болыс, чиновниктері әділ шешімін айта алмайтын мұндай дау-дамай, зорлық-зомбылықты ақынның турашыл, уытты өлең-жырлары бұлтартпай шешіп беріп отырған. Мұндай кесімді өлеңдер Жамбылда аз болмаған.

Жамбыл жырлары және ол туралы естелік, аңыз-әңгімелерге қарағанда ол қырғыздың манабы Шабденнің ақ ордасында бірнеше рет болғанға ұқсайды. Бір жолы қырғыз ауылдарын аралап жүріп, Шабденге барады. Сонда ол манапқа былай депті:

...Ақынға дайын дейтін ат, шапаның,
Шапан үшін мен сені мақтамадым.
Еліңнің бұлдығынан құлдығы басым,
Қай жақта елдің тұзын ақтағаның?

Түнерген ел қабағы жабық жатыр,
Бірі тоқ, мыңның өзегі талып жатыр.
Ел басқару қарынның қамы ма еді,
Ит те, құс та тамағын тауып жатыр.

Асқақтаған адамда тоба болмас,
Ел қорғаған адамда мола болмас.
Елден туып, ер болсаң елге қара,
Шірік құрай ауылға қора болмас...

Сонда жиында отырған манаптың бірі:

– Жамбыл-ау, ханды мақтағалы келдің бе, даттағалы келдің бе?– депті.

– Екеуі де емес, елдің мүддесін жоқтағалы келдім, – деген екен сонда. Бұл Жамбылдың 33 жастағы кезі.

Ол заманда азуы алты қарыс Шабден тәрізді жарты патшаға тек Жамбылдай турашыл әрі төкпе айбынды ақын ғана бетпе-бет барып сөйлей алса керек-ті.

1886 жылы Жамбыл Ұзынағаштағы шаршы базардың ортасында Қисыбай болыс бастаған бір топ офицер, төре, тілмаштарға кездесіп қалады. Сонда Сарыбайұлы Қисыбай қасындағыларға:

– Бұл қазақтың Жамбыл дейтін ақыны, – деп таныстырады. Сонда ұлық жанында тұрған тілмаш ат үстінде шіреніп тұрып, қылышымен Жамбылды нұсқап:

– Ағаш ұстағанның бәрі ақын бола бермейді. Кәне, шын ақын болсаң, бізді мақтап өлең айтшы, тыңдап көрейік! – деген.

Ыза болған Жамбыл:

Қолына қылыш ұстаған,
Ақыл-ойы қысқадан,
Қазақты қорлап жақтырмай,
Қылышымен нұсқаған, –

деп оның бетінен ала түседі. Офицер, ұлықтар «мынау не дейді?»– деп өзара дабырласып қалады. Әлгі тілмаш: «Кәне, қайталап айтшы!» – деп оған атын омыраулатып төне түседі. Қайсар ақын:

Байдың бабын таппаған,
Ұлыққа сөзім жақпаған.
Жалған ақын мен емес,
«Жазықсыз төре» сен емес
Жарлы кедей халықты
Жамбыл осы жақтаған, –

деп өзін таныстырады. Ортада тұрған кекселеу жандарал қолын көтеріп:

– Не тілегі бар екен, соны айтсын? – дейді.

Осы кезде Жамбыл:

Ұлықтап сол тілегім
Анық шындық жүрегім,

Нашарға салық салмасын,
Сарнасын ақын, сарнасын,
Төреге сөзін арнасын
Тыңдамаса ол төре
Халық тыңдар жалғасын
Жарлыға қорлық көрсетіп,
Әуреге бай салмасын! –

деп жеке басының емес, бүкіл езілген халық мүддесін білдіреді.

Бұл сөз құлағына жақпаған ұлық-төрелер жиналған халыққа «тараңдар!» депті де, өздері ығысып, шаршы базардан шығып жүре беріпті. Көпшілік олардың сөзін тыңдамайды, қайта ақынды ортаға алып, «айта бер?» деп бұрынғыдан да жинала түсіпті...

Дамылсыз ел аралап, жыр айтып жүрген Жамбыл бір жолы арып-шаршап, аты болдырып, ауылына бет алып келе жатса, алдынан бір кедей жігіт шығыпты. Жөн сұрасып болған соң әлгі жігіт:

– Кәдірбайдың аулынан келемін, – дейді. – Қорадан мал бермейтін сақ төбеті өліп, соған бай қатты қайғырып жатыр. Жан-жақтан жұртты жинатып, «кімде-кім төбетімді мақтап өлең айтса, соған зерлі шапан, елу қой, екі бірдей жорға ат сый беремін» деп жар салыпты. Ақындардың бәрі сонда. «Ақын болсаң соған бар. Бар-дағы сол сыйлықты жеңіп ал», – депті.

Жамбыл барса, ауылда үлкен думан, бір үйде тола ақын, жыршылар, төрде Кәдірбайдың өзі отыр. Ақындар бірінен-бірі асамын деп лепіріп, байды, оның итін мақтайды. Даусы шіңгірлеген, қысық көз, құшиған бір ақын: «бұл маңайда сенен асқан бай жоқ, жер қайысқан үш мың жылқың бар, сар даланы қаптап жатқан бес мың қойың бар, айыр өркеш, қызыл нар түйелерің тағы бар» деп өтті. Ұзынтұра қатқан қара жыршы қарлыққан даусын барылдатып: «Кәдеке, әкемсің, жұрттан асқан еркемсің, қой бастайтын серкемсің, губернатор, жандарал сенен келіп ат мінген, қымызыңды ішіп, тайыңды жеп, сенен келіп күн көрген, бәрі сені сыйлайды, айтқаныңды тыңдайды» деп шықты. Бұған ызасы келген Жамбыл домбырасын қағып-қағып жіберді де:

– Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айта ма осылай?
Сөздеріңнің дәмі жоқ,

Күйлеріңнің сәні жоқ,
Пайдасыз жұртқа құр айқай,–

деп жағымпаз, жалбақай жыршылардың бетін бір қайтарып тастайды да, байға қарап:

Ал, Кәдірбай, құлақ сал,
Жамбыл созін тыңдап қал!
Итіңді жаман демеймін
Күзетіп жүрген малыңды.
...Айтсам сөзім нанымды.
Өлеңім оттай жалынды.
Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талай қан қылған.
Сенен жұртқа ит жақсы
Күзеткен қотан ауылды,

деп төгіп-төгіп жібереді.

Мұны естіген байлар, шонжарлар жағы еліре түсті: Ұстаңдар ананы, жазалаңдар екей жыршысын, біздің қадірлі Кәдірбайға тіл тигізді!» – деп айқай-жанжал шығарды. Бірақ жан-жақтан анталаған халық өз жыршысын арашалап қалды. Бәрі Жамбылды орталарына алып, елді-еліне тарасты.

Бір күні ақын Құлансаз жайлауында ырғын той болмақ, оған қырғыз, қазақ түгел жиналмақ деген хабарды естиді. Той десе, ақын отырып қалған ба, Жамбыл да бармақ болады. «Айт аттынікі, той тондынікі», тойға мінетін жарамды ат керек. Жамбылда ондай ат жоқ. Не істемек? Ол ойлана келе, жолшыбай Есқожа аулына соға кетуді мақұл көреді. Онда Байсалбай, Мырзабек деген ірі байлар бар. «Қалайда бір атының майын берер» деп ойлайды. Ол кештетіп Мырзабектің үйіне түседі. Аман-саулықтан кейін ақын келген шаруасын айтады.

Сөз тыңда, Кәшке баласы,
Атым арық, қарашы?
Қысылып саған келгенде,
Бір әжетке жарашы? –

дегенде, үй иесі «жылқы өрістен қайтса, көрерміз» дей салады. Жамбыл қонып, түнімен қисса-жыр айтады. Ертеңіне күн сәскелікте:

– Ал, бай-еке, мен жүрейін, берер атың қане? – десе, Мырзабек бай:

– Жылқы таудан құламапты,– деген сылтау айтып, бір атын қимапты. Жамбыл арық атымен жүріп кетеді.

Сол тойда Жамбыл қырғыздың Мұратәлі, Сағынбай, Найманбай, Қалмырза, тағы бірқатар ақын, жыршы, күйшілерімен бірге жүрген. Топ соңында олар Жамбылды ауылдарына ертіп кеткен. Содан бірер ай жүріп аулына оралған.

...1913 жыл. Россия патшалығы Романовтар ұрпағының патшалық құрғанына 300 жыл толып, оған жер-жерде той-мереке, көрме ұйымдастырады. Верныйдағы жиын-көрме бұрынғы бас арықтан (осы күнгі Абай даңғылы) жоғары, тау бөктерінде өтеді. Оған жүздеген киіз үй тігіледі. Алатау атырабынан халық көп жиналады.

Ақындық сөздің әсер-ықпалын ертеден білген байлар, губернатор, чиновниктер ауыл-ауылдан ақын, жыршы, әнші-күйшілерді, палуан, аңшы, сайыпқырандарды түгел шақыртады. Осы көрме-тойға Жамбыл, Үмбетәлі, Мақыш, Қарабек, Сүлеймен, Арғынбай, Кенен, Мұхаметжан, Арқабай, Мамырайым, Сәдібек, Шөкітай, Жартыбек, Өмірзақ, Әбдіқадыр, Манақ, Шарғын, Жалымбет, Ізбасар, Сары, Байбурыл, Қожантай, Қайрақбай, Бегалы, Бектұрсын, Құрама, Рысқұл, Бармақ, Қуандық, Әмір – барлығы отыздан астам ақын, жыршы қатысады. (Сол кезде түсірілген олардың фото-суреті де бар, ол бүгінде Жамбыл музейінде сақтаулы).

Тойды басқарып жүрген ояз, чиновник, тілмаштар ақындарға келіп: «300 жыл патшалық құрған Романовтар тұқымын мақтап, сипаттап өлең-жыр айтыңдар, осы той-мерекені ұйымдастырып отырған ояз, губернатор, жандаралдарды, болыс, билерді дәріптеңдер!»–деп тапсырады.

Өлең-жырдың бұйрықпен тумайтыны белгілі. Ақындар бірбіріне қарасады, не айтарын, неден бастарын білмей біраз аңырып отырысады. Ояз, урядник, жасауылдар: «Кәне, бастаңдар!» – деп дігірлейді. Сонда қашанда тайсалмай батыл сөйлейтін Жамбыл былай деген екен:

Петроград, Алматы,
Бір жылдың жол арасы-ай.
Патшаның қуын қарашы-ай!
Өзі келмей, істеткен

Айдалаға тамаша-ай!
Қазақ пенен қырғыздың
Табақ-табақ етімен
Тойғызып жатыр сабасы-ай.
Өңшең ұлық өгіздей.
Біз – бұзау мен танасы-ай,
Үйсін, найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
...Келтірдіңдер намысты.
Тек қорланып күйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің,
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның,
Қор болмаймын өлгенше
Өлеңіме-ақ сыйындым.

Патша мен өздерін мақтауды күтіп отырған ұлықтар мұндай сөзді күткен жоқ еді. Жандайшаптар жан-жақтан шу ете қалды:

– Патшаны мақта дегеніміз қайда?!

– Қасиетті ақ патшаға тіл тигіздің?!

– Сендерді шетінен қамату керек!

Оның алдында бәрінен жасы үлкен Жамбылды ақындарға бас ие етіп, ешқайда тарап кетпесін деп тапсырған екен. Ақын, жыршыларға кең жайлау үй керек, алдында шайы, қымызы сапырулы тұру қажет. Ал әлгі губернатордың зіркілдеген шабармандары оларды төсеніші жоқ бір сарайға отырғыза салған да, есігіне күзетші қойған. Уақтылы ас-ауқат ішпеген, жағдайы болмаған ақындар жан-жаққа тарап кетеді. Қасында тілмаш, шабармандары бар Дыханов деген ояз бастығы Жамбылға:

– Ақындар қайда? – депті.

– Тамақтанып келгелі таныс үйлеріне кетті, – депті Жамбыл.

– Неге оларды таратып жібердің?!

Әпербақан Дыханов Жамбылдың басына қамшымен тартып-тартып жібереді. Шарғын ақын арашаға түсе беріп еді, Дыханов оны да таяққа жықты. Ашу-ызаға булыққан Жамбыл:

– Әділетсіз ояздар,
Ақ таяқты оқталып,

Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды
Төбеден кеп ұрады.
Ертерек үйге қайтайық,
Жұртқа керек өлеңді
Ауылға барып айтайық! –

деді де, үйден шығып жүре берді.

Ақындар оның артынан сыртқа қарай лап қойды. Есік алдындағы күзетші мен Дыханов оларды жібермеуге жанталасты. Қамшысын үйіріп сабалап жүр. Қапелімде мылтығынан айырылып қалған күзетші де дәрменсіз боп қалды. Көптің аты – көп. Айналдырған екеуі не қылады? Дыханов көмек сұрап кері шапты. Ақындар көліктеріне мініп, ауылдарына тарап кетті.

Дүрбелеңде

1916 жыл. Жаз айы. Құлансаз жайлауына жан-жақтан ағылып кеп жатқан халық. Аттылы, жаяу, өгіз, түйеге мінгендер. Бәрінің қолдарында бақан, сойыл, айыр, шоқпар. Кейбірі мылтық асынған. Әркім тапқанын қару еткен. Белдерін бекем буынып, білектерін сыбанып алған өңкей өрімдей жігіттер. Бұлар Жайылмыс болысынан, Қарғалы шұға фабрикасынан, Қарабастау, Майтөбе, Қаракия, Үшқоңыр, Құмбел, Үлкенсаз, Кішісаз жайлауларынан жиналған егінші, малшы шаруалар мен жұмысшылар еді.

Бас-аяғы жиналып болған соң, олар түс ауа болыстың алты қанат ақ үйінің алдына кеп шоғырланды. Көпшілігі ат үстінде. Жаяулары да қаптап жүр. Сол жиналған топтың алдыңғы қатарында тұрған Бекболат батырды, оның ағасы Байбосынды, қырғыз досы Қаликұлды Жамбыл айтпай таныды.

Бекболат алға шықты:

– Кешегі Верныйға барып хабар берген болыс қайда? Тізімін алып шықсын бері!

Болыстың шабарманы болу керек, бір жігіт:

– Болысекем қалаға кеткен, – деп жауап берді.

Бекболат жиналған көпшілікке қарап:

– Уа, халайық, тыңдаңыздар! – деді. – Сіздер ақ патшаның он тоғыз бен қырықтың арасындағы ер-азаматты қара жұмысқа алынсын

деген жарлығын естіген шығарсыздар. Байлар мен болыстар тізім жасап шабуылдап жүр. Кеше Жайылмыстағы Бейсембай болысты байлар мен саудагерлер қоштапты.

«Патша жарлығына қарсы шығу күпірлік! Ақ патшаға қызмет етуге борыштымыз, солдат беруге міндеттіміз!» депті. Сөйтіп, олар тізімін Верныйдағы губернаторға тапсырып қайтыпты. Шаруалардың, кедейлердің өтінішін қабылдамапты, көз жасына қарамапты. Біз енді оларға жалынып күн көре алмаймыз. Қарсы күреске шығамыз! Ағайын, ту астына жиналыңдар! Ат-көліктеріңді, қару-жарақтарыңды сайлаңдар! Көлік таба алмағандарың байлардың жылқысынан ат ұстап мініңдер. Біз қару-жарақ соқтырамыз, бекініс жасаймыз!

Жігіттер бір ауыздан.

– Біз дайынбыз!

– Баста, батыр!

– Соңыңа ереміз!

– Солдатқа бармаймыз! – деп, даланы жаңғырта ұран көтерді.

Ақсақалдар:

– Иә, аруақ!

– Ақсарыбас құдайы, жолды оңғара гөр?! – деп бата берісті.

Көпшілік арасынан Жамбыл алға шықты. Басында қырғызша ақ қалпағы, үстінде жадағай шекпені, қолында домбырасы. Ол Бекболатқа жақын барды:

– Сапар оң болсын, батырым! Естіп жатырмын, елді жинап, қол бастағаныңды. Батыр бабаларың Қарасай, Өтеген, Сұраншы аруағы қолдасын! Мен де сендермен біргемін!

Бекболат атынан қарғып түсіп, Жамбылды айқара құшақтап, сақалынан сүйді.

– Міне, жігіттер, көрдіңдер ме, Жәкең бізбен бірге! Кәне, Жәкеңе ат әкеліңдер! – Бекболат осылай дей берді, бір жігіт мініп тұрған ақ жал жорғасын Жамбылдың алдына көлденең тартты. Ақын атқа қонды. Домбырасын шертті. Төңірекке қарап алды да, былай деп жырлай жөнелді:

– Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз!
Көгорайға жайылған

Секілді едік үйрек, қаз,
Ештеңе жоқ уайымнан
Жүруші едік коңіл мәз.
Патша әмірі тарылды.
Оған қылар бар ма лаж?
Ішке толған зарымды
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап
Қалай қиып береміз?..

Самсаған қол енді ылдиға қарай бет алды. Сол бағытта олар Қарасаз, Майтөбе, одан Суықтөбе мен Шиенде болды. Ел-жұртқа халахуалды түсіндірді. Өздерінің сап құрап, патша әскеріне қарсы күш біріктіріп жатқанын жариялады. Қатарларын толықтырды. Сол жасақпен бірге Жамбыл Үшқоңырға, Ошақты ойына, Аршалыға барды. Ондағы қару-жарақ соғып жатқан ұста дүкендерін аралады. Бөлекбай, Арызбай, Байсейіт, Қырықбай, Садық сияқты ұсталардың көрік жасап, күндіз-түні отпен арпалысып, ауыл адамдарының жан-жақтан жинап әкелген темір-терсек, кетпен, күректерін отқа балқытып, мылтық, найза, қылыш, алдаспан соғып жатқан қызу еңбектерін көрді. Ол осы ауылда түні бойы сарбаздар арасында Өтеген, Сұраншы батырлардың қайтпас, қайсар ерліктерін жырлап шыққан.

Онан соң Жамбыл Майтөбе, Қарғалыда ұйымдасып жатқан ереуілшілердің басы-қасында жүреді. Елдің бұл толқуына оның ақын әрі балуан інісі Мақыш Райымбековтың басшылық еткені белгілі.

Ел жадында сақталған мынадай әңгіме бар. Бір күні арықтан атын суғарып тұрған Жамбылға бір топ жігіттер кездесіп, сәлемдеседі. Қарасудағы Бәйімбет балалары екен. Біреулерінің басы жарақаттанған, онысын таңып алыпты, енді біреуінің қолы шығып кеткен болу керек, жіппен мойнына асыпты. Балаңдау төрт-бесеуінің үстіндегі киімдері дал-дал болып кеткен. Бұлардың сиқын көрген Жамбыл:

– Е-е, неғып жүрген балаларсыңдар? – деп сұрайды. Орта жасқа кеп қалған мұртты біреуі:

– Жәке, сізге көрген қорлығымызды айтуға келе жатыр едік, – деп сөз бастайды. – Ауылымыздың болысы шабармандарына сабатты, ит қосып талатты.

– Е-е, оларға не жазыпсыңдар? – деді Жамбыл.

Басын таңып алған жастау бірі:

– Біздің жасымызды 25-те ден өтірік тізім жасап, ұлыққа тапсырыпты. Шынында, мынау төртеуіміздің жасымыз биыл 16-да, бәріміз құрдаспыз. Ал анау 45-тегі менің ағамды 30-да деп жасын кемітіп жазыпты. «Болысқа неге бүйтесіздер?» деп барғандағы көргеніміз осы болды. Ата, не істейміз? – деді.

Жамбыл басын шайқап:

– Мынау адам төзбес қиянат қой! Не істесек екен, ә, (ол сәл ойланып) мен болыска барғанмен түк шықпайды. Олар менің де соңыма түсіп жүр. Сендер тура осы беттеріңмен Мақышқа барыңдар, олар Майтөбеге жиналып жатыр, – деді.

Сөйтіп, Жамбыл оларға жөн сілтеген.

Мақыш өзі балуан әрі ақын болған. 1912 жылы қырғыз манабы Шабденнің асында қырғыз балуаны Сабырмен, екінші кезекте орыс-казак балуаны Модмоговпен күресіп, жығып, бас бәйгеге 30 сом ақша, төрт жылқы сыйға алған. Бұл дерек Петербург география қоғамының зерттеушісі С.Е. Дмитриевтің «Байга у кара киргизов по случаю смерти манапа Шабдена в Пишпекском уезде. 1912 г.» деген кітапшасында жазылған. Сол Мақыш балуан дүрбелең кезінде ауыл-ауылдан жігіттерді жинаған. Оны іздеп барғандарды өз тобына қосып ала берген. Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Қараш батырдың немересі Сатай Көбегенұлымен байланыс жасап, олардан жөн-жоба алып тұрған. Ереуілші жігіттерді Майтөбеге жинап біріктірген: оның ішінде өзінің ағалары, Жамбылдың Өмірәлі, Тоққұлы деген жақын інілері мен Қожақ, Қожаш, Алғадай деген балалары да болыпты.

– Патша жарлығына қарсы күресеміз! Бір де бір жігітті қара жұмысқа жібермейміз. Не де болса елді, туған жерді қорғап өлеміз! Жігітке екі өлім жоқ! Бірігіңдер, ағайын! Аткөліктерің, қару-жарақтарың сай болсын!

Мақыш осылайша ұран тастап, елді ұйымдастырған. Жүздеген жігіттерді жабдықтап Сатай батыр бастаған қолға барып қосылған. Талай айқас-шайқастарда жігіттерді ерлікке бастап, жауымен аянбай күрескен. Сатайдың жан серігі болған. Бір ұрыста Сатай оққа ұшып, ат бауырында сүйретіліп бара жатқанда, ол қуып жетіп, шала-жансар Сатайды көтеріп алдына мінгізіп алған, бір үйге апарып жарасын таңған. Бірнеше жерінен оқ тиіп, ауыр жараланған батыр сол жерде жан тәсілім қылған. Мақыш жолдастарымен оны арулап қойысқан.

Пулемет, зеңбірекпен қаруланған жазалаушы отрядқа төтеп бере алмаған қарусыз халық жеңіліп, бас сауғалап жан-жаққа бытырай қашқан. Тау-тасты, жыра-сайларды пана еткен. Ал Мақыш болса, бір топ жігіттерімен қырғыз еліне өтіп кеткен. Ауыл-ауылды аралап, «Сатай батыр» деген дастанын жырлап жүрген. (Бұл деректер журналист Нағашыбек Қапалбековтың Мақыш жөніндегі зерттеу очеркінде бар).

Жамбыл Шиендегі көтерілісшілердің арасында да болған. Саттар бастаған малшы, жалшылар қолдарына айыр, бақан, найза, шоқпарларын ұстап әр үйдің алдында топ-топ болып жиналып жатады.

«Верныйдан үш жүздей әскер шығыпты» деген хабар алдық. Олардың бәрі пулемет, зеңбірекпен қаруланған көрінеді. Ал, жігіттер, тәуекелге бел байлап, сай-сала, тау-тасты паналап жүріп соғысуға тура келеді. Мергендер, Шиен шетіндегі бекіністеріңе барыңдар, найзагер, сойылгерлер, осында қалыңдар! Бәрің сай тұрыңдар! Берекесіздік жасап беталды дүрліге бермеңдер!– дейді Саттар.

Айтқандай-ақ, көп кешікпей Ұзынағаш жақтан мұздай қаруланған, жетегінде он шақты арба-тачанкасы бар, атты әскер сау ете қалады. Олар Шиеннің қарасы көріне бастағаннан-ақ, атойлап шабуылға шығады. Қара жолдың бойында бекініп жатқан Саттар мергендері әскердің алдыңғы қатарын жайпап салады. Олар пулеметтен оқты боратып, бет қаратпайды. Мергендердің біразы сол атыста қаза болады. Шабуылға шыққан Саттар жігіттері жауымен қоян-қолтық айқасып, атысып, шабысып кетеді. Саттар батыр бір топ солдаттармен жекпе-жек қылыштасып жүріп мерт болады. Не пайда, қарусыз халық тауға қарай тым-тырақай қашады.

...Қараңғы түн. Ел ығы-жығы. Жылаған бала, аңыраған ана! Еразаматынан айырылып, зарлаған әйелдер. Мөңіреген сиыр, ұлыған ит! Біреулер бес-он тұяғын қуалап, жылға жағалап барады, енді бірі өгіз, сиырын, арық шобырын жетектеп қараңғыда қарбаласып жүр. Бәрі жапа-тармағай тауға қарай тырмысып өрмелеп барады. Жандармдар: «Бәрің ойға түсіңдер! Егер өздерің келіп қолға түспесеңдер, зеңбірекпен атамыз!»–деп, айқай салады. Үрейленген жұрт, кірерге жер таппай одан сайын сасады. Не керек, сол түні таң ата бере, жазалаушы отряд қолға түскен тұтқындарды алдына салып, Верныйға кетеді. Жамбылдың:

Шиенде де әскерлермен ұрыс болды.
Сол ұрыста топ басы Саттар олді.

«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып өрмелеп, тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түңілді енді,–

дегендегісінің мәнісі осы еді.

Бірер күниен кейін ереуілшілер Қарғалы өзенінің бойына жиналған. Күн ыстық. Аспан айналып, жерге түсердей. Кемпір, шалдар өзенге бас қойып, ауызашар жасап, енді біреулері мал сойып садақа беріп жатады. Анадай жерде беткейде өңкей бозбалалар топ-топ болып ер-тұрмандарын жөндеп, ат, көліктерін суғарып, шалдырып жүр. Бір тобы шоғырланып қызу әңгімеге кірісіпті. Кім білсін, олар Алпамысты айтып жатты ма, әлде Қобыланды тайбурылының шабысын аңыздап тұрды ма, немесе Сұраншы, Саурық бабаларының қоқандықтарға көрсеткен батырлығын әңгімеледі ме, ол жағын біліп болмас-ты. Әлден уақытта біреулердің:

– Губернатор, жандаралдар келе жатыр,– деген айқайы естіледі. Верный – Пішпек арасындағы қара жолдың шаңын бұрқыратқан әскерлер әне-міне дегенше оларға жетіп барады. Бәрінің мінгені ауыздықпен алысқан әскери аттар. Асынған мылтық, қылыштары жарқ-жұрқ етеді. Солқылдақ паетон арбадан ақ қамзолды, чин-түймелері жалтылдаған екі-үш генерал түсті. Губернатор болу керек, ұзын бойлы біреуі мыс көзілдірігін бір алып, бір киіп жан-жағына, өзен жағалай қаптаған халыққа үрейлене қарайды.

– Бұл не табор?! – ол қасындағы тілмашқа бұрылды. – Басшылары кім екен, бері шақыр! – деді. Қозы қарны шертиген мыртық тілмаш:

– Жоғары мәртебелі генерал губернатор сендердің бастықтарыңды сұрайды, бері келсін, – дейді. Бастарын шарт таңып алған қолдарында мылтығы бар он шақты жігіт алға шықты. Губернатор оларға айбат шегіп тепсінді:

– Бұл не деген жабайылық, бұл тобырды жинап жүрген кім? Бекболат қайсың?!

Бекбосын оған былай деді:

– Біз жабайы емеспіз, тақсыр! Бізбен адамша сөйлесіңіз!

Ол тілмашқа қарап:

– Мынау арсылдаған шынжырлы төбетке осылай түсіндір, бала!– Тілмаш аналарға түсіндіре бергенде, тағы бір жандаралы:

– Қарай гөр адамдарының түрін! – деді.

– Кеше жайлауда ту көтеріп ұрандаған қайсың?

– Бекболат қайда?

– Әлгі үгіт өлең айтып жүрген ақындарың қайсы? Бері шықсын!

Осы кезде жандармдардың арт жағында тұрған бір бай, атын тебініп алға шықты:

– Тақсыр, мынау тұрған Бекболаттың ағасы Бекбосын деген сұмпайы, ал мынау Қаликұл деген қырғыз. Бұл топтың ішінде Бекболат жоқ. Оны кеше Үшқоңыр жайлауына кетті деп естігенбіз. Ал Жамбыл шал осы топтың ішінде жүрген болса керек, оны табамыз.

Жігіттер топтала берді. Бірі мынаны айтты:

– Бізді әскерге алмас бұрын үйретсін, қолымызға мылтық, қару беріңдер! Қалай соғысуды білейік, сонан соң өз еркімізбен барамыз.

Екінші бірі былай деді:

– Бізді қорқытып ала алмайсыңдар, мәмілеге келейік. Елді, балашағаны шулатпаңдар! Қаликұл дұрыс айтады: жігіттерді бес-алты ай әскер ойынына үйретсін. Сонда біз бас тартпаймыз.

Бұл ұсыныстарды тілмаш арқылы түсінген губернатор:

– Бұл ақылды сендерге кім үйретті? Тоқаш Бокин бе? Бекболат па? – деді. – Ә, қаруланып алып, өз мылтығымызбен өзімізді атпақсыңдар ғой, түсінікті!

Оның қасындағы жандарм:

– Бұлармен саудаласып тұрамыз ба?! Ұстаңдар мынау басшыларын, айдаңдар Верныйға! – деп бұйрық берді.

Сонымен қақтығыс басталып кеткен. Қарусыз жігіттерді солдаттар қоршап алып, басты-бастыларын тұтқынға алған. Солардың ішінде Бекбосын мен Қаликұл да кеткен. Күңіренген ел жылап-еңіреп, Қарғалы жағасында қала берген. Міне, осы қақтығыстың ішінде Жамбыл да жүрген. Оның сол кездегі жырлаған «Зілді бұйрық» атты толғауында осы оқиға баян етілген.

Бұл жырда Самсыда болған халық көтерілісі де көрініс тапқан. Онда Ботпай елінің жігіттері бас қосып, патша жарлығына қарсы тұрғаны жырланған. Тізім жасап дікеңдеген болыстарды үйінен сүйреп шығып, жазасын береді. Тізімін жыртып, шашады. Болысқа көмектесіп жүрген байлар мен саудагерлерді де қолға түсіреді. Сөйтіп олар Самсы қыстағындағы Жәнібек қажының мешіті маңында Верныйдан

келген солдаттармен күні бойы беріспей соғысады. Жігіттер өздерінің батыр басшысы Нұқа Сатыбековтің бұйрығы бойынша Верный – Пішпек – Ташкент аралығындағы телеграф байланыстарын қиратады. Почта-бекеттерді басып алады. Сөйтіп, Жетісу губерниясы мен Түркістан аралығындағы байланысты үзіп тастайды. Мешіт үйіне бекінген көтерілісшілер солдаттарды маңайлатпай қояды. Екі арада шығын аз болмайды. Ақыры Жәнібектің араға түсуімен пристав әскерлерін алып, Ұзынағашқа тайып тұрады. Пристав ол жолы бекер шегінбеген. Верныйдан күш-қолын молықтырып, қайта шабуылға шығады. Қарусыз ел не қылсын? Жеңіліске ұшырайды. Нұқа соңына ерген бір тобы Үшқоңырға бет алады. Қалғаны елді-еліне тарайды.

... Үшқоңыр жайлауы. Мұнда Бекболат Әшекеев бастаған көтерілісшілер бекінген. Шоғыр-шоғыр тігілген үйлер, шатырлар. Әр үйдің кермесінде қаңтарылған аттар. Жігіттердің бір тобы аттарын, ер-тоқымын сайлап жүр. Енді бір тобы анадай жерге нысана көздеп, мергеншілікке жаттығып жатыр. Бірқатары сабан тығылған қапты піспелеп найзагерлікті үйренуде. Үшқоңырдың сай-жылғасындағы Аршалы ауылында дүкен ұсталары орналасқан. Онда көрік басып отпен алысып, қару соғып жатқап ұсталарда күні-түні дамыл жоқ. Көтерілісшілер Үшқоңыр жотасының төменгі етегінен ұшар басына дейінгі созылған «Ошақтының ойы», «Шымбұлақ», «Үлкеннар», «Кішінар» белдерінен орағытып жүретін асу, жолдарға тосқауыл, қарауыл қойған

Июльдің 7–8 күндері осы төңіректің он шақты болысынан ел жиналып бас қосқан. Онда көтеріліс басшылары Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев сөз сөйлеп көтерілістің мақсат-жанын елге түсіндірген. «Қара жұмысқа бір де бір жігіт бермейміз. Болыстардың қолындағы қара тізім жойылсын! Жазалаушы отряд келетін жолдарға тосқауыл қойылсын! Верный – Ташкент – Пішпек аралығындағы телеграф байланысы үзілсін! Почта, бекеттер өртелсін!.. Бір де бір адам қырдан ойға түспесін! Ұрысқа жаттығу жүргізілсін. Жақында Верный қаласына шабуыл жасамақпыз. Ол үшін Пішпек, Токпақ, Ыстықкөл маңында жасақталып жатқан қырғыз ереуілшілерімен байланыс жасауымыз керек. Олар да бізбен бірге шабуылға шығатын болсын!» Бекболат сарбаздарына осылай жауынгерлік міндеттер қойған. Барлығы оны қоштап, баталасқан. Мұндай ереуіл, жиын июльдің 10 күні Ошақты, Үлкенсаз, Кішісаз жайлауларында да өткен. Оған бес мыңдай адам қатысқан.

Август айының бас кезінде Ұзынағашта өткен тағы бір Үлкен жиынға Ұзынағаш, Шығыс Қастек, Батыс Қастек, Ботпай, Ырғайты, Тайторы, Самсы болыстарынан адамдар көп жиналған. Көтерілісшілердің бұл жиналысына Тоқаш Бокин басшылық еткен. Сөз сөйлеген. Ол В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясының идеясын, сара жолын түсіндірген.

– Осыдан екі жыл бұрын,– деген ол,– Петербургте сот палатасында қызмет істеп жүрген кезімде мен В.И. Ленин көсемді көріп, сөзін тыңдадым. Біз, жас большевиктер, оның кітаптарын оқып, қанаушы таптармен қалай күресуді үйрендік. Енді қазақ еңбекшілері байлар мен алашордашыларға қарсы сол көсеміміз Лениншe күресуге тиіс! Сендерге теңдік әперетін, жер беретін, байлардың езгісінен азат ететін жаңа өкімет керек. Біз соның соңынан ереміз. Ол үшін, жалшы, кедейлер, жұмысшылар, бірігіңдер! Патшаға солдат бермейміз. Оның жарлығына қарсы күреске шығыңдар! – Тоқаштың бұл сөзі барлық кедейлердің санасына ұялаған. Көпшілік оны ұрандап қолдаған. Жамбыл да сол жиынға қатысып, өлеңмен сөз сөйлеген. Ол сол жолы Тоқаш жанында болып, оның ақыл-кеңесін ынта қойып тыңдаған. Тоқаш Верныйға қайтар кезде оған арнау айтқан.

Бүкіл Жетісу халқы көтерілген сол дүрбелеңге Жамбылдың белсене қатысқан үгітшілік күрескерлігін сезген жандарал, пристав, болыстар оның да соңына тыңшы қойып ұстатпақ болады. Бірақ халық өзінің сүйікті жыршысын ұстап бермеген, үнемі жасырып, оны қорғаштап отырған. «Жамбыл Құлансаз жайлауында жүр», «Жамбылды Самсыдан, Жайылмыстан көрдік», «Ұзынағаштағы жиында болды», «Шиендегі ұрысқа қатысыпты...» Осындай хабарлар тізбектеліп Верныйға жетіп жатады. Бір күні Майтөбеге барған жандаралдар жиналып, қамшысын үйіріп:

– Жамбыл қайсың?! – деп тықсырған.

Бір ақсақал алға шығып:

– Жамбыл менмін, – деді.

Басындағы қара жолақ шапкасы қоқырайған, қылыш ұстаған урядник қасындағы тілмашқа:

– Жамбыл осы ма? – деген.

Ол әлгі ақсақалдың бетіне қарап:

– Жоқ, Жамбыл бұл емес, – деп шегінген.

– Жамбыл мен, – ден көпшілік арасынан тағы бір шал алға ұмтылған.

Әлгі тілмаш:

– Ол да емес, – деп басын шайқаған. Айыр қалпақ киген Қаскелең жағының бір қариясы:

– Жамбыл менмін,– деді.

Тілмаш жасауылға қарап:

– Бұл да емес.

– Тақсыр, бұлардың бәрі сізді алдап тұр, – деген қамшысын екі бүктеген қара мұртты болыс. – Оны мен тауып беремін.

Бірақ жиылған көпшіліктің қайсысы Жамбыл екенін ажырата алмаған жасауылдар келесі ауылға қарай шапқан. Ол ауылға барса да, «біздің арамызда Жамбыл жоқ» деп, оларды басқа жаққа сілтеген. Аңдыған жау қойсын ба, ақыры іздеп жүріп бір топ ереуілшілерді ұстаған. Сол тұтқындалғандардың ішінде Жамбыл да кете барған. Оларды Верный түрмесіне әкеп қамаған, сұрауға алған. Мұны естіген халық «ақынымызды босат», «Жамбыл жазықсыз» деп абақты алдынан кетпей қойған. Жетісу губерниясының басшылары, заң адамдары көпшіліктің бұл талабынан сескеніп, Жамбылды және бірраз адамдарды тұтқыннан босатқан.

Жаңа таңның жаршысы

Елімізде Ұлы Октябрь Социалистік революциясы жеңіп, Совет өкіметі орнағанда, Жамбыл Жабаевтың жасы 72-ге таянып қалғанды. Ескі заман тақсіретін көп тартқан, бай-феодалдың зорлық-зомбылығы арқасына батқан, жоқшылық зардабын басынан өткерген кәрі тарлан бір күні патша тақтан құлапты, еңбекші таптың қамын ойлайтын жаңа өкімет орнапты деген жақсылық хабарды естиді. Қарт жырау домбырасын қолына алып, атқа қонады. Ауыл-ауылды аралап, Совет өкіметінің шапағатын жырлай бастайды. Өзі былай дейді:

– Тұрмыс түрленіп, өмір өзгерді, тіпті түс көргендей болдым. Қуатым кіріп, жасарып, домбырамды қолға алдым. Жан-жағыма қарасам: жаңарған дала, жайдары көңіл. Ауыл-аймақты аралап, жаңа өмірді жырға қостым. Мен халықты түсіндім, халық мені түсінді. Мен қайта туған Қазақстанның куәсі болдым. Менің өмірім де қайта басталды. Жиырмадағы бозбаладай шабытты қуатпен, екпінді ынтажігермен жырлап кеттім.

Сөйтіп, ол советтік дәуірдің жырын жырлап, жаңа өмірге құлшына араласып кетеді. Атап айтқанда, Октябрь революциясын, со-

циалистік құрылыстың жеңісін асқақтата жырлап, еңбек ерлерін, батырларын марапаттады. В.И. Ленин бастаған Коммунистік партияның сара жолбасшылығын ардақтады. Еңбекші бұқараны баянды жеңістерге, жаңа табыстарға шақырды.

Бұл кезде бір ғана Жамбыл емес, қазақ даласының ауыл, қалаларындағы барлық ақын, жыршылар жаңа заманды, В.И. Ленин идеясын, Компартияның сара жол басшылығын, жаңарған тұрмысты жырлауға жұмыла кіріскен-ді. Революция жеңістерін асқақтата жырлады. Н. Бегежанов («О, сүйінші, сүйінші»), Ы. Сандыбаев («Октябрь төңкерісі»), О. Шораяков («Патша тақтан түскенде»), К. Әзірбаев («Октябрь нұры»), Т. Ізтілеуов («Қадамың құтты болсын, кеңес аға»), Ә. Тәңірбергенов («Теңдік туралы»), тағы басқалардың өлең, арнаулары сол 1917 –1920 жылдардың өзінде кеңінен таралды.

Ақын, жыршылар ол жылдары тек қана өлең, толғаулар шығарып қана қойған жоқ. Жаңа өмірге, социалистік қоғам міндеттерін насихаттап, оны іс жүзіне асыруға өздері де тікелей ат салысты. Омар Шипин – 1916–1919 жылдары халық батыры Аманкелді бастаған жасақтың сарбазы, Үмбетәлі Кәрібаев – Жетісудағы Масанчи басқарған полкта үгітші, жауынгер болды. Кенен Әзірбаев – Қордайда ревкомға сайланды. Ғабдиман Игенсартов, Жақсыбай Жантөбетов – қосшылар одағында, Қуат Терібаев ауылдық совет атқару комитеттерінде, Қайып Айнабеков, Жәмел Аймұрзаев, Қуаныш Баймағамбетов қызыл отауда, бастауыш мектептерде мұғалімдік қызмет атқарды. Нұрхан Ақметбеков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратов көркем өнерпаздар үйірмесіне жетекшілік етті. Иса Байзақов қазақтың тұңғыш драма театрында істеді.

Ол кездегі партия ұйымдары, жергілікті совет атқару комитеттері ақын-жыршыларды жаңа өмірді жырлауға, Октябрь жеңісін, В.И. Ленин бастаған компартия идеясы мен міндеттерін насихаттап, бейнелеуге жұмылдырды. Оларды сол кездегі өтіп жатқан шаруашылық, мәдени жұмыстар мен жиын, мерекелерге қатыстырып, кейде өлеңмен сөз бастатып отырды.

1918 жылдың көктемінде Үшқоңыр жайлауында кедей шаруаларының жиыны өтеді. Бұл жиын-мерекені Жетісу өлкелік совет атқару комитеті басқарады. Онда жаңа міндеттер айтылады. Осы наурыз мерекесін Жамбыл өлеңмен ашады.

Сол жолы ол Ораз Жандосов сияқты бірқатар өлкелік партия, совет комитеттерінің басшыларымен кездесіп, сұқбаттасады. Олар

қарт ақынға жаңа заман мақсат-мұраттарын, компартия идеясын түсіндіреді. Ал Жамбыл болса, оларға жаңа жырмен жауап береді. Бұл жылдары О. Жандосов, Ж. Бәрібаев, Д. Фурманов, Т. Рысқұлов, Т. Бокин, П. Виноградов, тағы басқа да басшылармен жиі кездесіп жүреді. Талай жиын-мерекелерді бірге өткізеді.

Жиырмасыншы жылы жаңаша сайлау жүргізіледі. Сайлау комиссиясының өкілдері бұрынғы «Қарасу» артелінің жанындағы өзен жағасына үй тіккізіп, жаңа сайлау ережесін түсіндіреді. Оған үгітші жастармен бірге ақын, жыршылар да қатыстырылады. Жамбыл да солардың арасында жүреді.

Бір күні сайлаушылар мен өкілдер бас қосқан жиында Жамбылға сөз беріледі. Сонда қашан да сөзді бүкпесіз, тіке айтатын қарт жырау:

– Тобыңа келсем, сыйым жоқ,
Тентегіңе тыйым жоқ.
Киелік десек, киім жоқ,
Базарға барсақ, бұйым жоқ.
Сөзді тыңдар сыйың жоқ,–

деп сол кездегі жетіспеушілікті батыл сынға алады. Шәкірттері: «Мына шал тағы да бүлдіретін болды-ау!» – деп, өкілдерге қарап үрейленіп қалады. Сонда өкіл басшысы: «Сөздің шынын айтатын нағыз ақын екен. Шіркін, ақын деген осындай болсын!» – ден оған қошемет көрсеткен.

Мұндай сайлау Қаскелең, Қастек, Қордай, тағы басқа ауыл, қыстақтарда да жүргізілген. Солардың бәріне де Жамбыл бастаған ақындар үгітшілік қызмет атқарған.

Ақын, жыршылардың мұндай қызметі тек қана ауыл, қыстақтардағы шаруа, дикандар арасында ғана емес, қалалардағы алғашқы құрыла бастаған өндіріс орындарының жұмысшылары және жаңадан жасақталып жатқан Қызыл Армияның полк, роталары арасында да жүргізілген. Қазақ ССР тарихында 1920 жылдың жаз айларында Д. Фурмановтың ұсынуы бойынша 3-Түркістан дивизиясының саяси жағын басқаратын бөлімде қазақ көркемөнерпаздарының жылжымалы театры ұйымдастырылған. Оған жауынгердің арасынан шыққан өнерпаздармен бірге ақын, жыршылар да тартылған. Олар жауынгер арасында және ауылдарға шығып, өнер көрсетіп отырған.

Көркем онерназдардың осы мәдени жұмысына Жамбыл, Кенен, тағы басқа ақындар қатыстырылған. Ал Жамбыл шәкірттері Үмбетәлі Кәрібаев Масанчы бастаған полкта, Есдәулет Қандеков Қазақстан комсомолының ардагері Құсайынбек Әміров саяси жетекшілік еткен полкта үгітші жауынгер болған.

Белгілі фольклоршы Әбубәкір Диваев басқарған фольклорлық экспедиция мүшелері 1921 жылы Жетісу өлкесін аралап, көптеген халық мұрасын жинастырады. Сол экспедицияға қатысқан Ілияс Жансүгіров Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Қабан, Түбек, Орынбай, Құлмамбет, Сары, Құл, тағы бірқатар ақындардың туындыларын жазып алады.

Келесі жылы Жетісудағы бір думанды жиын кезінде Ташкенттен келген мұғалім Шамғали Сарыбаев осы өңірдің біраз ақындарымен сұхбаттасып, шығармалары мен өмірбаяндарын жазып алады. Ол материалдарын жеке жинақ етіп баспадан шығартады. Сол кітапта Жамбылға мынадай анықтама берілген:

– Жамбыл Жабаев жатқа білетін дастандары: бұрын Сүйінбай жырлаған «Көрұғлы», «Ерназар Бекет», «Шалтабай», «Сүйінбай мен Қатағанның», «Сүйінбай мен Тезек төренің» айтыстары. Одан әрі жинаушы Жартыбай, Арғынбай, Айтбай сияқты жиырма шақты ақынға жеке-жеке тоқталады.

1921 жылы Октябрь мерекесі қарсаңында Ұзынағаштағы қосшылар одағының жергілікті ұйымы үлкен жиын өткізеді. Оған жанжақтағы ауылдардан ел ағылып келеді. Ақын-жыршылар, әнші-күйшілер шақырылады. Оңаша ақбоз үйде ауыл белсенділері жиналып, Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Өмірзақ және бірқатарына жыр айтқызып, тамаша думан құрады. Жамбыл бұл мерекеге арнайы шақырылмапты. Біреулерден мерекенің жүріп жатқанын естіген ол, ашуланып, тойханаға жетіп барады. Ақындар думандатып отырған киіз үйдің есігін қамшысымен түріп тастап, ат үстінде тұрған күйі белсенділерге:

– Мен баяғы Жамбылмын,
Әлі сөзге даңғылмын, –

деп термелей келіп, «мен сендерге не қылдым», «неге тойға шақырмадыңдар? Мені қартайды, өлеңнен қалды» деп ойладыңдар ма? Бұларың ақынды сыйлағандық емес.

Жаным барда кеудемде,
Сендерден кем болмаймын.
Дүрілдетіп жер-жерде,
Өлең-жырды толғаймын, –

деп тоқтаған екен.

Жамбылдың 13 жасынан 76 жасқа дейінгі өмір жолдарынан елес беретін бір өлеңі – «Ақын болдым он үште» Онда әуелі жан-жағына жалтақтай қарап, жүрексініп жүргені, 13 жасынан бастап ақындыққа шұғыл бет бұрғаны, екей, шапырашты ауылдарын аралап, өзі тұстас біраз ақындардың аяқ алысын байқап, олармен өлең-жыр жарыстырып, сынасып келгені баян етіледі. Жамбыл жас кезінен-ақ мақтаншақтықты, мансапқорлықты, жалғандықты қаламаған, дүние қумаған. Оған ақынның мына шумақтары айғақ:

Жалған ақын кез болса,
Жасқанып жол бермедім.
...Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің
Жолда жатса тимедім.

Егер Жамбылдың осы жырына жүгінсек, оның көптеген өлең-жырмен айтыстарын және «Көрұғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын 17 –18 жасынан жырлай бастағанын көреміз.

Он жеті мен он сегіз,
Тал шыбықтай бұралған.
Жас ақын Жамбыл атақты
Он үштен бастап сыналған.
Жүйесін тапқан жел сөзді
Үйсін, найман құп алған.
Көрұғлы сұлтан, Өтеген,
Шежіресін тыңдаса,
Шығушы еді құмардан.

Оның ақындық жолы теп-тегіс тақтайдай болмапты. Талай қиындықтарға, жоқшылық-тапшылыққа, кедергі жасаушыларға, менсінбей, өнерін бағаламайтындарға кезігіпті.

Жиырмаға жасым келгенде,
Ор текедей желгенде,
Алдымнан шыққан кес-кестеп,
Жолықтым талай мергенге, –

деуі де содан. Бірақ мұндай кедергілердің бәріне Жамбыл жасымайды, қайта өршелене, күресе түседі. 25–30 жастарында ол марқайып, ақындық өнері бұрынғыдан да шыңдала түседі.

Асылдан соққан ақ семсер,
Келемін мен де қайыспай!
Тот баспадым, сынбадым,
Өзімді-өзім шыңдадым.
Қырғыз-қазақ жиылса,
Топты жарып жырладым,–

дегені жоғарыдағы сөзімізді дәлелдей түседі.

... 1921 жылдың көкек айы. Әлі қыстың ызғары кете қоймаған. Ылдидан соққан ызғырық жел өңменіңнен өтіп барады. Малшы, жалшы аттылы, жаяу Ұзынағашқа жиналды. Көк есегімен Жамбыл да жетті жиналысқа. Төрде қоңыз мұртты өкіл сөйлеп тұр:

– Бұл жер қазақтыкі, өздеріңнің ата-бабаларың мекендеп келген жер, су. Орыстар келді де иемденіп алды. Поселке салды, егін екті, өздеріңді шеткері ығыстырды. Осыған көніп отыра бересіңдер ме?!

– Дұрыс айтады, – деді, оның қасында отырған сұңғақ бойлы, тік шапкалы өкіл. – Қазақтар, бірігіңдер! Орысты орталарыңнан айдап шығыңдар!

Мұны тыңдап отырған Жамбыл қасындағы Қиқымға бұрылды.

– Мыналар кім өзі? Не деп тұр?

Қиқым оған:

– Сөйлеп тұрған Қожанов, қасындағысы – Сапаров. Ұлтшыл, шолақ белсенділер ғой. Енді, байларды былай қойып, бізді орыстармен төбелестірмек, – деді.

Жамбыл орнынан тұрады.

– Бұл қалай? – деді де, өкілге қарап. – Орыстардың пайдасы тимесе, не зиян көрдік? Үй тұрғызып, қала, қорған салса, жаман ба? Жерімізді жыртып, егін ексе, шөбімізді шауып маяласа, ол зиян ба? Осының бәрі бізге пайда емес пе? Олар кіндік кесіп, кір жуған ата-

қонысын тастап, өздігінен мұнда келді дейсіз бе? «Арқада қыс қатты болмаса, ақбөкен аумас еді ғой». Ақ патша жерін тартып алып, еріксіз жер аударды емес пе? Олар да біз сияқты патша мен байкулактарынан зәбір көрген кедей, мұжықтар ғой. Кедейге кедейдің қарсы шыққанын қайдан көрдіңдер?! Аластасаңдар олардың арасындағы қанаушы кулактарын, төрешіктерін құртыңдар, еңбекші кедейлерінде нелерің бар?!.

Қоңыз мұртты орнынан сілкіне тұрды да, мынаны айтты:

– Сен әлгі жалаң аяқ, қаңғыбас ақынсың ғой! Сені білеміз. Шамалғандағы жиналыста да осыны айтқансың. Сендей орыстың сөзін сөйлеп, араға іріткі салатындарды біз тайраңдатып қоя алмаймыз!

Ұзынтұра өкіл де столды жұдырығымен бір қойып қалып орнынан атып тұрды:

– Түрмеге жабу керек, көзіне көк шыбын үймелеп жатсын сонда, ұстаңдар Жамбылды!

Шеткері тұрған екі милиционер оған ұмтыла бергенде, Қиқым, тағы бір топ кедейлер:

– Әрі кетіңдер, тимеңдер оған деп, милиционерлерді кеудесінен итеріп жіберді де, Жамбылды ертіп сыртқа шықты.

Жамбыл бұл жолы үйіне бармады. Оны сөз жоқ әпербақан белсенділер іздейтін еді. Осыны сезген Жамбыл жоғары диірмен түбіндегі Степан тамырының үйіне барып былай деп өленделеткен екен.

Степан, амандаса келдім саған,
Түршігер сөз естідім түрі жаман.
Бөрі өлсе де, бөлтірігі сау жүргендей.
Ұзынағашқа келіпті төрт-бес адам...

1924 жылдың ноябрь айында Ұзынағашта Октябрь революциясының жеті жылдық мерекесіне арналған көрме ашылады. Осы мерекеге кімдердің келгенін, ондағы Жамбылдың тағы бір ақындық қайсарлығын Кенен былай әңгімелеп берген-ді:

– Күздің суық кезі. Ұзынағаш жотасына тоғыз үй тігілді. Алты канат ақ үйге ақындар жиналды. 7 ноябрьдегі бұл мерекеге сол кездегі Қазақстан басшыларынан Жандосов, Рысқұлов. Мыңбаев, Сапаров, қырғыздан Құдайқұлов, Оразбеков, жазушылардан Ілияс Жансүгіров, тағы бірқатары келді. Ілиясты алғаш рет сонда көрдік. Бізбен сөйлесіп, біраз өленделерімізді жазып алды. Ол жылдары мен Қордайға,

Мақыш екей еліне болыстыққа бекігеміз. Мақыш та ақын болатын. «Ол тілі ащы, бетке тік айтып, көпшілік арасында ұялтып тастайды» деп Жамбылды қақпайлай береді екен. Осы той кезінде де Мақыш сол әдетін істеп, Жәкеңді шақыртпай қойыпты. Тойдың хабарын жол-жөнекей естіген қарт жырау жауындатып Ұзынағашқа жетті. Ақындар отырған үйге келсе, есік алдындағы күзетші оны «ақын емессің» деп үйге кіргізбепті. Сыртта дабырласып жатқанда Жандосов өзі шығып, Жәкеңді үйге ертіп кіреді. Қартыңның үсті-басы су-су, сақалы тарам-тарам болып шашырап кетіпті. Бәрімізге өткір көзін бір алартып алды да, тұрған күйі былай деді:

«Ау! Мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Күңіреніп күн-түні
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Қатар-құрбы қадірлес,
Замандасты сағындым.
Қатаған мен Кебекбай –
Мақамдасты сағындым.
Көкте жүзген күміс күн,
Аппақ айды сағындым.
Қалдырмайтын тойынан
Ноғайбайды сағындым.
Кедейлерді жақтамай,
Байға қашан жағындым?!
Болысқа қашан бағындым?
Бой бермей жүріп оларға,
Бостандығым сағындым.
Күткен күнім туғандай,
Құрметім мен олжамнан
Не себепті қағылдым?!..
Жас ақындар қасында,
Дудар шашың басында.
Сиыр баққан, тас өртеп,
Әкеліңді білуші ем,
Ораз бенен Жұбаныш,
Торқалы тойға шақырмай
Мен сендерге неғылдым?!..

Жігіттерде «әдеп» жоқ,
Қыздарында сәлем жоқ,
Сондай ұл-қыз көргем жоқ.
Әйтеуір жас екем деп,
Көк қояндай секеңдеп,
Өзім айтып жүргем жоқ.
Ленин батыр большевик,
Келсе екен деп, аңсап ек.
Сол айтар деп күтіп ем,
Өзің тойды баста деп,
Үйретті ме сендерге,
Шал-кемпірді таста деп?!..

Бәріміз «қой-қойлап» жүріп, қартыңды әрең дегенде тоқтаттық. Ораз Жандосов Жамбылға хабар бергізбеген Мақышты көптің көзінше ұрсып, ұялтып, Жәкеңнен кешірім сұратты.

Пролетариаттың ұлы көсемі В.И. Ленин қайтыс болған жылы еліміздің барлық ақын, жыршы, шайыр, бахшы, жомокшы, хафиздары жоқтау, қоштасу, естірту жырлағаны белгілі. Қазақтың Жамбыл, Нартай, Кенен, Әріп, Қайып, Тұрмағамбет секілді ақындарының көсемге бағыштаған өлең, толғау жырлары өр тараптан естіліп жатты. Сол жылдардың өзінде «Ленинге» (О. Шораяқов), «Ленин күн» (Т. Ізтілеуов), «Ленин күніне» (Т. Үркімбаев), «Ленин жолымен» (Ы. Сандыбаев), «Ленинге арнау» (Ж. Аймұрзаев) сияқты өлең-арнаулар ауызша да, баспасөз бетінде де жарияланып, елден-елге таралды. Бұл шығармалардың көбісі жоқтау, естірту, жұбату түрінде айтылды.

Жамбылдың көсеміміз Лениннің қайтыс болған қазасын қалай есіткенін, қалай қайғырып, іштей күңіренгенін кезінде көзімен көргендер айтады.

– Жамбылдың 1924 жылдың қысында Ленин қайтыс болған күндері Алматыға келгені әлі есімде, – дейді Сара Есова, – Ораз әлгінде ғана кеңсеге кірген еді. Қолында Леннн суреті басылған қаралы газет болатын. Артынша Жәкең келе қалды. Ол: «Мына жұрт не деп жатыр?» – деп қалбалақтай берді. Ораз көсемнің қайтыс болғанын, бүкіл ел аза тұтып жатқанын түсіндірді оған. Ол орындыққа отыра кетті де, өзінше бірдеме деп күбірледі. Орнынан тұрып, Оразға жақындады. Алдындағы газетке тесіле қарап тұрды да, қолын сермеп, сөйлей бастады. Жай сөз шығар десек, өлең екен, кейін аңғардым. Ораз орнынан тұрды да:

– Тәте, осы өлеңіңізді ертең қаралы митингіде айтыңыз. Сізге сөз береміз,– деді.

Ертеңіне қала халқы алаңға жиналды. Қаралы митинг ашылды. Розыбакиев, Абдрахманов, тағы бірінен кейін Жамбылға сөз берілді. Ол сонда біраз өлең айтты. Көсемді мадақтады. Өлеңнің аяғы қоштасу сияқты болып шықты да, митингіде тұрғандарға «мықты болыңдар» деп, қайрат-жігер беретін сөз айтты.

...Қазақстанның өз алдына автономнялы республика болғанына 5 жыл толуына байланысты Алматыда үлкен мереке өткізілді. Осы тойға Жамбыл және оның біраз шәкірттері шақырылды. Сол тойдың өлең-жыр, ойын-сауық жағын басқарып жүрген Кенен мен Мақыш Жамбылға қарап:

– Ал, Жәке, байлардың тойын да, патшаның тойын да көрдің. Жарқылдаған қылыштың жүзі, сартылдаған қамшының өрімі ел басына ойнағанын әшкерелеп, өленді талай айттың ғой, енді мына өз тойың болды. Кәне, жырлап жіберіңіз? – деді.

Сонда Жамбыл томағасын алған қыран бүркіт қанатын қомдағандай, екі иығын бүлкілдетіп, домбырасын күйге келтірді де ұзақ толғаған. Уақтысында жазып алынбаған бұл толғаудың мазмұны советтік жаңа заман, оның көш басшы көсемі В.И. Ленин, ертеде езіліп келген қазақ халқының теңдікке қолы жетіп, өз алдына республнка болуы еді...

Айтыстар аз болған дейсіз бе?

Айтыс өнеріне Жамбыл жастай араласты. Шілдехана, тойларда қыз-жігіттермен әртүрлі айтысқа түсіп, бірде жеңіліп, бірде жеңіп жүреді. «Менің өмірім» деген толғауында:

Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп жарқылдадым, –

дегеніне қарағанда, ол Октябрь революциясына дейін де талай ақынмен айтысқан болар, сірә. Бірақ Жамбылдың өз айтқанына және шәкірттерінің жадында сақталып, хатқа түскен айтыстарына сүйенсек,

он шақты ғана сайысқа түскені мәлім. Олар: Айкүміс, Бөлектің қызы, Бөлтірік, Сары ақындарымен өлең қағысы, Майкөтпен дидарласуы, Шыбыл шалға айтқаны, Сарыбас, Құлмамбет, Досмағамбет және Шашубаймен айтыстары.

Бұдан басқа текстері түгел сақталмаған, ел арасында бірер шумақтары ғана айтылып жүрген айтыстары да жоқ емес. Бұған: Сайқал (жеңгелері солай атап кетсе керек) қызбен айтысы, Бұрым қызбен танысуы, Шерияздан сұлтанның ақынымен айтысы, Жаныс, Үмбетәлі және Мақышпен өлең қағысы жатады.

* * *

Он жеті жас шамасында Жамбыл Шу, Талас бойын аралап, Сайқал деген қызбен айтысады. Бұл Жамбылдың ел аузында сақталып келген алғашқы айтыстарының бірі. «Мына ауылда ақын қыз бар» деген сөзді естіп, Жамбыл оны іздеп барады. Үйге кіре берсе, үстінде жібек торғын көйлегі бар, жезден тастаған сәнді кебісін аяғының басына бірде іліп, бірде шешіп ойнап, емін-еркін көсіліп отырады. Ол жалба-жұлба киінген, өзі ел кезіп жүдеп жүрген Жамбылдың сиқын көріп мазақ етеді.

Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,
Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік.
Жиылған ақсақалдар, бозбалалар,
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік.

Сонда Жамбыл былай депті:

Арқаның жардай болар сары нары,
Кетпейді Алатаудың жаздай қары.
Істікке шанышқан сирақтай қып,
Қуартпай аяғыңды тартсаңшы әрі!

Бұрын мұндай тосын сөзді естіп көрмеген қыз сәл кідіріп қалады. Төрде отырған ақсақалдар:

– Тоқталма, шырағым, айта бер! – дейді.

Сайқал қыз жеңгесін шақырып алады. Ошақ басында оқ жыланша орғып жүрген жеңгесі келе сала:

– Мұндай диуана баланы жеңбейтін несі бар екен, кел, бикеш, қосыл маған, – дейді де, екеуі қосылып Жамбылға жабылады: жалба-

қай, кедей, кезбе, қаңғырған неме деп кемсітеді. Жамбыл саспайды, қайта өршелене түседі:

Атыңды қойған екен тауып Сайқал,
Әркім мініп тастаған сен бір байтал,
Қалай қалай сойлейсің, ей, әдепсіз,
Әлгі айтқан сөзіңнің бәрін қайта ал!
Ендеше, шотыр қатын, шотыр қатын,
Жайыңа қыстырылмай отыр, қатын!
Кесірлі қыз, қатынмен айтысатын
Мен емес үй-арасы жаяу ақын, –

деп екеуін қоса түйреп өтеді.

– Сендер қойыңдар, бұл баланы өлеңмен жеңіп болмас, – деп бәйбіше Жамбылдың жоралғысын беріп қайтарады.

Жаныс ақын Жамбылдан 5–6 жас үлкен болса керек. Сол жылы күзде ол Шықайды жеңген екен. Шықай тілді, сықақшыл ақын болса да, термелеп төгіп-төгіп сөйлейтін Жаныстан ықтай беріпті. Бір кезде Жаныс өзінің тәлім алып жүрген Майкөт ұстазына ұқсап, өз елінің батырларын дәріптеп, шілдей тозып жүрген Шыбыл елінің жігіттерін мінегенде, Шықай күмілжіп, жауап айта алмай қалыпты. Тыңдаушылар «Жаныс жеңді» деп тарасыпты. Екей аулының сол жиында болғандары намысқа тырысып, оны Жамбылға жеткізеді. Жамбыл енді Жаныспен кездессем деп жүреді. Сәті түскенде ол былай деп айтқан екен:

– Менің пірім Сүйінбай
Сөз сөйлемен сыйынбай.
...Селтеңдеген ақынды
Көрмеуші едім шыбындай,
Кәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағың шының ба-ай?
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде жеңген шыбылдай...

Бұл сөзге Жаныс ақын не дерін білмей отырып қалады. Шыбыл жағының адамдары:

– Жөн сөз!

– Жамбыл жеңді!

– Бәрекелде, талабыңа нұр жаусын! – десіп, Жамбылға риза болыпты.

* * *

Бір жолы Жамбыл жалайыр елінен қайтып келе жатып, жолда бір ерекше сәнді көшке жолығады. Сұрастырып қараса, балғалы Бөлек батырдың көші болып шығады. Көш алдында бір сұлу қыз кетіп бара жатады. Көк шолақпен тепектеп, тор шолақты жетектеп Жамбыл қызды жанай беріп өлеңмен қағысады. Бұл айтыстың жайын Жамбыл озінің әдеби хатшысы Ғ. Ормановқа жаздыра отырып, былай депті:

– Шеңгелдіден Қарашоқыға қарай бет алған қалың көшке жолықтым. Көш алдында тоғыз түйе жетелеген, құла қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы күміс, кигені дұрия-торғын, салтанатты қыз екен. Не де болса қатарласа жүргім келді. Жетегімдегі торы шолақты қамшылап жіберіп, қызға жанаса кеттім...

Жолаушылап келемін өзім жүдеп,
Киім тозған, сәнім жоқ, жолға түнеп.
Жылы көріп жүзіңді жақындап ем,
Қомытсынып сөйледің үдеп-үдеп, –

деп өз жағдайымды айттым. Қыз маған:

Жолаушы адам білемін жүдеп келер,
Еру елден бірдеңе тілеп келер.
Көш қасынан қалмайсың қосамжарлап,
Аулақ жүрсең, жарқыным, кім өкпелер, –

деп жауап берді. Мен:

Оның рас, жолаушы жүдеп келер,
Жүдесем де мен емес қыз өткерер.
Көк шолақпен көшінде бір жүрмесем,
Балғалыда Бөлектің қызы өкпелер, –

деп сөз аяғын әзіл, қалжыңға айналдырдым. Екеуіміз біраз қағыстық. Бір уақытта қыздың шешесі:

– Қызым, қоя ғой, бұл жігіт ақын екен, – деп орамал алым беріп, айтысты тоқтатып қойды.

* * *

Бұрым қыздан амалсыз айырылған албырт ақын келесі жылдың жаз айында Есқожа ауылының Ақтасты жайлауында өтіп жатқан тойға барады. Осы жиында ол Айкүміс деген ақын қызбен айтысады. Жөн сұрасып, таныса келіп екеуі махаббат күйін шертіседі.

Айкүміс, асықпауға шамам бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға, –

дейді Жамбыл.

Айкүміс:

Біле ме пенде шіркін оз кемісін,
Ел кезіп, есер мінез, сен де жүрсің.
Жаралған жат жұрттыққа ұрғашымыз,
Жарқыным, өкінбеші сен мен үшін.

Жамбыл:

Барарсың бір жаманға өзің қор боп,
Отырсың қарқарадай әзір зор боп.
Көзіңе көк шыбынды үймелетер,
Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, күйінесің неге сонша,
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша?!
Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың,
Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Осылайша Жамбыл махаббат сырын шертсе. Айкүміс басынын бос еместігін айтады.

«Орынсыз мақтанасың, ғашық болған Бұрым қыздан неге айырылдың?» – деп, оған кінә қояды.

– Кайтейін,– дейді Жамбыл,– ел арасы бүлінетін болды. Ағайындар араға түсіп, ақыры солай тынды.

* * *

Жамбыл 1875 жылдың күзінде Қарқара жайлауында күзем алып жатқан Албан ауылдарына барған. Бұл Жамбылдың екінші рет келуі. Кешке таман сол ауыл қыз-бозбалаларының ойын-сауығына қатысқан. «Ақ сүйек» ойналған. Алтыбақан тебілген, сонда әсем киінген, басында үкілі тақиясы бар, бір көрікті қыз домбырамен «ауылдың алты ауызын» айтып шыққан. Жамбыл оған «қонақ кәдемен» жауап берген. Екеуі әуелі осылайша танысқан. Жамбыл Жетісудың Сүйінбайдай дүлдүлінен бата алған жас талап шәкірті екенін, ел аралап, өзіне нақ сүйер жар іздеп жүргенін де жасырмаған. Әлгі ашық жарқын, танадай көзі жарқ-жұрқ еткен, өзі мүдірмей шешен сөйлейтін домбырашы қыз – Нұрбек байдың Сара дейтін ақын қызы екен.

Осыдан барып Жамбыл Сараны ұнатып, оған ғашық болған. Екеуі уәделесіп сөз байласқан. Содан Жамбыл ай сайын, араға ат ізін салып Сарамен жолығып тұрады. Екі жастың бұл сырын сезіп қалған Нұрбек қызына тыйым салады да, ертерек өзінің «бесік құда» болған жұртына ұзатып жібереді. Кейін Жамбыл Сараның артынан іздеп те барады. Еріксіз ұзатылған Сара оған бар мұңын шаққан. Күйеуінің өлең айтуға тыйым салатын жайсыз мінезін айтқан.

– Шіркін, Сара десе, дегендей еді-ау! – дер екен Жәкең, – ондай сұлу, әрі ақылды, ашық-жарқын, жайдары мінезді, өзі ақын, домбырашы қызды кездестірген емеспін. Оның «Айугай-ай, ай-угай!» деп салатын әні әлі есімнен кетпейді. Осы әнге салып екеуміз былай деп айтысқан едік:

Сара:

Нұрбек байдың қызы едім атым Сара,
Жеке келген бәйгеден мен бір дара.
Әй-угай-ау, әй-угай!
Өзің білмей кісіден жөн сұрайсың,
Қайда кеткен ақылың, байғұс бала?
Әй-угай-ау, әй угай!

Жамбыл:

Нұрбек байдың қызы едің атың Сара,
Жеке келген бәйгеден сен бір дара.
Әй-угай-ау, әй-угай!
Жанамалап қасыңа келіп қалдым,
Бұл баланы жүргесің есіңе ала!
Әй-угай-ау, әй-угай!

Сара:

Әбсер барсаң, Әбсер бар, Қызылжар бар,
Өзім сылқым, өзім сал, мен кімге зар?
Әй-угай-ау, әй-угай!
Шыңға біткен біреудің шынарымын,
Көлеңкемнен аулақ жүр, менде нең бар?!
Әй-угай-ау, әй-угай!

Жамбыл:

Әбсер барсаң, Әбсер бар, Қызылжар бар,
Ізден келдім өзіңе болып құмар.
Әй-угай-ау, әй-угай!
Сен де шынар, Саражан, мен де шынар,
Екі шынар қосылса, көңіл тынар.
Әй-угай-ау, әй-угай!..

Жамбыл мен Сара қыздың осы айтысын «Әй-угай» әніне салып, бізге орындап берген Кәдір ақсақал, домбырасын жанына сүйеді де, маңдай терін сүртіп, дастарқанға қол созды. Шайды бір ұрттады да, қасында отырған кемпіріне қарады.

– Шайың суып қалыпты ғой, кемпірім! – деп жымиды.– Қайтадан қайнатып әкеле қойыңдар. Әңгіменің қызығы алда, мына астанадан келген бала түгел жазып алып кетсін.

– Иә, шырағым, – деді ол әңгімесін жалғап,– осындай ән шығарып, Жамбылдай ақынмен айтысуына қарағанда Сара қыз да осал ақын болмаса керек.

Мен Сараның жайын сұрадым:

– Ол қай ауылдан, кімнің қызы? Біреулер оны кәдімгі Біржан салмен айтысатын Сара Тастанбек қызымен шатастырып жүр, қайсысы дұрыс? – деп, сұрақ қойдым.

– Мен білетін Бекетбай жыршының айтуы бойынша, – деді Кәдір, – Жамбылмен кездескен жылы Сара Нұрбек қызы он сегіздер шамасында болса керек. Ал, Сара Тастанбек қызының 1878 жылы туғаны тарихтан белгілі. Сонда екі Сараның арасында 22 жылдай бар. Жамбыл Нұрбек қызымен айтысқан жылы Тастанбек қызы үшақ жаста болып шығады. Сондықтан Жамбылды Тастанбек қызымен айтысты деудің қисыны келмейді. Екі Сараны кім шатастырып жүр? Нұрбек қызы Сара – албан елінің қызы. Олар Қарқара, Нарынқол жағын жайлаған. Ал, Тастанбек қызы Сара Ақсу өзені бойын мекендеген матай – кенже, оның ішінде Тастемір ауылының қызы. Бұл ауылды халық «әнші, күйші, ақын, жыршы дарыған сауықшы ел» деп атайды. Тастемір елінен кәдімгі Ілияс ағайдың (Жансүгіровты айтады) «Күй» поэмасында айтылатын Молықбай күйші, Бекетбай, Толғанбай деген жүйрік ақындар шыққан. Мен бұл ақындарды жас кезімде талай көріп, жырын тыңдағанмын...

Кәдір ақсақалдың дәлелді дәйектер айтқанына мен риза болып отырмын. Өйтпегенде ше, мұндай қариялар тірі тарих. Ертедегі жазу-сызуы болмаған, болса да тарих, шежіре жазып дағдыланбаған елде осындай шежіре қарттардың болуы қандай ғанибет!

Кәдір Ибрагимов 1908 жылы Талдықорған облысы, Қапал ауданы, «Арасан» колхозында туған. Жастайынан Бекетбай жыршының жырын тыңдап, жолына түсіп, «ақын бала» атанған. Ұзақ жылдар бойы мектепте ұстаздық етіп келген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1963 жылдан аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып істеген. Жыршылығымен қатар, әуесқой композиторлық қабілеті де бар. «Жастар әні», «Ақсуым», «Арасан», тағы басқа әндері осы кезге дейін шырқалып келеді.

* * *

Жамбыл Сарымен 22 жасында айтысқан. Сары тілге шешен, тапқыр, ділмар ақын болыпты. Жамбылдың өзі бұл жөнінде: «Үлкенсаз жайлауында отырғанда Сарыбайдыкіне бір топ кісі түсе қалды. Ішінде Сары ақын бар екен. Сарыбайды әдейі іздеп келіпті. Сәлемдесіп төрге жайғасқан соң, Сары ақын Сарыбайға қадала сөйлеп, екпіні тау құлатқандай, бастырмалата бастады. Сарыбай өз үйінде бірдеме деуге батпай, абыржығандай сынық мінез байқата берді. Келмей жатып елдің ақылшы ағасының жағасынан алып, әдептен аттағанын теріс көрдім де, кенеттен ара түсіп, Сарыға өлеңмен айқаса кеттім».

Сары ақын Сарыбаймен (1821–1890) тұстас, Сары үйсін елінен шыққан ақын екен. Ол Сарыбай төріне жайғаса беріп:

Жолы болар жігіттің
Оңға басар әр ісі.
Түбі жаман дерттің
Ем болмайды дәрісі,
Уа, Сарыбай, айтып бер.
Осы сөздің не болмақ,
Ойлағанға мәнісі? –

деп оған сауал қоя килігіпті.

Сарыбай өз үйінде әдеп сақтап, оған жауап айта қоймапты. Сонда намысқа тырысқан жас ақын Жамбыл:

...Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз оңға жүгірген.
Сүйекемді көргенде,
Жүрегіңіз түңілген...
Жеңілгенді намыс қып,
Аш беліңіз бүгілген.
Сүйекем жоқ бұл жерде,
Дәрі берер тілінен, –

деп сұрағына жауап бере келіп, оның ілгеріде Сүйінбаймен айтысып, жеңіліп қалғанын бетіне басыпты.

* * *

Жамбылдың Бақтыбай ақынмен айтысында ешқандай ұзақ сонар сөз жарыстыру жоқ. Аға ақын мен жас ақынның озара дидарласып, танысуы баян етілген. Бақтыбай шау тартып қалғанын, кезінде он бір ақынды жеңгенін айтса, Жамбыл шапыраштыеліненмін, Қарақастек қонысым деп, жас кезінде Майкөт, Құлмамбет, Майлықожа, Құлыншақ ақындарды ұстаз тұтқанын атайды.

Байқауымызша, Жамбылдың Бақтыбаймен айтысында жылнама жағынан бір сәйкессіздік бар сияқты. 1946 жылғы толық жинағында: 27–28-дер шамасында Жамбыл жалайыр елін аралаған, сонда Бақтыбай ақынмен кездесіп, өлеңмен танысқан десе, 1982 жылғы шық-

қан екі томдығының I-томындағы түсінікте «Бақтыбай мен Жамбыл шамамен 1872 жылдары Балғалының балалары Молдағұл мен Қожаханның ауылында кездескен» деп көрсетілген. Осы түсінікте Бақтыбай Жолбарысұлы 1835 жылы туып, 1919 жылы қайтыс болды деп жазылыпты. Сонда Жамбыл – 26, Бақтыбай 37 жаста болып шығады. Екеуінің арасы 11 жас қана. Ал екі ақынның айтысын оқып отырсақ, бұл жастар сәйкес келмейді. Бақтыбайдың өзі:

Өзің қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда,
Көне тартқан шағым бар...
Қырсау тартқан кісімін.
Мен өлеңнің саяғы,
Күй мен сөзді ағытқан
Қайратым жоқ баяғы, –

деп өзінің қартайған шағын білдіреді. Сонда Бақтыбай жасының 60-тан асып қалған кезі емес пе? Жамбыл 1890 жылдар сол өңірді екінші рет аралап, қызылбөрік ауылындағы Бөлтірік Атықановты ертіп, бірнеше күн өлең айтқан. Сол сапарда, барарында ма, әлде қайтарында ма, Бақтыбай ауылына соғып өтуі мүмкін. Бұл дидарласу сол тұста болса керек деп ойлаймыз.

* * *

1890 жылдың жазында Жамбыл албан еліне бара жатып, жолда Түрген тауының баурайындағы Төре жайлауында отырған Жүнісбай деген досының үйіне түседі. Сөйтсе, ол үйде бір топ болыс, байлар шыбыл елінің бір ақынына өлең-жыр айтқызып, тамашалап отырады. Жамбылдың ақындық алғырлығын бұрыннан естіп жүрген әлгі шыбыл шалы бір мінеп тастамақ болып, оған тиіседі. Сонда Жамбыл «Ей, не дейсің, шыбылым?» деп термелеп, оны біраз жерге апарын тастайды да, өзінің досына жүгінеді:

...Жүнісбайға жүгінем,
Сөзді салсын сарапқа.
Шыбыл шыбыл болғалы
Бір кәдеге жарап па?
Төрт асылдың баласы

Төрт құлақты кемедей.
Ортасында шыбыл жүр,
Орт сондірген немедей.

Мір оғындай өткір сөзге шыбыл ақыны жауап айта алмайды.

* * *

Майкөт Сандыбайұлы (1824–1903) кезінде ірі айтыскер ақын болған. Ол Құлмамбет, Майлықожа, Құлыншақ, Сүйінбай, Түбек, Бөлтірік, Бақтыбай, қырғыз ақыны Есенаманмен айтысқан. Әулие-ата, Жетісудағы ақындардың ағасы іспетті саналған. Майкөт қисса, дастандарды көп жырлаған. Ә. Диваев оны «Қаратаудың күллі маржанын алқа етіп тағып алған ақын» деп бағалаған. Майкөтті Ташкентке шақырып, өз шығармаларын және халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алып, оны «Қазақ хрестоматиясына» (1883), «Сырдария облысының қазақ, қырғыздары» (1889) деген жинақта жариялаған. Сарыбайдың асын жасы үлкен аға деп Майкөтке бастатқан.

Майкөттің көпшілік ойын таба жырлаған, ұзақ толғауы тыңдаушыларға қатты ұнайды. Оны тойға келген ақын, жыршылар жаттап алады. Ел риза болып Майкөт ақынға ақбоз үй тіккізіп, күтіп, сыйлаған. Сол жолы Жамбыл:

Сіз бе еді, ақын аға, Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген,–

деп аға ақынға сәлем бере танысқан. Сонда риза болған Майкөт:

Бәрекелде, Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің.
Аңғарыңды танылым.
Көтеріліп, желпіндім,
Аталы сөз мәні мол,
Жылағымды келтірдің,
Тал бойында бар екен
Алыс шабар серпінің,
Тауып айтқан сөзіңе

Селт еттім де, серпілдім.
Мейірім түсті өзіңе,
Бата берсем деп тұрмын,–

деп оған ықылас білдірген. Жамбыл сол жолы Майкөттен бірқатар өлең, айтыстарын үйреніп алады.

* * *

Жамбылдың айтыскерлік даңқын шығарған Құлмамбетпен айтысы. Бұл айтыс 1881 жылы Іле бойындағы жәрмеңкеде өтеді. (Бір деректе 1897 жылы албан елінің жайлауында өткен деп жазылған). Құлмамбет те осал ақын болмаған. Ол кезінде Жанақ, Түбек, Бақтыбай, Сүйінбай, Майкөт тәрізді ірі ақындармен айтысқан дүлдүл ақын. Жамбыл да «Майкөт ақын, Құлмамбет орын берді қасынан» деп оларды ұстаз тұтқан.

Құлмамбет ақын 1826 жылы қазіргі Алматы облысы, Кеген ауданында туып, 1903 жылы қайтыс болған. М. Әуезов оны 1815 жылы туып, 1898 жылы өлген деп көрсетеді. Ал айтыс жинағының 1965 жылғы I-томында 1830 жылы туып, 1900 жылы өлген деп жазылған, біз Қазақ совет энциклопедиясында жазылған деректі дұрыс деп, соны алдық. Ел арасында оны «Құланаян Құлмамбет» дейді. Онысы албандағы қызылбөрік руының Құланаян атасынан шыққандығын білдіреді. Бұл айтыс кезінде Құлмамбет – 55, Жамбыл –35 жаста. Тоғыз ақынды бірдей жеңіп отырған Құлмамбет:

– Енді менімен айтысатын кімің бар? – деп тіленеді.

– Жамбыл бар, – дейді біреу, – оның тәрізі бөлек, өлеңі өткір, тілі мірдің оғындай. – Сонда Құлмамбет желпіне түсіп, үй иесі Құдайбергенге қарап былай дейді:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда отыр ол немесі,
Көрелік, оны неге ардақтайды?
Құдаке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?..
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
...Өлеңші толып отыр көбелектей,

Тоғыз ақын толғанып төңіректей,
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,
Немене, бәріңді де басып өтпей...

Сонда шапырашты, ысты ауылдарынан келгендер намысқа тырысып, өздерінің «от ауызды, орақ тілді» Жамбылын алдырады. Кезінде талай ақындармен айтысып, жүлдегер болған қарт жырау алғашқыда Жамбылды менсінбейді. «Болғанда мен ақ сұңқар, сен бір тауық»,– деп серпіле сөйлеп, өз руының бай мен бектерін дәріптей береді. Жамбыл: «Елді сорған, арам тамақ, сасық байларыңды мақтағаннан не пайда, одан да ел қорғаған батырларың бар ма, соны айт»,– деп оның бетін бір қайырып тастайды да, өз елінің Сұраншы, Саурық, Өтегендей батырларын, олардың жорықтарын толғайды. Жамбыл осылайша батырлықты, адалдықты, адамдықты айтқанда, Құлмамбет мүдіріп қала береді. Оның ертеректе Арқада болған барымта, дауға қатысып, бұл елге қашып келгенін, ағасының молдалық жолға түсіп кеткенін бетіне басып, бізден аулақ жүр, кесір-кесапатың жұғады дейді.

А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет,
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді.
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады.
Қараңғы тұман түнмен кет! –

дейтін өлең жолдары тыңдаушы көкейіне ұялайды.

Айтыстың қай кезде, қай жерде өткені, қайсысының не дегені, Құлмамбетті қалай жеңгені жөнінде Жамбылдың өзі кезінде былай деген:

– Ойбой, оны мен жеңгенім жоқ, атамыз Қарасай мен ақиық ақын Сүйінбайдың атағы ғой жеңдірген. Әйтпесе Құлмамбет дегендерің ол кезде аузымен құс тістеп, шүйілігіп тұрған кезі еді. Болмаса Іле бойындағы сол топта тоғыз ақынды жеңіп, домбырасын керегеге байлап қоя ма?

Сол жолы үлкен жиынға албан, дулат, суан, шапырашты арысы – үйсіннің барлық мықтылары жиналды. Ар жағынан найман мен садыр, матай да келді. Тумысында мұндай ұлан-асыр үлкен жиын, үлкен топты көргенім жоқ. Ауылда өлең айтып жүргенімде екі адам келіп шақырды. Олардың «Құлмамбет тоғыз ақынды жеңіпті» деген сөзінен сескендім де, тәуекел деп бардым. Бәрі 12 қанат киіз үйде отыр екен. Төрде шүйдесі шоқпардай болып Құттықсейіттің Құдайбергені маған одырая қарады Ояздан сәл төмен күшігендей көзін сүзіп Құлмамбет шүйлігіп отыр. Мен босағаны аттағаннан-ақ жержебіріме жетіп, өлеңнің дауылын боратты Сонда Құлмамбет былай деген еді:

Жамбылды ер дейміз бе, бел дейміз бе,
Көтеремді көктемде жемдейміз бе,
Жалаңаяқ жарлыны ерттеп мініп,
Қой соңына салып бір желмейміз бе,
Қызықты, уа халайық, көрмейміз бе,
Жыртық тонды Жамбылдан жеңілген соң,
Тамам албан ұяттан өлмейміз бе?
Ақын деп бір тулақты алып кепті
Албан, суан ортаға алып көрмейміз бе?–

деп борандатқаны-ақ. Мен алғашында не айтарымды білмей қатты састым. Бұрын-соңды ағайын арасында мұндай айтыс болып көрген жоқ. Сүйінбай болса қырғыз Қатағанмен айтысты. Осыны ойлап аузыма сөз түспеген еді. Сонда төрде отырған Құттықсейіттің Құдайбергені жанында отыр аңдарға сыбырлап «Жамбылға айтыңдар, албан екен деп аянбасын, Құлмамбеттің түбі уақ. Албанға сіңбе» деді. Соны естіген соң мен де бір бүйірден кірістім:

Құлмамбет, заманыңда болдың құлан,
Аузыңда Алла, кәпірім қолда құран.
Арқадан кісі өлтіріп қаңғып келіп,
Албанға дінін сатқан сен бір жылан.
Шаласың ақиланып бір қиядан,
Мерт боларыңды білмейсің қапиядан.
Түбің жоқ, арғын да емес, албан да емес,
Құдайым сақтай көрсін сұрқиядан.

Оңа ма елін сатқан, жерін сатқан,
Саудагер сарт емес пе ең әуел бастан.
Аруаққа тіл тигізбе жүзі қара,
Арғы атам ер Қарасай жауға шапқан, –

деп мен оның арғы түбінің шикі екенін бетіне баса айттым. Сол жолы Құлмамбеттің жеңілгені анық еді. Дегенмен де, Құлмамбет өте азулы, алды қатты ақын болатын. Оның айтысатын, алысатын ақындары Сүйінбай, Түбек сықылды өрен жүйрік, ақпа ақындар. Сол жолы ұлықтарға арқа сүйеген Құлмамбет менің жер-жебіріме тағы да жете түсті. Ол былай деді:

Кездестік құдай айдап мешін жылы,
Ақын деп алып келген несін мұны.
Болғанда мен арыстан, сен бір тышқан.
Ініңе кіре алмайсың тышқан құрлы.
Жамбыл-ау, қобыз шалған жын емес пе ең,
Кезінде қоқандардың құлы емес пе ең.
Жүргенде мықтылардың атын байлап,
Қапияда қаларсың бұл егеспен.
Рас, сенің Сұраншың батыр болған,
Оқ тиіп шейт болды тақыр қолдан,
Сарыбайың Сайрамда қашып кетіп,
Талай ер соңына ерген опат болған.
Ешкінің көң тулағын киген Жамбыл
Жын қуып, қобыз шалып жүрген Жамбыл,
Тең келе ме жапалақ ақ сұңқарға,
Көтерілер бұл жерден іргең, Жамбыл.
Жамбыл қашан батыр боп сауыт кидің,
Ұран салып, қашан сен жауға тидің,
Қызып тұрған темірге қарылам деп,
Сексеуілдің шоғына босқа күйдің, –

деп Құлмамбет оңды-солды борандатқанда, сондағы отырған ағайындарым: «Бұл Жамбыл не тауып айтады», – деп бәрі де жер шұқып бастарын көтере алмады. Сондағы қайтарған жауабым:

Кедейсің деп еліме жаптың жала,
Түк таппасаң Іленің құмын сана.

Суға батып тал қармап жүргеніңде,
Албанға кеп кейқуат таптың пана.
Байғұс тазым, арқадан ауып келдің,
Мият тұтып Албанды тауып келдің,
Албан мен суанды жаудан қорғап,
Қарасайдай қалмаққа шауып па едің?
Тағы да таз Құлмамбет, ауып келдің
Төбеттей өз ағаңды қауып келдің,
Кісі өлтірген қарақшы, жүзі қара,
Ойрандап ошағыңды шауып келдің.
Сөз дегенің Іледей су болды ма?
Сорпасы бұл албанның бу болды ма?
Құлмамбет, ақиланып ақырасың,
Сен өзің кірме емес пе ең Құлболдыға!
Замана түлкі мінез сұм болды ма,
Құлмамбет ақын емес жын болды ма?!
Деуші еді Құлмамбеттің түбі қалмақ,
Япырмау, мұның өзі шын болды ма?
Табынасың құ тазым, ұлықтарға,
Елдің қамын ойлайтын ұлық бар ма?
Албанның итаяғын жалаған соң,
Басасың не түрлі бір сұмдықтарға,–

деп мен де Құлмамбеттің түп атасының кім екенін отырған қауым алдына әшкерелей бердім. Осы айтысқа екі елдің билеушілері мен ұлықтары 500 сом бәйге тіккен екен. Ол кездегі жылқының құны 10–15 сомнан артпайтын. Құлмамбетті жеңуін мен жеңдім, ақшаны жуандар жеді».

Жамбылдың бұл әңгімесін 1923 жылы Белқожа Қыпшақбаев деген шежіре қария оның өз аузынан еестіген. Кейінірек одан жазып алған Жамбыл музейінің байырғы қызметкері Базарбек Атшабаров. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Дерек музей архивінен алынды.

Бұл таптық, әлеуметтік тақырыпта жырланған аса құнды, әрі мәнді айтыс. Онда ертедегі қанаушы таптардың күні ұзаққа бармайтыны, еңбекші бұқараның елдік, ерлік, бейбітшілік, бақытты тұрмысты аңсайтын арман-мұраты баяндалған. Сондықтан да Жамбыл сөзі үстем болып шыға берген.

* * *

Сарыбас пен Жамбыл айтысы былай туыпты: 1895 жылы Верный (Алматы) қаласында Қожамбердінің үйінде үлкен жиын болып, онда Жетісу өңірінің би, болыс, байлары бас қосқан. Осы жиында Сарыбас ақын өлең, жыр айтып отырады. Сарыбастың шын аты – Тілеулі Майкөтұлы. Ел түр-түсіне қарап, Сарыбас атап кеткен. Осы күнгі Жамбыл облысы, Красногор ауданында 1849 жылы туып, 1914 жылы сонда қайтыс болған. Сол өңірдегі Кебекбай шешеннің жанында ақын болып жүрген Кенен Әзірбаевтың жақын ағалары, ұстазы. Кезінде бірқатар ақындармен айтысып, ел құрметіне бөленген. Оның Қуандық ақынмен айтысын ел жатқа айтады. Көпшіліктің қалауы бойынша Ұзынағаштағы Жамбылға ат жібертеді. Қонақтар кең дастарқаннан тамақ ала бергенде, қолында домбырасы бар, жүдеу ақын кіріп келеді. Бұл – Жамбыл еді. Үйдегілер оған адырая қарасады. Төрде отырған Ноғайбай мырза:

– Қолына таяқ ұстаған бұл кім өзі? – деп оны таныса да, танымаған сыңай білдіреді. Шапыраштының бір биі:

– Сүйекемнің шәкірті Жамбыл ғой, – деп оны жақтай сөйлейді.

– Жамбыл деген немеңіз, екейдегі осы ма? – деп Ноғайбай оны кекете сөйлейді.– Кәне, сөйлеші! Қожамберді сені жақсы ақын деп мақтайды. Ақын екеніңді көрейік. Домалақ анадан сөз қозғашы?

Екі ақын айтысы басталып кетеді. Кезекті Сарыбас алады. Ол әуел бастан-ақ Жамбыл ауылын төмендете сөйлейді. «Ұзынагаштағы егінші, бұл араға келгенде несімен мақтанады. Қалың дулат ішінде, бай десең де менде көп, бек десең де менде көп, жер қайысқан мал да көп, ақыл айтар шал да көп» деп өз елінің байлығын мақтан етеді.

Сонда ақындық арқасы қозып кеткен Жамбыл Домалақ ана туралы аңызды толғайды. Домалақ ана – кәдімгі «Қобланды батыр» эпосындағы Тайбурыл тұлпарды баптайтын Құртқа бейнесімен сабақтас тұлға. Ол Байдабектің Сарыбауыр тұлпарын құлынынан баптаған. Қырғыздың Аққошқар батыры байдың жылқысын барымталап айдап кеткенде, Домалақ ана Сарыбауыр айғырды ұстап қалады. Байдабектің сегіз баласы одан:

– Жылқы қайда, айғырды неге ұстап қалдың, – деп сұрағанда, Домалақ ана:

Балалар, оған бармаңдар,
Түп қазығы бізде,– деп,

Таңға жуық болғанда,
Жылқың қалар мұнда кеп,
Арттан қуып барсаңдар,
Мерт боларсың, балалар,–

деп олардың шылбырына оралады. Жігіттер оны тыңдамайды. Ақыры бәрі сойылдасып мерт болады. Одан әрмен ақын Байдабектің қуып барып, балаларының опат болғанын көріп, өліктерін алып қайтқанын жырлайды.

Түн ортасы болғанда,
Құрайт салды Домалақ.
Сарыайғырдың даусына
Тас жаңғырды домалап,
Таң сарғайып келгенде,
Қалың жылқы шұрқырап,
Келеді шаңы бұрқырап... –

Осылайша Домалақ ананың қасиетімен барлық жылқысын жинап, еліне қайтады.

Мұнан соңғы эпизодтарда Жамбыл сол Домалақ анадан Жарықшақ деген ұл туғанын, оның өсіп-өнгенін, ол ұрпақтан Сыпатай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Андас, Қырбас, Атамқұл сияқты батырлардың тарайтынын баян етеді. Олардың бәрі де кезінде елін сыртқы жаудан қорғап, ел тыныштығын сақтап қалған халық қамқоры болады. Ақын бұл батырлардың бәрін де әсерлей суреттеп, олардың қаһармандық күрес, жорықтарын дәріптейді.

Бұл айтыс хақында бірқатар фольклор зерттеушілері кезінде бағалы пікірлер айтқан. Олар айтыстың бұқарашылдық, халықтық мазмұнын ашты. Көркемдік, композициялық ерекшеліктеріне тоқталды.

Жамбылдың бұл айтысы өзге ақын айтыстарынан мүлдем бөлек. Жанрлық тұрғыдан көптеген эпизодтар өзара жалғасып жатқан, эпикалық кең құлашты, сөре айтыс. Оның ішінде монолог та, диалог та, мөлтек-мөлтек эпизод, суреттемелер де, яғни поэтикаға тән ерекшелік қасиеттердің бәрі де бар. Осы жағынан алып қарағанда, бұл айтысты белгілі бір сюжетті оқиғаға құрылған дастан-хикая деп те санауға болады. Осы айтып отырған ерекше қасиеттердің барлығынан бұл айтыстың құндылығын, оны жырлаған ақынның асқан шеберлігін танимыз.

* * *

1909 жылы Алматы қаласында Байбұлан үйінде жиын өтеді. Оған қатысқан сол кездің ел басшы, би-шонжарлары Жамбыл мен Шашубайды айтыстырмақ болып, аулынан Жамбылды алдырады. Жамбыл келгенше Шашубай ақын ондағы ел-жұртпен дидарласып, өлеңмен сәлемдесіп отырады. «Мен Арқадан келген Шашубаймын, малға кедей болсам да, әнге баймын, менімен айтысатын ақындарың бар ма, осында Жамбыл деген бар дейді, алдырыңдар. Оның менімен айтысуға жарар ма екен?» – деп өзін-өзі көтермелейді.

Түс кезінде Жамбыл үйге кіріп келеді. Шашубай: «Сырлы ағашын қолына ұстап келген бұл кім?» – дейді. Жиында отырғандардың бірі:

– Өзіңіз шақыртқан Жамбыл осы, – дейді.

Шашубай:

Жүрмісің аман-есен, ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайыңнан болдың даңғыл.
Үндемейсің ұнжырғаң түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа тәңір алғыр, –

деп Шашубай амандаса келіп, Жамбыл елінің Сәлім, Байбатша, Мөңке сияқты болыс, билерін мінеп, оның намысына тие сөйлейді. Сонда Мөңке би:

– Жамбыл-ау, мынауың бізді тірідей жеп барады ғой, енді қашан сөйлейсің? – деді.

– Айта түссін, алдымен ақындық әуселесін байқап алайық, – деп Жамбыл уәжден ұстар жерді күтіп отырады.

Сөйлесіп мен сықылды кемеңгерге,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Шұбырып ақтабан боп келген арғын,
Желіктің өз сөзіңнен неменеге? –

деп Жамбыл оны бір қағытып өтеді. Алдында би-болыстармен танысып, қыза серпіліп отырған Шашубайға бұл сөз оқтай тиеді. Намысқа тырысқан Шашубай: «Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиядай тілмаштарым бар. Бұлар тұрғанда «жандарал да бұзбайды жарлығымды» деп соларды арқа тұтады. Қайырымды Байбұландай адамым бар», –

деп оның байлығын мақтан етеді. Жамбыл оған мынадай ұтымды уәж табады:

Байбұлан мініп келген қарала атты,
Келді де біздің жердің дәмін татты.
Алматы тастағында қара лашық
Тікті де, коң-қоқырда үш жыл жатты.
...Терi-терсек жымқырып, ұрлап сатты,
Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты.

Мұндай дәл айтылған мірдің оғындай сөзге Шашубай лаж жоқ, тосылып қалады. Осы кезде Бақия: «Төрелерге тіл тигізді», – деп Жамбылдың домбырасын сындырмақ болып, оған жармаса түседі. «Менің үйімде жанжал шығардың»,– деп Байбұлан да көтеріледі.

– Ақынымызды сабатып қоямыз ба? – деп екінші жақтан Мөңкенің жанындағы Жетісу адамдары да өре түрегеледі. Ақыры ұрыс-керіс, айқай-жанжал басылады. Сөз мәнісіне түсінетін екі ақын құшақ жайып, дос болып тарқасады. Кейін Жамбыл Шашубай әріптесін ауылына шақырып, сыйлы қонағы етіп күтеді. Екеуі Жетісу елін бірге аралап, ел-жұртты ән-күйге бөлейді. Осы ақындық серуенге Жамбыл шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, тағы бірқатары қатысып, сауық-сайран құрады. Шашубай оларға өз өлең, әндерінен басқа Арқаның атақты әнші-ақындары Ақан сері, Біржан сал әндерімен таныстырады.

* * *

Шариғат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе үйіне,
Күңіреніп бармаған,
Аттан шауып бай өлсе,
Қирағаттап құранды,
Күні-түні санаған.
Жақсы көрсе молданы,
Көз бояушы зұлым деп,
Көпшілік неге қарғаған?

Бұл уытты жолдар Жамбылдың Досмағамбет ақынға айтқаны. Досмағамбет – 1883 жылы қазіргі Талдықорған облысы, Қаратал ауданында туып, 1910 жылдары қайтыс болған. Жастай оқып, ескіше хат таныған. Өлеңді ауызша да, жазып та шығаратын талантты ақын. Екі ақын 1907 жылы Іле өзенінің солтүстік жағы Арқарлы тауының етегіндегі Көбісбайдың үйінде кездеседі. Көбісбай Досмағамбетке нағашы екен. Ол: «Жиенжан, сені тәуір ақын деп естимін, кәне, өлең айтшы?» – деп қолқалайды. Досмағамбет асқақтата жыр төгіп отырғанда, оның даусын анадайдан естіп Жамбыл барады. Танысып болған соң, екеуі алма-кезек өлең-жыр айтып отырады. Жамбыл ұстазы Сүйінбайдың Жантаймен айтысын, Қарқабат, Қабан, Бұхар, Кемпірбай толғау-термелерін шертеді. Досмағамбет те біраз өлең-жыр айтады. Таңертеңгі шай үстінде Жамбыл: «Не де болса, Досмағамбетті бір қағытып өтейін» деп айтысты бастап кетеді:

Қысы-жазы ау салып,
Іледен балық қоймадың,
Шіріген сүйек жесең де,
Қарның шығып тоймадың,–

деген сын сөзіне Досмағамбет іле-шала:

Асығып өлең айтам деп,
Бір киеге жолықпа!
Мал таба алмай қыз сатқан,
Менің жеген балығым
Мұнан жаман болып па? –

деп жауап қатып, Жамбылды аз да болса тосылтып қояды. Әрине, Жамбыл мұнымен жеңіліп, сөз таба алмай отырып қалған жоқ. Досмағамбет жайынан байқағаны, аңдағаны көп алғыр ақын:

Сол Қожақан болысың
Мекеге барды Қажы боп.
Боза, арақ ішкен соң,
Айтады несін Қажы деп.
Пара тағы жейді екен,
Ел ішінде Қазы боп, –

деп, оның жарамсыз қылықтарын бетіне басады. Сөзге қаншама жүйрікпін дегенмен Досмағамбет бұл уәжді сындарға төтеп бере алмайды.

* * *

Өзінің тағы бір талантты шәкірті Үмбетәлі Кәрібаевтың ақындық өнерін Жамбыл жоғары бағалаған. Оны «Өлең-жырдың қара жорғасы» деп атаған. Үмбетәлінің төкпелей төгілте термелейтін өнерін сүйсіне тыңдайтын. Екеуі кездесе қалғанда өлеңмен сәлемдесіп, қағысып, қалжыңдасып та қалады.

Бір жолы Айқым ауылы ырғын той өткізіп, ол тойда Үмбетәлі түнімен қисса-жыр айтады. Таң ата бір дастанның басын қайырып, енді ұйқыға бас қоя бергенде, Жамбыл барып оны өлеңмен оятады.

Ұйқыда жатырмысың, қара бала,
Сөйлесе бұл Жамбылдың сөзі дара.
Тұрмайды тұлпар дуда деген осы,
Жамбылдың тойға келген қалпын қара!
Танимын мен сөзіңді аңғарынан,
Жамбылдың ешкім өтпес алдарынан.
Алдыңа атаң Жамбыл келіп отыр,
Олжа бер, қара бала, алғаныңнан!

Сонда Үмбетәлі тұра салып ұстазына:

Белгілі, Жамбыл қария, ісің сенің,
Бұл халыққа жария күшің сенің.
Аяғыңды байқап бас, тайып кетпе,
Шайнайтұғын мұққалған тісің сенің.
Жасыңнан Жамбыл ақын атанғаның,
Кешегі Сүйінбайдан бата алғаның.
Шәкірт боп Сүйінбайдан бата алған соң,
Үйіңде бес күн түнеп жата алмадың.
Алсаң да алдыңа сап қанша дәулет,
Жамбыл-ау, сонда да бай атанбадың, –

деп жауап беріпті. Екеуі біраз жерге барысыпты. Тәйтелінің бір қариясы:

– Жәкеңнің жолы үлкен, ол тұрғанда саған сөз қайда? Жолын бер! – деп ортадан кесім айтыпты.

Дастандар даңқы

Кезінде Жамбыл эпикалық дастан, қиссаларды мол жырлаған. Жамбыл жөнінде алғаш рет деректеме берген Шамғали Сарыбаев құрастырған «Терме» (1925) жинағында Жамбыл жырлап келген дастандар тізіп аталған:

«Ерназар–Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Шалтабай», «Көрұғлы». Сол жинақта Жамбыл «Көрұғлыны» 15 күн жырлайды деп көрсетілген. Ал Жамбылдың көзін көріп, өз аузынан әңгіме, өлеңдерін жазып алған Сапарғали Бегалин өзінің «Сахара сандуғаштарында» (1978) Жамбыл Майлықожаның қасында үш айдай жүріп «Көрұғлыны» үйреніпті деп жазады.

Академик М. Қаратаев оның «Сұраншы батыр» дастанын қалай жырлағанын еске алады. Өзінің әдеби хатшысының бірі Т. Жароков «Өтеген батырдың» қалай туғанын айтқан.

Соңғы кездері Жамбыл творчествосымен көбірек айналысып, зерттеп жүрген ғалым С. Садырбаев «Қазақ әдебиеті» газетінде (14 февраль, 1986) былай деп жазды:

«Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында Кіші Алматы, Үлкен Алматы болыстарына қарайтын көн ауылды Қызыл Оспан деген дәулетті адам қыз ұзату тойына шақырады. Осы тойға Жамбыл бастаған бірнеше ақындар және кітаби ақын Жүсіпбек Шайқысламов та қатынасады. Сол тойдың тарқарында Жүсіпбек қожа Жамбылдың айтуынан «Мұңлық–Зарлық», «Тотынама» және «Қыз Жібек» жырларын жазып алады».

Осы мақаласының бас жағында автор Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорында Жамбылдың жан досы болған Мұратәлі күйшінің мұралары арасынан Жамбылдан үйренген «Мұңлық–Зарлық» қиссасының бір нұсқасы сақталғанын атайды.

«Өтеген батыр». 1937 жылдың жаз айы. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен тұңғыш онкүндігінен кейін Жамбыл даңқының бүкіл әлемге тарала бастаған шағы. Қазақстан Жазушылар одағынан М. Қаратаев бастаған ақын, жазушылар Ұзынағаштағы Жамбыл ауылына барады. Ақсақал ақынға сәлем беріп, жаңа жырларын тыңдағысы келеді. Барған күні ақын жөнді жыр айтпапты.

– Ертең Алматыға барамын. Жырды сонда тыңдарсыңдар, – депті ол. Айтқандай-ақ, Жамбыл астанаға келіп, Ғаббас Тоғжановтың үйіне түседі. Кең бөлмедегі мебельдер былай жиналып, кілем төсел-

ді. Дастарқан кеңінен жайылды. Халқымыздың сандуғашы Күләш Байсейітова қызмет көрсетіп жүрді. Ақсақал төрде, екі жағында екі хатшысы отырды. Көпшілік назары жыршыда. Асанқайғы туралы айтар ма екен? Әлде күй атасы Қорқыттан сөз қозғар ма екен? Ол жағы әлі белгісіз. Тәкаппар жырау іштей толғана отырып, кәрі серігі домбырасын қолға алып, «әу» деп жырын бастады:

Ақ көбікке оранып,
Толқыны тоқсан бұралып,
Арықтай аққан арналы
Жамбыл бір жыр жырласын,
Жұрт хикая тыңдасын...

Жез таңдай, күміс көмей жырау осылайша әуелетіп бір шарықтап алып, табаны қызған тұлпардай жырын ағыл-тегіл төге отырып, «Өтеген батырды» жырлайды.

Өтеген батыр жасынан Жоңғарға қарсы күреске қатысқан. Бабасы Сырымбет те ересен батыр болған. 1723 жылы Өтеген сол өңірдегі Райымбек, Тауасар, Ханкелді батырлармен бірге жоңғарларға соққы берген. 1740 жылы Төле би қолына қосылып, қалмаққа қарсы соғысқан. Өтеген ерлігін ең әуелі Сүйінбайдың бабасы Күсеп ақын жырлапты. Онан соң Сүйінбай, кейін Жамбыл жыр еткен. Майкөт, Тілеміс те жырлапты деген сөз бар.

Ақын Өтеген туралы дастанын ежелгі аңыз желісіне құрған. «Бұл жырды мен естігем даланың жел мен тауынан, бұл жырды мен естігем жыршыдан, ақын қауымнан» деп термелеп алады да, Өтеген туған жер, өскен елінен дерек береді. Оның ата-бабасын тармақтайды. Шежіре бойынша: Дулаттан Ботбай, Шымыр, Сыйқым, Жаныс, Жанастан Жанту, Жантас, Жарылқамыс туады. Жарылқамыстан Ораз, Бұхар, Елтүзер деген үш үрпақ шығады. Бұхардан Баба, Сырымбет, Құлболды, Тілеуімбет тарайды. Ал Сырымбеттің Өтеғұл, Өтеп, Рысқұл, Андақұл деген төрт ұлы болады. Өтеғұлдан Өтеген батыр туады. Өтегеннен сегіз перзент қалған. Бүгінде Өтеген ұрпақтары (Тарпақ, Бименбет, Толымбек, Жолдасбай, т.б.) Красногор ауданында тұрады. Бұл өңірде Өтеген атымен аталатын жер-су аттары да бар.

Жырдағы Өтеген халық ішінен шыққан қаһарман. Ол үнемі халықпен, өзінің жауынгер серіктерімен ақылдасып отырады. Бұл тұста ақын:

Жинап алып нөкерін,
Жарқылдады ол қырандай.
Батыр барлық халықпен
Ақылдасты ұрандай, –

деп жырлайды. Өтеген батыр өз халқының қамын ойлап жер кезеді. Ел-жұртына жайлы қоныс іздейді. Шығысқа да, батысқа да барады. Қасындағы жауынгерлерімен талай азап, қиыншылық көреді. Сонда да шыдас береді. Серіктерін төзімділікке шақырады. Халық мүддесі үшін мақсат-мұратқа жететініне сендіреді. Сөйтіп оларды жеңіске үндейді:

Қара қазан, сар бала,
Қамы үшін қамдана,
Қонысқа жер іздейді.
– Мен табамын, табамын
Бұлақ аққан жерлерді,
Көгі көктем, гүл жарып,
Құрақ атқан жерлерді.
Төрт түлікке ыңғайлы
Толқын көлі, тоғайлы
Көгінен нәбат, жерден нұр,
Құлап жатқан жерлерді.
Жұт болғызбай, құт қонған,
Қой үстіне бозторғай
Жұмыртқалап, бақ қонған,
Сүйікті қазақ халқына
Ұнап жатқан жерлерді...

Өтеген батырдың осы әрекет-мақсаттары өзінен бұрынғы өткен дала философы Асанқайғының арман саздарымен ұштасып жатады. Асанқайғы да, Өтеген де халық үшін қаншама уайым жеп, жер-жаһанды кезіп, «Жеруйықты» тапсам ден армандайды. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көксеп келе жатқан көкейкесті мүддесі еді.

Жыршы осы бір бүкіл халықтық арман-мақсатты Өтеген образы арқылы бейнелей білген. Бұдан Жамбылдың реалистік өскелеңдік, бұқарашылдық көзқарасын танимыз.

Өтеген 1699 жылы қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданындағы Хан тауының баурайында Изенді деген ауылда туып, 1773 жылы Іле өзенінің бойында қайтыс болған.

Ақын Өтеген батырдың тұлғасын айшықты теңеулермен мүсіндейді:

Қасара біткен маңдайдан,
Жан еді қос мүйізді.
...Жолбарыстай қарулы,
Қырандайын қырағы,
Арыстандай айбарлы,
Жүз кісінің ішінде
Ол бір жүрген дүлегей,
Бір өзі батпан бірегей.

Дастанда сонымен бірге ел аузында аңыз түрінде айтылып жүрген мифтік элементтер де жоқ емес. Өтеген батыр қазақ даласының батыс жағын аралай жүріп, Ақтөбе өңіріне жеткенде, алдынан айдаһар, абжылан, жезтырнақтар шығады. Сондай тағы дүлей күштермен арпалысып, оның бәрін де жеңіп, өзінің жігіттерін аман сақтап қалады. Мұның бәрі Өтегеннің батырлық, ақыл-айласының басым екенін бейнелеу үшін алынған суреттеме тәсілдер.

Ақын дастандарын, әсіресе «Өтеген батырды» халық әдейі іздеп жүріп тыңдайтын болған. Он алтыншы жылғы оқиғадан сәл кейін «Ақтерек» аулындағы Өтегеннің ұрпақтарына бас ие болып жүрген Мақсұт батыр Жамбылға арнайы ат жібереді.

– Онда мен отызға жетпеген жігіт кезім, – дейді Есдәулет ақын,– Мақсұттың Ақжолтай дейтін реңді өлеңші қызына үйленбек болып, сөз салып, сол ауылды айналшықтап жиі-жиі барып жүруші едім. Шілдехана, тойларда Ақжолтаймен айтысып та жүретінмін. Бір күні сол Ақжолтай маған: «Әкем Жамбылды шақырды, ертең кел, жыр тыңдайық», – деді. Мен келсем, Жамбыл Мақсұттың үйінде отыр екен. Жасы егде тартып қалған Жәкең әлі қуатты екен, салалы ақ сақалын желкілдетіп, төрде домбыра шертіп отырды. Жыр тыңдаймыз деп келгендерге үй толды. Түскі тамақтан кейін Жәкең Өтеген батырдың шыққан ата тегін, ересен ерліктерін, еліне жайлы қоныс іздеп шартарапты кезгенін жырлай бастады. «Сөзі қандай жатық, не деген айтқыш ақын!» деп шәкірт бала оған қызығып, тыңдай бер-

ген. Ертеңіне өрістен мал қайтқанда барып, ол «Өтеген батыр» дастанын аяқтаған. Осы бір үзілісті пайдаланып, жас ақын оған бірер ауыз өлеңмен тілегін білдірген. Жамбыл оның ел арасында не айтып жүргенін білгісі келді.

– Кәне, қандай жыр айтып жүрсің, біреуін бастап жібершi?

Есдәулет «Жетіген батырын» бастай берген:

Мен көрдім ұлы жүздей елді деді,
Алатау алабындай жерді деді.
Көз жетпес бас-аяғы шалғай алыс.
Созылған ұзын сары белді деді.
Елінде бар екен бір жалғыз батыр –
Жетіген деп атайтын ерді деді.
...Бар екен он бес ұлы бәрі батыр,
Екпіні қайыстырған қара жерді,–

деді...

Бұл – дастандағы Қырғи жыршы айтқан гәп екен. Одан әрмен Қырғи жыршы баласы қайтыс болып, шер көңілде отырған Құрмысы батырдың көңілін сергітпек болып, оны Жетіген батырға ертіп барады. Құрмысы:

– Арманың бар ма? – депті.

Жетіген:

– Бар, – депті.

– Айтшы, ол қандай арман еді?

– Хан қызы Шырын сұлу маған бұйырмады, – дейді оған Жетіген күрсініп.– Ол мені сүйді, тұтқыннан құтқарды. Екеуміз қашып келе жатып, көл жағасындағы қалың қамысқа паналадық. Мен қуғыншылардың алдын торуға кеткенімде, оны жолбарыс талап өлтірді. Мен онымен ұзақ өмір сүре алмадым. Міне, қалқам, бар арманым сол. Дүниеде армансыз адам жоқ...

Мұны тыңдап отырған Құрмысы 15 баласы бар, батыр. Осындай адамда да арман болады екен-ау. Оның қасында менің жас басыммен қайғырып жатып алғаныма жол болсын,– деп, шерін тарқатып еліне қайтыпты.

Есдәулеттің бұл хикаясына риза болған Жамбыл сол жолы оған өлеңдетіп бата беріпті.

«Сұраншы батыр» дастанын Жамбыл ең алғаш рет Садырмек деген беделді кісінің асы күндері толғапты. Жиын Жиренайғыр өзенінің бойында өтеді. Ертеде Сұраншы батыр қоқандықтармен осы өзен бойында соғысып, оларды Әулиеатаға қарай ығыстырады. Жиренайғыр өзенінің бойын жайлаған елдің адамдары ақыннан Сұраншыны жырлауды өтінеді. Жамбыл сол айтылған ел талабы бойынша Сұраншы дастанын жырлап береді.

Сұраншы Ақынбекұлы 1815 жылы туып, 1864 жылы қайтыс болған. Шапыраштының Есқожа атасынан тарайды. Ол жастайынан өзінің Қарасай, Кашке батырлардың дастүрін ұстап, ел қорғау ісіне араласқан. 1848 жылы орыс әскерлерінің құрамында болып, Тойшыбек бекінісінде қоқандықтардың үш мыңдай әскерін талқандауда ерлік көрсеткен. 1851 жылы қырғыздың манабы Орман ханның екі мыңдай әскерінің қарсылығына тойтарыс берген. 1852 жылы Саурық батырмен бірігіп қоқандар қолын жеңген. Келесі жылы Аңрақай соғысында Саурық, Андас, Егор, Дәуқара, Шымырбай бастаған жасақтармен бірігіп, Қоқан шапқыншыларының бетін қайтарған. Осы жолы оған прапорщик атағы берілді. 1860 жылы Колпаковскиймен бірге Ұзынағаш соғысында Қоқан әскерлерін жеңіп, оларды Сайрамға дейін ығыстырады. Сайрам шаһарындағы ұрыста қайтыс болған. Әулиеата сапарында Шоқан Уәлиханов Сұраншыны Гутковскийге «Қазақтарды қоқандықтардың езгісінен құтқарушы» деп таныстырған.

Көркемдік сапасы, идеялық мазмұны жағынан ақынның бұл дастаны көп дастандардан ілгері. «Өтеген батыр» дастаны негізінен мифологиялық аңызға құрылса, «Сұраншы батыр» тарихи деректерге негізделген. Оқиғаға қатысқан кейіпкер батырлары бәр-бәрі өмірде болған адамдар. Жер-су аттары да қаз қалпында.

Колпаков пен Черняев
Жетісуға жеткенде,
Құдияр хан қағынды.
Тағы қанды сағынды.
«Алатын орыс, қазақсың.
Аламын деді бәріңді!»
Қырғыздан Орман бірігіп,
Қордайдан асқан көп әскер
Теріскейге ағылды.
Тілеуқабыл, Қасқарау
Сарыкемерде шабылды...

(Г.А. Колпаковский – патшалық Россияның қоқандықтарға қарсы соғысын басқарған. Жетісу губерниясының әскери генерал-губернаторы М.Г. Черняев – Әулиеата, Шымкент өңіріндегі әскери-экспедицияны басқарған генерал. Құдияр – Қоқан ханы, Орман – қырғыздың манабы. Тілеуқабыл, қасқарау ру аттары).

Дастанда аянышты оқиғалар, жарқын бояулы эпизодтар аз емес. Бұған мына бір оқиға суретін алып қарайық.

Жеті жігіт, жеті қыз
Жас жандарын қорғаштап,
Түйелерге мінгесіп,
Ағын суға бұрылды.
Су деген де тілсіз жау,
Бұрқыраған Шу асау
Ақ көбігін атқылап
Жын каққандай жұлынды.
Қызды көріп қырық әскер
Қылыштарын суырды.
Аһаласып ұмтылып
Иектерін жымырды.
Жауды көріп өңкей жас
Асау суға ұрынды.
Қарғып түскен жеті нар
Тұңғиыққа жығылды.
Қызғалдақтай он төрт жан
Қалды судың түбінде...

Дастанда Сұраншы жеке батыр болып жырланбайды. Оның төңірегінде Андас, Нарбота, Дәуқара, Егор, Шымырбай, Тұматай, Сыпатай сияқты батыр жігіттер жүреді.

Сұраншы қара күштің дүлейі, ұр да жық батыр емес. Ол халық қамын ойлайтын, қамқор ел басы, барлық іс-әрекетін елмен кеңесе отырып, ақылмен шешетін адам. Оның осы қасиеттері, әсіресе қырғыздың Орман ханына айтқан сөздерінен айқын көрінеді:

Неге мені шақырдың?
Жай шақырсаң келмейтін,
Ханға сәлем бермейтін

Халық үшін туған батырмын.
Хан деп сені сыйлар ем,
Басың үшін сатылдың.
Арасына өрт болдың,
Ала бүлік дерт болдың.
Қырғыз, қазақ жақсының,–
Бейбіт елге тиісіп,
Жендетке басын қиғызып,
Қаннан сусын сапырдың.
Ел бүлігі – Орман деп,
Аман қалсын мың жан деп,
Төгіліп тынсын бір қан деп,
Қара басыңды алғалы
Жекелеп келе жатырмын...
Жекпе-жекке өзің шық!
Менің жауым сен ғана.
Салмаймын елге мен жара...

Міне, ақынның бұл дастаны тарихи деректерге негізделген туынды.

«Көрұғлы» дастанын Жамбыл тіптен ертеде, 25 жастар шамасында жырласа керек. Оңтүстік ақындары Майлықожа, Құлыншақпен кездескен жылдары үзінді етіп үзік-үзік жыр түрінде, кейін бір бүтін дастан еткен сияқты. Жамбылға сол кездері кездескен ақын Серғазы Келімбетов естелігінде былай делінген:

– Тамыз айының тамылжыған қоңыр салқын бір кезі болатын. Сарыбұлақтағы бозашының үйінде бір жыршы жыр айтып отыр деген барсам, шапыраштының ақыны Жамбыл екен. Ол Алатауды бөктерлей қоныстанған дулат елін аралап, Қаратау жаққа бет алып шығыпты. Қасында өзіміздің Сауытбек және Бармақ деген ақын бар. Сауытбек мені тани кетті де, Жамбылға:

– Серғазы деген ақын жігіт. Жалаң аяқ кедей, әркімнің жылқысын бағады, өлең-жырды тәп-тәуір айтады, өзінің бағы ашылмай жүр, – деп таныстырды.

– Е, е, ақын болсаң бермен жақын отыр, – деп, ол мені икемдей түсті. Менде үн жоқ. Сауытбектің жанында отырдым да, оның жырын тыңдай бердім. Жамбыл түскі тамақтан кейін әуелі өзінің қалау термесін айтып шықты:

– Саурықты айтайын ба, Сұраншыны ма, Өтегенді ме, Көрұғлыны ма?..

Тары бозаға қызара бөртіп алған көпшілік алдымен «Көрұғлыны» калады. Жамбыл домбырасын бір әуенге келтіріп, сабалап алды да, қиссаны бастап кетті:

...Ерте, ерте, ертеде, түрікпеннің төрінде, Текежәуміт елінде Бозайхан деген өтіпті. Ол бүкіл әлемді өзіме қаратсам деп ойлайтын қатал да, қазымыр, жауыз хан болыпты. Оның бұл мінезі еліне жайсыз тиіпті. Өзінің қызметкер құлдарын «сарайдың сәнін бұзасың» деп жазалап, зынданға тастатыпты. Бір күні бес-алты құлды дарға асып жатқан кезде, айы-күніне жетіп отырған кіші әйелі Құлжазира келіп: «Бұл бейшараларға тиме», – деп наразылық білдірген. Хан қаһарын төгіп:

– А, найсап, тегіңе тартайын дедің бе? – деп оны да дарға асып, тау арасындағы құлдар зиратына апарыи тастатқан.

Күлжазира кедей диқанның қызы еді, он үш жасқа толғанда жетпістегі Бозайхан оны еріксіз тоқалдыққа алып кеткен. Оның әкесі шал бейбақ қызынан айырылып, жылап-жылап қала берген.

Осы жерге келгенде Жамбыл «әлқисса» деп, бір тыныстап алды да, тағы да ілгері жосылды.

...Көрде жатқан ана батпандай ұл тапты. «Қыдыр Ілияс, Қырық шілтен» жәрдемші болып, өлген ананың қос емшегінен сүт шығып, бала өсе берді. Бір жастан асқан соң көрдің тесігінен далаға шығып, ойнап жүрді. Күндердің бірінде боз биесін жоғалтып, іздеп жүрген баланың нағашысы Бабалы жылқышы көрдің айналасынан баланың ізін көреді. Тағы бірде тыр жалаңаш бала зыр жүгіріп қашып, зиратқа кіріп кетеді. Бабалы аңдумен болады. Бала шапқан атқа жеткізбей қашып құтыла береді. Енді нағашысы өрік, мейіз, алма әкеліп біртіндеп төгіп, өзі тау арасында аңдиды. Не керек, ол баланы ұстап алып, аулына әкеледі. Бір кейуана ақ ешкінің сүтін беріп асырайды. Көрде туған балаға «Көрұғлы» деп ат қойылады. Бабалы оған еменнен садақ иіп беріп, мергендікке. батырлыққа баулиды. Ол өсе келе насат батыр болады.

Көрұғлы бір күні аң аулап жүріп «Күйген» тауынан қырық жігітке кездесті. Ол әр ұлттан бас құраған сарбаздар еді. Көрұғлы күш сынасып, бәрін де жеңді. Олар өзара дос болып, жауына бірге аттанды. Көрұғлы кейін Иран шахында кеткен әкесінің кегін қайтарды. Талай ерліктер жасап, елін шапқыншы жаудан қорғап қалды...

– Сондағы Жамбыл қиссасынан ұққан осы бір хикаяны осы күнге дейін ұмытар емеспін. Бұл менің «Көруғлыны» алғаш рет есіткен кезім...

Ақынның жас кезінен айтып жүрген жырының бірі «Бақ, Дәулет, Ақыл» хикаясы. Бұл шығыс аңыз, ертектерінен алынған сюжет. Оны Жамбылдан басқа, Кенен, Үмбетәлі, Бармақ, Шүкітай, Өмірзақ сияқты халық ақындары да жырлап келген. Онда Ақыл, Бақ, Дәулет өзара қасиеттерін салыстырады. Соңында бәрі Ақылға тоқтайды. Жамбыл бұл дастанын Майлықожа, Нұралы, тағы сондай шығыс аңыздарын назиралаушы ақындарға кездескен жылдары жырлаған.

Толғаулар

«Замана ағымы» толғауын Жамбыл 1927 жылы жырлады.

– Қосшылар съезі болады, – деген хабар Қаскелең, Қастекке лезде жайылып кетті.

– Ұзынағашта өтеді екен, өкілдер келіпті. Дайындық жасалып жатыр, – десті біреулер. Айтқандай-ақ, жан-жақтан аттылы-жаяу ағылған жұрт Ұзынағашқа жиналды. Кедей-кембағалдар арнайы тігілген үйлерге жайғасты. Ақын-жыраулар да шақырылды. Ортадағы алты қанат ақ үйде домбыра, сырнайға қосылған жыршылар даусы анадайдан сампылдап жатты.

Съезд басталды. Шешендер сөйледі. Бәрі де «Ұлы Октябрь революциясы жасасын!» деп, большевиктер партиясына, көсеміміз В.И. Ленинге деген шын жүректен шыққан алғысын жаудырды. Съезд төрағасы байлардың жерін кедей, шаруаларға бөліп берілуі жөніндегі Қазақстан өкіметінің қаулысын жариялады. Жиналған көпшілік тағы да ду қол соқты. «Кедейлерге жер берілді», «енді егіс егеміз», «шабындық алатын болдық» деп өзара дабырласып қалды. Осы қуанышты абыр-сабыр басыла бергенде, съезд басқарушы:

– Тыныштандыздар, енді Жамбыл ақынға сөз беріледі, – деді. Сонда басында малақай, үстінде ескі шапаны бар, домбыра ұстаған қарт жырау төрге шықты. Ол алдында отырған қалың жұртшылыққа бір қарап алды да, домбырасының құлағын бұрады. «Ей-й» деп аскақтата әуендетіп жөнелді.

Сексен бірге жас келген,
Не заманды бас көрген.

Солар арқау жырыма,
Артта қалған сөзім бар,
Сөзімді айтар кезім бар...

Бұл өзін таныстыру еді. Онан соң ол өткен-кеткенді еске алды.

Замана жайы – терең сыр,
Замана жыры – бітпес жыр

деп, бұрынғы өткен замандарға шолу жасады.

Хандар билеген қара түнек заманды айтты. Олардың ісі: «Елді шабу, жұрт талау, күнде сүргін, күнде жау» болыпты. Еңбекші бұқараның қамын ойламапты. «Қырық пышақ боп қырылысқан» әр елдің, әр рудың хандары сырттан шапқан басқыншыларға бірлесе күрес жүргізудің орнына, өзді-өзі алтыбақан алауыз болып жауласа беріпті.

Соның салдарынан «Көше қонып мал баққан, момын жүріп жай жатқан» қазақ халқы көптеген қиыншылықтар көріпті.

Екінші жағынан қазақ даласына Жоңғар, кейінірек Қоқан, Хиуа хандығы баса-көктеп кіре бастайды. Қарусыз, бейқам, еркін жатқан халықтың ауыл, қаласын ойран-топан қылғаны тарихтан мәлім. Ақын сол кездегі жағдайды көз алдына елестетеді.

Сыртқы жағдай осылай болса, ішкі ахуал да оңып тұрған жоқ еді.

Мынау менің қыстауым...
Мынау менің жайлауым.
Жер жақсысын кім алды?
Болыс пенен би алды.
Қарны жуан бай алды,
Мойны жуан мырза алды.

Елінен, жерінен, мекенінен айырылған кедей-кембағалдар оларға жалданыпты. Арқа еті арша, борбай еті борша болып, тапқаны тамағына жетпеді.

Езілген еңбекші қауым сөйтіп:
Күн көре алмай өмірден,

Қайғы кетпей көңілден,
Еңіреген, езілген,
Қаһар көріп хандардан,
Білек көріп бектерден,
Тепкі көріп байлардан
Қамшы көріп билерден... –

жегені таяқ, көргені азап болды.

Ақын толғауының келесі тармағында:

Молданың бірі ар жақтан,
Бірі келген бер жақтан, –

немесе:

Қожалар келер тау асып,
Басына сәлде орасып», –

деп дін иелерінің келтірген зардабына аялдайды. «Малыңнан, жан басынан ұшыр, зекет бер» деп қараңғы елді бір жағынан қанауға кіріскен.

Ол келесі бір сөзінде саудагерлерді, алып-сатар пайдакүнемдерді әшкерелейді.

Ақын ағылшын жалдаптарынан да хабардар екен. Игерусіз жатқан қазақ даласының кен байлығына иелік етіп, қазақ халқының өз қазынасын өзіне билетпей келгенді атап өткен.

Алтай, Орал арасы
Сарыарқадай жер екен.
Алатау, Каспий арасы
Жер жұмағы дер екен...

Осынау қазыналы кең даладан көмір де шықты, темір де шықты дейді ақын.

Ақын жырының соңын жаңа заманға алып келіп, мынадай тұжырым жасайды:

«Ұзақ жолдан осындай
Менің жиып-тергенім.
Замана ағымы осылай

Ленин туын қолға алған.
Қалың қайрат қозғалған –
Жалшы, кедей досым-ай!
Күн де туды сен үшін,
Ай да туды сен үшін!
Заң жасалды ел үшін,
Серпіле түс, серпіле
Бұрынғыдай жасымай!

Жамбыл осылай деп, замана жайын термелеп, ағыл-тегіл төгіп-төгіп, орнынан тұрғанда, отырған жұрт ду қол шапалақтап, оған ризашылық алғысын жаудырды.

...Күз. Батыстан ызғырық жел соғып тұр. Айнала төңіректің оты сарғайып, шаңдаққа айналыпты. Күн арқан бойы көтерілген кез. Ұзынағаш, Қарақастек, Қарғалы жақтап шыққан аттылы, жаяу – бәрі Шамалғанға бет алған. Бір топ қариялардың ішінде – Жамбыл жырау. Ол жалбыр тымағын жапырайта киіп, әңгіме соғып келеді. Кейде сөз арасында жыр тізбегін төгіп-төгіп алады. Ара-арасында бірқақпай сықақтар айтып, жолаушыларды ауық-ауық күлдіріп қояды.

– Қисыбайдан шапан сұрағаныңызды айтыңызшы? – деді танаға мінген таңқы танау жігіт.

– Е, е, е, ол былай ғой:

Ей, Қисыбай, Қисыбай,
Бері қарашы қымсынбай!
Шапаныңды бергенше,
Көңілім тұр тыншымай,
Етігіңді қоса бер,
Жүрсін десең шымшымай...

Олар Шамалған қыстағының сырт жағындағы мал қора басына жетті. Жұрт жиналып қалыпты. Әр ауылдан келгендер ығы-жығы, бір-бірімен амандасып, жағдай сұрасып жатыр.

Кешелі бері бұл төңіректегі байлардан жиналған мал осы қораға қамалған екен. Тал шыбықпен қоршалған кең қора ішіне жылқы мен қара мал аралас қамалыпты. Қора сыртында бір қора қой, ешкі иірілген. Оны бес-алты жалшы қайырмалап жүр.

Қора аузында мылтығын көлденең ұстап, екі милиционер тұр.

– Анталамаңдар!

– Ары тұрыңдар! – деп ешкімді жуықтатар емес.

Қораны айнала тұрған қалың жұрттың көзі малда.

– Шіркін-ай, мына тұрған көк бие бізге тиер ме еді!

– Ана бір тарғыл сиыр біздің балаларға нәсіп болса игі еді!

– Мына бір күрең тай жүзіктің көзінен өткендей екен.

– Кейін тұрыңдар!

– Анталамаңдар! – деп әлгі екі милиционер безектейді. Шыбық қора алдында бір топ адам шоғырланыпты. Орталарында үстінде көк гимнастерка киген, белін қалың белдікпен қынап тастаған, көк шапкалы кісі тұр. Бұл Алматыдан келген өлке басшысы – Ораз Жандосов еді. Оның жанында екі-үш өкіл мен комсомол отрядының жігіттері. Ауыл адамдары Оразға барып сәлемдесіп жатыр. Қариялар арасынан Жамбылды тани кеткен Ораз:

– Ассалаумағалейкум, тәте! Сіз де келіп қалыпсыз ғой!– деп оның қолын алды.

– Е, е, келмегенде, – деді ол,– кедей, жалшыларға үлес тиіп жатқанда, Жамбыл қарап жатсын ба? Өлеңмен құттықтау айтқалы жеттім!

– Жарайсың, Жәке, – деді Ораз.– Мал бөліс алдында сізге де кезек беремін. Сөзіңізді жұптай беріңіз!

Ораз алға шықты. «Жолдастар!» – деп анталап тұрған көпшілікті өзіне қаратып алды:

– Жетісу өлкелік атқару комитетінің шешімі бойынша осы ауылдың кедей-жалшыларына, байлардан жиналып алынған малды бөліп бермекпіз,– деп мән-жайды түсіндіріп шықты ол.– Өзіміздің жыршымыз Жамбыл құттықтау айтамын дейді. Ендігі сөзді сол ақынға берейік.

Жамбыл басындағы тымағын қасындағы Есдәулетке ұстата салды да, домбырасын сабалай жөнелді.

Ақ домбыра қолыма ап,
Көрейінші бір бұрап.
Көмейімнен төгілсін,
Көркем жырлар құлдырап.
Көсіле шерт, екі қол,
Кетсін ішегі бұлдырап.
Көкірегімде бір бұлбұл

Таңдай қақсын сыңғырап.
Күйбеңдейтін мен емес,
Жұрт алдында күй бұлдап.
Көп өлеңнің бірі емес,
Күндегідей бұл бірақ.
Ой түбінен төгілген,
Термелі сөз жаңа ырғақ...

Көпшілік ішінен:

– Ой, бәрекелде!

– Айта бер, айта бер! Тоқталма! – деген көтермелеу сөз естіледі.

Жамбыл жырының соңы үлес тиген кедейлерді құттықтаумен аяқталды. Ораз қасында тұрған комсомолдар отрядының командирі Әбдірәсіл Үсеновке қарап:

– Кәне, тізімді оқы, – деді. Қою қара шашы бұйраланған бүйрек мұрын жас жігіт тізімді оқи бастады.

– Әбентай Қаражанұлы – кедей, жұмысшы.

– Бір сиыр, төрт қой берілсін.

– Иманәлі Жылқыайдаров – байдың жалшысы.

– Бір ат, екі ешкі берілсін.

– Өтен Битанұлы – жетім бала. Әкесі 16-жылғы көтерілісте мерт болған.

– Бір тай, бір тана берілсін.

– Жамбыл Жабайұлына бір ат, екі саулық.

Көпшілік:

– Берілсін, берілсін! – деп дауыстады.

– Қап, мынау жалаң аяқ, жаяу жыршыға да ат тиіп қалды-ау! – деді арт жақтан біреу. Бұл – Мәңкі болыстың баласы Иманбай еді. Қос үйір жылқысынан айырылып, іші күйіп тұрған беті еді оның.

– Үндеме, – деді көк жорға үстінде тұрған түлкі бөрікті мырза жігіт Сәт баласы Темірболат. – Тілі тиіп жүрмесін. Оның тілі тиген жерін ойып түсетін тотияйын емес пе!

– Қой, кетейік бұл жерден, – деп екеуі аттарының басын кері бұра берді. Бет-аузын түк басып кеткен бір орыс мұжығы Оразға жақындай берді:

– Тамыр, жер жыртатын қос өгіз беріңізші?

Ораз:

– Берейік.

Әлгі мұжық өзі барып, екі өгіздің мүйізіне арқан салды. Аяғын әрең басып, бір кейуана алға таман шықты:

– Қарағым, шиеттей бала-шағам бар еді, бізге сүтті сиыр атай гөр.

Ораз хатшы жігітке қарап:

– Мына кісіге бір сиыр, екі ешкі жаз!

– Жаздым, алыңыз!..

...Осылайша тізім оқыла берді. Қора ішінде жүрген екі жігіт аталған жылқы мен сиырды ұстап, кедей-кепшіктерге үлестірумен болды.

Сол жолы Жамбыл кершолақ атқа ер салды. Көк есегіне екі саулықты қосақтап көппен бірге ауылына қайтты.

«Туған елім» толғауы оның ақындық атағын тағы бір шарықтатты. «Правда» газетінде жарияланған бұл толғау Жамбыл даңқын тек қана Совет Одағы емес, бүкіл әлемге таратты. Оны ел XX ғасырдың Гомері деп атады.

Бұл толғаудың кезінде қалай дүниеге келгендігі жөнінде Жамбылдың жанында жүрген қазақтың қазіргі белгілі ақыны Әбділда Тәжібаевтан артық айта алмаймыз. Сол кісінің жазған естелігінің ізімен жүрсек, ол былай:

«1936 жылдың апрель айында халық таланттарының екінші слеті шақырылмақ болады. Оның мақсаты – сол жылдың май айында Москвада өткізілетін қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне әзірлікті байқау, халықтың үздік таланттарын іріктеп алу. Қазақ халқы ақын халық қой, бір жүйрік халық ақыны қатыстырылсын деген оймен Ә. Тәжібаев Ұзынағаш жағына барып, Жамбылды тауып әкеледі. Өз үйіне түсіріп, жыр кеңесін құрады. Бұл кеңеске үлкен жазушылар – Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов та қатысады. Олар Жамбылмен таныса келіп, «Өзін сөйлетіп көрейікші» деседі. Сонда Жамбыл жайраңдап, «Не жайында жырла» дейсіңдер деген екен.

– Замандар туралы сөйлеңіз, – деді Мұхаң Жамбылға жақындап.– Көп жасаған адам көп көріп, көп біледі. Елің кеше қандай еді, бүгін қандай болды? Хандар билеген күндерді де көрдіңіз емес пе?

– Бұйырса Мәскеуге барғалы отырсыз. Соның бәрін қосып сөйлеңіз! – деп жатыр Сәбең де.

Бұл ұсыныстар көкейінде алуан жырлар, сан жетпес шумақтар, ұйқас, ырғақтар сақталып келген карт жыраудың ойын бір бағытқа, бір тақырыпқа ыңғайлағандай болады. Ол домбырасын бір әуенсазға келтіреді де, әуелі өзін таныстырып алады. Мен Жамбылмын,

өлең сөзге даңғылмын. «Қырымның қырық батырынан», қырғыздың «Манасынан» ба, «Көрұғлыны» немесе «Сұраншы, Саурық батырлардан» сөйлейін бе? – деп, жыр кіріспесін бір қайырыш тастайды.

Денесі қызған тұлпардай қарт жырау енді өзінің жүйелі сөзіне көшеді:

– Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар.
Аман жеттім бұл күнге –
Ойды-қырды аралап,
Жалғыз атты сабалап,
Серік қылдым өмірге
Домбырамды оңгеріп,
Өзіме-өзім дем беріп...

Енді ақын өткен замандарға барлау жасады. Қазақ даласы талай хандарды көрді. Талай зорлық-зомбылықты, талауды-қанауды басынан кешірді. «Бір жағынан болыс шықты зіркілдеп», «Ауылнай шықты діңкілдеп».

Кедей-жалшылар жан-жақты қанауда қалды. Оларға күн көру қиын болды. Аш-жалаңаш зарлады. Жерінен айырылды.

Осындай қиыншылық заманнан еңбекші бұқараны құтқарған, жаңа заман орнатқан В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы деп, толғау соңында:

Лениндей басшы іңкәрім,
Жырлауға оған сөз жетпес,
Шебер ақын ұстаның...
Асқар тау биік дер едім –
Көрініп тұр төбесі,
Ақылы дария дер едім –
Бірақ кейде дарияның
Қайырлайды кемесі...
Домбыраны алғанда,
Данышпанға тең таппай,
Қиналған Жамбыл жер осы,–

деп көсемге теңеу таппай шарқ ұрады. Дүниедегі адамдардың адамы, данышпандардың данышпаны, езілген еңбекші халықтың қамқор-

шысы, теңдесі жоқ асыл азамат – Ленин. Оның данышпандық дара тұлғасын күнге де, айға да, темірқазыққа да теңеуге болмайды. Ол теңдесі жоқ ерекше тұлға дейді ақын.

Жамбыл осылайша сермеп, желпініп алды да, жүзге жасым жеткенше Ленин партиясын жырлап өтемін деп серт береді.

1936 жылдың май айында қазақ әдебиеті мен өнерінің қайраткерлері Москваға аттанды. Орталарында Жамбыл ақын. Олар думандатып астанаға жетеді. Москвалықтар тоқсандағы қарт жырауды көруге ынтығады. Әбекең айтады:

«...Астана жұртшылығы шын-ақ күткен екен. Гүл көтерген көңілді халықтан перрон қайысқандай. Жазушылар, әртістер, пионерлер тоқтай берген вагондарға қолдарын созады.

– Жамбыл, Жамбыл! – деген сөз хормен айтылады.

– Мені шақыра ма, мына жұрт? – Жәкең елең ете қалды.

– Иә, Жәке, сізді шақырады. Жүріңіз, бастаңыз! Жәкең сусар бөркін бір қағып алып қайта киді де, есікке беттеді.

Мен көз алдымда Жәкеңнің қайта сілкінгенін, кәрі қыранға айналғанын көрдім. «Жамбыл! Жамбыл!» деген зор дауыс оған қуат қосқандай, қанат бітіргендей әсер етті. Қарт ақын есіктен көріне беріп тоқтады, ол оң қолын омырауына басып, күткен жұртқа сәл ғана бас иді. Соғылған алақан «Жамбылдаған» үнге қосылып, вокзал жаңғырықты. Енді ғана түсіне бастадық.

Сол күнгі «Правдаға» Жамбылдың «Туған елім» атты өлеңі мен дәл қазіргі вагондағы көрінісіндегідей түскен суреті басылып шығыпты. Әркімнің қолында бір-бір газет. Олар біресе «Правдадағы» портретке, біресе қарсы алдында бас иіп тұрған Жамбылға қарайды...

Біз шешеміз екеуміз қарт ақынмен бір машинаға мінгенбіз. «Жамбылдаған» дауыс көше бойы бір үзілген жоқ. Светофордың қызыл жарығына сәл кідірсек болғаны, шофердің қасындағы ақынды тани қалған біреу «Әне, Жамбыл!» дейді қолын шошайтып, қаптаған халық лезде бізді қоршай қалады.

– Здравствуй, Жамбыл!

– Здравствуй, Жамбыл! – дейді жамырай қуанған мәскеуліктер. Жамбыл да оларға:

– Издірәсти, – деп жауап береді.

Машина үлкен көшелердің бірімен ұзағырақ, аялсыз жүре бергенде, мен Жәкеңе «Правданы» жайып өлеңі мен суретін корсеттім.

– Мына орысша аударылған Сіздің жырыңыз.

– Анадағы сен жазып алған ба?

– Дәл өзі, Жәке.

– Жарайсың, шалым, – деп ол өз суретін жай ғана шертіп-шертіп қалды.

– Бақ айқайлап келіп тез қона қалады екен-ау, – дейді анам, Жамбыл суретіне ол да таңдана қарап. Біз шамалыдан кейін «Москва» мейманханасына келіп түстік...»

Күткен күн жетіп, майдың 17 күні онкүндік салтанатты түрде басталады. Қазақ көркем өнерпаздары күн бұрын әзірленген программа бойынша шетінен өз өнерлерін көрсетіп жатады. Қазақ жырының ақсақалы Жамбылға сөз беріледі. Ол зал толған мыңдаған астаналықтар алдына шығып, өзінің «Туған елім» толғауын толғайды. Ойлы да көркем сөздер, үйлесімді де ұтқыр ырғақ, ұйқастар залдағы отырған әдебиет пен өнер адамдарын, совет өкіметінің басшыларын дән риза етеді. Олар өзі тоқсан беске келіп отырған қарт жыраудың осыншалықты құлшына, беріле жырлауына, кенеттен сөз тауып, импровизаторлықтың озық үлгісін көрсеткеніне таң-тамаша қалып, қол соғысты. Салтанатты жиын аяқталған күннің ертеңіне ол Отанымыздың жүрегі Москваны аралап, тамашалады. Әдебиет, өнер қайраткерлерімен кездесіп, әңгімелесті. Партия, үкімет басшыларының қабылдауында, Ленин Мавзолейінде болды. Ақын көптен көруді арман еткен В.И. Ленин көсемнің алдында ақшыл тартқан басын иді. Сол күні ол «Ленин Мавзолейінде» деген ұзақ жырын толғады:

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Заманның ері арыстан.
Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бақытқа,
Сәулеңде келіп табысқан.
Дариядан артық ақылың,
Төбең биік ғарыштан.
Қартайғанда бір көріп,
Зират етіп қайтуға
Жамбыл келді алыстан...

Москваның кең сарайы төрінде үкімет басшылары мен астана жұртшылығына қазақ халқының сәлемін жыр өрнегімен жеткізді.

Домбырасын серік қып,
Өткізді Жамбыл ғасырды.
Өлеңді төгіп өрнектеп,
Асулардан асырды.
Көз жіберсем алысқа,
Көпті көрдім дегенім –
Көп зарыққан ел екен.
Шексіз дала дегенім –
Ұлтарақтай жер екен.
Ерлерді көрдім дегенім –
Халыққа қонған шер екен.
Тауды көрдім дегенім –
Тау емес екен, дөң екен.
Өзен, көл көрдім дегенім –
Көз жастың селі екен.
Кемдіктің кесіп бұғауын,
Енді азаттың құсы боп,
Халқым, кірді берекең.

Бұл керемет салыстырмалы терме қазақтың дәстүрлі жыр үлгісінің осы заманға сай жаңғыруының бір дәлелі.

Онкүндіктен Жамбыл көңілді оралды. Үлкен сый-құрметке бөленді. Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Осы құрмет оның көңілін шаттандырып, ақындық шабытына шабыт қосты. Астанада болған күндері ол «Халықтың жарық сәулесі», «Калинин ақсақалға», «Дастарқан жыры», «Клим батыр», «Орден алғанда», «Москва туралы жыр», тағы сондай өлең, толғауларын жырлады.

Бұл жырларының бірінде пролетариат революциясының көсемі В.И. Лениннің данышпандығын, ұлы тұлғасын, сара жол басшылығын паш етсе, келесі өлеңінде халықтар достығын бейнеледі. Ал «Клим батыр» атты арнауында бұрынғы-соңғы ел қорғаған батырларды салыстыра суреттеді.

Жинақтай келгенде, бұл жылдары Жамбыл Жабаевтың ақындық даңқы бұрынғыдан да шарықтап, кемелдене түсті. Әсіресе 1930 жылғы қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің Москвадағы алғашқы он-

күндігі кезіндегі ақындық, импровизаторлық таланты бүкіл әлемді таңырқатты. Бұл құбылыс қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде халық поэзиясында ерекше бір айта қаларлық жетістік болды.

Ақынның осы тұстағы жырлаған Отан, партия, халықтар достығы, советтік патриотизм туралы өлең, толғаулары дәуіріміздің сол кездегі шындығын, жеңіс, табыстарын, Ленин партиясының жеңімпаздық, гуманистік идеясын асқан шеберлікпен паш етті.

Жамбыл творчествосының сол жылдары бүкіл халықтық сипат алып кетуінің тағы бір кілті – ол айтқан өлең-жырлардың замана, халық талабына сай үндесуінде. Олардың тыныс-тамырын дәл басып, көкейіндегісін таба сөйлеуінде еді. Екіншіден, сол мақсат, мұратты көркем де, айшықты поэзия тілімен шебер бейнелей білуінде, халқымыздың өнер құдіретін шырқау биікке көтере жырлауында.

Қазақ халық поэзиясының шежіресінде бұрын-соңды мұндай зор көрініс болған емес-ті. Оның осындай жарқылдан көзге түсуі, шығармаларының әділ бағалануы ең алдымен совет өкіметі мен партиямыздың қамқорлығының нәтижесі.

Онкүндік осылайша сәтімен табысты аяқталды. Қазақ өнерпаздары, ақын, жазушылар, олардың ортасында Жамбыл ақсақал елге оралды. Бұл оралу жөнінде мерзімді баспасөз хабар, репортажды шалқыта жазды. Енді соның бірін түгелдей келтірейік:

«Кеше июннің 5 күні астанамыздың еңбекшілері күндегіден ерте оянды. Олар бүгін өздерінің Мәскеуге барып қайтқан талантты ұл мен қыздарын қарсы алуға әзірленуде. Қаладағы жоғары және орта дәрежелі мектептер, жұмысшылар коллективі ерте тұрып, құрметті жолаушыларын күтіп алудың қамына кірісті.

Сағат алтының шені, қалалық партия комитетінің алды қаздай тізілген машина, желбіреген қызыл ту, қуанышты халық. Машиналар бірінен соң бірі заулап Алматы станциясына қарай жүріп жатты.

... Вокзал басы иін тірескен халық. 3–4 жерде оркестр ойнап тұр. Бұл топтың ішінде 80-дегі кәрі де, 8-дегі жас та бар. Елдің екі көзі Мәскеу поезының келетін жолында. Қашан келер екен деп, тықыршып тұрған жұрт. Сағат 11-ді соққанда семафор ашылды.

Енді 6 минуттан кейін поезд келеді деген хабар вокзал басындағы лық толған халықты бұрынғыдан әрі асықтырды. Минуттың өзі сағатқа пара-пар болды. Бір уақытта поездың түтіні көрінді. Станция басында жиналған халық сап түзеп тізіліп тұра қалды. Музыка құйқылжытып, неше түрлі әнге салды. Жиналған халықтың қойнына

сыймаған қуанышы Мәскеу поезының екпінімен ұштасып, бүкіл еліміздің қуанышын көкке шығарғандай болды.

Міне, поезд келіп тоқтады. Уралаған жұрт.

– Ура-а-а-а!

– Орденділерге ура!

– Жамбылға ура!

– Күләшқа ура!

Көп ішінен Қазақстан Халық Комиссарлары советі председателінің орынбасары Алиев, Алматы облыстық атқару комитетінің председателі Жандосов, тағы бірқатар жауапты қызметкерлер өнерпаздар алдынан құшақ жая қарсы алды. Күләш, Жамбыл, Құрманбек, Манарбек, Қанабек, Шара, Үрия вагоннан шыққанда, перрондағылар уралап қол соқты. Халық ақыны Жамбыл шыққанда, жиналған халық оны қошеметтеп көпке дейін овация жасады.

Орденділер мінбеге шықты. Митингі басталып кетті. Құттықтау сөздер жауып жатыр. Оларға ең алдымен Жамбыл мен Күләш жауап айтты. Күләш былай деді:

– Бізді Москваға аттанарда сіздер көп үміт артып, міндет жүктеп едіңіздер, сол міндеттеріңіз абыроймен орындалды. Жәкең бастаған өнерпаз ұл-қыздарыңыз зор абыроймен, сый, құрметпен оралды.

Жәкеңе сөз берілгенде, ол ақ иық кәрі қыранша екі иығын қомдап-қомдап домбырасын қолға алды:

...Жиналып жұртым алдымда,
Тыңдауға мені келіп тұр.
Сөйле деп, ата, барыңды.
Анталап қамап төніп тұр.
Шежіре не деп айтар деп,
Балаларым сеніп тұр.
Қиялымды қозғауға,
Құлағын бұрап сөйлетіп,
Домбырамды беріп тұр.
Қайтарма жұртым меселін,
Күшіңді жиып бойыңа
Біразырақ кеңес құр,
.....
Москваға мен барып,
Өмірдің көрдім ұшпағын.

Жарқыраған жырымды
Кремльге нұсқадым.
Шаттық жырды тыңдады,
Лениндік ЦК – штабым.
Ол біздерді мәпелеп,
Жеңіске ылғи жетелеп,
Сағат сайын, күн сайын
Ауылыма нұр сеуіп,
Жолдайды өшпес нұсқауын...

Осылайша ол жырын ағыл-тегіл төгіп-төгіп салды. Тіптен шаршайтын емес. Өзі жасарып, қуаттанып кеткендей ме, қалай? Оның бұл құлшынысына біз, бір жағынан, таң-тамаша қалып тыңдасақ, екіншіден, қуанып, шаттанамыз. «Па, шіркін! Қалай-қалай сілтейді біздің Жәкең!» «Жамбыл жасасын, ура!»

Жиын тоқтады. Жамбыл машинаны қойып, атқа қонды. Әне, ол топ аттылының ортасында, өзінің туып-өскен Алатауына қарай бет алып барады. Көңілі шалқыған шаттық, айналасы тола қошемет! Не деген бақыт десеңші!..

Саттар Ерубаев».

Кавказға саяхат

Тоқсан екі жастағы ақын Кавказға сапар шекті. Онда Грузияның ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» атты дастанының жырланғанына 750 жыл толуына арналған үлкен мереке өтпек. СССР Жазушылар одағының басшылары сол тойға келетін Қазақстан делегациясын Жамбыл бастап барсын депті. Қалай болар екен? Жасы тоқсаннан асқан қарт ақын, соншама ұзақ жолға поезбен жүруге жарар ма екен деп, күдіктенушілер де болды. Жаңа дәуір рухымен қуаттанып, шаттыққа бөленген ол: «Барамын, тек, қасыма балам Сатышты, шәкіртім Кененді ертіп аламын», – деген. Сонымен, Жамбыл, Кенен, Сатыш, Мұхамеджан, Тайыр, Павел Кузнецов – бәрі жолға шығады. Жол-жөнекей бара жатып Жайық үстінен өтер кезде, Чапаевты еске алып «Чапай» атты, Орынборға тоқтағанда «Орынбор туралы жыр», Доннан өтерде «Тынық Донның ұлдары», Тбилисиге келгенде «Кавказға сәлем» және Шотаға арнаған жырларын шығарды.

Сол тойға арналған салтанатты жиында Жамбылдың «Өмір жыры» атты толғауын қалай жырлағаны жөнінде Жамбылдың жанында жүрген бүгінгі академик Мұхамеджан Қаратаев былай жазды:

«Пленум мәжілісін басқарып отырған Всеволод Вишневский Жамбылға сөз берді. Домбырасын қабынан шығарып қолына ұстата қойдым. Ақын әуелі тамағын кенеп, қанатын қомдаған қырандай аз-кем құнжыңдап, екі иығын бүлкілдетіп домбырасын қағып алды. Сонан соң сөзсіз үнін созып бір қайырды да, нөсер жаңбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарт дүлдүлдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен теңеу мен образдар үсті-үстіне төпеген арынды өлең шумақтары басқа түгіл біздің өзімізді таң қалдырды. Бір замат алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кетіп еді – екеуінің де көзінен жасы ағып отыр екен. Жолда айтылған әңгімелер бекер кетпепті. Көбін іліп, көбін ұғып қалыпты саққұлақ жыршы».

Мерекелі жиын аяқталды. Тбилисидің «Ориенталь» қонақ үйіне Жамбылды іздеп келушілер тасқыны толастар емес.

* * *

...Вокзал басы ығы-жығы, жүргіншілер ерсілі-қарсылы жыртылып-айырылады. Көлденең тұрған көк вагондар ұзыннан-ұзақ тізілген, бас жағы көрінер емес. Вагондардың белдемшелерінде «Тбилиси – Гори» деп жазылған. Жамбылдың вокзалға жетіп, жеңіл машинадан түсуі мұң екен, оны лезде жұрт қоршап алды. «Жамбылға сәлем!» деп бәрі оған қол бұлғап жатыр. Қайдан келгенін кім білсін, бір топ оқушылар сап түзеп Жамбылдың алдына тұра қалысты. Бұлар темір жол училищесінің оқушылары еді. Кешегі салтанатты жиында болғандар оның өлең, жырларын тыңдап, газеттен суретін көргендер Жамбылды бірден тани кетеді. Ұзын бойлы, қою қара шашы бұйраланған мұртты жігіт оқушылар атынан құттықтау айтты. Бұл олардың мұғалімі екен. Онан соң кәдімгі сапта тұрған солдаттарша бәрі бір үнмен «Қазақ халқының даңқты ақыны Жамбылға сәлем!» деп, саңқ етті. Вокзал, перрон жаңғырып кетті.

Жамбыл және оның қасындағылар енді олардан сытылып, алға жүре бергенде, он шақты грузин қарттары алдарынан шыға келсін. Бәрінің бастарында алшайған кере қарыс папахтары бар, кейбірінің шекпендерінің омырауында оқшонтайы тізілген, қаба сақалды, өң-

кей дөң мұрын шалдар. Бәрі Жамбылды танып, амандасады. Көк қаракөл папахты, шағындау біреуі шіңгірлеп сөйлейді екен, аналарының айтқанын орысшалап түсіндіріп жатыр.

– Тау басында жатыр ек, радиодан үніңді естіп, өзіңді бір көріп қалайық деп келдік.

– Не асығыс бар, біздің ауылға жүріп, қонақ болып кетіңіз.

– Біздің Шотаны жақсы жырладыңыз.

– Жасыңыз қаншада?

– Тоқсан екіде дейсіз бе? Ой, інім екенсің ғой...

– Сенің жасың қаншада? – деп сұрады Жамбыл алдында тұрған шоң мұрынды шалдан. Ол:

– 135-темін, – деді.

– Сенің жасың ше?

– 120-да.

– Ал сенің ше?

– 93-те.

– Бір жас ит жас, екеуміз құрдас, – деп, Жамбыл оның арқасынан қақты. Әлгі жіңішке дауысты аудармашы Жамбылдың жанында тұрған Кененді нұсқап:

– Мыналарың кім, ол да қазақ па? – деп сұрады. Мұхамеджан оның сұрағына іле жауап берді.

– Қазақ болғанда, нағыз қазақ осы. Өзі ақын, әнші, Жамбылдың шәкірті.

Тайыр да қалжың сөз қосты.

– Сендерге ұқсайды, алып қалыңдаршы өзін.

Бәрі күлісіп алды. Осы кезде Сатыш жүгіріп келді:

– Ойбай, тәте, поезд жүріп барады, біз қалдық!

Бәрінің дегбірі қалмады. Сатыш пен Кенен Жамбылды қолтықтап ала жөнелді. Мұхамеджан ақынның домбырасын ала-мала ұмтылды. Олардың алдында Тайыр атойлап «тоқтат, тоқтат!» деп барады. Әлгі грузин шалдары да қалбалақтап қолдарын бұлғап жүгірісті, жүріп бара жатқан поезды бәрі жанамалай жүгіріп жүр. Жамбылдың алдынан ең соңғы вагон жылжып өте берді. Абырой болғанда, әлгі соңғы вагонның табалдырығында қолына сары жалауша ұстап тұрған әйел проводник қас қағымда Жамбылды көре салып, дереу қолындағы қызыл жалаушасын көтере қойды. Ол «Жамбыл, Жамбыл!» деп айқайлап та жіберді. Қызыл жалаушаны көрген машинист поезды тоқтатты. Бәрі соңғы вагонға ілінді.

Міне, Жамбыл Тбилисиде жүрдек поезды осылай тоқтатыпты.

– Егер әлгі проводник Жамбылды танымаса ғой, бәріміз қара жаяу қалар едік.

– Бәрі де Жәкеңнің өлең-жырының күші, ақындық даңқының арқасы, – дейді бізге осы әңгімені айтып берген Кенен ата мен Мұхамеджан ағай.

* * *

Сол жылы ақынның «Кавказға саяхат» деген жинағы орыс тілінде Москвадан шықты. Оны баспаға М. Қаратаев әзірледі. Бұл кітап шықпай жатып, оның өлеңдері «Правдадан» бастап, барлық газет-журнал арқылы одақ көлеміне, қала берді шетелге таралып жатты.

Кавказ сапарынан оралған соң, келесі жылы өз ауылында Жамбылдың ақындық творчествосына 75 жыл толған мерекесі тойланды. Оның алдында халық өнерпаздарының республикалық слеті өткізілді. Ақындар айтысты. Осы жиында Жамбыл өзінің «Тағы бітті жаңа күш», «Компартия – көсемім» деген өлеңдерін толғап берді. Бұл мерекенің басқа той-жиындардан өзгешелігін Совет Одағының халық әртісі Р. Глиэрдің мына сөзімен түйіндесе болғандай:

«Жетпіс бес жыл дегенің қандай тамаша, даңқты мереке! Өткен ғасырларда осыған ұқсас мерекелер болды ма екен, сірә, деп көп нәрселерді есіме түсірдім. Адам баласы жасағалы не Россияда, не Европа тарихында ақынның тірі күнінде творчестволық қызметінің 75 жылдығын тойлаған мереке ешқайда, ешқашанда болған емес».

Бүкіл совет елі тойлаған бұл мерекеге еліміздің барлық жерінен қонақтар келді. Бұған үкімет пен партия аса зор мән берді. Ақынның өлең жинақтары әр ұлт тілінде көп тиражбен шығарылды. Орталық, республикалық газет-журналдарда ақын шығармалары кеңінен насихатталды. «Правда» өзінің бас мақаласында Жамбыл туындыларын жоғары бағалады. Оның өлеңдерін халықтар достығын, патриоттық сезімді қозғайтын, социалистік реализм негізінде туған шын мәніндегі халықтық шығарма деп көрсетті.

1938 жылғы 19 майда Жамбыл Жабаев СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Ленин орденімен наградталды. Осы награданы қабылдап тұрып ол:

Қымбат сый, қымбат бақыт, шексіз құны,
Үкіметім сыйласа – халқым сыйы.

Шаттық заман арнасы ағып жатқан,
Мен емес мұны таққан – халық жыры,–

деп, үкімет пен партияға шын ықыласымен алғысын айтты.

Қаскелең және Еңбекшіқазақ ауданының жұртшылығы 1938 жылдың май айында өзінің қарт жырауын Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты етіп ұсынды. Ол сайлаушылар алдында өзіне зор сенім білдірген халыққа жатпай-тұрмай қызмет ете берем деп серт берді. Халық қалаған депутаттар атасы сол жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясын «О, жолдастар, жолдастар! Шешен кісі сөз бастар. Адал кісі ел бастар» деп басталатын жырымен ашты.

Бүкіл ел құрметіне бөленген ақын жаңа жігер, қарқынмен шабыттана жыр төкті. «Тоқсандағы Жамбылға толқынданып сөз келді. Көктеменің көгіндей, кәрі өмірі өзгерді. Ел еңсесін көтерген шаттық заман кез келді». Сондықтан да ол бар даусымен шаттана жырлады. Сол жылдары өтіп жатқан барлық экономикалық, саяси науқанға қызу араласты. 1936 жылы СССР Конституциясының жобасын бүкіл халық болып талқылап жатқанда, ол «Ұлы заң» деген өлеңімен үн қатты. Кейін СССР Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде «Халықтар туыстығы», «12 декабрь», «Жеңіс пен шаттық» жырларын айтты. 1937 жылы советтердің бүкіл Қазақстандық төтенше X съезі ашылғанда «X съезді құттықтау», сол съезде Қазақстан одақтас республика болып құрылғанда өлеңмен құттықтау сөз сөйледі.

Жамбылдың жоғарыда аталған «Туған елім», «Ленин Мавзолейінде», «Халықтың сәлемі», «Өмір жыры» сияқты өлең, толғаулары қазақ совет халық поэзиясының озық үлгілері болып саналады. Мұндай жоғары идеялы, көркем шығармалардың өзге ақын, жазушыларға да әсері аз болған жоқ. Мәселен, Н. Байғанин, Н. Бегежанов, О. Тайманов, Ү. Кәрібаев, Н. Баймұратов, Д. Әлімбаев, С. Жанғабылов, С. Әлімбетов, О. Шипин, С. Керімбеков, т. б. халық ақындарының Отанға, партияға, В. И. Ленинге, Советтік Конституцияға арналған өлең, толғаулары бұған дәлел. Бәрі де Жамбыл жырларымен үндесіп, сабақтасып жатты. Мұндай әсер, ықпалды бауырлас халықтардың шайыр, хафиз, бахшы, ашугтарынан да аңғаруға болады.

Сонымен Жамбылдың ақындық тұлғасы, оның поэзиясы бұл жылдары айта қаларлықтай ірі құбылыс болып табылды. Ол қазақ әдебиетінің даңқын бүкіл әлемге жайды. Дәстүрлі жырдың жаңа

дәуірге сай қайта жаңғырып, өркен жаюының куәсі болды. Халық поэзиясын идея, тақырып жағынан байыта түсті.

Отанды, партияны және советтік патриотизм мен интернационализмді жырлаған озық өлең, жырлары үшін Жамбылға 1941 жылдың март айында, Одақта алғашқылардың бірі болып, СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Осы зор қуанышты білдіріп, қарт жыраудан сүйінші сұрауға Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын, жазушылар барады. Сонда оның қуанышында шек болмаған. Алдымен келген Сәбитті құшақтап, маңдайынан сүйген. Өзгелері жапырласып, құшақтасып, енді біреулері оның ақ сақалынан сүйген.

Жамбыл келгендерге қарап:

– Өкіметке, партияға мың да бір рақмет, бәрі де сендердің арқаларыңда ғой, шырақтарым! Бұл сый, бұл құрмет бір ғана маған емес, бүкіл қазақтың өлең, жырына көрсетілген сый, құрмет! – дегенде кәрі серігі домбырасын қолына алған:

Дос, жараным, өренім
Сүйіншімен келіпті.
Бәрін билеп денемнің,
Бір қуаныш еріпті.
Қарт жыраудың жырына
Ұлы сыйлық беріпті!..

Міне, осылайша жырға жыр жалғаса берген.

«Ленинградтық өренім». Ұлы Отан соғысы басталған күні Жамбыл Алматыдағы ауруханада емделіп жатыр еді. Дәрігер, жазушы, хатшылары денсаулығы түзелгенше соғыстың басталғанын айтпай қоя тұрайық деп келіседі. Жаман сөз жатсын ба? Артынша бір сестра оған дәрі-дәрмек беріп тұрып «соғыс басталды» дегенді айтып қояды. Сол сол екен, Жамбыл қайтып төсекке жатпайды. Киімін үстінде малдас құрып отырып алады да, дәрігерлерге:

– Киімімді әкел, машинамды шақыр, ауылға қайтамын, – деп шатақ шығарады. Сол кезде хатшылары Ғали Орманов пен Әбділда Тәжібаев та барып қалады.

– Соғыстың басталғанын менен неге жасырдыңдар? – деп, оларға ашу шақырады.– Осындай қиын кезеңде ауырдым деп жатуға бола ма? Біздің қызыл ерлеріміз жанталасып Отанын қорғап, жаумен

атысып, шабысып жатқанда, мұнда біздің кескен томардай теңкиіп, бейқам жатуымызға жол болсын!

Ертеңіне ауылға қайтып кетеді. Үйіне келген соң да ол түнімен ұйқтай алмай, дөңбекшіп шығады. Өткен-кеткен соғыстарды көз алдына елестетеді. «Япырмай, бұрын-соңды мұндай сұрапыл соғыс болмаған екен»,– дейді ішінен. Таң да атты. Алдына шай келді. Ас батар емес. Ашу мен ыза аралас бір толқынды ой кеудесін керіп бара жатқандай. «Қой, бұл толқынның тығынын ағытпай болмас»,– деп ол домбырасын қолға алды.

– Кәне, Тайыр балам, жазшы!..

Күні бұрын әзірленіп отырған ақын хатшысы Тайыр Жароковтың жүйрік қаламы ақ қағазға жорғалай жөнелді.

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас,
Жыр да келді көмейге...

Осы бір термелі ұйқасты, сегіз буынды, төрт толқынды толғау сол күні Алматыға жөнелтілді. Ертеңіне радиодан оқылды.

«Социалистік Қазақстан» газетінде (1941 жыл, 26 июнь) жарияланды. Одан майданға жетті. Осылайша, тоқсан бестегі қарт Жамбыл жиырма бестегі солдаттарша майданға араласты да кетті. Оның ерлікке, елдікке, жеңіске шақырған патриоттық жырлары бірінен соң бірі туындап, әрбір солдат пен командирлердің жадында, жүрегінде жүрді.

Содан қатуланған қарт жырау соғыстың алғашқы күндерінен бастап, соңғы жеңіс күніне шейін тынбай жырлады. Ленинград, Москва, Сталинград, Воронеж қалаларын қорғап қалған совет жауынгерлерін, қазақстандық дивизия құрамаларға және өзінің майдандағы балаларына арнаған жыр, толғаулары бүкіл елге тарап, майданның алғы шебіне жетіп жатты.

Ақынның майданға арнаған жырларының ішінде, әсіресе шоқтығы биік, ерекше мәндісі – «Ленинградтық өренім» атты толғауы. Енді осы толғаудың өзіне келейік.

1941 жыл. Сентябрь айының бас кезі. Неміс фашист армиясы Ленинградты қоршап бомбылай бастады. Қала қирап жатты. Электр, су

жүйелері бұзылды. Бомбадан қираған көп үйлер есік, терезелері үңірейіп қаңырап қалды. Жан-жақтан байланыс, қатынас үзілді. Қаланы аштық, жалаңаштық жайлады. Осы бір қиын кезде Қазақстан оларға көмектесті. Вагон-вагон азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ жөнелтілді. Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күш-қуат берген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерге плакат боп ілінді. «Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде, баспаналау орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Бұл сөзді сол кезде әскери қызметпен ленинградтықтар арасында жүрген орыс ақыны Александр Прокофьев айтқан-ды. Үлкен тебіреністен туған осы бір сөздің өзінен-ақ ленинградтықтарға сол бір аласапыран күндерде Жамбыл жырының зор әсер еткені көз алдыңа келеді.

Міне, киоска алды. Үйме-жүйме кезекте тұрған адамдар. Бәрінің қабағы қатыңқы, жүздері солғын. Кебісі қалай болса солай киіне салған. Гүрілдеп жатқан аспаннан да, дірілдеп жатқан жерден де сескенетін түрі жоқ олардың. Жан-жағындағы үйлерге, көшелерге түсіп жарылып жатқан бомба. Лап етіп құлап, күл, топыраққа айналып жатқан үйлер. Балаларын бауырына қысып алып, ойбайлап тым-тырақай қашып жатқандар. Лек-легімен өтіп жатқан солдаттар. Газет қолына тиген біреулері былай шығып алып ұрандап оқиды. «Ленинградцы, дети мои, ленинградцы, гордость моя!» Осы сөзді естіген енді бір тобы «Оқи бер, қаттырақ оқы!» деп оған төне түседі. Осы сөзді естіген қарттар, кейуаналар көзіне жас алуда.

Нева көпіріне жақын зәулім үйдің бұрышында да шоғырланған халық. Арасында көк комбинезон киген, иықтарына противогаз асынған қыздар мен әлі армия қатарына шақырыла қоймаған 15–16 жасар оқушылар. Матростар мен солдаттар. Бәрі де әлгі үйдің гранитті қабырғасына жапсырылған плакатқа үңілісе қалыпты. Ол плакатта басында бөркі бар, ақ сақалы омырауын жапқан Жамбылдың портреті, оның астына ірі әріптермен өлең жолдары тізіліпті. «Ленинградтық өренім, мақтанышым сен едің! Талқандаңдар фашисті, аямаңдар жауызды, бермеңдер атамекенді!» деп ұран тастап, бәрін шабуылға шақырып тұр.

Не деген әсерлі жыр! Не деген қуатты сөз! Егер бұрынды-соңды отан қорғау тақырыбына арналған поэзиялық шығармаларға ой жіберсек, мұндай қаһармандық, патриоттық әсерлі туындыны таба алмас едік.

Жамбылдың плакат болып шыққан сол толғауы бүгінде Ленинград, Москва, Алматы музейлерінде және өзінің музей-үйінде сақтаулы тұр. Толғаудың екі нұсқасы бар. Алғашқысын – хатшысы Тайыр Жароков, соңғысын – Ғали Орманов жазып алған. Екеуінің мазмұны да, желісі де бірдей. Біріншісі 225 жолдай, екіншісі 192 жол. Алғашқысы:

Ұлы Ленин дананың
Атындағы қаланың
Бесігінде тел өскен
Балаларым, жараным, –

деген жолдардан басталса, соңғы нұсқасы:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай өремін,–

деген жолдардан басталады. Бірінші нұсқасы:

Ленин атты қаланың
Қорғап құрыш алабын,
Бұрқана түс, балаларым!
Сәулетім, сәнім – айбатым!–
деп аяқталса, екінші нұсқасы:
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім,
Қаласындағы Ленинің
Сайып қыран ерлерім!–

деп тұжырымдалған. Екі нұсқасында да Ленинград қаласының зәулім сұлу, сәулетті үйлері, тарихи орындары, оның бұрынғы-соңғы шежіресі, Нева өзенінің толқынды суреттері шебер бейнеленген.

Қаланың көркеюіне кезінде Лениннің, Кировтың басшылық етіп, қамқор болғаны аталған. Қазақстан мен Ленинград арасындағы қарым-қатынас, достық байланыстың үзілмей келе жатқаны – бәр-бәрі қамтылған.

Айырмашылығы – тек қана бірінші нұсқадан гөрі екіншісінің ықшамды, жиналылығында. Алғашқы толғауда жырланатын қала халқының азамат соғысы кезіндегі күрескерлігі жырланған жолдар соңғы нұсқада кездеспейді. Оның есесіне кейбір шумақтар сомдала, жұмырлана, көркемделе түскен.

Мұндай алғашқыда бір жырлап өткен өлең-жырларын екінші рет еселеп қайта жырлау Жамбылда жиі кездеседі. Ілгеріде Өтеген, Сұраншы, Көрұғлы туралы ірі дастандарын да солай қайта-қайта жырлағаны мәлім. Осылайша еселей қайта жырлағанда мазмұн, мәні, идеясы бірдей шығып, тек қана жыр жолдары өзгеше құрылуының өзі шеберліктің бір белгісі ғой деп ойлаймыз. Онан соң ақынның өлең, жырға өте жоғары талап қоя білгенін аңғарамыз. Шығарманың халық көкейіне ұялайтындай жоғары идеялы, әрі көркем шығуын ол үнемі қадағалап отырған.

Жамбылдың бұл тәсілінен оның өн бойындағы жыр байлығының, өлең қорының, ұйқас, ырғақ қорының ұшан-теңіз молдығын көреміз. Мұндай мол қазына, шеберлік тәсіл Жамбыл тәрізді өрен жүйрік, тапқыр, шешен ақындарға ғана тән болса керек.

Бірқақпайлар сыры

Қара сөздің өзін өлеңмен сөйлейтін Жамбыл ұтымды әзіл-оспақ, келеке-сықақтың да асқан шебері болғаны мәлім. Ақынның мұндай бірқақпай тапқыр жолдары ел арасына кеңінен тарап кеткен.

Жас кезінен ақындық өнер жолын қуған Жамбыл үй шаруасына қырсыздау болыпты. «Бет алды қаңғыра бермей, мал бақ» деген әке тілін де ала бермеген. Бірде оны барымташылар өздеріне қосып алмақшы болады. Сонда ол:

Сорлының ұрлап қара атын,
Жазы сыз қиып қанатын,
Жапанда жаяу қалдырып,
Жайым жоқ қарғыс алатын.

Ел арасын егес қып,
Ойым жоқ шур ан салатын.
Қоныстан елді бостырып,
Неміз бар енді шабатын?!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын,–

деп, әлгілердің бетін қайтарып тастапты.

...Қастектегі Құттық Сейіт ауылында Құдайберген деген болыс болады. Өркөкіректеу, адуын мінезді, тіке сөйлейтін адам екен. Бір жолы ол қала жақтан келе жатып, күрең атты бір жас жігітпен кездеседі. Болыс жігіттің атына қызыға қарап:

– Жарысасың ба? – дейді. Әлгі жігіт:

– Жарыссақ жарысайық,– дейді. Сонымен екеуі жарысып бірер белден асып кетеді. Атын суытып, баптап жүрген жігіт оған шаңын да көрсетпейді. Оны қайтсем де қуып жетемін деп намысқа тырысқан болыстың аты семіздіктен қызыл май болып зорығып өледі. Бұл жайт елге лезде тарайды. Оны Жамбыл да естиді. Бір жиында Жамбыл болыстың үйіне кіріп барса, Құдайберген оны кекетіп: «Сенің бір жынды іниңмен жарысамын деп атымнан айырылдым», – депті. Сонда Жамбыл сөзді іліп алып:

Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-қауіп.
Екейдің жындысымен жарысам деп,
Сенің де кетіпті ғой есің ауып, –

депті.

...Қасқараудан Сүлеймен. Екейден Әбілқасым, бірі старшина. бірі – елу басы, ел аралап, жылу жинап келе жатады. Оларға қара жолдың бойында Жамбыл жолығып қалады. Әлгі екеуі: «Қайдан қаңғып келесің?» «Жол қысқарсын, өлең айт?» – десіпті. Сонда Жамбыл:

Төментіден келесің, екі қуым.
Елдің жайын білесің буын-буын.
Қанын сорып халықты зар жылатып.
Мал-жанына бермейсің ешбір тыным.
Елде тиын қоймайсың пұлын санап,

Сөйлейсіңдер талайдың алдын орап.
Есебіңнің аяғын шығарарда
Рақмет пұшықты да алдың тонап,–

деген екен. Екеуі жата-жабысып Жамбылдың шылауына оралып, жалыныпты: «Өлеңің осы жерде қалсын!» «Ел естімесін!» «Бізден қалағаныңды ал». Бірақ бірбет Жамбыл бұған көнбепті. Олардың бергенін өздеріне лақтырып тастап:

– Осы өлең енді қайда барсаң алдарыңнан шығады, – деп, жүріп кетіпті.

Москвада өткен онкүндік ойдағыдай аяқталды. Қазақстанның әдебиет және өнер қайраткерлері жүрдек поезбен елге қайтып келеді. Таң ата бере поезд қазақтың кең-байтақ даласына жетті. Жұрттың бәрі таңғы тәтті ұйқыда. Тек Жамбыл ақсақал ғана ерте тұрып, жұмсақ купе терезесінен далаға қарауда. Поезд зулап келеді. Рельс сартсұрт солқылдайды. Купе шайқалып былқылдайды. Жүргіншілер ырғалып тербеледі. Жол бойындағы телеграф бағаналары жылт-жылт етіп қалып жатыр. Ұшы-қиыры жоқ кең дала диірмен тасындай айналады. Осы бір сәтте көрші купеде келе жатқан Күләш оянып, тұрып, Жамбыл атасының жанына келіп, еркелей сәлемдесті. Бағаналы бері ойы шартарапты кезіп тұрған қарт жырау, енді сейіліп Күләштің ақ маңдайынан сүйді.

– Айналайын, бұлбұл қызым! Сен бақыттысың, иә, рас айтамын, бақыттысың, ал маған бұл бақыт тым кеш келді:

Аюдай арқыраған Зілқара едім.
Алмаған ата тілін бір бала едім.
Жиырма бес енді айналып қайтып келсе,
Төрт бұрышын дүниенің былғар едім,–

деген екен Зілқара ақын. Мен де сол сияқты өкініп тұрмын. Қой, енді өзің келгенде бірдеңе айтпасам болмас, тыңда қызым:

Қызым келді-ау қасыма қызғалдақтай.
Жүрер ме екен кәрінің сөзі жақпай.
Сені тапқан анаңнан айналайын,
Мүсіндей бір мінің жоқ арғымақтай.
Қыз түгіл енді маған кемпір қайда,
Жанды бағып жүргеннің өзі пайда...

Күләш саңқылдап күледі. Ал Жамбыл болса, қамығып көзіне жас алады.

Өзінің әдеби хатшысы Ғали Орманов қыстың бір күні құс атып келуге тауға барыпты. Алдынан кездескен бір топ кекілікті атқанда оғы тимей, кекілік дүр етіп ұшып кетеді. Жолда келе жатып, бір сауысқан атып, оны қанжығасына байлайды да, ауылға қайтады. Аттан түсіп жатқан Ғалидан:

– Қалай, қанжығаң майланды ма? – деп сұрайды Жамбыл.

– Бір топ кекілік кездесіп-ақ еді, оғым тимей, дүр етіп ұшып кетті, – дейді Ғали. Сонда Жамбыл:

Кекілік ұшып, дүр етті,
Ғали шошып, дір етті.
Атқаны бір сауысқан,
Оқтың бәрін тауысқан,–

деп қалжыңдап, күліпті.

Жамбыл 15–16 жасында малшылармен бірге мал бағысып, шөп шабысып жүреді. «Кім де кім кешігіп келсе, бір қой сойыс, бір саба қымыз төлейді» деп шөпшілер өзара бәстесіпті. Бір күні Жамбыл кешігіп келеді.

– Ал, қайда жүрсің, штраф төле! – дейді бәрі шу етіп.

– Бір қызық өлең айтсам, құтқарасыңдар ма? – дейді ол.

– Жарайды, айта ғой? – дейді көпшілік. Сонда бала Жамбыл кідірместен:

Жиналмай анау жерде шөп жатқанда,
Күйеуі сұлу қыздың кеп жатқанда,
Шымылдықтың ішінде білдірместен
Шыбышты шолақ қасқыр жеп жатқанда...–

депті де бәстескендерден құтылып кетіпті.

Мұның мәнісі былай екен: Жамбыл танасына мініп ауылға барса, бір жақындарының үйіне күйеу жігіт ұрын келіп, ірге басып жатса керек. Күйеудің аяғы ақсақ екен. «Шолақ қасқыр» деп сол күйеу жігітті айтыпты.

Жамбыл Ғалиға айтқан бір әңгімесінде былай деген:

– Қастек базарына бардым. Тамақ қымбат. Жәрдемге берілген аз ғана астықты пісіріп ішуге көже қатық жоқ. Соған бірдеме табыла ма

деп барып едім. Базар шетінде бір келіншек май сатып тұр екен. Байқаймын, қымбат сұрайтын сияқты. Келіншек реңді екен. Қасында бір жігіт қалжыңдасып, қолын қысып тұрды. Ойланып тұрдым да:

Уа, қарағым, келіншек,
Сатшы маған майыңды!
Білемін сенің жайыңды,
Базарға май сатам деп,
Алдап келдің байыңды..–

деп едім, неге екенін білмеймін, тілеуің бергір келіншек майын тіпті арзан бере салғаны...

Ақынның жақын ағайындары Сарыбайұлы Қисыбай жасынан ел билеу ісіне араласқан, айла-тәсілі көп адам болса керек. Жасы Жамбылдан кішілеу екен. Оның ағайын арасын бөліп, араздастырып жүретін, жікшілдік, қулық-сұмдық әрекеттерін Жамбыл кездескен жерде бетіне айтып тастайды. Бір жолы Сүйінбай аулында үлкен той болар алдында Қисыбай өзіне арнап жаңа киім тіктіреді. Жаңа шапан, бешпент киіп тұрып ол:

– Қалай, мына киімдер маған жараса ма? – деп, Жамбылға қарайды. Бір жағынан ол «сенің үстіңдегі киімің ескі» дегендей сыңай білдіреді. Мұны сезген Жамбыл:

– Маған да осындай жаңа киімдер тіктіресің. Егер тіктірмесең, не киіміннен айырыласың, не сенің сөзіңді сөйлемей қоямын, есіңде болсын!

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,
Пәтуа – бірлігіңді бұзып кетер.
Ебін тауып ұстамай, өшіктірсең,
Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер,–

деп жүре береді. Мына сөзден сескенген Қисыбай:

– Ойбай, Жәке, айтқаның болсын, – деп оған да жаңа киім әзірлетіпті дейді.

Самсыдағы Қаттаубай деген кісі Қордайдан келе жатқан Жамбылды үш күн жібермей қонақ етеді. Әрине, ол отырған жер өлеңжырсыз болмайды ғой. Талай өлең, дастандар айтылады. Үлкен-кіші демей бәрі жыр тыңдайды. Ол аттанар кезде сол ауылдың бір жігіті:

– Біздің үйден дәм татып кетіңіз? – деп, шылауына орала берген. Екеуінің жегжаттық жайы бар екен. Өтініп қоймаған соң Жамбыл:

– Жарайды, барсам, барайын, – деп атының басын сол үйге қарай бұрады. Ауыл адамдары оның соңынан қалмайды. Тағы да жыр тыңдай түссек дейді. Есік алдына бара бергенде, әлгі жігіт алдынан шығады. Дүкеннен келе жатқан беті болу керек, қолында екі-үш шөлмек арағы және бірдеңелері бар, ол асып-сасып:

– Кәне, үйге кіріңіздер! – дей береді.

Ат үстінде тұрған Жамбыл, оның ауым-сауым сиқына қарап, әрі арақ көтеріп жүргенін ұнатпай:

Арғы атаң Тарақты,
Бәйгеге атын жаратты.
Бергі атаң Таңатты,
Жұртты аузына қаратты.
Мені үйіңе шақырып,
Алып кепсің арақты.
Қарасаңшы, шіркін-ай,
Жырым-жырым балақты.
Тарғап, Самсы аулынан
Таппаспын сендей салақты...–

деп термелеп, аттан түспестен жүріп кетеді. Ал өлең сол жердегі жұрттың көкейінде қалып қояды.

Қисыбай болыс болып, оған шыбылдың орысша оқыған Иса деген жігіті писарьлық қызмет етеді. Ол пара алғыш қу екен. Бір күні екейдің бір кедейі арыз айтпақ болып болысқа барса, әлгі писарь: «Ісіңді мен-ақ тындырып берейін», – деп кедейдің азын-аулақ ақшасын қағып алыпты. Арада екі-үш ай өтіпті. Дау шешімін таппапты. Кедей Жамбылға жолығып қалып, болған жайды айтады. Сонда Жамбыл: «Кәне, жүр сол писарьға!» – деп оны болыстың үйіне ертіп барады. Үй іші толған бай, манаптардың көзінше:

Болысқа жолдас болды песір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген.
Екейді қаңғып келіп шыбыл жеді,
Алланың әмірі шығар жесін деген, –

депті. Бұл сөздің сыңайын түсіне қойған Қисыбай Исаға қарап: «Не алсаң, соны қазір қайтар!» – деп бұйырыпты.

Сосын Жамбылға: «Ашуыңды бас, төрге шық, домбыраңды шерт»,– деп өтініпті.

Тезекбай – Жамбылдың кенже баласы. Әкесінің өзі айтқандай ол «не үй, не түз шаруасына» икемсіздеу болады. Бір күні Тезекбай Жамбыл мініп жүрген күрең атты бос қоя берсе, ол барып боз биенің жанында тұрған жирен тайды теуіп, аяғын сындырады. Сонда баласына ренжіген ол:

Жігіттер, не дейсіңдер Тезекбайды,
Тепкізген күрең атқа жирен тайды.
Не үй, не түз шаруасын істемейді,
Не деп атаушы едіңдер осындайды,–

депті.

Жамбыл ауылдық Советінің бұрынғы председателі Төлеген Ахметжанов колхоздан ат ауыстырып міне берсе керек. «Осыған бір өлең шығарыңызшы»,– дейді колхоз бастығы. Сонда Жамбыл атқа мінгелі жатқан Төлегенге қарап:

Сыртың сұлу болғанмен,
Сөзің сылдыр жігітсің.
Бірді арытып қойып ең,
Бір семізді міпсің.
Бүйте берме, колхозшы
Деп жүрмесін бүліксің! –

дегенде ол атынан қайта түсіп: «Жәкежан, бұл өлеңіңізді басқа ешкім естімесін, айтқаныңыз болсын»,– деп жалыныпты.

Жамбылдың жақын шәкірттерінің бірі Үмбетәлі Кәрібаев бір әңгімесінде «Жәкеңнің Сауырбайға арнаған бір жыры болушы еді. Ол былай басталатын» деген еді:

Бай балпаң, кедей қалтаң, ұста дарқан,
Талай жер дәмін таттым, сыбай-салтаң.
Алаштың азаматын таныс қылған,
От жырым, қызыл тілім, сенің арқаң...

1940 жылдың июнь айында жазушылар Леонид Соболев, Мұхтар Әуезов, Әбділда Тәжібаев Жамбыл үйінде қонақ болып, ақындық дәстүр, импровизаторлық өнер жөнінде көп әңгіме-сұхбат құрады. Жамбылға өлең, жыр айтқызады. Кештің бір мезгілінде бәрі далаға шығып салқындамақ болады. Босағада жатқан кебісін таба алмай Жамбыл сипалақтап жатады. Соболев:

– Вот, Жәке, вот, – деп кебісін қояды.

– От болса, от, – деп Жамбыл кебісін киіп жатып:

Жігіт едім жасымда қысылмаған,
Көрсеткен жоқ тірі жан қысым маған.
Тар саңлаудан дәл соққыш мерген
Жамбыл Кең кебісін кие алмай пысылдаған,–

деп табан астында айта қояды. «Мінеки, импровнзаторлықтың қас қағымдағы бір дәлелі»,– десіп бәрі таң калысады

Бір жолы Самсы ауылындағы жегжаттары Жамбылды қонаққа шақырыпты. Ақынның соңғы әйелі Қанымжанның сол ауылдан екені белгілі. Көптен кездеспей жүрген құда-жегжаттар жиналып қалса керек. Бәрі Жамбылға өлең айтқызады. Өлең арасында әзіл-қалжың да айтылып жатады. Шай құйып, оған ұсына берген батылдау сөйлейтін, сұлуша келіншек:

– Шай алып отырыңыз, кәрі күйеу, – деп оған қалжың тастайды. Сонда Жамбыл әлгі келіншекке қарап кідірместен былай депті:

Балдыз деймін, ендеше балдыз деймін,
Су жағалай бітеді жалбыз деймін.
Жасым келді тоқсанның сегізіне,
Жездең қалай жатады жалғыз деймін?

Жұрт қыран күлкіге батыпты. Әрқайсысы әр тұстан:

– Өзіңе де сол керек!

– Осындай от ауызды пәлеге тиісіп нең бар!

– Жеңеше-ау, жайыңа отырмайсың ба?! – десіп, әлгі келіншекке бәрі дүрсе қоя беріпті.

1943 жылдың тамылжып тұрған май айының бір күнінде. бұрын талай жолығып, сұхбаттасып жүрген ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Жәкеңе сәлем бере барады. Бұл «Абай» романының I томы баспадан

шыққан, одан соңғы томдары жазылып жатқан кез екен. Сонда жазушының келгеніне қуанған қарт жырау оның сәлемін алып тұрып былай депті:

Әлейкумуссалам, Мұхтарым!
Оң қолымды ұстадың.
Жиі-жиі сенімен
Кездесуге құштармын.
Мен – кәрімін, сен – жассың,
Қолымды қатты қыспағын.
Құтты болсын, қарағым,
Баспадан әлгі шыққаның!
Сабасындай биенің
Өзіңді-өзің ыстадың.
Еңбегің жанды Абайдан –
Өрлеп көкке ұшқаның.
Жарқылдасын достарың,
Тұнжырасын дұшпаның!
Бұзып шықтың, ақыры,
Өмірдің талай қыспағын...

Ауызша таралып келген осы арнау «Білім және еңбек» журналының 1985 жылғы төртінші нөмірінде, аздаған өзгерістерімен жарияланған. Оны журналға жолдаған Жамбыл облысы, Красногор ауданы Отар поселкесінің тұрғыны Қыдырәлі Қойтаев екен.

Жазушы Қалмахан Әбдіқадыров 1942 жылдың апрель айында Жамбыл атасын Алматыдағы үйіне қонаққа шақырады. Сонда Жәкең әуелі барғысы келмей отырыпты да, артынан оған былай деп қалжыңдапты:

Әй, жазушы Қалмақан!
Өкпелерсің, бармасам.
Адасам деп қалада,
Сатышыма жармасам.
Қажымұқанмен жүздесіп,
Ұзақ жатып қалмасам.
Қарақыпшақ Қобыланды...
Батыр еді арғы атаң.

Өлең айт деп мазамды
Жақсы болар алмасаң.
Таяқ жейсің Жамбылдан,
Осы жолы алдасаң!

«Білім және еңбек» журналында жарияланған осы өленнің дерегін сұрастырып жүрдік. Қалмақан жазбалары қолға түспеді. 1986 жылдың көктемінде Жамбыл музейіне бардық. Жамбылдың ағайын-туыстары Тұрап Мыржиевтың жылын атап өткелі жиналған екен. Өтініш бойынша Жөкеңнің інілері Сәрсембек Қопабаев (84 жаста), Нағашыбек Байсабаев (80 жаста), Шаштай Күшікбаев (79-да), Сарқытбай Көбеев (74 жаста), Үмбетәлі Өмірзақов (68-де) Жамбыл туралы есте қалғандарын айтып отырды.

Жамбылдың Қалмақан үйінде қонақта болғанын айтып, әлгі өленді оқи беріп едік. Нағашыбек дереу әңгімеге араласты:

– Бұл тәтемнің Калмақанға айтқан өлеңі ғой. Мен сол жолы оларды (Қалмақан, Сатышты айтады) тәтемнің машинасымен Алматыға алып барғамын. Тәтемді Сатыш екеуміз ертіп үйге кірдік. Қалмақан оның сырт киімін ілді. Тар бөлме. Еденге түсті киіз, көрпеше төселіпті. Терезе алдында шағын ғана жазу үстел. Оның үсті үйілген ескі кітаптар, арабша жазылған қағаздар. Тәтем жақын барып, былғарымен қапталған бір кітапты қолына алды.

– Бұл не кітап?

– «Мың бір түн» ғой.

– Әлгі біз айта беретін «Мың бір түн» бе?

– Иә. Жәке, дәл өзі. Сіздер айтып жүрген жыр ғой, бұл қара сөз, әңгіме.

– Мұны не қыласың?

– Аударып жүрмін, бірінші кітабын келесі жылы баспаға тапсырмақпын. Өзі төрт кітап болмақ.

– Кәне, оқышы?

Қалмақан аударған бірер парағын алып оқи бастады.

«Ей, ұлы бақытты патшам, қарындасынан бір түнде айырылған Зауал-Мәкен деген бала кірекештерге еріп Бағдатқа барады. Түн болады. Өзге кірекештер ұйқтап жатқанда, әлгі бала кірпік ілмей қарындасын іздеп зарлап отырады. Оның зарлы өлені қала әкімінің жаңадан түскен жас келіншегінің құлағына жетеді. Ол екі күзетшісіне:

– Түнімен өлең айтып шыққан баланы маған алып кел! – деп бұйырады.

Күзетшілер ұйқтап жатқандарды аралап жүріп, өлең айтып зарлап отырған баланы тауып алады.

– Жүр, сені ханым-бике шақырып жатыр!

Бала қорқады.

– Өлең айтқан мен емес. Бармаймын.

– Енді кім?

– Сенен басқа ояу адам жоқ, өлең айтқан сенсің, жүресің! – Күзетшілер баланы сүйрелеп, ханым-бикенің шатырына алып барады. Шатырдың сыртында тұрып екеуі:

– Баланы әкелдік,– деп хабар береді. Шатырдың ішінен әйел:

– Өлең айтқан сенбісің?

– Ия, менмін.

– Өлеңіңді қайталап айтшы?

– Оны не қыласыз?

– Құлағыма жағып барады.

Мұны естіген баланың жүрегі орнына түседі. Ол «жазаға бұйыра қоймас» деп өлеңін айта беріпті:

– Мен бір қам көңілді бейбақ едім. Ата-анамыз жаугершілікте өліп, қарындасым екеуміз жетім қалып едік. Бір түнде сол қарындасымнан айырылдым. Соны іздеп осы шаһарға келдім.

Мұны естіген ханым-бике шатырдың есігін серпіп тастап «сен Зауал-Мәкенбісің» деп, ағасын құшақтай алыпты.

Қалмақан қағазын оқып болды да, үстелге қойды. Тәтем оған жымия қарады:

– Мынауың Құлмамбет екеуміз айтып жүргеннен басқа екен.

– Сіз қанша түнін айтасыз?–деді Қалмақан.

– Түн-пүніңді білмеймін, әйтеуір айта берсе, үш-төрт түнге барады ғой. Менен гөрі Құлмамбет ұзақ айтушы еді...

Жамбылға өмірінің соңғы кездері дәрігер болып Рахымбай Досымбаев бекітіледі. Сол дәрігеріне алғашқы рет көрініп тұрғанда былай депті:

Бұл өмірде тоймайды адам жасқа,
Бақыт үшін бола ма жасамасқа...
Қарағым, жасарта бер Жамбылыңды,
Өлтірме, шамаң келсе даңғылыңды.
Өмірге тым асығыс ерте келіп.
Өткіздім бейнетпенен сан жылымды.

Өткенге өкінемін, амалым жоқ,
Өлімге менің қарсы табарым жоқ.
Өзің біл, шамаң келсе шара қолдап,
Жай жатқан жан емеспін талабым жоқ.
Бір күні зорлық қылып әкетпесе,
Өзім тілеп өлімге барарым жоқ.

Бұл шумақ профессор Есмағамбет Исмайыловтың архивінен табылды.

Жамбыл мен Кенен қырғыз манабы Шабден асында алғаш рет кездескен. Қатар тігілген киіз үйлердің бірінде – Жамбыл, Қалмырза, екіншісінде Кенен, Үмбетәлі, Қалық кезекпе-кезек жыр, толғауды күн-түн айтқан. Жамбыл өнеріне зор ризашылық білдіргсн қырғыз ағайындар оған ақ теңбіл жорғаны көлденең тартып, иығына шапан жапқан. Осы құрмет үстінде бала Кенен Жәкеңе имене сәлем беріп, бата сұраған. Сонда Жәкең қолын көкке жайып тұрып:

Кешегі анау боз үйден
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң боларсың,
Үлкен екен шеңгелің.
«Кенен, Кенен» деп жүр ғой елдің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі.
Төрт аяғы тең түсіп өлеңіңнің,
Құлағыңнан кетпейді салған әні.
Сәлем берсең, қарағым, сәлемет бол!
Бабалардың далаға көшкен нәрі.
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарбас, Әлмен бар ма еді біз білмеген»
«Бабаның – батасынан» деген нақыл,
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген...–

деген екен.

– Жәкең, – деді, Кенен ақсақал бір әңгімесінде, – осы үйдің қуаныш-қайғысына әрдайым ортақ болып жүрді. Базар, Назарым шетінеген жиырма сегізінші жылдың күзінде Алматы базарына бардым.

Мінгенім Айдарбек балаларының арық күреңі еді. Бір топ базаршылардың ортасында тұрған Жәкең мені анадайдан тани кетіп, «Кененбісің?» деп қасыма келді. Бас-аяғыма бір қарап алды да:

Өзіңнің мойның қылқиып,
Атыңның бұты тыртиып,
Әжептәуір жігіт ең,
Қалған ба саған тіл тиіп?!
Ер жігіт десем, ез құсап
Мойып қапсың сылқиып.
Қой, ойлама уайым!
Туарыңды ұрайын,
Тағы да табар жұбайың!
Түбін берсін ылайым!–

деп көңілімді бір жұбатып тастаған еді...

«Бір жаманшылықтың бір жақсылығы бар, бір қайғының бір қуанышы бар» дегендей, келесі жылдардың жазында Кенен үйіне қуаныш келеді: жұбайы Насиха ұл табады. Осы хабарды есіткен Жамбыл кідірместен Қордайға жетеді. Үйге ене берген ол: «Кененім, келіп қалдым қуанған соң, тұйғының үйрек, қаз бен қу алған соң, келінжан, бата берем, қолыңды жай, құдайдан өлгеніңе құн алған соң», – дейді де, былай деп бата береді:

Құтты болсын – Көркемің!
Өсе берсін өркенің!
Кененнен тудым дейтіндей,
Ұлы болсын өлкенің!
Жігіт болып жеткенше,
Өзі болсын өскенде
Қой бастайтын серкенің!
Ғашық етсін қыздарын
Қордай, Шу мен Меркенің!
Құрметіне сәбидің
Елім берді домбыра,
Екі күндей шертемін.
Өлең сөзге Кененді,
Қызық тойға қыздырып,

Қаз даусын сыздырып,
Өз соңымнан ертемін.
Әлі тойды бастаймын.
Той бастаудан қайтпаймын.
Аман болса, балалар,
Бүгінім мен ертеңім...

Бұл бата сөзді Кенен арнаулы әнмен айтатын.

1937 жылдың көктемінде Жамбыл қырғыз ыршыларының шақыруымен бара жатып, қасындағы шәкірті Кененнің өтініші бойынша, Сұлутөр жайлауына бұрылады. Мал төлдеп, арқа-жарқа болып жатқан шопандар ауылы оларды қуана қарсы алады. Екі-үш күндей жібермей кезек-кезек қонақ етіп, күтіп, өлең-жыр тыңдасады.

– Жәкең сондағы сөзін,– дейді Кенен,– былай ден бастап еді:

Атақты Қордай, Сұлутөр,
Жайсаң жайлау, қоңыр жел.
Ұлы Октябрь нұр құйып,
Не болды еңбекші ел.
Ленин көсем жеткізді.
Ақ алтынды төккізді.
Мал бастары өркендеп.
Түрлі астық еккізді,
Жарымай жүрген жалшыға
Жау басынан тепкізді,
Еңіреп жүрген кедейді
Қозыдай сүтке бөккізді.
Жасасын Ұлы Октябрь!
Көңілден қайғы кеткізді...

1940 жылы июнь айында Кенен Әзірбаев Кавказға барып, демалып қайтады. Келген соң ұстазы Жамбылға барып, сәлем береді. Қасында біраз күн болып, оған інілік қызмет көрсетеді. Сонда шәкіртінің келгеніне, оның қызметіне риза болған қарт жырау мынау өлеңді айтыпты:

Жақсы көрем, Кененім,
Дұрыс болды келгенің.

Қарайласам артына,
Домбырамды ұстар сен едің.
Қасымнан ұзап кетпеші,
Орындалсын дегенің.
Ұзара түссін көгенің,
Кавказ жақ қа барғалы,
Грузинге ұқсайсың,
Маған жақсы қарайсың.
Қабағыңды шытпайсың,
Жасы ұзақ болсын Көркемнің
Қонақ атып ұстайтын!

Ұзынағаш селосында Ұлы Октябрь, мерекесінің сегіз жылдық мерекесі өтіп жатқан кез. Сол тойда Жамбыл төрге шыққанда:

Жетіл, Жамбыл, жетіл деп,
Ет жүрегің елпілдеп,
Көмекейім бүлкілдеп,
Енді қартың сөйлесін.
Есесің желдей екпіндеп,
Қырғыз, қазақ жеріне
Түгел барып төркіндеп,
Кең Ресей жеріне
Кете берем біртіндеп, –

деп, термелеп мерекені құттықтаған. Бұл жыр бастамасы оның шәкірті Үмбетәлі Кәрібаевтың ойында сақталып қалыпты.

Алматы облысының «Ақтерек» совхозында тұратын Жамбыл шәкірттерінің бірі Есдәулет Қандековтың 70 жасқа толған мүшел тойы өтті. Осы жиын алдында ақынға барып жолыққанымызда ол өзінің ұстазы туралы мынаны айтты:

– Октябрь тойының бес жылдығы өтіп жатқанда, Кенен екеуміз Жәкеңнің қасында жүрдік. Ұзынағаштың көшесі халыққа толып, ығы-жығы болып кетті. Қала сыртындағы жотаға қарай жұрт ағылып жатты. Бір кезде үстерінде көк көйлектері бар, мойындарына қызыл галстук байлаған, қолдарына қызыл жалауша ұстаған бір топ пионерлер барабандатып, кернейлетіп жанымыздан өтті. Жүрегіміз лүпілдеп, құйқамыз шымырлап кетті. Жәкең мені бүйірімнен түртіп қалып:

Үлкендер қырда дулайды.
Балалар мұнда шулайды.
Қызығын көріп ауылдың,
Менің де көңілім қунайды.
Әрқайсысына көз жібер,
Кезі келгенде айтып бер,
Көріп ең қашан мұндайды?! –

дегенде Кенен екеуміз: «Бәрекелде, Жәке, тойды өзіңіз бастап жібердіңіз ғой»,– деп көтермелеп қойдық.

Екейдің Ботақара атасынан тарайтын Сағаз деген кісінің Жидебай деген баласы Жамбылмен түйдей жасты екен. Бойдақ кезінде Жәкең оған:

Жидебай сен де қара, мен де қара,
Бір-ақ әйел алайық екеуара.
Қалың малын жартылай тең төлесек,
Екеуміздің туады бұйра қара,–

деп қалжыңдапты.

Отызыншы жылдардың бас кезінде Жамбыл «Дегерес» асыл тұқымды жылқы совхозына барады. Сол кездегі ферма меңгерушісі Құрманғали Әйделов оны үйіне түсіріп жыр айтқызады. Сонда ол Қобландының Тайбурылын, Көруғлының тұлпарын суреттеп отырады да совхоз сайгүліктеріне тоқталады.

Өсіріп асыл жылқы арғымақтан,
Жігіттер көкке бедеу қаргылатқан.
Сарыжазық, Қарақия, Алаяққа
Совхоздың көп жылқысы желі тартқан.
Ойнақтап құлын-тайы асыр салған,
Құлындар алма мойын асылданған.
Аттары бөрі құлақ, бөкен санды,
Молайды ел дәулеті асыл малдан...

Бұл шумақ сондағы арнау жырының бас жағы болса керек. Орденді жылқышы Ақыбай Қыдырмаевтың айтуымен хатқа түскен.

Жамбыл күйлері

Соңғы жылдары «Жамбыл күй тартқан ба?» дсген сұрақ туып жүр. Біреулер: «Жамбыл туралы жұрттың бәрі жазды, бірақ әлі де айтылмаған сөз көп. Жамбыл күйші болған. Оны осы кезге дейін ешкім ескермей келеді», – дейді. Жамбылдың күйші болғанын зерттеушілер әуел бастан-ақ жазған. Қай кезінен бастап, неше жасына дейін күй тартып келгендігі жөнінде Жамбылдың өзі де:

Домбыраны қолыма
Он жасымнан алғанмын.
Дәл жетпіске келгенше,
Күй тартудан танбадым, –

деп жырлаған.

Нағашысы Қанаданның қобызшы болғаны жоғарыда айтылды. Сол Қанадан жиені Жамбылға жастайынан күй тартуды үйретіп, өзінің қара қобызын сыйлаған ғой. Демек, Жамбыл күй тартуды бала кезінен бастаған.

Жамбылдың күй тартқандығы жөнінде ақсақал жазушымыз Сапарғали Бегалин былай деп жазды:

«...Қанадан күй тартқанда, әсіресе Асанқайғының желмаямен желген күйін тартқанда, тыңдағандар жылайды екен. Сол өнер Жамбылға да жұққан. Жақсы көріп тартатын күйлері: «Ыңғай көк», «Сұр мерген», «Басшылбай», «Күйшілбай», «Ұран күйі» дегендер көрінеді... Жәкең осы айтылған үш-төрт күйден бөлек «Абылай шайқамасы», «Калабек күйі», «Қалжан – Қалша күйі», «Ердабай күйі», «Ерке атан күйі». «Өзбек күйі» сияқты тағы бірнеше күйлерді де біледі екен. Осы күйлердің әңгімесін қысқа-қысқа айтып, тартып берген Сыдық Малқатпайұлы.

Ал Жадыраның (Жабайдың інісі) немересі Өмірәлінің айтуына қарағанда, Жамбыл жиырма шақты күй білген. Жамбыл орындауында «Көрұғлы сұлтан», «Ыстамбұл», «Есім – Саржан», «Төрт жігіт», «Әлібек толғауы», «Бозінген»», «Шортанбай» және қырғыз Мұратәлі күйлері болған.

Автор бұл деректерді Жамбылдың көзі тірі кезінде қырқыншы жылдары жинаған. Сол күйлерді кезінде магнитофон лентасына, патефон пластинкасына жазып алмағанымыз өкініштi-ақ.

Жамбылдың күйді көп тартқандығы жөнінде ел аузында мынадай аңыз да бар. Ана бір қиыншылық жылдары ақынның бірқатар ағайын-туыстары қырғыз еліне барып паналапты. Солармен бірге Жамбылдың баласы Қожаш та кеткен. Кейін әкесі «Қалай орналасты екен» деп олардың артынан барған. Жолда қырғыз ауылдарып аралап өлең-жыр айтқан. Тарпаңдау ат мініп кеткен Жәкең бір күні аттан құлап, белінен мертігіп қайтады. Сонымен бірер айдай Қожаштың үйінде жатып қалады. Ендігі ермегі күй болады. Өзін-өзі күймен жұбатады. Көңілін сұрап келгендерге күй тартып берген. Қазанға ет сала бастағанда Жәкең:

– Ал мен күй тартайын, сендер санай беріңдер, отыз күн тартқанда ет те піседі,– дер екен. Ол әр күйді тартып, оның шығу шежіресін айта отырады. Күй құмарлар тартылған күйді санай береді. Жәкең күйді тарта түссе деп, келіндері жуықта етті пісіре қоймайды. Сонда ол:

– Күй отыздан асып кетті ғой, немене, қазандарына тас түсіп кеткен бе?– деп тағы да тарта түседі екен. Осы әңгімені Жамбылдың баласы Тезекбай да, туысы Сәрсембек те, шофері Нағашыбек те айтады.

Жамбыл Байсерке күйшімен де дос, жолдас болған. Байсерке одан бес жастай үлкен екен. Екеуі талай бірге жүріп, думан құрған. Жамбыл жыр-қисса айтқан, Байсерке күй тартқан. Әкесі Құлыш Байсеркені жастайынан күйші, салдыққа, саяткерлік, ат бапкерлігіне үйреткен. Ол көкпаршы, додапаз да, жауырыны жерге тимеген балуан да болған. Осындай әр қырлы өнерпаздығына қызығып, оны Қотырбай деген бай қолына алады. Жылқысын бақтырады. Той-думанда додаға салып, күреске қосады. Бір күні Қотырбай оны қырғыз ауылына ертіп барып, күй жарысқа салады. Он саусағынан күй саулаған Байсерке қырғыздың жеті күйшісін жеңіп, үлкен олжаға ие болып қайтады.

Сөйтіп, Байсерке күйші күндіз жылқы бағып кешке қарай ауылдастарын тәтті күйге бөлеп жүре береді. Оған Қотырбайдың Қалипа, Қалша деген екі қызы қатарынан ғашық болады. Апалы-сіңлілер арасында алакөздік туа бастайды. Бірінен-бірі жасырынып Байсеркеге өрісте, өзен жағасында, тау баурайында кездесіп, мұңдарын шағады. Мұны сезген бай қыздарына тыйым салады. Байсеркені ауылдан қуады. Қуып қана қоймайды-ау, оның соңына Құтпан деген төрені салып қояды. Үлкен қызы Қалипаны соған атастырады. Құтпан бай-

ға уәде береді де, Байсеркені қапылыста өлтірмек болады. Мұны сезген байдың кіші қызы Қалша Байсеркеге жеткізеді.

– Ертең кешке төре ірге басуға келіп, әкемнің ақ отауына қонады. Сонда үстінен түс,– дейді Қалша.

Ақсауыт киген қолына сегіз өрме бұзау тіс қамшысын бүктеп алған Байсерке ел жата бере төре жатқан ақ отауға кіріп барады.

Сенің аулың Жыңғылдың өзенінде,
Менің аулым Қордайдың кезеңінде.
Төремін деп сен кімді басынасың –
Әркім-ақ мықты болар өз елінде.
Жекпе-жек кездеспей-ақ жүр екенсің –
Байсеркедей батырдың көзеліне.
Сен басқан, сарқан болсаң,
Мен ескеп қыл арқанмын.
Аяқ-қолыңды тас қып матаймын.
Сен мейманасы тасқан болсаң,
Мен сендейдің көңілін басқанмын.
Кәне. шық былай, ер болсаң, –

деп оны қамшының астына алып, көк ала қойдай қылып сабапты да, сол түні өзінің сүйген қызы Қалшаны алып қашып, Қордай асып кетеді. Байсерке өз басынан кешкен осы оқиғаны «Қалипа – Қалша» деп күйге айналдырып тартып жүрген.

Кенен ақын жадында сақталып келген, Жамбыл айта беретін бір хикая осы еді. Жамбыл кезінде өзінің жан досы Байсеркеден «Қалипа – Қалша» күйінен басқа «Ұран», «Қасабек», «Күйшілбай», «Бас-шылбай», «Есім – Саржан», «Өзбек» тағы бірқатар күйлерін үйренген.

Бір жиында Жамбыл Сәтина қызбен айтысқан. Айтыс аяғы қыза-қыза келіп, күй жарысқа айналған. Сәтина қыз өз басының мұңын күймен ұқтырған. Оған Жамбыл «Өтеді, кетеді дүние» деген жұбату күймен жауап қайырған. Бұл күй жарысты бүгінде Жамбылдың жақын туысы.

Жасы сексеннен асқан Шаштай ақсақал қазақ теледидарында орындап жүр.

Жамбыл әсіресе қырғыз күйшісі Мұратәлі Күрецкеевпен дос болған. Екеуі жастайынан талай бірге жүріп, күй тартысқан. Бірде ауыл қариялары жиналып отырып:

– Жәке, сіздің өлең сөзден жеңілтек күніңіз болды ма? – деп сұрапты.

– Көптеген ақындармен, ақын қыздармен айтыстым, оларды жеңдім. Бірақ қырғыздың Мұратәлі күйшісінен домбыра тартудан жеңіліп қалдым. Ол былай болған еді. Менің орта жастағы кезім. Қырғыздардың Көкайрақ деген жайлауында қыз ұзату тойы болды. Соған алыстан ат арытып біз де бардық. Бізді сыйлы қонақ деп, ортадағы сегіз қанат ақ үйге орналастырды. Қазақ, қырғыз бас қосқан жерде қарап отыра ма, өлең айтып, домбырашылар күй тартты. Ал мен сол салтанатты жиында баяғы замандардағы қазақ пен қырғыз батырлары бірлесіп, шапқыншы қара қалмақтарға қарсы соғысқанын суреттеп, қысқаша толғау айттым. Содан соң бидайық құстай біреу домбырамен «Қамбархан» деген тамаша күй тартты.

– Бұл кім? – деп қасымдағы біреуден сұрап едім.

– Қырғыздың атақты күйшісі Мұратәлі, – деді. Мұратәліні бірінші рет көргенім сол еді. Біз де қарап отырғанымыз жоқ, қыза-қыза өленді тастап беріп, Мұратәлімен күй жарыстаруға шықтым. Шарт біреу-ақ, кім күйді көп тартса, сол жеңеді. Мен қатарынан он үш күй тарттым. Ал Мұратәлі он бес күй тартты. Сөйтіп Мұратәлі менен екі күй артық тартқандықтан:

– Мұратәлі, жол сенікі болды. Бұдан былай екеуміз дос болайық,– деп орнымыздан түрып, тос түйістіріп таныстық,– дейді Жамбыл.

Бұл дерек Сұлтанғали Садырбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінде (14 февраль, 1986) жарияланған» «Жамбыл мен Мұратәлі күйші» деп аталған мақаласында бар.

Мың шапағаттың бірі – ақынның өлең-жырларының әсер, ықпалы, күш-қуаты ересен болғаны өз алдына, ал оның жеке басының атақ-дақпыртының жұртқа тигізген шапағаты қаншама? Отызыншы жылдары мынадай бір оқиға болыпты:

Көктемнің аласапыран қауырт күндерінде Майтөбе ет совхозының саяси бөлім бастығы Жүсіпбек Арыстанов Алматыдан бір машина жанармай әкеле жатады. Ол кезде жаңадан ұйымдасып жатқан совхозға техника жетіспейді. Техника болса, оған жанармай тағы жетіспейді. Жанар майды қаладағы өнеркәсіп орындарынан жалынып-жалпайып жүріп сұрап алған ғой. Ұзынағаш селосына кіре бергенде алдынан бір жеңіл машиналы кісі ұшырасын, оған «тоқта!» дейді. Қараса, Қазақстан өлкелік партия комитетінен келе жатқан өкіл екен. Тани кетіп, сәлемдеседі. Ол сәлемді солғын қабылдайды.

– Бұл не?

– Бензин.

– Қайдан алдың?

– Қаладан.

– Осындай қызу науқан кезінде қайда қаңғырып жүрсіңдер?

– Қаңғырғаны несі, тоқтап қалған тракторларға бензин тауып әкеле жатырмын ғой.

– Совхозға барып, ешкімді таппадым, директорың тауға кетіпті, сен болсаң қалада серуендеп жүрсің! – Өкіл ашу-ызасын осылайша борандатады да, папкасынан блокнотын алып, машинасының бөксе жағына қойып, жаза бастады. Жазған бір парақ қағазын дыр-р-р еткізіп жыртып, қасында тұрған Жүсіпбектің қолына ұстата салады. Шекесінде «Қазақстан өлкелік партия комитеті» деген қызыл жазудың астына «Осы бүгін түнде 6 трактор «Ақыртөбе» совхозына жеткізілсін!» деп бұйрық жазыпты. Бұған аң-таң болған Жүсіпбек:

– Жолдас секретарь, біз егіс екпейміз бе? – десе, ол одан сайын өршеленеді.

– Сендер өгіз соқамен жыртасыңдар. Ал «Ақыртөбенің» жері шығып қурап барады, түсінесің бе? – деп ақырады. Жүсіпбек енді қатулана түседі.

– 175 шақырым жерге 6 трактор сақырлатып жібере алмаймын. Онда бөлшектерінен түк қалмайды. Трактор ұзақ жолға салып айдауға болмайды деген ережені бұзып тұрсыз!

– Сен – саботаж, бюрода мәселеңді қаратамын! – деген де өкіл Алматыға тартқан. Екі күннен кейін Казкрайкомның пленумы өткен. Осы пленумда әлгі өкіл шығып сөйлеп, «Майтөбе» ет совхозының жұмысын қатты сынға алған. «Совхоз саяси бөлімінің бастығы Арыстанов егіс науқанына кедергі жасады. Көрші совхозға трактор жібермеді. Крайкомның нұсқауын орындамады» деп кінәлаған. Бұған Жүсіпбек қарап қалсын ба? Ол да қарсысын айтқан. Не керек, осы жанжалдың аяғы насырға шауып, жауапты өкіл Жүсіпбекті орнынан босатпақ болады.

Жанжал жатсын ба? Ауылдағыларға жетеді. Жамбылдың да құлағына шалынады. «Япырмай, қиянат болған екен, өзі бір елгезек, іскер бала еді»,– деп оған іштей жаны ашып жүреді.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, бір күні ауданға Мирзоян келе қалады. Райкомда жиналыс өткізіпті де, Жамбылға сәлем бере қайтамын деген, Жәкеңнің бұл кезде күннен-күн-

ге ақындық беделі асып, даңқы жайыла бастаған кезі. Мирзоян ол жөнінде Ораздан, Сәкеннен хабардар еді. Алматыда бір-екі жерде кездесіп, жырын тыңдаған да. Енді осы жолы өзінің үй-жай тұрмысымен таныса кету ойында бар-тын. Жәкең Мирзоянды үйінде күтіп алады. Өзі тұрған колхозы, егіс, мал шаруасы жайлы әңгімелескен. Өлең, жыр айтып берген. Жүрер кезде:

– Мырзажан,– деген ол,– Майтөбенің парторгі адал Бала, өзі іскер, ертеден кешке дейін тынбай жүгіреді де жүреді. Өзін халық жақсы көреді. Ол келгелі бері совхоздың жағдайы жақсара бастады. Бір басшы өзіне қиянат жасап, қудалап жүрген көрінеді, сол есіңде болсын...

Мирзоян ескерерміз» деп аттанған.

Ертеңіне «Арыстановты Мирзоянның қабылдауына шақырады» деген телефонограмма келді. «Енді шаруа бітті, өкіл мені Мирзоянға әбден төндіре жамандап, шағынған екен. Су түбіне кетті деген осы!» деп, ол қорқа-қорқа Алматыға барады. Мирзоян екеуін қабылдап, беттестіреді. Болған істің анық-қанығына көзі жетеді. Ол секретарьға былай дейді:

– Совхоздың ішкі жұмысына киліккенің дұрыс болмаған. Онан соң трактордың ұзақ жолға жіберуге болмайды ғой. Бұл жөнінде Арыстановтікі жөн. Кеше мен сол ауылда болдым. Жұрт сенің асыра сілтеуіңді ұнатпай қалыпты. Тіптен Жамбыл ақсақал да сенің бұйрығыңды қиянат деп отыр. Орынсыз жанжалды қойыңдар! Барыңдар жұмыстарыңа!..

Бараида үрейленіп, қорқа кірген Арыстанов, Мирзоянның алдынан жүрегі алып-ұшып, қуана шығады. «Мың болғыр Жәкежан-ай, жеткізе айтқан екенсің-ау!» – деп ауылға жетеді Ол келе сала директордың кабинетіне кіреді. Ферма бастықтары, бригадирлер отыр екен.

– Иә, неге шақыртыпты?

Тиыштық па?

– Қане, баяндашы? – деп бәрі оған үдере қарайды. Жүсіпбек жымия түсіп:

– Қорқа барып, қуанып қайтты,– дейді,– менікі жөн болды. Мирзоян әділ большевик қой. Өкілдің асыра сілтеуін бетіне басты.

Жүсіпбек ентігін басып, сәл тұрып қалды да, сөзін қайта жалғады.

– Ағайындар, мен бұл жақсылыққа өзіміздің Жәкеңнің арқасында жеттім. Мен оған қарыздармын.

– Е-е-е, қарыздар болсаң, бір қойыңды сойып, үйіңе шақыр.

– Бәсе деймін-ау, мұндай жақсылыққа қой соймағанда ше!

– Несі бар, шақырамын, тіптен осы отырған бәрің де келіңдер!

Бригадирлер осылайша Жүсіпбекті ортаға алып қауқауласып жатты.

– Е-е-е, жақсылар,– деді директор,– бұл шал ортамызда отырған құт, береке емес пе?! Оның шапағатын көрмеген адам бұл өңірде кем-де-кем шығар.

Ертеңіне Жүсіпбек Жамбыл атасына барды. Шай ішіп отыр екен. Сәлемдесіп қолын алды. Жамбыл:

– Жүсіпбекпісің, неғып ертелеп жүрсің?

Дөңгелек үстел шетіне тізе бүккен Жүсіпбек:

– Сізді қонаққа шақырып келдім. Рақмет айтайын деп едім.

– О, ненің сыбағасы?

– Тәте, сіз мені бір жаладан арашалап қалдыңыз, сол үшін.

– Не дейді? Қайдағы жала, қайдағы араша?

Жамбылдың аң-таң болатындай жайы бар еді. Жүсіпбек көрген зомбылығын алдын ала барып Жамбылға айтып, сөз жәрдем сұраған жоқ-тын. Сондықтан ол болған істі қарияға бастан баяндағысы келді.

– Өкіл мені жұмыстан қуып, партиядан шығармақ болды емес пе? Осы озбырлығын сіз Мирзоянға айтып, мені сыртымнан тапсырған екенсіз. Ол сөзінде тұрды. Кеше сол кісінің алдынан келдім. Орнымда қалдырды.

– Е-е, әнеукүнгі Мырзажанға айтқан кеп екен ғой. Жарайды, іс оңына келсе бопты. Осында әлгі Тұрап пен Өмірзақ келіп «сол парторгқа қиянат болды» деген соң, сөз арасында айтқан едім.– Ол сәл ойланып отырды да, күлімдсп төңірегіне қарады.– Сен тыңда, бала кезімізде естіген мынадай «Мың бір түн» ертегісі болушы еді, соны айтып берейін. Ертеде араб елінде бір жомарт, өзі мәрт адам болыпты. Ол сұраған кедей-кембағалға асын да беріпті, атын да беріпті. Киімін де беріпті, үйін де беріпті. Сөйтіп, өзі бірер жылдың ішінде, тып-типыл кедей болып, «Кедей жомарт» атанып кетіпті. Кейін: ас берген досына барса, ас бермепті, ат берген досына барса, ат бермепті. Киім берген досына барса – киім, үйін берген досына барса үйін бермепті. Бәрі де «ақымақ кедей жомарт, аулақ жүр» депті. Әлгі бейшара әйелімен екеуі қаңғырып жүріп, қара үңгірге барып түнепті. Әйелі азанда тұрса, үңгірдің аузында бір күлше нан жатыр дейді. Ол дереу, ерін тұрғызып:

– Мынаны қара, – депті.

– Кім әкеп тасқады екен?

Екеуі нанның жартысын жеп, жүрек жалғап, «қалғанын ертеңге қорек етейік» депті. Күндіз ел кезіп жүріп, әлгі үңгірге тағы келіп паналайды. Азанда тұрып қараса, үңгір алдында бір дорба құрма жатыр дейді. Екеуі «Е, құдай, пендеңді жарылқай гөр!» – деп, оны да қорек етіп жүре береді. Тағы да күн батады. тағы да таң атады.

Бір күні ел ұйқыға кеткенде, қала әкімі атына мініп қазынадан 400 ділданы дорбаға салып қара үңгірге барады. Олар әлі үйықтамаған екен, қараса, атына ақ жалпош жауып, өзі бетін көлегейлеп алған біреу тұр дейді.

– Кімсің?

– Менің кім екенімді сұрама.– дейді әлгі аттылы,– бері кел-дағы мына 400 ділданы ал, керегіңе жарат, тұрмысыңды түзе.

Ол дорбаны тастайды да кері кетеді. Кедей пақыр ертеңіне шаһарға барады. Ас-ауқат, киім-кешек алады. Ат сатып алады. Үйлі-жайлы болып есін жинады. Баяғы өзі жомарттық жасап қарайласқан ескі достары енді оған келеді:

– Асты қайдан алдың?

– Атты қайдан алдың?

– Киімді қайдан алдың?

– Бұйымды қайдан алдың?

– Сен ұрысың...

Осылай дейді де, олар кедейді қала әкіміне алып барады.

– Мына ұрыны ұстадық, жазаға тартыңыз!

Әкім олардан сұрайды:

– Сенің малың түгел ме?

– Түгел.

– Сенің атың ұрланды ма?

– Жоқ.

– Олай болса, бұл ұры емес, сендер оған жала жауып тұрсыңдар, қоя беріңдер оны, тараңдар!..– дейді.

Жамбыл осылайша бір термелеп тастады да, әңгімесін әрмен жалғады:

– Енді жаңағы сөзді айтқан қала әкімінің өзіне келейік.

Оның әйелі айтыпты:

– Сіз түнделетіп қыдырып кететінді шығардыңыз. Бұрын мұндай әдетіңіз жоқ еді, бір сұлу келіншекпен уәделескенсіз ғой, сірә.

– Олай емес, ханым.

– Шыныңды айт!

– Мен басқа әйелге барсам, бұрын сезер едің ғой. Қайда барғанымды айтпаймын.

– Ым-м, айтпайсыз ғой. Білдім, білдім, сіздің бұл жүрісіңіз баяғы пайғамбарымыздың еш жанға көрінбей Мұғраж тауының үңгіріне барып, Алламен тілдескеніндей екен. Бірақ оны отыз сахабасы білген дейді ғой. Ал сіздің түнделеткен бұл жүрісіңізді қалай түсінеміз!

– Шынымды айтсам, елге жайылып кетеді ғой.

– Айтпайын, оллаһи, міне – нан, міне – тұз!

– Ендеше айтайын: Әлгі кедей жомартты білесің ғой.

– Иә, білемін, ол қаңғырып, диуана боп кеткен жоқ па?

– Оны білсең, бірінші түні нан апарып бердім. Екінші түні құрма бердім. Үшінші түні қазынамнан 400 ділда апарып бердім. Ол менің қала әкімі екенімді білмейді. Мен оны білемін. Гәп осы, ханым. Ақылың бар еді ғой, ендігісін өзің біл.

– Мұның нағыз адамгершілік екен. Жарайды, ешкімге айтпай-ақ қояйын,– депті сонда ханым.

Бір күні жоғары жақтан қазынаны түгендеуге адамдар келеді. Санап қараса, 400 ділда кем болып шығады. Олар әкімді зынданға салады. Бұл жазаға баяғы «Ешкімге айтпаймын» деген әкімнің әйелі шыдасын ба, барып кедей жомартқа бар сырды ашады. «Саған 400 ділда апарып берген менің отағасым» дейді. Бұл кезде кедей жомарт бас уәзір еді. Ол дереу әкімді зынданнан шығартып алады да, құшақтап бетінен сүйеді. Өзгелері:

– Неге өйттіңіз? – дейді.

– Күнәкар ұрының бетінен сүйгеніңіз қалай? – дейді.

Кедей оларға:

– Маған білдірмей жақсылық істеген осы кісі екен, – деп оны киіндіріп, мініп жүрген атын береді. Бас әміршіге ертіп барады.

– Маған жақсылық еткен адамды таптым тақсыр. Ол мынау кісі екен, – дейді.

Бас әмірші әкімге айтады:

– Саған алланың рақымы жаусын, кәне, не тілегің бар?

– Мен қазына, мал сұрамаймын,– дейді ол,– тек әділдік болса деймін, тақсыр. Кедей жомарттың күзірі бар кезде оның пайдасын көріп, кейін кедей болғанда қарамай кеткен, оған «ұрысың» деп жала жапқан опасыздардың жазасын берсеңіз болғаны.

Бас әмірші солай етіп, бұл тілек орындалыпты. Бәрі тату-тәтті өмір сүріпті.

– Міне, Жүсіпбек балам, білдірмей істеген жақсылық деп осыны айт. Оның қасында менің саған еткен сөз жәрдемім неге тұрады? – деп әңгімесін бітірді Жәкең.

Қарлығашқа тимеңдер

Ақынға Қазақстан өкіметі 12 бөлмелі кең сарайдай жаңа үй салып берді. Оның жанынан «МК» жеңіл машинасына гараж салынды, алты қанат киіз үй тігілді. Жан-жағы ат шаптырым алма, өрік, жидек бау-бақшаға айналды. Осы сәулетті үйде ақын өзінің хатшысы, аспазшысы және дәрігерімен бірге тұрды.

Кең сарайдай жаңа үйдің жанында кепеге ұқсап, жапырайған кішкене ғана ескі үй қалған-ды. Қамыспен жабылып, балшықпен сыланған, оның төбесіне шөп өсіп кеткен. Күнге күйіп, қақ-қақ айырылған ағаш есігі, тот басқан топсаға әзер ілініп, тиіп кетсең, шалқасынан түсердей. Есіктің маңдайшасы үңірейген тесік. Сол тесіктен қарлығаштар кіріп-шығып дамыл таппайды. Шамасы, үй түндігіндегі паруазға ұя салып жүрсе керек. Ескі үйдің жанынан әрі өткенбері өткендер «Жәкең енді мынау көпесін бұздырып тастамай ма? Жаңа үйдің сәнін кетіріп не қылады?» – деп жүрді.

Бір күні жаңа үйінің табалдырығынан аттап шыға берген Жамбыл ескі үйінің айналасында жүрген үш-төрт адамды көріп қалады. Бәрінің қолдарында күрек, айыр, кетпен.

– Әй, неғып жүрсіңдер?

– Мына үнді бұзайық деп едік.

– Тоқтаңдар, кім сендерге бұз деген?

– Басқарма айтты ғой.

– Е-е, басқармаңның да, сендердің де... Кетіңдер әрмен! Ол үй бұзылмайды.

Әлгілер күрек айырын ұстаған күйі сілейіп тұрып қалды. Мыртыңдай басып оларға Жамбыл жақындай бергенде, мына жақтан Тұрап та жүгіріп барып, атасын қапсыра құшақтай алды.

– Тәте, мен едім оларды жұмсаған. Мынау жаңа үйдің сәнін кетіріп тұрған соң, алып тастаңдар да, орнына алма ағашын отырғызыңдар – деп едім...

Ашуға булыққан ол іні құшағынан жұлқынып шықты да, қолындағы таяғымен оны періп кеп жіберді.

– Сіздің ұрғаныңыз майдай жағады, тәте, – деді Тұрап, атасының арқасынан қағып жатып,– ашуыңызды басыңыз, не қыласыз осы мыжырайған кепешікті, жігіттердің жолын бөгемеңіз...

– Сенің маңдайындағы көз бе, без бе!.. – деді, оған Жамбыл ұшып-қонып жүрген қарлығаштарды нұсқап. Аналар неғып жүр?

– Қарлығаштар ма, олар ұя салып жүр.

– Сенің үйіңді бұзып бала-шағамды шулатса, қалай болады?!

– Ойбай, тәте-ау, олай демесеңізші?..

– Әнеугүні айтып едім ғой сендерге «қарлығаштар балапанын өргізіп кеткенше, бұл үйді бұзбай тұра-тұрыңдар» деп. Не деген мейірімсіз немесіңдер, түге!

«Енді түсіндік» дегендей, жігіттер кетпен-күректерін иығына салып, жөн-жөніне тарай берді. Ентігін басқан Жамбыл таяғын белі-не қыстырып, бау-бақшасын аралап кетті.

Көкек айы. Түс қайтқан кез. Жамбылдың келіні зыр жүгіріп алты қанат ақ отаудың көлеңкесіне кестелі кілем, көрпеше төседі, мамық жастықтар тастады. Дастарқан жайды. Оған шелпек нан, қызыл күрең бауырсақ, тәтті. жеміс-жидек төгілді. Ысылдап, буы бұрқыраған сары самаурын да келді. Жәкеңнің бала-шағасы, келім-кетімді ауыл адамдары – бәрі шай ішіп отырды.

Қызыл күрең шайға қанып алған қарт жырау ақ сақалын сипап, жан-жағына көз тастады. Анадай жерге жоңышқалықта бес-алты жылқы жайылып жүр. Оның бер жағында өзінің ескі үйі тұр.

Ал қарлығаштарда тыным жоқ. Ерсілі-қарсылы самғайды. Бірде жылқы жаққа барады, бірде жоңышқалықтың бетін қанатымен сипап, ақ бауырын жарқ еткізіп жоғары көтеріледі. Енді бірде киіз үйді төңіректейді. Сөйтеді де, ескі үй жаққа кетеді, маңдайша тесіктен бірі шығып, бірі кіріп жатады. Жамбыл қарлығаштардың осы бір тынымсыз тіршілігіне біраз қарап отырды да, ойға кетті. Осы бір жапырайған жамақ үйде өткізген күндері есіне түсіп кетті білем, өзінше іштей күбірлеп, бірдеңе дегендей ме, қалай?

«Талай қуаныш-қайғыма, мұң-зарыма ортақ болған үй ғой бұл! Мынау қарлығаштар жылда келіп, оның төбесіне ұя салады. Не деген шебер десеңші! Кішкентай тұмсығымен арық жағасынан лай әкеледі. Оны үй төбесіндегі ағашқа жапсырады. Демде ұясын қалап алады. Шөп әкеп төсейді. Оның үстіне жүн-жұрқа, мақта әкеліп сала-

ды. Жұмыртқалайды. Менің балаларым жыласа, оның балапандары шиқылдайды. Олар таң сәріден балапандарына жем іздеп кетсе, мен де бала-шағамның қамымен кетер едім. Тапқан-таянғанымды балаларыма әкеп берсем, қарлығаштар даладан қаққан шыбын-шіркейді сарыауыз балапандарының аузына салады. Мен күңіреніп жырласам, олар ұясында жатып тыңдар еді. Осы бір кепе маған да, оған да тарлық қылмаушы еді. Мен де, олар да осы үйді баспана қылдық, кіріп-шығып тіршілік еттік...»

Ақын ойдан сергіді де, жанында отырған немере, шөберелеріне қарады.

– Сендер қарлыгаш туралы ертекті білесіңдер ме?

– Айтыңызшы, ата.

Балалар оған жақындай түсті.

– Ендеше тыңдаңдар! Ертеде, тіптен ертеде барлық жан-жануарларға жылан патшалық етіпті.

– Кім де кім дүниеде не тәтті соны біліп келсе, өзіме уәзір етіп аламын,– депті. Қарға кетіпті қаңқылдап, жапалақ кетіпті жалпылдап, маса кетіпті ызыңдап, сона кетіпті дыңылдап, боз торғай кетіпті далаға, көк кептер кетіпті қалаға, түлкі кетіпті, тауға сауысқан кетіпті бауға; олар күн іздепті, түн іздепті, барлық жерді шарлапты, бармаған жері қалмапты. Бір күні маса «таптым, таптым!» – деп, ызыңдап келе жатса, оған қарлығаш кездесе кетіпті.

– О, масажан, сонша неге асығып келесің?

– Таптым, таптым!

– Нені таптың?

– Айтпаймын.

– Айтпасаң, сені «ап» деп жеп қоямын.

– Қарлығашым, мені жеме, айтар едім, сен жүйріксің, менен бұрын патшаға барып бас уәзір болып қоймақсың ғой...

– Жоқ, масажан, мен сенен озбай-ақ қояйын. Маған уәзірліктің қажеті жоқ.– Сонда да маса не тәтті екенін қарлығашқа айта қоймайды. Қарлығаш оны жанамалап қалмапты. Алдын кес-кестей беріпті.

– Жолымды бөгеме!

– Айтсаң жіберемін.

– Ендеше айтайын, сен маған не бересің?

– Балапандарыма араның балын апара жатыр едім, соны берейін, аш аузыңды?!

Маса аузын аша бергенде, қарлығаш біздей тұмсығымен оның тілін шұқып алыпты да, қаша жөнеліпті. Маса ызыңдаған күйінше жыланға барыпты. «Ыз-ыз» дей беріпті. Жылан түсінбепті.

– Мынаған не болған, түсіндіріңдерші, не деп тұр өзі?

Сонда қарлығаш:

– О, патша ием, бұл маса дүниедегі ең тәтті нәрсе топырақ екенін айтып тұр,– депті.

Маса «олай емес» дегендей «ыз-ыз» деп жылап жіберіпті. Сауысқан келіпті де:

– Оның тілін қарлығаш жұлып алды,– депті. Жылан қарлығашқа атыла бергенде, құйрығынан тістеп қалыпты. Қарлығаш ұшып кетіпті.

– Мінекей, балалар,– деді Жамбыл әңгімесін аяқтап, – содан былай қарай қарлығаштың құйрығы айыр болып қалыпты. Жыланнан қорқып адамды паналайтын болыпты. Ал маса – ызыңдауық, жылан топырақ жалауық боп кетіпті.

Соңғы сапар

1945 жылдың 15 июнінде Жамбыл ауырып Қазақ ССР Министрлер Советінің ауруханасына түсті. Оның алдында жеңіс мерекесін жұртпен бірге тойлап. арқа-жарқа жүргенді. «Жеңіс мерекелері құтты болсын! Тойлаңдар, шаттаныңдар! Енді менде арман жоқ» ден ол шексіз қуанып, өзінің жеңіс жырын жырлады. Ғабит Мүсіреповтың «Жәкең ең соңғы өлеңін Майдың тоғызы күні – Жеңіске арнап айтты. Жүз жасаған Жәкең жырларының ең соңғы бетінде тап осы жеңіс жыры тұрмақ. Бұдан артық орынды аяқталған ақын өмірі бола бермейді» дегсн сөзі осыған дәлел. Осыдан кейін-ақ ақынның өлең айтуға мұршасы келмеді. Қартайған тән қалжырап, батар күндей төмендей берді. Оның көңілін сұрағандарда шек болмады. Бәріменен баяу ғана қоштасып жатты. Июннің 22 күні ертеңгі сағат 8-ге 5 минут қалғанда алып ақын көз жұмды.

«Жамбыл дүние салыпты» деген суық хабар шартарапқа тарап жатты. Қаралы қызыл лента мен гүл шоқтарына бөленген оның табыты Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрына қойылды. Қала халқы өзінің сүйікті жырауымен жылап қоштасты. Бастарын төмен салып, аяқтарын ілбіп басқан қаралы колоннаның ұшы-қиы-

рында шек болмады. Театр үйінің іші-сырты лықа толған халық. Ақ сақалдары омырауын жапқан қарттар, немерелерін жетектеген кейуаналар өздерінің замандас жыршысымен ақырғы рет қоштасты. Олар «немере, шөберелерімізге сіздің жасыңызды берсін!» деп бас иіп тауап етті. Студент жастар мен пионерлер легі аталарына серт беріп жатты. Бәрі: «Қош, ата!» – деді.

Жеңіл машинаға тиелген ақын табыты ол кездегі Ташкент көшесімен Ұзынағашқа қарай бағыт алды. Соңына машиналы, жаяулы колонна ерді. Көшенің екі жақ тротуарына шығып, тізілген халықта есеп жоқ. Бәрі: «Қош, ата», «қош, Жамбыл!» – дейді.

Қала шетіне шыға бергенде, Ақсай, Шамалған жақтан келе жатқан аттылы, жаяулар колоннаны жанамалай қосылды. Қарғалыға, Қаскелеңге жеткенде солай болды. Бәрі қайғылы қазаны радиодан естіп, газеттен көріп тайлы-таяғымен қоштасуға шыққан. Осылайша, Ұзынағаштан өтіп, Жамбылдың туған аулына жеткенше қаралы колонна шоғыры көбейе берді, көбейе берді. Ақынның ауылдастары, ағайын-туысқан түгел жиналып, мал сойып, ас-суды мол әзірлеп, қарбаласта жүрді. Музей төңірегіне киіз үйлер көп тігіліпті. Соның біріне Жамбыл денесі қойылды. «Бауырымдап» дауыс салып көрісіп жатқан жұрт. Жоқтау айтқан аналар. Бір жағынан қаладан барған оркестр сай-сүйегіңді сырқыратып, құйқа тамырыңды шымырлатады. Езіліп, егілген жұрт жүрегін онан сайын елжіретеді.

«...Күн еңкейе бергенде, қырғыз тобын басқарған сол кездегі қырғыз елінің атақты екі халық ақыны жетті. Біз оларды кілем төселген, көрпе жайылған биіктеу жерде, тыста күтіп алдық. Олар Оспанқұл мен Әлімқұл еді. Екеуі де үлкен ақ орамалдарымен көздерінен ағып, сақалдарынан сорғалай бастаған жастарын сүртіп, недәуір уақыт қатар өксіді. Оларды көріп біз де қайта бір жылап алдық.

Сусар бөркін шешіп, тақиясымен қалған дөңгелек жүзді Оспанқұл жібектей ақ сақалы жарасымды төгілген бетін жоғары көтеріп көңіл айтты, Мұхтарға, Сәбитке қарап айтты. Оны қысқа қостаған қара мүртты, дснесі сомдау келген Әлімқұл да басын шұлғып қалды.

Содан соң қырғыздың екі ақыны біріне-бірі кезек бере, кейде жылай күңірене отырын әрі жоқтау, әрі қазақ еліне көңіл айту жырын төкті. Біз сілтідей тынып қалдық.

Табанда төгілін, егіліп айтылған «жырдың» күші тыңдаушы жұртты қиратып салғандай әсер етті. Жайлауы бір, ішетін суы бір,

екі елдің қуанышы да, қайғысы да ортақ екенін білдіре келе бұлар Жамбылға да ортақ екенін айтты.

– Рақмет, Оспанқұл аға, рақмет, Әлімқұл, – деп Мұхаң осы отырысты өне бойында қостап отырды. Жырмен айтылғанды қара сөзбен жеткізу мүмкін емес. Менің жадымда барлық ұйқас, ырғақтары түгел сақталмаса да, жалпы сарыны қалған сияқты. Мен бүгін сол сарынды қайталауға да жарайтын сияқтымын. Ендеше неге қайталамасқа?!

Оспанқұл:

Сөйлей көр, тіл мен көмейім,
Сөйлейін демей не дейін.
Қаралы күні, қазағым,
Қайғымды шертіп желейін.
Оң жақта Жәкем жатқанда,
Жыламай қалай көнейін?
Жәкем жоқ енді дегенге,
Жұртым-ау, қалай сенейін?
Өксіген жанға дем берсін,
Өлеңнің қабын сөгейін.
Жасымен қосып көзімнің
Алдарыңа төгейін!

Әлімқұл:

Жамбылым, шалқар көл едің,
Алтын тонның жеңі едің.
Қара судың бетінде
Шапқылап аққан сел едің.
Сарыарқа деген даланың
Сағымдай биік белі едің.
Қырғыз бенен қазақты
Арда еміп өскен төл едің,
Бұл жалғанда, Жамбылым,
Қандай жаннан кем едің?
Бір өзің, Жамбыл, бұл күнде
Мың батырға тең едің.
Мың ақынға тең едің.
Ажалды күнің жеткенде,

Жарық күнге де қарамай,
Жарықтығым-ай, жөнедің.

Оспанқұл:

Дүниені жалғыз шайқадың,
Әлі де көп-ті айтарың.
Күн болып баттың, Жамбылым,
Болған соң жауды тойтарып.
«Қайран бір Жамбыл кетті» деп,
«Жүз жасында өтті» деп.
Халқыңа көңіл айтамын.
Сыйласарға келгенде,
Жаюлы төсек, сәні мол,
Сынасарға келгенде,
Намысы мен ары мол
Қазаққа көңіл айтамын.

Әлімқұл:

Қарадан туған ханымдай,
Жақыным, досым, жанымдай,
Жылуы соққан жалындай,
Маңдайымдағы барымдай,
Жамбылдың туған ұлындай,
Екі ене емген құлындай,
Қырмызы тонның жағасы,
Қырғызымның да ағасы,
Мұхтарға көңіл айтамын...

– Бұл екі ақынның бірінен-бірі қағып алып, жырмен айтқан сөздеріне ырза болу, оларға жай ғана «алла разы» болсын айту аз,– деді Мұхаң, бізді оңашалап. – Біздің ақындардың бәрі өлеңмен жауап беру керек қой.

– Жәкеңнің жақын ақындары сөйлегені жөн болар...

– Кенен қалай болар екен?

– Төгіп айтуға Үмбетәлі дұрыстау.

Біз орнымызға тез оралдық та, Үмбетәлінің аузына қарадық.

– Үмеке, ауыл кезегі сізге кеп қалды, білем, – дедім құлағына жақындап. Ол шіңкілдектеу кішкене домбырасын қаға бастады. «Ау!»

деп алды. Әуелі даусы қарлығыңқырап, қырғыздың сойқан ақындарының мысы басып кетті ме, әйтпесе айта қоям ғой деген әзірлігі болмай кібіртіктеді ме, Үмбетәлі қайта-қайта мүдіре берді. Әрі-беріден соң шашала жөтеліп алып, екі ауыз өлеңмен кезегін төменірек отырған Нартайға ұсынды.

– Ауырып жүр едім, сен де Жамбылдың бір баласысың ғой, қалған жүкті сен көтер, Нартай,– деді. Жаңағының арасында өңі қарауытып, ерні көгере түскен Мұхаң, төмендеп кеткен басын көтеріп алып, Нартайға қарады.

– Ал, Нәке,– деді бар болғаны.

Нартай гармонын көтеріп жоғарырақ, қырғыз меймандарына жақындап отырды.

Өзінде аздап ызаланған адамның бейнесі бар ма, қалай: маңдайының ортасы дөңгеленіп бозамық тартыпты. Ыржиғанда әдемі тістерінің ақсиғаны болмаса, күлімсірегенге тіпті ұқсамайды. Ол азалы күнде гармонын дарылдатпай, тұншықтыра, нүқып тарта бастады. Онысы әлдекандай жылаған еркектің үнін шығарды.

Нартай «ағалар» доп бастады, меймандардан көз алмай отырын. «Қиын кезеңде қайғымызды көтерістіңдер-ау, бауырлар»,– дей келіп:

Жақсы жігіт өрмен тең,:
Жаман жігіт жермен тең.
Тату болса ағайын,
Асқар ала таумен тең.
Араз болса ағайын,
Арпалысқан жаумен тең.
Оспанқұл мен Әлімқұл,
Таудан асып келдіңдер.
Жамбыл қарттың аулында.
Жылаған жұртты көрдіңдер.
Қазаққа қайрат қосатын,
Қайнаған дертті басатын,
Жырменен көмек бердіңдер.

Оспанқұл мен Әлімқұл,
Алдымда пана ағасың.
Алатаудан алады
Қазақ та жырдың сағасын.

Қос бауыр елге келгенде,
Ақ ордама енгенде,
Көңіл айта бергенде,
Ақ бөкендей желгенде,
Жазылғандай-ақ болды ғой
Жанымның қанды жарасы,
Көңілімнің мұңды наласы...

– Әп, бәле, – деді Мұхаң Нартайға жымыңдай қарап... – Мына қырғыз жүйріктерімен қазақ жүйрігін бір қалыптан шыққандай деуге әбден болады екен!..

– Мұхтаржан, дұрыс айттың, Нартай деген атын естуші ем, өзін көргенім осы. Келші, Нарым, қайта көріселік, – деп, Оспанқұл орнынан тұрып құшағын ашты. Күмістей аппақ мұрт пен мойылдай қапқара мұрттар бір араласып қалды.

Ошақтағы оттар түнімен сөнген жоқ. Өзге қалалардан поезбен, самолетпен келгендер үлгерулеріне қарай жетуде. Ал анау тау, жайлауларынан, алыс өңірден кейінірек естіп, кешеуілдеп аттанғандар да енді кеп қосылуда. Қасиетті атасына топырақ салдырамыз деп жас балаларын жетектей жеткендер де аз емес. Мұндай ағайындар таң алдында, күн шығарда да ағылып жатты...»

Бұл сөз Жамбылдың тұңғыш хатшысы, сол қаралы күнде басықасында болып, өзі атқарысқан белгілі ақын Әбділда Тәжібаевтың естелік кітабынан.

Өркен жайған отау

Жамбыл жігіт кезінде ақындық өнер жолына түсіп, серілікпен үйленбей жүріп алады. Он тоғыз жасында Бұрым деген ақын қызға ғашық болады. Бұрым Айқым ауылындағы Қыдырма дегеннің қызы екен. Екеуі бір тойда кездесіп, өлеңмен танысады. Келбетті сұлу, әрі ақылды Бұрым басының бос еместігін сездіреді. Жамбыл бесік кертпе құдалық салтын бұзып, бір түнде Бұрымды алып қашады, өз үйіне түсірмей, Сарыбайдың баласы Саржанның үйіне апарады. Айқым ауылы дүрлігіп іздеу салады. Жамбылдың әкеткенін біліп, артынан қуғыншы барады. Жесір дауы басталады. Бұл хабар қызға құда түскен шыбыл еліне де жетеді.

Жамбылдың ағасы Тәйті Сарыбайға барады:

– Ол бірбет, өжет тентек бізді тыңдамады. Өзің жөнін тауып көндір. Мына даудан құтқар,– дейді. Сарыбай Жамбылды шақырып алады.

– Бұл қай қылғаның, ел арасын араз қылып?

– Араға түсіңіз, әділдігін шешіңіз, қадірлі аға! – деп өтінеді Жамбыл. Сарыбай екі жақтың тілегін салмақтай отырып, оған мынаны айтыпты:

– Жамбыл шырағым, сен Суықтөбеге ұя салған бала бүркіт секілдісің. Шығысқа ұшсаң – күнге жетесің, батысқа беттесең – айға жетесің. Барлық бақытың алдыңда, осы жолы асқақтық жасама, қанатың тасқа тиеді, Бұрымның қайын-жұрты қатал жандар. Екей жаңадан ел болып келе жатыр еді, тағы да бүлінеді ғой, тілімді алсаң Бұрымды төркініне қайтар.

Аға сыйлаған Жамбыл бұл шешімге, амал жоқ, көнеді. Шыбыл жұрты екей аулына үш тоғыз айып төлетіп, жесірін қайтарып алады.

Айырылдым арманмен, қайран Бұрым!
Айдай ед, толықсыған аппақ нұрың.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім, жан ашымас аға сырын, –

деп, ақын махаббат мұңын жырлап қала береді.

Сол драмадан кейін ол тағы да ел аралайды. Қырғыз елін, Әулиеата, Оңтүстік өлкесін аралап өлең-жыр, қисса-дастандар айтады. Жасы 28-ге жеткенде әкесі, ағайындары зорлап Орынбек қызы Момынға үйлендіреді. (Одан Қожақ, Әйімхан, Қожаш, Қожамберді, Күлтай деген перзенттер көреді. Бүгінде Қожаштан Мәулен (Жамбыл музейінің директоры), Қожамбердіден Атакелді, одан Қуандық (милиция қызметкері) бар. Жамбылдың ағасы Қоман қайтыс болған соң, ағайындары оның әйелі Талғайратты қосады. Шын аты Талжібек, кайраттылығына қарап жұрт «Талғайрат» деп кеткен. Онан Аққұлы, Ақбала туады. Аққулыдан қазір Жұмахан бар. Акынның алғашқы әйелі Момын қайтыс боп кетеді. Бұл кезде жасы қырыққа таяп қалған Жамбыл Самсыдағы Тілеуқабыл қызы Қанымжанды айттырып алады. Жеңгедей алған Талжібекке енші беріп, бөлек отырғызады.

Қанымжан Жамбылдан көп кіші, өзі ренді, әрі ақылды, сабырлы болыпты. Кейін сол ауылдың сөз тыңдатар анасындай болып кеткен.

Оны сол төңірек қадірлеп, сыйлаған. Одан Алғадай (1900–1943), Ізтілеу (1906–1944), Шыныбай (1909–1933), Тезекбай (1913–1986) деген төрт ұл туады. Алғадай мен Ізтілеу Отан соғысы майданында мерт болып кетті. Шыныбай болса ертеде өлген. Алғадайдан Таубай, Қуаныш деген екі бала, Ізтілеуден Жеңісхан деген бір бала бар. Шыныбайдан із қалмады. Тезекбай 1986 жылы 74 жасында қайтты. Одан Бибіажар, Оразхан, Бейбітхан, Салтанат деген перзенттер қалды. Ал үлкен ағасы Тәйтіден туған Сатышты кішкентайынан бауырына басып өсірген еді, одан бүгінде Тілепалды, Тілеміс, Ерғали, Сейітхан, Жамал, Нұргүл, Нұрсұлу деген перзенттер өрбіген. Оның ішінде Тілепалды ата дәстүрін жалғап, ақындық асқарына талпынып жүр.

Жамбыл Алғадайды өзге балаларынан ерекше көрген. «Өзге балам – бір төбе, Алғадайым – бір төбе, түбінде осымнан Сұраншы, Саурық батырлардың нышаны сезіледі» дер екен. Сол Алғадай кешегі ұлы майдан жылы өз еркімен соғысқа аттанды. Қызыл тулы Жетінші гвардиялық дивизия құрамында жүріп, Сталинград майданындағы қырғын шайқасқа қатысты. Талай ерліктер көрсетті. Гвардия жауынгері атанды. Дивизия штабының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметімін жаудың 80-ге жуық жендеттерін қырып салған. Осы ерлігін, әзірше аман-есендігін айтып әкесіне хат жазған. Оған қуанған әке баласына:

«Хатыңды, балам, оқыдым.
Халіңді білдім сапардан.
Қуанып оған отырмын.
Гвардияшы атанған,
Сұраншы, Саурық секілді
Болыпсың, балам, қаһарман,–

деп өлеңмен жауап берген.

1943 жылдың жазында майдандағы Алғадайдан қаралы қағаз келді. Ол өзінің майдандас жолдастарымен Украинаның Днепропетровск облысындағы Синельниково қаласы үшін болған қырғын шайқаста ерлікпен мерт болыпты. Осы суық хабарды Жамбылға естірту үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы арнайы комиссия құрды. Олар жасы жүзге тақап қалған қарт жырауға қалай естіртудің ретін ойластырды. Жамбылдың сырын көбірек білетін Сәбит Мұқанов былай деп кеңес берді:

– Жәкең бір тыңдаса Кененді тыңдап, басын көтерер, соны алдырайық,– дейді. Сонымен Сәбит сонау Қордайдан Кененді алып, Жамбылға барады. Қарт жыраудың шәкірті Кенен ақын сонда мына жұбатуды айтыпты:

Ау, Жәке, көпті көрген батырымсың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың.
Пендеге бұл жалғанда өлім рас,
Тағдырдың сезесіз бе, қылған ісін.
Кім күшті бұ дүниеде, адам күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бақ ішінде дарағы едің,
Бір жемісің жел соғып жерге түсті,–

деп майда қоңыр даусымен әндетіп, көңіл айтқанда Жамбыл:

– Кененім келген екен ғой,– деп, басын көтеріпті. Бұл қимас достықтың, сыйластықтың белгісі болса керек.

– Сол жылы қасында бір айдай болдым,– дейді Кенен.– Мені Жәкең жібермеді, өлең, жыр айтамын, ән саламын, сөйтіп, көңілін көтеремін. Бір күні Үмбетәлі келді, Жәкең оны қасына таман отырғызып:

– Ал, қара жорға, салшы, кәне, жорғаңа дегенде, Үмбетәлі домбыраны ала салып, селдір мұртын бір сипап алды да, жырды төге бастады. Ол енді бірде «Сұраншыдан» соқты. Қыза-қыза, ентелеп құйрығымен жылжи жөнелген де, Жәкең оған риза болып, күлімдей қарады.

Ертеңіне Жақсыбай ақын келді. Ол да көңіл айтуға барған ғой. Жәкең Жақсыбайға қарап:

А, Жақсыбай, маңдайың қасқа екен ғой,
Мен көрген шымырлардан басқа екен ғой.
Кесек-кесек шығарған өлеңдерің
Мына тұрған жалтырап баста екен ғой,–

деп отырғандарды бір күлдіріп тастады.

Жалғасқан дәстүр

Жамбылдың ақындық дәстүрі жалғасуда. Одан кезінде Кенен, Үмбетәлі, Орынбай, Доскей, Сапарғали, Сәттігүл, Нұрлыбек, тағы сондай қазақтың көптеген халық ақын, жыршылары тағлым алды. Тіптен одан бауырлас халықтардың ыршы, ашық, шайыр, хафиз, бақшилары да өнеге алуға бетбұрыс жасады. Мұндай ақындық дәстүр ауқымы кең, үлкен тақырып. Ол өз алдына кеңірек сөз етуді қажет етеді. Бұл жерде біздің айтпағымыз – Жамбылдың өз семьясынан ақындық өнер жолын қуған баласы мен немересіне қысқаша тоқталмақпыз.

Қожаш:

Қожашым, тәуір ақын бол,
Ақын болсаң жасын бол.
Жалтақтама, жасқанба,
Дұшпаныңа батыл бол!
Сөзіңді ұйып тыңдайтын,
Халқыңа жақын бол!

Бұл Жамбылдың Қожаш деген ақын баласына айтқан нақылы. Оның қалай айтылуын Үмбетәлі Кәрібаев былайша еске алады:

– Қожаш менімен түйдей жасты болатын, (1889 жылы туылған). Екеуміз кездескен жерде өлеңмен қағысып қала беруші ек. Ол «Менің тәтем жүйрік ақын», – деп өлеңді төпей жөнейтін. Одан мен де қалыспайтынмын. Бір жолы Самсы аулындағы тойда ол Саяділмен айтысып қалды. Екеуі қыза келе бір-бірінің намысына тиетін сөздер айтты. Бәріміз ол екеуін «қой, қой» деп, мәмлеге келтірдік. Отырған көпшілік Қожаштан әкесінің жырын айтуды сұрайды. Сонда ол жастар отырған оңаша үйде көп өлең айтты. Әкесінен үйренген «Көрұғлы Сұлтанды» жырлады. Ертеңіне біздер оны Жамбыл қонып отырған үйге ертіп бардық.

– Мына Қожаш сіздің домбыраңызды ұстауға жарапты, бата беріңіз! – дестік, сонда Жамбыл:

– Мен өмірсерік домбырамды көзімнің тірісінде ешкімге бермеймін. Бұл өзіммен бірге кететін кәрі серігім. Оны қолқаламаңдар, жасымды жаңғыртқан, жанымды сергітіп жүрген жан серігім өлеңім ғой...

Көпшілік ішінен біреу:

– Өлеңді туған баласынан да жақын көрген сараң, – деп қалды. Жамбыл оған:

– Бұл сараңдық емес, – деді. – Қожаш әлі ақын бола қойған жоқ қой. Ер жетсін, қанаты қатайсын, асықпасын...

Ол баласына қарап мына сөзді айтты:

– Ел көңіліне ұнамаған өлеңді айтпа, тыңдаушының көзінен жас шығармаса, не күлдірмесе, ол өлең емес.

– Арада үш-төрт жылдай уақыт өтті,– деп жалғады сөзін Үмбетәлі,– ұмытпасам, 1923 жылдың күзі ғой деймін. Біздің ауылда Ералышан дейтін кісі болды. Өзі Жамбылмен түйдей құрдаспын. Екеуі кездескен жерде әзілдесіп, ұстаса кететін. Сол Ералышанның үйіне Жамбыл келіп, ат басын тежеді. Астында ақ боз ат, үстінде түйе жүн шекпен, басында қара бұйра бөрік. Аттан түсетін түрі жоқ. Құрдасы: «Аттан түс. Той үстіне келдің, келініміз босанып, шілдехана өткізіп жатыр ек»,– деп шылауына оралды. Ол: «Айқым-Көнтекке бара жатыр едім, жолымнан қалдырма»,– деп, көнбей тұрды. Сол тойда жыр айтып отырған Қожаш та, мен де «аттан түсіңіз» деп жалынып жатырмыз. Ол баласына қарай «сен де осында жүр ме едің?» деп қойды. Осы кезде Ералышанның бәйбішесі үйден шығып: «Құрдасжан-ау, бұл неғып түрғаның? Кәне, үйге кір»,– деп оны ат үстінен жұлқылап түсірді. «Қап, мына кемпір болмағанда, жүріп кетпек едім,– деп, ол үйге кірді. Той қайта басталды. Жәкеңнің келген құрметіне тағы да қой сойылды. Дастарқан қайтадан кең жайылды. Ералышан: «Кәне, Жәке, сізді тыңдамағалы көп болды. Енді бір құмардан шығайықшы»,– деп жатыр. Сонда Жамбыл:

«Көрұғлыны» айтсам бола ма?
«Манасты» айтсам, ағайын,
Көкейіңе қона ма?
Айқымдағы Көнтекке
Бармақшы едің қонаға.
Сүйінбай мен Қатаған
Айтыстың асқан пірі еді.
Қатаған қырғыз бұрында
Сегіз жүз жылқы матаған.
Қызыл жебе Сүйінбай
Ер болып туды атадан,

Ағайын, қыштап қоймадың, –
Кім қашқан берген батадан? –

деп қалау терме айтып алды.

– Әуелі Сүйінбай мен Қатағанды тыңдап алайық,– десті көпшілік. Жамбыл жырлай жөнелді. Біз міз бақпай тыңдадық. Мен де, Қожаш та Жәкеңнің айтыш отырған әрбір сөзін қапы жібермей көкейге тоқып ала бердік. Алдымызға ас келді. Ералышанның бәйбішесі:

– Құрдасының үйіне бір соғар деп, әдейі сақтап жүрген соғым басы еді, алыңыз,– деп, Жамбылдың алдына сары ала қазы мен бас қойды. Бәріміз табаққа қол салдық.

Тамақтан кейінгі сөз кезегін Қожашқа алып бердік. Оның, өзі қызық болды: Әуелі Жамбыл маған қарап: «Сен сөйле»,– деді. Мен Қожашқа қарап: «Сен сөйле»,– дедім. Қожаш әкесінен қаймығып, маған: «Өзің сөйле», – деді. Жамбыл: – «Немене, екеуің бір-біріңе сілтейсің?» – деді. Ералышан ағай:

– Үмбетті тыңдап жүрміз ғой, мына Жәкең баласының аяқ алысын көрейік. Кәне, балам, домбыраны қолыңа ал, – деді.

Қожаш енді батылдау кірісті:

– Өтеген батырды айтып көрейін. Бұл жыр менікі емес, тәтемдікі. Тәтемдікі де емес, Сүйінбайдікі...

Жамбыл баласының бұл әдептілігіне сүйсіне қарады:

– Сүйінбайды да, мені де қой, сен өз Өтегеніңді айтшы, тыңдап көрейік.

Қожаш әкесіне ұқсап, әуендетіп бір қайырып тастады да, бірден Өтеген батырдың ел кезіп, жайлы қоныс іздеуінен бастады. Иә, ол солайша жырды төгіп-төгіп алды. Өтегеннің Шүршітпен соғысын, жезтырнақпен алысуын әсерлеп шықты. Ол дастанды түн ортасына дейін айтып тауыса алмады. Мен ішімнен «Қожаш мұнша жырды қайда жүріп үйреніп алған?» деп, оған қызыға қараймын. Бір мен емес, оған бәрі де, тіптен әкесі де риза сияқты. Дастан соңында әкесі оған: «Қожашым, тәуір ақын бол», – деп жол болсын айтты.

Үмбетәлі осылай деді де, аздап тыныстады. Алдындағы шайдан бірер ұрттады да, домбырасын қайта шертіп қасында отырған маған қарады:

– Қожаштың бозбала кезі, – деді ол, – ауылдастарының, жылқысын бағып жүреді. Көрші ауылда Бимембет дегеннің еркек шора қызы болады. Оның аты Сәулетай екен. Ол да өз жылқысын бағып жүріпті.

Екеуі өрісте танысады. Өзара өлең айтысады. Сәулетайға Қастектің батыс жағындағы бір бай құда түседі. Қыз оның есерсоқтау баласын қаламайды. Сәулетай өлеңмен Қожашқа сәлем айтады. Қожаш оны алып оқиды, бірақ әкесінен бата алмай жүреді. Кейін екеуі бір тойда кездесіп айтысады. Бұл айтысты Саяділ түгелдей білуші еді. Мен де айтушы едім. Енді соның есте қалғанын айтып берейін, жазып ал.

Қожаш:

Өлеңім ақпа-төкпе ағындады,
Адамның шешен болмақ тіл мен жағы.
Па, шіркін, өрен жүйрік тіл болмаса,
Қисынның қиып жатыр табылмағы.
Көңілдің кірін жуып, сөзбен төксе,
Шерінен шығар еді сағынғаны.
Сен десе менде тағат тарыдай жоқ,
Қандай күн душар болдың не қылғалы?
Өтіпті талай ғашық зарлы мендей,
Өмірін бір жасауға шарты келмей.
Осы жұрт «Қозы Көрпеш – Баян» дейді,
Менімен болды ма екен о да сендей?
Қолынан бар келгені өлең болып,
Сарнаған зарын төгіп тіл мен көмей.
Көзіме сондай болып көрінесің,
Басылмас ауған көңіл сәулем демей.

Сәулетай:

Адамда адамдар бар алуан қилы.
Жігітте жігіттер бар ақыл, милы.
Сіңіріп тал бойына алсаң мені –
Өзіңе бұл Сәулетай басын қиды.
Кей-кейде самарқаусың, кер тартасың.
Соныңа аздап көңіл ренжиді
Көзіңнен көзім таса алып кетсем,
Көңілім су сепкендей құлазиды...

Қожаш:

Қызы едің Бимембеттің еркек-шора,
Тел өскен жастайыңнан жеке-дара.

Сәулетай, оңаша айтар бір сырым бар,
Азырақ құлағың сал, бермен қара.

Сәулетай:

Айта ғой ол сырыңды, Қожаш мырза,
Құлақ қояр сөз болса, көңіл ырза.
Бірақ та құр уәде боп жүрмесін.
Қол беріскен кешегі сертті бұзба!

Қожаш:

Айттырған неше көрдім жігітіңді,
Деп мақтаған жеңгесі – сұлу сынды.
Әркіммен жағаласып ұрсысып жүр,
Есерсоқ есі жарым екен жынды.
Сен оған тең емессің, Сәулетай-ау,
Үзгейсің одан, сірә, үмітіңді!

Сәулетай:

Мен одан әлдеқашан үміт үзгем,
Білерсің ол жайымды өткен күзден.
Арқауы құдалықтың үзілген соң,
Араздасып жүр содан әке қызбен.
– Жамбылдың баласына бармайсың! – деп,
Себебін көріп жүр ғой сіз бен бізден.

Қожаш:

Әкемнен күнде ұлықсат сұрап жүрмін,
Құлағын домбыраның бұрап жүрмін.
Жатсам-тұрсам ойымнан бір кетпейсің,
Саған деген өлеңді құрап жүрмін.

Сәулетай:

Білемін, маған өлең құрап жүрсің,
«Иә, тәңір, нәсіп қыл» деп сұрап жүрсің.
Бірақ та айтарың көп, батылың жоқ,
Бекерге көздің жасын «бұлап» жүрсің.
Жігіт тұрып, қыз ба екен бастайтұғын?
«Жіңішке дейді емес пе жолы қыздың»,

Кел, кәне, тәуекелге бел байлайық,
Өзгелер араласпай былай тұрсын...

Үмбетәлі айтуынан жазып алынған бұл айтыста екі жас арасындағы махаббат сыры шертіледі. Жамбылұлы Қожаш пен Бимембетқызы Сәулетайдың шама-шарқына қарай ақындығы, әсіресе жастайынан еркек-шора болып өскен Сәулетайдың батылдығы аңғарылады. Бұл айтыстан яғни Қожаштың ақындық талабынан Жамбыл сынды ірі тұлғаның ақындық дәстүрінің өз семьясында да өріс алып жалғасқанын көреміз.

Айтыс бұрын жарияланбаған. Қожаш пен Сәулетайдың бұл айтысын әуел баста Үмбетәлі ақыннан 1968 жылдың 19 мартында жазып алған едік. Кейін сұрастыра жүріп оны анықтай, толықтыра түстік. Сәулетайдың ата тегін сұрастырдық. Бимембеттен Сәулетай, Тайшы деген бір қыз, бір ұл болыпты. Сәулетайдан ұрпақ қалмаған. Ал Тайшыдан Шой, Жұмаш, Күлшат туған. Бүгінде жасы 80-нен асқан Тайшының жұбайы Бибіш кейуана немерелерінің қолында. Шойдың Фермахан, Бану, Мұрат, Болат деген ұл-қыздары Жамбыл ауданында, Алматы қаласында тұрады. Бұл деректерді бізге Жамбыл совхозында тұратын шежіреші қариялар мен Жамбылдың немересі Әлімқұл және Сәулетайдың жұраты Шоева Фермахан айтып берген еді.

Жамбылдың ұлы Қожаштың ақындығы оның жоғарыда келтірілген Сәулетаймен айтысы жөнінде әуел баста із тастап, бізге жол сілтеген Сапарғали Бегалин, Әбділда Тәжібаев, М. Ритман-Фетисовтың «Жамбыл» деп аталған өмірбаяндық очеркі (1946) болды. Осы кітапшада былай деп жазылған: «1920 жылдың қарсаңында Жамбылдың (бірінші әйелінен туған) баласы Қожаш қалыпты ақындардың қатарына қосыла бастады. Қожаш – алғыр сөзді, дарынды ақын еді. Әкесінің алдында иба сақтап; өленді көп айтпағанмен, әкесі жоқ жерде күшті ақындардың талайынан-ақ басым түсіп жүрді. Ғашығы Сәулетайды айттырған жері зорлап алып кеткенде, Қожаш тамаша бір өлең шығарыпты. Сол өленнің нұсқасы таяуда табылып отыр. Тек осы бір өленіне қарап, Қожаштың қандай күшті ақын болғандығын байқауға болады. Қожаш 1932 жылы қайтыс болды. Құрбы-құрдастары, достары болған қазіргі Үмбетәлі, Саяділ сияқты ақындар осы күнге дейін Қожаштың асқан шебер ақын болғандығын ауыздарынан тастамайды».

Қожаш Жамбыловтың кезінде қандай ақын болғандығын осы зиялы ағалардың сөзімен тұжырымдауды мақұл көрдік.

Әлімқұл – Жамбылдың немересі. Ол 1927 жылы Қоман деген ағасының баласы Тоққұлыдан туған. 1930 жылы әкесі, артынша шешесі Айшагүл қайтыс болған. Сатыш оны бауырына басып, асырап алыпты. Бес жасынан тәтесінің тізесіне отырып, домбыра үйренген. Мектепте оқып жүрген күндерінен бастап ол «Туған елім», «Ленин», «Замана ағымы» толғауларын, Алғадайға шығарған жоқтауын жаттап, домбырамен айтады. Арасында өзі де өлең құрастырып, мектеп сахнасында тақпақтап айтып, кішігірім шілдехана, той-жиындарда ауыл ақындарымен айтысып жүреді. Оқуды бітірген соң колхоз жұмысына араласады, бригада, фермаларда жүріп, мал бағысады, егін егіседі. Өлеңқұмар Әлімқұл жастайынан тәтесінің жанынан табылар екен. Атын ерттеп береді, қайда барса, қасында болып, атасын жетектеп жүреді. Айтқан өлең, жырларын тыңдап ұға береді. Жамбыл радио тыңдауды ұнатқан ғой. Күнделікті хабарды, газет, журнал, жаңа кітаптарды Әлімқұлға оқытып, одан хабардар болатын-ды.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігі, одан кейінгі ақындық қызметіне 75 жыл толу кезіндегі, той-мереке кезіндегі құттықтау, арнауларды және қырқыншы жылдарғы майданнан келіп жатқан хат тасқындарын Жамбыл хатшылары болмай қалған кезде көбінесе Әлімқұлға оқытып, оларға қайтарар жауаптарын соған жаздырған. Қарт ақын немересіне:

Орнымнан мен тұрайын,
Белді бекем буайын.
Келші жақын, Әлімқұл,
Күндерім түбін сұрайын,–

дейді екен.

Енді Әлімқұл Жамбыловтың өзіне сөз берейік:

– Бұл 1945 жылдың 27 февраль күні болған еді. Бүкіл совет халқы сияқты колхоз еңбеккерлері де бар күшті неміс фашистерін тезірек жеңуге жұмсап жатқан кез.

Колхоздың темекі сарайының жанында астында күрең жорға ат, қолында тобылғы сапты қамшы, үстінде суыр ішігі бар Жәкең бір топ колхозшылардың ортасында тұрған болатын. Ол кісімен бірге парник қазған қарт колхозшылар Ыбрайым, Қасен, Тайшы, Алда-

берген, Мыржы, Есбай, Жартыбай атайлар және Керімбала, Алуа, Әуайша апайлар әңгімелесіп тұрды. Мен сол жылы көк егіс бригадасында есепші едім. Келе жатып Жәкеңнің «Еңбек етсең емерсің» деген өсиет сөзін құлағым шалып қалды. Сәлемдесіп жатқанымда ұзын бойлы, қызыл шырайлы, шоқша сақалды колхоздың хат тасушысы 65 жастағы Омар қарт жанымызға келді.

– Жәке, сізге хат бар!

Жәкең жан-жағына қарап алып:

– Әлімқұл, балам, қайдасың, мына хатты оқып берші? – деді. Адресін қарасам «Социалистік Қазақстан» газетінен келген екен. Мұнда былай делініпті: «Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауыл Советіне қарасты. Жамбыл колхозында тұрушы халық ақыны Жамбыл Жабаевқа.

Біз сізден мына төмендегіні рұқсат етуіңізді сұранамыз. Оңтүстік Қазақстан облысы, Жуалы ауданы, Некрасов атты колхоз едік. Ірі табыстарға жетіп, үлкен колхоз болғандықтан оны екіге бөлдік. Жаңа колхоздың жиналысында көпшілік ду қол шапалақтап, сіздің есіміңізді колхозға беруді бір ауыздан жақтады. Рұқсатыңызды күтеміз. Көпшілік атынан оқытушы Ш. Елеусізов. 20 январь, 1945 жыл» депті.

Олар хатты «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына жіберген екен. Ал редакция Жәкеңе жолдапты. Жамбыл тәтем зор қуаныш үстінде ризалығын бере тұра: «Ал былай деп жазып жібер, балам!» – деп ат үстінде тұрып, өлеңдетіп жіберді:

Ал бердім рұқсатымды, елім, саған,
Хаттарың арнап жазған тиді маған.
Күн санап өмірімді жасартып тұр,
Мәңгілік партиялық әділ заман.
Гитлердей әлін білмес көп ақымақ,
Талқан боп тас ошағы қараң қалған,
Қашанда бірлік болмай, тірлік болмас,
Біле ме ел қадірін бұзақы арам.
Әділ заң біздей бірлік еш елде жоқ,
Кедей мен кәрі жасты бағалаған.
Сұм жауға еңбекпенен оқ атуда
Басшы боп жүзге келген Жамбыл бабаң,
Рұқсат еттім, елім, ризамын,
Ниеттерің құтты болсын қабылдаған!..

Мен хатты почтаға салып жібердім. Тағы бірде, 1945 жылы 1 мартта жауынгерлерден мынадай хат келді.

«Ардақты, алтын бағалы, данышпан атамыз Жамбыл! Қалай, аман-есен Ұзынағаштың таза ауасында жүріп жатқан боларсыз. Сіздің сондай жақсы халде жүргеніңізге тілек білдіріп, неміс фашистеріне күн-түн демей соққы беріп жүрген қазақ балаларынан әскери-гвардиялық сәлемімізді жолдаймыз.

Біз неміс фашистерін түп-тамырын жою жолында жан аямай күресудеміз. Майданның барлық жерінде де, атай, сіздің есіміңіз аузымыздан шықпайды. Біз тез арада неміс фашистерін талқандап, өзіміздің гүлденген Қазақстанға қайтып барамыз, сізге қол береміз. Осы хатты алысымен газет арқылы жауап берсеңіз, ата! Жазған балаларың:

Гвардия капитаны Ж. Исағалиев, гвардия аға сержанты К. Ажмұқанбетов, гвардия сержанты Т. Жаңбырбаев, гвардия старшинасы Т. Сәбденбеков. 16 февраль, 1945 жыл»

Бұл хатты мен өз қолыммен алып, Жәкеңе оқып берген едім. Жәкең батыр ұландарына жауапты маған жаздырды:

«Гвардеецтерге Жамбылдан ризалық сәлем! Сіздердің хаттарыңызды 1 март күні алып, барлық хабарларыңызды ұғындым. Мен де сіздерден Отан қорғау жолында жан аямай күресіп, гүлденген Қазақстанға жеңіспен оралып, ата-аналарыңды қуанышқа бөлеулеріңе тілектестік білдіріп, ыстық сәлемімді жолдаймын.

Гвардеец балалар!
Хаттарыңды алдым арнаған,
Мұнда Жамбыл бабаң бар,
Халықты іске қайраған.
Коммунистік әділ заң,
Топталад соған айналам.
Қазақстан елімнің
Еңбекте ісі қайнаған.
Сіздерге керек-жарақтың
Барлығын мұнда сайлаған.
Сіздер үшін барлық жан
Отанның қамын ойлаған.
Аманбысың, балалар!
Атаң сәлем арнаған.

Өлеңім – найза, сөзім – оқ,
Мен бұлбұл құс сайраған.
Гвардеец Исағалиев,
Егескен жауды қоймаған.
Гвардеец Ажмұқамбетов,
Қирата жауды торлаған.
Гвардеец Жаңбырбаев,
Жеңістен әсте таймаған.
Гвардеец Ақпейілов,
Айқасқан сұмды жайпаған.
Гвардеец Сәбденбеков,
Отанды бағып қорғаған
Ерлігіңе қуандым,
Жойылсын фашист оңбаған!
Жеңіспен орал еліңе,
Туып-өскен жеріңе,
Гитлершіл сұржыланды
Мықтап тық өз көріне.
Екінші бүлік салмасын
Бейбіт жатқан еліме.
Тағы жау болса танысын
Сені де, мұнда мені де.
Көп рақмет айтамын,
Күтемін жеңіп келуге.
Мен де қайрат етемін,
Жеңісті көзбен көруге...

Аталық көңілмен Жамбыл Жабаев. 3 март, дүйсенбі, 1945 жыл, Жамбыл колхозы».

Мінеки, Әлімқұлмен әңгімелесе қалсаңыз, осындай естелік, өлең-жырлар бірінен соң бірі шыға береді. Ол бүгінде жыршылық кемеліне келген айтыскер ақын. Оның Әсімхан Қосбасаров, Манап Көкенов, Надежда Лушникова, Көпбай Омаров, тағы бірқатар өзі тұстас ақындармен айтыстары ел жадында. Отыз жылдан бері аудандық автоклуб меңгерушісі. Ертеде атасы Жамбыл мал жайлауларын аралап ән мен жырға бөлеп жүрсе, бүгінде немересі Әлімқұл сол дәстүрді жалғастырып келеді.

Мен – Әлімқұл Жамбылдың немересі,
Өлеңнің ұшан-теңіз кенересі
Атамыз бізге мұра сөз қалдырған,
Айтсын деп немере мен шөбересі.
Сақтадым өлеңменен ел мұрасын,
Өнермен елге сыйлы болды басым.
Басына бақ-құс қонған жыр Жәкемнің
Мұраға алып қалдым домбырасын,–

дейді ол бүгінде.

Әлімқұлға үздік еңбегі үшін 1979 жылы « Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері деген атақ берілді. «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

Жинақтай келгенде, бір семьядағы ақындық дәстүрдің өркен жаюы осылай. Өмірәлі Сәлімгерейұлы Жамбылдың ақын інісі болса, Қожаш – ақын баласы, Әлімқұл ақын немересі.

«Гүл өскен жерден гүл өседі, ну өскен жерден ну өседі» деген. Жиырмасыншы ғасырдың Гомері жүз жасаған замана жырауының ақындық дәстүрі тек қана өз семьясы, өз ауылында ғана емес, барлық елдерде өркен жайып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

МАЗМҰНЫ

Сапарғали Бегалин. ЖАМБЫЛ
Оқушы жолдастарға!....4
Жамбылдың ата тегі....6
Екейдің бытырауы....8
Қоқан әкімдерінің үстемдігіне қарсы....15
Екейдің қайта құралуы....21
Жамбылдың балалық шағы....26
Жамбылдың әкесі Жапа мен шешесі Ұлдан жөніндегі мәліметтер....34
Жамбылдың алғашқы өленді бастауы жайында бір-екі сөз....40
Жамбылдың ұстазы Сүйінбай Аронұлы....43
Жамбылдың ең алғашқы бір айтысы....64
Жамбыл ақындығының бір көтерілген белесі....65
Жамбылдың әкесі Жападан, ағасы Тәйтіден айырылған кезі..68
Құлмамбетпен айтысы....73
Жамбылдың өзімен тұстас шыққан ақындар....78
Шашубаймен айтысқан кезі....91
Жамбылды екі үлкен дауда көрдім....97
Жамбыл өміріндегі кейбір елеулі кезеңдер....101
Жамбылдың жақсы көріп жолдас болған бір кісісі Қосай шешен....106
Жамбылдың ойын бір сергіткен кездесу....112
Жылы үй және Жамбылдың басына тиген жұдырық....115
Қайтқан көңілге қайғылы белес....123
Жамбылды жасартқан заман....138
Дегерес жылқы зауыты туралы аз сөз....166
Жәкеңнің Кавказға барған сапары....168
1938 жылғы Жамбылдың ақындығына 75 жыл толған тойы....168

Нысанбек Төреқұлов. ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӘЙТЕРЕК
Автордан....184
Бірінші тарау. БАЛА ЖЫРАУ....186
Екінші тарау. АҚЫНДЫҚ ОРТА....204
Үшінші тарау. СҰХБАТ....239
Төртінші тарау. ӨМІРДЕН ТУҒАН ӨЛЕҢ-ЖЫР....297

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

6-ТОМ

Кеңестік кезеңдегі зерттеулер

Екінші кітап

Редакторы: *Сәлима Қалқабаева*
Техникалық редакторы: *Гүлмира Ақажанова*
Корректоры: *Сандуғаш Ибраева*
Компьютерде беттеген: *Батима Малаева*

Басуға қол 23.08.2021 қойылды.
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі Times New Roman. Шартты баспа табағы 22,75.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 5848.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Қазығұрт» баспасы, 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы 143, 405-офис.
Ұялы байланыс: +7(701)777-97-62;
e-mail: kazygurt@list.ru

ISBN 978-9965-22-618-2



Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.